Т 19

Өмір
КӘРІПҰЛЫ

ДАЛА СЫРЫ





Өмір КӘРІПҰЛЫ

831.512.122.1
Т19

Өмір КӘРІПҰЛЫ



ДАЛА СЫРЫ

Ел мен жер атауларының
аңыз-әпсанасы



Алматы
«Palitra-Press»
2020

УДК 821.512.122-1
ББК 84 (5Қаз)-7-5
Т 19

Кітапқа ақыл қосқандар:
белгілі өлкетанушы тарихшы Жақан (Ібірахым) Ісләмұлы,
этнограф жазушы Төрехан Майбас,
тарихшы ғалымдар Мәулен Жакин, Темірғали Аршабеков.

КӘРІПҰЛЫ Ө.
Т 19 **ДАЛА СЫРЫ:**
Ел мен жер атауларының аңыз-әпсанасы.
– Алматы: «Palitra-Press», 2020-628 бет.

ISBN 978-601-7085-32-2

Қарт қаламгердің бұл еңбегі жер-су, елді мекендердің географиялық атауларынан бастау алған шежірелік естелікке жатады. Жазушы өзі ғұмыр кешкен кезеңді тау-тас, өзендер мен бұлақтар, елді мекен, кесенелер аңызынан туындата отырып, Ұлы Дала жадында қатталған көне аңыздарды тіріліеді. Осының негізінде ел мен жер тарихын ата қоныспен байланыстыра баяндайды. Ата-баба рухының мәңгілігін дала аңызымен дәйектейді. Ұмытылуға айналған ұлттық ойындарға талдау жасайды. Аға буын мен жас буынның сабақтастығы шығарманың өзегін құрайды. Қаламгер өзі туып өскен ата қонысқа мұңын шағады. Содан да қазақ даласы жазушыға сырын ашады.

Дала мен қаламгер арасында туындаған шежіре-толғау Жаңаарқа, Ақадыр, Шет өңірін қамтыған.

Кітап жалпы оқырманға арналған.

УДК 821.512.122-1
ББК 84 (5Қаз)-7-5

«ШЕТ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ
ШЕТ АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ
«ШЕТ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ» КММ
№ 21966

ISBN 978-601-7085-32-2

© КӘРІПҰЛЫ Ө., 2020 ж.

Ардақты әкем Әбілдаұлы Кәріптің,
аяулы анам Елеусізқызы Дәметкеннің
рухтарына бағыштадым.

БӘСІРЕ СӨЗ

Менің азды-көпті ғұмырым (биыл жетпіс тоғызда тұрмын) өзім шыр етіп жерге түскен Жаңаарқа, Ақадыр атырабында өтті. Жаңаарқа ауданына қарасты бүгіндегі Байдалы би, бұрынғы «Атасу» қолхозында Аққыз өзенінің бойында 1940 жылдың бесінші мамырында дүниеге келіппін. Кіндік қаным тамған қоныстан («Атасу» колхозынан) төрт жасымда ата-бабаларымның қара қонысы Сарықұлжа, Шажағай, Атасу өзеніне кеп оң-солымды танылым. Арқаның жатаған таулары: Желтау, Өгізтау, Ақтау, Тайатқан-Шұнақ, Бәйбіше, Қаратөбе, Әділше, одан соңғы Қызылтау, Ортау, Саңғыру, Бүркітті, Қушоқы биігі көзіме ыстық көрінеді. Кейінде Ақадырда, бұрынғы аудан орталығы, бүгіндегі Ақадыр кентінде қырық жыл ғұмырым өтті. Бұл төңіректегі таулар: Тағылы, Ешкіөлмес, Қойтас-Сораң, Сапы, Айыртау, Ортау, Жыланды, Нілді, Шалтас менің көз алдымда. Осы төңіректегі өзендер мен тұма-бұлақтарға шөл қандырдым. Қол қысқа, содан да аз аяда, шектеулі жағдайда ғұмыр кештім. Рас, Керекуді көрдім, Қызылжарға да соқтым. Алатау төсін тамашаладым, Таразда да болдым. Түркістан мен Шымкентте аялдадым. Алайда шет жұрттарға жолым түскен емес.

Уақыт-адамға берілген баға жетпес байлық. Сол байлықты өз орнына жұмсай білсең, өзіңді пайдалы іске жұмылдыра алсаң, келешекке азық болар іс тындырып, артыңа із қалдырасың. Атақты американ жазушысы Эрнест Хемингуей: «Бақытты ғұмыр кешем десең, өзіңе уақыт қалдыр» деген ғой.

Баурайында тай-құлындай асыр салған, жуасын теріп, тау сағызын шайнаған Арқаның жатаған таулары мен өзендерінің, елді мекендерінің географиялық атауларынан туындаған аңыз-деректі тілге тиек еткенді жөн көрдім. Ақындығымды көрсетіп тастайын дегендік емес, ата қоныс өскен жерім, туған топырағыма деген перзенттік парызымның өтеуі болсын деген ізгі ниет. Жер атаулары мен қоныстардың, елді мекендердің, қасиетті орындардың топонимін ғылыми тұрғыда дәйектеуді мақсат етпеймін. Көзбен көріп, құлағыммен естіген аңыз-әпсаналарды мекен-тұрақ атауларынан туындатып өрбітуімде зәредей жалғандық жоқ.

Ауылдық жерде табиғат аясында ғұмыр кешкен менің аңсарым далада болды. Соның нәтижесінде көркем шығармалар туындады, екі роман, ондаған хикаят, жүзге тарта әңгіме жазылды. Жер-су,қасиетті мекендерге байланысты қағазға түскен толғау- естелік есебіндегі шежіре жазбаға жатады. «Адамсыз жер жетім, бақасыз көл жетім». Сол себептен де үлкен-кішіге сөз арнадым.

Облыс көлемін қамтуды мақсат етпедім. Жаңаарқа, Ақадыр, Шет өңірін назарымда ұстадым. Түгелдей емес, әрине. Басқа аймақтарға байланысты аңызды таратып шығуға мүмкіндігім жоқ. Қарымым да жетпес еді. Әр адам өзінің шыр етіп дүниеге келген топырағына қарыздар. Топырақтан жаралдық, топыраққа қайтамыз. Жер басып ғұмыр кешкен пендеге өлшеусіз мол байлықты дархандықпен сыйға тартқан Жер-Ана деп білуіміз керек. Қақ өзегін жарып шыққан анаңды қалай аялап ардақтасаң, туған топырағыңды да анаңдай ардақтап қастер тұтуға міндеттісің. Аялаған былай қалып, туған топыраққа тепсініп, оны күл-қоқыс жәшігі құрлы көрмейтін өзімшілдік бой көрсете бастаған тұста, далаға, ата қонысқа, туған жерге деген жаңаша көзқарас қалыптастыру азаматтық борышымыз. Бұл еңбек туған далаға, ата қонысқа деген перзенттік міндеттің аздаған өтеуі. Жазбада ұлттық салт-дәстүрге байланысты этнографиялық пайымға да орын берілген.

Ұлттық ат спорты, асық ойыны, тоғызқұмалақ, көнерген «бура қотан» ойындарына байланысты естіп білген көзбен көрген жағдаяттарға да аздап тоқталдым. Жазбаның «ДАЛА СЫРЫ» деп аталуында бәлендей оғаштық жоқ. Ұлы Дала жадында сақталған азды-көпті шежіре баянның бастау көзі кітаптың өзегін құрайды.

***

«Біссіміллә» деп қолыма қалам алдым,
Кәнігі ескі досты жолға салдым.
Туған жер атамекен-Арқа төсі,
Бойға қуат-жігерді сенен алдым.
Жұпар иіс, саф ауа жанға тыныс,

Қоңыр жел кешкұрымғы ашар тыныс.
Нөсерлеткен жаңбырың бой сергітер,
Бұлақ үні жұп -жұмсақ сыңғыр күміс.
Асау өзен көпіршіп тулап аққан,
Көлдерің ақ толқыннан алқа таққан.
Туған жер- аналардың кең құшағы,
Бар қазақ сол құшақта сая тапқан.
Даланың мол пішілген етек-жеңі,
Кең қолтық қазағымның нағыз өзі.
Мінезі де бабама ұқсап тұр-ау,
Соққанда жан шыдатпас таудың желі.
Бұл дала – шежіре ғой тұнып тұрған.
Көне қоныс мекеннен сыр ұқтырған.
Жазда нөсер, қыстағы боранымен,
Өрендерін ұлтымның шынықтырған.
Қарызым көп өзіңе өтелмеген,
Жайбасарлық әдетпен кешеңдеген
Кәрі боздың шабысы осы болды,
Аянған жерім бар ма менің сенен.
Белеңде мәңгі тыншып жатқанымда,
Қаз бауыр бұлттар қалқып аспанында.
Тауларың рухымды аяласын,
Дем беріп жазып кеткен дастаныма.
Неліктен аталады –Ұлы дала,
Болған сон аталған ғой сыры дара.
Еуразия құрлығында кең көсілген.
Қазақтың даласына жетпес баға.
Сияқты Ұлы дала-сән алқасы,
Жататын дөңестеніп жон арқасы.
Сары алтынның буына малынғандай,
Қазақтың жер жәннаты – Сарыарқасы!
Сарысу, Сарыкеңгір, Сарыжазық,
Сарыны тіркей берген құтқа бағып.
Сандаған өсімдігі сарғыш келер,
Тауы да қызғылт тасты тұрсаң бағып.
Бұлаңытқан сағыммен сары белдер,
Ақ селеулі белеңде бөкен желдер.
Көз суырып биікте сары құлжа,
Жігеріңді қамшылап қияға өрлер.
Құс та жетпес шегіне қанат қағып,

Ұлы дала жонындай бейне алып.
Содан да Арқа жері атанады,
Жатады ұлан байтақ алапты алып.
Батысы жетіп Торғай жазығына,
Шығысы Алтай тауы сауырында.
Түстігі Алакөлмен шектеседі,
Терістік-Батыс-Сібір жазығында.
Ежелден қазақ елі мекен еткен,
Қидаласып дұшпанмен қанын төккен.
Ұлы дала төскейі жон арқасын,
Бір ауыздан «Арқа» деп атап кеткен.
Суы тұнық, оты мол, қайран Арқа!
Кең құшағын қазаққа жайған Арқа.
Қазақтың көк байрағын желбіретіп,
Шаттыққа ұлан-асыр толған Арқа!
От жанып, түтін шалқып ошағымда,
Бақ қонып Қазақстан-Отаныма.
Дәулетті ел атандық аз-ақ жылда,
Қосылдық отыз елдің қатарына.
Татулық тыныштықпен бақ табамыз,
Қонақжай жомарттықпен дос табамыз.
Сарыарқаның тұлғасы сияқтанып,
Көркейіп қанат жайды Астанамыз!
Тәуелсіз, арманы асқақ, еркін елміз,
Досқа опалы, мәрт көңіл, серпінді елміз.
Елбасы тура жолды айқындады,
Келешегі сәулелі-Мәңгі Елміз!

І БӨЛІМ

ЖАҢААРҚА АТЫРАБЫ

Жаңаарқа-Сарыарқаның бір пұшпағы,
Сияқты гүлдің бағы, жырдың бағы.
Құтты өңір, ырысты өңір, берекелі,
Арқаның секілденген бойтұмары.
Ежелден ұлтқа ұя болған мекен,
Көне жұрт ескі қоныс-балбал мекен.
Баяғы Сақ дәуірі кезеңінде,
Тұрағын тастан қашап-салған мекен.
Бағызы Оғыз қаған заманының,
Белгісі тау-тастарда- қалған мекен.
Тоқсан баулы түркілер қонысы боп,
Еншілеп Алаш жұрты-алған мекен.
Азаттықтың ақ туын желбіреткен,
Кене ханға дем берген-қорған мекен.
Кеңестік кезеңде де сыр алдырмай,
Қойыны ынтымаққа толған мекен,
Сәкен ақын атауын тауып қойған,
Жаңаарқа-мәңгі тұғыр, арман мекен.



ТУҒАН ЖҰРТ

Атасу кенті-Жаңаарқа ауданының орталығы. Қарағанды қаласынан -194 шақырым. Оңтүстік-батыс бағытында Жақсы Сарысу мен Жаман Сарысу өзендерінің құйылысына таяу орналасқан. Атасу кенті ХХ ғасырдың 30-шы жылының аяғында жұмысшы кенті болып, ал 1941 жылы аудан орталығы болып құрылған. Бүгінгі аудан орталығы-бірнеше буын ұрпақ өкілдерінің ат байлар атамекені. Қазақстан өз алдына іргелі ел болып қалыптасқаннан бері Жаңаарқа ауданының әлеуметтік экономикалық жағдайы да қарқын алып дамуда. Аудан орталығында үш мешіт бар. Кентте жалпы білім беретін бес орта мектеп, кәсіптік-техникалық мектеп, музыкалық мектеп, спорт мектебі, үш балабақша, жүз төсекорындықтық аурухана, емхана, мәдени сауық орталығы, жастар орталығы,орталық кітапхана және балалар мен жасөспірімдер кітапханасы жұмыс істейді.

Аудан орталығында шағын кәсіпкерлік жақсы дамыған. Кентте үш жүзден астам дүкен, он төрт қоғамдық тамақтандыру орны, бес шаштараз, он дәріхана,бес


монша, алты аптакөлік жөнеу шеберханасы,он төрт жанар –жағармай стансасы халыққа қызмет етеді.

Кентке кіреберіс жол айналмасына «Қанатты тұлпар»стеласы орнатылған. Кентте Сәкен ескерткіші бой көтерген. «Мәңгі Ел» мемориалдық кешені кент келбетіне жаңаша өң беріп тұр...


(«Жаңаарқа» энциклопедиясы. «Темірқазық» баспасы-2009)

Жаңаарқа-Сарыарқаның бір пұшпағы,
Сияқты гүлдің бағы, жырдың бағы.
Құтты өңір, ырысты өңір, берекелі,
Арқаның секілденген бойтұмары.
Ежелден ұлтқа ұя болған мекен,
Көне жұрт ескі қоныс-балбал мекен.
Баяғы Сақ дәуірі кезеңінде,
Тұрағын тастан қашап-салған мекен.

Бағызы Оғыз қаған заманының,
Белгісі тау-тастарда- қалған мекен.
Тоқсан баулы түркілер қонысы боп,
Еншілеп Алаш жұрты-алған мекен.
Азаттықтың ақ туын желбіреткен,
Кене ханға дем берген- қорған мекен.
Кеңестік кезеңде де сыр алдырмай,
Қойыны ынтымаққа толған мекен,
Сәкен ақын атауын тауып қойған,
Жаңаарқа-мәңгі тұғыр, арман мекен.



Атасу кентінің кіре берісі




Ақиық ақын, қоғам қайраткері С. Сейфуллин ескерткіші

Тереңдеп бара алмаймын өткеніңе,
Айта алман куәмін деп көктеміңе.
Балалық, жастық шағым сенде өтті,
Арқаның ірге таулар бөктерінде.
Өзіңді ес білгеннен көріп өстім,
Ақылман ағаларға еріп өстім.
Сәкеннің жырларынан қуат алып,
Ән-жырын туған елдің серік еттім.
Жаңаарқа- қасиет бар әр тасында,
Құлпырған қызғалдақтай қалқашың да.
Жас өркен келе жатыр қаулап өсіп,
Ұқсаған қойдың қоңыр марқасына.
Өзіңде биіктеген әннің туы,
Сәкеннің бастау болып сұлу жыры.
Ән төресі даусыз ол-«Тау ішінде»,
Омардың үзілдірген Игілігі.
Игілік Омаров та өтті өмірден,
Өнердің қойындасып көктемімен.
Үзілдіріп салғанда халық әнін,
Аққу ән қанат қаққан көк төрінен.



Қирабаев Серік
ҰҒА академигі



Жарылғапов Ісләм
Ғалым — әдебиетші, аудармашы, жазушы



Құлқыбаев Ғабдолла
ҰҒА академигі



Көкетаев Темірғали
Физика-математика ғылымдарының докторы

Байбосынов Қайратты айтсам нақтап,
Балуан Шолақ әндерін салар баптап.
Арқаның ақ иығы тау жаңғыртқан,
Шет жұртқа да белгілі даңқы асқақ.
Қыран ол- Жаңаарқадан түлеп ұшқан,
Саңқылы таудан асып бұлтты тұтқан.
Шәкірттері талапкер жолын қуып,
Қазақтың сұлу әнін тамылжытқан.
Тұтқабеков Фазыл да замандасым,



Сейфуллин Сәкен



Смақов Жақан



Алдан Смайыл



Нәкенов Сайлаухан


Айтсам болар бейнелеп-«қаламдасым».
Күй төгіліп көкейден, саусағынан,
Жаңаарқада қалдырды күйші атын.
Биғазысы жұлдыздай ағып түсті,
Қапияда қапылыс ажал құшты.
«Өлмек үшін туған ғой» адам пақыр,
Бұйыртпаған пендеге-«мәңгілікті».
Кемалов Жақсыкелді асқақ әнші,
«Жақан» деп еркелетер туған халқы.



Жаманов Хамит



Жұмаділдин Асан



Әбілдин Қалиақпар



Игенберлин Еркін


Ақселеу ағасына тартып туған,
Дегдардан аунымайды оның қалпы.
Жаңаарқаның екінші Қайраты бар,
Актер ол хан боларлық айбаты бар.
Кемалов Қайрат сынды сахнагер,
Толған айдай талант ол балқып туар.
Керей ханның өзі боп шыға келді,
Жәнібек бауырына болып сынар.
Байзақтың жанға жайлы салған әні,



Мұқышев Ұзақбай



Әлжанов Төкен



Ғалым Жайлыбай



Садыханов Мағжан

Көлмағамбет әнші еді даусы зарлы.
Дариға бұл жалғаннан олар да өтті,

Байыздап қалар дейсің кімдер мәңгі.
Қасиетім өзіңсің парнасым да,
Дұшпанға қалқан етер айбатым да.
Жаңаарқа-жүйріктердің той төбесі,
Хақым жоқ еріншектеп жай басуға.
Битабар-алып еді күші асқан,
Балуан Шолақтан бата алып қол ұстасқан.



Әбілдина Қымбат



Бексейітов Сәбит




Әлтаев Аманжол



Ахметов Кенжебай

Жаңаарқа палуандар боз кілемі,
Боқаев Мұхамеджан нығыз басқан.
Орындарын басты ғой тың жас ұлан,
Байшолақтар әулеті тегіс қыран.


Ағайынды төртеудің даңқы асып,
Белдескенді бір демде алып ұрған.
Бөкенаев Дүйсенбай дара бозым,
Күресте салып еді жолды тыңнан,
Биткөзов Диханбай да жойқын болды,



Байбосынов Қайрат



Қасейінов Дүйсен



Тілеухан Бекболат



Омаров Игілік

Мектепте бір сыныпта бірге оқыдым.
Атанды балуандар арыстаны,
Жырды аяп не қыламын құрдасымнан.
Жарылғапов Ғалым мен Ғазымдар да,
Спорттың тарландары болды қыран.

***

Жаңаарқа –жыр парнасы таланттардың,
Өзіңнен өніп шығып бүршік жардым.
Байдалы би шешендік сөздерінен,
Жасымнан ойға тоқып тәлім алдым,
«Жаңаарқа» газетінің орны бөлек




Жұмасейітов Дүйсенбай



Асанов Қойлыбай



Асанов Болат



Жаманов Төлеген


Жазғанын негізге алдым ағалардың.
Әбікен Бақтыбаев естен кетпес,
Талапкерді жан тартып қолтыққа алды.

Газеттің «поэзия беті» болды,
Баулыды жыр жазуға таланттарды.
«Поэзия бетінің» арқасында,
Ел таныды атымды, бағым жанды.
Өміртай Жақыповқа жолдаушы едім,
Кідіртпей басушы еді мақаламды.

ШЕТ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ
ШЕТ АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БӨЛІМІНІҢ
«ШЕТ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ» КММ
№ 21966



Оспанов Серік



Көшенов Береке



Мұхамедин Ғалым



Кемалов Жақсыкелді

Әшімов Бұқпа сынды редактор,
Маңына топтастырды таланттарды.
Жұмаділдин Асаннан тәлім алдық,
Баптады жас қырандай кіл жастарды.

Асекең «шекпенінен» шықтық біздер,
Сабақ беріп үйретті-«былай жазды».
Қалияқпар Әбілдин көш бастады,



Тілеуханов Мұхамеджан



Есенов Қорабай



Үмбетбаев Сматай



Әбілдина Қарақат

Биіктерге бастады ақындарды.
Игенберлин Еркін де төкпе ақын,
Қызғалдақ пен қызға арнап өлең жазды.
Бір сыныпта, мектепте бірге оқыдық,
Ұрпақ қалды артында, өлең қалды.
«Қырдың бір үзіп алып қызғалдағын,
Келеді кейде менің қызға арнағым.



Жарылғапов Ғазым
(облыстық Мәслихаттың депутаты)



Жандәулетов Марат



Қасенов Бейбіт



Сәтжанов Хамзе – ауданның құрметті азаматы

Иапыр-ау деймін сонда дұрыс па осым,
Қырдан да қызғалдақты қызғанғаным.
Қырдың да аруы ғой қызғалдағы,
Сұлулық онда да бар қыздардағы.
Түбінен үзгеннен соң суық қолмен,
Қалмай ма пәк жүзінде ызғар табы.
Қыздың да, қызғалдақтың жақтырмаймын,
Жүзінде аянышты із қалғанын»,
Деп ақын қызғалдақты жырлаған-ды,
Қыздың мұңын зер салып тыңдаған-ды.
Еркінді Жаңаарқасы ұмытпайды,

Ардақтайтын аудан бұл таланттарды.
Сайлаухан Нәкенов-ол дара тұлға,
Ерте шықты жырдың шың парнасына.
Біз солдат, ол командир болды бізге,
Көш бастады, жол салды сұлу жырға.
Қалекең Әбілдин сырбаз еді,
Қопарды қаламымен жырда кенді.
Жаратылыс қалыбы мінсіз еді,
Ақынын ұмытпайды туған елі.
Жаңаарқаның Ақселеу шынары еді,
Арқаның ақиығы, қыраны еді.

Әйгілі сөз зергері ғалым болды,
Аңсайды Жаңаарқаның құба белі.
Смайылов Алданның жөні бөлек,



Газет редакторы Әбікен Бақтыбаев, баспагер Жақан Қасқадамов, ақын Сайлаухан Нәкенов және бөлім меңгерушілері мерекелік нөмірді талқылауда.



«Жаңаарқа» газетінің жорналшылары Қалиақпар Әбілдин, Өміртай Жақыпов, Сағынтай Әбішев, Марал Хасен және басқалары.

Секілді қияда өскен сұлу терек.
Қара сөзден сырбаз ол қамшы өрген,
Сөз ұстасы өзгеше жазуы ерек.
Ілиясов Төлеухан- жазушы ол да,
Сөздің майын тамызған айдау жорға.
Ел ішінде елеусіз қалды әттең?!
Қаршығадай қыжырлы тұрмас қолда.
Ахметов Кенжебай ойсан дарын,



Асанов Бауыржан,
Абай ауданының әкімі



Бекқожин Юржан,
Жаңаарқа ауданының әкімі



Серік Шайдаров,
облыс әкімінің орынбасары



Бауыржан Әбдішев,
облыстың бұрынғы әкімі



Серік Өтешев, облыстық
Мәслихаттың хатшысы

Келтіреді өрнектеп сөздің мәнін.
Қаламгерлік қарымы алымды оның,
Жүлгелеп жүр ізденіп кино жағын.
Смақов Жақанның да таланты ерек,
Өз тауының озғыны жасыл терек.
Балалар ақыны боп өтті өмірден,
«Бозқараған» ұмытпас оны жебеп.
Жаманов Хамит жырдың дүлдүлі еді,
Өлеңнің қанды шеңгел қырғиы еді.
Жаңаарқасын жалықпай жырлап өтті,
Демеңдер келер ұрпақ-« Бұл кім еді!?»

Мұсабеков Ерсін де бізге бауыр,
Ауданның сауыры еді-«Тоғызыншы ауыл».
Сол ауылдың тумасы нағыз талант,
Ұшымды қаламы оның жазар тәуір.

Бүгінде (2018) рухани байлықтың, оның ішінде әдебиеттің құны құлдырап кетті. Сөз өнері, ән өнері, өнердің басқа да толып жатқан түрлері жан азығынан да ақша табудың құралына айналып барады. Ақша жүрген жерде шынайы өнердің бағасы арзандап, көз алдаған жалған жалтыраққа жол тиеді. Кеңестік кезеңде өнердің қай түрі болсын «партия» қадағалауында болғанымен, өнердің бастау көзін бітей алмады. Онда өздерін (коммунистік идеалды) жоққа шығарып алатын еді. Бір жағынан «сталиндік» дәуірдің аяқталуы да қоғамға серпіліс әкеліп, соның арқасында (басқа жақты айтпағанда) Жаңаарқаға Сәкен рухы оралды. Бұған дейін Жаңаарқа «жабық есік» жағдайында болатын. Отыз жетінің ойраны небір төкпе ақындар мен дәулескер домбырашыларды, әу деп ән салған өнерпаздарды тіке отап салған еді. Біз есімізді біле бастағанда ел іші қара қабақтау болатын. Әу деп ән салғанды, күмбірлетіп күй тартқанды ұмыта бастағандай еді. Коммунистік сығым, Сталиндік тәртіп халықты жаншып езіп есенгіретіп тастағанын біздер жас буын кейінде байқадық. Қызыл сұңқар ақын рухы халыққа (Жаңаарқаға) серпіліс әкелді. Сәкеннің ақындығын былай қойғанда, оның адамзаттың сұлуы болғаны жүрегімізге мақтаныш сезімін тудырды. Қызыл сұңқар ақынның саңқылдаған сұңқар үні мүтін қазақ даласын жаңғыртып,оның сыршыл да сұлу жырлары делебемізді қоздырды. Міне, осы қарсаңда, Жаңаарқада өлеңге (әдебиетке) деген құлшыныс басталды. Біздің ұғымымызда (менің түсінігімде) жазушы, ақын дегендер өзгеше текті тұлғалар боп көрінетін еді. Олар тек қалаларда (аспаннан түсуі де мүмкін) жоғарғы жақта болуы керек. Бұған дейін қазақ совет әдебиеті шығармаларынан (Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Иса Байзақов) сусындап рухани шөлімізді бассақ та, түкпірдегі ауылдан (ауданнан) ақын, жазушы шығады деген ой бізде болған емес. Сөйтсек, қызыл сұңқар Сәкен өзіміздің Жаңаарқадан шыққан екен ғой. «Мен келем тау ішінде түнделетіп» деп Ор-Аба тауларын жаңғыртып ән шырқаған. Олай болса, біз де Сәкен Сейфуллинге еліктеп өлең жазып көрейік. Қаламымыз төселе келе жазушы боп кетуіміз де мүмкін. Бұл ой басымызға келді ме, келмеді ме оны түбегейлеудің қажеті жоқ. Қалай болғанда да жаңаарқалық талапкерлерге (таланаттарға) сұңқар ақын жырларының қозғау салғаны шығар күндей ақиқат. Міне, осы қарсаңда, елу алтыншы жылдан бастап бірінші боп Асан Жұмаділдин қолына қалам алды. Өлеңді былай қоя тұрып прозаға қалам батырды. «Келіншек» повесін іздеп жүріп оқыдық. Ол ағамызбен деңгейлесе Хамит Жаманов өлең жазды. Осы екі сөз өнері жүйрігінің соңынан Сайлаухан Нәкеновтің жыр торысы екпіндеді. Сайлаухан өлең жазу мәдениетін биікке көтерді. Қалиақпар Әбілдиннің сыршыл жырлары сықпа құрттай аузымыздың суын құртты. Сөз өнерінде (журналистикада) Бұқпа Әшімов те қарап қалмады. Бұл қарсаңда өлеңнің қара жарысында Сағынтай Әбішев, Жақсыбай Сүлейменов, Еркін Аяпбеков бақтарын сынады. Өлеңдегі жаппай қара жарыс бәріміздің де

делебемізді қоздырды. Осы лекке бір бүйірден Акселеу де қосылған еді. Мен де (Өмір Кәріп) қарап қалмадым. Бәрімізді кие жара Еркін Игенберлин алға ұмтылды. «Қырдың бір үзіп алып қызғалдағын, келеді кейде менің қызға арнағым» деп үздікті. Ақмолаға орнап (Ақмоланың келшекте қазақ елінің астанасы болатынын ертеден сезді ғой деймін) алған Алдан Смайылов проза айдынына құлаш сілтеді. Ауылдан (өзінің Жаңаарқасынан) ұзамаған Хамит Дәрібаев қаламы да өлең мен прозаға ентеледі. Алдыңғы сөз өнері толқынын кейінгі буын еңсерді. Ғалым Жайлыбайдың өзгеше өрімді кең тынысты поэзиясы Қазақсаннан асып шет жұрттарға да мәлім болды. Әдебиетші ғалым Бақыт Кәрібаева өзгеше мәнердегі қаламгер. Менің (шапанымнан шыққан) шәкірттерім Төкен Әлжантегі, Балтабай Әбдіғазиев, Қойлыбай Асан, Қымбат Әбілдина, Берік Рахымов, Жансая Жарылғапов, Болат Асанов-бәрі-бәрі Жаңаарқа топырағының өніктері емес пе. Алматы төрінен орын алған Серік Қирабаев, Ісіләм Жарылғапов талантына баға жетпейді. Ән өнерінде де, сахна өнерінде де жаңаарқалықтар озғын болды. Қой соңында жүріп қара қобызбен мұңдасқан Сматайдың даңқы шет жұрттарға да жетті. Жаңаарқалықтар (кешегі алпысыншы, жетпісінші жылдарда) Игілік Омаров әнінің әуенінде тербетілді. Одан соңғы үздік талант Қайрат Байбосынов қазақ ән өнерін Қазақстан аспанына бір-ақ шығарды. Өнер сабақтастығы осылайша жалғасын тауып жатты.

***

Ертеде Өксікбайдай ақын өткен,
Өлеңмен ызғар шашқан қарсы беттен.
Халық жауы атанып есіл сабаз,
Былайша шындықты айтып кеткен:
«Гектар деп ет кептірді, тонна деп ет тонады.
Жауар бұлттай құрысып ашылмады қабағы.
Қош болып тұр ел –жұртым, кең жазира-Сарыарқа!
Тондықұлов жан алғыш айдап кетіп барады.»
Дүниеге кімдер келіп кімдер кетпес,
Түскенге Жаңаарқада ақын жетпес.
Жолдыкей жыр сүлейі жорға болды,
Өтті ғой қазағына боп тілекес.
Қирабайдың Серігі-академик,
Шырғайдайын шып –шымыр діңі берік.
Жаңаарқаның символы сияқты ол,
Сара сөздің ұстасы-қара көрік.
Ісіләм Жарылғапов-дүлдүл жүйрік,
Сөздің дәмін мәністеп еткен тірлік.

Тәржімәші майталман –бірегей ол,
Бес мың сөздің мәнісін оқып білдік.
Дүйсенбай Жұмасейіт айтыскерім,
Келтірген шешен сөйлеп сөздің ебін.
Жаңаарқаның ажары базары еді,
Үңірейіп қалды ғой орны оның.
Жайлыбайдың Ғалымы ұлы тұлға,
Өзгеше өрнек салған сұлу жырға.
Поэзия бапкері жыр дүлдүлі,
Жаңаарқасы дем берген талантына.
Дәрібаев Хамит те осал емес,
Бетегелі, жусанды ол бір белес.
Прозасы ішті оның, жыры сұлу,
Жас талант шаманҙ жетсе оған теңес.
Мұқышев Ұзақбай да-дара бозым,
Үрледі талантымен сөздің шоғын.
Шаппай бер қаламшы ол-редактор,
Әріптес замандасым, кәрібозым.
Бексейіт Сәбит жырдың ақберені,
Жаңаарқа топырағында көктеп еді.
Қазақтың ол бүгінде дүр ақыны,
Бөлеген жырдан десте көк төбені.

Әлжантегі Төкенді кім білмейді,
Көкірегі ән десе күмбірлейді.
«Жаңаарқа вальсінің» авторы ол,
Өнердің майталманы-«Сегізсері!»
Прозасы іші оның-май тамады,
Оқыған жұрт кітабын жай табады.
Алдымнан сабақ алған шәкіртім ол,
Жасынан көзге түсті өр талабы.
Баулыдым жас тірнекті саятшыдай,
Ауызданды жырға ол болып құмай.
Қабырғалы қазақтың жазушысы,
Төкенге медет бергей-Жаппар Құдай!
Әбілдина Қымбат та маған шәкірт,
Сыршыл сұлу өлеңі бейне жаһұт!
Сыңғырлаған ақ бұлақ- сөзге шешен,
Ешкім кеңес айта алмас одан асып.
Асанов Қойлыбайға сабақ бердім,

Қабілетін тап басып бағыт бердім.
Төкпе ақын атанып топты жарды,
Иеленді доктор боп-ғылым төрін.
Асанов Болат ақын маған тартқан,
Еленбейсің түкпірде елде қалсаң.
«Қарағашта» бұғынып жатып алып,
Тірліктен бетті басқан әуре-сарсаң.
Өленді де бұл Болат сараң жазып,
Орман қорып күн көріс тапқан талқан.
Бар ақыннан түбінде ол озады,
Сараң талант шұбалтпас-«өлең арқан.»
Шылбырдайын қып –қысқа ширатылған,
Маған өлең жолдашы, Болат қалқам!
Сағынышым жыр оқып бір басылсын,
Мол шаттыққа кенеліп толсын ортам.
Қараағаш орманынан шабыт алған,
Ақ қазға нақыштап сурет салған.
Бір өлені Болаттың мың долларлық,
Мойындар жыр дестеге назар салған.

«ҚАРААҒАШ ТОҒАЙЫ»

«Жап-жасыл жайлау атыраптарың,
Желмен сыбдырлап жапырақтарың.
Көкіректерге оттегі демің-
Ақ қызыл қайың, көк теректерің.

Жұмыр балтырдай бұла қайыңдар,
Әсемдік өрнек тұла бойында.
Шолпылар тағып сылдыр қағасың,
Төңірек тұнған сырлы жарасым.
Қараағаштарым-қараталдарым,
Нар атандарым, қара шалдарым.
Қайыспай қайсар өстіңдер нығым,
Қапатаған қолдай көпсіңдер бүгін.
Көк теректерім-кербез жігіттер,
Көкке қол созған арман,үміттер!
Көк шинель киген жасақтай сап бұл,
Дауылға билік жасатпай нық тұр.
Түрлі бояулар-түрленген тоты,

Жомарт өлкенің гүлденген оты.
Аң-құс пен су, ну сәніне келіп,
Тоғай боп тұрсың мәніңе келіп».

Болат Асанов, Жаңаарқа ауданындағы Қараағаш орман шаруашылығының орманшысы. «Рассвет «совхозы, Жаңаарқа ауданы. («Жезқазған туы» 15 қыркүйек 1985ж)

***

Тілеухановтар Арқаның қос берені,
Жаңаарқа топырағында көктеп еді.
Мұхамеджан, Бекболат әйгілі есім,
Ән-күйдің тарланбозы ақберені.
Оспанов Серік-әнде дара шықты,
Қара көрік үніндей даусы мықты.
Жаңаарқаның «Манарбек Ержановы»,
Өнердің балуаны нағыз мықты.

Аманжол Әлтаевтың атағы асқақ,
Жасынан сөз құраған өлең қаттап.
Айтыскер поэзия дарабозы,
Жүреді өзін дәйім жырға баптап.
Істөлеу Түсіповтың талабы зор,
Айтыста топты жарып, бастады қол.
Қазақтың асқақ әнін әуелетіп,
Төгілдіріп жырды да айтады ол.
Кім білмес Жаңарқаның перизатын,
Әбілдина-бұлбұлым, Қарақатым!
Қыдырәлі жарымен дауыс қосып,
Келтірген үзілдіріп әннің нәшін.

Мағзымұлы Жақсылық-күйші, сазгер,
Өнерді өрге сүйреп төкті ғой тер.
Жаңаарқаның өнерін дәріптеді,
Ұмытпай еске алыңдар кейінгілер.

Көшенов Берекені кім білмейді,
Келімді домбырадай күмбірлейді,
Майталман әнші нағыз, ақын да сол,
Болғанда әннің туы, жырдың кені.

Мұхммедин Ғалым да әнге шебер,
Өнердің жүйрігі ол шаппай желер.
«Ғалия-ауға» басқанда- есті құлақ,
«Балуанның өзі» деп баға берер.

***

Айтулы Темірғали Көкетаев,
Ғылымға қарыштады бағыт алып.
Шет жұрттар тереңдігін мойындады,
«Ғасырдың ғұламасы» деді танып,
Келісті етек –жеңі кең пішілген,
Өзіне жалт қаратар ер пішінмен.
Жайсаңы Жаңаарқаның біздің Темкең,
Ол нағыз қайсар қазақ-мен түсінген!
Құлқыбаев Ғабдолла замандасым,
Жанындай жақсы көрді Жаңаарқасын.
Меңгеріп ғылым жолын топты жарды,
Академик атанып шығарды атын.
Сөйлеп кетсе төгілген шешен еді,
Қасарған қарсыласқа төтен еді.
Күмбірлетіп күй тартып әнге басқан,
Жігіттің сұлтаны еді, көсемі еді.
Ер еді тұлғасына көз тоятын,
Меңгерген шешендікпен сөз сарасын.
Қысқа бақай тыраштар көре алмады,
Қапылыс қысаң жолда сүрінді аты.
Қасейінов Дүйсен ол ерім нағыз,
Өнердің тарланбозы аты аңыз.
Түркі тектес елдерге бас ие боп,
Дәнекерлік жолында жүрген абыз.
Сматай Үмбетбаев қобызшы ол,
Қобызбен бала жастан мұңдасқан сол.
Қой соңында жүргенде ермек қылып,
Өзіне де, қобызға ашты ғой жол.
Тоқанов Ералы да жайсаң еді-ау,
Сазгер, күйші таланты ойсаң еді-ау.
Дәрігер, әрі әнші, күйші де сол,
Өзіндік таланты оның байтақ еді-ау.
Әбдіғазиев Балтабай-маған шәкірт,
Ойлы еді жасынан-ақ емес жасық.
Алдымнан сабақ алған оқушыма,

Оңаша дәріс бердім жолын ашып.
Содан да ғылым жолын таңдап алды.
Шәкәрімнен докторлық қорғап алды.
Профессор, айтулы декан да сол,
Еңбегі ғылымдағы бағаланды.
Рахымов Берікке сабақ бердім,
Қабілетін тап басып жақсы көрдім.
Профессор бүгінде ел таныған,
Сағымынан сыр тартар-құба белдің.
Төлеутаев Ерланның әні қандай,
Сегіз қырлы, бір сырлы мәні қандай.
Өнердің тамыршысы, жанашыры,
Қолына жүре алмайды қалам алмай.
Киногер, ақын да сол, сазгер де сол,
Табиғат оған дарын берген ғой мол.
Атанды Алабастың ақ иығы,
Арнаймын жиеніме батамды мол.
Базарбеков Ержанның үні асқақ,
Салады-ау әуелетіп әнді баптап.
Қайраттың ізбасары, сыңары ол,
Әншілерді жүреді алға бастап.
Жансая Жарылғапов-бұл да ғалым,
Жөргектен тоқып өскен сөздің мәнін.
Әдебиет білгірі профессор,
Деп мақтанар - «Өмкеңнен сабақ алдым».
Ісіләмов Жақан да тума талант,
Жақсылардан бата алып, алған сабақ.
Шежіреші, тарихшы, ойшыл өзі,
Артық кетіп, кем түсер емес олақ.
Алып –ұшпа емес ол шапқан жайдақ,
Жалықпай мұрағатқа терең бойлап.
Ел мен жердің тарихын дәйектеді,
Келер нәсіл- ұрпақтың қамын ойлап.
Ханкелді Әбжановты кім білмейді,
Тарих десе күйшідей күмбірейді.
Ел мен жердің тарихын жатқа білген,
Ғалымдықпен танылып алды төрді.
Мұсылманбеков Қани да жаңаарқалық,
Ғылымда бас дәрігер атын алып.
Медицина саласын өркендетті,
Шәкірттері жетілді білім алып.

Мәдікенов Өмір де біздің жерлес,
Ғылымда үздіктермен болды теңдес.
Докторы медицина ғылымының,
Тұлға ғой дүниеге екі келмес.
Шаханов Еламан да ғалым еді,
Түренді топыраққа салып еді,
Академик атанды заманында,
Жаңаарқасы ұмытпас қалың елі.
Сәрсенбаев Дәулет те дара шықты,
Қорғады өз кезінде докторлықты.
Білгірі экономика саласының,
Ол дағы осал емес, бізден шықты.

Әкем қой бақса, мен ой бақтым. Өмірге, өнерге құштарлық ойдан бастау алады. Ойсыздық кісінің бағасын жеңілейтіп жібереді.Өлең жолында, өнер жолында топ жарған Жаңаарқаның «жүйріктері» менің өнердегі (оның ішінде сөз өнерінде) сапарластарым боп келеді. Біздер бір кезеңнің төлдеріміз. Асыра айтқандық емес, Жаңаарқа (қазақ өнері) ағайынды Мұхаметжан мен Бекболатсыз олқы түсіп тұрар еді. Күш атасы Балуан Шолақтың батасын алған Битабар балуанды көріп өскен біздің буынның жігерсіз жасық болуының қисыны жоқ. Содан да сөз өнеріне бет бұрғанда біздер (Ақселеу, Еркін, Сәбит Бексейт, Сайлаухан, Қалиақбар, Ғалым) алған беттен қайтпайтын қайсар болуға тырыстық. Гитарасын өңгерген Қорабай Есеновтың өзі бір төбе емес пе. Байзақ Сейілов пен Көлмағанбет шырқаған ән Жаңааракқа аспанында құсша қалықтап жүргендей көрінеді-ау әлі күнге. Бір ғана Жаролла Шайхиннің әншілігінің өзі неге тұрады? Мұхаммедин Ғалым ән салғанда, Балуан Шолақтың дидары көз алдыңа келетінін қалай ғана жоққа шығарарсың? Береке Көшенов әншілігі бір төбе екенін қалайша айтпай қаласың? Жаңаарқа өнерінің қойторысы Жақсылық Мағзұмовты қалай ғана ұмытамыз? Дәрігерлік мамандығын өнерге ұштастырған Ералы Тоқановтың да таланты елеусіз боп шаңдақта қалып барады.Жігіттің сұлтаны дейтіндей атақты ғалым Ғабдолла Құлқыбаев сынды тұлғаның ендігі жерде дүниеге келуі екіталай. Бір ғана тұла бойы тұнған өнер Ғалым Төтеевтің (жиырмаға тарта ән –күй шығарған) өзі неге тұрады. Жаңаарқа айтыскер ақындардың тұғыры болды. Айтыстың ақберені Аманжол Әлтаевтың даңқы Қазақстаннан асты.Үлкен әкесі Хамит ақынның жалғасы Жаманов Төлеген де айтыстың ақберені атанды.«Адам баласы сағыныш пен мұңнан айрылған жағдайда, бәрінен де айрылады» деген тәмсіл бар орыс(бұны айтқан А. П. Чехов болар) халқында. Осы жолдар сағыныш пен мұңнан туындады. Бүгінгілер(2017ж) сағына білмейтін, мұңая да білмейтін «темір адамға айналып барады. Содан да ғой қартайғанда өлеңнің «кәрі бозын» жолға салғаным.

ЕСКІ КӨЗДЕР

Біздер ауыл балалары (елуінші жылдарда) сол кездегі ел басқарған(аудан, колхоз) жақсыларды пір тұтатынбыз. Олардың жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі, тұлға-тұрпаты бізге биік көрінетін. Әр колхоздың балалары интернатқа жатып, аудан орталығындағы он жылдық мектепте тоқайласып бірге оқығанда, әр кайсымыз өз аулымыздың тәуірлерін(колхоз басқармасы, ферма меңерушілері) аңыз ететін едік. Оларды сыртынан көргеннің өзі бізге мәртебе. Және өздері шетінен қияпатты көзге шоң көрінетінін қайтерсің. Ленин колхозының балалары (оқушылар) Нұрлан Омаровты мақтан тұтады.Тұтқабек көкелерін аспанға көтереді. Бұл екі кісі де қияпатты кісілер еді. Біз де қарап қалмай Шыныбектің Бөрісін, Сейдімбектің Аманбегін айтамыз.

Шыныбеков Бөрі мейлінше сыншыл кісіге ат қойғыш болатын. Қой фермаларының меңгерушілеріне (Ағымның Нәбиі, Құлкен запперме, Құлмағанбет) «аспандари», « саусақтари», «тақиялы» деп ат беретіні бар.Біздің бала кезімізде Жаңаарқада Кәдірсіз есімді кісілер көп болды. Солардың ішінде «Келтетал» колхозының басқармасы Түменбайдың Кәдірсізі мейлінше уытты сөзшең адам болған. Сөзін тыңдамасақ та өзін көзіміз көрді. Ол кісі отырған жерде басқаларға сөз тимейді екен. Сол мінезіне бола құрдасы Шыныбектің Бөрісі ол кісіні: «Қара жерде қасқыр соққан» атандырып жіберіпті. Киров колхозының балалары (елуінші жылдарда) Смайылов Нұрпазыл көкелерін сыртынан көргенде бөріктерін аспанға атып даурығысар еді. Ол кісі де кесек келген көрнекті адам болатын. Жанама есімі «Көрапат» делінетін. Ел аштан (1932-33) қырылып жатқанда, көрге жасырған астықты тауып алып бір қауым жұртты аман алып қалғаны үшін «көрапат» атауына ие болған. Неге екенін қайдам, біздің бала кезімізде (күнімізде) адамдар шеттерінен иман жүзді нұрлы боп көрінетін. Сөздері майда келеді. Кілең «арпа ішіндегі бір бидай боп» көзге кесек шалынатын еді. Сөйтсек, қазақтың тең жарымы отыз екінің аштығында койша қырылып, одан көзге көрнекті бір туарларын отыз жетінші жылы (қаншамасы атылып, жүздеген мыңы сотталып) аңша аулап түбіне жетіп, одан фашистермен болған соғыста үш жүз мыңнан аса қазақстандық (дені қазақ жауынгерлері) майдан даласында қалып, осыдан болар біздің бала күнімізде адамдар бір–біріне соншалықты ыстық көрініп, адамгершілік қасиеттері, кісілік қалыптары көзге ұрып тұратын-ды. Біздер, балалар да, оларды әке-шешеміздің кем көрмей айрықша құрмет тұтып, әр басқан қадамдарын аңыз ететінбіз. Кейін есейе келе байқасақ олар (елуінші, алпысыншы жылдардың атқа мінерлері) әлі де қазақтық психологиядан, ұлттық қасиеттен көз жаза коймаған табиғаты таза адамдар екен-ау. Оспанның Төлеуі, Әбдіштің Рақышы, Тоқанның Сәтжаны, Шөженің Кәдірсізі, Қалқаманның Жәркені, Жәмпейістің Әбдғалымы, Қирабайдың Жаманы, Шайхин Сатан, Құнанбаев Жарылғап,

Сейтмағанбетов Жетімек, Жақин Әбсалам, Иткарин Жанат,Бекбаев Мырзағұл, Жақыпов Шоқан, Жүсіпбеков Қантай, Жұмажанов Мұқажан, Құлмаханов Өтебай (айта берсе толып жатыр) табиғаты таза ескінің көзі дейтіндей кісілікті адамдар еді. Әкейдің немерелес інісі Кәрімбеков Оразбек Жаңаарқаның бас бухгалтері атанды. Әбдішев Рахыш (көкеміз) ауылдың ұйытқысы болған еді.

Мал бордақылайтын шаруашылықтың директоры болған Жұмажанов Мұқажанның сөзуарлығын жаңаарқалықтар аңыз етеді. Ол кісінің «міне, жігіті» әлі күнге айтылады. Директор өзі бұйырып, бір жуас жігітті куротқа жіберсе, әлгі «сері» (совхозда шопыр болса керек) ақшасын тауысып алып, курорттан ертерек қайтады ғой. Беті жылтыр бір әйелмен әуейіленіп, ақшаны тұмса махббатының жолына жұмсап дегендей. Мұқажан директор: «Егер расыңды айтсаң су жаңа машина бергізем»деп еліктірсе, ақшаны әлгі әйелдің жолына шашқанын айта келіп,қызды-қыздымен пойыз пұлдыққа деп іріккен тиын-тебенін де жұмсағанын айтқанда, кесек сөйлейтін сөзуар директор ризаланып кетіп: «Міне,жігіт!» деп келтесінен бірақ қайырып, «Айтқаным айтқан, совхозға ендігі келетін машина сенің тақымында болады»деп салыпты. Содан Мұқажан көкеміздің «Міне, жігіті!» мәтел боп ел ішінде жырдай жатталып кеткен еді. Күні бүгін ұмытылмай келеді. Сөз арасына «Міне, жігітті!» қыстырмасақ көңіліміз көншімейді. Қайран Мұқаң да өтті-ау опасыз жалғаннан! Осындайда халықтың ескілікті өлеңі еске түседі.

Мінгенім дәйім менің кіл қарагер,
Жалында қара кердің ырғала бер.
Барында оралыңның ойна да күл,
Қоймайды тойымы жоқ сұм қара жер.

Ауданның бас мал дәрігері болған Владимир Кырылов жұмсақ азамат болатын. Мен орыс ұлтымын деп кеуде көтермейтін. Шешелеріміздің қатарластары да көзге ыстық көрінер еді. Оспанова Әлкеннің жүзінен нұр төгіліп тұратын. Сөйлегені құлаққа жылы тиеді. Кезінде ел басқарды. Үнемі ат үстінде жүретін еді. Тойшыбекова Ақажан да ел есінде. Әлекеңнің сыңары есепті еді. Бетті әйел болды. Ауданның бірінші нөмірлі бас дәрігері болған Игенова Зайра қалайша ұмытылады. Омаров Нұрлан басқарманы бір көргеніміздің өзі бізге (балаларға) мерей болатын.

***

Омаров Нұрлан сынды болған абыз,
Парасатты тұлғалы ойлы абыз.
Келісті келбетіне таңырқадық.
Ол жылдары оқушы біз баламыз.
Жаңаарқаның атанды-«Қара нары»,

Жолын қуды жалғасы балалары.
Сайын, Хамит, Кәкімдер кісілікті,
Жаңаарқаның тұлғасы саналады.
Көп білем Жаңаарқаның жақсыларын,
Арқасында солардың асты бағым.
Ұйқы-тұйқы заманда ел жанды боп,
Қазақтың қорғаштады ождан –арын.
Есімде Түменбайдың Кәдірсізі,
Ол да бір шоң қазақтын сөзі ірі.
Басқарма боп кезінде атқа мінді,
Әлемет болды оның беттілігі.
Шыныбектің Бөрісі құрдасы екен,
Кәдірсізбен әмпейлес сырлас екен.
Аттылыға жол, кісіге сөз бермеген,
Құрдасына бір жолы былай деген:
«Аузымен орақ орған бұл бір соққан,
Айтшы, сен, пайдаң бар ма содан тапқан?
Кісіге кезегімен сөз бермейсің,
Атандың «Қара жерде қасқыр соққан».
Дегені Жаңаарқаға аңыз болған,
Нұрпазыл басқарма-тын ол да зордан.
«Көрапат» дейтін еді құрдастары,
Кімдерге опа берген дүние-жалған.
Нұрпазыл-шоң еді ғой қияпатты,
Соңына ертті кезінде кедей тапты.
Көрге тыққан бидайды тауып алып,
«Көрапат» деген содан аты қапты.
Дүние сан құбылды сағым болып,
Дариға, өтті олар да абыз болып.
Солардың біздер едік көзін көрген,
Құрықты салғалы жүр ажал торып.
Болған соң ауызда сөз, қолда қалам,
Ақ қағазда жосылды жорға қалам.
Өтті ғой небір жақсы кемеңгерлер,
Қағазға бәрін топтап қалай жазам?
Жайдары жайсаң еді Құлкен жездем,
От кешіп, қан майданда жауды жеңген.
Бейбіт еңбек кезінде «запперме» боп,
Жүргенін ат үстінде көзім көрген.
Ағымның Нәбиі де атқа мінді,

Тоқанов Сәтжан майда жұмсақ үнді.
Оспанның Төлеуі де тартулы еді,
Колхозды өрге сүйреп, сеңді бұзды.
Әбдішев Рақыш та топқа түсті,
Меңгеріп бар шаруаны тындырды істі.
Ауылды өгіздейін өрге сүйреп,
Көтерді иығымен ауыр жүкті.
Ағамыз Кәрімбектің Оразбегі,
Тарақтыда Меңілбай оның тегі.
Бас есепші атанды заманында,
«Орекелеп» сыйлады Жаңаарқа елі.
Оспанова Әлкеннің жөні бөлек,
Кезінде атағы оның болды ерек.
Ақ нардай келісті еді қияпатты,
Ер пішінді, пайымды, мінезі ерек.
Тойшыбекова Ақажан атқа мінді,
Бағалы еді аймаққа сөзі ірі.
Мінезі ер адамдай кесек еді,
Жол бастап киын кезде алда жүрді.
Игенова Зәйра да мәнім еді,
Хирург боп тыңға түрен салып еді.
Есімі есте болар аяулы жан,
Ауданның ең алғашқы дәрігері.
Сәкенов Шәкәрімнің аты аңыз,
Нар тұлғалы келісті ерім нағыз.
Өз тауының ол да бір қыраны еді,
Кір жұқтырмай атына өтті абыз.
Бекімов Төкенді де көріп өстік,
Шешен еді сөйлемпаз сөзге жетік,
Кезінде басқарма боп атқа мінді,
Ауылды өрге сүйреп қызмет етіп.
Дүйсенов Жолкен тастай берік еді,
Қан кешіп, соғысты да көріп еді.
Кеңшарды да басқарды заманында,
Темірді балқытатын көрік еді.
Ыдырысов Жұмабек айтулы есім,
Қабылетті, қарымды іске бекім.
«Алтын Жұлдыз»тағынды заманында,
Ұмытбай Жаңаарқасы- «Ерім» десін.
Кенжетаев Нұрғали шепті бұзды,

Ауырлықты арқалап, алда жүрді.
Шаруаның майталманы болды нағыз,
Ауылдың ақтанкері, болды дүрі.
Кім білмес Жұмажанов Мұқажанды,
«Бас директор» атағын жеңіп алды.
Ұлт жанды басшы еді мінезге бай,
Кең колтық жайсаң еді-ау сөзі мәнді.
Мәтелі еді сөзінің- «Міне, жігіт!»
Мысынан бұғынатын бұзған шырық.
Жаңарқаның жайсаңы, жақсысы еді-ау,
Мөлдір еді көңілі судай тұнық.
Бәйкенов Сүйіндік те басшы болды,
Ұстанды бұрыс кетпей тура жолды.
Директор боп совхозды басқарды ол.
Ауылдың қазағына жұмсақ болды.
Кырылов болған еді мал дәрігер,
Қазақ тілін жан еді беске білер.
«Өзіміздің Володия» атанды ол,
Есімін кейінгілер айта жүрер.

Қазақта жақсы сөз бар: «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі». Өткен кезеңді (социалистік жүйені) жаппай мансұқтап іске алғысыз қылудан ұпайымызды түгелдей алмаймыз. «Бетеге кетсе, бел қалады, бектер кетсе, ел қалады». Шүкір, ел орнында, өзен арнасында. Ұрпақ жалғастығы үзілген жоқ. Алдыңғы буынды кейінгі буын толықтырып, ұлттық бейнеміз енді-енді айқындалып келеді. Сөйте тұрғанмен өткеннің (Советтік кезеңнің) де өзіндік сабақтары (артықшылықтары) болды. Ұлттық тәлім –тәрбиенің сабақтары аудандық, ауылдық көлемде, от басында елеусіз жүріп жатты. Комунистік үстемдік (партия саясаты) ұлттық кадрларды шектеп ұстауға тырысқанымен,«атадан ұл боп туғандар да» ел билігіне (облыстық, аудандық, ауылдық деңгейде) араласып, өздерін жақсы жағынан таныта білді. Әкеден, үлкендерден, атқа мінгендерден (атқа мінерлерден) алған өнегісін көрсете білді. Қазақы қалпын (ұлттық қасиетті) сақтауға тырысты. Жағымпаздыққа, жалғандыққа көп бара қоймады. Кезінде (кеңес үкіметі тұсында) ауылды өрге бастыруға білек сыбана кіріскен кеңшар директорлары-Мұқажанов Дәрібай, Әбілдин Қуат, Кенжетаев Нұрғали, Жұмашев Құсайын, Күжікенов Баян, Әбдіғалымов Мәнсүр, Ахметов Көшен, Қойшыбаев Қанат (орман шаруашалығын басқарды) - бәрі-бәрі біздің (Жаңаарқа халқының) көз алдымызда болды. Бұлар совхоз шаруашылығына тың серпіліс әкелген іскер мамандар еді. Туған ауылдарына (қазаққа) жанашырлық танытты. Ауылды ұлт кадрларымен толықтырды. Партия, кеңес қызметінде болған Күленов

Әбілғазы, Рахымбеков Сатай, Малдыбаев Балтабай, Алдабергенов Мешітбай-қазақтық мінезден жаңылмаған ұлтжанды азаматтар еді. Коммунист болғаны үшін бұларды «есептен шығарып тасау» әділдікке жатпайды.

***

Күленов Әбілғазы іскер басшы,
Өзгеше қабілетпен жолын ашты.
Сөйлеп кетсе төгілген шешен еді,
Партия қасақана шетке қақты.
Алдабергенов Мешітбай жақсы аға-тын,
Қызметті әділдікпен атқаратын.
Шындықтан тура жүріп тайқымады,
Жаңаарқасы ұмытпас оның атын.
Малдыбаев Балтабай тура жүрді,
Болмады айқай-сүрен суық зілді.
Қазақтық қасиеттен танбай өтті,
Азаматтық қалпымен болды ізгі.
Рахымбеков Сатайды көрді көзім,
Сұлу торы аттайын ұстады өзін.
Жылы сөзді, жұп-жұмсақ жан еді ол,
Тигізді қызметте жұртқа себін.
Төлеутай-сол әкенің жолын қуды,
Қызметте озғындап алда жүрді.
Президент сайлауына кандидат боп,
Сүйсіндірді іні дос тағы бізді.
Төлеубаев Өмір де жігітім-ақ,
Кісілігі болды ғой өзіне шақ.
Қызметті кезінде таза атқарды,
Әділдіктен таймайтын болған-ды сақ.
Сәтжанов Хамзе жақсы аға болды,
Қызметі атқарған таза болды.
Жаңаарқаның ол да бір ақылгері,
Таңдаған әділдікпен тура жолды.
Жарылғапов Ғазымда тектілік бар,
Жаңаарқаның тұлғасы ол биік жал.
Ұлт жанды дәстүр- салтқа бастамашы,
Мұз жарғыш кемедейін сеңді бұзар.
Түсіпбеков Отаншыл бір сыдырғы,
Таза атқарды міндетін, түзу жүрді.

Қорғасындай салмақты ұстамды еді,
Қол алысқан айнымай сертте тұрды.
Мұқажанов Дәрібай болды ірі,
Әбілдин Қуат та үштің бірі.
Күжікенов Баян да директор боп,
«Үш қоңыр»- Жаңаарқада алда жүрді.
Дариға, бұл жалғаннан олар да өтті,
Ертерек бақи жаққа бұрды бетті.
Ескерткіш қолдан келген осы болды,
Жақсыларым, жайсаңым асыл текті!
Қойшыбаев Қанат та жерлес маған,
Ақадырда созып ед қолын маған.
Бір пайдасы тиер деп ойлады ма,
Азаматым «ескерткіш» осы саған.
Қоңырбай Асановың ісі мәнді,
Шаруаның ебін тауып, бұзып жарды.
Совхозды өрге сүйреп аты шықты,
Сапалы кінәратсыз жол да салды.
Айнабеков Қалидың жөні басқа,
Кеңшарға директор боп мінді атқа.
Мінезімен жұп-жұмсақ танылды елге,
Қызықпады өткінші дәулет –баққа.
Қасенов Бейбіт ол да атқа мінді,
Ауылға жанашыр боп алда жүрді.
Атанды бір ауданның тәлімгері,
Жастардың ақылшысы жолы ізгі.

Тәулсіздікке қол жеткізіп, ел болып еңсе көтерген кезеңде (1991-2018) облыстық, аудандық деңгейде басшылық қызмет атқарған Жаңаарқаның тумалары ел назарында. Оларды көтермелеп жаңа дәуірдің қайраткерлері десе болады.

Өтешов Серік ол да жаңаарқалық,
Әкесі Балғатайдан тәлім алып,
Ел ағасы атанды бұл күндері,
Басшылық қызметті жүр атқарып.
Асанов Бауыржан да біздің тума,
Әкеден тәлім алып шықты қырға.
Іскер әкім атанды жақсы азамат,
Орайласқан заманға нағыз тұлға.
Әбдішев Бауыржан да шықты парлап,
Түссе де иығына ауыр салмақ,

Облысты басқарды бір кездері,
Есімі ұмытылмай есте қалмақ.
Алғы буын ағадан тәлім алған,
Солардың өнегесін ұстап қалған.
Жандәулетов Марат та ел ағасы,
Үлкен аудан Шетке ол әкім болған.
Юржан әкім болып шықты төрге,
Шет және Жаңаарқаны сүйреді өрге.
Дүние есігін іңгәлап ашқан екен,
Гагарин көкте самғап жүрген кезде.
Есімі Бекқожиннің елге мәшһүр,
Жасынан талаптанып болды тапқыр.
Бойында ғарышкердің уыты бар,
Екі ауданда атқарған ісі жатыр.

Мен қызметке қызықпаған адаммын. Басшылыққа ісім түсіп көрген емес. Әйтсе де Жаңаарқа ауданын басқарған басшыларды сырттай жақсы білдім. Әкем айтып отыратын ауданды басқарған (отыз жетінші жылы ұсталып кеткен) Тәукенов деген болған деп. Сүлейменов Жақан (аупарткомның бірінші хатшысы) есімі құлағымда қалыпты. Біздің бала кезімізде Рақымжанов Ібіжан ауданда бірінші хатшы болған. Одан кейін аудан басшылығына (бірінші хатшы боп) Мақмұтов Мәден келген. Бұл кісіні көрдім. Атпен ауылдарды аралап жүргенде, жайлауда Шажағайда қой бағып отырған біздің үйге келіп әкейге сәлем берді. Біз оң-солымызды тани бастағанда, ауданды Берниязов Рахым басқарды. Тұйғындай ғана кішкене кісі болатын, әйелі орыс ұлтынан еді. Өзі Батыс Қазақстанның қазағы екен. Сол жақтың төкпе әндерін домбырамен шебер орындайды деп естітінбіз. Ауданға зияны тимеген кісі. Бірінші хатшы болған Яков Пазенконы да көрдік. Сабырлы кісі деп естітінбіз. Одан соң ауданды Д. А. Чернов (бірінші хатшы боп) басқарды. Бұл адам-мейлінше жылпың хатшы болды. Қазақшаға судай. Жаңарқаны біраз сапырды. Тұнығын ішті, қырмызысын қызықтады. Жаңаарқаны орыстандырып (орыс ұлтын басшылыққа көтеріп) кетті. Шевонистік пиғылдағы нағыздың өзі болды. Ақадырды өргізіп жатқызған, ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған шевонис Колбасинді көтеріп кеткен сол Чернов болатын. Бұдан соң басшылыққа аупартком хатшысы Медеубаев Мұқан келді. Өмірлік тәжірибесі мол бұл кісі ауданды ақылмен басқарды.Одан кейін Шәкенов Мұқаметқасым басшылықта болды. Қазақы салтқа оң иығын тосып, ауданның рухани өрісін кеңейтті. Мусин Мараттың аудан басшылығына келуінен кетуі тез болды. Содан кейінгі аупартком хатшысы Әбішев Сәкен болған еді. Бұл азаматтың тұсында Кеңестер Одағы ыдырады. Советтік кезеңде басшылықтың қос тұғыры болды. Партия комитеті, атқару комиті делінетін еді. Жаңааракa

аудандық атқару комитеті басшылығында да іскер азаматтар (бұрынғыша айтқанда коммунистер) қызмет атқарды. Біздің буынға белгілісі Шаяхметов Құлкен, Дайырбеков Нұрсұлтан, Дүйсенбеков Кәмали, Шайдаров Жаманқұл болатын. Кәмали мен Жаманқұл осы қызметтерінен көтеріліп, Шет, Ақтоғай аудандарында партия басшылығында ұзақ жыл абыройлы қызмет атқарды.

***

Шайдаров Жаманқұлды көрді көзім,
Жып-жылы марқайып ем естіп сөзін.
«Оқыдым өлеңіңді газеттен мен,
Ұнады ұйқасымды сөзің сенің».
Дегені жақсы ағаның есімде әлі,
Жан тартып естен кетпес есілгені.
Баласы Серік-әке жолын қуды,
Тектілікті ісімен бекемдеді.

Бала күнімнен көз алымда болған Кәмали Дүйсенбековті пір тұттым. От кешкен майдангер еді. Советтік кезеңде аудандық,облыстық деңгейде партия, кеңес органдары басшылығында болды. Әлі есімде, алыстағы қойлы ауылдардың, қой фермаларының орталығы Айшырақта (1954) жеті жылдық мектепте бесінші сыныпта оқитын едім. Көсеміміз Сталин дүниеден өтіп, совет халқы қара қабақтау жүрген кезіміз еді. Біздер, балалар да жетімсіреп калғандай едік.Бір жолы күз айында Жаңаарқа аудандық партия комитетінің хатшысы Кәмали Дүйсенбеков интернатқа келіп жағдайымызды көріп білді. Соны (2015) жыр жолына түсірген едім.

ПИАЛА ШАМ

Кезінде пұлды болды пияла шам,
Шам табылмас ол кезде бұдан асар.
Пілте шам, тас шамды да көзім көрді,
Кәдімгі «карбит» еді исі нашар.
«Жаяу шам» делінеді мұның бәрі,
Түсінік қалып қойған ұғымдағы.
Самала жарығы мол пияла шам,
Қолға түсе бермейтін бұрындары.
Бүйірлі, іші қуыс, жұқа шыны,
Белгілі ұстағанға оның сыры.
Қолыңнан түсіп кетсе күлпарша боп,

Көк тиын, сірә, оның қалмас құны.
Жаяу шам жер маймен де жана берер,
Мұрныңды қара күйе қаба берер.
Кигізгенде шамға әкеп пияланы,
Жарқырап үйдің іші сала берер.
Тынысың қапелімде ашылады.
Пияладан жалқын нұр шашылады.
Шешей алып қолына ұршық, шүйке,
Ал әкем тері уқалап отырады.
Сол сәтте марқаямын көңіл өсіп,
Қиялым қанаттанар кітап оқып.
Пиала шам ілуде бір үйде бар,
«Жоққа жүйрік жетпейді» деген осы.
Оқу жылы басталар күз келеді,
Сабаққа қамданамыз біздер енді.
Қайран ауыл қиянда қала берер,
Сағыныштан сарғаяр күн келеді.
Құтты қоныс-ауылдан жырақтайсың,
Амалсыз интернатқа тұрақтайсың.
Әбі –тәбі қоңторғай күй кешесің,
Өз үйің ағып жатқан бұлақтайсың.
Бір үйдің ерке өскен жалғызы едім,
Көндікпей тапшылыққа мәңгіремін.
Болғанмен ішім олқы, сыртым дүрдей,
Қалыспай қатарымнан тең жүремін.
Оқуға мезгіл таяп аттанарда,
Қасақана ойыстым басқа амалға.
Шешеме қисынсыздау талап қойдым,
Елбірек ерке көңіл тоқталар ма.
Дедім мен «Пияланы алып кетем,
бермесең шарай көзге қағып кетем».
«Ала ғой» деді апам көңілшексіп,
Буғандай нықтап айтты белді бекем.
Пияла бөлмемізге тұрақтады,
Мәрттігім достарыма ұнап қалды.
Түтіндеген жаяу шам жөнге келіп,
Көзін ашып жарқырап парлап жанды.
Ұрлап кетіп жүрер деп тауып алып,
Есікті отырамыз жауып алып.
Әлімжеттік жасайды ересектер,

Кетеді шарай көзге тартып алып.
Әрі тарт, бері тартқа сала беріп,
Пияла қаусап тынды бордай бөжіп.
Ақынсымақ балалар жоқтау айтты,
Қадіріне сан жетпес баға беріп.
Болмады пияласыз шамның мәні,
Будақтап кермек түтін оңдырмады.
Қара күйе мұрынға орнап тынды,
Көңіл олқы, ісіміз мандымады.
Өзгелер бізді мошқап табалады,
Ерте деп бұл жетістік саған әлі.
Ғайыптан орнына кеп пияла шам,
Сәттілік ойда жоқта бола қалды.
Ауданнан «Үлкен кісі» бізге келіп,
Интернатты аралап байқап көріп.
Жарық жайын тәтпіштеп сұрап жатты,
Жаяу шамның түтінін көзбен көріп.
Бір бала пияламыз болған деді,
Сындырдық түсіріп ап қолдан деді.
Үйінен мынау алып келіп еді,
Шаққа шыдап жүр өзі зордан деді.
Жайымды дөкей бастық сұрап білді.
Мап-майда жылы сөзі ұнап тұрды.
Интернаттың бастығы мені мақтап,
«Ақын бала» дегенге құлақ түрді.
Сұстылау көрініп тұр оның түсі,
«Жүре ғой» деді маған әлгі кісі.
Батырдай алқам-салқам кесек тұлға,
Тасқындаған бойында жігер-күші.
Томпаңдап соңынан мен еріп келем,
Аз-аздап қиялыма ерік берем.
Ақын болмай қойшы боп қалсам егер,
Мына адамның бет жүзін қайтып көрем?
Әп-сәтте бір пияла қолға тиді,
Сұраумен салмақ салып зорға тиді.
«Айналайын, жақсы өс» деді маған,
Еңсеріліп ұзын бой басын иді.
Содан бері арада көп жыл өтті.
Тәуелсіз заман орнап, теңдік жетті.
Тоқсанында топшысы бүгілмеген,

Тау қыраны Кәмекең асыл текті.
Жаны жайсаң, кең пейіл, ағалар-ай,
Ақ тілегін арнаған алаламай,
Пияланы ырымдап жолымды ашқан.
Ардагер, ардакүрең – Нар ағам-ай!

(«Орталық Қазақстан», «Қос өлең»-«Қара пима», «Пиала шам»
Өмір Кәріпұлы-20 қазан, 2015)

Қалай болғанда да кешегі өткен Кеңестік кезеңнің де жас ұрпаққа тигізген шапағаты аз болған жоқ. Жаны жайсаң жақсы ағалар жас өскін біздерге тілекші болды. Соғыстан кейінгі (елуінші, алпысыншы) жылдарда адамның адамға деген мейірімі өлшеусіз болатын. Мейірмге бөленіп өскен біздер (менің қатарларым) жан тазалығына ыңғай бердік. Материалдық байлықтан да рухани байлыққа бой ұрдық . Кешегі бірдейшілік (Советтік құрылыс) кезеңдерде алдымыздағы аға буын кедей қолды күн көрісті қанағат тұтты. Заң саласының қызметкерлері де қанағатшыл болған еді. Осы жолдарды қағазға түсіріп жатқанда (2019) Жезқазаған жағында бір полиция майоры киіктерді қырып тастағанын облыстық телеарна көрсетті. Кілең киіктің текелерін жайрата берген. Осыдан кейін өткен күндерді (тәртіпті жылдарды) еріксіз еске аласың. Кеңес үкіметі қызыл жағалыларға (милицияға) сүйенді. Олардың асыра сілтегендерін де білеміз. Тондығұлов деген НКВД-нің жаналғышы отыз жетінші жылғы ойранда Жаңаарқадан халық жауларын арылтудың жоспарын асыра орындап «қырып сал» атанған. Әділ заңгерлерді де көріп өстік. Ұлы Отан соғысы жылдарында аудан прокуроры болған Жолшорин Сәмет әділ кісі болған екен. Қазақша жалпақ тілге жүйрік сөз білетін Жолшорин құрдасы Әрінұлы Башармен (қағытпа тілді) қатты ойнайтын болса керек. Башар ешкімге дес бере қоймайтын ауыз екі қалжыңға ұста, бетті адам еді. Бір жолы Жолшоринмен бірге ел аралауға шығып, бір запперменің үйіне түсіп сусындайды. Ол кездері қымыздың тапшы кезі. Үй иесі әйел прокурорға «летркесемен» (үлкен кесемен) қымыз ұсынғанда, Башар мен прокурордың атқосшысына қымызды шай кесемен береді.Сонда Башар атқосшы жігітке шүйілігіп: «Іш, ей, балаша бұртимай! Атың сат, тоның сат-райком бол, прокурор бол! Өйтпейді екенсің көретін күнің осы» депті қасақана қырланып. Башекең бір жолы Жолшоринді қонаққа шақырады да, көршінің балаларына (күн борансымақтау болса керек) есік алдында ойнаңдар деп тапсырады. Жолшорин қағылез шағын кісі болса керек. Қонағы келе бергенде сыртқа атып шыққан үй иесі:«Әй, жүгермектер, кетіңдер кәне!» деп байқамаған боп «қонағын да желкелеп» жіберсе керек.Содан Жолшорин де қарап қалмай есебін тауып бір жолы Башар құрдасын (бір сөткеге) қаматып тастапты. Жолшорин

қызмет бабымен алыс ауылдарға (қой фермаларына) да сапарлайды екен. Жол соқты болған прокурор бір жолы қой фермасы меңгерушісінің үйіне түсіп жан шақырады. Шай құйып отырған әйел мұрнын бір сүйкеп тастағанда,шыдамай кеткен Жолшорин: «Қазақ осындай пысық қатынды қалай тауып алады екен? Мұрнын да сіңбіріп үлгереді, шайды да құйып үлереді» деген ғой. Жолшорин Жаңаарқада қиын –қыстау (соғыстың қайнаған кезінде) жылдарда прокурор болғанын үлкендер айта түсетін еді.

Асан Жұмаділдин «Жаңаарқа» атты дерекнама кітабының «Қашқындар» делінетін тарауында сол жылдарың қиыншылығын былайша баяндайды. «1943 жылдың көктемінде Әбдіқұл бастаған қашқындар фермаларды қайыра шаба бастады. Қашқын кууға 12 адамнан жасақталған отряд аттанды. Олардың құрамында НКВД-ның бастығы Есжанов, прокурор Жолшорин, ақша бөлімінің бастығы Жәдіков, милиция қызметкерлері Ментаев, Қыздарбеков, Арқабай, Бекеш деген мергендер бар. Сол көктемде Құдабаев Әбдіқұл бастағандар ұсталды. Ршыман да, Әбдіқұл да 10 жылға сотталып, жазасын өтеп келіп, ел қатарлы еңбек етіп өз ажалдарынан қайтыс болды».

Жаңаарқада ұзақ жыл сот қызметін атқарған Түсіпбеков Балдай әділдігімен танылды. Бұл кісінің ел аузында «шұбар сот»(бетінің шешек дағы бар) деген аты қалды. Сот отырысында кешірімді болуға тырысқан. Кәріпбеков Бекайдарды жұртшылық іш тартты. Мінезінде кесектік бар еді. Кәрібай мелицияны көрдім,аса алқын-жұлқындыққа бармаған кісі. Смайылов Мұхаметжан пагон таққанымен жұмсақ еді. Қабағы түйілмей өтті. Баласы Смайылов Дулат кезінде (Шет ауданында) шаруашылық басқарған. Есімі ел есінде. Мүсілімов Қазыкен заң саласында абыройлы қызмет атқарды. Жаңаарқаның көрнекті азаматтарының бірі.

Қазыкеннің бойы озық, ойы да озық,
Танылды аймағына заңгер болып.
Ауысқан бабасынан әдеті бар,
Жүреді «қырмызыға» қолын созып,-

деп құрдастары оны қажайды.

Кезінде Қазыкен Алаштың Ақселеуімен қанаттас қатар жүрді. Екеуі бір-біріне тау құлжасындай үйлесіп тұратын. Ақселеу жалған дүниеден мезгілсіз озды. Жаңаарқаның торғын топырағын жамылып мәңгілік ұйқыда жатыр. Ақселеуге опа бермеген сұм жалған кімге опа берсін. Біздің де ертелі – кеш баратын жағымыз ғой. Кім-кімді де жеп таусатын жегі-көреалмастық, бақкүндестік. Адамды аздыратын қасақы пиғыл –«көреалмастықтан» жас ұрпақтың сақ болғаны жөн. Осы жазбаны дөңгелеткенде, адамдардың (кітапқа енген) ұсақ-түйек «пендешілігіне» кешіріммен қарап, кісілік қалыптарын шамам жеткенше көрсетуге тырыстым. Құранда бар, адам осал жаратылған делінеді. Оның бүгесі мен шігесін таратып шығу мүмкін емес. Ауыл болғансын,

қауым болғансын ел ішінің телісі мен тентегі де көз алдымызда жүрді. Олардың жақсылығынан үйреніп, жамандығынан жирендік. Бұрыс сөзді, оғаш мінезді сайқы мазақ адамдарды үкіметтің қырағылары (партия басшылығы, заң орны) тазалау жүргізіп көпшілік арасынан аластап отыратын-ды.

Жаңаарқада үкіметтің құрығына (саясатына илікпеген) ілікпеген бір-ақ адам болды. Ол кәдімгі «Жынды Әбен» еді. Осы бір бейкүнә жанды көріп өстік. Ешкімге зияны тимей өз бетімен өмір сүрді. Елден алатын алымы бұрынғы советтік ақшамен он сом. Он сомын алады да, жайына кетеді. Аудан орталығында тұрды. Меншік мал (жылқы) ұстайды екен. Меншік малға қырғидай тиген Хрущевтік кезең алпысыншы жылдарда аудан басшысы (қайсысы екенін біле алмадық) ол кісіні тәртіпке шақырмақшы болып алдына алдырады. Бірінші хатшының көмекшісі, қабылау бөлмесінде отырған әйел «біріншіге» кірмекші болған Әбенге: «Шешініңіз» десе көктен тілегені жерден табылған ол кісі көмекшінің нұсқауын жүз пайыз артығымен орындап тастағанда, бетін басқан хатшы әйелдің даусы қаттырақ шығып кетсе керек. Кәбинетінен шыға келген бірінші хатшы: «Мұныныз не, ақсақал?! –десе, -Шешін дегенсін, шешініп жатқаным ғой» депті жәйімен ғана. Бірде (елуінші жылдарда) аудан дөкейлерінің әйелдері судан өте алмай тұрса, Әбекең көріп қап көмек қолын созады.Әйелдерге бүйдеп шарт қояды: «Қытығым бар, шабыма аяқтарың тиіп кетіп жүрмесін». Бір-екеуін аман-сау арғы жаққа шығарады да, бірегей мықтының (сірә, тісін басып жүрсе керек) керімін тулап -тулап суға тастап жібереді. Мықтының әйелі (сірә, не айтарын білмей сасқан болар) сонда былай депті: «Мал құлағы құрғырдың тулағанын көріп едім. Адам құлағы құрғырдың тулағанын көрсем не дейсің?!»

Тап жауларын әшкерелеген (1930) кезеңде Тұрмағанбеттің Әбені де түрмеге түсіп, жазықсыз жалаға ілігеді. Сөзінде пәтуа жоқ, екі есті одан түк шығара алмаған қызыл жағалылар басына бостандық берсе: «Шықпаймын түрмеден. Мұнда рахат екен. Дәретке де өздері апарады. Құйырғыңды да сүртіп береді. Бит тескен арқа –басымның қышуын да қандырады» деп жатып алыпты.Содан оны түрмеден желкелеп шығарып артынан аңду қояды. Әбен салған бетте бейітке барады. Жүгініп отырып алып сарнатып құран оқи бастайды. Басы бар, аяғы жоқ, не қазақша емес, не арапша емес балдыр-батпақ бірдеңелерді сарнатқанда, ізін аңдығандар одан түк шығара алмай: «Нағыз жындының өзі» деп жөніне жіберіпті. Ол кісі өлеңді бір сыдырғы жақсы айтқан, ақындық шалымы да болған. Сол қабілетін ғұмыр бойы тұншықтырып өткен. Хат танымаса керек. Шығарған өлеңдері ел аузында қалмаған. Қырқыншы жылдарда Жаңаарқа аудандық атқару комитетінің (райисполком төрағасы) төрағалығын Рысбеков Қанат (Шет өңірінің тумасы. Руы Қаракесек ішінде Қояныштағай атадан) атқарыпты. Мейлінше шапшаң, уытты кісі болатын. Көзіміз көрді- ол кісі де осал емес,басынан сөз асырмайтын бетті еді. Тұрмағанбеттің Әбені бір

шаруамен (әдейілеп барған болар) төрағаның алдына барады. «Әй, жынды, шық!-дейді төраға сөзге келместен. Әбен тұрып: «Бір ауыз сөзім бар»деп өтінеді. «Кәне, айта ғой сөзіңді»-дейді шапшаң төраға.

Шәшінің қарасынан ағы көп,
Құдайдың берген бағы көп.
Ұшып кетпей неғып жүр?
Құс боп ұшып сағым боп, -

деп салған екен.

Осындайлық сайқы-мазақ ерсі әдетінен жаңылмаған Жынды Әбен, ойлап қарасақ Кеңестік тоталитарлық режімге іштей қарсы боп, социализмнің казармалық жүйесіне көндікпей өткен нағыз еркін дала қазағы екен-ау. Ғұмырында жерден сынық ши көтермей өткен тақыстығына не айтарсың? Мұндай типтер әр аймақта болған. Ақтоғай өңірінде (ауданында) Жынды Ысқақ деген болыпты. Ол да қоғам жұмысына қырын қарап, ел үстінен күн көрумен өтіпті. Алаштың, өзіміздің Жаңаарқаның Ақселеуі «Жынды Ысқақ» жөнінде деректі әңгіме жазған болатын. «Ақтоғай ауданында Сүлейменнің Ысқағы деген кісі болды Сексенінші жылдары жасы тоқсанды алқымдап барып дүние салды. Ысекеңнің елден ерек бір қасиеті-көңіліне ұнамаған адамды, боламшы міні байқалған жанды неше түрлі теңеуге теліп сыбап жіберетін. Осы мінезіне орай жұртшылық ол кісіні «Жынды Ысқақ» деуші еді. Алайда Ысқақтың есі түзу, көшелі сөзге жүйрік, жақсы –жайсаңдармен дәмдес болған адам. Рас, мінезі қырыс. Өмір бойы шөп басын сындырмаған адам. Өмір бойы боқтықты (боқтауды) ғана кәсіп еткен адам. Мінезі оғаш болғанымен баладан бастап данаға дейін сын көзімен қарай алатын Ысқақтың рухани өресін немен өлшесе болады?» деп таңданыс білдіре отыра, Ысқақтың боқтампаздығын былайша әңгімелейді. «Облыс басшысы бір жолы Ақтоғай ауданына сапарлап барып түс кезінде бір тыныс алар үйге жанындағы нөкерлерімен кеп түседі. Келсе, төрде бейтаныс карт адам отыр. Барлығы жапырлап сәлем беріп, жайғасып отырады. Ысқақтың жайы белгілі, келген адамдардың қылық –қасиетіне орай бойларынан мін тауып, сөз арасында бірінен соң бірін сыбай бастайды. Сол әдетпен шай келгенше бес-алтауын сыбап үлгереді ғой. Сонда облыс басшысы шыдай алмай: «Ақсақал-ау, пайғамбар жасынан асқанда мұныңыз қалай, осында байқап отырмын, менен басқасының сау-тамтығын қалдырмадыңыз, мұныңыз ұят емес пе?» деп іреніш білдіреді. Мұндайда айылын жиятын Ысқақ па? Жұлып алғандай: «Шырағым, өкпеледім десең, сенің де әкеңнің аузын с...н деген екен». Жынды Әбенді Ақселеу де көріп өсті. Расын айтқанда, біз ол кісіні түсіне алмадық. Сөйтсек, Әбен әкеміз өзінің құйтырқы мінезімен қоғамды да, сол қоғамның белсенділері бәрімізді әжуалап өткен екен-ау. Ол адамды (ештен де кеш жақсы деп) Жаңаарқаның тумасы ардакүрең ақын Ғалым Жайлыбай тап басқан.

«ЖЫНДЫ ӘБЕН»

«Ел арасында сайқымазақтығымен «Жынды Әбен» атанып кеткен Әбекең кезінде Сәкен Сейфуллинмен үзеңгі жолдас болған азамат еді.Ол жөнінде Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуінде» біршама айтылған да болатын.

Толқынның басылған жоқ сұмдық әні,
Ол күннің басылған жоқ шындығы әлі.
Жамиғат аңыз еткен Жаңаарқада,
«Жынды» Әбен...
Жындыңыз не, сұңғыланы.
Қу заман қуған кезде әнді құмай,
Жаныңның жауған кезде жаңбыры ұдай.
Жыр кемең иірімде ғайып болып,
Дүрбелең дір еткізген даңғылым-ай.
Тағдырдың тас тұяғы пергілесін,
Жұрт мына «жынды» атаса,
Көндігесің.
Топырағы торқа болғыр бейшараның,
Сөз етіп отыр деме енді несін.
Заманның тап болған соң бұрқағына,
Мұрша жоқ шындық әнін шырқарыңа.
Серік боп еріп еді сері күнде,
Сәкендей адамзаттың сұлтанына.
Қызарып қызыл қанға батқан күндер,
Жампозды жауға балап сатқан күндер.
Тағдырдың тажал сынды толқындары,
Жаңқадай жағалауға атқан күндер.
Басынан кешті солай қай күні азап,
Сормаңдай сорға батып қайқы қазақ.
Заман дертті болғанда, адам дертті,
Кеттің бе, тірлік кешіп-сайқымазақ.
Ақтықты айтуға аз боп дәлелі тым,
«Жындылық» жаутаң кездің әлегі-тін.
Жылап тұрып,
Сақылдап күліп сонда,
Алғансың талайлардың зәре –құтын.
Жеп солай өзіңді өзің бітіргенсің,
Мені мейлі біреулер күпір көрсін.
Тоңмойын да тоқпейіл топастардың,
Бетіне былш еткізіп түкіргенсің.

Мазаққа тірлігіңде көмілдің көп,
Көңіліңді көрсоқыр өмір жүндеп.
Сәкен жайлы естелік сұрағанда
Бажырая қарадың «оның кім?» деп,
...Қайғыңды қуанышты жыр деп өрдік,
Сан жылдар жалғандыққа жүлде бердік.
Кешір, көке, төсіне туған жердің,
Шыңғырған шындығыңды бірге көмдік.
Жетті сәуір көңілде ескіріп күз,
Ерлердің «Елім-айын» естідік біз,
Адам емес Әбеке заманыңның,
Түкіріпсің бетіне кеш біліппіз.
Кезі өлген жұтатұғын ауадан «бал»,
Замандас өткен күннен сауал аңғар.
...Мен сенің саулығыңа күмәнданам,
Әбенді «жынды» атаған сау адамдар.
Жүйріктің шомылмайды жаны нұрға,
Заманның айналғанда әні мұңға.
Мен-дағы Жаңаарқаның бір ұлымын,
«Жынды» Әбеннің қаны бар тамырында.

(«Ардакүрең» кітабынан, 2008.
Ғалым Жайлыбай)

Жынды Әбенге шығарма арнағандар некен-саяқ. Қанша жазғыш болсақ та ол кісінің ішіне кіре алмадық. Сайқы мазақ жеңіл мінезді қушықеш адам деп білдік. Сөйтсек, олай емес екен, аусар жазған Кеңестік билікті әжулап (өтірік жынды атанып) өтіпті-ау! Жынды ол емес, ақыл –есі кемшін Советтік кезеңнің қазақтары біздерміз бе сонда? Солай деуге де келіңкірейді. Қалай болғанда да, санамызда тосаң барын мойындауға тура келеді.Жарқын заман коммунизмнің орнайтынына сеніппіз. Коммунистік қоғамның құрғақ насихатына иланып, «құдай жоқ» дегеніне малданып партия көсемдеріне (Маркс, Энгелес, Ленин, Сталин, Брежнев) құлдық ұрыппыз. Құрғақ насихатқа алданып, ұлттық бейнемізді көмескілеп салт –дәстүрді, мұсылмандықты, ана тілімізді құрдымға жіберуге бет алыппыз. Құлдық сана жетемізден өтіп, жұлын-жүйкемізді жүнше түткені соншалық- «ұлық халықты» пір тұтып, солардың айтқанына бас иіп, айдауында жүріппіз. Коммунистік партияға құдайша табынған білместігіміз және бар.

***

Санамда сырқау бар-ау осы менің,
Кімге дәркер білгішсіп «көкігенім?»
Бүлініппіз, көп нәрсе бүлдіріппіз,
Дегенім түсім шығар «жетілемін?!»
Не маңғаз шеттеп қалды есіл ерім,
Алағай –бұлағайда бәсі кеміп.
Жұлмырлар, су жұқпастар алға шығып,
Жер тезекше шашылды «жетімегім».
Қазармалық социализм ойыншық боп,
Жаһандану қазаққа тікті көзін.
Банк ашып көпіртіп ақша ұсынып,
Алпауыттар қазақтың алды төрін.
Машинаны қаптатты сатып ал деп,
Осылай жарылқады қазақ елін.
Борышқа белшесінен батып кедей,
Сыпайы қайыршының киді кебін.
«Қара қытай» қарызға ақша ұсынып,
Елімнің баспалап кеп алды төрін.
Жер үстінің байлығы жатқа кетіп,
Жер асты бабамның да ашты көрін.
Ата-баба мұрасы Жер сатуға,
Үкімет күтіп отыр сәтті кезін.
Аз қазақ кәсіп іздеп шетке кетіп,
Шарай көз тастап кетті туған жерін.
Ажырасу жастарға мода болды,
Төрт қылды «қалқашының» екі көзін.
Некеде тұрақсыздық бізге ауып,
Әлемде иелендік оныншы орын.
Жетім шал, жетім кемпір тентіреп жүр,
Көрде орын жоқ, белгісіз жатар жері.
Борышқорлық бұл да бір-«құлдық қамыт»,
Қарызбен көтерілмес белің сенің.
Бүгінгі қазағыңның жайы осы,
Рухыңнан кешірім өтінемін.
Бұрынғымыз екен ғой жырдың күйі,
Басылмай тұр іштегі менің шерім.

Басы жұмыр пендеге Жаратушы Ие ас та төк қуанышты үйіп төге бермеген. Өйтсе іші қуыс пенде «құдайын» ұмытып кетуі кәдік. Қазақ ақыны Жұмекен Нәжімеденов:«Кезектесіп бір қуаныш, бір қайғы, бәрі-бәрі шыбын жанды қинайды» деп толғанады. Уайым-жақсы мағынасында адамның қорғанышы

есепті. Уайымшыл адам алдымда не бар деп сақтанып жүреді. Ерсі әдеттерден бой тартып, ашуын сабырға жеңдіріп «ақырын жүріп, анық басады». Әгарда, сол мұң асқынып кетті бар ма, онда ол айықпас кепке ұшырап, сары уайымға ұласады. Сары уайым бара-бара «қара қайғыға» шауып кетуі кәдік. Қара қайғы ала қайғыға ұласқанда (жұт, соғыс, ашаршылық, табиғат апаты) мүтін қауымды қамтиды. Халықтан сөз артылмайды: «Құдай ала қайғыдан сақтасын, көппен көрген ұлы той. Кісі қайғысыз ішкен қара суға да семіреді». Жынды Әбеннен туындаған әңгіме арқауында сондайлық кереғарлық жоқ. Уайымның салқыны деп білген жөн. «Қайғысыз, уайымсыз өмір сүргендер Отанын да сүйе алмайды» дегенді орыс ақыны Некрасов айтқан екен. Қазақ ұғымында мынадай да сөз бар: «Аштықтан да тоқтық жаман» деген, теке тойлылардың (болмашы барлыққа мастану) әрекетінен туындайтын әдетті халық жек көреді. Мен қоғам танушы (социолог) емеспін. Қолда қалам болған соң, еріксіз ойға түсіп заманның бүгінгі беталысын уайым етесің. Елбасының (Нұрсұлан Назарбаевтың) қайсы бір жылғы халыққа жолдауында жұмыр жер тұрғындарының саны тоғыз миллиардқа өсетінін айта келіп, адамзатты жершарында он сын-қатер күтіп тұрғанын талдап береді. Мұндай сарынды ақпарат көздерінен кезіктіріп те жүрміз. Сөйткенмен де, елбасының нақтылауы (он сын қатерді) ойсызға ой салатындай шымыр шыққан. Сол қатердің қозғаушы күші-уақыт жылдамдығы екен. Бұрынғы замандарда адамдар «күніміз өтіп барады» деп уайым ететін болса, ендігілер «уақыт жетпейді» деп аласұрады. Бұған мен тұрмақ ақыл-ой данышпандары (философтар) да нақты жауап бере алмайды. Жауап бере алмайтыны- бүгінгі адамдар (оның ішінде қазақтар да) уақытын босқа шығындауға әуестеніп барады. Ақпарат тасқынына көміліп қалудың аз-ақ алдындағы «дамығандарды» (дамыған қазақтар) қызылды-жасылды дүние еліктіріп түнде ұйқыдан, күніз күлкіден айырып есіртіп жіберді. Мұндай сырқау ежелден бар. Біздің халық (қазақ халқы) оны былайша тұжырымайды: «Дүние- қызыл түлкі бұландаған, бақ тайса ерге дәулет құралмаған, аспаннан тоқсан пәле жауса-дағы, сонда да күдер үзбе бір Алладан!». Бүгінгінің «қызыл түлкісі» саған оңайлықпен соқтырмайды. Сол себептен де уақыт жылдамдығына тап боласың. Базарлық экономиканың екпіні сен тұрмақ ұлы мемлекеттерді шайқайды. Саудасыз күн көріс жоқ, саудагердің ұйқысы шала болатыны содан. Біздің қазекеңдер әлі де сол керенау- ұйқысы ашылмай мен –зең қалыпта жүр. Тұтынушылықтың торына шырамалып қалмай, өзіңдегі барды базарға шығаруың керек. Олай етпейді екенсің, өзгелердің (дамыған елдердің) бойкүйез тұтынушысына айналып, экономикалық құлдыққа түсесің. «Тұтынудағы ашқарақтық бізге қол емес» деп көрсетеді елбасы . Он сын қатерді мойындамасқа шара жоқ. Соның салқыны бізге де сезіле бастады. Қазақ отбасы бала санын шектеуге кірісті. Ел аман, жұрт тыныштa «жетімдер үйі» деген пайда болды. Некедегі тұрақсыздық етек алып барады. Ажырасу көрсеткіші бойынша әлемде оныншы орында тұр

екенбіз. Күн көрістің тұрақсыздығының салдары десек те, мұның екінші жағы шет жұрттар модаға (Еуропа, Америка) айналдырған гендерлік саясаттың салқыны екенін байқаймыз. Бүгінгі таңда, әсіресе Еуропада әйелдер бала табуды қиынсынып қысырап барады. Мұндай келеңсіздік біздің елге де ауыса бастады. Осындай жағдайда қалайша көбейеміз!? Жалғыз баласы (інісінің баласын асырап алған) турникке асылам деп мерт болғанда, Жынды Әбен бүйдепті деген сөз бар ел аузында. «Тесік аман болса, есік жабылып қалмас. Еңкейгенде егіз, тоңқайғанда тоғыз табатын қазағымның кең етек әйелдері аман болса, бәрі орнына келеді» деген екен. «Мына пақырдың бүріп сөйлемей, біліп сөйлегені осы болды-ау. Шүкір деңдер, інішалла заман оңалар» депті бір тұстасы шайып жуып. Заман оңалғанымен бүгінде халықта уайым бар. Ол-бастың кедейлігі. «Басы аманның малы түгел». Біздер, қазақтар, қалай болғанда да көбейуіміз керек. Көбейсек қана ел алдына шығамыз. Жаңаарқада (елуінші, алпысыншы жылдарда) қолөнерші (пимашы) Андабай деген болды. Шегене бестау кісі еді. Ұл баласы жоқ еді. Жалғыз қызы болды. Пимаға жан бітіретін ісмерілігі Жаңаарақадан асып облысқа да жайылған. Сол кісі айтады екен: « Құдай ұл да берді, қыз да берді, бірақ тұрмады. Ақ пимамды киіп, аяғы жылы жүргендер, не қыпты, мені ұмыта қоймас, туысым да, тумам да, ұлым да солар емес пе»дейді екен.

***

Өтті ғой Жаңаарқада небір жақсы,
Андабай-қолөнерші пима басты.
Таласып ақ пиманы алатын-ды.
Ақ пима кигендердің беделі асты.
Опасыз осы емес пе жалған деген,
Өтеді пенде шіркін арманменен.
Ақ пиманың шебері Андекең де,
Жалпақ жұрт қазағының қамын жеген.

Өткен ғасырдың 50-60 жылдарында Жаңаарқаның ақ пимасы сәнге айналғанын көзіміз көрді. Ақ пима екінің біріне тие бермейді. Қолы ұзындар мен тәуірлер ғана иеленеді. Оны кигендерде бой –басын таза ұстайтын сәнқойлық болуға тиісті. Қой соңындағы қойшы, қара жұмыскер ақ пимаға жоламайды. Жастардың да қолы емес. Тұр –тұлғасы келіспейтіндер ақ пимадан аулақ жүрді. Қара пимаға әуестенді.Ақ пимаға қолы жеткендерде бу болатын. Ақ пималы көкелеріміздің жүріс –тұрысына қатты қызығатынбыз. Аяғындағы пимасы атқаратын қызметіне, келісті кейпіне сай келетініне таңыркайтын едік. Жаңаарақаның ақ пимасы сырт аймақтарға да тарады. Пимашы кәдімгі Андабай көкеміз еді. Асылы Тарақты, оның ішінде Меңлібай бұтағынан. Қиыншылық жылдарда (1928-1932) ата қонысы Сарықұлжа, Шажағайдан

Ақмолаға кетіп, сол жақта жүріп, пимашылық кәсіпке бейімделген екен. Ақ сары өңді ашаң келген сида кісі болатын. Жұмакүл есімді жалғыз қызы болды. Сөзін «но кәнешіден» бастайтын ол кісіні біздің ағай Орекең (Кәрімбектің Оразбегі) қатты сыйлайтын еді. Біз Андекеңмен аталас туыс боп келеміз. Өмірден ерте озған оның есімі бүгінде ұмытылып кеткен. Атасу кентіндегі қоршаулы қорымдардың бірінде төрт құлақ бейіті ғана сақталған. Кезінде Жаңаарқа атырабына пимашылық кәсіппен танылған «ақ пиманың атасы» Андабай есімі (ақ пимасымен) музейдің бір бұрышынан орын алғаны жөн болар еді. Осы еңбекті қағазға түсіру барысында ақ пиманың атасы (қара пима да басатын) жөнінде сондайлық елең еткіздер соны дерек таппадым. Жалған тіршілікке төреші уақыт өз дегенін орындап тынған екен. Пимашы Андабайды Жаңаарқасы мүлде ұмытқан. Суреті де (фотосы) сақталмаған, жігіттің төресіне лайықты ақ пиманы (жалғыз сыңарын да) да таппадық. Мен көргенде (алпысыншы, жетпісінші жылдар) Андабай ағамыз тың болатын. Алпысқа ілікпей дүниеден озғанына күні бүгін пұшайманмын. Төтендеп келген ажал өз ісінің білгірін алды –артына қаратпай алып кетті десек те, мезгілсіз қазаның себеп- салдарында бір кілтипан бар еді. Оның бір салдары бастың кедейшілігі-жалғыз баланың (жалғыз қызының) уайымы оңайға соқпаған. Оған қоса, сол қарсаңда, өз ісінің үздік маманы пимаға жан бітірген колөнерші шеберге түртпек түскен. Шағын пима цехынан заңсыздық тауып, заң орындары пима басудың жолын кесіп тастағаны кейінде белгілі болды. Ол кезеңде меншік иесі үкімет пен партия екенін қара халық сондайлық терең сезіне қойған жоқ. Қоғам дәулеті халықтың (Совет халқының) игілігінде деген сенімде болды. «Партия қайда болса, жеңіс сонда» деген ұранға малданды қара халық. Партияның пәрменді болатыны-меншік (ел дәулеті) иесі өздері, билік иелері еді. Меншікке (мемлекеттік игілікке) суық қолды сұғындырмас үшін үкімет заңды қатайтты. Меншікті бір ғана қолда ұстау-социалистік приципке сай келгенімен, тіршілік заңдылығына сәйкеспейтінін қоғам танушылар (комммунистік идеолгия) іштей қатты сезінетін. Сөйте тұра, мемлекеттік меншікті қорғауда қырағылық танытып, бас пайдасын ойлағандардың жолын кесіп тастады. Сондай қырағылықтың салдарынан халыққа пайдасы тиетін ұсақ кәсіпкерлік дамымады. Андабай пимашының (колөнер цехі) кәсібі сондай себептен тоқтап қалған-ды. Бұл әңгімені ұзартқандағы айтайтын дегенім-Жаңаарқадағы кәсіпкерлікке талпыныс Андабай пимашыдан бастау алған болатын.

Кешегі «одақтасқан» өткен заман,
Кедейлікті мақтаныш еткен заман.
Бетті бұрып келмеске кете барды,
Күні озды кедейлердің қара табан.
Қол емес кім –кімге де бірдейшілік,
Социализм күні өткен ескі ғұрып.

«Байлық қана мұратқа жеткізеді»,
Деп білетін заманға бетті бұрдық.
Жетпіс жыл ортақтасып не бітірдік?
Артта қалды аз күнгі арзаншылық.
Алданып «ащы суға» әуейі боп,
Жүргенді әңгүдік боп енді білдік.
Коммунизм-әншейін киял екен,
Болымсыз жарығы кем шырақ екен.
Бәсекесіз тірлікте мән қалмайды,
Содан да буды халық белді бекем.
Кәсіпкер, бизнесімен байлар шықты,
Талаптының асығы алшы түсті.
Үйір-үйір жылқылы қойлы байлар,
Табыстан тау тұрғызып алға шықты.

Осы жолдар авторының Жаңаарқадан сыртқары жүргеніне де қырық жыл өтіпті-ау. Аудан өмірінің тыныс –тіршілігінен хабарым тапшы. Сөйткенмен де аңсарым сол жақта. Жер-су, елді мекен атауларынан бастау алған осы еңбекті қозғалысқа келтіру барысында, балалық шағымның, есейген кезімнің куәгері жаңаарқалық жерлестерімді еске алуға тура келді. Маған тонның ішкі бауындай тым жақын өнер адамдары (ақын, әнші, жыршы) бола тұрса да, менің еңбек адамдарына (қойшы,жылқышы, қарапайым мамандық иелері) бүйрегім бұрып тұрады. Оның ішінде, шопан мен жылқышыға ықыласым ерекше. Қиян шеттегі қойлы ауылда дала сырына жетігіп өскендіктен, қой соңындағы қойшылардан ұқтым тіршіліктің қыр –сырын. Өнердің де, өмірдің де сабағын «дала академиктері» қойшылардан (арасында өзімнің әкем де бар) алғанымды мақтан көремін. Ол кезеңнің (Советтік кезеңнің) қойшылары (шопандары) шетінен ішті болатын. Оларды кеңестік кезеңде «аға шопан» деп ерекшелеп атайтын-ды. Ішті болатыны- табиғатқа жақын, дала сырына қанық болғандықтан бейбіт те берекелі еңбектің ұйытқысы болды. Бүгінгі таңда солардың бірі де қалған жоқ. Осыдан үш –төрт жыл бұрын Ақадырда (2014) ғұмыр бойы қой соңында жүрген ағамыз (Совет Шөптібаев) дүниеден озғанда: «Өмірден соңғы аға шопан өтті» деп көзіме жас алған едім. Сол аға шопандар легі Жаңаарқада да жүздеп саналған-ды. Олардың бәрі де «дала қазақтары» еді. Социалисік Еңбек Ері Шалғынбай Ынтықбаевпен бір ауылда тұрдық. Еңбек Ері Сатан Ысқақовтың даңқы Қазақстаннан асты. Солардың ізін ендігі жерде жаңа талап фермерлер басты. Қолөнерші Андабайдың жалғастары кәсіпкерлер қаншама.

Жаңаарқа туған ауылым болғандықтан, сол жаққа елеңдеп құлақ тосып отырамын. Кеңшарлар тарап, шаруа қожалықтары құрылғаны белгілі. Бұрынғы «Жеңіс» совхозы жылқы өсірумен, ақтылы қой өсірумен даңқы



шыққан еді. Бүгінгі таңда бұл ауыл қымыз өндірудің жаңаша тәсілдерін игеріп жатқанына тәнтіміз. Бұрынғы «Ақтау» совхозы да қой шаруашылығын алға бастыруда бір шама табысқа жеткен болатын. Бұл ауылдың аты бүгінгі таңда жылқы өсірумен шығып жатқаны және белгілі. Бала күнгі ескі досым Икен Ақылбековтың көгалалы көп жылқысы көл тауысады деп естимін.

Ақылбеков Икенмен бірге өстім,
Интернаттың талқанын азық еттік.
Мен қойшының баласы қозы баққан,
Онда әке жоқ соғыста шәйіт кеткен.
Салмақты еді сабырлы бала жастан,
Бір кісілік әлі бар күші батпан.
Қол тигізіп көрген жоқ қатарына,
Жым болатын мысынан қарсыласқан.
Жетімдікті Икен де көріп өсті,
Жанына қайсарлықты серік етті.
Төре түлік жылқыға бейім болды,
«Қара қоста» ұзақ жыл ғұмыры өтті.
Бала өсірді, еңбекпен жылқы өсірді,
Жаңаарқа-ардақтайды бұл есімді.
Жылқының тұяғындай берік досты,
Азырақ жалғастырдым жыр етуді.
Табысты құрған оның қожалығы,
Сұрыпталды қазақы жылқы түрі.
Даладан дәріс алған-«академик»,
Қорғаған докторлығы- «Аттың сыны».
Осымен шағын жырды тәмамдадым,
Тереңдеп жас дәуренге бара алмадым.
Қарлығаш-Икен ескі төл құрдастар,
Мәңгіге алауласын ақ арманың.





Әбүйірхан Төлеуов

***

Ескене ауылын биікке шығарған Әбүйірхан Төлеуовтың есімі Қазақстанға танымал. Осы үздіктердің ізін баса шыққан жаңа талап шаруагерлердің де есімін естіп жатамыз. Арфилова Раушанның шаруа қожалығы үздіктер қатарында болса, Ахметов Қуаттың шаруашылығы алғы шепте болғанына қуанамыз. «Тұлпар» шаруа қожалығының иесі Ахметжанов Имантүсіптің шаруашығы өрлеп тұрғанын көңілге тоқ санаймын. Бүгінгі таңда ел экономикасын алға шығарудың кілті кәсіпкерлердің қолында екені баршаға мәлім. Кәсіпкерлік-базарлық экономиканың қозғаушы күші. Бұл салада еңбек етіп жүргендер қатары Жаңарақада да баршылық екені жақсы істің жоралғысы. Аудан орталығы Атасу кентіне бара қалсаң, Майбасова Дәметкеннің «Әлия» супермаркеті көз тартып өзіне шақырғандай болады. Қасымбеков Жансұлтан кәсіпкерлікке білек сыбана кіріскен азаматтың бірі. «Жандос» дүкені тұрғындарға мінсіз қызмет көрсетеді. Тілеуханов Бексаматтың да кәсіпкерліктегі алған асуы көз қуантады. Қос-қостан дүкені бар оның «Сәті» аудан тұрғынарына сәттілік сыйлайды деп естиміз. Бұл-жақсы нышан. Тойымбаев Серіктің «Әлем» тұрмыстық дүкенінен не керектің бәрі табылады екен. Шәрипова Сәуленің «Ерсаян» шаштаразысына кірген адам өңейіп, сұлуланып шығады деп естиміз.

ҰСТАЗДАР

Бұл еңбектің негізгі өзегі-ел мен жер атаулары,сөйте тұрғанмен, бұл жазба естелік есебінде де әңгіме қозғайды. Өзім алдынан сабақ алған ұстаздарымды ескермей елеусіз қалдыруға дәтім бармады. Жаңаарқа ауданы бойынша оқу-ағарту саласының өзіндік ғұмыр-дерегі (тарихы) бар. Асан Жұмаділиннің «Жаңаарқа» дерекнама кітабында бұл саланың дамуы нақты айғақтармен баяндалған. Кеңес үкіметі орнағанға дейін қазақтардың үш-ақ пайызы сауатты болған деген жалған ақпардың дәйексіздігін автор өз еңбегінде былайша көрсетеді: «Жаңаарқа жерінде XIX ғасырдың бас кезінен бастап әр ауылда, әр болыста мешіт болғаны бұл тек азан шақырып, намазға жығылатын орын ғана емес, бала оқытатын мектеп-медресе болған. Революцияға дейін Қазақсанда

Алғаш үлгі болған ұлағатты ұстаздар:





М. Боткең, Б. Шәкең, Ж. Бәткең, Т. Мұқаң, К. Ақаң, І. Дәкең, Б. Сәбең, Д. Төкең, Ә. Мәкең, К. Зекең, Б. Бағдат, Б. Ғайша, С. Қаскең, Ө. Бәкең, Сара, Қазкен, Б. Зиякең, Ж. Хаман

оқу –ағарту жүйесінде жәдит (пәндерге жол ашқан) әсерінің зор болғаны белгілі.Бұл құбылыс Жаңаарқа жеріне де тараған еді. Жәдит діни мектеп-медреселерде кейібір дүниелік білім пәндерін енгізеді, оқытудың жаңа әдістерін қолданады. Ескі әдісті қадим жолындағы мектеп, медреселерде жәдит-төте оқуға ойысуына орай ана тілі, жағырапия, табиғаттану, орыс тілі, арифметика сияқты шәкірттердің ой –өрісін кеңейтетін пәндер оқылған. Осы жаңалыққа алғаш бет бұрған Шаққан Ахмет қажы мен Мәжит молда еді. Бұлардың медреселерінде XX ғасырдың басынан бастап пәндік жүйемен оқыту қолға алынған. Бұл екі ғұламадан дәріс алған шәкірт-кеңес мектебін кемелдендірген алғашқы ұстаздар болды. XX ғасырдың басында Өспен-Нілді зауытынан ашылған орыс мектебінің орны ерекше. Оның алғашқы түлектерінің бірі Сәкен Сейфуллин болғаны белгілі...».

Біз есімізді біліп мектеп табалдырығын аттағанда (48-50 жылдар) әр ауылда бастауыш мектеп болды. Сол бастауыш мектеп мұғалімдерінің кейбіреуі Шаққан қажы мен Мәжит молданың алдынан сабақ алғандар еді. Жеті жылдық мектепті аяқтап (Айшырақтың) аудан орталығындағы Ленин атындағы орта мектепте (бүгінде Жұмабеков Оразәлі атында) үш жыл оқыдық. Бұл мектепте

алғаш директор болған Оразәлі мен Бимендені көрген жоқпыз. Екеуі де ұстаздардың ұстазы, айтулы кісілер екен. Бұл екі ұстаз мейлінше білімдар, парасатты болғанын алдарынан сабақ алған шәкірттері айта түсетін еді. Бұл мектепте мен оқыған қарсаңда әдебиет пәнінен Ахметжанова Сара мен Жұмбабекова Гүлсім сабақ берді. Сара мұғалім сабақты көңілсіз жүргізетінді. Жалғыз бауырынан айрылып (ағасы инженер екен, ток сымына ұрынып қапияда көз жұмады) соның қайғысынан бетіне шырам түсіп, дидарын солғындатып алған мұғалім апайдың қабағы бір ашылмайтын еді. Керісінше Гүлсім мұғалім (сұлу әйел болатын) сабақты уытпен жүргізіп, оқушыларды аузына қаратып тастайтын еді.Математиканы Қасмедин Әбітай жүргізді. Ол кісі тақтада бормен есеп шығарғанда, тақтаның беті ұйқы –тұйқы боп борандатып кеткендей көрінетін еді. Математиканың сіреcкен формуласын есеппен жұмсартып тігісін жатқыза түсіндіргенде, бұл ауыр пән қапелімде оп –оңай көрініп, иі жұмсарған қайыстай былбырап кетер еді. Осының сыры неде?Кейінде өзім оқушыларға сабақ бергенде байқадым. Оқытушының шеберлігі шешеді екен көп мәселені. Сабақты оқулық деңгейінде жүргізетін, керек десеңіз, өзі оқытатын пәнге қабілетсіз (дарынсыз) мұғалім пәннің де, оқушыныңдабағынбайлайдыекен.Мұғалімніңқабілетікілеңбілімдарлығымен (өзі оқытатын пәніне жетіктігі) өлшене бермейді. Онда ұстазға тән ұлы қасиет-мінез (психологиялық иірім) байлығы болуға тиісті. Нағыз шебер мұғалім баланы мінезбен (адамшылық қасиетімен) ұйыта білсе ғана ұтады. Сонда ғана оның жүргізген сабағы сәтті шығады. Енді соған аздаған мысал келтірейін. Бізге жоғарғы сыныпта (1958) физикадан Омарова Зейнегүл сабақ берді. Жап-жас өңді кезі. Өзін бір қалыпты ұстайды. Біз қыбырлап (ұлдар) кетсек болды, қыздарға зекіреді. Ескертуден тыс қалған тентектер амалсыздан жуасиды. Сол ұтаздың «Әй, қызы!» әлі құлағымда жүр. Сейдімеков Хасен де сыншыл ұстаз еді. Сәл қыбырлап кетсек болды, бетін басып бұқия қалады. Қыбыр –жыбырымыз басылғанда ғана басын көтереді. «Қайтеміз енді, сабақ жүргіземіз бе?» деген ескертуінен соң, бізде қыбыр болмайды.

Мектеп бітіріп кеткен соң да (1959) біздер (әсіресе, мен) алдынан сабақ алған мұғалімдерді әр кез еске түсіріп, керек десең, сағынатын да едік. Әкешешеміздей шетінен ыстық көрінеді. Біздер оқу бітіріп кеткен мектеп ұжымы (мұғалімдер) кілең мінезге бай келісті (кісілікті) ұстаздар еді-ау. Меншік малға жаудай тиген (Хрущевтік кезеңде) жылдарда ел ішінде «ет салығы» деген науқан өршіп, мұғалімер де бұл салықтан тыс қалмайды. Мектеп директоры Садықбеков Жәмпейіс (маған да сабақ берді) мұғалімерді жұмылдырып тізім жасайды. Біреу торпақ, біреу ешкі,біреу қой, біреу шошқа дегендей әр кім өз шамасынша жазылмай ма.Тізімді анықауға көшкен директор: «Бесбай- қой, Ботабай-ешкі, Хасен-торпақ, Ақтомпай-шошқа,Қаутай-әтеш,Балғатай- бұқа» деп оқи бастағанда, күлкіден шектері қатқан мұғалімдерді тәртіпке шақырған директор: «Жолдастар, бұл партия тапсырмасы, ойыншық қылмаңдар» дейді екен. Сөйткен кең қолтық Жәкең де (Садықбеков Жәмпейіс) өтті-ау бұл

жалғаннан.Оқу-ағарту саласында басшылықта болған ол кісінің етек-жеңі кең, мінезге бай ескі көздердің соңы болатын. Мұғалімдер арасындағы «күлкінің» (әзіл-оспақтың) туындауына Сейдімбеков Хасекең себепкер болатын көрінеді. Үстіне кіршік жуытпайтын сыпа адам болатын. Жай тұрғанның өзінде үстібасын қаққыштап тұратын әдеті бар-тын. Шалбарының қыры бір сынбайтын еді. Бір жолы ол кісі «Мына Далбаев Төлеу асты бәрімізден» деп сөз шығарады. Бір топ құрдастар (Балғатай, Қаутай, Хасен,Ботабай, Сәбит) бірігеді де,Төлеу мұғалімді мұғалімдер бөлмесіне (әдейі сабаққа жібертпей) қолаяғын буып байлап тастап, ол сабақ өткізгелі отырған 6-сынып оқушыларын «мұғалімдерің жоқ, далаға шығып ойнай тұрыңдар» деп сыртқа шығартып жібереді. Директор (кім екені менің есімде жоқ) оқушылардан сабақ босатқан мұғалімнің кім екенін біледі де, ертеңгі өтетін педсоветте еңбек тәрібін сақтамайтын мұғалімердің мәселесін қарауды күн тәрібіне қояды. Бірінші боп сынға Далбаев Төлеу ілігеді. «Үлкен адамсыз, ұят қайда?» демей ме қазымыр басшы. «Мыналар мені байлап тастады» десе сөздің көбейіп кететінін біліп, екінші гәрі қайталамаймын деп директордан кешірім өтініпті. Бір жолы (тағы да осы мектепте болған оқиға) мектеп ауласында мұғалімдер арасында келіспеушілік болады. Соны ілік қылғандар әлгі жерді «бородина шайқасы» атандырып жібереді. Шәйкемдескен екеудің әріптестері (Сейдімбеков Хасен, Жаманов Хамит бастағандар) «шайқас алаңына» белгі қалдыру үшін қолтықтарына тас, кірпіш сынығын қыстыра келеді екен. Дирекор (Тайтөлеуов Мұса) мектептің шаруашылық меңгерушісіне бұйырып, әлгі үйіндіні тәртіпке келтірткен болады. Бірақ нәтижесіз боп шығады. «Шайқас алаңындағы» белгі өзінен өзі (жалықбастан әкеп тасай берген) молығып жатады екен. Амалы таусылған директор жиналыс (педсовет) өткізуге мәжбүр болады. Кейінде осы бір күлкілі жағдайды Хамаң, Хамит Жаманов майын тамызып айтқанда, күлкіден шегіміз түйілетін еді. «Бәрін бастайтын Сейдімбектің Хасені, сенің ағаң,біз оны қолдаушы қолбаласы сияқтымыз» дейтін-ді. Осы жолдарды қағазға түсіргенде, оқырманды арзан күлкімен алдаусыратудан аулақпын. Ғұмыр –тіршілік бескүндік қана. Сол жалған тіршілікті кеңпейіл көңілдерімен, кісілікті мінездерімен жаймашуақтатып өздерінен кейінгі буынға (шәкірттеріне) үлгі көрсетіп, нағыз қазақы қалыптарынан танбаған жайсандардың (ұстаздарымның) рухына арнаған хатым құраным осы жолдар. Ертең біз де (мен де) кетеміз, сонда бізді де еске алтындар шығар, бәлкім. «Қазан аузы жоғары»-онсыз болмайды ғой.

***

«Ленин» атты мекепте үш жыл оқып,
Тәрбие алдым білімді ойға тоқып.
Рухы марқұмдардың ырза болсын,
Көрейін ұстаздарды мен жыр етіп.

Сейдімбектің Хасені берді сабақ,
Сәулелі еді назары, ашық қабақ.
Қасымбектің Қаутайы химияны,
Аузымызға асатты бейне тамақ.
Істөлеуов Далбай-дүр бұл есім,
Тарихты қайткенде де білгізетін.
Ағыбайдың ұрпағы Бидәулет ұстаз,
Қаршығаға сұқсырды ілдіретін.
Әбілтай-сабаққа шын берілетін,
Ломоносов ғұламадай көрінетін.
Тақтаға бормен есеп шығарғанда,
Боран соғып тұрғандай көрінетін.
Ақтомпай бір сыдырғы берді сабақ,
Жан еді қоңыр мінез, ашық қабақ.
Нәби, Түркен, Құлболды ұстазымыз,
Болғанда бірі терек, бір дарақ.
Ахметжанова Сараның беті қатты.
Қыбыр етсек біздерді құдай атты.
Гүлсім ұстаз-ғажайып жан еді ғой,
Ашық үнді келісті, сөзі нақты.
Омарова Зейнегүл-алтын еді,
Сұстылау ер мінезді салқын еді.
Қыз біткен «әй, қызынан!» бұғынатын,
Ұлдарға ұрыспайтын жарқын еді.
Бармұханбетов Сәбеңнің жаны жұмсақ,
Ер дейтін алгебраны біліп тұрсақ.
Сызғышын желкемізге төндіретін,
Қыздарға ұрланып бір мойын бұрсақ.
Ботабай- мылтық ұстауға үйретететін,
Болбыр-босаң бозымды күйретететін.
Шықшыттап алатұғын жай басарды,
Маршал Жуковпен күн сайын тілдесетін.
Шарлатбай бір ұстазым болып еді,
Мінезге бай кең қолтық қоңыр еді.
Жетекшіміз болған-ды оныншыда,
Тұрғандай олқы түсіп орыны енді.
Жәмпейіс, Мәдіхан мен Бесбай абыз,
Балғатай, Төлеу, Дамыл ұстаз нағыз.
Орманбаев Рахым, Асан, Хамит,
Жаңаарқаға атағы болған аңыз.
Рүстемов Зейнолла бас мұғалім,
Алдынан сабақ алып бақ сынадым.

Ысмағұлов Ыбырайхым ұлы ұстазым,
Рухын еске аламын тәк тұрамын.
Омаров Әбдікәрім, Еренғайып,
Жайсаңым, асыл ұстаз жақсыларым,
Әбдірахманов Хамит жездем сырбаз еді-ау,
Мәпелеп жас өркеннің ашты бағын.
Елшібайұлы Бақтияр ұстаз ол да,
Қаламды серік етіп алды қолға.
Шежіреден сыр тартты суыртпақтап,
Кітабы дәйегі мол тиді қолға.
Әділ, Ібіш, Сәттар да ұстаз еді,
Адамшылық ақ жолды ұстап еді,
Ұстаздардың ұстазы жақсы ағалар,
Маған да тәлім беріп нұсқап еді.
Бір аға Өтемісов Зейдрахым,
Ұстаздыққа арнады ұзақ жасын.
Студенттер алдынан сабақ алды,
Ардақтайды Жаңаарқа оның атын.
Ақылгер Әлжаппаров Ғабдұлмәлік,
Сабырлы, салиқалы сөзі анық.
Ұстаздардың ұстазы дегдар еді,
Алдынан сабақ алып болдық қарық.
Жақыпбеков Зекен де білгір еді,
Сөзге шешен ұстаздың дүлдүлі еді.
«Адамдар жалған дүние музыканты,
өткінші құбылыспыз біз бір енді»
Дегені қалған еді құлағымда,
Ұқсатам сол ағаны шын абызға.
Өтті ғой дүниеден талай жақсы,
Айналған менің жастан ұранымa.
Оразалин Ермек те ұстаз еді,
Биіктікке жаны оның құштар еді.
Жігіттің сұлтаны-тын, сұңқары да,
Байдалы би абыздың ұрпағы еді.
Мектеп бұл бастауы ғой тура жолдың,
Білімге ентеледім, қолды создым.
Мұғалімдік ежелгі арманым ед,
Бала оқытып мендағы ұстаз болдым.
Арман қыстап қолыма қалам алдым,
«Жыр торысын» қақпайлап жолға салдым.
Жаңаарқа-талантымның бастау көзі,
Жазушылық машықпен кітап жаздым.

Сені ұмытсам құдайды ұмытқаным,
Өзіңде бүршік жарды тума дарын.
Құмдауыт топырағың қымбат маған.
Қырыңда көз суырған қызғалдағың.

Әлқисса, менің балалық шағым қияндағы ауылда өтті.Тау арасында оң – солымды танып, ұстаз алдын көрдім. Біздің қойлы ауыл Жаңаарқадан 150 шақырым қашықтықта. Үшінші сыныпты аяқтаған жылдың жазында, 1952 жылы аудан орталығына тап болдым. Әкейдің туған інісі Әулиеатадан көшіп келген еді. Әкей мен шешей мені «сонда бар» деп қолхоз орталығынан қатынаған басқармаға (қолхоз бастығы) ертіп жіберді. «Полуторка» машинасының қорабында келе жатып, алыстан жылтыраған жарықты көріп қайран қалдым. Электр шамдарының жарығына әсерленген мен аспан шырақтарын бағамын. Жұлдыз атаулы жерге кеп қонақтап алғандай ма. Қиянда тау арасында өскен мені аудан орталығы сондайлық тарта қоймады. Теміржолды бірінші көруім еді. Пойыз қозғалысына еліктім. Танауынан бу атқан алып паровоздың қышқырғаны маған таң көрінді. Содан соңғы қаптаған жел дирменнің ауа сапырған қалақшасының қозғалысы қызықтырды. Бір өңкей шикі кірпіштен тұрғызылған шатырсыз аласа үйлер ретсіз қиқы –жиқы салынған. Үй сайын құдық бар. Суы кермек татиды. Тас бұлақтан шөл қандырып «тұнықтан жүзіп ішкен» мені күні бойы шөл қысады да жүреді. Құдықтың ащы суы құсқымды келтіреді. Әлгі жыпырлаған жарық (электр жарығы) теміржол бойын қамтиды екен. Үйлер кәдімгі пияла шаммен отыр. Клубқа (мәдениет үйі) кино көруге барамын. Шешен ұлтының балалары қазақ балаларына әлімжеттік көрсетіп жүргізбейді. Бір жолы мені ұстап алып ақша талап етті. Ақшаның не екенін білгеніммен, көрмеген нәрсем. Теміржолшылардың шағын паркі (сад дейді) бар. Сол паркте теміржолшылардың тойы өтті. Тәтті –дәмді бірдеңелерді жеп өзімше мәз болдым. Жаңаарқада екі ай болғанымда алған әсерім осы шамалас. Паровоз бен жел дирмендердің ауа сапырған қалақшалары және қаптаған құдықтардан алған әсерім әлі күнге дейін есімде жүр. Жаңаарқаға 1956 жылы қайта оралдым. Алысағы қой фермалардың орталғынан жетіжылдық білім алып, сегізінші сыныпқа кеп тіркелдім. Аудан орталығы еңсесін көтеріңкіреп алғандай көрінді маған. «Универмак» делінген әмбебап дүкен, «Чайный» аталатын шайхана бар. Ауданның өз алдына жеке мәдениет үйі (клубі) бой көтеріпті. Кино көріп тұрамыз. «Бродяга», «Господин 420» делінген Индияның киносын тамашаладық. Қарағандыдан әртістер кеп ойын қояды. Татар халқының лиро-эпостық жырына негізделген «Ғалия-Бәну» драмасы маған қатты әсер етті. Тоғызыншы сыныпта оқып жүргенімде Сәбит Мұқановты көрдім. Біздер оқушылар ол кісіні мектеп алдында қарсы алдық. Қасында бәйбішесі бар екен. «Волға» мәшинесінен түсіп кеп сөз сөйледі. Не деп сөйлегені есімде қалмапты. Менің ол кездері(1958) жазушы болсам-ау деген ойым жоқ-тын. Қойшының баласымын ғой, мал дәрігері болсам деп ойлайтынмын. *Жаңаарқада үш жыл оқыдым. Еңбек жолым да осы*

ауданнан бастау алды. Жарықтық Сарысу бойының, аудан орталығы Атасу кентінің табиғаты қатаңдау болатын. Қысқы бораны ойын жолы. Жаздағы құмды бораны зықынды шығарады. Қаптаған құдықтар бертінге дейін тұрды. Қышқылдап алған біреу (есімі Кенжехан болса керек) құдыққа түсіп кетіп: «Рахмет Жаңаарқаның құдығына!» дегені елге мәтел боп қалды.

Бүгінде аудан орталығы жаңа заманмен орайласқан әсем кейпімен көз тартады. Құмды бораны тыншыған. Асфалт төселген көшелері гүлзар бағына айналған. Терең қабаттан бұлқынып шыққан кәусардан қайнатылған шай маңдайдан тер шығарады. Құтым, Жаңаарқа! Ырысым, Жаңаарқа! Түсіме кейде құмды бораның енеді. Сол « дауыл» ғой мені сөз өнеріне құлшындырған. Құдығыңның кермек дәмі әлі жүр таңдайымда.

***

Жаңаарқа- арқалы өңір құт дарыған.
Жөргектен Алаш атын ұққан ұлан.
Тумасы Жаңаарқаның қайтпас қайсар,
Таймаған ұлттық рух ұстанымнан.
Затыңа баға жетпес Жаңаарқасың,
Арудай ай дидарлы сән Арқасың.
Жез таңдай ұл-қыздарың бұлбұл үнді,
Өнердің ақ сарайы ән Арқасын.
Сәкеннің жібек талды жыр мекені,
Сайдалы Сары Тоқаның күй мекені.
Жаңаарқа алқасындай Сарыарқаның,
Елімнің бақша баулы гүл мекені.

Биылғы жылы (2019) Жаңаарқаның 90 жылдығы тойланады. Осы еңбегім сәті түсіп кітап боп шыға қалса, сол мерейлі жылға тарту болмақшы. Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» деген тезисі «бар қазақты оятты» десем артық айтқандық емес. Бұл –астарлы тезис (мақала) боп табылады. Ұлы Даланың бір пұшпағы -Жаңаарқа өңірі. Бұл өңірді толайым жер-су, елді мекендерімен, адамдарымен түгел қамту- қалам ұстағандарға оңайға түспейді. Менің бұл талпынысым- келешек буынға (ұрпаққа) жол көрсету болып табылады. Облыс, аудан былай тұрыпты, әр ауылдың, әр қыстақтың, әр төбе мен бұлақтардың, елді мекендердің өз қыры бар. Сол қырды (бұл арада қасиеті) жас ұрпаққа паш ету- біздің басты міндетіміз,перзенттік борышымыз болып табылады.

Осы еңбекті жазу барысында маған қол ұшын берген, ықылас көрсеткен Жаңаарқа ауданы әкімі Юржан Бекқожинге, әкімнің орынбасарлары Қожықаев Қанатқа, Серіков Бауыржанға, Мұқанов Бақытжанға, Атасу кентінің әкімі Түсіпов Аманкелдіге, мәдениет жетекшісі Мұқыжан Медет Файзрахманұлына, «Жаңаарқа» газетінің редакторы Ералина Салтанат Аманқызына, аудандық Маслихаттың хатшысы Имантүсіпов Қуат Анасұлына, мұражай директоры Аманов Зәмзәмға алғыс рахметімді білдіремін.

ТУҒАН АУЫЛ

Менің туған ауылым-бұрынғы (Атасу мойын серіктігі) «Атасу» колхозы. Осы өлкеде (1940) дүние есігін ашыппын. «Колхоздың» қазақшасы-«Ұжымдық шаруашылық». Әкем Әбілдин Кәріп(1891-1975) ұжымдық шаруашылыққа отыз үшінші жылы мүше боп кіріпті. «Атасу» колхозының қалай қалыптасқаны, «Дружба» кеңшарының қалайша қанат жайғаны жөнінде «Ата қоныс-Атасу» дерекнама (2015) кітабында (авторлары - Берік Рахымов,Әлімжан Жақан,Аманғали Қыдыралин, Жаңбырбай Сембин, Жомарт Рахимов) жақсы айтылған.Бұл кітапқа алып қосарым жоқ. Азапты да ауыр, әрі қызықты жылдардың көрінісі көз алдыма келіп бір сергідім. Біздің ауыл, «Атасу» қой фермасы колхоз орталығынан 150 шақырым қашықтықта болатын. Колхоз орталығынан, ауданнан келген адамдармен, дені уәкіл, әке-шешелеріміз жылап көрісетін. Ол кездердегі адамдардың жүрегі жұмсақ келетін еді. Сол жұмсақтық бізге,балаларға да ауысты. Мейірімге шөлдегіш келетін еді ол кездегі адамдар. Отыз екінің аштығы, отыз жетінің лаңы, неміс фашистерімен болған қырғын соғыс-бәрі-бәрі ет жүректі езіп тастаған. Көздері жасты, көкіректері күрсініске толы әке-шешелеріміз колхоз малын (ортаның малын) өз малдарындай көріп, бар ынтасымен бақты. Өз баласынан да өзгенің баласына еміренгіш келетін еді.

***


Әсершіл келеді ғой ақын жаны,
Көңілдің өткен күндер жасыл бағы.
Шыр етіп дүниеге келген жерім,
Ауыл бар-Байдалы би атындағы.
«Атасу»- бұл ауылдың бұрынғы аты,
Замана екпінімен көнерді аты.
Уақыт пәрменіне шара бар ма,
Санадан өшіп кетті «Дружба» аты.
Колхозға әке-шешем мүше болған,
Жер жыртып, шөп айырлап, көпен салған.
Туа сала шетінеп балалары,
Тарылыпты шарай көз дүние жалған.
Зарығып әке-шешем мені көрген,
Балажан саулықтайын еміренген.
Атасу, Аққыз бойы қымбат маған,
Өлеңге жан туғызған ебі келген.
Бұл өңір туған менің топырағым,



Байдалы би ескерткіші



Сарсудың сай саласы



Қазіргі қазақ ауылы



Қайсар қазақтың бойтұмары




Парасат пайымы



Адамзаттың ақ жолы



Игенбеков Қуаныш белгілі ұстаз



Сүлейменов Әбдіхалық Ұлы Отан соғысының ардагері



Мұқажанов Дәрібай

Жалықпай шырқайтұғын асыл әнім.
«Атасу» колхозының тумасымын,
Дегенді айтып әр кез отырамын.
Тәжит қожа, Мұқажан жыршы қожа,
Толғаушы еді дастанды үнін соза.
Кобызшы Көкенді де көрді көзім,
Шерлі аспапқа ұйыған сай мен сала.
Әкем айтып қоймайтын Өксікбайды,
Тайпалған айдау жорға сөзге сайлы.
Болған ғой нағыз шайыр, ақпа шешен,
Ақыры өтті өмірден мұжып қайғы.
«Амантай, Аманбек пен Амансары,
Туыпты атадан зор мұның бәрі.
Қас тұрмақ досты зілмен ықтырады
Жібермес «Жаңа ұйымды» Оспан зәрі».
Дегені кеткен екен елге тарап,
Әр сөзінен шайырдың алған сабақ.
«Халық жауы» атанып ажал құшты,
Опырылды шарай көз-есіл дарақ!
Ауылда не жақсылар болған еді,
Жанашыр жас–кәріге қорған еді.
Фашистермен қидалас болған кезде,
Отанын зұлым жаудан қорғап еді.
Бар еді Сүлейменов Әбдіхалық,
Жан еді ашық қабақ, сөзі анық,
«Шолақ аяқ атандым» дейтін еді,



Айнабеков Қали



Сейдімбеков Слан



Сейдімбек Аманбек

Бір аяғым соғыста ұмыт қалып».
Тоғызбаев Көпберген нарым еді.
Соғыста жауға ойран салып еді.
Колхоздың қара өгізі атанды ол,
Қайтпайтын қиындықтан алып еді.
Ақылбектің Оспаны майдан көрді,
Атой сап ықтырған-ды немістерді.

Қой фермасын басқарды запперме боп,
Жоқтан барды жасайтын-көзім көрді.
Әбежанов Жөгібай бір тынбайтын,
Бейнетке иық тосып қутыңдайтын.
Қой бақты, аттан түспей жылқы бақты,
Еңбектің тарланы боп өтті жарқын.
Бар еді бұл колхозда Қара Түсіп,
Табиғат сомдағандай қолдан пішіп.
Жөгібайдың Түсекең жездесі еді,
Жездесі жіберетін оны мытып.
Жөгібай қол тоқпақтай шымыр болды,
Нар түйедей жездесі ірі болды.
«Сен сілтеген құрықтан жазым болсам,
Құным менің сұраусыз әкел қолды!»
Деп жездесі шекесін тоса қалды,
Жөкең нәштеп құрықты сілтеп қалды.
Қан бұрқ етті жезденің шекесінен,
Шарай көз балдызы оның басын жарды.



Тажитов Зарубай (ұстаздардың ұстазы)



Байдильдин Әділхан (ұстаздардың ұстазы)



Қалжанов Әбдіраш (ұстаздардың ұстазы)

Құлпырған қызғалдақтай көктем өмір,
Қызық-ауосысымен өткен өмір.
Келмес жаққа олар да кете барды,
Кімдерді қояр дейсің уақыт жебір.
Мен білетін көп еді-ау ауылдастар,
Кешегі колхозшылар, қауымдастар.
Солардың бүгіндегі ізін басқан,
Алла өзі ұрпағына болсыншы жар!

Өлең жолына түскен Өксікбай ақынды әкем айтып қоймайтын (руы Тұңғатар, соңында ұрпақ қалған). Бір жолы Манақа бойында (1936) өрт болып, соған жаяу –жалпылы жеткен қолхозшылар өртті сөндіріп болған соң (ми қайнатар ыстықта) жапан далада қалады. Тондықұлов деген НКВД-нің бастығы қарасын көрсетпей кетеді. Жапан далада жаяулағандарды Өксікбай ақын өлеңмен демейді. «Дегенде Тондықұлып, Тондықұлып, тілсіз жауды сөндірттің оңды қылып, талқан да жоқ талмайтын өзек талды, тастап кеттің далаға сорлы қылып» демей ме. Соны естіп қалған «нәшандік» Өксікбайды алдына салып айдап кете барған. Содан ақын хабарсыз кеткен. Менің әкем (Әбілдин Кәріп) ұғымтал, өлең-жырға үйір болатын. Қазақтың қара өлеңін жатқа соғатын оның пір тұтқан ақындарының бірі Құлжабайұлы Өксікбай (1996-1937) еді. Сол кісіден ұғып қалған екі ауыз өлеңді құран аятындай қастерлеп өле-өлгенше ұмытпай айтып өтті.

Қу заман қызыл түлкі шалдырмадың,
Тасқа шыққан біршектей алдырмадың.
Қуа-қуа «түлкіңді» өкпем өшіп,
Өлеңге түрткі салдым жан құмарым.
Жүйріктей көлденеңдеп қызыл тілім,
Ұға алмай зарланады заман сырын.

Орайыңның барында көсіліп қал,
Мен кеткесін не болар сенің күнің?
Көмб еді дегеніме тілім менің,
Қозады белсендіге жыным менің.
Түсім жаман маған да бір тықыр бар,
Аңырап қаласың-ау туған жерім.
Артымда мен кеткенмен елім қалар,
Ұққанға бір –екі ауыз сөзім қалар.
Жетесіздер балаша желкелейді,
Қапа боп соған менің ішім жанар.

Осы өленді таяуда (2017) көнерген дәптерімнен (күнделігімнен) кезіктіріп, жарияға шығарып отырмын.Әке-шешелеріміздің тұстастарында дала адамдарына (ауыл қазағына) тән бейкүнә қожанасырлық мінездері болатын еді. Шетінен әзілкеш қалжың сөзге ұста келетін. Жиендердің нағашысына, балдыздардың жезделеріне, құрдастардың бір-біріне қарата айтқан қалжыңдары бір қараға бергісіз ішті келеді. Замана зобалаңынан әбден тұралап, қиын-қыстау жылдардың мехнатына жүректерін жегізе – жегізе жұқарып біткендер бір-бірін қалжыңмен сергітіп, балаша жұбатқанын көріп өстік. «Атасу» колхозы екі атадан (Алтайдың Аралабайы мен Тарақты аталардан) құралған болатын. Менің шешем Аралбай қызы. Аралбай атаның үлкен-кішісі біздің әкейге күйеусініп (жезде деп те) жұғысып жүреді екен. Осыдан менің әкеме байланысты неше қилы күлдіргі әңгімелер туындаған. Әкей Аққызда қой бағып жүргенде, (өзінің айтуынша) бір дуадақ жер бауырлап ұшып келе бергенде, құрықпен қағып түсіреді ғой. Соны балдыздары мен құрдастары қылжақ қылып неше қилы саққа жүгіртпей ме. «Жездекесі, сонда сіз дудақты кемінде жерден төрт –бес аршын көтеріліп барып, құрықпен іліп түскен боларсыз» дегеніне еліккен есер жезде (біздің әкей) «сөйткен де болуым керек, қанатты құс оңайлықпен құрыққа іліге ме» деп салады ғой. Кейінде әкейге «Соның не, өз аузыңнан қағынып, кім –көрінгенге күлкі болып?» десем, ол кісі тұрып: «Қалжың ғой, балам, құдай өсекке іліккен қаңқу сөзден сақтасын» дейтін еді. Сөйтсе, әкей соққан дуадақтың бөтегесінде ақау боптыы. Шыны жұтып қойса керек. Аралбайлар (әкейдің қайындары) менің әкемнің тағы бір «өнерін» қылжақ қылатын еді. Біздің әкей мейлінше шапшаң уытты кісі болатын. Көбінесе (қой баққанда) жаяу жүреді.Тағы да сол Аққызда қойды тебіндетіп (жайып) жатқанда, соңындағы күшік тазы аңға қосылып, түлкіні олай шалып, былай шалып аузына түсіре алмай, түлкі де титықтап, тазы да болдыруға айналғанда, әкей төтеден түлкіге қосылып бермей ме. Түлкіге екпіндеп (жаяу) жетіп құрықшамен көміп өтеді. Қызыл алтайы түлкіні жаяу соғып алғанын мақтаншақ жазған (әкейдің өзі) ауылға өз аузынан таратып жібереді. Ілік іздеген құрдастары: «Сонда түлкіге сен

бұрын жеттің бе, тазы бұрын жетті ме ?» десе, әкей тұрып: «Тазы бұрын жетсе қайда қалды? Өзім бұрын жетіп соқтым» дейді екен. Енді бір ел аузындағы күлдіргі қылжақ әңгіме «Қара Түсіпке» байланысы туындап жатады. Бұл кісінің түбі Қаракесек, отыз жетінің лаңында туған жерінен ауып, қайын жұрттарына («Атасу колхозына) кеп паналайды. Балдызы қолтоқпақтай Жөгібайды олқысынып: « Сенен жарылған басымды кесіп алып итке тастасам қайтеді»дейді ғой бәстескенде. Батыршалыс жезде балдызына басын тоса қалғанда, Жөкең құрықшамен жездесін шекеден сүйкеп өтіп, жездесінің басы жарылады да қалады. Түсекеңмен (Қара Түсіппен) Мұқажан қожа құрдас. Бұл оқиғаны өлеңге қосып жыр қылады. Мұқажан қожаның құрдасына шығарған өлеңі бір қыдыру болатын.



Дегенде Қара Түсіп, Қара Түсіп,
Қашқын боп бізде жүрсің елден күсіп,
Өзіңді қыл арқанмен байлап тастап,
Қамиды жатар ма едім еркін құшып,-

деп келетін қылжақ өлеңдерін Мұқажан қожаның аузынан сан естідік.

Түсекеңнің бәйбішесі Қами (менің енем) мінезді әйел болатын. Сол кісі айтар еді. Мұқажанды бір қатырдым деп. Сусап келген ол кісіге Қамаң қымыз орнына іркіттің суын ішкізіп жіберіп, содан іші бүлінген қожекең өліп қала жаздапты. «Соны өзі ұялмай өлеңге қосады» дейтін-ді. Ол өлең ұзақ еді, есте қалғаны мынау:

Бұл Түсіп ойлап тұрсам нағыз адам,
Әйелің кер төменшік бағың содан.
Қамидың боз бұйдалы қара лөгі,
Қатынға жан екенсің жарымаған.

Түсекеңнің бәйбішесі Қами (Байғозы батыр ауылының қызына лайықты) еркек бағалы болатын. Замандасы Мұқажан қожаға қайдан алдырады?

Мұқажан қожа маған (Өмір Кәріпке) Алланы аузына алып тұрып: «Өмірлі болсын, есімі «Өмір» болсын деп ат қойған кісі. Сол үшін де Сүлейменұлы Мұқажан қожаны пір тұтып, рухына тағзым етемін. Оның ақындығы маған қонғанын ырым көремін. Менің есіміме байланысты бір кілтипан мынаушешем Аралбай қызы, менің нағашыларым бұл атаның Өмір бұтағына жатады. Сол себептен де әкей мен шешей үлкен адамның атын атауды (рухын мазалаудан жасқанып) орынсыз көріп, менің есімімді Өмірбайға ауыстырып жіберген екен. Кейінде құжатта (1960) тіркелген төл есімімді (Өмір Кәріпов) негізге алып, баспасөзде жазған мақала, шығарған кітаптарыма авторлықты 1960 жылдан бастап өзімнің азан шақырып қойған төл есіміме байланыстырып «Өмір Кәріпұлы» деп алдым, күні бүгін солай. Жарықтық, Мұқажан қожа мейлінше үнді болатын. Ескілікті дастандарды жатқа айтқанда, тұла бойыңды шымырлатар еді. Әсіресе «Наурызбай-Қаншайымды» үн салып жырлағанда, екі көзінен жас парлап отыратын. Қиссаны тыңдаған үлкен –кіші де егіліп езіліп отырар еді. Атасу қой фермасы,біздің ауыл шалғайда жатқанымен ел ішінің әзіл-оспағы құлағымызға жетіп жатады. Үлкендер саясаттан қашатын. Ауыл аралық жеңіл әңгімелерге үйір келеді. Бір шешеміз болған еді. Колхозға басқарма (төраға) сайланғанда әлгі шешеміз (еңбек озаты болса керек) жаңадан дауысқа түскен кісіні (басқарманы) қол көтеріп мақұлдай қоймапты. «Қарсымысыз, қолыңызды неге көтермейсіз?» дегендерге, «Қол көтерген деген жаман ырым, шырақтарым. Бізге қарап тұрмаған шығар бұл қарағым. Кім алса соның байталымыз ғой, жолынан жарылқасын» деген екен. Енді бір шешемізді көп аузы «өр әйел» деп көтермелейтін еді. Ол әйел Әзілбектің Игенбегінің бәйбішесі Сәна шешеміз еді. Бертінге дейін (1989) келді. Бізді көргенде (мені көргенде) бауырына тартып аңырап-аңырап алатын. Әкешешемізді есімізге түсіріп «тірілтіп» беретін-ді. Кілең қошқардай-қошқардай ұл тапқан Сәна шешейдің балалары шетінен шоң болды. Игенбеков Қапыз теміржол саласында басшылық қызмет атқарды. Шәйкен жоғары білімді гиолог боп жер қойнын барлады. Игенбеков Қуаныш білікті ұстаз болды. Нұркен іниміз полиция полковнигі дәрежесіне жетті. Игенбеков Байкен ауылдан ұзамай, мәшинеңің рөлін ұстады. Мейлінше үнді биік дауысты әнші болатын. Бақыжан шешесіне тартқан өр еді. Сәна шешеміз Сәкеннің әкесі Сейфолламен Қарашілік қыстауында қоныстас болған Кәдіш молданың қызы болатын. Біздің бала кезімізде әкелеріміздің де шешелеріміз мінезді келетін-ді. Заман қыспағы, коммунистік сығым әйелдерден көрі ер азаматтардың адымын тұсады. Олардың аузын аңдып сәл қиыс кетсе болды заңмен қорқытып қиынға салатын-ды. Содан да шешелеріміз баз-базда үкіметке мінез көрсетіп тастайтын еді. Соғыстың қайнап тұрған (1941-1944) кезінде Сәна шешеміздің бір мінезі ауылдан асып аймаққа тарап еді. Көктемгі егіс науқаны болса керек. Сәна шешей қайнағасы Шырымбектің Ұшқасбегімен бірге соқамен жер жыртып жүреді ғой. Соқаның тегершігін (тұтқасын) ер адам басқанда, ересек

балалар мен әйелдер өгізді айдап жетектейді. Өгіз де жан иесі, шабандап болдырады. Сондай бір іркілісте Ұшқасбек келініне зекіріп жіберсе керек. Сөзі майда келетін момын кісінің аузынан жазатайым бір жағымсыз сөз шығып кетпесі бар ма. Қазақшаны былай қойып, орысшылап жіберіпті дейді. Сол-ақ екен, қызыл табан боп әбден титықтаған өгіз айдаушы Сәна шешеміз егістікті тастай беріп ауылға бет қоймай ма. Жәйімен кетпей дауыс салып жас бұзаулаған сиырша аңырап ауылды басына көтеріп жеткен. Үлкен-кіші өре түргелісіп,одан жөн сұрағанда: «Ойбай, ана төбет боқтады мені, боқтады! Қазақшасына көнер едім, «божалыста» деп орысшылап жер-жебіріме жетіп... Елім-ау, жұртым-ау, мұндай да сұмдық бола ма!» деп екі бүйірін таянып алып, ал кеп сұңқылдамай ма! Содан колхоз басқармасы жиналыс шақырып, ел іші егер –дегер боп, қырылып қала жаздайды. «Божалыста» деген сөздің мағынасына түсіне алмай ауданға кісі шаптырып, жазалы болған Ұшқасбекке: «Жарқыным-ау, орысша боқтаған неңді алған?» деп қысқанда: «Баяғыда Ақмолаға қалашылап барғанда, үйренген орысшам еді, аузыма қалай түскенін білмеймін» деп ақталады ғой. Кейінде осы оқиғаны Сәна шешеміздің өз аузынан естідік. «Ей, қарақтарым-ай, қайбір жетіскендіктен дейсің. Соғысқа кеткен туған қайным Әбжанның соңынан «қара қағаз» келіп, отағасым Игенбек «түртәрмияға» алынып, шиеттей балаларыма нан тауып берудің азабы ғой мені күлкіге ұшыратып жүрген. Бесікте балам бар. Екі емшегім сыздап әкетіп барады. Сауып тастауға обалсынам. Шұғаң жарықтық, жуас кісі ғой. Егістіктен (жер жыртудан) жұрттың ең соңын ала қайтады. Өзі және қорқақ адам. Басқарма қайнағадан, Тілеуқабылдың Әбдіқұлынан өлердей жасқанады. Жаман әліне қарамай «стақанып» атанып, ел алдына шықпақшы. Соған жыным түсіп, шерімді бір тарқатып алғаны ғой» дер еді.

***

Жас ғұмыр өтті бастан сағымдайын,
Сөз қылып не қыламын кәрлік жайын.
Мойнымда әлі күнге өтелмеген,
Қарызы бар Тәжитов Зәрубайдың.
Зәкеңнің он бірдегі бала кезі,
Жыр қылып сонау жылы айтты өзі.
Шіп-шикі өңшең сәби балаларға,
Уатып «тәрбиеші» болған кезі.
Шешелері колхоздың жұмысында,
Жазаланар балаға мойын бұрса.
Көбісі емшектегі шикі бала,
Соларға жауаптымын мен не қылса.
Арасында солардың сен де барсың,

Маған сені тапсырып апай марқұм.
Сықпа құртты қалтама тығындайтын,
«Жалғызға» дегені ғой көзін салсын».
«Саған ерек қамқоршы болған едім,
Әлдилеп арқама да салған едім,
Қалам ұстап қатарда жүрсің бүгін,
Мені жөндеп жазатын келді кезің».
Дегені жақсы ағаның құлақта жүр,
Жүрмейсің заман желді- шуақта кіл.
Арнаған мезіретім осы жолдар,
Есебіне жатсыншы мәңгілік жыр.

Осы жолдарды мен еріккеннен қисындырып отырған жоқпын. Біздің буын соғыстан кейінгі елуінші жылдардың ауыртпалығын көріп өсті. Әйтсе де біздер, орта буын, әке-шешелеріміздің бейнетін бастан өткізе қойған жоқпыз. Жоғарыда өлеңмен баяндалған оқиғаны Тәжитов Зәрубайдың өз аузынан естіген едім. Әкесі Тәжит қожа еңбекқор адам екен. Әкей айтар еді, біз шөл қысып шалап жұтып жатсақ, Тәжит қожа нан жеп отыратын еді. Бізді мысқылдап «іштерің бос, сосын да шөлдейсіңдер» дер еді. «Ат суытты қойыңдар» деп түскі дамылда өзі бастап жұмысқа кірісіп кететін, жарықтық. «Шариғат айтыңыз» десек, «Оны Құлжан мен Әубәкір қожадан ұғыңдар, ана заржақ Мұқажанды (өзінің бауырлары) тыңдаңдар. Шариғатты менің аузым айтпайды, қолым айтады. Халықтан асып қайда барамыз. «Қолың қимылдаса, аузың қимылдайды» деп бәрімізді пішендікке бастап шығатын..»

Зәкең әкесі сияқты бір тоға момын кісітін. Кейінде мектепте мұғалім боп жүргенімде, мені оңашалап әңгімеге тартқаны бар. «Сенің жазуың жақсы, түбінде сенен бірдеңе шығады» деп арқамнан қағып, бауырына тартатын. Содан өзі бір әңгімені бастап кетеді. «Менің мұғалімдік жолым 9-10 жасымнан басталған. «Атасу» колхозының біраз баласы, ішінде сен де барсың, Ақселеу де бар, менің тәрбиемде болды.

– Қалайша? –деймін қасақана.

– Былайша ғой,– деп ұзындата сөйлеп кетер еді. Соғыстың қайнап тұрған кезі. Колхоздың бар адамы ертеңнен қара кешке дейін дамылдық көрмейді. Тәртіп қатал. Әйелдер емшектегі баласына да қарамайды. «Сонда,- дейді Зәкең көзін жыпылықтатып,- бар бала «тәтелеп» бақырып жылағанда, мен де олармен қосыла жылайтын едім. Сен де жылаудың әкесін танытасың. Біздің апай (біз Аралбай қожасына жатамыз ғой) шешең сені маған тапсырып, қалтама ірімшік, құрт салатын. Бар қолымнан келгені сен жылағанда арқама мінгізіп алатынмын. Ірімшік, құрттың ұнтағын аузыңа салғанда, аздап көрек алатынсың. Сосын ұйықтап кететін едің. Бір ұйықтап кетсең жуықта оянбайсың. Сені маубас болар деп ойлаушы ем, ақырында ақын боп шықтың-ау! Бір ғажабы-Ақселеу жылай қоймайтын. Бір жыласа оны да

тоқтата алмайсың. Ақселеудің шешесі Кәтап дүкенші, ауданға тауар әкелуге кеткенде, Ақселеуді емшекте баласы бар әйелдер кезектесіп емізгенін де жақсы білем...». Зәрубай Тажитов ұлағатты ұстаз болып өтті өмірден. Ол кісінің ұрпақтары бірқыдыру, Зәкеңнің арты жақсы. Ұрпақ жалғастығы деген осы. Қазақстан аумағында бүгінде (2018) бүлдіршіндердің 90 пайызы балабақшаларда тәрбиеленеді екен. Бұл үлкен жетістік. Қалам ұстаған адамға сыншы да көп, мінші де көп. Ой еңбегі миға үш есе салмақ түсіреді. Әсіресе, жазу өнерінің (ақындық, жазушылық, жорналшылдық) жауапкершілігі күшті. Жарияға шыққан еңбегің болбыр-босаң болып шықса, оқығандар сыртыңнан тас атады. Жазу азабын құдай басқа бермесін. Менің екінші бір мамандығым мұғалімдік. Бұл сала өте нәзік келеді. Балаға бірінші кезекте тәрбие беруге тистісің. Ол үшін өзің тәрбиелі болуың керек. Сол тәрбиелі ұстаздың бірегейі Зәкең болса, сол кісімен қанаттаса, қатарласа бала оқытқан ұлағатты ұстаздарды да атап өтуге тура келеді. Ұстаздардың ұстазы болған Сатанов Әубәкір, Оспанов Кәрібай, Аманов Жөкен, Қалжанов Әбдіреш, Байділдин Әділхан, Сембин Көден, Рақышева Нескен, Сәтжанов Далабай, Сәтжанова Орал, Құдікенов Төкен сынды мұғалімдер ұрпақ санасында қала бермекші. Әділханның (Байдилдин) орны бөлек болатын. Сырбаз, жұмсақ мінезді, өнерлі ұстаз болатын. Жездесініп еркелегенімде артық сөзге бармайтын еді. Қоңырлатып ән салғаны қандай! Игенбеков Байкен екеуі бір- біріне сай, бірі Төлеген, бірі Шеге боп («Қыз Жібек» қойылымында) ойнағанда, мүтін жұртты (1957) аузына қаратқан еді-ау, шіркіндер!

***

Әділхан мен Байкеннің жөні бөлек,
Бірі- Шеге,Төлеген болды ерек.
Әділхан-Төлеген боп ән салғанда,
Байкен-Шеге тұратын оны демеп.
Қолхозда өнерпаздар тобы болды,
Басқарма Шоқан бастық – созды қолды.
«Қыз Жібек» пиесасын ойнады олар,
Халық құптап, қол соқты, орта толды.
Бос сөз емес әншейін құр дабыра,
Шамамен «елу алты» жылдарында...
«Атасу» колхозының өнері асып,
Ауданға әйгілі боп тұрғанында.
Жүргенмін мектепте мен сегіз оқып,
Ауылымның әртістерін алдым тосып.
Клуб тар, сыртта тұрып қолды соқтым,
Ақпейіл көңіліммен тілек қосып.

Әділхан мен Байкендер өмірде жоқ
Колхоз ұмыт, кешегі совхоз да жоқ.
«Байдалы би» атанды бүгінгі ауыл,
«Орнында бар-оңалар»- қөңілге тоқ.
Есімнен еш шықпайды қайран ауыл,
Ынтымақшыл, ұйымшыл сайран ауыл.
Аздаған «жыр дестемді» қабыл алғын,
Ниеттес жерлестерім, іні-бауыр.

Мен шыр етіп жерге түскен топырағым - туған ауылымнан төрт жасымда ұзаппын. Тау арасында (Қаратөбе, Әділше, Айдаһарлы, Сарықұлжа, Атасу, Шажағай) оң-солымды таныдым. Сол жылары (1944) мал өсіру мақсатында бос жатқан жерлерге орналасу ұраны көтерілген. Соғыстың беті қайтып, ел есін жия бастаған ғой. «Атасу» колхозы бастамаға үн қосып, төрт отар қойды тауға айдап шығады. Бір отарға ие менің әкем екен. Әкем Әбілдин Кәріп бастамашы болып, жиналыста «мен барам» деп қол көтерген. Ата қонысына асыққан. Тауға (бос жатқан қоныстарды ол жылдары «тау» деп атаған) қой айдап шыққандардың басшысы - «Атасу» қой фермасының меңгерушісі Ақылбеков Оспан қияпатты кісі. «Тоқпақ мұрт Оспан» атанған еді. «Тауға» орнаған «қолхозшылар» мыналар: Шырынбеков Ұшқасбек, Бейісбеков Кемал, Сембеков Түсіпбек, Жұмин Төлеу, Қасым ұста, Жәкен бірадар, Рысбеков Ысқақ пен Мәди, Әубәкір және Құлжан қожа, Тоғызбайдың Көпбергені, Әбежанов Жөгібай, Асылбеков Әубәкір, Бекімов Құлмағанбет, Нұрмағанбетов Тұтқышбай,Баймағанбеттің Көшкінбайы, Аралбай Рымбек қойшы және оның балалары Иманбай мен Аманжол, Көпбайдың Серікбайы, ағайынды Манамбай мен Нұрша Балағазиндер, Құнанбайдың Серікбайы еді. Кейінде колхоз орталығынан біздің малды ауылға біртінеп біраз отбасы кеп орнаған болатын. Олар Бейсенбай және оның балалары Жақсыбек, Аманбай еді. Бекмағанбетов Бодық та алыс ауылда қой бақты. Аралбай Тоғамбай да бір отар қойға ие болды. Шоқайдың Үмбетжаны да олармен ілесе келді. Есімдері еске түспей жатқандары қаншама. Бәрінен де ұрпақ бар. Рухтарына тағзым!

Алыстағы қойлы ауылға колхоздың атқамінерлері (басқарма, ауылсовет төрағасы, есепші, мал маманары) сирек те болса келіп тұратын. Мен ес білген кезде колхоз бастық Құнанбайдың Жарылғабы (руы тұңғатар) болды. Өңкиген ірі кісі, біздің үйде қона жатып әкеймен әңгіме соғатын. Өлең-жырға үйір, ақындығы да бар еді. Одан соң Жақыпов Шоқан басқарды колхозды. Бұл кісі майда сөзді, жұмсақ кісі болатын. «Атасу» колхозының мәдени өміріне қозғалыс енгізіп, көркемөнерпаздар үйірмесін жандандырды. «Қыз Жібек» дырамасының сахынаға шығып, Әділхан мен Байкеннің өнерде топ жарғаны сол кісінің демесіні. Елу жетінші жылы аудан орталығында («Жеңіс»» колхозы мен «Атасу» колхозының арасында) ақындар айтысы өтті. «Жеңістің» намысын Хамит Жаманов, «Атасудың» намысын Асан Жұмаділдин қорғады.

Мен нағашы апам (Асанның апасы) Ақажанның үйінде жатып оқитынмын. Асекең алдын ала жазған айтыстың көшіресін: «Ауылыңды сағынып жүрсің ғой, оқып мауқыңды бас» деп маған беріп кеткен. Айтыс клубта (мәдениет үйі деп кейін аталды) өтті. Айтыс өткен күннің ертеңінде айтысқа байланысты гу-гу сөз ел арасына тарады да кетті. «Атасу» колхозының басқармасы Жақыпов Шоқан қазақы кәдемен Асанға кәстөм-шалбар кигізгенде, «Жеңіс» колхозының басқармасы Сейтмағанбетов Жетімек ауылының намысын қорғаған Хамитті құр тастайды. Соған шамырқанған Хамит Жаманов табан астында:

Жеңістің құрып кетсін Жетімегі,
Сарт еді қазақ емес арғы тегі.
Сарттықпен, сараңдықпен бермей кетті-ау,
Байлығы колхозының жетіп еді,-

деп салады.

«Атасу» колхозын Шоқан басқармадан кейін Бекбаев Мырзағұл басқарды. Талапшыл ширақ кісі еді. Ауыл кеңес төрайымдары (алдында Ақажан, одан соң Әлкен болды) Оспанова Әлкен мен Тойшыбекова Ақажан алыстағы ауылға ат ізін салғанда, салып ұрып біздің үйге келетін. Екеуі де бірінен бірі өткен сөзшең, қияпатты, еркек бағалы әйелдер еді. Алыстағы біздің ауылға колхоздың бас есепшісі Сүлейменов Әбдіқалық та келіп тұратын. Бір аяғы тізеден жоқ, балдаққа сүйеніп жүретіні өзіне жарасып тұратындай еді. Біздің шешейді апай деп, әкейді жездей деп, мені жиен деп іш тартатын. Қабағы ашық, сөзі орнықты болатын. Әкейге «Кәре, сіздің бір тонна бидайыңызды мен алдым»дегенде, әкейдің:«Ала ғой, Әбдіқалықжан, ала қой» дегенін өз құлағыммен естіген едім. Осындайлық жомарттық пен кеңпейілдікті бүгінгі адамдардан шам алып іздесең де таппайсың. Дүние, дүние деп ентелеп өле жаздаймыз. Сонау елуінші, алпысыншы (1950-1960) жылдарда біздің қойлы ауылға жиі келетіндердің қатары темір тұлпарды тізгіндеген шопырлармен молығатын. Оларды бастап келетін (колхоз орталығынан жүк әкеледі, үй көшіріседі) Сабырбаев Рахымжанды біздер балалар туған ағамыздай көретін едік. Өзі де бір елпелектеген аққөңіл болатын. Қыдыралин Балташ та (шопыр ғой) алыстағы ауылға жиі келетін. Қалмағанбетов Төреқожа әкелген (мал жемі арпа, сұлыны) біздің әкейдің қыстағына әкеп төгетін еді. Кейінде (1987) өткенді еске алғанда Төреқожа ағамыз айтар еді. «Біздер алыстағы «Атасу» қой фермасына ауылға бес-алты машинамен шеру тартып шыққанда, мен сенің әкеңнің қыстағын (өзгелерден жеңіп) таңдап алатынмын. Өйтетін себебім, Кәрекең жарықтық, мейлінше аққөңіл, адамды өзіне тартып тұратын елгезек кісі. Шешең Дәметкеннің құрт-майы, ірімшігі, таба наны мейлінше дәмді келетін еді. Соны алдымызға қойып «ішіңдер, жеңдер» деп бәйек болатынын қайтерсің. Жолда қарындарың ашпасын деп жолазыққа қалта ұсынатын». Сөйткен Төреқожа да өтті өмірден. Бала-шағалы болатын. Еркөңіл кісі еді, алпыс-ақ жас бұйырды өзіне. Тумаса да туғандай болған қайран ағаларым-

ай! Ал, енді бар ма, Сәкенов Хамзе мен Игенбеков Байкен біздің алыстағы ауылдың меншікті шопырлары болғанын баяндасам сөз ұзап кетеді. Екі ағама баға жетпейтін еді-ау. Көңілімді қалдырып көрген емес, туған ағамдай болды. Сәкенов Хамзенің бір кереметі-машинасының маторын (ГАЗ-51) таңнан шашып тастап, түске дейін жинап болып түс қайта жолға шығатынды. Мұжық қолының бір кереметі болатын. Сөйткен ағалар да келмес жаққа кете барды. 1961 жылдан бастап колхоздар таратылып, совхоздар орнай бастады. «Атасу» қой фермасы іргелес «Қызылтау» совхозына (құрамына кірді) қосылды. «Атасу» колхозы «Дружба» совхозының негізі боп орынында қалды. Содан былайғы жерде бұл ауылмен байланыс үзілді. Әйтсе де туған ауылымды қара тұтып ауылдастарыма тілекші боп жүремін. Әкемнің тұстастары Амансарының, Рақыштың, Төтейдің, Атақаның (Аманбектің), Тұрсынның (Байдалы бидің ұрпағы), Оспанның Төлеуі мен Сәтжан, Әбдіқалық нағашыларымның, өмірден мезгілсіз озған Әбдірзақ ағамның, қатарласым Төтейдің Оралбайының, Оспан көкенің, Игенбек пен Сәкен әкеміздің, Итбайдың Әбеуінің, мені ертегі әлеміне енгізіп, балалық қиялымды ұштаған ертегіші (Жақан мен Болаттың шешесі) Құттыбаланың, Жібек (дәрігер болған) шешеміздің, Сәна шешеміздің, Көпберген көкем мен мені жерден көтеріп алған кіндік шешем Төлеутай апатайымның, жеңгем Жәкеннің, туған жеңгемдей болған Қалдықүлдің, Оспан көкенің бәйбішесі Айнакүл (Әйлөке дейтінбіз) шешейдің рухтарына тағзым етіп, құран бағыштап жүремін.

«Ата қоныс-Атасу» құт қонған ауыл. Бұл ауылдан нелер таланттар қияға қанат қақты. Атап айтқанда, Алаштың Ақселеуі, сұңқар үнді әнші Серік Оспанов, филология ғылымдарының докторы, профессор Берік Рахимов, медицина ғылымдарының кандидаты Мұхамедия Тебенов, айтулы қаламгер жорналшы Сейфолла Оспанов, үздік әнші, қаламы қарымды өнертанушы Ерлан Төлеутай, сөз өнерін ұстанған Қайролла Аманов, Сәттібай Жүнісов, Жаңбырбай Сембин сынды таланттар ел мақтанышы. Қалай болғанда да, кешегі кеңестік кезеңнің де ел өміріне (қазақ жұртына) тигізген жақсылығы да болды. Осы кезеңде, Совет өкіметі тұсында ауыл шаруашылығын алға бастыру мақсатында колхоз, совхоздың негізінде «қазақ ауылдары» қалыпасты. Әр ауылдың (колхоз, совхоздардың) өзіндік дәстүрі (тәлім-тәрбиеде, еңбекте, от басында, той-томалақта) болған еді. «Дружба» мол қымызымен, сүт бұлағымен, қонақжай кең дастарқанымен танылды. Бұл ауыл күні кешеге дейін қазақы дәстүрді ұстанып, жас буынды ұлттық салт-дәстүрінен, тілінен алыстата қойған жоқ. Соның нәтижесінде «Дружба» совхозы қазақы ауыл атанды. Ауылды өзіміздің азаматтар басқарды. Оларға осы жолдар авторының ісі түсіп көрген жоқ. Дегенмен де ауылға бас ие болған Құлмаханов Өтебай, Спатаев Сатыпалды, Бекмағанбетов Жұмабай, Күжікенов Баян, Мұқажанов Дәрібай, бас есепші(бухгалтер) Кенбай Шубаев, бас мамандар Аяпбеков Төкен,Хишауов Молдазайым, Аманкелді Сәтжанов, Шүленбай Ибраев,



Нескен Рақымқызы
(Айтулы ұстаз, еңбек ардагері)



Жұманова Қаратай
(еңбек ардагері)



Өтешова Аққайша
(еңбек ардагері)



Мақсұтова Тиышбала
(еңбек ардагері)




Бекмаганбетова Шакен
(батыр ана)



Игенбекова Қалкен
(батыр ана)



Жұмажанова Баян
(батыр ана)



Нұрмаганбетова Ермек
(Еңбек ардагері, батыр ана)



Шоқабаева Бағаш
(батыр ана)

совхоздың соңғы директоры болған Айнабеков Қали – бәрі-бәрі ұлттық бейнелерін жоғалтпаған қазақтық қалыптарын (мінезін) сақтаған басшылар болғанын көзіміз көрді. Мұның сыртында аудандық деңгейде басшылық қызметте болған Сәтжанов Хамзенің, Қалжанов Бағдаттың да туған ауылына деген қамқорлығы демесін болған еді. «Дружба» совхозының аудан бойынша

көрсеткіші (табысы) жоғары болды. Шаруашылықтың толағай табысына толымды үлес қосқан Ескене бөлімшесі болғанын жақсы білеміз. Ескененің топ жарғандары де есте. Сол ауылды, Ескенені ел алдына шығарған Әбүйірхан Төлеуов кемелденген еліміздің мықты кәсіпкері екені әмбеге аян. Бұл ауыл (бұрынғы «Атасу» колхозы) қазақша жалпақ тілмен айтқанда ардақты аналардың «отаны» болды. Көп балалы аналар, еңбек озаттары бұл ауылдан көп шықты. Сүт бұлағын тасқындатқан сауыншылар Күлше Қыдыралина, Күлжамал Дүйсенбина, Күлкеш Бектұрова,Тиышбала Шіркеева, Кенжекей Тұрғынбекова, Балқия Мақишова, Шолпан Әлжанова, Қалкен Игенбекова, Қарашаш Ахмедина, Мәкен Аппасова, Аққайша Өтешова, Нұрмағанбетова Ермек-сауыншылықта аудан бойынша үздіктер атанды. Осылардың дені көп балалы ана еді. Баланы да күпітіп тауып, жұмысты да апырып-жапырған қайран жеңгелер етек-жеңі кең жайдары еді-ау шеттерінен! Бұл («Дружба» совхозы) ауылдың көп балалы аналармен де аты шықты. «Ардақты Ана» (он бала тауып) атағына ие болған аналардың (елуге тарта) даңқы ауданнан асты. Араларында менің жеңгелерім де бар. Адуындау бір әйел тілазар баласын: «Тұқымың құрысын сенің, тұқымың құрығыр, жүгермек!» деп тілін сұға берсе керек, соған ызасы қозған (кейінде тартулы азамат болды) баласы: «Менің тұқымым қалайша құриды? Көкем үйіндегі жеңешемнің бір өзі шалқайғанда егіз, еңкейгенде тоғыз табады» деп шешесінің аузын жауып тастағаны елге мәтел боп кеткен-ді.

Кешегі Атасу ауылы, бүгінде Байдалы би есімімен аталады. Ауыл ортайғанымен, қайта күш жиып өңін аша бастады. Елбасы Н. Ә. Назарбаев: «Ауылдың амандығы-елдің амандығы» деп үнемі есімізге салады. Ауыл – тарих бастауы, ел мен жердің кіндік қазығы. Жай қазық емес-қасиетіне баға жетпейтін- Темірқазық. Ел мен жер шежіресі ауылдан бастау алатынын ұмытпаған жөн. Әйгілі Байдалы бидің шешендік сөздерін үлкендерден тыңдап өстім. «Астыңдағы жалғыз ат қанат емей немене, аузыңдағы отыз тіс болат емей немене, ақпан менен қаңтарда тоқтышақтың терісі жанат емей немене, жамандардың сөздері ағат емей немене, жақсылардың сөздері санат(сағат) емей немене» деп толғайды екен. Бүгіндегі (2018) қазақ қауымы жаһанданудың торына шырмалудың аз-ақ алдында тұр. Жаһанданудың кереметі сол- оның жойқын екпіні- ұлтымыздың сан ғасыр бойында асыл мұрасы боп келген рухани игіліктерімізді (тіл мен дін, дәстүр –салт, ұлттық тәрбие) шетке ығыстырып, жат жұрттардың (Еуропаның, АҚШ-ның) анайы әдет-дағдылары, шектен шыққан тұрпайылығы (тәнін ашық- шашық ұстау, қалай болса солай киіну, махаббатты саудаға салу, ата-ананы шетке ығыстыру, зорлық-зомбылық, қатыгездікті насихаттау, шынайы өнердің жеңілейіп кісіні ессіздікке ұрындыратыны) айта берсе толып жатыр, бүгінгі жас буынды есіртіп барады. Соның алдын алудың бір амалы- Ұлы Далаға бет бұрыс,


ауылға бет бұрыс, қазақтың ән-күйіне бет бұрыс. Ертеңгі күні заман басқа бір қырынан көріне бастағанда, ата-бабамыздың қара қонысына, ауылға зар боп қалуымыз бек мүмкін. «Ата қоныс-Атасу» (Ел мен жер шежіресі, 2015) тарихи танымдық кітабы туған ауылға деген перзенттік махаббаттың шынайы көрінісі. Кітап авторларына, алдымнан сабақ алған Берік Рахымовқа, басқа да кітап авторлары-Аманғали Нұрғалиұлы Қыдыралинге, Әлімжан Құтжанұлы Жақанға, Жаңбырбай Сембинге, Жомарт Рысқалиұлы Рахимовке алғысым шексіз. Кітаптың шығуына қаражат жағынан атсалысқан азаматтар-Әбілжанов Мағауияға, Жанат Тәжитовке, Қанат Ахметовке, Мәжит Сәтжановқа, Бағлан Салжановқа, Қайрат Рахымжановқа, Серік Көкеновке, Батырхан Оспановқа,Рамазан Таласбаевқа ризашылығымды білдіремін. Сол кітап әдемі бір өлеңмен түйінделген екен. Осы аз ғана (туған ауылыма арнаған) тарауды сол өлеңмен көмкергенді жөн көрдім.

Атасуды қалай айтып таусармын,
Тарихыңа терең барып тамсандым.
Аталы сөз айтып кеткен халқыңа,
Байдалының батасын да аңсадым.
Келер әлі бұл өлкеге ту ұстар.
Осы ауылда жақсылықпен тыныстар.
Бабалардың аманатын орнындап,
Түтіндерің биік ұшсын туыстар.
Бұрынғыдай заманды ешкім бөгемес,
Өткен өмір сағымдайын бір елес.
Тарихыңды енді өзің де түгенде,
Есте сақта, естеліксіз ел дегенің құр елес.

Қалам қайратымның шабандап қалғанына қарамастан, осы жазбаны қағазға түсіргенде біраз қиналдым. Туған ауылымның түтіні де қымбат мен үшін. Бәрін бірдей қамти алмай зықым шығып... Ендігі бетті тауларға бұрайын. Тау арасында алыстағы қойлы ауылда (1950-60) өскен мені әр кез сағыныш буатын еді. Сондай толқыныста мұңлы сәттерде даланы медет тұтып, таулардың қас-қабағына қарайтын едім. Таулар мені биігіне бастағандай болады. Толқынды өзендер (Атасу, Шажағай, Зәйімке) күміс суымен сергітеді. Тас бұлақтардың зәмзамына мейірің қанғандағы тұшынысқа не жетсін! Содан да алғашқы қалам алды жырларым табиғат сұлулығынан бастау алды «Тау анасы, бұлақ ерке қызындай, өр төсінде еркелейді күліп жай, бейне бұлақ тамырындай таулардың, қысы –жазы тулап соққан суынбай» деп келтірдім. Өзендерді былайша өрнектедім. «Өзен, өзен, анамсың ғой сен де бір, күміс сумен тазартасың тәнімді,балалығым толқын қуған сенде жүр, өзіңе арнап тамылжыттым әнімді» Тауларға өтелмеген қарызым көп. Олай болса, ат басын- Ақтау, Ортау, Қызылтау, Тайатқан- Шұнақ тауларына бұрайын.

АҚТАУ ТАУЫ

Ақтау Ц Жаңаарқа ауданына қарасты тау. Биіктігі 1133 метр болады. Таудың бұл атауы ежелден белгілі. Атауы өзінің тәбиғи ерекшелігіне сай қойылған Бітімі ақ кварц тастардан құралған. Бұл таудың баурайына ерте кезеңдерде (Ақ табан шұбырынды, алқа көл сұламадан (1723) кейінгі «ел айрылған» делінген ауыр жылдардан соң) Әбілпайыз хан ордасы орнаған екен деген ауызша дерек бар. Ақтаудың бір сыңары Сарытау Совет үкіметі орнағанға дейін төрелердің (төре ауылының) қыс қыстаулары болған екен. Ақтаудың қолтық –қойнауы күні кешеге (1928) дейін Алтай руының бір атасы Сайдалыларға құтты қоныс болған еді. Сайдалының Әліқұл, Айтқұл, Олжа рулары осы өңірде өсіп өнді. Байларды қойша қуған(1928) кәмпескеде қайран атақоныс (Ақтаудың іші-тысы) қаңырап бос қалыпты. Бос қалған өңірге (Ақтауға) ел 1944 жылдан бастап орала бастаған. Бұл жылдарда Жаңаарқа ауданында жиырма жеті колхоз құрылған болатын. Бос қалған таулы өңірлерге қоныстанып мал өсіруді мақсат еткен колхоздар жер алғанда, Ақтаудың Қаратұмсығына «Алғабас» колхозының қой фермасы орнапты. Ақтаудың бір қолтығы «Райысқа» Киров колхозы кеп орын тепкен. Осыдан (1944жылан бастап) былай қарай Ақтау өңіріне қайтадан жан кіріп, қолтық –қойнауы мал-басқа тола бастады. Сол кезеңді көргендердің (бала болсам да) бірі мен едім. Біздер қойлы ауылдың балалары Айшырақта(алыстағы қой фермалардың орталығы) жетіжылдық мектепте оқыдық. Сонда біз, балалар, өзіміздің ауылдың тауларын мақтан ететінбіз. Мен жаман әліме қарамай



Ақтау тауы.
Ақтау Жаңаарқа ауданына қарасты тау. Биіктігі 1133 метр болады.



Хан Кенесары
(1802-1847)

Таятқан-Шұнақты ауызға алатынмын. Ағыбай батырдың мекені болған дейтін едім. Сонда Ақтаудың бауырынан (Алғабас пен Киров қой фермаларының балалары) келген балалар (оқушылар) Кенесары-Наурызбайдың Ақтау дуанын алғанын айтар еді. «Хан сайы» біздің ауылда дегенде, аузымыз ашылып қалатын. Кейінде колхоз тарап, «Ақтау» совхозы (1964) орнады. Бұл совхозда он жыл тұрып (1967-1978) бала оқыттым. Қалам ұстап сөз өнеріне жетіктім.


Елбасымыз «Ұлы Даланың жеті қыры» деген тезисінде (2018) ел мен жер тарихына жаңаша көзқарас қалыптастырудың бағдарын ұсынды. Жердің де төлқұжаты болады. Төлқұжатсыз (атауы белгісіз) жер жетімсірейді. Тәуелсіздіктің арқасында ұлттық тұғырымызды биіктетіп жатырмыз. Ендігі жерде, ата-бабаларымыздан қалған көне мұраны (қасиетті жер, қастерлі орындар) тарих шаңдағынан арылтып, жас өркеннің рухани игілігіне айландыру- әр саналы жанның басты міндеті болмақ. Соның бірі-туған өлкеміздің (ауылдардың) «төлқұжатын» анықтап айқындау боп табылады. Жердің жады тозып барады. Оны қалпына келтірудің басты амалы- жер-судың ежелгі географиялық атауларын, лажы болса, өзіне қайтаруымыз керек-ақ. Мұны науқаншылдыққа ұластыруға әсте болмайды. Өзіміз байыптауға тырысқан Ақтау өңірінің жер – су атауларын айта берсең,таусып біте аламайсың. Ақтаудың бір тұсы «Болтай кезеңі» (атақты ел жуаны болған, Сайдалы Мінәсіптің ата қыстауы) деп аталады. (Болтай Мінәсіптің баласы, болыс болған) Жергілікті өлкенің (Жаңаарқа ауданы, Шет ауданы) топонимикасын зерттеп кітапқа түсірген ғалымдар (Т.Т.Аршабеков, М.С.Жакин, І.І.Ісламов) аз еңбектеніп жүрген жоқ. Осы еңбекті жазу барысында осы жолар авторы солардың еңбегіне сүйенді. Әйтсе де зерттеушілердің жетпей жатқан тұстары да бар. Мәселен, Райыс деген жер атауы («Ақтау» совхозының үшінші бөлімшесінің орталығы болған) Ақтауды мекендеген Алтай Сайдалы руының беделді ел адамның есімінен қойылған атау. «Райс сөзі араб тілінде төраға, бастық, шариат заңдарының орындалуын қадағалайтын шенеунік.» (Жанұзақов Т.) Жақсы-ақ, байыпты дәйектеме. Бір жетіспей тұрғаны- Райыс есімді белгілі адамның ғұмыр –дерегінің тапшылғы. Ол кезінде кім болған? Кіндігінген өрген ұрпақтары кімдер? Соны дәйектегенде ғана Райыс атауы өңін ашады. Өйтпеген жағдайда, дерексіз ұғым боп бара – бара ел жадынан өшіп ұмытылады. Ақтаудың сай –саласы бұрындары толған қыстау болған. Әр сайдың, әр төбенің атаулары бүгінде (2017) ұмытылып

барады. Ақтау тауының батысында (қашықтығы қозы көш) Қозықырған деген аласа тау (шоқы) бар. Бұл атау тауға қандай себеппен берілген? Соны кезінде (1970-78) үлкендерден (алып қала алмадық) ұқпадық. Осы маңда (Ақтаудың батыс қолтығынан бастау алатын) Балта деген өзен бар. Көктемгі қар суымен молығып, жаз ортасына қарай саяздап тартылып қалады. Нендей себеппен Балта атауына ие болған? Білсем бұйырмасын! Осы жолдарды қағазға түсіру барысында, өкініштен барамағымды тістедім. Межеге (жар жиегіне) жақындап қалған адаммын. Әгарда ғайыптан кеңшілік кеп ғұмыр жолыңды қайтадан жалғасыр деген Жаратушы Иеден пәрмен келсе, мүтін ғұмырымды жер-су, елді мекен атауарына арнар едім. Енді ол болмайтын шаруа ғой.



Хан Абылай
(XVIII в.)

Ақтауды- ақ түйеге ұқсатамын,
Желбіреткен жел кеулеп шудаларын.
Өркешімен көк тіреп маңғазданған,
Ішке бүгіп тылсымын замананың.
Бауырында нелер майдан сүргін өткен,
Батырлар шайқастарда қанын төккен.
Кенесары, Наурызбай туын тігіп.
Өркешті шоқыларын қалқан еткен.
Ресей патшасының беті қатты,
Қазақты құлданбаққа тісін басты.
Шұрайлы мекенінен ығыстырып,
Құйқалы өңірлерге қадам басты.
Кереку, Көкшетау мен Есілді алды,
Жерсіз қап қара халық естен танды.
Тәсілін отарлаулың жеделдетіп,
Ақтауға жақын келіп Дуан салды.
Патшасы бастап кетті сұмдық істі,
Бейбіт ел ыққан қойдай дүрлігісті.
Ұлықты сағалаған шенді қазақ,
Өз туғанын мезгілсіз көрге тықты.
Орысқа беріспеді Кенесары,
Қорғады басқыншыдан Ақмоланы.
Көкталдағы Дуанды алу үшін



Ағыбай батыр
(1802-1885)

Ақтаудың кең қолтығын сағалады.
Қолтығы кәрі таудың паналы еді,
Әр сайдан тулап бұлақ ағар еді.
Бекінді хан әскері кең аңғарда

Жеңіске тілекші еді қалың елі.
Күш жиып ханның қолы жасаныпты,
Ығыспай қас -дұпаннан аса мықты.
Қазақтың соңғы ханы жау қашырған
Сол аңғар «Хан сайы» деп аталыпты.
Ақтаудың бір тұғыры-Қаратұмсық,
Бүркіттей сұсты қабақ бұлтық-бұлтық.
Наурызбай сол шоқыдан қарауылдап,
Намысы отырған ғой ішін түртіп.
Қаратұмсық- Дуаннан қозы көш жер,
Көзге анық шалынар діттеген жер.
Орыстар бекінісін мықтап жатты,
Дегендей қойқаңдады біздерді көр.
Дұшпанның жанға батып басынғаны,
Ноян ер шомбал тасқа көзін салды,
Әлгі тасты бір толғап иыққа сап,
Биіктеу бір тұсқа әкеп қоя салды.
Жау мысы ширықтырып қыршын жасты,
Сол тасқа батыр Ноян құйрық басты.
Дуанға ұзақ- ұзақ көз талдырып,
Бұрқанып іште жігер тулап жатты.
Желге ұшып кете ме деп есіл сөзім,
Шер қысып шықтанады менің көзім
«Сұлтан тасы» атанған сол шомбалды,
Әсіре қоспасы жоқ көрді көзім.

***

Үңгір шат- «Хан сайының» бір аңғары,
Тар кезең- көз суырар қысаңдағы.
Өркешті оңғал- шоңғал қия беткей,
Кек қуған елестетер батырларды.
Терең шат ну жынысты қалың ағаш,
Нән терек құшақ жетпес бұл бір ғажап.
Әр қилы нобайдағы тас мүсіні,
Төбеңнен аюдайын тұрар қарап.
Дем беріп туған жердің тау мен тасы,

Қазақтың тілекші боп кәрі –жасы.
Бекінген хан сайында қалың қолға,
Жан-жақтан сый –сияпат әкеп жатты.
Туған жер атамекен алтын бесік,
Сол үшін жүрген жоқ па сорды кешіп.
Хан төтен қосынына жарлық берді.
Қайнары «Хан сайының» аздық етіп.

Содан жорықшылар ханның әміріне тәк тұрып Үштағаннан көнекпен су таси бастаса керек. Үштаған-Ақтау, Сарытау тауларының аралығында оқшау тұр. Терең сайынан әйдіңгір бұлақ ағып жатады. Бір –бірімен иықтаса тұрған үш шоқы сауытты батырдай сұсты шалынады көзге. Таудың атауы жөнінде ел аузында әр қилы аңыз бар. Топонимика заңдылығында сидырғанда атаулары сыртқы бітіміне орайластырылған делінеді. Ел ішіндегі аңыз басқаша деректі алдыға тартады

Үштаған-Ақтаудың дәл ығында тұр,
Ертегі аңыздарда жырында тұр.
Найзадай тік шаншылған үш шоқыны,
Ертеде мекен еткен өңшең батыр.
Үш батыр- дараланып шыққан дейді,
Жаулары қаһарынан ыққан дейді.
Қартайып өлер шаққа жеткен кезде,
Өсиет қалдырыпты нықтан дейді.
Шынықтырар шайңқаста ерді жорық,
Сүргінмен өтті ғұмыр жерді қорып.
Рухымыз дем беріп жас ұрпаққа,
Қалайық «Үштағанда» белгі болып.
Батырлар осылайша өсиет еткен,
Бұл аңыз үзілместен бізге жеткен.
«Үштаған» деп содан да аталған ғой,
Жыр етіп отырғам жоқ мұны тектен.
Үш батыр шайқаста сан сыналыпты,
Аттарын бас бұлақтан суарыпты.
Шөліркеп бас қойғанда зәмзам суға,
Бойына жиған екен бұла күшті.
Арада неше ғасыр өткен кезде.
Кене хан шеп құрған ғой осы кезге.
«Жеткіз» деп су мөлдірін жарлық берген,
Алған беттен қайтпайтын өңшең ерге.
Сарбаздар жарау атпен желген дейді
Мол сулы Ұштағанға келген дейді.
Шолғыншы жау баспалап қыр астында,

Бұлардың әрекетін көрген дейді.
Сарбаздар суды алып жолға шықты,
Көнекке су толтырып қолдасыпты.
Үштағанның тар қолтық кезеңінде
Орыстың жасақтары қарсы шықты.
Екі жақ қоян –қолтық келіп қалған,
Қақ сойыл сан орыстың басын жарған.
Қаша ұрыс сап сарбаздар шегінгенде
Ақтарылып әр жерде «көнек» қалған.
Болғанмен қасақы жау аса мықты,
Кене хан қайтпай беттен қасарыпты.
Үштағанның қысаңдау бір қолтығы,
Содан да «көнек қалған» атаныпты.
Арналды осы естелік Ақтау саған,
Мен үшін жаннан артық сенің бағаң.
Баурыңда саяладым, сайрандадым,
Төсіңде төмпей болып тыным табам.

САРЫТАУ

Таудың атауы тастарының түсіне байланыстырыла қойылған деген дерек құлаққа енеді. Өзі сондайлық көрнекті де емес. Соған қарамастан ел жадында берік сақталған. Ерте кезеңдерде (совет үкіметі орнамай тұрғанда) бұл тауды төрелер (хан ұрпақтары) иеленген болса керек. Ескі көздер Кенесары ордасынан жырылып қалғандар деп келтіреді.Кейінде(кеңестік кезеңде) кеңшар шаруашылығына бейімделген қыстақтар салынғанын көзіміз көрді. Бүгінде құлазып бос жатыр. Сай-саласының шөбі қою келеді. Тау баурайы қыста қара жатады.

Сарыарқа- туған дала арқасындай,
Көзіңді суырады қарасаң жай.
Жонасты ойлы –қырлы,бел –белесті,
Кең жазық берекелі дастарқандай.
Қыз емшек төбелері, қырқалары,
Отау тас, қожыр жартас-дала сәні.
Тау да емес, төбе де емес сүп-сүйкімді,
Алыстан көз тартады шоқылары.
Тау дейді біздің жақта шоқыны да,
Жазғырма жыр еттің деп осыны да.
Жел тербеп шудаларын Ақтау тұрса,
Ботадай көз тартады Сарытауы да.

Сарытаудың беткейінде шынары бар,
Сайында тулап аққан бұлағы бар.
Қыста қара жатады малға жайлы,
Бұл тауды киелі деп аңыз қылар.
Сартауға әркім ынтық құмар екен,
Боранға ықтасын боп тұрады екен.
Қойы шелді, жылқысы бұғыдай боп
Жұтамай қыстан аман шығады екен.
Сарытау- атанса да қасиетті,
Көненің сөзі бізге былай жетті:
«Сарытаудың кереметін көрер едім,
Ақтауды басқа жаққа қойса депті»
Қойнауы қойға толы беркелі,
Сай-сайдан жұпар самал лебі еседі.
Сарытауды ботадайын аялаған,
Ақ нардай Ақтауыма не жетеді!?
Сарытау- дұрыс түсін бұл аңызды,
Жаратқан үйлестірген тұрағыңды.
Ақтаусыз сен де алса, мен де аласа,
Онсыз мен баса алмаймын құмарымды.
Жасымнан ұғып өстім дала сырын,
Құздармен қашаннан бар жарасымым,
Таудағы құлжасына көз талдырған,
Мен деген таулы өңірдің баласымын.
Қыранның шаңқылынан қуат алып,
Құлжасын қызықтадым тақап барып.
Аң-құстан жұрдай болып жұтап қалған,
Бүгінде дала жетім, таулар ғарып!

ҚАРАТҰМСЫҚ

«Қара және тұмсық сөздерінің бірігуінен жасалған тау. Топонимдік мағынасы: сүйір, құс тұмсық тәрізді таудың сыртқы пішініне байланысты қойылған. Ертеректе атақты күйші композитор Сайдалы Сары Тоқа жайлаған бұл жерді халық «Тотаңның Қаратұмсығы» деп атаған».

(«Жаңаарқа ауданының топонимикасы», Қарағанды-2011)

Совет өкіметі орнаған кезеңде Қаратұмсыққа «Алғабас» колхозының қой фермасы (1944) орын тепкен еді. Кейінде(1964) «Ақтау» совхозының төртінші бөлімшесінің орталығы болды. «Ақтау» совхозының орталығынан Жаңаарқаға баратын төте жолмен жолаушылап шыққанда, Қаратұмсықты басып өтетін едік. Бүгінде жым-жырт.

Ақтаудан Жаңаарқаға бет алғанда,
Қаратұмсық- қол бұлғап тұрар солда.
Ер Науанның сұлбасы елес беріп,
Тұрғандай тау күзетіп-найза қолда.
Бұл тұстан жолаушылап талай өттім,
«Сұлтан тасқа» қарайлап жанай өттім.
Қазақтың «намысы боп» қыршын кеткен,
Бір белгісі осы ғой асыл тектің.
Хан Кене, Наурызбайға болып қорған,
Қалқан боп қанатының астына алған.
Ақтау бұл-жыр тұғыры, күй тұғыры,
Сайдалы Сары Тоқаға мекен болған.
Күйшінің «Қарашоқы» қыстауы еді,
Сияқты Сарыарқаның бейне төрі.
Ақтаудың биігінен көз жіберсе,
Арқаның қол бұлғаған қалың елі.
Түлкідей қырда жортып бұлаңдаған,
Аруға көз талдырып сылаңдаған,
Қызғына тоя алмай сары жайлаудың,
Шанақтан төгілдіріп –күй арнаған.
Демеңіз мына шіркін төтеледі,
Сары Тоқа-ерен күйші төтен еді.
Ақтаудың түйе мойнақ бір тұғыры,
Қаратұмсық- күйшінің мекені еді.

Қаратұмсық-киелі жер. Бұл тұстан талай өттім. Әр неге елеңдегіш есер көңіл (отыздың ішіндегі дер шағым) байыз таптырмай, Наурызбай отырған «Сұлтан тасын» көремін деген дәмемен Қарашоқыға саяхат жасағаныма (қасымда жоғарғы кластың екі-үш оқушысы бар) өзім де таңмын. Сол тұста Ілияс Есенберлиннің «Қаһары» жарыққа шығып, сірә, сол шығарманың буы шыдатпаса керек. Ол кездерде (1970) жалтақ болатынбыз. «Сұлтан тасты» нұсқаған (бөлімше орталығында тұратын) Әнес ақсақал тауға тырмысуға шамасы жетпей етекте қалып қойған еді. Наурызбай тізесін басқан «Сұлтан тасын» үлкендер (қариялар) жыр қылатын-ды. Қарашоқының биігінен қарауыл қорған Науан ер орыстардың дуанына (Ақтау дуанына) «сұлтан таста» отырып алып .ұзақ-ұзақ көз талдырады екен. Сол жолы тау биігін біраз шарлаған едік. Есі кіріп қалған оқушылар да қызығушылық танытқан. Мынау сол тас қой дегізердей анық белгі байқалмады. Осы шығар-ау деген жобамен екі-үш шоң тасты мұғдарлаған едік. Қалай болғанда да Наурызбайдың Қарашоқыдан орыстардың дуанын бақылағаны анық. Ел аузында қалған аңыз-деректі тірілтудің бір амалы- Қарашоқының биігіне Науан ердің алып мүсінін орнату болып табылады.Ақтау дуанының орнына кешенді ескерткіш тұрғызуды кешеуілдетпеудің сәті енді туды.

ЫРҒАЙЛЫ

«Ырғайлы жер аты. Жаңаарқа ауданыңның Ақтау селолық округіне қарасты.Атауы ырғай ағашы көп өскендіктен қойылған. Болат ханның ұрпағы Тәменұлы Әйменбет төренің қыстауы болған жер».

(Жаңаарқа ауданының топонимикасы» кітабынан. Қарағанды-2011)



Иманжүсіп Құтпанұлы (1863-1929)

Ақтаудың суреттеп іші-тысын,
Асықбай баяндауға келмес күшім.
Әр қолтық, әр сайының атауы бар,
Оқырман кеңшілік ет, мені түсін.
Тауды қимай артыма қарайладым,
Үстірт шолсам өкпелер деп ойладым,
«Ырғайлы» осы таудың шығысында,
Бұл сайды мекен еткен талай дарын.
Талдың ерек асылы ырғай ағаш,
Құлаштап ұрғаныңда шытынар тас.
Құлазып тау аңғары есіз қалған,
«Ырғайлының» бүгінде көңілі пәс.
Жалғанның кімдер жеткен есебіне
Сынаптай сырғып ғұмыр өтеді де,
Ертеде хан билеген кезеңдерде,
Айналған төрелердің мекеніне,
Бертінде сайдалы атаң қоныс еткен,
Ақтылы қой тебіндеп мыңға жеткен
Ақ қашып, қызыл қуған алағайда,
Қойлы бай малын айдап Шуға кеткен.
Арқаны қоныс еткен Иман Жүсіп,
Әншіні шыдатпаған заман қысып,
Тау ішін екі-үш жылдай сағалапты,
Иесіз «Ырғайлыға» көзі түсіп.
Қос заңғар- Ақтау, Ортау көз алдында,
Біраз жыл сейілдеген әнші қырда.

«Туған жерім Жаңаарқа» деген екен,
Іліккенде «қызылдың» тұтқынына.
Мекенім «төртінші ауыл» деп айтыпты,
Шындыққа келмесе неге айтыпты.
Ақтау,Ортау әншіні демесіндеп,
Арманын асқататып молайтыпты.
«Бұғылы мен Тағылы бүркіт салған,
Ұйпалақтап баурында түлкіңді алғам,
Ақтау,Ортау, Сарысу, Көктіңкөлі,
Көрінші бір көзіме дүние- жалған...»
Депті ол төгілдіріп аңсау әнін,
Арқаның арман етіп тас бұлағын.
«Ырғайлы» өр тұлғаға қоныс болған,
Оқушым түсініп ал сөздің мәнін.
Ағаштың ырғайы да шырғайы еді,
Бой бермес қас дұшпанға бұлғақ еді,
Жаңаарқа, Ақтау,Ортау, Көктіңкөлі,
Ақынды ардақтайды туған елі.

Атағы қазақ жұртына кең танылған халық композиторы Иманжүсіптің өмір жолы қиын қатпарлы боп келеді. Бір басына неше қилы өнер түрлерін жинақтаған айтулы тұлға Арқа даласын заманында емін –еркін шарлаған еді. Сарыарқаның биік таулары мен шоқыларында ит жүгіртіп, құс салған оның мүтін ұмыры тартысқа толы болған. Серінің туған жері күні бүгінге дейін даулы. Ұмырының соңында оңтүстік өңірді сағалаған. Созақта болған шаруалар көтерілісіне қатысты деген жаламен 1931 жылы атылған. Тергеу барысындағы берген жауабында: «Алпыс алты жастамын, туған жерім-Ақмола округі, Жаңаарқа аудны, №4 ауыл» деп жазылған. Демек, Иманжүсіп Жаңаарқа ауданының тумасы боп табылады екен. Қосымша жауаптарға былай деп түсінік берген: «1927 жылы Ақмола округінде тұратын ағайындарыма көшкен едім. Жолда Қарқаралы округінің Шет ауданының №17 ауылында қыстадым.1929 жылы Ақмола округінің Жаңа-Арқа ауданының №4 ауылына көшіп, сонда тұрдым»... (Бұл дерек «Ортауым –алтын бесігім» кітабынан алынды.Авторлары Ібірахым Ісләмұлы, Жомарт Қызбалаұлы, 2013). Менің көне көздерден ұғуым бойынша, Иманжүсіп бос қалған қыстау Ырғайлыны (жиырма сегізінші жылғы кәмпескеде иелері түстікке ауып кеткен) 29-31 жылдары қыстаған. Кейінде оңтүсікке қоныс аударған. Сол жақта нақақ жаладан атылған.

АҚТАУ ДУАНЫ

«Кенесарының Ақтау дуанын талқандау үшін, қазіргі Жаңаарқа ауданы аймағында мекендеген ру-тайпалардан сарбаз жинағаны ел тарихында ұмытылмайтын оқиға. Кенесары басып алған Ақтау дуаны патша өкіметінің отаршылық саясатын ұлғайту мақсатында салынған болатын. Ақтау дуаны төрт бұрышты жобада салынған.Тереңдігі қалыптағыдай ор қазалып топырақ үйілген. Дуанның ортасындағы және шет жағындағы қазармалар (солдаттар тұратын) тастан қаланған. Казактардың, солдат-опицерлердің үйі саз балшықтан құйылған, кірпіштен, тастан қаланып балшықпен салынған. Казактардың аттарына арналған атқоралар мен қоймалар бар. Ақтау дуанын Кенесары 1840 жылдың мұғдарында басып алған, оңтүстікке аттанғанға дейін жаз Көктіңкөлін жайлап, қыс Ақтаудың бір сайын қыстаған («Жаңаарқа» дерекнама Асан Жұмаділдин 2004)

Айқасты небір жыршы еткен баян,
Мерт болған «дуан» үшін талай ноян.
Николай патша тіке жарлық етіп,
Дуанды салдырғаны тарихқа аян.
Кененің соңына еріп өңшең батыр,
Жау шебін еткен дейді ақыр-тақыр.
Қаралы ауыр жылдар белгісіндей,
Бекіністің бүгінде орны жатыр.
Белглі дейтіндей ме жайың маған,
Тым мұңлы томсарады сайын далам.
Азаттықтың ақ туы желбіреген,
Жөні түзу бір белгі қойылмаған.
Арқаның бұл атырап арман белі,
Сан боздақтың оққа ұшып қалған жері
Еркін елміз ежелгі- Түрік нәсіл
Делінген белгі орнасын –«Қазақ кегі»

Ақтау дуанын бала күнімнен көріп өстім. Дуаннан әрлі –берлі өткенде, топырақ төмпейіне шығып тұратын едік. Балалық аңсармен бірдеңе іздеген боп түртініп көп жүретінбіз. Бір жолы оқ гилзісін(патрон шығар) тауып алып әкеме көрсеткенімде: «Балам, ондайға әуес болма, үкімет жақтырмайды» -дегені бартын. Содан сөзден сөз шығарып менің балаң ұғымыма сәйкестендіріп Ақтау дуанына байланысты аңызды сабақтар еді. Біздің елдің(Тарақтының) екі батыры Ақсерке мен Құлжан алпыс жігітпен Ақтау дуанын алу шайқасына қатысып оққа ұшқан. Ақсерке біздің атаға (Меңлібайдың Құттыбайына) жатады. Құлжан Байғозы батырдың үлкен баласы Босмойыннан туған» дей келіп, әңгімесін шорт үзіп тастап, түртіншек қозыша мазасын алғанымды

жақамаған сыңайда етегін қағынып тұрып кетер еді.Кейінде есейе келе бұл дақпыртты өз ұғымымда кеңейтуге тырысқанымнан нәтиже шығара алмадым. Өзіміздің үлкендер (Тарақтының шалдары) «Қой шырағым! Біреулердің құлағына тиіп орысқа қарсы шыққандар деп өсектеп жүрер»деп бетімді қайтарып тастайтын-ды. Сол кезеңдердің өзінде (1960) қазақ атаулы үлкені бар, кішісі бар- бүгежек жасқаншақ еді-ау. Тәуелсіздіктің арқасында еңсеміз көтеріліп «шетімізден жау түсіргіш» болып алдық. Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» тезисі тарихымызға (өткен кезеңдерге) жол ашып берді. Қазақ халқының азаттығы жолында азуы алты қарыс Ресей империясымен он жыл бойында арпалысқан Кенесары хан бастаған күрескерлердің сүйегі шашылып, әр сайда қалды. Кенесарының асыл сүйегі (басы деуге ауыз бармайды) опасыз сатқындардың қанжығасында кетіп күні бүгінге дейін дерегі білінбей тұр. Наурызбайдың қайда, қай сайда қалғанынан да хабарсызбыз. Ендігі жерде, халқымыздың асыл сүйек намыскер арда боздарының рухына арнап, «Ақтау дуанында» кешенді ескерткіштер монументі қолға алынып, дала мұржайы ашылып, игілікті бастамаға жол ашылатынына шығар күндей сенімдімін десем артық айтқандық болмас. Азатшыл халық қаһармандарының рухы Ақтау дуанында бой көтергені жөн.

ЗӘЙІМКЕ

Зәйімке- қар суымен екпідеп таситын тау өзені. Не себепті Зәйімке деп аталғаны топономика саласында анықталмаған. Жаңаарқа ауданының аймағына жатады. Ақтау тауының шығысында терең ойқыл өзектен тулап аққан шағын өзеннің өзіндік тарихы бар. Екпіндеп барып Манақа өзеніне құяды.

Зәйімке Ақмаядан бастау алған,
Бұл тұста бүршік жарған талай арман,
Асау өзен ғашықтар мекені боп,
Сәкеннің «Бір келіншек» әні қалған.
Мөп –мөлдір Зәйімкенің суы тұнық,
Иірім суларына жетпес құрық.
Шығысында Ор-Аба мұнартады,
Алабас ойға батып тұрар сұлық.
Маңқиып Ақтау тұрар батысында,
Қойшоқы демесіндеп тұрар бұл да.
Қызылтаудың жотасы бұлтқа оранып,
Сырт беріп түксиеді Саңғыруға.
Жырыма таулар қанша ене алмаған,

Құйқылжып есімді алды егер заман.
Құт мекен артық кетсем кешір мені,
Таулар да бірін-бірі көре алмаған.
« Кәрі боз» ежелгі дос- жыр пырағым
Сырт көзге сыр алдыртпай құлшынамын,
Табиғат шеберсің-ау, кененсің-ау,
Бұзбаған үйлесімді ынтымағын.
Зәйімкеден әр тұсқа қарап тұрып,
Көңілге ұялайды ұры құдік.
Ғжап-ай, ынтымақшыл өзендер де,
«Табиғатта артық- ау бізден білік».
Күркіреп құлай ағып тасып өрден,
Жарлауыт кең арнаға батыл енген.
Толқыны көбік шашқан асау өзен,
Манақаға қосылып атын берген.

КӨКТАЛ

Көктал Манақа өзенінің бір тармағы. Жаңаарқа ауданының бөлігінде жатыр. Талдыманақа өзенінің шығысында. Көк және тал сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «бұл өзен бойында, немесе осы жерде жас, жасыл тал көп өсетінін» білдіреді.

Қалың тал бұл өзенді бойлай өскен,
Зәйімке ынтық болған сол себептен.
Көкталдың суы тұнық, шөбі шүйгін,
Жаз жайлап қалың ауыл мекен ектен.
Көктал ырза ержүрек ерлеріне,
Отаршылды ықтырып жеңгеніне.
Қазағын саялатқан, аялаған,
Сәбидің ұқсап бейне жөргегіне.
Нөсер бұлтын төндіріп аялы аспан,
Ақ жабырдан төгілтіп шашу шашқан.
«Көктал» дулы кең қолтық келісті өлке,
Сан жақсыны ығында саялатқан.
Сәкен ақын ақбозбен желіп өткен,
Балуан Шолақ аялдап соғып өткен.
Сайдалы Сары Тоқаға тыныс болып,
Саясында есілтіп күйін шерткен.
Иман Жүсіп Көкталды әнге бөлеп,

Дауысы аспанға өрлеп көкке жеткен.
Кешегі жетпіс жылғы өткен заман,
Кінә тағып өкпеңді айтпа маған.
«Көкталды» қойлы ауылдар жайлаушы еді,
Тып-типыл қалмапты ғой белгі содан.
Кедейді ел қылған-ды жетілдіріп,
Колхоз құрып, дүбірлі совхоз құрып
Кең даланы мал –жанға толтырып ет,
Еңбек зая -желге ұшты есіл үміт.
Күйрегенін ауылдың көрді көзім,
Артын бақтым заманның, еттім төзім.
«Орынында бар оңалар» деген сөз бар,
Білек түрін, қазағым! Келді кезің.
Жерді игер, мал өсір, кеніңді аршы,
Қыңырттама қырсығып- заман талқы.
«Жері байдың –елі бай» деген бабам,
Жақсылыққа бағады мұның арты.
Көкталға әлі-ақ қаптап ел қонады,
Төрт түлікке толтырып ен даланы.
« Бектер кетсе деген бар ел қалады».
Құтты қоныс қазаққа жер қалады.
Ата –баба көзіндей жерді игерсең,
Сырт елдермен терезең тең болады.

САРТБАСТЫҢ БИДАЙЫҒЫ

Сартбасұлы Түскен(1879-1938)-ақын, репрессия құрбаны. Руы Сайдалы, оның ішінде Барқының Ақтайлақ атасына жатады. Әкесі Сартбас 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісі кезінде Барқы руының жігіттеріне жүзбасы болған. Түскен- орысша, қазақша сауатты екен. Ақмоладан (1920) орыс мұғалімін жалдап әкеліп, ауыл балаларын оқытқан. «Кедей», «Ермек» (Еңілік пен Кебектің баласы туралы.) поэмалары,ел ішіне кеңінен тараған көптеген өлеңдер жазған. «Қарағанды пролетариаты» газетіне басылып тұрған. Сонымен қатар, кеңес билігіне қарсы өлеңері де болған. Ұсталып кетіп, ақталып келгеннен кейін қайта қудаланған. Петропавл қаласында (1938) қайта тұтқындалып, содан хабарсыз кеткен.

(«Жаңаарқа» энциклопедиясы,
«Темірқазық» баспасы, Алматы-2009)

Көкталдан Жаңаарқаға бетті бұрдым,
Әуселесін бағамдап шабан жырдың,
«Кәртайғанда кәрі боз жорға шығып»,
Тепең көкті тебініп қамшы ұрдым.
«Сартбастың бидайығын» басып өттім,
Жас толып кәрі көзге жасып өттім,
Сартбастың Түскені ерен ақын еді-ау,
Заманнан шеккі көріп қапы кетті.
«Биіктер асуы жоқ белең келді,
Жүйрікті арқан шалып көбең келді»
деп сабаз сұм заманға қарғыс айтып,
«Әлі-ақ сен де сасарсың» деген еді.
Қызығынан айырып сайранды елді,
«Ақ» қашып, «қызыл» қуып ойран келді,
Халық жауы атанып Түскен ақын,
Тұншығып тар қапаста қор боп өлді.
Болмашыға болдырып сыр береміз,
«Дүние ғапыл», күні ертең біз де өлеміз.
Қол басындай жинағын шығара алмай,
Бұл не гәп! Күмілжиміз, күрмелеміз?
Басталды баяғыдай жалған ұран,
«Жаса-жаса партия!» Салған ұран.
Жалған жалпыш жағымпаз қаптап кетті,
Көз жаздырып ізгі арман ардағымнан.

Түскен шығармашылықта Шәкәрім дәстүрін ұстанған ойшыл ақын. Замана зобалаңына арналған өлеңдері уытты келеді. Өлеңдері ел аузында сақталып келген. Мың адамнан иығы асып тұратын нар тұлғалы жігіт сұлтаны дейтіндей ер кейіпті адам болған. Совет өкіметі орнаған алғашқы жылдарда халыққа қызмет көрсетіп сауат ашу науқанына үлес қосқан. Тоған байласып, елді отырықшылдыққа үндеген. Туған қызы Қалипаның (Өспенде тұрды. Әкесі туралы естелікті өз аузынан естідім) айтуынша әкесі ғұмырының соңғы кезінде қашқылықты –қуғылықты болып елден (Жаңаарқадан) жырақ кеткен. Қызылжарда тұрып жатқан баласының (Зияда болар) қолына барып паналайды. Бір қоржын өлеңін өзімен бірге ала кетеді. Соңына түскен жансыздар ақынды баласының үйінде тұтқындайды. Қоржын басы өлеңдерін (қолжазбасын) ақынмен қоса әкетеді. Түскен содан хабарсыз кеткен. Ақын өлеңдерінің толық сақталмауы осындай себептен болса керек. Ел аузындағы біраз өлеңдері менде бар. Біразын облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде жариялаттым. Жігіттерге хат жазып та көрдім. Өлеңдерін архивтен іздестірейік деп өтініш жасадым. Бұл талпынысымнан еш нәтиже шықпады. Әлі де болса үміт бар,

талапкер жастарға сенім артамыз. « Жасасын сәбет, жасасын, аспаннан шұға жауса да, жия алмас кедей қасасын. Сен де бір күні сасарсың, басың жете бұтыңа, сәкпайыңды асарсың» деп кіжінумен өткен ғой азаттшыл ақын.

ОТЫНШЫНЫҢ ҚАРА МОЛАСЫ

Бұл оқиға ерте кезеңдерде (Николай заманында) болған. Елді алып, елмен қоса жерді де өзіне басы бүтін меншіктеген патша өкіметі қазақ даласына аш қасқырдай сұғынып, ата –бабадан мұра боп қалған шұрайлы қоныстарды халықтан тіке күштеп тартып алды. Төрт түліктің сүмесімен күндерін көріп жан асыраған қара халық қойша ығып, құнарсыз қуаң жерлерге ығысты. Халық дағдарды. Жер дауы өршіді. Ұлықтың құдайы жарылқады. Дәулетті байлардан пара алып дәнікті. Жоқ –жітіктер бай- бағландардан зардап шекті. Ұлықтың аузын алған ел жуандары қорғансыздардың қотанына сұғынды. Соның салдарынан қарапайым халық өкілдері зардап шекті. Содан да бейкүнә қорғансыз жан Отыншы әділетсіздіктің құрбаны болып, нақақтан ажал тапты. Бұл аянышты оқиға кейінгі буын біздерге «Отыншының қара моласы» арқылы жетті. Аңыздың қоспасы жоқ, шындығы осы.

Осы аңыз түйткілденіп ойда жүрді,
Шешімін таба алмадым ең маңызды.
Пойызда жолаушылап бара жатып,
Біреуге ұшырастым арманы ізгі.
Шеткергі облыстың тумасы екен,
Шамалас менімен ол құрдас екен.
Ескіріп естен шыққан бір аңызды,
Жалтармасыз дәлдікпен айтты төтен.
«Біз мына Шұбартаудың керейіміз,
Тобықтының ішінде кенейміз.
Ақ патша «Некалайдың» заманында,
Шығындап сыртқа кеткен өреніміз.
Көне көздер солай деп айтар еді,
Бастарын айтқан сайын шайқар еді.
Есімі Отыншы екен есіл ердің,
Жігіттің дейтін еді жайсаңы еді.
Бір кісілік күші бар қолы қатты,
Байдың малын қоғамдап, жылқы бақты.
Сойылы жағаласта қата тиіп,
Барымтада кісі өліп, құнға қапты.
Елінен сол себепті кеткен дейді,
Қуандықтың ішіне жеткен дейді.

Бір байға жылқышы боп жүргенінде,
Қаплыс дүниеден өткен дейді.
Мән бермей жүре бердім бұл аңызға,
Тағы бір жетті сыбыс құлағыма.
«Қара мола» пақырдың жатқан жері
Жете алмай арманда өткен сыңарына».
Осылай деп кәрілер отыратын,
Бір-бірін сөзбен демеп жосылатын.
Бай қызына ғашық боп есіл сабаз,
Қидырды қапылыста қыршын жасын.
«Жоқ!» дейді мінезділеу қарттың бірі,
Қимылы Отыншының одан да ірі.
Қисаның тоқалы оған ғашық болып,
Мезілсіз қапылыста батты күні.
Қиса бай заманында болыс болған,
Оязға беделді боп орысты алған.
Көршілес тоқаларға үстемдік қып,
Амалын еппен тауып қонысты алған.
Келісті Отыншының тұлғасы бар,
Жігіт дүрі болған ғой сынға тұрар.
Түн түнегін әнімен түрген кезде,
Үлкен –кіші жүгіріп үйден шығар.
Өзі де зар жақ боптыүні биік,
Жігітті шыдатар ма ішкі күйік.
Тербетіп биік дауыс жайлау түнін,
Отыншы тыншу елге-«салды бүлік».
Қыздардың қытық болып ішіне енді,
Сұлудан маза кетіп түсіне енді.
Қисаныңжас тоқалы алабұртып,
Жиілетті шарай көз «ухілеуді».
Қиса бай заманында шалқып еді,
Беделі өзгелерден артық еді.
Қолға ұстаған жалшысы зор боп шығып,
Отыншыға асқынды оның кегі.
Сол тұста өршіген-ді жердің дауы,
Қоныстас жапсарлас ел- болды жауы.
Бидайықты өлкеге талас болып,
Тоқаларға тапталды бие бауы.
Қиса сонда шығарды бір сұмдықты,
Аузын алды ұлықтың- құлқын мықты,
Бір ілікті баста деп дем берген ғой,

Мың көгалаң жетпей ме сырты түкті.
Содан да Қиса мырза ашық кеткен,
Қиянатты қоздырып тереңдеткен.
Отыншыны шалыпты құрбандыққа,
Бүйткені елге мәлім не себептен.
Кісімді өлтірді деп пәле жапқан,
Жер иесі қонысты тастай қашқан.
Қиса мырза меншіктеп бидайықты,
«Екі жеп, биге шығып» амалы асқан.
Отыншы сезбей түкті қапы қалған,
Қарақшылар қаптап кеп басып қалған.
Қыл мойынға дұзақ сап сүйртерде,
Менде бар депті сонда бір-ақ арман.
«Қисаның ақ тоқалы маған ғашық,
Аз-ақ күн зауықтастық мауық басып.
Қапылыс аңқаулықпен қолға түстім,
Арқардың қоңқары едім- алтын асық.
Кербез десе кербезтін қайран ару,
Құшағын ғашығына жайған ару.
Менен сәлем айтыңдар үш қайтара,
Қиын соғар енді оған байға жағу.
Саяқ жігіт - қор болып жауда қалар,
Саяқ жылқы- шашылып сайда қалар.
Басыма белгі соғып, тас үйіңдер,
Бір аңыз мен өлгенсін пайда болар.
Сабаздың сол айтқаны тура келген,
Қалың ел түршігіпті сұмдық көрген.
Жабылып Отыншыға бейіт соққан,
«Қара мола» - көрінер күндік жерден.

САҒАЛ БЕЙІТІ

Сағал-Сапақ ағайынды екі мырза заманында мыңды айдаған бай болған. Асылы Тарақты, оның Қыдыр атасына жатады. Қыдырдан Наймантай, Меңлібай, Көпсары тарайды. Наймантайдан Байғозы батыр, Меңлібайдан Тұяқ шешен шыққан. Көпсарының бір атасынан Сағал мен Сапақ туған. Екі мырза дәулеттілігімен қоса, еркектің сұлуы болған екен. Бір жылдары екі болыс тарақтылардың дені орыс пен қазақ арасындағы дүрбелең салдарынан оңтүстікке ығысып, екі-үш жыл Шу бойын сағалайды. Мал – жанын маса буып, қойларын кене тесіп шығынға ұшыраған ауылдар Арқаға

кеп құлағанда, ағайынды екі мырза Қойтас-Сораң бойында ырғып –жырғап отырса керек. Әкелеріміз айтар еді. Сағал мен Сапақ тізе қосып жүдеубас ағайындарды(тарақтыларды) бір жаз,бір күз, бір қыс асырапты. Аты жоғына ат беріп, асы жоғына ас беріп, кесек-кесек ақ киізді тегін үлестіріп қараша үйлерін жаңалатып беріпті. Бұл екі ағайынды Сағал мен Сапақтың мырзалығы Арқадан асқан дей келіп, Тарақтының үлкендері көздеріне жас алар еді. Сағал мен Сапақ мырзаның арты жақсы. Ұрпақтары тамыр жайған.

Даланы қараңғылық тұмшалаған,
Не білер ойы тайыз жыртақ адам.
Кедейге теңдік тиген кер заманда,
Қиянат атойлаған бұл шамадан.
Бұл шама- қазақтың кең даласы еді.
Орыс-қазақ сол жерге талас еді.
Әділетшіл заманның қылғаны осы,
Түрмеге толып кетті қазақ жері.
Билікші жетік болды есебіне,
Сан жетпес қиянатшыл кеселіне.
Сағымды сары самалды қайран мекен,
Айналды сотталғандар мекеніне.
«КарЛаг» деп аталғанды қысқаша аты,
Долинка- орталығы штап басы.
Отанын сатқандарға мал бақтырды,
«Сүтірлек» бақылайтын астында аты.
Бұздырып бейіттерді қора салды,
Күмбездерін үй қылып кіріп алды.
Ұстахана атанды-Сағал тамы,
Шошқаға ойнақ болды құлан қағы.
Өткен-ді әділетсіз сондай заман,
Әруақты да қорлаған- қандай надан.
Кім бай болса соларды атып асып,
Бейіттерін типылдап ойрандаған.
Екі мырза атанған Сағал-Сапақ,
Армансыз ғұмыр кешкен ұзақ жасап.
Мыңды айдаған бай боптыекеуі де,
Мырзалықпен Арқада алған атақ.
Қарасып жоқ-жітікке болысыпты,
Бақ қонып, қыдыр дарып толысыпты.
Қос мырза сұлу екен жаннан асқан,
Тату боп бұйыртқанын тең ішіпті.
Ұйтқы боп екі болыс Тарақтыға,

Дұшпанға беріспеген көзі сұқты.
Арттағы қара ормандай ұрпақтары,
Бейітін көтеруге келісіпті.
«Орнында бар оңалар» деген осы,
Қабыл көрдім мақұлдап бұл бір істі.
Қазақ таза мұсылман құдайы жақ,
Кіршіксіз көңілдері жүрегі ақ.
Алладан соң аруаққа сиынады,
Нанымы, сенімдері өзіне шақ.
Рухы бабалардың қолдар бізді,
Өткінші, айнымалы –алдамшы бақ.

ТАЙЖАН БАСЫ

Бұл мазар аталады-Тайжан басы,
Тайжанның батырлықпен шыққан аты.
Кезінде «кержақтарға» қарсы шыққан,
Пір тұтқан Тарақтының кәрі-жасы.
Нысаналап мұжықтар Арқа белін,
Алмаққа ыңғай берген жайлау төрін.
Қазақ қалай күн көрер жайлауды алса,
Қарт батыр нысаналап жаудың шебін
Орыстың ат қойыпты селеніне.
Қақ сойылды төндіріп «Егеріне».
Бірін қоймай жайлаудан қуалапты,
Жеткізбей мұжықтарды дегеніне.
Қатарынан шығыпты дараланып,
Халықтан батыр деген бағаны алып.
Ат үстінен түспепті заманында,
Кең жайлауды қалыпты аман алып.
Батырдың сексенде екен сонда жасы.
Қолда найза, астында ақбоз аты.
Аюша ақырғанда жау дүрлігіп,
Дұшпаның қан сиіпті астында аты.
Батырдың соңғы ерлігі осы бопты,
Ақбозы- жан серігі досы бопты.
Жылқышы Ережепті түлен түртіп,
Дәнігіп ақбоз атпен қасқыр соқты.
Қасқыр қуып жүргенде есі қалмай,

Жүйрікті қапылыста тасқа соқты.
Қарт батыр естіп қалып болған жайды,
Қоскa кеп Ережепті «ойрандайды».
Ақбоздың күйігіне шыдай алмай,
Найзаны жылқышыға оңтайлайды.
Ережеп қара қоскa тығылады,
Жан дәрмен бас амандап бұғынады.
Батырдың ашу буған беті жаман,
Найза кеп қара қоскa сұғынады.
Олай шауып бір өтті былай шауып.
Ережеп жанұшырды етіп қауып.
Құлағына емескі бір сөз жетті,
Қалғанда қорқыныштан есі ауып.
«Шықпа Ережеп ашумен іліп кетем,
Найзаны өңменіңе сұғып кетем.
«Ашу- кәпір арынды бетті қатты,
Кінәлісің пақырым бұл істе сен»
Деп батыр қара қоскa сұғып найза,
Дағдарып сәтсізікке таппай айла.
Ережепті алдына келтіріпті,
Бар ма өзі бір көрейін ақбоз қайда.
Ақбозы көзге сынық жасып қалған,
Бір аяғы шорт сынып бөлек қалған.
Ақбозбен батыр сонда көрісіпті,
Опасыз осы депті дүние жалған.
Атанған заманында Тайжан батыр,
Билік айтып ұрпаққа айтқан нақыл.
Қалың елі қастерлеп күмбез соғып.
Сарыарқаның жонында мәңгі жатыр.

Тарақты Тайжан батыр ұзақ жасаған. Тоқсаннан асып барып дүние салған.

Көшкенде батырды балалары арнайы жасатқан кебежеге отырғызып алады екен. Батыр өзіне дем беріп: «Айт шұу, сары атан!» деп қоятын ед»і дейді. Сол батырға арналған кебежені балалары ырымдап бертінге дейін сақтап келіпті. Ауыл Сарысу бойына құлап, арқа –басы жазылған ағайын-туыс Тайжанның қара шаңырағына тәу етіп,батыр отырған кебежеге балаларын аунатып алады екен. Сол кебеже «ақ қашып, қызыл қуған алағай –бұлағайда жұртта қалыпты. Малдан айрылып талқажаусыз қалған ауылдар (рулы ел) оңтүсікке ауа көшіп шұбырындыға ұшыраған ғой. Қара қоныстарын қимай тау арасында қалғандар аштыққа ұрынған. Тайжан батыр Тарақтының Меңлібай атасына

жатады,оның ішінде Өтегеннен тарайды. Батырдың ұрпақтары қиыншылық (1928-32) жылдары оңтүсікке ауып кеткен. Бізге жеткен там-тұм дерекке қарғанда, Тайжанға қараған ағайын-туыстардың бірәзі шекара асып, Қытайға өтіпті. Жамбыл облысының аймағында, Тараз қаласында тұрып жатқан ағайындардың(тарақтылардың) ішінде «Біз Тайжан батырың ұрпағымыз» дейтіндер әзірше шықпай тұр. Соған қарағанда батырдың үрім-бұтағы қалмаған-ау деп амалсыз тоқырайсың.


(Осы жолдардың авторы тарақтының Меңілбай атасына жатады).

НАРБАҚЫ

Нарбақы- жер атауы. Таудың, немесе өзеннің (жыланшық шағын өзен) атауы ма, толық мәлім емес. Жергілікті өлкетанушылар әртүрлі жазады. Біресе Нарбақ, біресе Нарбақы деп келтіреді. Белгілі өлкетанушы жазушы Асан Жұмаділдин: «Нарбақты батырдың руы Тарақты. Туған, өлген жылдары белгісіз. Қай жаугершілік заманда шыққан батыр екені жөнінде дерек мардымсыз. Нарбақты деген жер аты осы кісі жерленген мекенге берілген» деп қысқаша мәлімет береді («Жаңаарқа» дерекнама (2004) кітабында). Өлке тарихын архив деректеріне сүйене отырып дәйектейтін тарихшы Ібірахым (Жақан) Ісламов та жоғарыдағы деректі бекітеді. Халық не дейді? Мәселе осында. Менің бұл дерекке әуестенуімде түбірлі себеп бар. Нарбақыда Тарақты Тұяқ шешеннің бейіті тұр. Белгілі фольклоршы ғалым Балтабай Адамбаев: «Нарбақы батыр делінеді. Бірақ Тарақтыға жатпайды. Кіші жүздің батыры деген дерек бар деген еді. Анық есімі Нарбатыр болған. Келе-келе ықшамдалып Нарбақы, немесе Нарбақ боп кеткен»дей келіп, мен өлеңге түсірген мына деректі айтқан еді. Ғалымның бұл дерегін жергілікті тұрғындар да (Тоқа, Кенжекара руларының шежіре қарттары) растайды. «Өзіміздің батыр» дейтіндер қилы-қилы аңызды өрбітеді. «Қуандықтың батыры Алтайдан шыққан» деп Нарбақы батырға байланысты неше қилы аңызды өрбіткенін зердеге тоқыған көненің көзі болғандықтан да аңызды өлең жолына түсіргенді жөн көрдім. Артық-ауыс тұстарына түсіністікпен қараған жөн.

«Нарбақы» осы көлем делінеді,
Ардақтаған құт қоныс төрін елі.
Нарбақ та тау тұлғалы батыр болған,
Көне көздер дейтұғын ерім еді.
Желмаяны желдіртіп жауға шапқан,
Қоржынға тас толтырып амал тапқан.

Дәл тиіп лақтырған тас жау шебіне,
Бықпырт боп қалады екен құлап аттан.
Ақ нардың жан шыдамай екпініне,
Бақының душар болып тепкініне.
Шарасыз қалың қалмақ қойша ығып,
Жия алмай абдыраған есті мүлде.
Ағалы –інілі екен екі батыр,
Жай оғы боп шүйілген жауға жасыл.
Түйенің қос өркеші секілденіп,
Белгі боп Нарбақыда мәңгі жатыр.
Түре қуып қалмақты қыр асырған,
Ұрыста жан тапсырған бір асыл жан.
Кішісі сол қырғында шейіт болып,
Тұрағын тапқан дейді Нарбақыдан.
Жігіт мігіт емес пе сыналмаған,
Ері есінде елінің ұрандаған.
Үлкен Бақы бұл тұсқа қайта оралған,
Аруағын інісінің қия алмаған.
Өмірден өткен дейді ұзақ жасап,
«Нар батыр» деген жұрттан алған атақ.
Бұл атау келе-келе «Нарбақы» боп,
Қалдырған халық жады тасқа қашап.
Біреулер Нарбатырды төре дейді,
Қожа екен арғы түбі көне дейді.
Кейбіреу Тарақтыға жатқызады,
Алтай-Қарпық атадан және дейді.
Халықтың мін тақпаймыз долбарына,
Өзек боп үзілмеген арда жырға.
Қазақтың қос батыры мәңгі тыншып,
Рух боп жатқаны анық Нарбақыда.
Делінер үлкен бақы, кіші бақы,
Қос батырдың тама екен арғы заты.
Дегенді бұрынғылар және айтатын,
Болған соң туған елдің асыл заты.
Қалай да кім –кімге де қашық емес,
Нарбақы-жер киесі, асыл белес.
Есімін қос батырдың ұмытпайық,
Әншейін айта салған әңгіме емес.



ТҰЯҚ ШЕШЕН

Нарбақ бұл- құтты қоныс киелі жер,
Ата жұртқа кең жайлау болған ғой төр.
Нұр шалқиды белеңде сағым ойнап,
Дегендей қол бұлғайды кел мені көр.
Еліне елеулі боп айтқан ақыл,
Әр сөзі мағыналы болған нақыл.
Тарақты Тұяқ шешен күміс көмей,
Тынымдап Нарбақыда мәңгі жатыр.
Келісті адам екен сұлу өңді,
Түйдектете төгілтер нақыл сөзді.
Содан да Тұяқ шешен атанған ғой,
Кезінде еркін сүзген қыр мен белді,
Жастықта бұлғақтаған ақын болып,
Сұлуға жүрген екен жақын болып.
Көңілін Айбала қыз тартқан екен,
Махаббаты қалыпты гүлей солып.
Содан да ақындықтан алыстаған,
Шешендік аты шығып қарыштаған.
Тұлға боп екі болыс Тарақтыға,
Тең түсіп жақсылардан қалыспаған.
Ыбырай-қияпатты аға сұлтан,
Ақмола үйезіне болған ұлтан.
Ол өзі Тарақтыға жиен екен,
Содан да айтады екен сөзді бұлтаң.
Жиен еркін келеді-қазақ ғұрпы,
Түрт шайтанға бастайды ішкі құлқы.
Тұяққа қолын бермей таяқ нұсқап,
Сол себептен бұзылған сәлем шырқы.
Таяқты Тұяқ сонда қаққан дейді.
Жеңерақы бір сөзді тапқан дейді.
Аға сұлтан атына сай келмейтін,
Жүрген бір жан екенсің бостан дейді.
«Жапанда жау жолықпас жарақтыға,
Мұндай кеуде жараспас Тарақтыға.
Аз ғана ауыл Тарақты жайың мәлім,
Көк атты ілесе алмас көп аттыға».
Дегенде былай депті Тұяқ тұрып,
Шалшықтан су дәметпес-бұлақ тұнық.

Тарақтының асылы қыздарында,
Жақсы жиен сөйлейді жөнін біліп.
Сен де жиен шығарсың-ұлығымыз,
Төбемде ойнар боп жүрме сырығымыз.
Жігіттің асылдығы нағашыдан,
Өзіңмен молықпай ма тұнығымыз,-дей келіп:
-Қаздауысты Қазыбек, о да менің жиенім,
Қаракерей Қабанбай, о да менің жиенім.
Қанжығалы Бөгенбай, о да менің жиенім.
Шақшақұлы Жәнібек, о да менің жиенім.
Дулат, Байұзақ, Мәмбет, о да менің жиенім.
Ботпай, Шымыр, Сыпатай, о да менің жиенім,
Қуандық, Байбек, Құлбек, о да менің жиенім,
Ошақтыда Сапабек, о да менің жиенім.
Кәрсондегі ер Көпбай, о да менің жиенім.
Тобықтыда Құнанбай, о да менің жиенім.
Шұбыртпалы Ағыбай, о да менің жиенім,
Аға сұлан Ыбырай, о да менің жиенім,-

Деп барып-барып тоқтаған екен Тұяқ шешен.

Әлқисса, дуанбасы Ыбырай Тарақтыға жиен екен. Ел аралай шыққан аға сұлтан екі болыс тарақтыларға (Ақмола үйезіне қарайтын) кеп ат шалдырған ғой. Ілік іздеп тиісуге сылтау таппаған қияпатты жиен нағашысы Тұяққа сәлем орнына таяғын ұсынған. Содан сөз шыққан. Жоғарыда келтірілген Тұяқ шешеннің жауабы шаппа-шап сөз қағысында қолма-қол бір деммен айтылған екен. Кейін нағашылы-жиенді дуанбасы Ыбырай мен Тұяқ шешен бір-бірімен сыйлас боптьі. Аға сұлтан нағашыларының (тарақтылардың) өрісін кеңейтуге септесіп жер бөліп берген. Тарақтылардың жазғы жайлауын да кеңейткен. Сарысудың Қаражартасынан басталған жазғы жайлау Нарбақыға дейін созылған. Тұяқ шешеннің Нарбақыда жай табуы осы себептен.

САЗГЕР ҚОНЫСЫ



Әлімханов Жағыпар Төлеуханұлы-1948 Өспен мекеніне таяу Айса ауылында туған. Мамандығы экономист бола тұра өнер жолын қуған. Шебер домырашылығы өз алдына, сазгерлігімен ерте танылған ол алпысқа тарта ән мен күйдің авторы. «Аққу арман» деген (1990) атпен әндер жинағы басылып шыққан. Жағыпардың әндерінің басым



бөлігі Кәкімбек Салықовтың өлеңдеріне жазылған. Сазгердің ел сүйіп тыңдайтын әндерін көбінесе белгілі гитарашы әнші Қорабай Есенов нәшіне келтіріп орынайды. Кейінгі кездері Жағыпар әндерін үздік әнші Сейіл Аяғанов орындап жүр.

Нарбақ та не жақсыға қоныс болған,
Төрт түлікке шүйгінді өріс болған.
Ата жау қалмақтар да көз алартып,
Баса көктеп бір кезде қоныстанған.
Қызығып күміс кәусар тұнығына,
Сырық жалғап қоқаңдап құрығына,
Нарбақты да қағаздап алғысы кеп,
Орыстың қызыққан ғой мұжығы да.
Сүреңсіз не бір сойқан заман өтті.
Жылқыша құрықтаған бай мен бекті.
Жетпіс жыл ортақтасып опа таппай,

Советтер Одағы да жоқ боп кетті.
Тәуелсіз заман орнап, теңдік келді,
Сан ғасыр арман еткен елдік келді.
Іргені алыстатып көршілерден,
Сиынып бабаларға будық белді.
Ер салып текті түлік торысына,
Заманның қарсы жүзіп ағысына.
Кешегі «сығымдағы қара шаруа»
Орнады бабалардың қонысына.
Соның бірі – Жағыпар Әлімханов,
Дегендей мені жұртым тағы сына.
Кәсіпкерлік жолына мықтап түсті,
Шалқып отыр Нарбақтың қонысында.
Сазгерлікті кәсіпке ұштасырды,
Қалың қазақ қол соқты бұнысына.
«Аққу әнін» кешкұрым сызылдырып,
Даланың самалынан сырын ұғып.
Кәкімбек Салықова күй арнады,
Сағынышын шанақта үзілдіріп.
Қазақтың арысы еді, мәндайы еді,

Бүгінгілер жатқан жоқ мұны біліп.
Жағыпар Әлімханов- дарабозым,
Алпыс әнің, аққуың айдын көлің.
Бағың өрлеп алты қос жылқы бітсін,
Тілектес исі қазақ қалың елің.

ЕРКІНДІК АУЫЛЫ

Бұл ауыл- Өспен ауылдық округінің құрамындағы елді мекен. Іргетасы XX ғасырдың 30-жылдары қаланған. Отыз үшінші жылы «Еркіндік» колхозы болып құрылған. Кейінде совхоздар пайда болған кезде «Өспен» совхозының бөлімшесі боп қалады. Ауыл жанында 17-разъезд бар. Жарық стансиясына жақын орналасқан. Еркіндік ауылы өзіндік дәстүрі бар жанға жайлы, малға қолайлы мекен болып саналады. Мұнда бірнеше буын ұрпақ өкілі ұзақ жылдан бері табан аудармай бақуатты тіршілік етіп жатыр. Ауыл тұрғындары негізінен мал шаруашылығымен айналысады. Бірнеше шаруа қожалығы бар. Өңірде қазақы тұрмысқа тән атбегілік,аңшылық, саятшылық тәрізді ата дәстүрлер жақсы дамыған. Ауыл аумағында сәулетті мешіт, орта мектеп, басқа да бірқатар әлеуметтік тұрмыстық нысандар ел игілігіне қызмет етеді.

(Нілді-Өспен-энциклопедиясы», «Арко»- 2017)

Жер аты аталады- Қаражартас,
Піл сауырлы жоталы бұп –бұжыр тас,
Ауылға «Еркіндік» деп ат берілген,
Еркінбіз деп жас өркен қылады бәс.
«Еркіндік» болған екен колхоз аты,
Одан соң совхоз орнап өсті бәсі.
Егін салып, тұрғындар мал өсірді,
Еңбекпен озаттардың шықты аты.
«Одақ» тарап, тіршілік мұңға айналған,
Тәуелсіз заман орнап жырға айналған.
Ортақшылдың дәулеті олқы түсіп,
Жекелікке тамам жұрт ыңғайланған.
Бел алды қай -қайда да дара тірлік,
Жеке меншік- береке, жарасымдық.
Еркіндіктің тынысы енді ашылды,
Дем берді- еркін заман тәуелсіздік.
Бұл ауыл дінге бірден бетті бұрды,

Ұлдарын бұл өңірдің бетті қылды.
«Тұрсынның мешітіне» ел қызығар,
Артына тастап кеткен текті ұлды.
Бар еді Еркіндікте дана шалдар,
Имандылық ұйтқысы дара шалдар
Жүз жасаған абызы Ахыметбек,
Қолдайды еске алуға жарасаңдар.
Бұл өңір жасыл аймақ, көк төбелі,
Жаратқан рахман нұрын төккен еді.
Имашұлы Темір- ол кәнігі ұстаз,
Отыз жыл директор боп өткен еді.
Сан дарынның осында бағы жанған,
Дем берген талантына ағын арман.
Асанов Қасымхан да талант еді-ау,
Артында « Қаражартас» әні қалған.

***

«Жаңаарқа, туған жерім Қаражартас,
Ардақты асыл едің, анам жартас.
Есейіп ер жеткен соң келсем аңсап,
Өзгерген бұрынғыдан жаңа жартас»,
деп ол да туған жерге ән арнаған,
Бойында Сарыарқаның самалдаған.
Шомылып Сарысудың тұнығына,
Құлындай құрағына сан аунаған.

***

Өкпелеп кінә тақпа маған, достым,
Аталмай аты қалды талай достың.
«Еш тен де кеш жақсы» деп қартайғанда.
Еркіндікті азырақ жырға қостым.

НІЛДІ-ӨСПЕН

Өспен- ауылдық округінің орталығы. Іргесі 1845 жылы орыс көпесі Н.Ушаков ашқан мыс кен орнының негізінде қаланған. 1936 жылы Нілді кеніші деп өзгертіліп алынды. 1905 жылы осында ұйымдасқан жұмысшылар ер еуілі өткен. Өспен мыс кенінің орнын, (шахта, карьер) Сарысу кен байыту фабрикасын XIX ғасырда ағылшындар салған. Өспенде Сейфуллин (1906-09) оқыды.

Жерінің жалпы ауданы 315мың гектар. Округтің елді мекендерінде (Өспен,

Еркіндік, Айғыржал, Айса стансасы) үш мектеп, мұражай, мәдениет үйі, екі кітапхана бар. Теміржол бөлімшелері жұмыс істейді. Кеңшардың негізінде (2006) 66 шаруа қожалығы құрылған. Округтегі орта мектеп 1993 жылдан бастап Сәкен мектебі деп аталады. Басқа елді мекендермен автомобиль жолдары арқылы байланысады. Ауыл орталығында Нілді сатансасы бар. Теміржолдан поездар ағылып жатады.

(«Шет ауданының топонимикасы»,
Жакин М. С., Қарағанды, 2013)

Қасиетті жерұйық Нілді –Өспен,
Шерленіп кариядай мұңды кешкен.
Небір сойқан заманға куә болған,
Ақындар сол себептен жырды үдеткен.
Көне кітап сияқты жер бедері,
Жер бедері далаға өң береді.
Аспан түсті көгілір тастары да,
Ніл бояулы жап-жасыл көлгемелі.
Табиғат қасарыпты сырын бүгіп,
Түк қайран жасамады ұлың біліп,
Дегендей өз –өзінен томсарыпты,
Ніл тастың алмадың деп сырын ұғып.
Жақсылықтың лебі есіп жасаң қырдан,
Саңлақ сана жүректі оталдырған.
Нілді атын құт мекенге тауып қойып,
Қосарлап «Әулиетас» атандырған.
«Нілді» деген жарасты аты қандай,
Көгілір көк бояқты тасы қандай!
Бас гиолог қазақтың өзі емес пе,
«Әулиетас» қол бұлғап шақырғандай.
Шындыққа айналып сағым арман,
Даңқы асып мысты өңірдің бағы жанған.
Қасиетті бұл мекен жерұйық қой,
Сәкеннің табанының табы қалған.
Бұл өңір көк майсалы жердің нуы,
Жүректерді оятқан теңдік жыры.
Ағайын, артық кетсем кешіргейсің,
Сәкенді ақын еткен мыстың буы.
Бүгінде ел де жаңа, жер де жаңа,
Жазылды қотырланып ескі жара.
Тәуелсіз көк байрақты еркін елміз,
Аллаға шүкірлік деп еттік тоба.

Терeңдеп өткеніңе бара алмадым,
Тарихты еркін аршып қаза алмадым.
Сәкен ақын рухы демесіндеп,
Әрдайым таң боп атсын ақ арманың.
Езуін алдырған бір кәрі бозбын,
«Жүйрігіңнен» келмеді менің озғым.
Ауылдас Өспен жұрты аман боп тұр,
Менің де тынымдайтын келді кезім.

Өспен ауылы(2017) өзінің 170 жылдығын атап өтті Осы атаулы күнге арналған «Нілді- Өспен» энциклопедия кітабы шықты. Дерекнама өте сауатты жазылған. Ел мен жердің шежіресі кітапта тайға таңба басқандай айқын түсірілген. Қасиетті Өспен өлкесінен, туған ауылынан қанаттанып ұшқан дарынды тұлғалар қаншама. Айтып та, жазып та тауыса алмайсың. Әр саналы азамат өзі туып өскен аулының жоқшысы бола білсін. Қазақ елі басынан небір қиын-қыстау күндерді өткерген нардай көтерімді шыдамды халық. Замана зобалаңы қара халықты талай -талай езіп жаншыды. Рухы биік азаттшыл қазақ елі небір қиындықты қайыспай көтеріп, алғы күндерге үмітін оздырды. Өспен өңірі Қазақсанның бір пұшпағы саналады. Ел мен жерге деген перзенттік махаббатын туған ауылына арнаған Нілдіден шыққан азаматтарға Жаратушы Иенің көзі түзу болғай-ақ. Өздері туып өскен ауылын қайда жүрсе де ұмытпай құтты топыраққа тәу еткендері келер ұрпаққа үлгі болатындай өміршең бастама. Өспенін ұмытпай туған аулына шапағат көрсетіп жүрген азаматтардың мерейі әрдайым үстем бола бергей-ақ! Осы (2019) жылда Сәкен Сейфуллиннің туғанына 125 жыл толады. Сол елеулі мерекеге Өспен ауылы тыңғылықты даярлыққа кірісті.Бұл ауыл өзінің шежірелі өңірін хатқа түсіруден алдына жан салмайды. Туған ауылын ардақ тұтатын тұғырлы азаматтары бар ауылға қисынсыз сұғынғанды орынсыз көрдім. Әйтсе де «Өспенім деп,Сәкен ақын деп»жар құлағы жастыққа тимей жүретін Сәбит бауырыма, шәкіртім есепті талантты ақын Жәнібек Әлимантегіне ықыласым өзгеше.

Өспеннің өткен емес онсыз кеші,
Қара тоқа атаның басиесі.
Қарашолақов Сәбит дос нағыз қазақ,
Төбесіне көтерер Арқа төсі.
Нілдінің толып жатыр тумалары,
Дей көрме шарай көзге бұрмалады.
Жүйріктен мәстек озып жарытпайды,
Тұлпардың шабысынан із қалады.
Өлеңде жасап жүрген батыл қадам,
Жәнібек бар ақыннан жақын маған.
Сәкеннің ізбасары атанды ол,
Тағдыры емес шабытын берсін оған.

АЙҒЫРЖАЛ

Айғыржал - Өспен ауылының округінде орналасқан ауыл. Өспенге қарай бір кішірек шоқы созылып жатады. Сол шоқы «Айғыржал» аталады. Табиғаты көз суырған осынау шұрайлы мекен ерте заманнан бері Қояншы- Таңай руының мекені болған. Сол уақытта осы өңір Қояншы –Таңай руына кіретін елдің күздік жайылымы екен.. Олардың жаз жайлауы Сарысу, Нұра өзендерінің бойы болатын. Қыс айларында сол рудың әр әулеті Тағылы тауының сай –саласына, аңғар –шатқалдарына қыстау салып мекендеген. 1928-48 жылдар аралығында Айғыржал колхозы болып тұрған. 1948 жылы үкіметтің қаулысымен бірнеше ұсақ колхоздар бірігіп, Ленин колхозы боп құрылған. 1964 жылы «Өспен» совхозының құрылуына байланысты «Айғыржал» колхозы совхоздың №2 бөлімшесіне айналды. Бұл бөлімше кеңестік кезеңде жаңа технологиямен жарақтанған сүт өндіретін шаруашылыққа айналды. Нәтижесінде, «Өспен» кеңшары сүт өніруде облыс бойынша алдыңғы қатарда болды. Жекешелену науқанында шаруашылық ықшамдалды. Бүгінде ауыл тұрғындары негізінен мал шаруашлығымен айналысады. Ауыл аумағында ондаған шаруа қожалықтары құрылыған. Жаңа заманға орайласқан шаруа қожалықтары мал өсіруді табыс көзіне айналдырған .

(«Нілді- Өспен» энциклопедиясы,
«Арко»-2017)

Созылған ат жалданып қоңыр шоқы,
Көтерілер шоқымен көңіл қошы.
Жататын сағымданып жаз айында,
«Айғыржал» делінетін шоқы осы.
Ежелден Айғыржалға құт дарыған,
Қырандай көкке самғап ұшқан ұлан.
Қояншы –Тағай ата кең жайлаған,
Айнымай ата дәстүр ұстанымнан.
Бұл өңір қоныс болған өршіл ұлға,
Қыраны қанат қаққан тау шыңында.
Өрт қызыл Тағылының алтайысы,
Бүркіт сап, ит жүгірткен аңшы қырда.
Қияда қыран бүркіт шаңқылдаған,
Тазысы алтайыны алқымдаған.
Биігі Тағылының соған куә,
Елі бай, өткен еді жарқын заман,
Айғыржал не сойқанды көрген өңір,

Құнарын елге сарқып берген өңір.
Кеңестік кезеңде де сыр алдырмай,
Бәйгеден жүйріктері келген өңір.
Тасытқан сиыр сауып, сүт бұлағын,
Игілікке жаратып жер құнарын.
Үш бірдей тоған байлап еңбекшілер,
Бақ орнатып, келтірген ауыл сәнін.
Өсірілген бағында жеміс-жидек,
Айғыржал бір заманда тұрды гүлдеп.
Алма бағы найқалған ауыл болған,
Еске салдым жас ұрпақ білсінші деп.
Жырлап мен жетістігін тауса алмаймын,
Нелер жүйрік өткен ғой жайсаң дарын.
Ауылды өгіздейін өрге сүйреп,
Айғыржалдың бейнетпен ашты бағын.
Айғыржал – өнермен де мақтанады,
Сан дарынның ашылған бақ-таланы.
Маясар Жапақовтың ауылы бұл,
Самғаған аспанында асқақ әні.
Сүйіндікова Ләззат бұлбұл еді,
Айғыржал тоғанының құндызы еді.
Ләззат Майекеңнің жиен қызы,
Айғыржалда торалып бой түзеді.
Шықты ғой Айғыржалдан нелер жақсы,
Топ жарып дараланып даңқы асты.
Бәрін жырлап бір деммен шыға алмаймын,
Қарымым жете алмайды талант тапшы.

АЙСА



Айса-Шет ауданының құрамындағы өзен һәм елді мекен атауы. Атау қазақ тіліне арабтардан ауысқан. Иса сөзінің өзгерген түрі. Айса (Иса) атауының арғы шығу тегі (Иисус көне еврей сөзімен, Иса пайғамбардың есімімен байланысты болуы ықтимал.

(Жанұзақов Т. «Жер атаулары», 1982 б. 129)

Бізге ауысқан арабтан сөздің көбі,
Екені рас «Айсаның» араб сөзі.
Есіміне адамның дөп келеді,
Иса атынан ауысқан сөзің тегі.
Тілдің де қалыптасқан өз заңы бар,
Асылы, аяулысы, ардағы бар.
Үндестік тәртібіне ыңғайласып,
Жұмсарып тіл, көмейден ән боп шығар.
Халқымыз ат қоюға сондай шебер,
Ер балаға Исаның атын берер.
Қыздары Айса, Ғайша атын алған,
Арудың есімдері үнді келер.

Айса бұл-делінеді қыздың аты,
Тегіннен қойылмаған нұрдың аты.
Ақылгер ақ бәйбіше атаныпты,
Жасыбай, Марқа екен асыл заты.
Бір аңызда Марқадан туған дейді,
Ерлерше белін бекем буған дейді.
Сібірдің үскірігі жан шыдатпай,
Жылқыны түстік жаққа «қуған» дейді.
Марқаның ұлы да бар, қызы да бар,
Ұлдары жастау болып жылқы бағар.
Айса қыз қостап жылқы баққан дейді,
Өңшең ноян жылқышы қасында бар.
Көк айна боп қар бетін мұздақ басқан,
Жылқының қар тебе алмай құты қашқан.
Айса қыз белін бекем буып алып ,
Жылқыны ұрыларша айдай қашқан.
Соңына ерген екен інілері,
Болашақ бір әулеттің бөрілері.
Ауылға інілерін қайтарыпты,
Тым балаң, болмаған соң іске ебі.
Айса қыз алға озып жерді шолған,
Қары жұқа сілбесіз жерге барған.
Үш қос жылқы Тағылы бауырында,
Байырқалап тебіндеп қорек алған.
Бұлт ала бұл өңірдің мұздағы жоқ,
Қар жұқа, тебіні кең, малдары тоқ.
Жылқысы Марқа байдың аман шығып,

Ел жаққа хабар жетті «сүйіншілеп».
Айса қыз келген тұстан тапжылмаған,
Қолда деп жалбарынған «Арғын бабам!»
Айсаға көрші ауылың көзі түсіп,
Жігіттер жансалап қалжыңдаған.
Бұл не сыр қыз басыңмен жылқы бағып,
Қара қоста бүгіліп жатсың нағып?
Жер иесін басынып не қылғаның,
Өзіңді күң қыламыз жылқыңды алып.
Жатырмын депті сонда жерді қимай,
Келген жоқпыз ол жақтан елге симай.
Сен де, мен де Алаштың бұтағынан,
Мұрсат бер осы маңда бірер жылдай.
Жігіттер қаумаласып кие соқты,
Бір–бірінен қызғанып үрлеп шоқты.
Сайқалсымай одан да датыңды айт,
Таңдауың тура келсе жолың боптың.
Таңдауыңнан жаңылсаң күң боласың,
Досқа таба, дұшпанға жыр боласың.
Біреумізге назарың дұрыс түссе,
Қоңсы қонып, біртіндеп жерді аласың.
Бұл сөз жетті елге ие абыздарға,
Тоқтам салды еліріп «қағынғанға».
Сұңқарға лайықты сұқсыр екен,
Қор етпесін аруды құзғын қарға.
Десіпті елге ие өңшең жақсы,
Елірген әумесерге тоқтам сапты.
Жер ортақ, ел де ортақ бар қазаққа,
Біздерден қысылғанда сая тапты.
Елі бар, ата-анасы, бауыры бар,
Өскен ел Алтай-Қарпық қауымы бар.
Бір қыс пана еттім деп міндетсіме,
Жан екен алысқан қол сертте тұрар.
Сідік масы аусарлар еліріпті,
Жылқыға құрық салып ебі күшті.
Жырымдап шетке шыққан тай-байталды,
Көрсетіп қызға қысым кегі күшті.
Бірімізді таңдасын-сертіміз сол,
Бағы асқанға қызғанбай береміз жол.
Ұрғашы малға ие боп жарытпайды,

Қолға түстің сәтімен-өзіңнен көр.
Айса қыз-сұлу екен жаннан асқан,
Айыбы шашын түйіп, жылқы баққан.
Сайысқа тайсалмастан тіленіпті,
Аударғанның бәсі артар мені аттан.
Бір әумесер өңмендеп шыға келген,
Айса қыз масайрапты оны көрген.
«Қатынбысың менімен сайысытын,
«Қатын басты» не үміт сендейлерден!?»
Дегенде жігіт біткен жерге қарап,
Көзімен жер шұқыды түйіп қабақ.
Айса қыз мерейі өсіп масайрады,
Тайсалмай қалың жұртқа тұрды қарап.
Қалаулым-менің анау тұрған деді,
Ерім ол жаралғандай нұрдан деді.
Ол болмаса жылқы аман шықпайтын ет,
Жол салды тебін таңдап тыңнан деді.
Қыс бойы қар төсенді, бел шешпеді,
Ерім екен бейнетқор ертектегі.
Пана тұтып келдің деп, қара тұтып,
Қысылшаңда біздерге тиді себі.
Қыстауының қорығын иемдендік,
Ақ түтекте қызығын жылқы көрді.
Бел шешіп шаршағанда тынымдадық,
Нұсқады сый қонақтай бізге төрді.
Жүреді бір қалыпта түйіп қабақ,
Көрген жоқ құмар көзбен маған қарап.
Мінезі қорғасындай салмақты екен,
«Ерсінген» үлгі алсын оған қарап.
Асылы оның Қояншы –Таңай еді,
Бір әулеттің атанған саналы ері.
Кешубай, Сазанбайдың атұстары,
Қос батырың жалғасы мұрагері.
Өміртай тұрды сонда жұртқа қарап,
Бұл жайдан ойланайық алып сабақ.
Еңбегімді бұлдап мен не қыламын,
Айса қыз қапа болма, басың азат.
Дегенде бүйдеген ғой Айса тұрып,
«Есерің» мазамды алды бұзып шырық.
Етегіңнен ұстаймын, қолды қақпа,

Сенімімнен шықтың сен ішімді ұғып.
Жылқысын әке ауылына айдап барып,
Айса қыз әкесіне салды салық.
Төмен етек болсам да сертте тұрам,
Кетейін деп келдім мен батаңды алып.
Өміртай күйеу жігіт мына тұрған,
Қиналғанда нұсқады жолды тыңнан.
Уәде-құдай сөзі айнымаймын,
Айырма мені әке қосағымнан.
Сонда әке «өріміне» бата берген,
Күйеу бала жан екен ата көрген.
Үбірлі-шүбірлі боп көп жасаңдар,
Мұрат тап жар қосағың баталы ерден.
Әкенің сол батасы қабыл болған.
Әйелдің Айса сұлу нары болған.
Атанып ақ бәйбіше заманында,
Бір өзеннің бойында мәңгі қалған.
Сол өзен «Сұлу Айса» делінеді,
«Ақбейіт» күндік жерден көрінеді.
Өзен аты «Айса» деп аталады,
Ел аузында: «Керме иық керім еді».
«Дегенде сұлу Айса, керім Айса,
Ажарың тартпайды ғой мені жайша.
Дидарыңды анықтап бір көрейін,
Қолыңнан дәм татыршы, Сұлу Айса!»
Өлеңші сөз арнаған аузы епті,
Айса ару өр мінезді, болған бетті.
Әулеттің «Би анасы» атанған ғой,
Шиеленген сан дауды еппен шешті.
Үш ғасыр өткен екен содан бері,
Өрлігін ұмытпаған қалың елі.
Тағы бар «Айса» деген станса аты,
Қаратоқа елінен шыққан тегі.
Бұл аңызды өзен, көл, бел айтады,
Қаратоқа қауымы ел айтады.
Қояныштағай аталар: «Анамыз» деп,
Шын дерегін білмесе неге айтады?
Осы аңыз бірден бірге бізге жеткен,
Аударып аңсарымды жүрді көптен.
Сәтімен ақ қағазға ізі түсті,
Өмір Кәріп пақырың өлеңдеткен.

Ел аузында сақталған дерекке қарағанда, Айсаға байланысты аңыздың бастауы әріде жатыр. Айсаның ғұмыр кешкен кезеңі қалмақ шапқыншылығы саябырлап ел еңсесін көтере бастаған жылдарға тұспа- тұс келеді. Әкесінің анық кім екені ел есінде қалмаған. Жасыбай мен Марқадан шыққан деген долбар бар. Тоқаның көне көз қарттары арғы бабалары Марқаны нұсқайды. Осы дерек шындыққа жанасады. Ұзатылған елі Қояншы-Таңай еді деген деректі Өспен ауылының үлкен-кішісі әлі күнге ұмытпай айтып жүр. Қояныштағайдың үлкендері де осы сарындағы ауызша деректі растайды. Ауыл арасының жаяу аңызы әр тарапта қылаң береді. «Есімі Айса емес Айша болған» деген дерек те айтылады. Анық дәйек хатқа түспегенімен, «Айсаның ақ бейті» һәм Айса есімімен аталатын өзен атауы патшалық билік тұсында Қарқаралы, Семипалат, Ақмола уезіне жататын қазақтардың(киргизов) жерді иеленуінің (1896 жылы) картасы жасалынғанда, (р. Айса, м.Ақбейіт-Айса) өзеннің Айса екені, Ақбейіттің Айса аталатыны анық көрсетілген. Келешекте бұл жазба (жер-су, елді мекен атауларына байланысты шежіре баян) жарық көретін болса, көне (1896) картаның сызбасын да жариялайтын боламыз. Өзен әлі күнге Айса (Сұлу Айса) аталады. Айсаның ақ бейіті қажыған. Сыртының ақ сылағы уақыт бедеріне шыдамай шайылып кеткен. Бейіттің батыс жақ тұсы опырылып түскен. Тозған сұлбасы әзірше қалқайып тұр. Тарихи мәні бар көне бейітті жаңалаудың (құлпытас қойып, қоршау тұрғызу) реті енді келді. Әзірше қолдан келгені осы.

ЖАМАНҚҰЛ БАСЫ



Жаманқұл Таңыбайұлы (1720-1797) Қаракесек ұлысының Кәрсөн атасына жатады. Бұл ата сегіз бұтақты. Сол сегіздің бірі-Таңыбай. Таңыбай балаларын зарығып көрген. Ел аузындағы аңызға қарағанда, Таңыбайға үзеңгілес досы Тарақты Наймантай батыр бата (түс көрдім бала көресің деп) берген деген дерек бар. Бұл атаның үлкендері Жаманқұл бабамыз заманында батыр болған деп өрібітеді ескілікті сөзді. Жаманқұлдың сүйегі жатқан («Өспен» ауылына қарасты Айса өзенінің бойында) төмпейде ескіден қалған қорым (үйінді) бар. Бұл қорымды жергілікті тұрғындар әр қилы (қалмақ

оба, қырғын төбе) атайды. Осы тұста (Айса өзенінің бойында) қалмақтармен қырғын ұрыс болған. Сол ұрыста қарт батыр Таңыбайға садақ оғы тиіпті деген еміс-еміс дерек бар ел құлағында. Бірақ батыр жарақатын елемеген, сексеннен асып барып көз жұмған.

(Ел аузынан)

Дүние диірмен тасы шыр айналған,
Жеткізбес еш пендеге құмай жалған.
Ата қоныс кең байтақ дала үшін,
Бір шайқас осы маңда былай болған.
Деп бастап оқиғаны шежіре шал,
Құлақта жүр әлі күн-айтқаны бар.
«Қалмақтармен бір шайқас өткен екен,
Болған ғой бабамызға Алла өзі жар.
Таңыбай қартайса да атқа мінген,
Қалмаған үйде омалып бас қамымен.
Байғозы, Жарылғап пен Сеңкібай бар,
Шерулеп жауға аттанған достарымен.
Қалмақтар шайқас салған табан тіреп,
Қанқұйлы қасақы жау кеткен үдеп,
Таңыбай жас батырша ұрыс салып.
Садақты үстін –үстін тартты шіреп.
Жау жағының батыры омақасты.
Жебесінен батырдың ажал тапты.
Қазақ қолы үдеді Абылайлап,
«Иә, сәт!» десті қосын, қалмақ қашты.
Сол ұрыста қалмақтар бықпырт болған,
Қазақ қолы ортайып о да қалған.
Қалмақтың суша ағып қара қаны,
Қанды көбік бұрқырап өзен толған.
Таңыбай сол шайқаста жараланған,
Дәл көздеп өшіккен жау садақ тартқан.
Жебесін батыр шапшаң жібергенде,
Қалмақтың сұр мергені «болған талқан».
Улы жебе батырды меңдеп алды.
Дәм таусылып мәңгілік тыным алды.
Жаманқұл қайтарында өсиет қып,
Жерле деп көрсетіпті осы маңды.
«Қаны тамған әкемнің топыраққа,

Қалайын бір белгі боп атырапта.
«Жаманқұлдың басы» деп айта жүрсін,
Дегені құлақта жүр біздің жақта».
Кәрия осылай деп айтып датын,
Бір сығып алатын ет көздің жасын.
Аңыздың бір ұштығы бізге жетіп,
Келтіріп қиыстырдым сөздің нәшін.
Талай тарих айтылмай желге кетті,
Өксік боп көкіректе көрге кетті.
Ештен де кеш жақсы деп долбарладым,
Өзімше қиыстырдым бұл бір кепті.

Таңыбай батырдың сүйегі Түркістанда жатыр. Батырды қалың елі Әзіреті-Сұлтанның іргесіне жерлеген. «Жаманқұл басының» құпиясын ашып көрсетуге менің қарымым жетпейді. Археологтар нақтылай жатар. Үйінді төмпейде ұрыста шәйіт болғандардың сүйегі жатыр деп жобалауға болады. Қалмақтың «көр обасына» үйлесе қоймайды. Бертіндегі белгі, ежелгі сақ дәурінің белгісіне де келмейді.Төмпейге бейіт тұрғызылған сияқты ма? Бейіт тұрғызылса , ол кімдердің бейіті? Ой жобамен, бүгінше айтқанда «бауырластар қорымы» дегенге жуықтайды.

БІРНАЗАР


Бұл шоқы тауға әсте үйлеспейді,
Қыр шөбі өңейтіп тұр гүл беткейді.
Не себепті «Бірназар» атанғанын,
Дөп басып айтуға да тіл жетпейді.
Үшқызылдың қанаттас серігі бұл,
Қарауылшы назары- сенімі бұл.
Шолғыншысы қалғымас осы маңның,
Назары өткір бақылап тұрады кіл.
Мал жоғалтқан шоқыға шықпай кетпес,
Бұлағының суы бал- шөлге септес.
Ат шалдырып жолаушы аялдайды,
Жау көзінен тасада қастық етпес.
Бірназар- кіндік тұсы осы маңның,
Жолы болар шоқыға шыққан жанның.
Қасиеті бар тау деп ырымдаған,
Қадамын тұсалаған ұрылардың.
Содан да «Бірназар» деп аталыпты,
Назарлы құтты шоқы атаныпты.

Бір аңыз кейінгіге былай жеткен,
Назарымен дуалап «жауды жықты».
Мысымен жауды ұйпап жойған төбе,
Дұшпанның көзін байлап қойған төбе.
Қапылыс қалмақ жағы қырғын тауып,
Соданда атанған ғой«Ойран төбе»
Жаны бар бұл деректің айғағы бар.
Еске түсер ойласаң қайдағылар.
Бірназардың терістік батысында.
Қалың қорым үйінді обашық бар.
Обашық делінеді « қалмақ оба»,
Бықпырт болып қалмақтар қалған оба.
Құтты шоқы содан да атанған ғой,
«Бірназар» деп бабалар еткен тоба.
Бізге жеткен аңыздың дерегі осы,
Бұрынғылар дейді екен- «құтты шоқы.»
Дала алып кітап қой көнермейтін,
Жас өскін,үстірт шолмай ойға тоқы.

Бірназар тауы (шоқысы) Ақадыр кентінен жиырма шақырым қашықтықта тұр. Үшқызыл тауының бір жотасы есепті. Сырт көзге елеусіздеу шалынады. Ерте кезеңдерде (1760-1920) бұл өңірді Тоқаның Жантүгел атасы қоныс еткен. Бірназардың бір аңғары(шығыс жақ тұсы) «Ержан көңі» аталады. Осы қыстау бүгінде (2018) «Хамзе» шаруа қожалығының иелігінде.

ЕРЖАН БИ


Айдарханұлы Ержан (1850-1916) көзі ашық, оқыған адам болған. Тоқа руының Бесімінен тарайтын Марқаның Жантүгеліне жатады. Кезінде Жантүгел атаны басқарған. Ұғымтал зеректігінің арқасында Ақмолада орысша білім алған. Қара сөзге жүйрік шешендігімен белгілі Ержан би келе-келе ел билігіне араласады. Ақмола, Қарқаралы үйезінің жапсарында өткен (1910).



«Үшбұлақ сиязында» төбебилік жасайды. Жер дауының бітімшісі болады. Орысшаға жүйріктігінің арқасында оязға өтімді болған. Рулар арасындағы жер дауын әділ шешкен. Жазабаша іс қағаздары (орыс тіліндегі) Ержан бидің алдынан өтеді екен.Кезінде кедей аталарға жер алып беруге белсене кіріскені-ел ішінде аңыз боп тараған. Әділдігінің, беттілігінің арқасында қара қылды қақ жарған Ержан би атанған. Тәуелсіздік алған жылдары (1998) бидің жақындары (Шынболат Шәкенов бастап) Айсада Ержан биге ас берді,басына белгі орнатты. Бейіті Бірназар тауының етегінде өзінің ата қыстауында тұр. Ақадыр кентінің бір көшесіне (1998) Ержан бидің аты берілген.

Ержанды Өспен жұрты ел біледі,
Қойнында дамылдаған жер біледі.
Жер бөлісін би екен әділ шешкен,
Демеңдер кейінгілер бұл кім еді.
Әділдікті кезінде билер шешкен,
Шешенік сөзді төгіп екпіндеткен.
Ержан би тектілердің соңғысы еді,
Қайтпаған ел қамы үшін алған беттен.

БАТЫР БАСЫ



«Тарақты Байғозы-Абылай ханның белгілі қолбасыларының бірі, қазақтың жерін, елін, еркіндігін жоңғар-қалмақтардан қорғасқан атақты батыр. Байғозы ел қыстаудан жайлауға – Кенеліге, Сарысу бойына көшіп бара жатқанда, Жаман өзенінің бойында, 1803 жылы көктемде 97 жасында қайтыс болған. «Япыр-ай, не қыстауда емес, не жайлауда емес, орта жолда ауырып қалдыңыз-ау!» дегенде «Маған қазақ жерінің жаттығы жоқ, өлсем Жаманның жанына қойыңдар» депті батыр. Жаман-руы Тарақты, ертеде өлген белгілі адам екен. Өлген соң басына кең биік күмбез соғылады. Бұл жер сол Жаман деген байдың әрі қыстауы, әрі жайлауы болса керек, өзен де сол кісінің атымен, күмбез тұрған жер де «Жаман басы» деп аталады екен». (Балтабай,Адамбаев, филология ғылымының кандидаты,жер тарихының, ел тарихының білгірі, шежіреші ғалым)

Әлқисса, аталады-«Батыр басы»,
Қазақтың кие тұтқан кәрі жасы.
Әкесі Наймантай да батыр болған,
Шығыпты әкесінің батыр аты.
Сүйіпті үш әйелден он сегіз ұл,
Көргіштің көзі өтіп тимесін тіл.
Дегендей Қозы атын тіркей берген,
Жүректі өңшең Қозы шетінен дүр.
Ерлікпен ұлдарының шыққан аты,
Сәтімен домалапты өрге тасы.
Ересен батырлықпен көзге түскен,
Орқозы, Орақ атты бір баласы.
Орақша жауды ұйпап жапырған ғой,
Шығыпты Арқа еліне Орақ аты.
Бұл соғыстың амалы Аллаға аян,
Қалмақтың қас батыры Қапал ноян.
Наймантай сол ұрыста қол бастаған,
Таңыбай, Жидебайлар жол бастаған.
Мойынты, Ақадырдың арасында,
Қапал сұм ұрыс салып ойқастаған.
Қалмақтың қайтар емес беті қатты,
Жапырды көктей орып талай жасты.
Қырғында шықшытына найза кіріп,



Байғозы батыр

Қапылыс Орақ батыр ажал тапты.
Ер екен оттай лаулап жалындаған,
Қамалды бұзып жарған алынбаған.
Тарақты Орақ батыр шейіт кетіп,
Қойнында ата жұрттың дамылдаған.
Жан еді торабы кең арманы –шың,
Мүжіліп Наймантайдың қалғаны шын.
Сол жылы Балқаш бойын қыстап шыққан,
Далдалап Мыңаралдың нар қамысын.
Бурадай десі қайтқан шөкеледі,
Батырды қайғып жеңіп төтеледі.
Тұқымсыз тұлдыр емес ұлдары бар,
Бәйек боп жеті бала әкеледі.
Орағы оңтайына келімді еді,
Ол барда жаудан ықпас сенімді еді.

Кездіктей лыпып тұрған ұлдарының,
Бірі де Орағындай көрінбеді.
Уайым іштен үңгіп ақылды жеп,
Тырнағын қияс тағдыр батырды кеп.
Жолбарыс соғып кетіп Таушұбарын,
Күңіренді «тағы мысық басынды» деп.
Күн бүркеу, жерде қар бар қырбық түскен.
Байғозы әке сөзін тоқыды іштен.
Қолына айбалтаны ала салып,
Ізіне жолбарыстың мықтап түскен.
Бұғынып жатыр екен тағы мысық,
Кәдімгі тарғыл «шері», емес күшік.
Жеңді ме алапаты жас ұланның,
Құйрығын шапаттады қорқып пысып.
Тұлпардың жүрегіне болған жерік,
Күшіне түйе соғар жатқан сеніп.
Мұршасын атылуға келтірместен,
Құлаштап айбалтамен өтті періп.
Алла өзі қолдады ма жас еренді,
Тайқымай жүрегінен от өрілді.
Шашылып миы жын боп жан –жағына,
Маңдайы жолбарыстың қақ бөлінді.
Буынған қайсарлықпен белді бекем,
Бойдағы қайратына сенді ме екен.
Жайратқан жолбарысты бір-ақ салып,
Байғозы нақ сол кезде он төртте екен.
Тұла бой зіл қара тас жатқан ұйып,
Қарт батыр: «Бозқасқа!» деп ұшып тұрып,
Батасын Байғозыға берген дейді,
Сойдырып бір боз жылқы елді жиып.
Байғозы атаныпты бала батыр,
Өзгеше киесі бар дара батыр.
Керемет көз байлайтын онда болған,
Етіпті сұғы өткенді ақыр-тақыр.
Сонымен жас Байғозы өсе берді,
Ерлікті үстемелеп еселеді.
Орақтың қыршын кеткен орнын басып,
Қайтарып жаудың бетін төтеледі.

***

Жартастың сынығындай шомбал қара,
Шүй желке, талыс кеуде көзі ала.
Жай адам атқа ерін әзер салған,
Жайғасқан ертоқымға үшеу ара.
Осыдан шамалармыз алыптығын,
Бір емес жауға ойран салыпты мың.
Дұшпанның көзін байлап, белін үзіп,
Танытқан қан майданда талыстығын.
Жарбиып жарты лашық жар басында,
Бұл қазақ қашан түскен арнасына.
Жақсысы, батыры көп, ақыны көп,
Үмітпен ғұмыр кешкен таңды атыра.
Шайқаста шепті ұстап беріспеген,
Оралған сан сүргенде жеңіспенен.
Сипаттап Шоқан ғалым жазабасында,
Ерлігін Байғозының дәріптеген.
Қырғынды бастан кешкен қанды қасап,
Оралған керт басына бақ пен атақ.
Ел қылып тарап кеткен Тарақтыны,
Қызықты көрген батыр ұзақ жасап.
Батырдың бес баласы ұрпақ шашқан,
Босмойын-өткен дейді түспей аттан.
Жанайы-аңшы, сері сән түзеген,
Ұрпақ бар Саңқан, Шегір, Үкібастан.
Баласы Босмойынның батыр Құлжан,
Патшаға қарсы шығып салған ұран.
Қолдапты Кенесары қозғалысын,
Атанған Құлжан батыр «орыс қырған».
Жан екен нағыз өрен шайқас көрген,
Өтіпті Құлжан ер де түспей ерден.
Қазақты қонысынан ығысырған,
Патшаның әскерімен шайқаста өлген.
Ел куә Құлжан сынды ер ісіне,
Қазақың көз алартқан өрісіне.
«Ақтаудың дуаны» үшін шейіт кетіп,
Қойыпты бабасының бейітіне.

Құлжан отыз үш жасында шейіт кеткен. Байғозы батырдың үлкен баласы Босмойыннан туады. Артында екі бала қалған. Жәуен мен Жауқашар. Жауқашар анасының ішінде қалған. Жәуеннен сегіз туған. Қасаболаттың Сыздығы отыз жыл болыс болыпты. Әділ кісі екен. Жәуеннің Жазыбегінің

атағы Арқаға тараған. Ол кісі туралы Шөже ақын айтты деген өлең сақталған: «Жазыбек артық туған асыл затсың. Бәйгені шаппай алған жүйрік атсың. Байғозы-Орта жүздің арыстаны, Сүйретпей бір ұрпағын не қып жатсың!?.

***

Хан Кене ел-жұртына салды салмақ,
Мақсаты айқын еді «дуанды» алмақ.
Іргелі руларға сауын айтқан,
Аттанған тарақтыдан алпыс боздақ.
Ақсерке алмас еді жарқылдаған,
Дұшпанды бөрідейін алқымдаған.
Құлжан ер бабасындай батыр болған,
Елі үшін от пен судан тартынбаған.
Шығыпты екі батыр қолды бастап,
Бекінген дуандағы жауды шаппақ.
Қоян-қолтық шайқаста мерт болған ғой,
Түйдей құрдас екеуі отыз жаста-ақ.
Алпыстың оншақтысы мүрдем кеткен,
Топшылы қос қыран да шәйіт кеткен.
Қос боздақты Кене хан еске алған ғой,
Жаралған жан екен деп асыл тектен.
Қазасы боздақтардың жанға батты,
Қу заман басқа салды мұндай шақты.
«Ақсерке, Құлжан да өліп ел болдық қой»,
Деген сөз мәтел болып есте қапты.
Зар заман нәубет болып саналыға,
Жеңген жау салды жұртты табанына.
Ерліктері ерлердің ұмыт болды,
Орыстың іліккен соң боданына.
Сандаған жыл аңсаған теңдік келді,
Көрсететін күн туды ерлікті енді.
Сырт елдердің сұғына ұшыратпай,
Бауырға бас- еншіле ел мен жерді.

Ақсерке Тарақтының Меңлібай атасына жататын Құттыбайдың баласы. Құттыбай заманында жау түсірген батыр болған. Сүйегі Түркістанда жатыр. Ақсеркенің кіндігінен тараған ұрпақтар Жамбыл облысында, Таразда баршылық. Ақ қашып, қызыл қуған толқымада Арқадағы екі болыс тарақты атамекенінен түстікке ауып кеткен. Ақсеркенің тұяғы Қожым би өзі өмір сүрген кезеңде (Николай патша заманында) би болған. «Қол тоқпақтай Қожым би жандаралдан кейін емес» деп оған халықтың берген бағасы бар. Сүйегі Шет ауданының, бұрынғы «Қызылтау» кеңшары бүгіндегі Қызылтау ауылдық округіндегі Бәйбіше тауының етегінде жатыр. Бейіті құлап қалған.

КӨКТІҢКӨЛІ АУЫЛЫ

«Көктіңкөлі» совхозы-ҚарЛАГ жойылғаннан кейін совхозға айналған шаруашылықтың бірі. Бұл шаруашылық сүт бағытындағы, ірі қара өсірумен қоса егін шаруашылығы дамыған кеңшар еді.Совхоздың дәуірлей түскен кезі Қыстафин Жетпісбай директор болған жылдар. Қыстафин Қарағандының мұғалімер институтін бітірген. Соғыс жылдарында Қу ауданында партия комитетінің бірінші хатшысы болған, шаруашылықты жете білетін,қарамағындағыларға қамқорлығы мол айтулы азамат болған. «Көктіңкөлі» совхозының егіншілігі тың игеру жылдарында игерілді. 20869 гектар жерге дәнді дақыл себіліп, гектарына 13-15центнерден өнім жиналды. 1972 жылы Көктіңкөлі мемлекетке бір миллион пұт астық тапсырды. Сүт өндіруден де аудан шаруашылығының алды болды. Совхоздың озат сауыншысы Кобекеева Қазкен КПСС XXII съезіне делегат боп қатысты. «Көктіңкөлі» совхозының алғашқы директоры Медеубаев Мұқан, одан кейін Қыстафин Жетпісбай.

(«Жаңаарқа» дерекнама,
Асан Жұмаділдин-2004)

Бұл өңір «Көктіңкөлі» аталады,
Жер аты, елдің аты аса мәнді.
Куә боп небір ойсан заманаға,
Түрленіп, өңін ашып жасарады.
Кедейлер байды қойша қуған кезде,
«Қызыл теңдік» заманы туған кезде.
Бай-бағланның мезгілсіз күні батып,
«Белсенді» кедей –кепшік шықты төрге.
Текті атаның баласын атып асты,
Бай –бағланды тәркілеп жайын тапты.
Ел ішіне сүзек кеп араласып,
Аштықтан тамам қазақ қырғын тапты.
Тірісі талқан іздеп босып кетті,
Далбастап түстік жаққа ауа көшті.
Бетбақдала жолында көмусіз қап,
Қарға,құзғын көздерін шоқып кетті.
Елсіз қалған мекенге «Қарлаг» орнап,
«Ашық түрме» атанды барлық аймақ.
Егін салды тұтқындар, мал өсірді,
Көк иық боп бейнеттен жанды қармап.

«ҚарЛаг» тарап жаңаша тәртіп келді,
«Көктіңкөлі» кеңшары өмірге енді.
Шаруашылық өзгеше қарқын алып,
Белсеніп үлкен-кіші төкті терді.
Партия -жалқауларды ықтырады,
«Коммунистік еңбекті» ұқтырады.
Миллион пұт Отанға астық беріп,
Тасқындады бұрқырап сүт бұлағы.
Атағы бұл кеңшардың аспандады,
Ақындар аңыз етіп дастан жазды.
Өткінші өмір жасады өз дегенін,
Көктіңкөлі шырқады жаңаша әнді.
Боданы дүмділердің мазақ еді,
Теңдік алды ғайыптан қазақ елі.
«Көктіңкөлі» аулы шалқып отыр,
Артады бұдан да зор бағаң енді.

Шет ауданындағы ауылдық округі Көктіңкөлі деп аталады. Жерінің жалпы ауданы -139353 га. Шаруашылықтың мамандандырылған негізгі бағыттары мал шаруашылығы, қосымша саласы –сүтті ірі қара өсіру боп табылады. Округтің елді мекендерінде(Көктіңкөлі,Әлихан, Жыланды, Көктіңкөлі сатансасы) төрт мектеп, оның ішінде бір орта мектеп, бір негізгі мектеп, екі бастауыш мектеп, бір медициналық пункт, мәдениет үйі, кітапхана бар.

Кеңшар негізінде 41 шаруа қожалығы құрылған. Ауыл басқа елді мекендермен автомобиль жолдары арқылы байланысады. Ең жақын Ақадыр стансасы 60 шақырым жерде.

(«Шет ауданының топопнимикасы»,
Жакин М. С., Қарағанды -2013)

КӨКТІҢ КӨЛІ

Ағынды көл. Атасу кентінен оңтүсік шығыста (қашықтығы-35-40) Көктіңкөлі ауылының оңтүсік батысында (бес шақырым) орналасқан. Ауданы 12 шаршы км, ұзындығы 4,4 км. Енді жері-3,7 км, орташа тереңдігі 1,1м. Суы ащы. Көлдің солтүстік жағы жарлы (биіктігі 2 м), қалған жақтары аласа, саздақты,құмайтты келеді. Деңгейі көктемде Жақсы Сарысуға құйғанда көтеріледі.

Көлден Жаман Сарысу өзені ағып шығады. Күміс мөңке,алабұға,шортан, торта т.б. балықтар бар. Көктіңкөлінің солтүсік және солтүстік шығыс жағасында көлдің суын реттейтін бөгет салынған. Алабында шабындық, жайылымдық жерлер бар.

(«Жаңаарқа» энциклопедиясы.
Темірқазық баспасы. Алматы-2009)

Көлі бар толқын атқан Көктіңкөлі,
Өзендер оған ынтық екпінді еді.
Ағысын баяулатып тоған байлап,
Қусырылды ортайып көлдің шегі.
Кезінде көл болмаған одан озған,
Қар суымен молығып арна толған.
Айдынды, берекелі, суы тұщы,
Аман еді ми батпақ қалың сордан.
Толқыны асау еді көкке жеткен,
Содан да «Көктіңкөлі» атқа жеткен.
Көлдің де киесі бар, назасы бар,
Адамдар ерке көлді өкпелеткен.
Ап-ащы кермектенген суы зәрлі,
Балығы көрек таппай қырылады.
Адамдар өзді- өзімен болып кетті,
Табиғаттың зар –мұңын кім ұғады?!
Кезінде болған екен құс базары,
Кейпінен сұрғылттанған іш жанады.
Аралдың кейпіндегі жетім көлді,
Үміт бар-еркін елің құтарады!
Туризмді дамытып осы көлде,
Әлі-ақ шалқыр көгінде құстар әні.
Бұл өңір нелер заман куәгері,
Ежелден көк түріктер тұрағы еді.

Ата-баба қонысы құтты мекен,
Арқаның оған куә құба белі.
Өтті ғой талай сойқан заманалар,
Жерсіз қалсаң- ғұмыр тұл, адам азар.
Ата-баба мұра етіп қалдырған жер,
Соған ие елің бар- бағаң озар.
Жер көмпіс нардай маңғаз көтерімді,
Сесімен ықтырады есер ұлды.
Кешегі өткен Кеңестік кезеңдерде,
«Тыңға жорық» майданы көтерілді.
Есепсіз айқыш –ұйқыш жерді жыртып,
Даурықтырып қойған-ды есеріңді.
Миллион пұт бір жылы астық алып,
Атағы бұл кеңшардың көтерілді.
Жер-Ананың бетіне жара салып,
Түсіріп қойған жоқ па меселіңді.
Көктіңкөлі өңірі шұбар ала,
Айғыз-айғыз жыртылған беті жара.
Шандыр бет кейуана секілденген,
Мұңайыңқы бүгінде қайран дала.

БАЛАПАН БЕЙІТІ

Көненің ұқсап бейне алқасына,
Заманның өзек болып арнасына.
Балапан бай бейіті қоңырайып,
Ауылдың қалқайып тұр ортасында.
Тоқада болған дейді Балапан бай,
Көкалалы жылқы өскен құлындап тай.
Балалары шетінен көкжал болған,
Бағы өсіп туған екен оңынан ай.
Үш ұлы Балапанның үш бөрісі,
Арыстанбек, Сырттанбек бітімдісі.
Балтасы дараланып шыққан екен,
Бойында тасқындаған жігер- күші
Балтаның -Тойымбек пен Шыныбегі,
Жан шыдатпас бетті екен болған пері.
Кене ханға көндікпей сырт беріпті,
Содан да асқындапты ханның кегі.
Наурызбай жылқы алуға аттанады,
Соңында өңшең берен жас талбады.
Көктіңкөлі, Жыланды белеңінде,
Жылқыға екпіндетіп кеп қалады.
Бір дөйге кез болады жылқы баққан,
Әлгі дәу жау жетті деп салып аттан.
Арбаның арысымен шүйлігеді,
Берісбей Наурызбайға күші батпан.
Наурызбай жылқышыны ала алмайды,
Дәлдеп кеп көк найзасын сала алмайды.
Қарсы кеп еку ара шарпысқанда,



Наурызбай қапы кетіп арандайды.
Сөйткенше Шыныбек те жеткен еді,
Қолы қатты қамшыгер өктем еді.
Бетпе –бет Науан ерге келген кезде,
Дыраумен көк найзасын қақ бөледі.
Жылқышы Ортау аттан түспей қойған,
Шыныбекпен екеулеп салып майдан.
Жылқысын Балапанның айдай алмай,
Наурызбай қаһарланды салып ойран.
Ортауға өлтірмекке найза салды,
Шыныбек төңкеріліп ол да қалды.
Қойсын ба сайланғандар амалы асқан,
Екуеуін хан жасағы байлап алды.
Шабылды осылайша Балапан бай,
Елші салды араға жатпады жай.
Жылқының жарымына кеңшілік боп,
Қос арыс- жата берді жарым жылдай.
Ортаудың шын аты Бапан екен,
Жойдасыз күш атасы- аса бекем.
Тау тұлғалы ересен алып болған,
Содан да «Ортау» атын қосады екен.
Айыбы оның дейді кедейлігі,
Содан да танылмаған ерендігі.
Түбі оның Тарақты екен деп айтады,
Кезінде болмаған ғой сенерлігі.
Дейді оны Балапанға жиен екен,
Жалшы боп есігінде жүреді екен.
Жылқыға ұрыны әсте таятпаған,
Сенері- алыптығы, білегі екен.
Күшімен бай жылқысын сақтаған ғой,
Ұрыны табанға сап таптаған ғой.
Наурызбайға алдырмай бірме –бірде,
Артын бақпай бір сұмдық бастаған ғой.
Науан ер тұщы етке найза сұғып,
Ортауды өлімші қып тастаған ғой.
Тұтқында жарадар боп жата берген,
Оны кеп әуестікпен әркім көрген.
Мұндай да алып адам болады екен,
Деп оған «толағай» деп баға берген.
Ортаудың аңыз қылып алыптығын,
Өсіріп өршітіпті талыстығын.
Бұл сыбыс Кене ханға жеткен еді,

Білмекке ғажаптанып оның сырын.
Тұтқынды қоста жатқан көзбен көріп,
«Тау соғар» депті оған баға беріп,
Тұщы етіне суық зіл өткен екен,
Бұл, сірә, Науан саған болмас серік.
Деп оны азаттыққа жіберіпті,
Шыныбекке қимапты бұл ерікті.
Наурызбайға серік бол деп бұйырып,
Жас барысқа мергендей көзін тікті.
Шыныбек депті сонда орға түстім,
Мал ашуы амалсыз қолға түстім.
Даланың бөлтірігін қолға үйреткен,
Кім, сірә, қош көреді ханның ісін.
Қыранмын өз тауымда шарықтаймын,
Шебер қолға иіккен талыстаймын.
Шақар құс иесіне түсер деген,
Наурызбайға серік боп жарытпаймын.
Дегені кеткен дейді елге тарап,
Хан сонда былай депті түйіп қабақ.
Жершіл екен ұясын шырғалаған,
Қыран болып жарытпас қанды балақ.

Әлқисса, Шыныбек хан ордасында бір жаз, бір күз еркіндікте болыпты. Қашып кетуді ар санаған ол басына азаттық берілуін ханнан өтініпті. Кене хан оның ересен қайратына, тұлға-тұрпатының ірілігіне, кесек мінезіне қызығып жас қыранды баптаған саятшыдай шырғаға тартып көргенімен, Шыныбек ханға иіліге қоймапты.Наурызбай да оны қимай, көңілінен шығуға тырысқан. Сұлуға жанастырып, жүйрікті көлденең тосса керек. Қияметтік дос болайық деп арылғанын да есепке алмай, қатая түскен жас пері «басыма азаттық бер» деп отырып алыпты. Амалы таусылған Наурызбай оны аман жібермеудің айласына көшіп: «Мені жықсаң еліңе жіберемін, жыға алмасаң, құл орнына ұстаймын» деп қисынсыз талап қойған екен. Екеуі күресуге білек түрінгенде, Ағыбай батыр Шыныбекке «жығыл» депті күңк етіп, Ағыбайдың аңғарын ұққан Шыныбек: «Қара төренің жағасынан ұстамас болар.» деп жол тауып кетіпті. Амалы таусылған Наурызбай аз күн серіктескен Шыныбекті өзі бастап барып туыс –туғандарының қолына табыстапты. «Еруліге қарулы» деп Балапан байдың балалары Наурызбайың алдына үш айғырдың үйірін салып беріпті.Сойысқа деп ұсақ мал айдатыпты.Қалы кілем, кесек-кесек ақ киіз, оған қоса қарын- қарын май, қап-қап ірімшік, құрт теңдеген алты нарды жолға салыпты».

(Ел аузынан)

МҰСТАФАНЫҢ АҚМЕШІТІ

Ақмешіт атауы Қазақстанның әр тұсында бар. Қызылорда облысының (қаланың) ескіше атауы Ақмешіт делінген. Біз негіздегелі отырған Ақмешіт Шет ауданына қарасты Ортау ауылдық округі мен Көктіңкөлі ауылының жапсарында. Мешіттің орны ғана жатыр. Бұл мешітті кезінде тоқа руын («Еркесай-Нілді» болысын) билеген Жәнібектің Мұстафасы салдырған. «Мұстафаның Ақмешіті» деп аталыпты.

(Ел аузынан)

Уақыт көндіреді дегеніне,
Түнерер қара бұлттай төнерінде.
Екі болыс Мырзамбет өркен жайған,
Нілді, Ортау, Көктіңкөлі көлемінде.
Мырзамбеттен бір емес сегіз туған,
Күшікбай -алмас қылыш жауды қуған.
Ескене кісілікті болған дейді,
Құлыбек, Бәйбек, Сәйбек содан туған.
Бәйбектің Жәнібегі дара шыққан,
Даугерді қисындырып сөзбен ұтқан.
Кіндігінен сегіз ұл өрген дейді,
Сұсынан Мұстафаның дұшпаны ыққан.
Мұстафа- ер сұлуы қияпатты,
Күші асып белдескенді бүктеп басты,
Тақымшы көкпаршы екен сом білекті,
Озғындап тұстасынан ақылы асты.
Етектен дұшпандары тарта берген,
Жүйрігін оздырмауға арқан керген.
Ажалы хас наданнан келген дейді,
Мезгілсіз елі айрылған Мұстафа ерден.
Қалың ел арда бозын үш жыл жоқтап,
Аузы епті сөз білгендер жырды нақтап.
Сегіз ата Мырзамбет «ах ұрыпты»,
Деген ғой: «Ағысымыз қалды тоқтап».
Келіндер: «Атам-ай!» деп сұңқылдаған,
Қыздары «көкемайлап» бір тынбаған.
Сейфолланың қосағы Жамал келін,
«Алтыннан да асыл ет шірікін бағаң»
деп атасын кезінде жоқтаған ғой,
Қасиетіне абыздың тоқтаған ғой.
Мына бір үзік жоқтау бізге жеткен,

Тыңдаушым мен айтайын, сен құлақ қой.
... Асыл туған атадан,
Елім деп еңбек жасаған,
Қатарынан озғындап,
Құр қалмаған батадан.
Қастасын бүктеп жаншыған,
Тұманың көзін аршыған.
Қырық болыс ішінде,
Айнымай бетті қалпынан,
Оязға сөзін тыңдатқан.
Су шығарған құрғақтан.
Мешіт ашып бейнетпен,
Шариғат сөзін тыңдатқан.
Дидары нұрға балқыған,
Ығыспаған талқыдан.
Ер болып өтті өмірден,
Бүгілмей түзу қалпынан».
Мұстафаның қазасы жанға батқан,
Жыршылар термелеген жазып дастан,
Кешегі «қызыл алған» кер заманда,
Дидарын замананың шаңдақ басқан.
Кім бай болса, кім текті абыз болса,
Аты өшіп түн түнекте күні батқан.
«Мұстафа Мақажанмен парлас еді.
Есігін дұшпан ашып бармас еді.
Үш жүздің баласына мағұлым болған,
Мұстафа тасты кескен алмас еді».
Бұл атадан Рахымбек қажы өткен,
Мұстафа қасына алып алып серік еткен.
Қажылыққа мені апар деп жүргенде,
Мезгілсіз Мұстафаға ажал жеткен.
Рахымбек-беріспеген «қызылдарға,
Белсенді алдына сап айдап кеткен.
Жер аударып тескен тау өткізіпті,
Ұрпақ қалған артында асыл тектен.
Көп жайды ұққандайсың осы жырдан,
Мұстафа заманында болған қыран.
Өзіне тартып туған Дәулетбегі,
Қыздары қызғалдақтай көз суырған.
Дәулетбек болған екен жігіт нары,
Кеңестік кер заманда қайтқан бағы.
Екі рет істі болып сотталыпты,

Мәңгілікке жұтылған одан әрі.
Алғаш ірет істі боп сотталғанда,
Қайрат –күші сеп болып шыбын жанға.
Ересен қуатының арқасында,
Ақтау қағаз ғайыптан түскен қолға.
Бір жолы Дәулетбекке түрме бастық,
Жүз грамның буымен жүрген шалқып.
«Дәу тасты жолдан алып тастасаң сен,
Азаттыққа жетесің бәсің артып»
Деп оған шарт қойыпты аяқ асты,
Таң қылып Дәулетбек ер «аямасты».
Ырғап-ырғап дәу тасты иыққа сап,
Асықша тас қоршаудан бір-ақ атты.
Ер көңіл түрме бастық сырға бекем,
Сөзінде екі айтпастан тұрған екен.
Бір жолға керт басына азаттық ап,
Дәулетбек елге бетті бұрған екен.
Ізінше басталыпты қайта тергеу,
Мұң болып құлжадайын қияға өрлеу.
Оралып өзі шыққан тас түрмеге,
Дұзақ боп өз беліне буған белбеу.
Сабазың мәңгілікке кете барған,
Кер заман дәуірледі есін алған.
Ол тұрмақ «қызыл сұңқар» Сәкен қайда?
Өткінші баяны жоқ дүние жалған.

Түйіндегенде, көне қоныстар мен жер атаулары замана шаңдағына көміліп көмескі тартқанымен, сорабы әлі өше қойған жоқ. Ор-Аба, Көктіңкөлі атырабының іші-сырты тұңған аңыз. Аңыз-тарих бастауы. Ешбір оқиға қаз қалпында өзгеріссіз жете қоймайды кейінгі буынға. Уақыт- соның бәріне төреші. Сәкен замана зобалаңынан қиналып тарыққанда бабаларын тегін еске алмаған. Тектілік-ұрпақтан ұрпаққа ауысатын, бүгінгі тілмен айтқанда,халықтың ұлттық коды. Қазақ халқының сапалық қасиеті-тектіліктен бастау алады. Сәкеннің бойындағы тектілік ата-бабадан ауысқан. Содан да сұңқар ақын: «Ор –Аба, Есіл, Нұра жерім еді, Қуандық, Қаратоқа елім еді» дей келіп,«Ескене, Бәйбек, Жәнбек- бергі атам,Қайырлы деуші еді ғой берген батаң,мехнат қиыншылық басқа түсті, жоқ еді істерімде ешбір қатам» деп ата-баба рухына шағынады. Текті атадан екенін ақын әр кез есіне алады. Демек, арғы атасы Жәмбектен(Жәнібектен) туған сегіз шетінен көкжал болғанын Сәкен жақсы білген. Мақажан мен Мұстафаның кісілігі Арқадан асқан. Мақажанның Битабары да алып күш иесі балуан болған екен. Сүйегі Қарашілікте жатыр.Битабар көтерген «қара тас» Қарашіліктен табылды. Тасты кезінде Сейфолламен қоныстас болған, көрші отырған

Тәстім Ысқақұлы (1900- 1984) осы жолдар авторына көрсеткен. Мұстафаның Дәулетбегін көрген тоқаның үлкендері (Секербек, Әпенде, Мүштаба, Тәстім, т. б.) «жігіттің сұлтаны сондай-ақ болар» деп бастарын шайқайтын. « Серілігі қандай, ән салғанда дауысы көкке өрлеп кетер еді». Әкесі Мұстафа шешендігімен танылған, көз тоятындай еркектің сұлуы болған. Жігіт кезінде Мұстафа тақымынан көкпар бермепті. Билікке араласып, тоқа руының көшін бастағанда да алдына жан салмаған. Орысша оқыған ол оязға өтімді болған. Тұстасы Сайдалы сары Тоқаның өзін сұсымен ықтырған дегенді кәриялар айтып отыратын. Бір жолғы басқосуда (жүз жасаған Ахметбек Аманбекұлының (1903-2005) айтуы бойынша) Мұстафа Сайдалы сары Тоқаны ауыздан қойып жіберіпті дейді. Сайдалы сары Тоқа мейлінше бетті, күш –қайратына жан шақ келмеген мықты болған. Сөйте тұра Мұстафаға есе жіберген. Мұстафа ел жуандары арсында Сайдалы Қаңтарбайдың(Иса қажы) Исасына жер дауында бір ұпайын жіберіп алған екен. Ешкімнен беті қайтып көрмен Мұстафа Омбыға барған сапарында жол үстінде көз жұмған. Қазасына себепкерлер анықталмаған. Енді осы дерекке өз көзіммен көрген һәм естіген жайды кірістірейін. Мұстафадан туған Дәулетбектің өзін көрмесем де туған қызы Зүпішті көрдім. Суреті менде сақтаулы. Сондайлық келбетті әйел болмаса да, тұлға –тұрпатында ірілік бар екен. Мұстафадан Дәулетбек, Жәкен туған. Қызы Мәхүри көршілес Кәрсөн еліне ұзатылған. Атақты Таңыбай Көпбай болыстың баласы Мақашқа қосылған. Мәкүри жастай өліп, артында жалғыз қыз қалған. Ол- кәдімгі Сәкен ғашық болған Бәһрам еді. Жеңгелері Гүлім деп еркелеткен. Бәһрам қыздың көріктісі болған. Құсадан гүлдей солып мезгілсіз көз жұмған.Сәкеннің «Лашын» атты лирикалық толғауы Бәһрамға арналған. Белгілі жазушы Әуезхан Көшімов (1980) бұл оқиғаға арнап «Лашын» хикаятын жазған. Енді өзім куә болған жайды баяндайын. Алпысыншы (1960- 63) жылдары «Қызылтау» (Жаңаарқа ауданына қарайтын) совхозында Сәкеннің апасы (әйтпесе қарындасы) тұрады дегенді естіп, әуестікпен барып амандасқаным бар. Амандастым дегенім әншейін айтарға, бәйбіше жасындағы бойшаң келген ақсұр кейуана ақ киізден ойған сырмақтай өңін алдыра қоймаған екен. Кезінде әйел затының бәдендісі болғаны уақыт түрені із тастаған дидарынан өше қоймапты. Ақ-қарасы айқын нұрлы қара көздері тұнжыраңқы екен. Кісіге салқын тесіледі. Қасы жаңа айдың қиығындай. Маңдайы жазыңқылау. Саусақтары салалы, ат жақтылау келген бет құбылысына көтеріңкі қыр мұрыны шебер үйлесіп тұрғандай екен.Сәкеннің суреттегі кескініне қатты ұқсайды екен деп топшылағаным бар. Сөйтсем, ол Мұстафаның қызы Күлайша екен-ау. Мен ол жылдары білік –білімі тапшы ауыл мұғалімі болатынмын. Кейінде білдім, Күлайша Сартбастың Түскенінің бәйбішесі екен. Өспенде тұрған(кейінде қайтыс болған) Күләйшадан туған Түскен ақынның қызы Қалипа шешесінің ішінде кеткен мұңын, әкесінің халық жауы боп атылып кеткенін маған қолмен қойғандай қып еш қоспасыз нақпа-нақ әңгімелеп берген еді. Күлайша қыз

күнінде асқан сұлу боптьі. Жігіт сұлтаны Түскен ақынға ғашық боп қосылған екен. Түскен Мұстафаның қызы Күлайшаны алып қашып қосылыпты. Ақынның Күлайшаға арнаған өлеңдері сақталған.

Енді сөз басындағы мешітке байланысты дерекке тоқталайық. Ор-Абаның төңірегінде үш мешіттің орны сақталған. «Қожа көңіндегі» мешітті (Абаның қолтығындағы Көмір адырдағы) Ескененің Құлбегі патшадан ұрықсат алып салдырыпты. Ордың алқымында, бүгіндегі Ортау ауылы орталығының шығыс жақ шетінде Рахымбек қажының мешті болған. Бұл кісі Ескененің Сәйбегіне жатады. Үш мәрте қажылыққа барған. Репрессия құрбандығына (1928) шалынып айдалып кеткен. Үшінші мешіт-Мұстафаның Ақмешіті. Жергілікті өлкетанушылар бұл мешітті Қызылтау ауылдық округіне қарайтын Атасу өзенінің бойындағы Алтайдың Аралбай атасына жататын Ақмұстафаның мешітімен шатастырады. Анығында бұл мешіт те болған. Атасу өзенінің бойындағы Ақмұстафа мешітінің орны сақталған.

ОРТАУ АУЫЛЫ

«Ортау ауылы – Қарағанды облысындағы Шет ауданына қарасты (1973 жылға дейін Жаңаарқа ауданының құрамында болған) селолық округтің орталығы. Ақадыр кентінен батысқа қарай 40 шақырым жерде орналасқан. 1932-1953жылдар аралығында бұл жерлерде ҚарЛАГ бөлімшесі болған. 1953 жылы «қарлаг» таратылып, «Ортау» кеңшары құрылды. Бүгінде (1992) «Ортау ауылдық округі аталады. Жекешелендіру науқанында кеңшардың негізінде 71 шаруа қожалығы құрылды».

(Ортауым- алтын бесігім», Ібірахым Ісләмұлы,
Жомарт Қызбалаұлы, Қарағанды-2013)



Ортау ауылына жақындай бергендегі Ортау тауының жалпы көрінісі

Ауылдың көзге қанық кешегісі,
Бар еді бастаушысы, жетелісі.
Кеңестер Одағының күні бітіп,
Басталды жаңа қоғам төтелі ісі.
Дағдарды қызметін бұлдағандар,
Жалтарды - коммунистер, құр далаңдар.
Түп қазықта тапжылмай қала берді,
Туғал ауыл мекенін қимағандар.
Заманның тақым қысып құр атына,



Ортау жеті қазаны. Ортау тауының күншығыс жақ бетіндегі табиғаттың бір ерекшелігі. Жоғарыдан аққан су жеті рет қазан шұңқырларды толтырып барып, төмен ағып кетеді. Жеті қазанды көргісі келген әуесқойлардан маңы үзілмейді. Әттеңі, айналасын бүлдірушілер де жеткілікті.



Ортау адамтасы. Ескі Ортау ауылының сыртындағы биік тас мүсін. Мезгілдің әр сәтіне қарай құбылып, түрлі кейіпке еніп тұрады екен.

Қайратын қарсы қойып шығасыға.
Қолда барды бейнетпен қоғамдады.
Еңбекпен жетті солар мұратына.
Ауылда мал өсіріп шалқып отыр,
Мол сүттен ақ қаймақты қалқып отыр.
Ортаудың оза шауып озғындары,
Ойынды айттырмай-ақ ішке тоқыр.
Алға басты шаруалар қожалығы,
Танылып еңбектегі даралығы .
Қалайша көзім қиып ұмытайын,
Шаруагер Төлегендей қарағымды.
Не қымбат, дүниеде достық қымбат,



Исабеков Жаркей - Сағила ана



Ниязбеков Садыхан - Жамал апа



Ниязбеков Әділхан - Күлбибі апа




Жақыпбекұлы Секербек - Жүкыш ана



Нұрмаганбетов Сейілхан - Сәбила апа



Қарабекұлы Смағұл - Исақызы Бәт



Ақатаев Баттал -
Құлжанбекова Роза




Мұқышев Аманбай -
Жүнісова Сарқыт



Әбішев Иманғали -
Балқоңыр апай



Жақыпов Қабылда - Илә




Әбішев Сұлтанғали - Жамал ана



Оңайбайұлы Тама -
Бөкенқызы Кәнай

Ақындар жалықпастан өткен жырлап.
Төлеген мен Қадиша жолдасқа адал,
Көрмеген ақ пейілін досқа бұлдап.
Дариға, бұл жалғаннан олар да өтті,
Бұйрықты пендесіне ажал жетті.
Төрт түлікті толтырып қыр мен ойға,



Хасенов Рахман



Бейсенбеков Жағыпар



Өскенбекұлы Бидәулет

Басшылық, ұйымдастырушылық қызмет



Қошанов Толеу



Қошанова Зұлқия



Медеубаев Мұқатай



Боранбаев Иса зайыбымен



Төребеков Ұзақбай




Кәзімов Егінбай - Әбішева Әсия



Дәрібаев Қару

Мұра ғып баласына тастап кетті.
Ортауда Аманбайдың балалары,
Үздігі шаруагердің саналады.
Төрт қыстаудың иесі олар бүгін,
Қатарынан озғындап дараланды.




Әренов Төлеген



Жәнібеков Ертай



Карсембаев Дәурен



Түсіпов Ботай



Жамбылов Сайлауқали



Нұрмағанбетов Қаржаубай

Жақаев Жомарт фермер бағы асқан,
Еңбекте аты озғындап дара шапқан.
Қорғасындай салмақты мінезі бар,
Көп болмас Жомарт досқа жазсам дастан.
Шаруагер Бекет дара озғындады,
Ата қоныс дем берді өсті бағы.
Әбішбеков тағы бар Жұмағали,
Шаппай бәйге алатын дер уағы.

Бұл жазбаның негізгі өзегі жер атаулары боп табылады. Жер- адаммен ажарланады. Адамсыз жер құлазиды. Аң-құссыз, малсыз және сәні келмейді. Ортау ауылының өткенін (Кешегі социалистік құрылыс кезеңін) мансұқтауға әсте болмайды. Бұл қоныс (ауылдар) қазақ қауымына ұйтқы болып мал –басының өсіп өнуіне жол ашты. Осы топырақта (кеңшарда) шыр етіп дүниеге келген жас буын бүгінде ел ертеңіне қызмет көрсетіп жүр. Туған ауылының гүлденеуі үшін тер төккен аға буын ілгерілеп (келмес жаққа) кетті. Соларды еске алмасқа бола ма? Бәрін бірей атап өтуге мүмкіндік жоқ. Кезінде ауылға (кеңшар директоры) басие болған Егінбай Қазімов, Қару Дәрібаев сынды азаматтардың рухына тағзым. Кеңшар шаруашылығының әр салсында қызмет атқарған Шоланұлы Жәркеш, Медеубаев Мұқатай, Әлжанов Кенжалы, ҚошановТөлеу, Жағыпар Есенбеков, Манап Бөстеков,Сағынтай Әбішев, Аманбай Мұқышев,Жақаев Балтабай, ағайынды Иманғали, Сұлтан, Еркеш Әбішевтер, Мақымов Демесін, Өтемісов Зәт, Кәзімов Аманжол,Молдашорин Келсімбек, Баттал Ақатаев, Тама Оңайбаев, Зәйім Шәкіров, Боқан Жақыпбеков, Батай Түсіпов, Егінбай Тілеуханов,Әренов Төлеген, Бекен Смағұлов, Ұзақбай Төребеков, Жамбылов Сайлау, Әбдікамалов Жұман,Әбішев Жақсылық,Жақыпбеков Қошқарбай, Аяпбергенов Болат, Әбдікадыров Қабдеш,Сыздықов Ақтай, т.б. ауыл келешегі үшін адал қызмет атқарған ардагерлер еді. Басқа да ортаулықтар менің көңілімде. Туған ауылынан қия баспай отырған Дошанов Демеу, Мамытов Аманкелді, Жақанов Дихан,Нұрқайдаров Әуесқан, Тәжіқұлов Мешітбай, Тұржанов Жандарбек, Мусин Сәт, Жағыпаров Серғали, Нығызбаев Қайролла сынды ауыл жанды, жер жанды бауырларға ішім жылиды. Түп қазықта отырған ауылдың «жаутаң кездері» маған туғанымдай ыстық көрінеді. Ортау ауылы тұрғындарының дені «Ортауым – алтын бесігім» (2013) кітабында қамтылған. Ол кітапқа менің де қосқан үлесім бар. Ортаудың сай-саласын ақтылы қойға толтырған данагайыр шопандар – Мүштаба Әшірбеков, Кәрім Тойшыбеков, Бекішов Әсемі, Нұрмағанбетов Тәжігұл, Әбішбеков Балтабай, Тұрар Сембековаңың есімі ел есінде.

ОРТАУЫМ – ҚҰТ МЕКЕНІМ

Әні- Ысқақ Тәукейұлы
Сөзі- Өмір Кәріпұлы

Ортауым – жерұйығым құтты тұрақ,
Сай-сайдан тулап аққан қайнар бұлақ.
Асқақтап бұлтқа оранған егіз биік,
Тұрғандай анамдай-ақ жаулық бұлғап.
Кіндік қаным тамған мекен,
Алыс кетсем арман мекен.
Анашымдай көзіме ыстық,
Сағынышым болған мекен.
Тау ұлы туған жердің жас ұланы,
Даңқыңды асқақтатып асырады.
Киелі Сәкен туған Ор-Абаны,
Бұлттар да бір көруге асығады.
Бұлақтары күліп аққан,
Шежірелі сыры дастан.
Туған ауыл Ортауыма,
Ән шалқытып жаздым дастан
Құтты жер бауырынан ел кетпеген,
Шүйгінді төскейінен мал кетпеген.
Өнерлі шеттерінен өрендері,
Күй шалқып, шаңырақтан ән кетпеген.



"Ортауым - құт мекенім" әнінің авторлары: ақын-жазушы ***Өмір Кәріпұлы****, сазгер* ***Ысқақ Тәукейұлы, Төлеген ағай Әренов,*** *сондай-ақ артқы қатарда ақын* ***Алтай Смет****, өлкетанушы, жазушы* ***Төрехан Майбас****, ақын, журналист* ***Жұлдыз Тойбек***

ОР-АБА ТАУЛАРЫ

Әр қоныс – қыстақтың, қасиетті орындардың, елді мекендердің, түсінікті тілмен айтқанда, «төлқұжаты» болуға тиісті. Ортаудың әрідегі «өмірбаянына» тереңдеп бару мүмкін емес. Ор-Абаның қолтық -қойнауын жүлгелеп шығуға, шындығына келгенде, бір адамның ғұмыры жетпес еді. Жер – су елді мекендердің көлеңкелі жағын қопсыта берудің кейінгі буынға пайдасы жоқ. Десек те, Ор-Аба жаралы жылдардың жаңғырығын басынан көп-көп өткерген көмпіс тау. Иығымен көк тіреген сұстан ада. Табиғат жарықтық ибалы келмей ме, кеуде көтеретін омыраусоқ өктемікке жоқ, момақан қалпынан жаңылмайды. Әйтесе де, тауда да мұң болады, көп жасаған данагөйдей уайымшыл келеді.

Кәрі тау Ор мен Аба егіз биік,
Ой қыстап өр кеудесін тұрар сұлық,
Көне тау көп жасаған кәриядай,
Томсарар заман сырын іші біліп.
Тойпаңын замананың көп көріпті,
Басынан тас дәуірін өткеріпті.
Қола дәуір куәсі- жадында тұр,
Қаз қалпында тарқатар өткен істі.
Қалықтап бұлттар жетіп оң мен солдан,
Шудасымен құрсаулап орап алған.
Ескілікті аңызда айтылады,
Кәрі тау Жошы ханға мекен болған.
Ежелгі ескі жұртта тұрғылықты,
Жалпақ жұрт бұл аңызды жыр қылыпты.
Көктіңкөлін ерулеп саятшы хан,
Лашынға сұқсырды ілдіріпті.
Тауда тіл жоқ, буылып айта алмайды,
Тас кеудеде бұқтырған ойсаң жайды.
Сарыарқаның момақан көк төбесі
Азырақ жыр толғайын Ортау жайлы.
Ортау бұл ырысты жер құтты мекен,
Арқар,елік мыңғырған алабөтен.
Қызыл алтай түлкісі көзді арбап,
Күн көзіне жарқырап жанады екен.
Бүгінде Ор мен Аба аңнан ада,
«Қасқыр тірлік» ұйпаған бар ма шара!?
Аңнан шола болғанмен, ел кетпеген,
Шүкірлік деп Аллаға еттік тоба!


ҚАРАШІЛІК

«Қарашілік- бұйығы қыстау. Таудың қысаң қолтығын қуалай өскен шілікті тоғай мейлінше қою. Бойшаң қыздың тоқ бұрымындай шұбатыла созылып барып кілт үзіледі. Тал жиегіндегі тас қоралы екі үйдің біреуі Кәдіш молланың құттыханасы.

Оған таяу Ысқақтар тұрады. Сятшының үй-қорасы биік шоқыға таман. Қораға тіркес үйдің терезелері құбылаға қараған. Түстікті меңзеген сыртқы қақпа үлкен. Қанатын жая ашылғанда, түйелі шана емін-еркін кіріп шыға береді. Кіре берісте сол қол жақта шағын шошала, оған тұспа-тұс қоржын үйдің есігі. Қазақы тұрмысқа қолайлы, қоржынның екі басы тәрізденген бөлменің біреуі - қонақ жай, екнішісі отағасыға тиесілі тұрақ. Кіреберісте қазандық тұр. Тоқсыра қараған сары қидың қызуына бусанған шұнақ құлақ қара қазан тоқтық белгісін танытып қақпағынан бу атады. Терезелердің кәсегі қиюлы, әйнектері жақында ғана ұстасқан қабыршық мұздай мөп –мөлдір. Сырттағы шуақ ішке емін-еркін төгіледі,іргелес түпкір бөлменің есігі сыртта. Бұған кіріп шығатындар сараң, тек Жамалекең ғана бас сұғады. Қыздырманың күлін алып, күніге бір мезгіл от жағу - дағдылы машығы. Мұндағы жиһаз жұпыны, қыз жасауындай әлемішті емес,салт жігіттің жатын орнындай жинақы. Бұрышта талдан иілген тербелмелі бесік. Қабырғаға шағындау тықыр кілем ілінген. Кілемнің нақ ортасына Сәкеннің қолдан салынған үлкен



Қарашілік. Зиялы қауымның Қарашіліктегі басқосуы



Сәкен Сейфуллинге туған жері Карашіліктегі ескерткіш



С.Сейфуллин 1937 жылы тұтқындалғанда осы киімін киіп кеткен.



Солдан оңға қарай: Сұлтантөре, қызы Зурә, Мастурә Халфина (Шоқанның қарындасы, Бәдіғұлдың қызы, Рахманың шешесі), екі адам белгісіз, Рахима Ақпарқызы. Екінші қатарда төртінші адам Шақыш Құдаймендиев, Ақмолада мектеп директоры болған. Сәкен Рахимамен осы кісінің үйінде танысқан.

портреті ілулі. Жамалекең мұнда кірген сайын баласының қияпатты суретіне ұзақ тесіліп іштегі сағынышын азадап тарқатқандай болады.

«О, ботам сол! Жарығым сол!» Ал бұл кезде саятшы түкпірдегі құсханада отырады...»

(«Саятшы», хикаят. Өмір Кәріпұлы «Серілер мен перілер», «Фолиант» баспасы, Астана-2004)

Құбылып сайқал заман тұрар алдан,
Кімдерден өтпес дейсің мына жалған.
Қарашілік қыстауын мекен қылып,
Сейфолла- ит жүгіртіп, бүркіт салған.
Қыстау бар Сәкен туған Қарашілік,
Бұл өзі өзге жерден дара шілік.
«Сандықтас» сол қыстаудың желкесінде,
Етегін өрнектеген бала шілік.
Отырып «Сандықтаста» өлең жазған,
Төгілген жыр жолына іштегі арман.
Тарихи мәнге ие Қарашілік,
Бүгінде ұрпақтарға мекен болған.
Ол туған Ор –Абаны араладым,
Еске алған тарыққанда бабаларын.
Құс салып саят құрған ақын мұнда,
Шырқаған тау ішінде саналы әнін.
Сәкеннің кіндік қаны тамған мекен,
Ойлы жан естілерге арман мекен.
Талшындай сүмбіл шашты көзге ыстық,
Сағыныш мұңлы жанға болған мекен.
Бұлақтар сыңғыр қағып күліп аққан,
Шер көкірек шерлідей сыры дастан.
Ежелгі ата-баба құт мекені,
«Тау ішінде» деп Сәкен ән шырқатқан.



Сәкен Сейфуллиннің 100 жылдығында:
***Әмина** (Сәкеннің келіні),**Өмір Кәріпұлы**.Ортау.Қарашілік.*

Әлқисса, осы жолдар авторының қасиетті ақын туған өңірге бауыр басуы 1978 жылдан басталды. Ақадыр ауданына (Ақадыр кентіне) кеп ірге қостым. Ол жылдары аудан орталығы тым қораш жүдеубастау еді. Бір ескі үйге (сатып алып) кіріп, «Ақадыр таңы» газетіне жұмысқа тұрдым. Мұғалімдіктен газет жұмысына кірісуім алғашқы кездері маған ауыр тиді. Газеттің таусылып бітпейтін өнімсіз жұмысы зықымды шығарды. Бұған дейін бір кітап «Сарыбел сазы» повестер («Жалын» баспасы-1977) шығарған едім. Оным есепке алынбады. Газет тілі жүрдек келуге тиісті. Соған бейімделе алмай, қаламым кібіртіктеп, мақаланы өндіре алмай жүрдім. Ойда жүрген жазылуға тиісті әңгіме-повестердің сюжеті және қинайды. Бір жолы «Ортау» совхозына жолым түсті. Бөлімшелерді аралап шығуым керек. Совхоз директоры (« Ақтау» совхозында болғанбыз) Егінбай Кәзімов мені «мәшинесіне салып алып» қыр асып кете барды. Бағытымыз – Қарашілік. Қасымызда сұлу мұрт Секербек ақсақал бар. Ол кісі ойын баяу өрбітеді, соған қарамастан сөзі мейлінше дәйекті. Совхоз директорының Мәжит Сейфуллиннен ұқтым деген пікіріне түзету енгізіп тастайды. Сонымен, не айтары бар, сол жолғы іс сапарым өзім үшін пайдалы болғанымен, газетке жарытып мақала ұсына алмадым. Редактордан ескерту алдым. Өзімнің жазу мәшеңкеммен «Сәкен отырған Сандықтас» естелігін бір деммен жазып шықтым. Мақала «Қазақ әдебиеті» газетіне іле басылды. «Сәкеннің кіндік қаны Қарашіліктің топырағына шыланған» деген пікіріме Жаңаарқаның белсенді азаматтары қарсы шығып, сыртымнан «сөгіс» беріп жатты. Мәжит Сейфуллин Өспенге (1980) келген сапарында мені арнайы шақыртып алып газеттегі пікірімді қолдап, құшағына алып батасын берді. «Сәкен күзде қазан айында дүниеге келген. Жайлауда



Қарашілік. Сәкен Сейфуллиннің әкесі Сейфолланың үйі

Иманақта туды делінген дерек екіұшты,сенікі жөн» деп ағынан жарылды. Менің Қарашілікке ойысуым осыдан басталды. Сәкенді өздеріне басы бүтін меншіктеп алған жаңаарқалықтар мені онша ұнатпай теріс айналды. Сәкеннің Жаңаарақада өткен 90 жылдығына (1984) қатыстырмай тастады. Өз бетімше барған мен мәдениет үйіндегі салтанатқа кіре алмай «далада» қалдым. Жабырқаңқы түрімді байқап қалған Мәкең (Мәжит Сейфуллин) қолымнан жетектеп кеп ішке кіргізіп жіберді. Сәкеннің 90 жылдық салтанаты Сәкен Сейфуллин совхозында жалғасты. Мәкең (Мәжит Сейфуллин) мені қасынан қалдырмай ертіп жүрді. «Шығарған өлеңіңді жасқанбай оқы» деп пысықтады. Өзі қадағалап отырып сөз бергізді. Ол жылдарда (Советтік заманада) ақын-жазушылардың төбесі көк тірейтін еді-ау! Совхоз орталығындағы мәдениет үйі көзге қораштау көрінгенімен іші кең екен. Біраз адам жиналды. Сахына төрінде кілең ығай мен сығай. Аудан басшылығынан бастап облыс өкілдері бар. Қазақ әдебиетінің марақсқасы Ғабидан Мұтсафин бастаған ақын –жазушылар-Серік Қирабаев, Тұрсынбек Кәкішев, Қадыр Мырзалиев алма кезек сөз алып, қызыл сұңқар Сәкенге жыр арнады. Тықыршыған мен қолымды көтеріп сөзге сұрандым. Жиынды басқарып отырған дөкейге сөзін өткізе алмаған Мәжит аға маған қолын бұлғап, сахнаны нұсқады. Сахынаға жеңіл көтерілген бойда өлеңді жатқа оқи бастадым.

Шіркін-ай, Сәкен ақын қандай екен?!
Жігіттің ақсұңқары маңдайы екен.
Қадалып қараймын да суретіне,
Ертерек тумадым деп арман етем.
Ертерек тусам оны көрер едім,
Жолғып талай сәлем берер едім.



Қарашілік. Сәкеннің 100 жылдығына мемлекеттік қайраткер Қасымбек Медиев қатысты

Табиғат өзгеше қып туған жанды,
Ақиық қыран құсқа теңер едім.
Мекені Ор-Абаны араладым,
Еске алған тарыққанда бабаларын.
Құс салып, ит жүгірткен ақын мұнда,
Шырқаған тау ішінде саналы әнін.
Қыстауы Сейфолланың- Қарашілік,
Өзгеше мәнге ие дара шілік.
«Сандықтас»-сол қыстаудың желкесінде,
Ақынға тұғыр болған санасы нық.
Отырып «Сандықтаста» өлең жазған,
Төгілген жыр жолына іштегі арман.
Тарихи мәнге ие осы қыстау,
Бүгінде жұрт көзінен оқшау қалған.
Менің де өлеңменен айтарым бар,
Жыр десе қозып кетер сайтаным бар.
Сәкеннің тауған жері- Қарашілік,
Ақынды өз ауылына қайтарыңдар!-

деп жырды аяқтағанда, залда отырған қалың жиын ду қол соғып дүбірлеп кетті. Мені алма кезек құшақтап қолдау танытты. Сәкеннің кіндік қаны тамған Қарашілікке бетбұрыс осы кештен басталған болатын. Содан былайғы жерде Ақадыр ауданы да Сәкенге ойысып, Қарашілікті назарда ұстады. Ақын шығармашылығына байланысты мәдени шаралар Қарашілікте өтетін болды. Жезқазған облысының басшылығы да бұл шараларға оң көзімен қарады. Сексен алтыншы жылдың дүмпуінен соң, ел ішінде «қозғалыс» басталып ұлттық сана



Қарашілік. Сәкеннің келіні Әмина, жазушы Шәрбану Құмарова, Мұстафаның Дәулетбегінің жалғыз қызы Зупыш

ояна бастағаны жасырын емес. Коммунистік партияның сығымы босаңси бастаған қарсаңда, басқа аймақтарды қайдам, Жезқазған облысы көлемінде түрлі мәдени шаралар жиі өтіп тұрды. Қарашілікте ақын тойы (1990) дүркіреп өтті. Алматыдан Оралхан Бөкейев, Ақселеу Сейдімбек, Шәрбану Құмарова, Ілия Жақанов бастаған ақын-жазушылар тойға қатысты. Сәкеннің жақындары – Мәжит Сейфуллиннің бәйбішесі, ақынның келіні Әмина мен қызы Рымжан Сейфуллина, Рымжанның жолдасы профессор Қарпық және басақа да туыс-туғандары тойға келді. Апбаз Қаражігітов, Хамит Жаманов, Свет Оразаев, Айтақын Жексенбаев бастаған жергілікті ақындар тойға жырдан шашу шашты. Ақын тойының салмағын «Ортау» совхозы көтерді. Совхоз директоры Қару Дәрібаев, кәсіподақ төрағасы Егінбай Тілеуханов, партком хатшысы Ұзақбай Төребеков, ақынның жақын туысы Боқан Жақыпбеков тойға қатысқан қонақтарға сый-құрмет көрсетіп, аяқтарынан тік тұрды. Қарашіліктегі ақын тойы Жезқазған облысы басшылығының назарында болды. Жыр салтанатына облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Қасымбек Медиев арнайы келді. Ақадыр ауданының басшылары В.Л.Карепов, А.Штро тойды жіті қадағалады. Аупарткомның идеология жөніндегі хатшысы Жазыкен Томпиев ақын тойына жанын салды. Ақылшы көмекшісі ретінде мен жүрдім. Қарашілікте киіз үйлер тігіліп, ат бәйгесі өтті. Жергілікті ақындардың айтысы жұрт назарын өзіне аударды. «Өспен» совхозынан Боранбай (Маясар ақынның немересі) ақын жыр сайысын бастады.

Азамат, жүнжіме деп жар сап еді,
Есімі бар қазаққа ортақ еді.
Қыраны Ор-Абаның сұңқар Сәкен,
Өзінің мекеніне қайта келді.
Ойлама менен жырда артыламын,



Қарашілік. Той қонағы көрнекті композитор Ілия Жақанов

Айтыста сұқсыр ілген қаршығамын.
Тау қыраны лайық Ор-Абаға,
Ақынды Жаңаарқадан тартып алдым.
Боранқұл ақын:
Жазғырма, ақын достым, текке мені,
Көрші аудан бұл сөзіңді жек көреді.
Сәкеннің рухына біле білсек,
Еңбегі Жаңарқаның өткен еді.
Кім жетер тіршілікте арманына,
Ілінді –ау кер заманның қармағына.
Дегдары қазағымның қайран Сәкен,
Құрметтеп бас иейік аруағына.
Бір туар жан еді деп келісімді,
Ұрпақтар аңыз етер әр ісіңді.
Түртпектеп сай –жыраны әлі жүрміз,
Таба алмай жер бетінен бейітіңді.
Ақынның өзі өлсе де жыры өлмеген,
Бүгінде ақын аты шын өрлеген.
Сұрасаң жеті жасар баладан да,
Мен жатқа ақын жырын білем деген.

«Қарашілікте» өткен Сәкенге арналған поэзия мерекесі маған үлкен міндет жүктеген еді. Жалықпай ізденудің нәтижесінде «Саятшы» (1989) хикаяты туындады. Бұл хикаятта мен саятшы Сейфолланың бейнесін сомдадым. Ендігі кезекте, жұрт ықыласы бүркітші Сейфоллаға ауған еді. Қарашілікті бір жолата меншіктеп алған ақадырлықтар облыстың қолдауымен құлашты кеңге салды. Саятшы Сейфолланың Қарашілігінде алғаш рет «Бүркітші қансонарда» деген (1991) саятшылардың республикалық байқауы өтті. Аншылық салтанатының есебі облыстық «Сарыарқа» газетінде жарияланды. «Бүгін (5.12.1991) Ақадыр ауданы жұртшылығы атақты перзенті С.Сейфуллиннің кіндік қаны тамған Қарашілікте ұлттық құсбегі аншылық өнері байқауын өткізіп



Қарашілікте. Өмір Кәріп пен алматылық эколог

жатыр. Тамаша бастама,-деді Республикалық аңшылар және балықшылар қоғамының төрағасы «Бүркітші қауымдастығының» президенті Шайхеден Бұрғалиев, - Бұл өнердің тамыры терең де. Соңғы ондаған жылдарда бұл игілікті өнер ұмытылуға айналды. Ендігі мақсат - осы өнерді ұрпаққа кең тарату, дәріптеу. 1913 жылы қазақ жерінде бүркітшілердің тұңғыш тойы өткені белгілі. Сол дәстүр Сәкен күндеріне байланысты, міне, Ақадыр жерінде қайта көрініс тапты - деп атап көрсетті. Осы халықтық өнерді дәріптеуге, оның кез келген түсіне бермейтін ғажайып тағылымын көзбе-көз көрсетуге арналған осы байқауға сонау Алатау бөктерінен атақты бүркітшілер Сәрсебек Дәулетбеков,Әбілқақ Тұрлыбаев тәрізді саятшылар қыран бүркітімен келген еді. Құсбегілік білгірлігімен басқаларды тәнті екен Сәрсебек пен Әбілқақ сонау биіктен бүркіттерінің томағасын тартты. Кешелі- бүгінді қолға тірідей түсірілген қарсақ пен түлкі ақ қар үстінде жортақтай жөнелгенде, шабытты қыран жемтігіне құйыла төгіліп іліп-ақ түсті. Бұл құс Сәрсебек саятшының қапысыз баулыған қыраны болатын. Екінші кезекте Әбілқақтың қара шегірі қанат қомдады. Жалтара қашқан қарсаққа сыпыра кеп түсті. Шеңгеліне түскен жемін оңайлықпен босатар түрі жоқ. Одан әрі қалың жұртшылық қаршығаның қимылын тамашалады. Қас қағымда талай көк кептердің түте-түтесін шығарды. Шет ауданынан келген жас бүркітіші Х. Жаздыбековтың жас қыраны да жеміне қапысыз түсті. «Осындай алапат көк тағысына тіл үйретіп, айтқанына көндіріп жалықпай баулыған құсбегілер шын мәніндегі сұңғыла жандар болар» деп талайлар таңдай қақты сол күні. Құсбегілер мерекесіне қатысып бүркіттерінің өнерін көрсеткен саятшыларға ат мінгізіліп, бағалы



Қарашілікте қансонарда өткен Республикалық бүркітшілер байқауы. 1991 жыл

сыйлықтар тапсырылды. Ор-Аба таулары сауырында өткізілген бұл байқау шын мәнінде, ұмытыла бастаған ұлттық өнерді дамытудың жаңа бастамасы болғаны да күмән туғызбайды. Өнердің өркені өсе берсе, халықтың да халықтық қасиеті ояна бермек» (А. Қаражігітов, ССРО Жазушылар одағының мүшесі) Сәкен Сейфуллиннің 100 жылдық мерекесі де Қарашілікте тойланды. Кейінгі буын осы жолдар авторын дұрыс түсінсін. Сәкен шығармашылығы мен өмір жолын зерттеп зерделеген сәкентанушылар баршылық. Атап айтқанда, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Серік Қирабаев, Тұрсынбек Кәкішевтен бастап ақынның «тар жол, тайғақ кешуде» өткен ғұмыр-тіршілігін зерделеп екшеген байыпты да байсалды жазбалар (естелік, ғұмырбаяндық шығармалар, әңгіме-повестер, драмалық шығармалар, өлең –дастандар) жетіп артылады. Алайда біз Сәкеннің шынайы бейнесін (образын) толық сомдай алмай келеміз. Ендігі кезекте, құрғақ естеліктен де ақынның кіндік қаны тамған ата қонысы Сейфолланың Қарашілігіне «тіл бітіруіміз» керек. Оның мәнісі- Қарашіліктегі үй –қораның іргесін жатпай –тұрмай көтеру. Солай ету арқылы Қарашілік мемориалдық кешені, дала мұражайы тұрғызылғаны жөн. Қазақтың даласы кең. Сол ұлы даланың апай төсі ескерткіш белгілерге тұнып тұр. Қарашілік-қастерлі де қасиетті қыстау.

Жас ұрпақтың ұлттық санасын оятатын киелі мекенді елеусіз тастаудың қисыны жоқ. Ұлттық ояну елбасымыз белгілеген «Туған жер» бағдарламасынан бастау алады. Бұл бастамаға қолдау білдіру әр саналы азаматтың борышы.



Қарашілікте өткен республикалық саятқа Алматы облысынан келген бүркітшілер Сәрсебек пен Абылхақ

Ортаудың көз жіберсем өткеніне,
Мұңайып қабақ шытар көкте күн де.
Шарпысып ақ пен қызыл майдандасып,
Бұл таудың «қырғын» болды бөктерінде.
Ғайыптан тамам кедей бағы жанды,
«Белсенді» атып асты «бағыланды»,
Байлардың малын алып жер аударып,
«Қызылдар» тау ішінде ойран салды.
Малсыз қап қара халық тентіреді,
Еріксіз босқын қылды еркін елді.
Қаңырап атамекен иесіз қап,
Қоңырсық өрт жайлады құба белді.
Қашаннан еншілес қой сор мен азап,
Қырылды тау ішінде малсыз қазақ.
Иесіз сол мекенге «қарлаг» орнап,
Ор-Аба жат қолында болды мазақ.
Жесірдей дала желі сарнап тұрды,
Жетімдей боз даланы үсік ұрды.
«Отыз жеті» ойраны лаңында,
Кәмөнес белсендінің мейлі білді.
Зұлымдық сансыратып ерік –күшті,
Тағы да өрт шарпыды кеңістікті.
Өзі қолдап жырлаған тапсыз қоғам,
Сәкеннің жаналғышы болып шықты.
Әділет кемесінің желкені еді,
Адамзаттың сұлуы көркем еді.
Сұңқар ақын Сәкенді есіне алып,
Ор-Аба әлі күнге теңселеді.
Менің де кейістік бар қабағымда
Заманның миым жетпес амалына.
Құлжасынан айрылған тау мұңайып,
Беймезгіл мұң тұнады жанарына.
Кер құлжа- емес пе еді таудың сәні,
Сәкендей текті тұлға елдің сәні.
Арда күрең жүйрікті арқан шалмай,
Тауымның аман жүрсін қырандары.

Түйіндегенде, Ортау өңірі жер шұрайы саналады.Бұл атырапты Кеңес үкіметі орнамай тұрғанда,Ақмола уезіне қарайтын ру-ұлыстар (Қуандықтың Алтайына жататын, Сайдалы, Аралбай, Қалыбек рулары, Қуандықтың Қарпығынан тарайтын Тоқа рулары) қоныстанған. Кеңес өкіметінің солақай

саясатының салдарынан жергілікті тұрғындар жиырма сегізінші жылдың кәмпескесі (қанаушы тап деп байлардың қолдағы жеке меншік малдарын тәркілеп алған) отыз екінің ашаршылығында бет-бетімен бас амандап тарыдай шашылып кетті. Тау арасында қалғандар аштықтың құрбаны болып сай-сайда көмусіз қалды. Замана зобалаңы дала төсіне айықпас жара салды. Сол жараның орны әлі бар. «Карлақтың Ортау бөлімшесі 1932 жылы Бұрма бөлімшесінің лагерьлік пункті болып құрылып, 1933 жылы бөлімшеге айналдырылды. Мал шаруашылығымен айналысатын бөлімше боп жұмыс атқарып тұрды. Алғашқы кеңсесі руы Аралбай Жәкеш қалпенің мешітіне орналасты. Қарлаг тұтқындары барақтарды, мал қораларын, күзетшілерге казармалар, бастықарға тұрғын үйлер салды. Құрылысқа ескі үйлердің материалдары пайдаланылды. Бейіттерді бұзу фактілері кездесті. Қарлаг кезінде қазақы атаулар жойылып, жер аттары нөмірленіп, бірінші, екінші, үшінші хутор, т.б боп белгіленді. Қаңтарбай сайы (қыстауы), Ақсай, Битабар көңі, Рахымбек қажы көңі, Тоқа Жәмпейіс қыстағы, Жамантай сайы, Сартбастың Жырық құдығы, Бостанбек, Қақсал көңі, Қойтас сияқты ауылдар бұрмаланып: Караван сарай, Бандит ауылы, Каменнный, Горелый, т. б. аталды. Тұтқындарды ататын жерді «Мертвая шель» деп атаған. Байырғы атаулары көмескіленіп, ұрпақ жадынан шыға бастаған қоныс-қыстақтарды (бәрі болмаса да) жас буынның (келер ұрпақтың) есіне салғанның сөкеттігі болмас. XXI ғасыр миграцияға (қоныс аударуға) жол ашты. Сыртқы миграциядан да, ішкі миграция да тоқтаусыз жүріп жатыр. Ауыл тұрғындары қалаға орнай бастады. Бұл- болмай қоймайтын замана өзгерісі. Бұл өзгерісті ғылым тілінде «урбанизация» деп атайды. Бұл терминнің мағынысы- жаңа қонысқа орналасу, көші-қон үдерісі. Ауыл қазақтары жаппай болмаса да қалаға орнап жатыр. Ертеңгі күні (заман арнасына түскенде) олар (солардың ұрпақтары) ата-бабасының ежелгі қонысын, әке-шешесінің кіндік қаны тамған қара қордасын іздейді. Келер ұрпақты шатастырмас үшін жер-су, қоныс-қыстақтардың топономикасын, географиялық атауларын қайта пысықтап, ежелгі көне атауларын қалпына келтірудің ығыты енді келді. Туған ауылдың тарихы ел тарихымен сабақтасып жатса ғана ұрпақ санасында қалады.



Қарашілікте Сәрсебек бүркітші және жазушы Өмір Кәріпұлы 1991 жыл

АҚСАЙ

Ақсай – Ордың батыс жақ аңғарында,
Бір әулеттің қоныс боп мал –жанына.
Үйелеген құлын –тай құрағына,
Жалды боп тұқым шашқан арда құла.
Ақсайдан тас бұлақтар тулап аққан,
Ор биігі- сүйеніш әуелбастан.
Кәриядай батагөй ойға батып,
Сырларын мәлімдейді өткен бастан.
Белгісіз бұл аңғарда өткен заман,
Тарихтың қойнауына кеткен заман.
Күні кеше Ресей патшалығы,
Жер шұрайы Ортау деп болған алаң.
Ақтауға «Сені ме!?» деп бекініс сап,
Көктіңкөлі, Ортауды қолтыққа ап.
Шүйгінді бұл өлкеге қызыққан ғой,
Жер сөлін сорсам-ау деп орнатып бақ.
Дегені патшалықтың болмай қалған,
Хан Кене «отаршылға» ойран салған.
Ақтаудың бекінісін талқан еткен,
Ортау жері «мұжықтан» аман қалған.
Ақсайды Аралбайлар қоныс еткен,
Осы аңғарға қыстау сап ірге тепкен.



Өмір Кәріп. Қайран нағашыларымның ата қыстауы Ақсай осы

Аралбайдың өнікті бір атасы,
Өмірден тарағандар мекен еткен.
Өмірден Жиенәлі, Кенже туған,
Кенже атадан Битабар белін буған.
Балуан-Шолақ беріпті оған бата,
Күресте салған еді жолды тыңнан.
Атақты дін сүлейі Шаққан қажы,
Өмірдің тармағынан -болған әжі.
Жұмаділдин Асан да осы атадан,
Бұқпа Әшімов нағашым бар ғой тағы.
Жиенәлі атадан Нәукен шыққан,
Нәукен байдың сесінен қасы ыққан.
Елеусіз Наукен байдың ағасы екен,
Елеусізден Рахымжан дара шыққан.
Рахымжан- қол күшке мығым болған,
Ұстасқанды жапырған оң мен солдан.
Ер үстінде тік тұрып шабады екен,
Сайыскер ат жалында ырғын болған.
Бойы озып тамам жұрттан тұрады екен,
Қан қызу көкпар оның құмары екен.
Тақымнан көкпар бермей жұлқысқанда,
Әкесі «бозқасқалап» тұрады екен.
Рахымжан шешемнің бауры еді,
Дер еді бет қаратпас дауыл еді.
Қылшылдаған қырқында арманда өтті,
Жоқтады арысым деп қауым елі.
Деп шешем төгілдіріп көздің жасын,
Дауыс сап жоқтар еді жан ағасын.
Ақтың ба, қызылдың ба солдаттары,
Ауылға ойран салып тонағасын.
Шыдамай тамам жауға ұрыс салған,
Сойылды тастай беріп қылышты алған.
Ақтың ба, қызылдың ба, әпесерін,
Тайқымай қандауыры бірақ жарған.
Өзі де сол шайқаста мүрдем кеткен,
Қапылыс қырық жаста ажал жеткен.
«Қызылдың командирін өлтірген» деп,
Сол себептен аты оның мүлдем өшкен.
Артында қалған еді жалғыз бала,
Аштықта көз жұмыпты бар ма шара?!

Аты да, заты да оның қалмай артта,
Деп анам жүрегіме түсті жара,
Булығып қоймай -қоймай жылар еді,
Бұл бір жай керт басыма сынақ еді.
Нағашым тегін адам болмаған ғой,
Арқаның бұған куә құба белі.
Ақсайды көрген сайын ішім ашып,
Жүрегім езіледі бір мұң басып.
Рухы нағашымның демесін боп,
Жігерлен дейтіндей ме болма жасық!

Тұжырғанда, Ақсай «қарлаг» тұсында «сегізінші хутор» атанған. Ақсайды шешем Елеусіз қызы Дәметкеннің(1900- 1970) төркін жұрты қоныс еткен. Қысқы қыстауылары екен. Өмірден (Аралбайдың бір баласы) Жиенәлі, Кенже туғанда, Жиенәліден сегіз бала өрібіген. Сегіздің бірі- Әбілбектен Елеусіз, Қара, Наукен, Сармолла туған. Сармолла қажыға (Меккеге) барған. Елеусізден Рахымжан, менің шешем Дәметкен туған. Наукен байдан Әбжікен, Кәрім туады. Сарымолладан Ахмедия, одан Аманбай туады. Онда біз «Қызылтау» совхозының №3 бөлімшесінде тұратынбыз. Әкей 73 жасында қойдан шығып,демалыс алған. Мен бастауыш мектепте мұғаліммін. Шешей екеуміз(1965) совхоз орталығынан қатынайтын автобуспен Жаңаарақаға (совхоз бен аудан орталығының қашықтығы 110 шақырым.) сапарлап шықтық. Ортаудың батыс беткейін етектеп келе жатқанда, шешем тау аңғарындағы ескі үй –қораларды нұсқады. «Бұл мен шыр етіп жерге түскен Ақсай ғой,жарықтық! Әнебір шеткергі төмпей біздің үй –қораның орны, бізге тіркес Жәмппейіс көкемдер отыратын.(Біреулер тоқа Жәмпейіс көңін аралбай Жәмпейіске жапсырады.) Анау тұс Омекеңдердің (Омар сегіздің біреуінен тарайды) жұрты еді. Күмпейіс аққемнің үй –қорасының орны әнебір төмпей. Қасымбек аққемнің өрен- жараны да бізбен қатар отыратын. Анау бір тұстағы үй –қораның орны(терісікке қарай) Әкібайлардікі еді. Тағы біреулердің аттарын атап еді, ойымда қалмапты. Бейіттерді де нұсқады. Сонда жатыр әке-шешем деп тынды. Бетіне қарап едім, көзінен жасы төгіліп отыр екен. Осыншама әулетті бауырына сидырған Ақсайды назардан тыс қалдыруға бола ма? Енді шешем нұсқаған үй –қора иелерінің (нағашыларымның) аты – жөндерін таратып көрейін. Шыныбектің Жәмпейісінің кіндігінен он жеті бала өрген. Балкен Шекім (Шекімнен он бала туған), Игенбек, Сейсекей, Сембек, Сейпіш, Кәрібай, Мұса- қыздарын қосқанда он жетіге жетеді. Бәрінен де ұрпақ бар. Омар балалары да өскен. Омардан Жамау, Әбдікәрім,Әбдіғалым, Артық тарайды. Күмпейістен Торғайбек, одан Төлепбек, Бекен туған. Қасымбектен Қаутай туған. Қаутай мұғалім болды. Алдынан сабақ алдым. Әкібайдан да ұрпақ бар. Әбдікен, Әбдірайым туады.

Міне, осы әулет Ақсайда өсіп өнген. Ұрпақтары баршылық. Бұл аталар шешемнің жақын төркіндері. Көбімен араластым. Шешемнің немере ағасы Әбжікен нағашымнан (1967-1975) дәптерге түсіріп алған деректен үзінді. «Біздің тұқым (Жиенәлі балалары) момын болған. Ұйымшыл еді. Ақсай біздің құтты мекеніміз еді. Біздің бұл атадан екі азамат суырылып алға шықты. Жәмпейістің Шекімі мен Елеусіздің Рахымжаны топ жарды. Сенің туған нағашың Рахымжан жігіттің жолбарысы еді. Ұзын бойлы, қара сұр адам болатын. Алғашқы кезде күреске түсіп жүрді. Қолы қатты, қимылы шалт. Күрескен адамы жазым боп кетіп, содан балуандықты қойып кетті. Есесіне ат үстіндегі сайыста топ жарды. Тақымынан көкпар бермейтін. Қаптаған қалың көкпаршылар ол кісінің тақымнан көкпарды(серкені) ала алмайтын еді. Ат үстіндегі алапаты әлемет болды. Сойылға мықты еді. Жылқыға тиген ұрыны бірін қоймай түсіріп алатын. Ол кісінің нағашысы Сайдалы ішіндегі Барқылар еді. Атақты Шолақ балуанның жиені болатын. Менің әкем Наукенге үш мың қой, екі қос жылқы біткен. Әкейдің (Наукен байдың) қайын жұрты менің нағашым Нұра тоқалары еді. Әкем көбінесе қайын жұртына сүйенді. Одан соңғы сүйеніші ағасының баласы Рахымжан еді. Ат үстінде түрегеп шабатын айтулы тақымкеш Рахымжан ағамыз тұрғанда біздің жылқыға ұры батпайтын еді. Ол кісінің қолы қатты болған. Сойылға жығылған барымташы қайтып қатарға қосылмайды екен. Қызылдар келген қарсаңда біздің атаға түртпек түсті. Дұшпандары (кедей –кепшік) Рахымжанды нысанаға алды. Өз ағайындарымыз оның соңына қарулы әтіретті салды. Нұра бойында жайлауда отырғанда сау ете қалған сарыала мылтықтылар біздің ауылға ойран сала бастағанда, Рахымжан бастаған жігіттер қайрат көрсетіп әтіреттің жолын бөгеді. Жау жағынан кісі өлді. Жаласы Рахымжанға ауды. Атыста жаралы болған оны өз арамыздан шыққан сатқындар үкіметке ұстап берді. Ел ішінде Елеусіздің Рахымжаны «орыс қырған» деген лақап тарады. Осындай себептен оны ауызға алмадық. Кейінде белгілі болғандай Рахымжандар шайқасқан әтірет ақтардың қытайға қашқан әпесерлері екен. «Қызылдар» болмай шықты»...

Бұл енді белгілі жағдай. Қытайға қашқан атаман Аненковтың босқындары жолындағы қазақ ауылдарын тонап ойран салғаны тарихтан белгілі. Рахымжан бастаған топтың ұрынғаны нақ солар еді. Осы деректің жай –жапсарын Асан Жұмаділдиннен сұрағанымда, ашып айтпады. «Байлықтың салқыны ғой» деп жұмбақтады. Шешем де ағасының тағдыры жөнінде жарытып ештеңе айта алмады. Төркін жұрты бауырларымен жүздескенде аңырап жылап –жылап алатын. Аралбай атаның үлкен –кішісі шешемді «жақсы ауылдың қызы» деп іш тартатын еді. Кішілері «апатайлап», үлкендері «қарағымдап» тұратын. Дуалы ауыз

қарттар: «Елеусіздің Рахымжаны жігіттің жампозы еді-ау,шіркін!»деп бас шайқайтын. Өткен заманның өксігі кәрі көкіректерде тұншығып өздерімен бірге кетті. Шүкір дейміз, Ақсайдың құрағына аунап, бұлағының тұнығын ішкен Аралбайдың Өмір атасынан тараған Жиенәлі ұрпақтары бүгінде (2018) өсіп өніп жатыр. Бір ғана Жәмпейістің кіндігінен тарағандар жүз шаңырақтан асты.

Омар (Омаровтар) әулеті де баршылық. Күмпейіс ұрпақтары да кіндікті. Мен нағашыларымды алалап көрген емеспін. Бәрін бірдей көремін. Осы жолдарды қағаз бетіне түсіргенде,жақын нағашыларымды іш тартудан да бұрын, қазақтың құтты өңірі Ортаудың «Ақсайының» қасиетін кейінгі буынға паш етуді мақсат еттім. Жерді, ата қонысты аялайық! Қазақтың құтты даласынан кіндігімізді ажыратпайық. Ата-бабамыздың табанының мөрі қалған қоныс-қыстақтарды, қасиетті қара қорданы көзіміздің қарашығындай сақтайық.

Сыр тартып суыртпақтап өткен жылдан,
Ақсайға алқа тақтым лағыл жырдан.
Жер жанаты өзіңсің құтты мекен,
Шыр етіп топырағыңда анам туған.
Жүр едің естен кетпей жатсам –тұрсам,
Кешіктірдім созбалап болмай мұршам.
Азырқанбай қабыл ал жыр дестемді,
Мал –жанға тола берсін құтты ұлтан.

ҚАҢТАРБАЙ ҚЫСТАУЫ

Ақсайдан желе жортып әрі асқанда.
Көне қоныс қасқайып тұрар алда.
Қаңтарбайдың қыстауы делінеді,
Шүйгінді құтты қоныс мал баққанға.
Қаңтарбай заманында болған адам,
Кенересі дәулетке толған адам.
Нияз батыр ұрпағы текті атадан,
Кімдерге баяндаған дүние жалған.
Қаңтарбай заманында теңдік бермей,
Сырттаған Кене ханға сәлем бермей.
Жасақ жи деп айтқанын тыңдамаған,
Шақырса шалқалаған сәлем бермей.
Кенесары алдырып қиқар байды,
Қинапты тұтқынға сап Қаңтарбайды.

Бір ауыз тіл қатпапты қинаса да,
Ел аузы аңыз еткен бұл бір жайды.
Қаңтарбай бас бармағын тістелеген,
Жазықтымын қалайша іске деген.
Абылайды құтарған Нияз бабам,
Сол себептен деймін мен «әттегене».
Абылай емес пе еді арғы бабаң,
Қалмақтан құтқарған ғой Нияз бабам,
Бабамның бұл ісіне өкінемін,
Тәңірім пенде қылды мені саған.
Дегенде хан томсарып түнеріпті,
Бұл жайдан мысы қайтып іші еріпті.
«Жеңер ақы сөзіңе тоқтадым» деп,
Қаңтарбайды босатып жіберіпті.

Меңдікеұлы Қаңтарбай кіндікті болған. Шежірелік дерек бойынша одан жетеу туған. Жетудің ірілері Иса қажы, Әкбар қажы еді. Иса қажы - заманында Сайдалының Барқы атасына билік жүргізген. Оязға өтімді шенді-шекпенді болған.Өлең жолына түскен дерек ел аузында былайша айтылады. Қалдан –Сереннің тұтқынындағы Абылай және оның нөкерін босаттырып алуға ықпал еткен Сайдалы Нияз батыр екен. Абылай сұлтанның дерегі білінбей не өлі, не тірі екені белгісіз болғанда, қазақтар қалмақ ішіне жансыз жіберген ғой. Сол жансыз Барқы Ақтайлақ екен. Ақтайлақ қалмақшаға судай болған. Және өзі асқан сыбызғышы екен. Диуана кейпіндегі ол қалмақ ауылдарын жаяу кезіп жүріп, көбінесе қалмақ балаларынан сыр тартады екен. Балаларды өзінің сыбызғышылық өнерімен тәнті қылып, оларға құрайдан ойып сыбызғы жасап беріп жүріп олардан қазақ сұлтанының дерегін біліп алады. «Әнебір тұс» деп меңзейді ғой. Балалардың айтқаны дәл келіп,Ақтайлақ бұл хабарды елге сүйіншілеп жеткізеді. Нияз батыр бастағандар қалмақ ішіне елшілікке аттанады. Ел аузындағы аңыздың бір парасы осы. Нияз батыр ұзақ жасаған. Заманында ӘзТәуке ханның оң тізесін басқан. Әбілмәмбет ханның ақылгері болған. Абылай ханды тұтқыннан босатып алу үшін қатты қайрат көрсеткендердің бірі де бірегейі Нияз батыр. Ақтайлақ мәмілегер бүгінше айтқанда, дипломат болған. Қалмақ пен қазақ арасындағы дау –дамайды бітістіруге септескен. Қазақ пен қалмақ арасында елшілікте жүрген. Сайдалының Барқысынан шыққан Ақтайлақ өскен ата. Сартбастың Түскені осы атадан. Айтыскер ақындығымен дараланған филология ғылымының докторы Қойлыбай Асанов та осы атадан шыққан.

БОСАҒА ТОҒАНЫ

Қай дәуірде ғұмыр кеш қай қоғамда,
Тірлік майдан үнемі той бола ма.
Маңдай терді төкпесең бейнеттеніп,
Ғұмырда мағыналы мән қала ма.
Адамды адам қанаған әр заманда,
Бастан өткен не сұмдық тар заман да.
«Құлдық қоғам» делінген көне дәуір,
Фараундар салдырған пирамида.
Құл- құтан қала салып, канал қазған,
Қанды жас сорғалаған жанарлардан,
Адамның ащы тері зейнет болып,
Небір ғажап ескерткіш содан қалған.
Құл-құтан үстемдерге құлдық ұрған,
Замана айқай –аттан мың құбылған.
«Дүниенің жеті бірдей кереметі»,
Бейнеттің өтеуімен тұрғызылған.
Бейнетсіз кім көгертер көсегеңді,
Адал еңбек – бағыңды көтереді.
«Босаға» тоғамы да еңбекші елдің,
Ащы тер бейнетінің өтеуі еді.



Босаға тоғаны

Бұл тоғанның тұрғызылғаны жөніндегі дерек ел есінде жақсы сақталған. Тоғанның байлануы отыз үшінші жыл мен қырық екінші жылдың аралығын қамтиды. Ор-Абадан басталған Жаман Сарысудың суын бөгеу қауырт қолға алынған. Тоғанды тұрғызып, суды байлау оңайға түспегенін ескі көздер жыр қылады. Бүгінде көзі тірі Рахыман ақсақалдың айтуы бойынша Р. Хасенов 1938 жылы Еркіндік ауылында туған. «Ортау» кеңшарында көп жыл қойшы болып, ел дәулетін еселеуге сүбелі үлес қосқан. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған, даңғайыр шопан болған. Тоғанды су бұзып кете берген. Әкесі Хасен көп қайрат көрсеткен. Тоғанның суы ағызып әкетіп, содан да аман қалыпты. Босаға тоғанын қолмен тұрғызған қайсар кәрия ғасыр жасапты. Тоғанға ащы терін төккендерің аты-жөндері сақталған. Жұмыскерлердің озғыны болған- Байжұмықұлы Хасен, Олжабекұлы Бекен, Аққожаұлы Жұмажан, Әнбияұлы Жаманадин, Шахайұлы Боранқұл, Оспанұлы Жағал, Жұмық, т. б. еңбек адамдары жан аямай еңбек еткен. Осы дерекке Қабыкен Файзоллаұлы Қысырауыновтың (Шет ауданының «Заман»-2003, тамыз айында жазған) естелігінен үзінді келтіре кетейін. «Әкем Файзолла Шет ауданына қарасты Өспен ауылы аймағында 1992 жылы дүниеге келіпті. Қарағандыда тау-кен техникумін бітіріп, 1932-42 жылдар аралығында (бұрынғы «Еңбек», «Молотов» колхоздарының), «Еркіндік» колхозының басқармасы болады. Тоғанның алғашқы құрылыс жұмыстарына (1933) басшылық жасайды. Жаңаарқа (бұрынғы Асанқайғы) ауданына жататын отыз екі колхоздың жұмыс күштері біріктіріліп, алты жүз шақырым жердегі Ұлытаудың Қарсақбайынан арбамен жарылғыш динамиттер тасиды. Жергілікті еңбеккерлердің жанқиярлық еңбегінің арқасында тоған халыққа қызмет көрсете бастайды. Әкейді аудан басшылығы (Жаңаарақа ауданының партия жетекшісі Асқаров Босаға тоғанының құрылысы үшін соғыстан бронмен алып қалып отырады. Тоған құрылысы біткен соң ғана әкей соғысқа алынады. Майданда ерлік көрсетеді. «Курск доғасы» делінген майдан алаңында ерлікпен қаза болады. Жайқышев Файзолла әкемнің есімі. Жаңаарқа ауданының орталығында тұрғызылған мемориалдық тақтада тұр». «Босаға» тоғаны еңбек адамдарының ащы терімен байланғанын келер ұрпақ ұмытпасын. Адамды адал еңбегі асырайды. «Еңбегі аздың- өнбегі аз».

БОСАҒА

Босаға-тоған аты, ауыл аты,
Ежелгі көне қоныс қауым аты.
Сегіз ата Мырзанбет мекен еткен,
Таусылмас жырға тұнған тау қынасы.
Босаға- мал мен жанға жайлы болған,
Құт мекен, босағасы майлы болған.
Әр тұстан рулы ел кеп тоқайласқан,
Содан да босағаның атын алған.
Кезінде колхоз орнап, совхоз орнап,
Балықшының ауында шортан тулап.
Кешегі социалистік кезеңдерде,
Босаға жағажайдай жатты дулап.
Совхоздың бөлімшесі болған еді,
Кенересі ырысқа толған еді.
Кеңшар тарап ауылдар ортайғанда,
Мекені Бекішевтер болған еді.
Бекішұлы Әсеми шопан болған,
Даңғайыр қойшы атанып, орден алған.
Бір боранда тары ығып кетіп,
Қой шығынсыз өзі де аман қалған.
Ерлігі облысқа мәлім болып,
Орден тағып, астына машина алған.
Кіндігінен өрген ғой сегіз бала,
Аллаға шүкірлік деп еткен тоба.
Ақтылы қой өргізіп, жылқы өсіріп,
Бекеті шалқып отыр – «Босағада».

ТОЙЫМБЕК БАСЫ

Жолаушы тауап еткін түссе жолың
Босағада сақталған қалың қорым.
«Өлмек үшін туған ғой» адам пақыр,
Өлгендердің мекені мәңгі орын.
Қорымда тынымдаған небір жақсы,
Көбінің берекелі арты жақсы.
Өзі өлсе де аттары ұмытылмас,
Рухы көнермейтін қайран жақсы!
Балтаның Тойынбегі жатыр мұнда,

Кезінде Тоқаларға болға тұлға.
Арғы атасы-Мырзамбет Балапан бай,
Ит жүгіртіп, құс салып тартқан шырға.
Тойымбектің байлықпен аты шыққан,
Жан емес дүмділерден қорқып бұққан.
Атбегілік өнері жаннан асқан,
Жылқы асылын өсірген өңшең құтпан.
Іске мығым,сөзге де шешен болған,
Топқа түсіп, жөн айтып көсем болған.
Қара қылды қақ жарған әділікпен,
Жаны қас надандыққа төтен болған.
Қайда ас, қайда бәйге сонда жүрген,
Байлық қуып бұғынбай тойда жүрген.
Қызығын бұл жалғанның көріп кеткен,
Таразыны тең басып салмағымен.
Үш жүзге мәлім болған мырза аты,
Бәйгеден топты жарып келсе аты.
Алған жолын кедейге үлестіріп,
Мырзалықпен Арқаға шыққан аты.
Сұңқардай ұясынан ерте ұшқан,
Ор-Аба бигінен Сәкен ұшқан.
«Жат жерлерде» жүргенде мына жайды,
Таңырқап естілікпен еске тұтқан.



Тойымбек басы

«Жат жерде талай елмен болдым таныс»,
Біреулер сұрақ қойып шәлкем –шалыс.
Жөнімді сыншылықпен сұрғанда,
Тұсалып бұл сұрақтан қалдым қалыс.
Ескене, Бәйбек, Жәмбек бабаларым,
Мұстафа, Мақажанар дара дарын.
Соларды айтсам ол кім деп бас шайқайды,
Түсіне алмай дал болам сөздің мәнін.
Не жақсы бар еді ғой өз елімде,
Танылған кісілікпен көлеміне.
Елең етіп сөзімді жандандырар,
«Тойынбектің аулынан» дегенімде.
Тойынбекті кезінде Арқа білген,
Ат қосып сейіл құрып еркін жүрген.
Дариға, бұл жалғаннан солар да өтті,
Бірге еріп кетеді дүние кіммен.

Әлқисса, Мырзамбеттің сегізінің кенжесі Балапан бай, одан Арыстанбек, Сырттанбек, Балта туады. Балтадан Шойынбек пен Тойымбек шыққан. Балтаның кісілігі ірі болған. Тойымбек пен Шойынбек Балтаның қос бөрісі атанған.

Нарық заңдылығына (саудаға) байланысты бәскелестік бүгінде (2018) бизнестің қозғаушы күші екені дәлелденген жағдай. Бәсеке болмаған жерде,



Тойымбек басы

сауда тоқырайды, өнімің өтпейді. Бәсекеге қабілеттілік- өмір заңдылығы. Ал осы бәсекеден бәсекелестік, көреалмаушылық, бақталастық сияқты жағымсыз әдеттер өршиді. Мұны халық: «Ағайын бар болсаң, көре алмайды; жоқ болсаң, бере алмайды» деп тұжырады. Қазақ арасындағы рулық тартыс-жер дауы,жесір дауынан өршіп жатады. Шен-шекпенге талас (атаққұмарлық) кай дәуірде де дау-дамайдың қоздырғышы болған. Билік жүрген жерде топ жию (опазиция) болмай қоймайды. Бір атаның балалары Сегіз ата Мырзамбет бола тұра, Ескене мен Балапанның жақсылары баққүндестікпен билікке таласқан. Билік көбінесе Ескенеден шыққан Жәнібек балалары Мұстафа мен Макажанға ауа берген. Балапан атадан шыққандарға болыстық билік тимеген. Жәнібектің Мұстафасы Омбыға барған (жұмыс бабымен) сапарында жол үстінде қайтыс болғанда, Тойынбектің атарман-шабарманы кеп Тойнекеңнен сүйінші сұрағанда: «Қой әрі! Араз болсам бағым араз. Намысым араз емес. «Туысың өлді» деп « бауырымдап» келудің орнына, сүйінші сұрағаны несі?!» деп әлгіні қамшымен тартып жіберген екен. Тоқа Тойымбек атануы осындай кесек мінезінің арқасы болса керек. Жүйрігі озып мерейі өскенде, жоқ –жітікке садака үлестіреді екен. Үзеңгілестері орынсыз шашпалығын мінегенде: « Менің атым бәйгелі емес, көптің тілегі бәйгелі»деп сөз тауып кетеді екен.

Тоқа Тойымбек мейлінше сыншыл болған. Қазақ даласын шырмаған қараңғылықтың бір ұштығы ел билігіне араласқан болыс, старшындардың шен-шекпенге құмарлығы деп дау –дамайға көп араласа бермей, ата-бабадан үзілмей келе жатқан саятшылықты, атбегілікті жанына серік еткен биДің Қарашегір деген алғыр құсы қасқырға түскен деп отыратын Тоқаның үлкендері. Соңына ерткен тазысынан түлкі құтылып көрмепті. Осындайлық сейіскерлігі, саятшылығы, атбегілік өнері бола тұра, Тойнекең қожа-моллаға қырын келіп, діндегі надандықты шенеп, мұсылмандықтың бес парызын дұрыс ұстанбай, шариғатты көрінеу бұзып айтатындардың білімсіздігін тіке бетіне басқан. Сондайлық «шыншылдығын» ілік қылған дұшпандары оған шақпа тілді ақындарды айдап салады екен. Кенжекарадан шыққан Сейпілмәлік (Сейпілқажы) ақын кеудесі жүріп тұрған шоқтығы биік Тойымбекті былайша қағытыпты:

Айт дегенде өленді ақын айтат,
Көкірегін шер басқан пақыр айтат.
Басыңнан бақ- дәулетің кетіп жатса,
Өзіңнен төменгілер ақыл айтат.
Сіздер жоқ осы күнде өлем деген,
Өгіз де семіріп жүр өлең жеген.
Басыңнан бақ-дәулетің өтіп жатса,
Жерошақтай қабірге кірер денең.
Жанашырлық ақ сөзді досың айтат,

Жалтақсыз шындықты басып айтат.
Туғаның хақ болғанда,өлімің хақ,
Алланың әмірі деп осыны айтат.

Сөз жоқ, өлең шыншылдықпен өрілген. Тоқа Тойымбектің «бір осалдығын» дөп басқан. Бұл өленді Кенжекара атаның үлкені Ырзықбайдан (1935-2017) жазып алған едім. Өленді құраған ақынның шеберлігінде қапы жоқ. Өлең жолдарында сонылық бар, ой бар, тереңдік бар. Сол кезеңнің шәйірі Тойнекеңе тегіннен –тегін сүйкенбеген ғой. Ол кісінің діни түсінігі тереңдеу болғанын мына бір аңыздан (тоқаның үлкендері айтып кеткен) топшылауға болады. Баласы Дәулетхан қайтыс болып (бейіті Қотырабаның «Берікбай қыстағында») жер қойнына тапсырғанда, әкесі бір шөкім тарыны марқұмның төсіне қойғызып көмдіреді. Келесі күні қабірін аштырып, төсіне қойған «белгінің» (тарының) сол қалпында жатқанына, шала сауатты молланың көзін жеткізген екен. Діни аңызда жерленген марқұмнан жаназашылар қабірден қырық қадам ұзаған соң, сұрақ алынады делінеді. Сонда өлген адам (тірліп) басын көрден көтеріп сұрақ алуға келген періштелерге жауап береді білемін. Тәні жансыз, рухынан жауап алынады ғой. Бұндайлық қиын мінезіне бола, Тойнекеңді дінсіз болған деп айта алмайсың. Ғұмыр –тіршілікке көз карасы мейлінше сыншыл келген туаршыл жанның мұсылмандық ғұрыптағы (ата-бабаларымыз ұстанған) «осалдықты» дөп басқаны сыншылдығы деп білгенміз жөн.



Бекеттің әке-шешесі

Тоқа Тойымбек Босағадағы қалың қорымда жатыр. Ұрпақтары басына белгі тас (2016) қойған. Рухына тағзым!

***

Етегін Ор-Абаның жүлгеледім,
Жүздің бірі жазылған бұл дерегім.
Ойпаң –тойпаң заманның амалы ғой,
Дөп баспай өткен күнді күрмелемін.
Кең дала мал- жанымен жарасымды,
Тіршілік жалғасымен жанасымды.
Ағайын, азырқанбай қабыл алғын,
Жүрегімде қатталған- дала сыры.

ҚЫЗЫЛТАУ

Арқа өңірінде Қызылтау деп аталатын тау сілемдері мол ұшырасады. Қарағанды облысының Шет өңіріне жататын екі тау жоталары Қызылтау делінеді. Қарағанды қаласы мен Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлының тең орталығындағы Алматы-Астана тас жолының бойында (батыс тұста) мен мұндалап тұратын жал тұмсығы көтеріңкі тау-Қызылтау аталады.

Патшалық билік түсында бұл өңір Қарқаралы уезіне жатқан. Осы өңірді мекендеген рулар Қызылтау болысына қараған. Біз тілге тиек еткен- Қызылтау таулы аймағын мекендеген рулар бұрынғы Ақмола уезіне (42-болыс) қараған. Жергілікті өлкетанушылар бір бірінен шалғайда жатқан екі тауды бір тау есебінде шатастырады. Біз сөз еткелі отырған Қызылтау бұрынғы (1953) «Қызылтау» кеңшарының («Жаңаарқа» ауданы) құрамындағы тау. Бүгінде Шет ауданы аймағына енген. Етегін жиектей Атасу өзені ағып жатады.

Қызыл түске қашаннан мән береміз,
Қызыл шаймен бой сергіп әлденеміз.
Қызыл түлкі тазының құмары ғой,
Бүркіт ілсе оны да жөн көреміз.
Тоғайда көз тартады қызыл қайың,
Қызыл ат белі берік сайма-сайың.
Қызыл бет қыз-келіншек көлбеңдесе,
Ағызар есіңді алып «көздің майын».
Еркесі кең даланың қызыл киік,
Атуға қол батпайды көзің қиып.
Бояуы табиғаттың -қызыл жоса,
Үйшілер пайдаланған жөнін біліп.
Көз тартар қырдың қызыл қызғалдағы,
Бозбала қызғалдақты қызға арнады.
Қазақтың таулары да қызыл күрең,
Күреңітіп тұрады шыңдар-дағы.
Құзары туған жердің бітімді ерен,
Құдірет- мойындаймын ісіңді ерен.
Алланың көзі бізге түзу болып,
Тауларын лағыл таспен мүсіндеген.
Қып –қызыл граниттің діңі берік,
Көк орда ақ сарайға болар көрік.
Біздерге аманаттап ата-баба,
«Қызылтау» деп кетіпті атын беріп.
Қызыл күрең жартастар мыңға жеткен,
Күреңітіп құбылар қарсы беттен.
«Қызылтау» деп бекерден аталмаған,
Талай ақын тамсанып жырлап кеткен.

Туған жер, атың да асыл, затың да асыл,
Тауларың асқақтаған тасың да асыл.
Жезқазған, Қарағанды аймағында,
«Қызылтау»- жиырмадан да асып жатыр.
Болғанда бірі алса, бірі дара,
Көзіме ыстық менің бірі ғана.
Азырақ аңыз етіп баяндайын,
Тыңдаңыз ыждаһатпен құлақ сала.
Сондайлық бұл Қызылтау биік емес,
Төбесіне тырмысу қиын емес.
Жалама беткейлері тайғақ келер,
Домаландап кетуің ғажап емес.
Түлкісі біршек келер шалдырмайды,
Анау –мынау тазыға алдырмайды.
Құлжасы да сақсыған тым қырағы,
Сіздерге баяндайын бұл бір жайды.
Бұл тауды-Аралбайлар мекен еткен,
Бір жылы Құтжан қажы Мекке кеткен.
Аталас ағайыны Бақа батыр,
Құс салып, ит жүгіртіп кәсіп еткен.
Мекені бұл батырдың кіші төбе,
Туырылған әр сайында кер бетеге.
Үлкен биік Құтжанның қыс қыстауы,
Кәдімгі қойнауы құт- «Қаратөбе.»
Кішісін Бақа батыр мекен еткен,
Батыр деп айтпаған ғой оны тектен.
Кесірлі Кеттебекті зынданға сап,
Сол үшін кесік алып шетке кеткен.
Кеттебек- беті қатты болыс бопты,
Өзімен ұстасқанға беріспепті.
Аз ғана қоңыратқа күш көрсетіп,
Кесірлі кердең болыс теріс кетті.
Ұры деп жігіттерін дүрелетті,
Қоздырып бос сылтаумен шын егесті.
Жоқ-жітік жәрдем сұрап Бақаға кеп,
Бас депті ушықтырмай бұл егесті.
Болыпты Кеттебектің беті қатты,
Тентек деп Бақаға да жала жапты.
Болысты қараша үйге байлап тастап,
Тобылғыға от беріп түтін сапты.
Айдалып содан батыр Сібір кеткен,
Біраз жыл түрмеде боп елге жеткен.

Құс салып, ит жүгіртіп, саят құрған,
Жөні түзу ұрпақ жоқ асыл тектен.
Бақаның болған дейді алғыр құсы,
Таулардың аңға толы іші-тысы.
Түлкісі Қызылтаудың бөрі кеуде,
Таяның таңын қиған азау тісі.
Тым шақар бүркітке де алдырмаған,
Тазыға «біршектері» шалдырмаған.
Қара қасқа пұшпақты өрттей қызыл,
Оңайлықпен кім қияр оны сағаң.
Сол тауды мекендепті біршек түлкі,
Бөрі жон, тазы кеуде, ұзын тұрқы.
Талайды айласымен сан соқтырып,
Таба қып бір –біріне еткен күлкі.
Бақаның алғыр құсы – «Қарадолы»,
Сан саятта болыпты оның жолы.
Біршекті қия тастан ала алмапты,
Содан да атаныпты құстың қоры.
Құс иесі Бақаның жәйі кетті,
Іліп –шалды құрдастар аузы епті.
Қағушы нөкерлерін қасына ертіп,
Саятшы Қызылтауға келіп жетті.
Созылып «Біршек» тастан шыққан дейді,
Бір амал жасамаққа нықтан дейді.
Шеміршек қар үстінде көлденеңдеп,
Шекесін сіреу қарға тыққан дейді.
Құйрығын шаншылтыпты әдіс жасап,
Қыран көктен құйылды көзді қашап.
Іліп түспек болғанда сорғалап кеп,
Қапылыс бүркіт барып қарға батат.
Түлкі кетіп барады қылаң ұрып,
Сілкінді бүркіт зордан қардан шығып,
Аздан соң көкке сіңіп кете барды,
Бір дүлей тұла бойын намыс буып.
Біршектің қапелімде құты қашты,
Қыран зулап төбеден келе жатты.
Алапат екпінмен кеп соғылғанда,
Түлкімен қыран бірге қарға батты.

Ес білгеннен көз алдымда болған Қызылтаудың аңыз-әпссанасын ескілікті әңгімеден өрбітуімде бәлендей оғаштық жоқ. Бұл тау – ертеден «түлкі ойнағы» атанған. Қызыл алтайысы мейлінше ірі, анау –мынау тазыға алдырмайды екен. Талай аңшының ақ берен құмайына шалдырмай діңкелеткені былай тұрыпты-

тазыға қайрат көрсетіп аяғын шайнап тастай берген. Мейлінше шақар біршектері қыранға да қайрат көрсеткен. Кезінде Сәкеннің әкесі Сейфолла да бұл таудың қара қасқа пұшпақты жоны қып –қызыл келетін түлкісіне аңсары ауып, саят құрғаны белгілі. Осы жолдар авторының «Саятшы» хикаятында бұл оқиға жеріне жеткізіле баяндалған. Бақа батырдың алғыр қыраны түлкі сырттанымен шайқаста мерт болғаны бала күнімнен құлағымда жүрді.

Бақа батыр (1850- 1916) үлкендердің айтуынша, дембелше келген иықты, өткір ала көзді, қою мұртты қара кісі болған. Ұрпақтары батырлығын аңыз ететін еді. Бір қанды езу көкжал малды ауылдарға маза бермей ығыр қыла бергенсін, Бақа (жігіт кезі болса керек) қаракұлақтың соңына түседі. Бір биені тік көтере жеп алған көкжал таудың күңгей бетінде тынымдап жатыр екен дейді. Ізімен кеп байқастаған Бақа етігін шешіп тастап байпақпен жай -жай басып кеп қасқырды құлақтан басып қалады. Екеуі айқасқа түскен сәтте қасқырдың қара тұмсығы Бақаның тісіне ілігеді. Шайнап –шайнап түкіріп тастап, қасқырды қыл кеңірдектен мытып, басын тасқа соқылай берсе керек. Көкжалдың терісін көргендер қайран қалысыпты дейді, мұндай да үлкен аң болады екен-ау десіп.

Бақа батыр- Қуандықтың Алтайынан тарайтын Аралбай атаға жатады.

Аралбайдың үлкен әйелі Айсадан Құттыбай, одан Жоламан, Есенаман, Естай; Есенаманнан- Сағындық, Сарғалдақ, Боздақ туады. Сарғалдақ пен Боздақтан (Тілеу Жәкеновтың айтуы бойынша) ұрпақ жоқ. Сағындықтан-Қисық, Адырбай, Марқабай, Бейсен, Байбол, Сыпатай; Қисықтан: Аққошқар, Орқошқар, Бақа, Тоққошқар, Бекқошқар (Бекей); Бекейден-Түспай, Төкен; Түспайдан-Төлеу; Төлеуден-Аман, одан Базар; Төкеннен-Жәкен, Әбіл, Шахан; Жәкеннен Тілеу (осы аталарды таратқан), Тілеуден-Оразалы, Қайрат, Болат туады. Аққошқардан Оңғарбек, Оңалбек, Ақберген, Рысбек; Оңғарбектен-Халықбек-Сәтбек, Ақбергеннен- Көпен, Бектұр туады. Рысбектен- Ысқақ, Мәди, Омар, Әбілда, Қапаш туады. Орқошқардан (Ормабайдан)-Сәрдер, Ахмет; Ахметтен-Жұмабай Орманбаев, одан Алтай туады. Тоққошқардан Асылбек туады. Асылбектен Әубәкір (Шиқара), одан Мекенбай туады. Қиысықтан Бақа батыр, одан Әбілда, одан Қасенбек,Жарылғасын, Қесенбектен Ормаш, Төкіш туады. Бұл дерек шежіре осы атаның бүгіндегі (1996) үлкені Тілеу Жәкеновтен алынды. Ендігі сөз- Бақа батырдың жеке басы жөнінде. Шұбар аты болған екен дейді, қуса жетеді, қашса құтылады. Бақаны бірме- бірде ала алмағандар шұбар атқа қастандық жасамақшы болады. Сондай біреу атты міне қашпақшы болғанда, шұбар ат әлгіні тістеп тастайды. Белгілі баукеспе ұры екен дейді. Аттың тісі батып кеткен оны жұрт- «Жарық маңдай» атандырыпты.

Дегенде Жарық маңдай, Жарық маңдай,
Не көрінді Шұбармен алысқандай.
Қатынша таяқ жедің мінгішінен,
Шаманқайда Бақамен салысқандай,-

деген өлең сақталған ел аузында.


Бақаның беттілігі жөнінде ел ішінде әр қилы әңгіме бар.Қосыбайұлы Кеттебек (Аралбай болысына) Құтжаннан кейін болыс болған . Кеттебек сияз өткізбекші болып Айса балалары атанған сырт Аралбайларға барады. Болыс аз қоңыраттарға тізе көрсетпекші болады. Ауыл ағасы Бақа болыстың бұл әркетіне қарсы шығады. Кеттебектің поштабайын арбаға таңып тастап, өзін киіз үйдің төрінен зындан қаздырып, болысты соған салып тастайды. Соңы дау –шарға ұласып, Бақа кесік алып, он жылға жер аударылады (Бұл оқиға Асан Жұмаділиннің. «Жаңаарқа» дерекнама (2004) кітабында толық баяндалған). Бақаны ат үстінен ешкім ала алмаған. Дөңгелек қана дәулеті болыпты. Соны қоғамдап бейбіт ғұмыр кешкен Бақаның саятшылықпен де аты шыққан. Ғұмырымда үш рет ажалдан қалдым дейді екен. Бірінде каскырмен құр қол айқасқанда жеңіп шықанына өзі де таң болып жүріпті. Екінші жолғы өлермендігі- барымтадағы өжеттігі бопты. Жылқыға жау тиіп қаптаған ұрылармен жалғыз өзі сабаласқанда, байқаусызда аттан түсіп қалады. Жай түспейді, ішіндегі бір дөйін сойылға жығып тастайды. Ат жалын құшқан әлгі мықты: «Өлтіріп жіберіңдер!-деп бұйырғанда, шұбар атым шұрқырап кеп қасыма тұра қалғаны. Сонда жаудың бір естісі: «Тимеңдер! Атының киесіне қалармыз. Хайуан да болса есті екен, жануар!- деп сойылын өңменіме төндіріп: «Жаныңды алайық па! Атыңды алайық па?- дегенде, аузымнан қалай шықанына күні бүгін таңмын- «Жаным-атымның садақасы»-демеймін бе!» деп жыр қылады екен. Үшінші бір шетін жағдай былайша өтіпті басынан. Қыстаудан жайлауға көшіп бар жатқанда Сайдалы Сары Тоқаның Қаратұмсығына малдарын ерулетіп бір түн тыныс жасамақшы болады. Тоқа кісі жібереді. Жіберген адамын Бақа сабап-сабап қоя береді. Сайдалы Сары Тоқа күйшілігімен қоса, ерсен найзагер болған екен. Жерден ат үстінде шауып келе жатып найзамен жылқының тезегін іліп әкетеді білемін. Ашуаға басқан ол келе-ақ Бақаға найза салады. Найза төс қалтасындағы шақшаға тиіп тайқып кетеді. Қайта салмақшы болғанда, Бақа «сауға-сауға» деп аттан домалай түседі. Сайдалы Сары Тоқа беті қатты адам болған. Бақа содан былай қолына найза ұстамайтын болыпты. Тағы бір ерлігін былайша баяндайды екен. Деген бетті күнінде жау қайдалап жеке жортады екен. Астында ересен жүйрік шұбар аты бар, жеке жортып келе жатса, бір қырдың астында майдан болып жатыр дейді. Жалғыз аттылы қуғыншыны тықсырмалаған барымташылар екі-үш айғырдың үйірін қуып барады екен дейді. Бақа бір бүйірден кеп ұрыларға араласпай ма. Сонда дейтін көрінеді Бақа: «Жылқы қуғандардың бірін қоймай аттан түсіріп алдым,-деп. Сойылға қарысып қалған қолымды жалғыз аттылы мал иесі бір жабағыны жығып жіберіп, телшесіне қолымды бөлеп сойылдан зорға деп ажыратып алып еді. «Ер екенсің!-деп мырзалық танытқан ол бір айғырдың үйірін алдыма салып берді. Маған біткен жылқы соның жұқанасы» дейді екен. Бақа батырдың қыстауы Кіші Қаратөбенің (Құтжан қажының Үлкен Қаратөбесімен тұспа –тұс,арасы тай шаптырым ғана) алқымында. Бейіті де

сонда. Төрт құлақты там еңселі еді. Ендігі құлап та қалған шығар. Қорымның нақ ортасында тұратын.

Қызылтау - аунап өстім құрағыңа,
Еліктеп бой түзедім шынарыңа.
Болғанда тасың қызыл, қолтығың ну,
Сан аңыз- бала жастан құлағымда,
Аталған бір аңғарың Мыңбай сайы,
Болыпты Аралбайдың ол бір байы.
Ақмұстафа - мешітін көзім көрді,
Қызылтаудың тағы бар Боқтысайы.

АҚМҰСТАФА

Ақмұстафа- жер атауы, әрі қыстау мен мешіт атауы, әр адам аты. Көне дәуір адамдарына (сақтар) қоныс болған бұл көлем қола дәуір ескерткіштеріне толы. Соған байланысты археологтар бұл төңіректі ресмилеп «Ақ Мұстафа (АтасуII) қонысы» һәм «Ақмұстафа қорымы» деп атаған. Ақмұстафа қонысы « Атасу қонысынан» оңтүсікке қарай бес шақырым жерде. Атасу өзенінің оң жағалуында орналасқан. Аумағы бес мың шаршы метр. Оңтүсік және солтүстік батысында аласа шоқылармен шектелген. Қоныстың көлемінде қырық тоғыз баспананың және мал қамайтын қоршаулардың орны бар. Қазба жұмыстары екі жерде жүргізіліп,мыс қорытқан шұңқырлардың орны, екі жүзді қола пышақ, екі құлақты ыдыс, сүйектен және қоладан жасалынған бұйым табылған. «Ақмұстафа қорымы»- қола ерте темір дәуірлерінен және орта ғасырлардан сақталған ескерткіш. Атасу өзенінің сол жағалауында, Ақ-Мұстафа қонысынан оңтүсік батысқа қарай 0,3 км жерде орналасқан. Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (Академик Әлкей Марғұлан, М. (1952-75 ж) Қадырбаев, Ж.Құрманқұлов-1976-1981 ж) зерттеген. Қорымда 107 бейіт бар. Тігінен қадалған жақпар тастармен көмкерген 89 қоршау сақталған. Зерттелген қырық қабірдің бәрі бұрын тоналған. Адам сүйектері шашылып



қалған. Қабір ішінен мыс моншақ, қоладан иіп, сыртын алтынмен қаптаған дөңгелек сырға табылды. Ер-тұрманмен көмілетін атқа арналған қоршау қорымның шығыс жағында бөлек орналасқан. Ақ-Мұстафа қорымынан табылған заттарға қарап, сол жерде өмір сүрген адамдардың қолөнермен шебер айналысқаны байқалады. (М.Қадырбаев, Ж.Құрманқұлов «Культура древних скотоводов и металлургов Сарыарқи» Алматы «Ғылым» - 1992 ж)

Ақмұстафа мешітін көрді көзім,
Мал қамауға ыңғайлап оның төрін.
Қасиетті орынды мазақ етіп,
Өзгерткен бір кез еді заман өңін.
Асылы- Қуандықтың Аралбайы,
Бағы өсіп, қыдыр қонған сайма-сайы.
Есімі әуелгіде Мұстафа екен,
Өз кезінің дәулетті болды байы.
Мырза екен аймағынан бағы асқан,
Байлықты ысырап деп босқа шашқан.
Алланың ақ жолына жұртты ұйытып,
Атасудың бойында мешіт ашқан.
Молла ұстап мешітінде бала оқытқан,
Күнәһарды тұсаулап сөзбен ұтқан.
Қара қылды қақ жарған әділ екен,
Бетінен ығысыпты дос пен дұшпан.
Қылыштай турап салған жалған істі,
«Алла ғана болжайды алдағы істі».
Ақ жүрек әділігін жұрт мойындап
«Ақ» сөзі есіміне жалғаныпты.
Халықтан Ақмұстафа атын алған,
Ел-жұрттың өз кезінде құты болған.
Солақай кер заманның күні батып,
Қайтадан бүршік жарды асыл арман,
Ақмұстафа - Алланың сүйген құлы,
Жер атына телініп аты қалған.

Ақмұстафаның ғұмыр кешкен кезеңі белгілі болғанымен, сүйегі қайда қалғаны белгісіз. Ұзын құлақтан жеткен дерекке қарағанда, ақ қашып, қызыл қуған толқымада, Ақмұстафа оңтүстікке сырғып кеткен болса керек. Ақмұстафаның Қасені ілімді болыпты. Советтік кезеңде мұғалім болған. Бейіті Ақадыр кентіндегі қорымда. Ақмұстафаның бір баласы (немересі болар) Мұстафин Жұман партия, совет қызметінде болған. Ақмұстафа Алтайдың Аралбайына жатады. Аралбай, одан Байтоқа, одан Бабық, одан Өтебай, одан Есенберлі, Елшібай тараса, Есенберліден- Берденбай, (Ерденбай шығар) Ақмұстафа туады. Ақмұстафадан-Қасым, Қасен, Сапар бесеу туады.

Ақмұстафаның ұрпақтары ата қонысынан (Жаңаарқа, Ақадыр) қозғалмаған. Немере, шөберелері Қарағанды қаласында тұрып жатыр. Құлап жатқан мешіт орнына қоршау тұрғызған, сірә, сол ұрпақтары болар. Ескерткіш тақта да қойылған. Ақмұсафа Құтжан қажымен аталас.

ҚҰТЖАННЫҢ ҚАРАТӨБЕСІ



Әкем Әбілдаұлы Кәріп



Анам Елеусізқызы Дәметкен

Белтерек, Әділше мен Қаратөбе,
Көзіме оттай ыстық - Жалғызтөбе.
Кіші Қаратөбе - бұл қоныс Бақа көңі,
Атаймын ерекшелеп оны бөле.
Осы өңірде балалық шағым өтті,
Танымым жаратылыс жер мен көкті.
Түсіме жиі кіріп мазалайды,
Дәриға ғұмыр озды, кәрілік жетті.
Әр талың, әр өскінің жанға жақын,
Әкемдей көзге ыстық тау мен тасың.
Киелі қасиетті туған дала,
Сенімен шыққан жоқ па ақын атым.
Құтжан қажы аталы болған текті,
Қаратөбе - қыстауын мекендепті.
Сол қыстау ферма басы болған еді,
Бұл қоныста қызықты дәурен өтті.
Асауға бұғалық сап ноқталадым,
Аттың міндім не жүйрік ақтабанын.
Бала оқытып,шұқынып өлең жазып,
Мұғалімдік жолымды бастағанмын,
Көзіме оттай ыстық- Қаратөбе,
Өзіңнен бастау алған «мендегі өре.»
Өресіздік кісінің басты міні,
Шынықтым, шымырландым өсе келе.

Мен бұл өңірге ес білгелі үйірмін. Қаратөбе қыстауы «Атасу» қой фермасының орталығы болды. Алғашқы мұғалімдік жолым осы қоныста басталды. Төрт жыл бала оқыттым. Дәптерге жыр жолдары түсті.

***

Туған жердің тауларымен таласа,
Төбешіктер тұр томпиып аласа.
Бірі әкесі секілденсе еңселі,
Баласындай төбешік тұр жараса.
Емес таудай биік болу арманым,

Аласаға үмітімді жалғадым.
Төбешіктей мүсінді жыр тудырсам.
Онда менің таудай биік болғаным.

(Қаратөбе, қыркүйек, 1963жыл.)

Бұл өңірдің атаулары менің жадымда әлі күнге жүр. Қаратөбенің түстік батысындағы қалың адыр-Қырықсала аталады (Қандай жарасымды атау!). Қаратөбенің шығыс құлай берісінде Белтерек (Ертеректе Ерденбай қыстауы атанған) қыстауы бар. Қыстаудың (Қаратөбенің) терістік шығысында Сарыжал жотасы созылып барып, Әділшеге ұласады. Әділшенің алқымындағы көңді бір жыл қыстағанымыз (1947) есімде. Кейінде (кезінде (1954-58) Жоғарғы Кеңеске депутат боп сайланған Сара Балағазина (отағасы Манамбай қойшы) қоныс етті. Әділше- белгілі жазушы Алдан Смайыловтың аталарының мекені, ата қыстаулары. «Қанболаттың қыстауы» атанған. Қанболаттың Смайылы (Алданның үлкен әкесі) 95 жасаған шежіре қарт еді. Жиырма сегінші жылғы кәмпескеге ілігіп, жер аударылған. Баласы Зейнолланы (Алданның әкесі) бір кедей туысының (Рүстемов болуы содан) атына тіркеткен. Сол үйде жатып оқу оқыдым. Зейнолла Рүстемов маған сабақ берген мұғалім. Қаратөбенің түстігінде Боздақ (Кісі аты. Руы Аралбай, Боздақтан тұқым жоқ) қырқасы созылып барып Сарыобаға ұласады. «Сарыоба» көңі- Жәкен бірадардың, Тілеу Жәкеновтың әкелерінің мекені болған. Кіші Қаратөбенің иығында Шоқпартас тұр. Шоқпартас- Аралбай атаға жататын Қисықтың Аққошқарынан тарайтын Рысбектің қыстауы. Рысбектен тоғыз туған. Олар мыналар - Әбілда, Мәди, Омар, Ысқақ, Қапаш және төрт қыз. Боздақ (кісі аты) қырқасының түстігінде Түйетас, Қамысты бұлақ делінетін қоныстар бар. Бала күнімде Түйетасты қызықтадым. Қамысты бұлақтың суы мөлдір, тұщы болатын. Қалың адырлы Боздақ жотасының түстігінде терең сай бар. Сол сайдан бастау алған бұлақты үлкендер әр қилы атайтын еді. Біресе «Күмісбұлақ», біресе «Қыз ұзатқан» дейді. Неге осылай аталғаны жөнінде үлкендердің пікірі екіге жарылады.

«ҚЫЗ ҰЗАТҚАН»

Әлқисса ұзатпайын сөздің басын,
Боздақтың сөйлетейін кәрі тасын.
Бұл өзі анық болған оқиға ғой,
Көргендер тізбелейтін адам атын.
Болыпты бір момынның жалғыз ұлы,

Кісілікті болған ғой мінезі ірі.
Бай қызын ғашық болып алып қашып,
Көзтүрткі боп еліне сынған қыры.
Күміс қыз делінеді ару аты,
Бет біткеннің сұлуы перизаты.
Бір кедей жігітімен қол ұстасып,
Дау –шарға ілігіпті алтын басы.
Екі елдің лаң болған арасында,
Қашқындарды қоршалап тар асуда.
Жабылып есіл ерді бұғалықтап,
Жеткізбей демін үзген шамасына.
Ғашығын шарай көзге жерге беріп.
Күміс қыз талып түскен тілге келіп.
Кездікті кеудесіне серт ұстапты,
Таянсаң мерт боламын бірің келіп.
Екі жақ дымы құрып дағдарыпты,
Шешіміне арудың таңқалыпты.
Күмістің басына ерік берген екен,
Ұшықтырмай арада болған істі.
Келмес жақта қасында жан жары жоқ,
Ата-ененің отырды қолына кеп.
Қандай ойы барына ми жетпейді,
Аяғы ауыр жүкті еді амалы жоқ.
Кешікбей жүкті келін ұл тауыпты,
Оқиға бола бермес мұншалықты.
Сәбиі қаз-қаз басып жүрген кезде,
Бір сырға жетелепті «қос ғаріпті».
Ата –енем сіздерге айтар бір датым бар,
Сырт жақта жан жарымның құрдасы бар.
Қосағы өліп қоңылтақ күй кешіп жүр,
Соған мені қыздай қып ұзатыңдар.
Даланың шері қалың, сыры батпан,
Әр төбе, бұлағының мұңы дастан.
Күміс келін қыздай боп ұзатылып,
Аталыпты бұл бұлақ-«Қыз ұзатқан.»

«Қыз ұзатқанның» құлағымда қалған аңызы осыған жуықтайды. Желік құмар жас кезімізде (1955-67) бұл атырапты біраз шарлағандардың қатарында Ақселеу де болатын. Ақселеу жасынан тұйық, пікірін ішінде ұстайтын бізден көрі (менен көрі) салмақтылау еді. Неге болсын таңданысы басым түсіп жататынын жас кезінен байқатты. «Қыз ұзатқанға» талай соқтық. Сонда ол

бір түрлі мұңайған кескінде өңін суытып алатын еді. Бұлақтың көк желкесінде бір түп тал тұратын. Кейінде сол тал шоғыры (терек те болуы мүмкін) өзінен өзі жоқ боп кетті. Тәңірдің жазушы шығар, кейінде Ақселеу осы тақырыпта хикаят жазды. ...«Көңіл қиялыңды қозғап, көзге жылы көрінетін осы бір жер «Қыз ұзатқан» деп аталады. Неліктен бұлай? Мына қолмен еккен жалғыз түп теректе не сыр бар?.. Бірде жолым түсіп осы жайдың құпиясына куә болдым. Осынау жапан далаға отырғызушы кім?..» Одан әрідегі оқиға мен қағазға түсірген сарында өрбиді. Бұлақтың көк желкесінде өсіп тұрған шоғыр талды бір әумесер жаңқалап тастаған. Осыдан оқиға өрбіп кете барады. Хикаят бір деммен оқылады. Оқиға былайша аяқталады. «...Жанымда зоотехник Серік бар. Сол күні отар аралау үшін әрі қарай жүріп кеттік. Арада бір жұма өткен соң, қайтар кезде бұрыстау болса да, «Қыз ұзатқанға» соға жүргіміз келді. Сиыр таңдайлана қатпарланған қалың адырды төтелей жүріп, бұлақ үстінен түскенде,алдымен ақжоңқаланып кесілген терек тұқылы көрінді. Тақала келе тұқыл қасынан жаңадан отырғызылған балапан ағаш көзімізге оттай басылды. Біз таңдана тұрып, мұны еккен Мұстафа қарт пен Аман екеуінің бірі екеніне еш күмәнданғанымыз жоқ. Бірақ көкейімізді: « Апыр-ай, екеуінің қайсысы екті екен?» деген сұрақ мазалай берді.Сайын дала дидарындағы осы бір кішкене көрініс бізді еркісіз тебірентіп, қос ғашықтың көз жасына казір ғана куә болғандай қамықтырды».

(Ақселеу Сейдімбек
бірінші том Астана-Фолиант-2010)

ЖАЛҒЫЗТӨБЕ

Кіші Қаратөбе мен Айдаһарлы тауының тең орталығында, Атасу өзенінің түстігінде(бес-алты шақырым қашықтықта) көлемі шағын жып –жинақы төбе тұрады мен мұндалап. Жапа-жалғыз тұрысына қарата- Жалғызтөбе атауына ие болған. Беткейі қыр шөбі- бетеге, изен, тарлау, көде, жусанға тұнып тұрады. Төңірегін көмкерген тобылғылы шұбардың оты мейлінше қою. Бір артықшылығы қыста қара жатады. Жан –жағын қоршалған таулардан соққан жел төбенің төңірегін қардан аршып тастайды. Қыста қара жататын төбе тебіндегі жылқының қысқы тұрағы.

Етегіне төбенің талай бардым,
Айналсоқтап төбеге қарайладым.
Жалғыздық өзіне бек жарасады,
Бұл не сыр ақылға сап соны ойладым.
Жүргінші төбешікті жанап өтер,
Жолаушы мойын бұрып қарап өтер.

Қалт етпес шолғыншыдай назары өткір,
Табиғат сомдамаған оны бекер.
Қойлы ауылдан жүргенде ұзап оқып,
Балалық бал дәуренді ойға тоқып.
Жалғызтөбе түсіме кірер еді.
Етегінде жүреді жылқы жосып.
Қасқырлар жылқы үйірін торуылдап,
Тарбайысып бетпе-бет тұр екі жақ.
Алашеке көкжалға төне түсіп,
Кеудесімен соғады талыс құшақ.
Көкшулан қарсы келіп атылады,
Долы айғыр оның құтын қашырады.
Жалт беріп қос аяқтап теуіп өтіп,
Айласын қанды езуден асырады.
Осындай шым –шытырық түс көремін,
Шындыққа жақындау түс дегенің.
Үйірі қыстан аман шықса екен деп,
Көрген түспен тынады менің себім.

Алыстағы қойлы ауыл («Атасу «қой фермасы) меншігіндегі аз жылқысын күзге қарай Алашекенің үйіріне қосады. Бір биеден артық жылқы ұсатпайтын «үкіметтің» заңы бар. Соған бағынған қойшы-қолаң өз алдына жеке үйір ұстай алмайды. Алашеке ортаның, колхоз меншігіне жататын айғыры. Заппermенің, ферма меңгерушсінің иелігінде,меңгерушінің мінетін аты есебінде. Оны жұрт «тыртық сан күрең айғыр» деп атайды. Қосалқы атауы тағы бар. Шекелігі жаңа айдың сынығындай алабажақ боп көрінеді. Содан да оны сөз білетін үлкендер көтермелеп «Алашеке» деп ауыз толтыра айтады. Біздер, ауыл балалары, бейнелі атын мақтанышпен айтып жүреміз. Оның үйірі қыс бойы Жалғызтөбеде жатады. Қыстан бауырындағы тай –жабағының біріне де қасқырдың тісін тигізбей аман алып шығатын Алашекенің дақпырты көрші қой фермаларына да мәлім. Сөйткен жануар саркідір тарта келе «тырысқақ» ауруына ұшырап, бөксесін жерден ала алмай сағаттар бойында итше шоқиып отыратынын көзіміз көрді. Қасқырмен айқаста бір жақ сан еті ұлыманың аузында кетіп, содан солтақтап жүретін еді . Шажағай бойында жайлауда отырғанда (1955) қапылыс мерт болды жануар. Көз көрген оқиғаны қаламым қатая бастағанда (1973) қағазға түсірдім. «Алашеке қаншама тырысқанымен тұрып кете алмады.Ақыры дәрмені таусылып, алдыңғы аяғымен жер тірей шоқиып отырды. Айғыр үйірін шола қарады. Ежелгі бақталасы Қаракөк қырдағы ескі қораның көлеңкесінде тұрған тай –байталдарды алдына сап қуып жүр екен. Қапелімде нендей қайран жасарын біле алмай қимылсыз қатты да қалды.Намыс пен ызадан да бетер бір күш тұла денесін сығымдап барады.

Кенет жойқын сел тасқынындай өктем қуат қара тастай шөгіп кеткен ұлы кеудені жерден тік көтеріп алып, сілкіп-сілкіп жіберген тәрізденді. Көз алды қып –қызыл от ұшқындарына толды. Жүрегіне тікен қадалғандай еді. Бөксесі күтір –күтір етті де, жай соққандай есінен танып кетті. Алашеке теңселіп барып зорға оңалды. Әбүйір болғанда, еңсегей бойлы ер бітімін тіктеп алған екен.

Алашеке қапелімде оқыс тұра берем дегенде, ортан жілігінің опырылып кеткенін ет қызумен білмеді. Шоқалақтап әудем жер барып тұрды да, кісінеп-кісінеп жіберді. Бұл жолғы кісінесі- сайысқа тіленген сары бауыр саңлақтық емес,енді қайтып оралмас ерлікке толы бұла дәуреннің азалы жоқтауы болатын».(«Алашеке», әңгіме, Өмір Кәріпов-1973)

АТАСУ ӨЗЕНІ

Атасу - Сарысу алабындағы Арқа даласына белгілі өзен. Жаңаарқа, Шет аудандарының құрамына жатады. Қызылтау, Ортау, Саңырыру, Дарат тауларынан бастау алып, Сарысудың солтүстік жағасына кеп құяды. Өзеннің ұзынығы 170 шақырым. Үлкенді-кішілі жиырмадан аса саласы бар. Арналысы- Қарқымбай, Мыржық, Кесік, Көктал жене басқалары болып келеді. Бұл өзен жөніндегі деректер ертеден бар.Атасу өзенін (Мыржық, Ақ-Мұсафа, Мымбай сайы) ерте заманда сақтар мекен еткен. Бұл өлкені Әлкей Марғұлан бастаған (М. Қадырбаев,Ж.Құрманқұлорв, С. Жауынбаев) археолог- ғалымдар зерттегені белгілі. Әлекеңді бала күнімізден көріп өстік. Атасу өзенінің бойын (1947- 1973) ол кісі ұзақ зерттеді. Біздің қойлы ауыл (1948-1958) көбінесе Атасу бойын жайлайтын. Қасым (Әбілдаханов) біздің ауылдың ұстасы еді. Сол кісі шөп шауып жүргенде Мыңбай сайынан мыс бөлігін тауып алады. Біздер балалар әуестікпен сол мысты көрдік. Бұжыр – бұжыр тас тәрізді бірдеңені бөжекей көріп қолға үстауға батпадық. Іле біздің ауылға шашы будыраған қасқа бас ірі кісі келді. Қасым ұстаның үйіне түскен еді. Біздің үйде (бір биенің) қымыз болатын. Ұстаның әйелі Бәтім үйге ұятты кісі келді деп шешейден қымыз сұрап әкетті. Атасу қонысының ашылуы осы оқиғадан басталғанын біз кейін білдік. Біздің заманымызға дейінгі екі мың жылдықта Атасу бойын жайлаған тайпалар мыс қорытуды игерген. Атасу өзенінің жағасынан Мыңбай сайындағы Құтжан қажының бейітіне таяу Атасу өзенінің жағасында отыздан астам мыс қорытқан пештердің орны табылған. Атасу қонысының тағы бір ерекшелігі-археологтар тапқан сүйектен(мүйізден) жасалған жүген әшкейлері. Бұл сүйектен жасалған жүген әшекейлерінің табылуы- Атасу қонысын мекендеген тайпалардың біздің дәуірімізге дейінгі екі мың жылдықта ат үйретіп, мінгенін айғақтайды. Қазақ археология ғылымының атасы академик Әлкей Марғұлан Атасу қонысын (ерте

дәуірдегі) Орталық Қазақстандағы ең ірі көне қоныс деп есептейді. Ғалымның топшылауы бойынша бұл қоныстың жалпы аумағы он бес мың шаршы метр. Сонымен қатар, көптеген зертеушілер бұл Атасу қонысын алғашқы қалалар атасы деп те атайды.

(Дерек археолог ғалымдар Жолдасбек Құрманқұлов,
Қ А. Ақышев, М,Қадыртаев еңбектерінен алынды)

Сарыарқа- қазағымның кең мекені,
Ежелгі алты алаштың тең мекені.
«Қобыланды батыр» жыры дастанында,
Атасу өзен аты кездеседі.
Жер шолғанда ертеде Асан қайғы,
Бір өзенге кез болып жанға жайлы.
«Бұл нағыз су атасы» деген екен.
Атасу деген атау содан қалды.
Енді бір аңыз былай айтылады,
Атасу өзендердің бой тұмары.
Қалмақпен қазақ елі шайқасанда,
Бұл өзен Алты Алаштың болды бағы.
Сарыарқаны бетке алған қазақ көші,
Жау тақымдап шығыпты елдің есі.
Қалың көш арып –ашып келе жатса,
Бір таудың жалтырап тұр қарсы беті.
Асау өзен жатыпты тулап ағып,
Қалың көш тамашаны тұрды бағып.
Шолғыншы сүйіншілеп бері шапты,
«Ата, су! Ата, су!» деп ұран салып.
Шындық бар аңыздың сорабында,
Арқау болған Атасу мол аңызға.
Атасу өзен аты, мекен аты,
Жетіп жатыр Жаңаарқа алабында.
Оқушым,ілес маған жерді таны,
Көсілген бел –белестер одан әрі.
Балығын Атасудың көп ауладым,
Дес бермес алабұға, шортандары.
Етектеп Қызылтауды өзен аққан,
Атасу-мыңбұралыптулапаққан.
Саңғыру- Қызылтаудың бір биігі,
Сұсымен көрген көзді жалт қаратқан.

МЫРЖЫҚ ҚОНЫСЫ

Мыржық-Атасу өзенінің бойындағы жер атауы. Өзеннің сол жағалауындағы кішірек жартас Мыржық деп аталады.Ертеректе қыстау салынған. Қыстаудың иесі Мыржық деген би болғандықтан бұл қоныс осылайша аталған. Мыржықтың тұсынан Атасу өзенінің бір саласы ағып өтеді. Қоныс тарихи мәнге ие белгілі орын. Археологтар Мыржық қонысында (Атасу өзенінің оң қабағында орналасқан Атасу қонысынан 10 км жерде). Аумағы 4 гектар жерде адамдардың еден арқылы жылытылатын баспаналары, мыс қорытатын пештері, қола мен сүйектен заттар жасайтын шеберханалары, мал қамайтын шарбақтары, тұрмыстық қалдықтар мен мал сүйектерін көметін жерлері болған. Қазба жұмыстарын жүргізгенде, көптеген қоладан, сүйектен, бұланның мүйізінен, тастан жасалынған тұрмыстық заттар мен бұйымдар, құмыралар, тас түйгішер, біздер, жебе мен найзаның ұштары, сүйектен жасалған түймелер табылған.

Мыржық қорымы үш жерде сақталған. Жерленген мәйіттер ұзыннан, бастары батысқа қаратылып, жатқызылған. Адам сүйектерінен өзге жылқы қаңқасы,қыш ыдыстардың сынықтары табылған. Бейіттер солтүстік батыстан оңтүсік шығысқа қарай 575 метр, батыстан шығысқа қарай 125м жерді алып жатыр. Тас жәшіктерден, жерге тігінен көмілген гранит қоршау тақталардан, сыртынан топырақ үйілген қорғандардан тұратын 48 зиратты құрайды. Топырақ үйіндісінің астынан ішінде адам сүйектерімен аралас қыш ыдыстардың сынықтары табылған,

(Дерек археолог ғалымдар Әлкей Марғұлан, М. Қадырбаев,
Ж.Құрманқұлов еңбектерінен алынды)

Мыржықтың қызықтадым қарасуын,
Жасымнан көріп өстім таңғы буын.
Балығы айдынында ойнақ салған,
Үйрек, қаз құйқылжыта созады үнін.
Шортаны шеттерінен ірік еді,
Қармаққа анда-санда ілігеді.
Жайылды балықшы атым қойлы ауылға,
Қойшының бұл баласы ірі деді.
Балығын Атасудың көп ауладым,
Құмадуыт жиегінде көп аунадым.
Тұңғиық қарасуда құлаш ұрып,
Табиғат жомарттығын бағамдадым.
Ол кезде білмеуші едім Мыржық атын,

Үлкендер аңыз етер оның затын.
Жазарман болады деп кім ойлаған.
Қойшының қара сирақ бұл баласын.
Мыржықтың жартасына шығатынмын,
Байқастап төңірекке тұратынмын.
Саңғыру қарсы бетте бұлт үйіріп,
Өгізтау өркештеніп тұратұғын.
Көз жіберіп Дараттың тоғанына,
Қойшоқы, Кіші Ақмая алабына.
Жанарымды талдыра қарушы едім,
Қызылтауың түксиген қабағына.

Мыржық жер атауы болғанда, бұл атаудың түп –төркініне кезінде мән бермедік. Кейін белгілі болғандай, Атасу өзенінің бұл тұсы Мыржық биге (1794-1869) қоныс болыпты. Бидің өмірбаянын алғаш хатқа (Жаңаарқа» дерекнама-2004ж) түсірген белгілі жазушы Асан Жұмаділдин болатын. Ол кісінің айтуы бойынша бидің (Мыржықтың) әкесі Айдарбек Аралбай Айса (шешелерінің аты) балаларынан қыз алған. Айдарбектің түбі Қаракесек, оның ішінде Бәйбөріге жатады. Бәйбөрі- бес Бошанның үлкені. Ағайындарына сиыспаған Айдарбек қайын жұртына көшіп келіп, тұрақтап қалады. Одан тараған ұрпақ қаракесек атын ұмытып, Бәйбөрі-Аралбаймыз деп кеткен. Аралбай балалары оларды сыртқа теппей қолайлы жерден қоныс берген. Мыржық сырт Аралбай Айса балаларында 27 жыл би болған. Мыржықтан туған Көкей 17 жыл билік еткен. Көкейден Бабас туған. Бабасты көрдік. Дарат тоғанын байласып, кейінде (1946-49) қырман бастық болған-ды. Бұл ата балалары руын жасырмай, біз Қаракесек ішінде Бәйбөріміз дейді күні бүгін. Олардың балаларымен бірге өстік. Үлкендерінің әңгімесін тыңдадық. Көпбайдың Серікбайы осы атадан. Бір ауылда болдық. Туған ағамыздай боп кетті. Балалары өсіп жатыр. Ержан, Қалжан, Тайжан дегендер болған. Олар да Бәйбөрі атаға жатады. Тоқтамысұлы Көкен (1894-1954) қобызшы, осы атадан шыққан. Мыржықтың тікелей ұрпағы.Ол қобыз шалғанда тау-тас күніреніп кеткендей болатын еді, шешелеріміз жылап отыратын. Неге екеніне түсінбеймін, менің де (сегіз жастағы баламын ғой) көзімнен жас шығатын. Ол кісіге ауылдағы Қасым ұста (руы төре) қайыңның безінен шауып қобыз жасап берген болатын. Сол қобызды ұстап көргенім әлі есімде. Көкен қобыз шалып қана қоймай, қисса-дастандарды жатқа айтатын. Қорқыттың, Ықыластың күйлерін тартқан. Көкен домбырашы, сырнайшы бола жүріп, Жаппас Қаламбаевпен кездесіп күй тартысқан.. Ересен қобызшы Көкен дауасыз дерттің шырмауында жатып інісі Тайжанға қобызын аманаттап тапсырып кеткен. Бұл қобыз (Көкеннің қобызы) бүгінде Алматыдағы Ықылас Дүкенұлы атындағы музыкалық аспаптар мұржайында сақтаулы тұр. Көкеннің қобызын бұл мұражайға әйгілі

этнограф ғалым (қобызшының ауылдасы) Ақселеу Сланұлы өткізген еді. Көкеннен Сағындық, Садық, төрт қыз-Қамила, Үміт, Сақып, Сарқыт туған. Ержанннан Қазыкен, Сейітжан (жоғары санаттағы оташы-дәрігер) туған. Қалжаннан Әбдірәш, Егінбай, Бағыдат туады. Тоқтамысов Тайжан қара сөзге жүйрік кесек сөйлейтін бетті кісі еді. Ол кісіден де ұрпақ бар.

Сыр жатыр Мыржықтың бұл жартасында,
Көне дәуір ізі бар әр тасында.
Балалық шағым өткен қайран мекен
Ырза бол аз ғана осы қысқа жырға.

ДАРАТ ТОҒАНЫ

Тар қолтығын бұл таудың -Дара дейді,
Тар асуда жиналған судың дені.
Қос Ақмая тауынан бастау алған,
Байланған сол тоғанды – «Дарат» дейді.
Жиналған тар асудың қылтасына,
Еркімен тулап аққан су басында.
Атасу өзенінің бір сағасы,
Тасыған қар суымен жылда асыға.
Мол суды ауыздықтап тоған салып,
Тырбанып еңбектенген өңшең ғаріп.
Үкіметтің енді-енді есі кірген,
Аштықтан бар қазақты қырып алып.
Мен онда үш-төрт жасар бала едім,
Демеймін қолқанатқа жарап едім.
Әкемнің айтуынша ұқтым бәрін,
Ес кіргенде ғажайып тоған көрдім.
Әкем де сол тоғанға үлес қосқан,
Тас қашап шапқыменен кетпен шапқан.
Тауды тіліп тас жарып қара күшпен,
Тоғанға ащы терін тамшылатқан.
Тоған бітіп арықта су молықты,
Алқапта егін, төскейде гүл молықты.
Бітік шығып мол астық ел тойынып,
Көзбен көрдік ғажайып біз сол істі,
Бала жастан еңбекке араластым,
Қойшының баласы едім, қозы бақтым.
Жазсам деп қиын-қыстау сол кезеңді,
Маңдай терді қағазға тамшылаттым.

Жасымнан серік болды маған қалам,
Бір еңбегім- хикаят «Ескі тоған»,
Дараттағы тоғанды өзек етіп,
Ащы терін заманның төктім соған.

Дарат тоғанын байлау жұмысы Жаңаарқа аудандық партия комитетінің шешімі бойынша 1942 жылы қолға алыныпты. Тоған жұмысына сол жылдары жиырма тоғыз колхоздың адам күші мен күшкөлігі жұмылдырылған. «Ескі тоған» хикаятын жазуға кірісердің алдында тоғанға байланысты дерек жиыстыру барысында өз әкемнен бастап тоғанға ащы терін төккен (1970) кісілерден дерек жиыстырдым. Ол жылдары мен « Ақтау» кеңшарында тұратынмын. Дарат тоғанын бөгеген ақсақалдар (еңбек адамдары) баршылық болатын. Аты-жөндері біркдыру еді. Солардың басты-бастылары мыналар: Ауданнан өкіл боп кеп (ауданық партия комитетінің кадр жөніндегі хатшысы) Өскенбеков Бидәулет (Шұбыртпалы Ағыбай батырдың ұрпағы) басшылық жасаған. Битабар балуан, аңшы Бекеш, кедей таптан шыққан қолхозшы қырғыз Әрін- ұзын саны екі жүзге тарта «еңбек адамдары» тоған құрылысына қатысқан. Әр колхоздан жүздеген күшкөлік (ат пен өгіз, ондаған соқа жүзге тарта арба) жиыстырылып тоған жұмысына жұмылдырылған. Дарат тоғанының құрылысы 1945 жылы аяқталыпты. Мен ес білген (1950) жылдарда тоған айна көзденіп жарқырап жататын еді. Тоған біздің ауылға («Атасу» қой фермасына) ұрымтал. Рүстемов Зейнолла мұғалімнің үйінде жатып оқимын. Екінші сыныпта. Егін алынып жатқан кез. Сонда көрдім қырманды. Қырманда бидай баулары аткөпір боп үйіліп жатады. Бидайды өгіз жегілген маламен (тас дөңбек) бастырып сабанынан арылтады екен. Қауызынан арылған бидай қырманда жоталанып жатады. Алқаптағы бидайды ловогрейкамен(шөп машиенеге ұқсас) шабады. Біздер ауыл балалары соны қызықтаймыз. Бидайды желге ұшырып қауызынан арылтқан соң қамбаға (шикі кірпішен тұрғызылған) үйеді. Қамбада үлкендігі кіші –кірім мысықай дәу тышқандар жүреді. Кәдімгі алақоржын сол кемірғіштер екен. Қамбаға күшік тазыларды кіргізіп қояды. Алақоржынға мысықтың әлі жетпейтін көрінеді. Жабыла кетіп талап тастайды екен. Мұғалім үйінің көк мысығын өлтіріп тастағанын көзім көрді. Егін алынып болған соң қырман бастық Бабас Көкеев «Қырман түп» кәдесін(тойын) өткізді. Ауыл адамдарына бәсірелеп аздаған бидай үлестірді. Әйелдер мен балаларды жарыстырды. Жарыста бірінші боп келіп, бір қалта(бір пұт болуға тиісті) бидай ұттым. Кейінде әке –шешейден ұғуым бойынша, қырман бастық Бабасты ескілікті салтты қоздырды деп орнынан алып тастапты. Содан былайғы жылдарда Дарат тоғанының (елуінші жылдарда)аты көп естіле қоймады. Екі Ақмаяның арасынан өтіп Дараттың дарасы дейтін кезеңнен асып түсіп Атасу өзеніне құлдилайтын Тарасудың суы көктемгі есілмеде бой бермей кетіп, (48-49 жылдарда) тоғанды бұзып кеткен еді. Тоғанды жөндеу

жұмысы (1956) қайта(көктемде) қолға алынғанда, жетінші сыныпта отгон орталығы Жамбаскөңде оқитын мен және басқа да ересек балар тоғанды бөгеу жұмысына қатыстық. Зембілмен топырақ тасыдық.Партияның «Тың көтеру» ұранына сәйкес қайта жанданған тоғанның ғұмыры ұзақ болмады. Арнасынан асып кете берді де, артық су бой бермей кетті. Содан былайғы жерде бұл бөгет « Ескі тоған» атанып кетіп еді. Тоғанды бөгеуге байланысты ескірген оқиға құлағымда (1970) жүргенімен қағазға (1980) кейінірек түсті. Хикаяттағы оқиға өмірде болған. Соның негізінде жазылған шығарма1982 жылы «Жұлдыз» журналында жарық көрді. Жеке кітап болып (1985) басылып шықты.«...Екі иығынан зіл басқан тәрізді денесі ауыр тартып, әлдебір суық қол жүрегін мытып-мытып жібергендей жайы кетіп, көзі қарауытты. –Тартшы қолымнан-, деді Олжабайға қарай еңсеріле түсіп,-кетейік енді...кетейік...

Қадыр еңкіш тартқан ұзын бойын шаққа билеп,машинаға қарай жүре түсті де,кілт тоқтап тоған жаққа күн сала қарады. Қарады да, құтты бір шалық шалған адамдай:

-Көрдің бе, әне! Көрдің бе, Олжабай?!-деді өзеурей сөйлеп,-Қаратоғанды айналып аққулар ұшып жүр –ау деймін. Біраздан бері көрінбей кетіп еді...

Шал көзіне аққу сияқтанып шалынған ақ шүйке бұлттардың үзігі еді». (Өмір Кәріпов «Ескі тоған», повестер мен әңгімелер. Алматы- «Жалын»-1985)

Кешегі тоталитарлық режим заманында қазақ даласының солғындап, ұлтымыздың тілі мүкістеніп, дәстүр –салты аяқ астында қалып бара жатқанын автор шығармасының соңында астарлап жеткізген. Бүгінде ішкі мигарция күш алып, ауыл адамдары қалаға орнап жатыр. Ауыл ортайып кетті. Бұл өткінші құбылыс деп ойлаймыз.Экономикамыз ілгерілеп, ел еңсесі көтерілгенде, далаға жаппай оралуымыз бек мүмкін. Келшек заманның ілгерішіл ұлтжанды жас буыны ата –бабасының қара қонысына, қара тоғанына кеп орнағанда, қағазға түскен осы аңыз –әпссаналар оларға бойтұмар боларына сенімім кәміл.

ӨГІЗТАУ

Өгізтау - Жаңаарқа ауданының Ақтау тау сілеміне жатады. Өгіз және тау сөздерінен құралған атау. Атауы таудың сырт бітіміне қарай қойылған. Әлкей Марғұланның пікірі бойынша, бұл тау, Оғыздардың тауы, сол себептен, «Оғызтау» деп аталуға тисті деп тұжырады.

(«Жаңаарқа ауданының топонимикасы» АршабековТ.Т, Жакин М.С., Ісламов І. І. Қарағанды-2011)

Жамбаскөң- сол тоғанның сыртында тұр,
Бұрынғының көмескі жұрты жатыр.
Көрқыстау Жамбаскөңнен қашық емес,

Өгізтау көлденеңдеп батыста тұр.
Мен босқа шертпеймін ғой бекер кепті,
Дегенің құлаққа енбес лекерлепті.
«Өгізтау оғыздарға мекен болған»,
Марғұлан бұл тарихты айтып кетті.
Замана екпін алып жасаңдадың,
Өткен шақ мәнсізденіп қасаңдадың.
Жас ұрпақ есіңе тұт, ерте кезде,
Бұл жердің «Оғызтау» деп аталғанын.

Археологтардың зерттеуіне сүйенсек, бұл төңірек (Өгізтаудың іші-тысы) ерте дүние тарихына айғақ болатындай көне жәдігерлерге (ескерткішерге) толы. Осы маңда ерте тас дәуірінің адамдарының өмір сүргенін айғақтайтын шақпақ тастардан жасалған пышақ, қырғыш, балта-шоттарға ұқсас құрал – сайманар Өгізтаудың шығыс беткейінен табылғанын археологтар (Әлкей Марғұлан,Жолдасбек Құрманқұлов,М. Қадырбаев) анықтап шықты. Әлі толық зерттелмеген. Бұл-келшектің ісі. Өгізтауға байланысты тағы бір айғақ бар.Атасу өзенінің бойындағы «Ақ Мұстафа қонысы» деп аталған ерте дәуір адамдарының мекені зерттелгенде,қазба жұмыстарының нәтижесінде, мыс қорытқан шұңқырлардың орнынан екі жүзді қола пышақ, екі құлақты ыдыс, сүйектен және қоладан жасалған бұйымдар табылған. Мыңбай сайындағы Құтжан қажының бейітіне таяу Атасу өзенінің жағасында отыздан астам мыс қорытқан пештердің орны табылғаны (Ж. Құрбанқұлов) қазба жұмыстардың нәтижесінде толық анықталған еді. Мысты осы қоныстан тай шаптырым қашықтықтағы Өгізтаудың алқымындағы кеніштерден (қазан шұңқырлардан) алған. Кеніштердің (қазан шұңқырлардың) орны сақталған. Сол аңғардағы (Өгізтаудан) сайлардан бастау алған бұлақтардан мыс тотығы шығып жататынын ғалымдар (археологтар) анықтап шықты.

КӨРҚЫСТАУ

«Жаңаарқа ауданының Ақтау ауылына қарасты қыстақ атауы «Көрқыстау» деп аталады. Ертеде бұл жерде қыс қатты болып, тұтас бір отбасы қырылып қалған» («Жаңаарқа ауданының топонимикасы» Қарағанды-2011)

Көрқыстау - бұл арадан қашық емес,
Шамданба «ізденгенге» берсем кеңес.
Малданып «көр» сөзіне теріс лақпа,
Бұл сөздің мағынасы олай емес.
«Қайрақты» деп атанған басында аты,
Лыпытқан ұстараны қызыл тасы.
Батырлар «жан қайрақ» қып алып жүрген,

Ер құнына татыған қайрақ тасы.
Дақпырты бұл қайрақтың шетке жеткен,
Саудагер керуенмен келіп жеткен.
Жеңді білек бір тасы нардың құны,
Пайдасы бұл қайрақтың шаш етектен.
Қайрақ тас шағындалған үңгірленіп,
Мол қорын тонап кеткен сырттан келіп.
Содан да «Көрқыстау» деп атап кеткен,
Көрдей шүңгіл арсиған түрін көріп.

Көрқыстаудың қайрағы жып-жылтыр қызыл қоңыр түсті келеді. Бұл тас қайрақпен қылыш, пышақ, балта, шот, кетпен һәм кездік пен ұстараның жүзін өткірлейді. Әсіресе, ұстараны лыпытып шығарады. Бүгінде жасанды құмқайрақ шықты. Ерте кезеңдерде Көрқыстаудың қайрағы құнды болған. Қол басындай тасы бір қойдың құнына татыған. Батырлар, жорықшылар қайрақ тасты (қай аймақтан табылғанына қарамастан) қоржынға салып, өзімен бірге алып жүрген. Көзіміз көрді,ұзынша сопақшалау боп келеді. Қайрақтың бір ұшын тесіп, қайыс бүлдірге өткізіп қояды. Осы нобайдағы қайрақты-«Жан қайрақ» деп атайды. Қазақтың қара өлең үлгісінде мынадай жолдар бар:

Ер жігіт әр нәрсенің ебін тапқан,
Кетпенмен қара күзде көкпек шапқан.
Атамның «Жан қайрағы» сияқтанып,
Мынау кім «бекер тамақ» сұлап жатқан?
Дегенде қайрақ деймін, қайрақ деймін,
Қайрақ та дос –дұшпанға айбат деймін.
Қылышыңды қайраққа өткірлеп ап,
Жауыңа қоймаймысың сайлап деймін,-

деген жолдар қайрақтың ата-бабалармызға таптырмас құнды құрал болғанының айқын дәлелі. Көрқыстаудың тас қайрағын көрінген нәрсеге жұмсап бағасын түсірмеген. Онымен тек қылыш пен сапы, қанжардың жүзін өткірлеген. Ұстара мен кездікті лыпытқан. Үлкендерден естуімізше, Көрқыстаудың қайрағының бұлды болғаны соншалық-Ташкент, Ірбіт саудагерлері көтерме саудамен бағасын үстемелеп беріп, еліне арбалап тасиды екен. Шапқыншылықтың (қалмақ шапқыншылығы)салдарынан қыстау иесіз қалған кездерде қайрақ тасы жаппай тонаушылыққа ұшырап, тау беткейі үңгірленіп кеткен. Сол себептен бұл мекен «Көрқыстау» атанған деп отыратын әкелеріміз. Біздің бала кезімізде бұл таудың қайрағы әр үйде болатын.Біздің үйде де сақталған еді.

АЙДАҺАРЛЫ

Айдаһарлы- тау. Жыландар көп мекендегеннен осы атау қойылған.

Айдаһар парсы тілінен енген.Мағынасы-ертегілердегі ажал нышаны ретінде көрсетілетін қорқынышты алып жылан. Аңыз бойынша бұл жерде руы Қалыбек Тырнақ батыр айдаһарды шөгерген. Бұл атау туралы ел ішінде неше қилы аңыз сақталған.

(«Жаңаарқа ауданының топонимикасы»
2011-Қарағанды, Т.Аршабеков,М Жакин, І. Ісламов)

Атасу- қыз мүсінді сұлу өзен,
Бұрымын көк желекті талмен өрген.
Қызыл тауды етектеп екпін алып,
Айдаһарлы тауларын екі бөлген.
Үлкені бұл биіктің сол жағында,
Кішісі аласалау оң жағында.
Екпіндеп егіз тауды жарып өткен,
Жетсем деп алда тұрған арманыма.
Табиғат қыз көрікті жасаңдаған,
Жүрекке қуат берер қасаңдаған.
Сұстылау қырыс қабақ егіз биік,
Тегіннен Айдаһарлы атанбаған.
Үлкені ойдақ –сойдақ қожыр тасты,
Кішісі шөптесінді бойға шақты.
Ерте бір кезеңдерде бұл тауларда,
Иіріліп әр сайында жылан жатты.
Дегенді іліп түскен «қарғып өтем,»
Жан тұрмақ жуытпаған малды бөтен.
Ордалы жылан өңшең сала құлаш,
Теректей жұмырланған балғын екен.
Оқталса егер тасты да тесіп шыққан,
Адам аяқ баса алмай аңдар бұққан.
Ордалы көп жыланнан бірегей боп,
Кос бірдей алып жылан өсіп шыққан.
Үлкені Айдаһардың алып екен,
Аң-құсты ұйпап жұтып қарық екен.
Және өзінің ұшатын қанаты бар,
Адамдарға өш екен ала бөтен.
Кішісі де үлкеннен кем болмаған,

Құмарткан жас балаға ол оңбаған.
Бала көрсе толғамай бір-ақ жұтып,
Тілгілеп түн түнегін азандаған.
Осылай қос айдаһар басқа шықты,
Аң тұрмақ адамдарды қылғып жұтты.
Ел –жұрттың зар тілегін қабыл етіп,
От жүрек бір талапкер батыр шықты.
Жылан да басынады бұғынғанды,
Қылғып жұтар байқаусыз ұрынғанды.
«Алапатын мысыммен бұқтыруға,
Пида етемін ел үшін шыбын жанды».
Жас батыр осылайша талап қылды,
Құптамаймыз деді жұрт біз мұныңды.
Қыр астында қысық көз жауымыз тұр,
Одан да көрсет соған сұмдығыңды.
Жыланды жайғамаққа атып ұрып,
Қайтпады алған беттен батыр жігіт.
Айдаһар болып тұр ғой жаудан бетер,
Жыланды қоямыз ба басындырып.
Ер Тырнақ! Қаракерге қамшы басты,
Ағындап айдаһарға қарсы шапты
Қан сиіп аты осқырып жалт бергенде,
Амалсыз әждаһаға жаяу тартты.
Айдаһар көкке сонда көтеріліп,
Бір ойсан бастамаққа тағы бүлік.
Батырды құйрығымен соқбақшы боп,
Төбеден төніп келді шиырылып.
Қылышын батыр сонда сілтеп қалды,
Денеден қақ бөлініп құйырық қалды.
Әлсіреген әждаһа амалсыздан,
Батырдың қақ алдына шөге қалды.
Айдаһар жер бауырлап жатып қалды,
Заматта тасқа айналып қатып қалды.
Мақұлықат болғанымен тегін емес,
Біртауда мәңгілікке аты қалды.
Бұл аңызды мен емес ел айтады,
Арқаның ұйтқымалы желі айтады.
Бала жастан құлақта қалған еді,
Санамда сақталыпты өшпей табы.
Оқушым мені босқа жазғырмаңыз,

Қаламмен қарды біраз талдырғанбыз.
«Тарлан» атты кезінде повес жазып,
Тарту қып балаларға қалдырғанбыз.
Дарынсыз деп жазғырма мені бекер,
Жазумен талдырғам жоқ қолды бекер.
Аңыз бен ақиқаттың ара жігін,
Сол повесті оқысаң көзің жетер.
Алтайдан шыққан дейді Тырнақ батыр,
Кімдерге опа берген дүние ғапыл.
Ажаһаның лебінен дерт жамапты,
Айдаһарлы тауында мәңгі жатыр.
Кішісі үлкенінен аласалау,
«Бала» атауы өзіне жарасады-ау.
Кіші Айдаһарлы алыстан көз тартады,
Күн көзімен құбылып қызыл алау.
Бұл тауды мекен еткен кіші жылан,
Құтырып түнде жұртқа салған лаң.
Құрбандығын талғамай жұта берер,
Көз жазып қалады жұрт күндіз бұдан.
Күші жойқын өзінің жасаң екен,
Молшылыққа күндіз де батады екен.
Шетке шыққан жандыны жұтып алып,
Тау үңгірін далдалап жатады екен.
Адам көрсе қылғиды құтқармайды,
Мал мен құсқа сондайлық сұқтанбайды.
Барып тұрған әккі өзі сақтығы кәп,
Үңгір шатты мекен қып сағалайды.
Талайлар құрбан болды аңдысам деп,
Садақ тартса мәу демес тым жақын кеп.
Денесіне сұр жебе дарымайды,
Ел іші азан –қазан асқынды кек.
Белсеніп шыққан еді Қабақ мерген,
Ажадаһа ширатылды оны көрген .
Құйрығымен мергенді орап алып,
Шиырып кеп әлгіні тасқа перген.
Бар еді ел ішінде мерген бала,
Қоқайды жастайынан көрген бала.
Бұл сұмдыққа баланың жаны күйіп,
Жүгірді тауға қарай садақ ала.
Анасы «ботам-ай» деп жылып тұрды,

Көз жасын мөлдіретіп бұлақ тұрды.
Таулар да теңселеңдеп түйедейін,
Жартастар ақ жол тілеп сынап тұрды.
Жас бала зейінді еді,саңлақ еді,
Ел үшін ерлік жасау арманы еді.
Айдаһар күндіз тыншып демалады,
Баспалап оған жақын барған еді.
Алаңсыз жасырынып тасқа бекем,
Ажадаһа мол ұйқыға батқан екен.
Сол тұстан бір керемет жалтырайды,
Зәрлі сұм көзін ашып жатқан екен.
Қуанды мерген бала алақайлап,
Төменде үлкен-кіші «иә, құдайлап!»
Тау –тас та тебіренді мұны құптап,
Жас мерген үңгір тасқа барды жәйлап.
Садақты толғай тартып шіреп қатты,
Аждаһадан тайсалмай көзден атты.
Сұр жебе қос жанарын ойып түсіп,
Әккі сұм жанталасып тулап жатты.
Басқа келерқолынан не қайран бар?
Түйе тасты қаңбақша домалатты.
Садақпен айдаһарды жайғап бала,
Жүгірді екі өкпесін қолына ала.
Етекке жете бере мұрттай ұшты,
Үйдей боп домаланған тасты қара!
Бір жағдай болып қалды қасіретті,
Баланы әлгі тас кеп басып өтті.
Елі үшін құрбан болды мерген бала,
Бұл аңыз ертегі боп бізге жетті.
Есінде қалың елдің кекті бала,
Сынығы асылдардың текті бала.
«Бала шоқы»- бұл таудың бір тұғыры,
Жолаушы шүкірлік қып етші тоба.
Бұл маңды көріп өстім бала жастан,
Сыр ұқтым қырыс қабақ қара тастан.
Айдаһарлы таулары мені демеп,
Жыр тербеп шабыттанып жаздым дасан.
«Жалпақ қора» атанған ескі тұрақ,
Көзге ыстық көрінер бейне жұмақ.
Мен онда оқушы едім он жастағы,

Қойшының баласы едім жалба тымақ.
Демалыста бес бала жолға шықтық,
Саяхаттың мақсатын ішке бүктік.
Айдаһар жасырынған «Үңгір шаттың,»
Тамашалап өзгеше сырын ұқтық.
Бас кітап- болған еді тау мен дала,
Тірліктің мәнін білдік содан ғана.
Интернетке мәз болып бүгінгілер,
Білімпаз деп біледі өзін ғана.
Бекергееншілемейардажырды,
Оздырдым заманаға арманымды.
Табиғаттың алдында қарызым жоқ,
Өзіне қайтарамын алғанымды.

Өлең кей –кейде қараша үйдің желді күнгі түңілігіндей желпілдеп кетеді. Ойды байырқалату үшін қара сөзге дес берейік. Бұл таулар менің көзіме өзгеше ыстық. Өлеңмен өрілген Айдаһарлы тауы туралы аңыз кішкене күнімнен құлағымда жүрді. Есейе келе сол аңыздан туындатып әңгіме-хиқаяттар жазуға кірістім. Өзім де ұстаз болдым, мектепте балаларға сабақ бердім. Өмір бойы қиян түкпірде тау арасында өтті ғұмырым. Менің қалам ұстап ақ қағазбен майдандасуыма – бірден бір себепкер өзім ғұмыр кешкен таулы өңір табиғатының ықпалы екені даусыз шындық. Оның ішінде –Айдаһарлы тауына байланысты аңыз басты орын алады. Осы аңыздан туындаған оқиғаны балаларға арналған «Тарлан» хиқаятына (1988) арқау еттім. Хиқаятты қайта (2010) өңдеп жаздым. Әлі күнге жарық көрмей, жазу стөлімнің суырмасында «тұншығып» жатыр. Хиқаяттың оқиғасы. жоғарыда өлеңмен баяндалған аңыздың арқауына құрылған. Енді осы таудың бауырында ертеректе(патша үкіметі заманында; Кеңестер Одағынан бұрын) қай ру мекен еткенін білгенімше айтып өтейін. Шежіре деректеріне қарағанда, Айдаһарлы төңірегін Аралабайдың (Алтай атаның Аралбайы) Айсадан тараған ұрпағы мекендеген. Аралбайдың Кежектен, (анасының аты) Таңсұлудан (анасының аты) тараған ұрпағы мен Қалыбек рулары Саңғыру, Алабас, Қойшоқы тауларына қоныстанған. Бекшелер Атасу өзенінің бойын, Айдаһарлы тауларының жазығын жайлаған. Мен ол жылдары (1951-52 оқу жылында) Айдаһарлы тауының етегінде, Атасу өзенінің оң жақ жиегінде орын тепкен «Үлгілі» қой фермасының орталығы « Жалпаққорадағы» бастауыш мектептің үшінші сыныбында оқитын едім. Бала қиялы ұшқыр келеді. Біздер, балалар, үлкендерден естіген әңгімені өзімізше қиялдап бір –бірімізге сыр қып айтатынбыз. Сондағы қиял арқауы-Кенесары мен Наурызбай және Ағыбай батыр болатын. Кенесары мен Наурызбай қырғыздардың қолына түсіп мерт болғанда, кеуделерін жарып

жүректерін көріпті дейді. Кенесарының жүрегі мүйіз боп беріштеніп кеткен дейді. Наурызбайдың жүрегінің басына екі тал қыл өсіпті. Осы аңызды әрі қарай өрбітіп, Ағыбай батырды жыр қылатынбыз. «Үлгілінің» тумасы Жаманбай (Қарабұзауов) деген бала бізге бір жаңалық айтсын. Ағыбай батырдың бейіті бар деп салды. Қыстың кірісінде, демалыс күні, бір топ бала жолға шықтық. Бейіт ауылдан төрт –бес шақырым қашықтықта, Атасу өзенінің сол жағалауында Үлкен Айдаһарлының етегіне таман қалың шидің ішінде тұр екен. Күмбездеп салынған бейіт ол жылдары тың болатын. Бұл жаңалығымыз көп кешікбей әшкереленді. Ағыбай батырдың бейіті Тайатқан тауында деген деректі Зейнолла мұғалімнің өз аузынан естідік. Сондағы біз көрген мазар кімдікі? Кейінде ес тоқтатқанда барып білім. Шежіре дерегі бойынша Қуандықтың Алтайының бәйбішесі Мойыннан-Аманқұл, Рахманқұл,Сарша, Саңай, Қареке, Мұрат тарайды. Рахманқұлдан (айтылуы бойынша Рақпанқұл) Әлібек, Қалыбек; Әлібектен-Аралбай,Сармантай, Ботақан, Барақ,Бекше туады. Аралбайдың үлкен әйелі Айсадан Құттыбай, одан Жоламан, Есенаман, Естай тарайды. Жоламаннан (қысқартып айтқанда) Ағыбай, одан Оспан(жүз жасады көрдік), Оспаннан Төлеу (қара Төлеу), Төлеуден кәдімгі жорналшы, облыстық «Орталық Қазақсанның» бас редакторы болған Сейфолла Оспанов туады. Үлкен әкелері Ағыбайдың бейтін (2001) қайталап көрдім. Бейіт шөгіп кеткен екен. Бүгінде (2018) «Жалпаққораның (кейінгі 1960 -1993 жылдары К. Мыңбаев атындағы совхоздың төртінші бөлімшесінің орталығы болған) орыны ғана жатыр.

Балалық шағымның куәсіндей құтты қонысты қимаймын. Кіші Айдһарлының қолтығында сыздықтап ағатын кішірек бұлақ болатын. Үлкендер «Күміс бұлақ» дейтін еді. Сараңдау ағып жататын еді. Суы кереметтей тұщы болатын. Көк желкесінде бір шоқ тал болатын. Сол тал кейінгі кездері қурап қалды. Бұл бұлақты үлкендер. «Күміс бұлақ» деп атайтын. Сыңғырлап ағып жататын еді.

Есімдесің көне жұрт ескі тұрақ,
Жағдайыңды ұмытпай жүрдім сұрап.
«Жалпаққора» қалашық сияқты еді,
Таудан ағып жататын –Күмісбұлақ.
Күміс бұлақ- сығырлап күліп аққан,
Таусылмайтын бір таңға сыры дастан.
Ат суарған жігітке сылтау еді,
Суға жиі келгенді қыз ұнатқан.
Құс та келер, басына аң да келер,
Арқар, киік баспалап таңда келер.
Айна көзін қызықтап қайту үшін,

Мамық жүні бұрқырап қаз да келер.
Таңғы шықтай мөп –мөлдір суы балдай,
Қыз күлкілі қытықшыл үні қандай!
Сарқып берген бойдағы бар асылын,
Қысы-жазы бұлқынған тыным алмай.
Көп жыл өтті арада- жүрдім жырақ,
Мұрша бермес дегенге-ғұмыр сынақ.
Қысылғанда қол ұшын бере алмадым,
Кешір мені, кешіргін- Күміс бұлақ!
Сол бұлақтың орнында тұма қалған,
Ақ шаңдаққа тұншығып жыра қалған.
Жел тербеген көк құрақ ырымға жоқ,
Өлең шөп те безіпті суағарда.
Атың шықты дәуірлеп заманыңда,
Суың мөлдір, ашық ет қабағың да.
Ғашықтардың жүрдің сен жүрегінде,
Арулардың ұялап жанарына.
Жалпылдайды жапалақ самғары жоқ,
Құдық бұлақ бола алмас бал дәмі жоқ.
Бойындағы құнарын сарқып кеткен,
Күміс бұлақ-сенің де арманың жоқ.
Жүгіргіштеп ентелеп бас қамына,
Ғұмырдың үңілмейміз астарына.
Қайнар шағы қапысыз бұла өткен,
Шүкіршілік, тұма боп жатқаныңа!

Менің бұл жазбам зерттеу еңбек емес. Бір жағы естелік, екінші мақсат- жер-судың, ескі қоныстардың аңыз-әпссанасы. Өзім ғұмыр кешкен мекен-тұрақтың ескіше шежіресі боп табылады. Осы жазабада баяндалған таулы өңірлердің (Ақтау, Ортау, Қызылтау,Қызылтас, Сарықұлжа, Тағылы, Айыртау, Тайатқан –Шұнақ, Қаратөбе, Қабантау, Ешкіөлмес, Сапы, т. б.) қолтық –қойнауы толған бұлақ. Тұнығына шөл қандырған сол бұлақтарды қағаз бетіне түсірсем, кемінде жүзден асып жығылар. Тас бұлақ, қайнар бұлақ, айна көз бұлақ, күміс бұлақ, қамысты бұлақ боп жалғасып кете барады.

Тас бұлақ, күміс бұлақ, қайнар бұлақ,
Тегіннен аталмаған жайдан бұлақ.
Есімдерің аталмай ұмыт қалса,
Кешір деп өтінемін пәрмен сұрап!

ҮШҚЫЗЫЛ

Ертеректе бұл шоқылар «Үш қыздың биігі» аталған. Жуа тере шыққанда елге жау тиіп, үш қыз иесіз тауда қалып қояды. Аңыз дерегі бойынша, жауға (қалмақтарға) пенде болғысы келмеген үш қыз таудан құлап өлген деген аңыз бар.

(Ел аузынан)

Құт мекен қызығыңа тоя алмаймын,
Жолға сап жыр торыны аяңдайын.
Арқаның шоқылары іркес –тіркес,
Азырақ «Үшқызылға» аялдайын.
Қабантау, Үшқызыл мен Құтырған сай,
Қоратау, Көтіне бақпас айтылмас жай.
Жер аттары өзінше қызық тарих,
Әр сайы, әр белеңі аңызға бай.
«Қоратау» –ықтасынды, малға жәйлі,
«Көтіне бақбас»- семіртер құлын-тайды.
«Құтырған сай»- қасқырдың ұясы бұл,
Жұтатқан ақ сүйек қып талай байды.
Үшқызыл- сүйірленген сұлу шоқы,
Құбылып көз тартады бейне тоты.
Жұртта қалған үш қыздың атын алған,
Әсіре қоспасы жоқ, анығы осы.
Бір кедейдің үш қызы болған екен,
Бой жетіп кенересі толған екен.
Жуа теріп шыққанда жұртта қалып,
Қарай –қарай көздері талған екен.
Үшеуі үш биікке шығып тұрды,
Жалғанның жалғандығын ұғып тұрды.
Кедейдің күң етекті қыздарына,
Үш шоқы құпиялап сыр ұқтырды.
Бейнетке жегізумен иығынды,
Бір жаманға қор болып жыры мұңды.
Күңдікпен ғұмырыңды оздырғанша,
Еншіле атамекен биігіңді.
Көздері қарауытып оттай жанған,
Сағымданып бұлдырап іштегі арман.
Жау қолында қор болып қалмайық деп,

Үш қыз сонда заматта тасқа айналған.
«Үш қызылдың»- қоспасыз аңызы осы,
Ертек деп шүбәланба- ішке тоқы.
Намыстан қара тас боп қатып қалған
Үшқызыл – көз тартады сұлу шоқы.

ҚАБАНТАУ

«Қабантау- тау аты. Жаңаарақа ауданының Ақтау с/о жерінде. Ақтау тау массивіне жатады. Атауы сырт пішініне байланысты берілген.» («Жаңаарқа ауданының топониикасы», Т.Т. Аршабеков, М.С. Жакин, І.І Ісламов. Қарағанды-2011)

Қабантау- мойны жуан қабан сынды,
Жасырған ішке бүгіп талай сырды.
Дөңкиіп шоқтықтанып тұрады ылғи,
Көзге ыстық мұндасымдай бала күнгі.
Болғанда сырты түкті, іші қорыс,
Қойнауы малға ырыс, жайлы қоныс.
Қамсақты әр сайынан бұлақ аққан,
Тепсеңде көделері жырта қарыс.
Бұл таудың ертеден бар қабан аты,
Қазақтың мекендеген жамағаты.
Қабаны қойдай өріп бір заманда,
Қабантау деп аталып қалыпты аты.
Қабандар қасқырға да алдырмаған,
Қуғанда жүйрікке де шалдырмаған.
Топталып жүрген кезде жан шыдатпас,
Сескеніп безе қашқан аю да одан.
Қабандар шеттерінен алып екен,
Жебе батпас терісі қалың екен.
Шошқа түртіп талайды кемтар етті,
Иесіз қалған дейді бұл бір мекен.
Жиналып дәмелілер атқа мініп,
Қырыпты қорсылдақты салған бүлік.
Қашқан-пысқан сіңіпті тау мен тасқа,
Содан былай күнелткен бұғып жүріп.
Қабан да тегін емес қиелі аң,
Әр тұстан белгі берер көрсетіп шаң.
Шошқа түрткен Рысбекті көзім көрді,
Хиқаясын аузынан сан естідім.

Қабантау- сені жастан арқа тұттым,
Басыңа әуестікпен талай шықтым.
Қабан аулап келгендер құр қайтатын,
Мұның мен кейінірек сұрын ұқтым.
Деген бар: «Құм үйіліп тас болмайды,
Құл жиналып бірігіп бас болмайды».
Қорсылдақтар топталып жүремін деп,
Басынан өткізген ғой сұмдық жайды.
Үлкендер тарқататын мұның мәнін,
Ойланбай шетін жайға ұрынғанын.
Бірігіп үйірлесіп жүремін деп,
Шілпара боп шашылып қырылғанын.
Басынан өткергенсін сол бір жайды,
Қабандар бұрынғыдай топталмайды,
Жүреді жасырынып төрт- бесеуден,
Қоя ма аңдығандар қару сайлы.
Қабантау- осыменен жырым тамам,
Иесіз қалғаныңа көңіл алаң.
Қойнауың қойға толы құтым едің,
Ұланың бар жерге ие- түспес бағаң.

САУҒАБАЙ ҚЫСТАҒЫ



Сауғабау қыстағы. Социалитік Еңбек Ері Шалғынбай Ынтықбаев, баласы Қашқынбай, балдызы Сейітқазы

Қабантаудан батысқа бетті бұрдық,
Айдаһарлы сілемі- Қаратұмсық.
Одан әрі « Сауғабай» қыстағы тұр,
Шаруагер боп жас талап еткен тірлік.
Шалғынбай- Еңбек Ері, дала адамы,
Қой бақты, кең даланы сағалады.
Әкесіне еліктеп мал өсірді,
Ынтықбаев Шалғынбай балалары.
Шалғынбайдың кезінде даңқы шықты,
Жетім өсті, жетілді, өрге шықты.
Алтын жұлыз тағынды еңбегімен,
Дала адамы атанды - нағыз мықты.
Бұл өлке Алсай ата мекендері,
Қазақтың қордаланып өскен жері.
Сауғабай- Бәйеш батыр баласы екен,
Қыстау сап Атасуда мекендеді.

ЕРКЕБҰЛАН

Еркебұлан батыр тарақты руына жатады. Шамамен он тоғызыншы ғасырдың бас кезінде өмір сүрген. Бейіті Жаңааракқа ауданына қарасты Ақтау а/с Атасау өзенінің бойында Сауғабай қыстағына жақын жерде өзеннің түстік жиегінде тұр. Бейіт тозған, құлауға жақын тұр. Бір жақ қабырғасы (түстік жағы) опырылып түскен. Басына ұрпақтары құлпытас қойған.

Талды өзен- Атасудың суы тұнық,
Тұңғиық қара суға жетпес құрық.
Еркебұлан бейіті қыр басында,
Өзеннің жағасында тұрар сұлық.
Батыры тарақтының Еркебұлан,
Биіктеп ұшқан дейді бейне қыран.
Есіл ер орда бұзар отызында,
Қапылыс о дүниеге бетті бұрған.
Күші оның жаннан асқан ерен екен,
Мылтықтай мұлт кетпейтін берен екен.
Сұңқардай сесті боптыесіл сабаз,
Күші сай ақылына кемел екен.
Дұшпанға албырттықпен жеке шапқан,
Жылқы алған қарақшымен сойылдасқан.
Бой бермей қалың жауға ұзақты күн,
Қапылыс есіл сабаз ажал тапқан.

Жау жағы болмаған соң амал тапқан,
«Найза қамақ» әдісін ойлап тапқан.
Шүйлігіп тұс-тұстан кеп найза сұғып,
Жартастай опырылып құлапты аттан.
Жас пері Байғозыға серік боптьі,
Қылыштай тіліп өткен қарсы топты.
Ұрпағы ел ішінде тамыр жайған,
Ерлігін елі елеп аңыз етті.

Еркебұлан батыр Тарақтының Апай атасына жатады. Тарақты – одан Қармыс-одан Тоқтауыл, Апай - (Тоқтауылдың бір баласы апасының қолында болған, шежіреде Апай деп аталады) Одан Орыс (өріс емес)-Орыстан Қошқар- одан Қазыбек, Байназар тарайды. Қазыбектен Еркебұлан батыр, Еркебұланнан-Аман, Байбатыр,Шәкен, Бибатыр, Жанай (бес ағайынды) туады. Жанай батыр болған. Бұл аталар (Балтабай Адамбаевтің жиыстырған шежіресі бойынша) былайша таратылады. Аманнан Атай жалғыз. Атайдан Демесін жалғыз. Демесіннен-Серік, Серікбек, Жалтыр тарайды. Байбатырдан-Бекмағамбет –одан Ахмет, (тұқым жоқ), Ашай, Жорабай, (тұқым жоқ) Өлкебай, Баймұрын, Бүркітбай туады. Шәкеннен Қосай жалғыз. Қосайдан-Таңсықбай, Ашықбай, Бөлекбай, Құлжабай (төрт ағайынды) туады. Ашықбайдан Телбай, Бөлекбайдан Сейтхан, Мәкіш туады. Сейтханнан Берік туған. Таңсықбай мен Құлжабайдан ер бала жоқ.

Жанай батырдан- Төрекелді-одан Бекмолда-одан Сейітжан, Сейітжаннан-Бөрібай, Бөлтірік, (Болат) Елубай, Алпысбай, Кенжебай туады.

АЙШЫРАҚ

Айшырақ- елді мекен. Ақтау ауылдық округіне қарайды. Атасу өзені бойында. Бұл жерді ертеде (XIX-ғ.) Алтай-Алсай руының Айшырақ, Жаншырақ атты екі беделді ел адамдары мекендеген. Бұл жерде археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде қола дәуіріне тән түрлі жиһаз бұйымар, айға ұқсас қола шырақтар табылған. Сол себепті де ол жер Айшырақ деген атауға ие болуы мүмкін. (Қойшыбаев 1985.) («Жаңаарқа ауданының топонимикасы» Т.Т. Аршабеков, Т.Т. Жакин, І.І. Ісламов. Қарағанды-2011)

«Айшырақ»- Атасудың жағасында,
Балығы ойын салған қара суда.
Ол өзі белгілі адам бұрынғы өткен,
Тұлға боптьі Айшырақ бір руға.
«Айшырақта» орталау мектеп болған,
Қойшының балалары білім алған.
Интернатта жататын қырық бала,

Солардың арасында мен де болғам.
Тауыстым бұл мектепті үш жыл оқып,
Білім нәрін аз-аздап ойға тоқып.
«Балалықтың белесін» жазған едім,
Ұғарсың жан сырымды соны оқып.

Айшырақ елді мекенінің іргесі 1952 жылы тұрғызылды. Жаңаарқа ауданында құрылған (жиырма тоғыз) ұжымдық шаруашылықтар қырқыншы жылдың орта кезінен бастап отыз екінің аштығында қаңырап бос қалған таулы өңірлерге (Ақтау, Қызылтау, Желтау, Таятқан-Шұнақ) қой отарларын шығарып қоныстана бастады. Таулы өңірде қой фермалары құрылды. Қой фермалары Алғабас, Үлгілі, Атасу, Өркендеу, Киров, Еркіндік деп аталды. Алыстағы мал жайылымы бөлімшесінің орталығы –Айшырақ боп белгіленді. Жеті жылдық мектептің (1952) іргесі көтерілді. Қырық балалық интернат қойшының балаларына есігін айқараашты. Дүкен ашылды. Дүкенші Дәлеш деген болатын, руы тоқа. Қызылотау үйі, бүгінше айтқанда кітапхана жұмыс істеді. Меңгерушісі-Әубәкіров Әбдіқадыр еді. Руы Аралбай, оның ішінде Өмірге жатады. Дәрігер- Садықов Бәдалхан болатын. Жұмсақ сөзді майда кісі еді. Сырқат адамды жып –жылы сөзімен –ақ жазып жіберетін қасиеті бартын. Руы- Аралбай,оның ішінде Танаңға жатады. Бас мал дәрігер Бәденов Көшен болатын. Руы Тоқа қожасы еді Жеті жылдық мектепте бізге сабақ берген мұғалімдер мыналар: Омаров Әбдікәрім-мектеп директоры, оқу ісінің меңгерушісі Рүстемов Зейнолла; мұғалімдер- Тәкешов Әпсаләм, Отарбаев Еренғайып, Күмпейісов Төлепбек, Маханов Жапаш (Ахметова Торша, Ысқақов Мұқымбай, Арынбеков Әділ, Қалдыбаев Ібіш, Рәшит және Оспан мұғалім, Әділжан мен Ыбырайһым мұғалім- бұлар қой фермаларындағы бастауыш мекепте сабақ берді) және жолдамамен келген Қырмызы деген мұғалім болды. Физкультураны Әукен мұғалім оқытты. Отгон бастық - Шөжин Кәдірсіз болатын. Және бір бастық, бас зоотехник болар, Жәнпейісов Әбдіғалым еді Руы –Тоқа. Қарт адамдар Смайыл мен Отарбайды әулие көретінбіз. Айшырақ кейінде (1962) «Ақтау» совхозының бір бөлімшесі боп белгіленді. Бүгінде Айшырақ мекені - шаруа қожалығының жетекшісі Ұзақбай Оспановтың өрен – жаранына құтты қоныс боп отыр. Төскейінде мыңдап қой өреді. Үйір-үйір жылқы, табын –табын сиыр бар меншігінде. Айтқазы Кемаловтың да шаруа қожалығы бар. Алдымнан сабақ алған оқушым, әрі інім еді. Әрі менің бауырым, туысқаным.

АҚСАЙ - ҚЫЗЫЛТАС

Ақсай (Қызылтастың) аңғары Жаңаааарқа ауданына қарасты Ақтау ауылдық округінен он бес шақырым қашықтықта. Бұл жерден көне заманның тас мүсіндері мен тас шарбақтары көптеп табылады. Қызылтас тауының Ақсай кең аңғары. Тастары қызыл түсті.

(«Жаңаарқа ауданының топонимикасы», Қарағанды-2011)

Өзегі бұл жазбаның тау аттары,
Ежелгі қара қоныс санаттағы.
Азырақ бұрыс кетсем уақа емес,
Сабыр ет, бұйырғаны болаттағы.
Отаутас, Қызылтас пен Ақсай, Қорған,
Күн көзінде құбылып арайланған.
Балбал тастар әр тұстан белгі берер,
Сақ жұртына Қызылтас мекен болған.
Ертеде «таусоғарлар» болған дейді,
«Отаутасты» иыққа алған дейді.
Тастардан тау тұрғызып жүрген кезде,
Отаутас жолда түсіп қалған дейді.
Бұл өзі тегін емес қиелі тас,
Талапкер деп тілеген- «жолымды аш!
Тасқа барып тасаттық береді екен,
Жұқарып шығындалса мал менен бас,
Туған жер қойының құт, тасың да асыл,
Бұғынып қойнауында асыл жатыр.
Бастарың ара-дара бірікпесе,
Қызылыңды атжалман шетке тасыр.
Мәнді етем десең егер тірлігіңді,
Сақтай біл ынтымақшыл бірлігіңді.
Өз тауыңның түлкісі өзіңе олжа,
Қор етпей жаттан қорға «қырмызыңды».

Қызылтастың Ақсай аңғары ерте дүние ескерткіштеріне толы болатын. Соны (1970) көзіміз көрді.Салмағы бірнеше тонна тартатын тұнжырлар, сынтастар, үйтастар, тас сағаналар кезігеді. Ұзындығы төрт метрге жақын сынтастың жоғарғы басына адамның бет бейнесін бедерлеген. Адам бейнесі бедерленген сынтастар шығысқа қарап тұрады. Соған қарағанда ерте дәуірдегі адамар күнге табынған болса керек. Ақсайда сынтасар әлі де бар. Археолгогтардың пайымдауынша балбал (сынтастың жеңіл түрі) тастар тоналып кеткен. Жергілікті тұрғындар қораға қалаған.Диірменге ыңғайлаған.

ҚОРҒАН

Қорған- биік төмпей. 586-335м Жаңаарқа ауданындадағы Отаутас тауының оңтүстік шығысында. Э. Мурзаев (1984) бұл сөздің түркі тілінен, үнді европа тілдерінен енгенін көрсетеді. Сөздің ежелгі мағынасы: «бекініс, биік қабырға.» Қазақ тіліндегі мағынасы: «жау шабуылынан қорғану үшін айнала салынған қамал, бекініс, биік дуал.» Халық бұл жерді Кенесары қорғаны деп айтады. Шын мәнінде бұл жерде ескі қорғанның орны бар.

(«Жаңаарқа ауданының топонимикасы» Қарағанды-2011.
Т Аршабеков,М. Жакин, І. Ісламов)

Құлақта бала жастан Қорған аты,
Аңыз қып айтар еді кәрі-жасы.
Ақтаудың түстік тұсы қолтығында,
Белгі боп кейінгіге қалған аты.
Өрбіген бұл жөнінде әртүрлі аңыз,
Бұл маңда бір данагөй өткен абыз.
Қалмақтың шапқыншылық кезеңінде,
Тұрғызған жауға қалқан әлгі абыз.
Қорғанды шапқыншылар ала алмаған,
Аттары орға құлап арандаған.
Тың күшпен Сыр бойынан көмек жетіп,
Хан қолы жауды жайпап тамамдаған.
Тағы бір нұсқасы бар бұл аңыздың,
Түбінен ызыңдайды құлағымның.
Кешегі әділетсіз кер заманда,
Шаңдақта қалған жоқ па жыр –аңызың.
Ол кезде «партия» айтса болды мақұл,
Қарсы келсең етеді ақыр –тақыр.
«Қорған» -бұл азаттықтың белгісіндей,
Кенесары жорығы ізі жатыр.
Шеп құрып осы арада Кенесары,
Шегінгенді тоқтатты одан әрі.
Ақтаудың кең аңғарын мекен етіп,
Бекініс жауға қалқан «қорған» салды.
Қорғанның құпиясы ханға мәлім,
Таратып айта алмаймын басқа жағын.
Тегіннен қорған аты аталмаған,
Жас ұрпақ қаперге алсын осы жағын.

ҚОСАҒАЛЫ

Қосағалы тау делінеді. «Шындығында биік шоқы». (автордың ойы) Жаңаарқа ауданы құрамында. Қызылтас тауының оңтүстік батысында. Атасу өзенінің оң жағалығында. Елуінші жылдары зерттелген. Андрон ескерткіштерінің кешені.

(«Жаңаарқа ауданының топонимикасы» 2011)

Қосағалы -кеуделі биік шоқы,
Сияқтанған жер ана тіккен қосы.
Оң қапталда өзеннің жиегінде,
Шөптесінді жайқалған киік оты.
Етегінде әйдіңгір қарасу бар,
Тұнығында ойын сап балық тулар.
Ауылынан «Ақтаудың» қашық емес,
Сол жақты мекен еттім біраз жылдар.
«Ақтауда» бала оқытып, той басқардым,
Кітап жазып, ақын боп ойқастадым.
Кәриялар көне көз баршылық-тын,
Ұғындым мен солардан сөздің мәнін.
Тарихты суыртпақтап айтар еді,
Шежіреге ересен ойсан еді.
Қосағалы - ерсен батыр болған,
Деп басты таңданыспен шайқар еді.
Кіші ата тамалардан шыққан екен,
Сесінен жау бұғынып ыққан екен.
Жоңғарлармен шайқаста бет қаратпай,
Көріне сан қорқауды тыққан екен.
Қан қасап талай майдан болды жорық,
Жас батыр аттан түспей жауды торып.
Бір дәуді жекпе-жекте опат қылды,
Жау жағы дағдарысты нояны өліп.
Атақты батыр екен жаннан асқан,
Жекпе-жекте қылышпен оны шапқан.
Өшіккен қасақы жау аңдып жүріп,
Қосағалы батырдың жайын тапқан.
Қидалап оңды –солды шапқан дейді,
Қапылыс батыр ажал тапқан дейді.
Бір саусағын батырдың елге әкеліп,
Биікте оған бейіт соққан дейді.
Сол шоқы – «Қосағалы» делінеді,

Дегенді ел айтады ерім еді.
Сарыарқа- құтты мекен алтын бесік,
Көзге ыстық әр төбесі көрінеді.

Қосағалы есімді батырлар әр ұлыста бар. Бізге жеткен аңыздың дерегіне қарағанда, жаумен жағаласта шәйіт кетіп, бір саусағына бола шоқының Қосағалы атануы ақиқатқа жуық. Бір деректе руы Қыпшақ делінеді. Тағы бір сарын -Тама руының батырына жуықтатады. Енді бір аңызда Қосағалыны төреге жатқызады. Әбілпайыз ханның шолғыншысы болған делінеді. Енді бір дерекке де тоқтаған жөн. Қосағалы кіші жүздің батыры, оның ішінде тама атасына жатады. Жанай әулие (Жанайдың Ақтөбесі), Исабек бай (Исабек бейіті бүгіндегі Ақтау ауылдық округінің батыс жақ іргесінде тұр) таманың атақты байы Мақажан (Мақажанның Қаражалы Ақтау ауылының түстігінде тұр) Қосағалы батырдың аталастары боп келеді делінеді. Қосағалының ұрпақтары бар дегенді (Жамбыл облысының Сарысу ауданында) де естіп жүрміз .Белгілі ақын Маралтай Райымбеков Қосағалы батырдың кіндік ұрпағы екен дегенді де құлағымыз шалды.

ЖАНАЙДЫҢ АҚ ТӨБЕСІ

Жанай-тау (тау емес төбе болуға тиісті. Ө. Кәріп) Жаңаарқа ауданына жатады. Төбенің басына Тама руының Кедей атасының Жанай әулие деген адамы жерленген. Атауы парсы және түркі сөздерінің қосылуынан жасалған. Жан- парсының рух, өмір деген сөзіне келеді, екінші сөзі сүйікті қымбатты дегенге жатады. Ауыспалы мағынасы кісі атына келеді (Оңдасынов Н.). Бірнеше түсініктер мен сөйлемердің қысқартылған формасы.

(«Жаңаарақа ауданының топонимикасы» Аршабеков Т.Т., Жакин М.С., Ісламов І.І. Қарағанды-2011)

Ақ төбе- талды өзеннің жиегінде,
Ақ ақшақат алашабыр іреңі де.
Қоян жон, жып –жинақы сұлу төбе,
Таулардың үйлеспейді сілеміне.
Кімдерден өтпес дейсің дүние жалған,
Жалғаннан Алыпқара батыр да озған.
Жүргенде тастарды үйіп, тау тұрғызып,
Бұл төбе қоржынынан түсіп қалған.
Бұл өңір талайларға мекен болған,
Кіші жүз тама жайлап қыстау салған.
Көріпкел әулие екен Жанай абыз,
Төбенің содан да ол атын алған.

Жанайды бір деректе батыр деп те айтады. Асылы тама руынан делінеді. Ұрпақтарының нақтылы кімдер екенін анықтай алмадық. Бейіті төбе басында тұр делінеді. Орны анықталмаған. Нақты қай кезеңде ғұмыр кешкені бізге мәлім емес. Төбе атауын алғанына қарағанда бертінде өмір сүрген болуға тиісті.

АҚТАУ АУЫЛЫ

«Ақтау»совхозы 1964 жылдың сәуір айында «Дружба» совхозының Айшырақ, Атасу, Қоңырөлең бойындағы мал жайылым отарындағы шаруашылықтар негізінде ұйымасқан еді. Жанайдың ақтөбесі деп аталатын Атасу өзенінің жағасынан ақшаңқан шатырлы тұрғын үйлер, мектеп, аурухана, балалар бақшасы, дүкенге арнап жаңа жайлар салынды. 1966 жыл совхоздың кемелденген кезі еді. Қой саны 47157 басқа,жылқы 872 басқа жетіп, жыл қорытындысында шаруашылық 52977 сом пайда тапқан. Совхоз орнаған алғашқы бес жыл үнемі табыспен аяқталып отырған. Бұл жылдарда совхоздың әйгілі азаматтарын ел танып ерекше құрметтерге ие болған. Аға шопан Ынтықбаев Шалғынбай Социалистік Еңбек Ері атағын алса, Баязитов Сағынтай СССР Жоғарғы Кенесіне депутат болып сайланған. Сембеков Түсіпбек, Төлеуов Қыдырбай, Ақтаеев Аппаз, Отарбаев Нығатай, Мамыров Тәжікен, Рысбеков Сайлаубек, т. б. шопандар орден, медалдармен наградталған. Шармағанбетов Жамбай, Қашауов Жұмабай, Оспанов Ұзақбай



Ақтау ауылы. Өмір Кәріптің сабақ алған оқушылары

сияқты шопандар, Төлегенов Өмірзақ, Ақылбеков Икен, Қызданов Қуантай сияқты жылқышылар, Отарбаев Амантай, Қасымов Жанатбек, Омаров Әбу, Ілиясов Елеусіз, Байшөкенов Жанжұман, Сембеков Сәбет, Серікбаев Қордабай, Рахметов Аманкелді сынды механизаторлар, Бәкірамов Аманкелді, Әбілдин Қуат, Кәрібаев Домабай сияқты инженерлер совхоз экономикасының дамуына үлес қосқан азаматтар. «Ақтау» совхозы орнағаннан бастап партком хатшысы болған Сәкенов Шәкәрімнің білімдарлығы, ұйымдасырушылық қабілеті ерекше болған. «Ақтау» совхозына Дүйсенов Жолкен, Ахметов Көшен, Әбдіғалымов Мәнсүр директор болған.

«Ақтаудан» ел басқарған еңбек адамдарымен қоса сурет өнерінің шебері мен ақын, жазушылар шыққан. «Ақтау» орта мектебінде мұғалім болған жазушы Кәріпов Өмір, Ақтау орта мектебін бітірген соң, Қаз МУ-ға түсіп жоғары білім алған белгілі ғалым, филология ғылымның докторы профессор Балтабай Әбдіғазиұлы, белгілі жазушы Смайылов Алдан, жазушы-сазгер Әлжанов Төкен, суретші-ақын Сәтбаев, Киевтің өнер институтін бітірген Машимов сияқты өнер иелері алғашқы шығармашылықты «Ақтау» совхозында бастаған.


(Асан Жұмаділдин «Жаңаарқа»
дерекнама кітабы Алматы-2009)

Жалғанның кімдер жеткен есебіне,
Баянсыз жайлап ғұмыр өтеді де.
Ақтауда он жыл тұрып бала оқыттым,
Ауыл тұр бұл төбенің етегінде.
Кезінде кеңшар болып дүрілдеген,
Жігіттер мәрт, қыз сұлу, гүлі де ерен.
Тұғыры талантымның құтты қоныс,
Көзіме оттай ыстық осы көлем.
Ақтауда бала оқытып, той басқардым,
Қаламмен ақ қағазға түрен салдым.
«Сарыбел сазы» (1977) сынды бір кітапты,
Бала оқытып жүргенде сонда жаздым.
Жазуға белді бекем буған едім,
Жасымнан қалыптасқан жырға ебім.
Баулыдым шәкірттерді қас өнерге,
«Жас қалам» үйірмесін құрған едім.
Солайша жас таланттар қанаттанды,
Әбдіғазиев Балтабай -топты жарды.
Қаз ГУ-ге қиналмастан түсіп оқып,



Ақтау орта мектебінің сыртқы көрінісі. 1969 жыл, мамыр ***Балтабай Әбдігазиев, Дүйсенбай Тәжікеев*** *10-сынып оқушыларымен.*

Атағы ғалымдықпен танылған-ды.
Әлжантегі Төкен де болды шәкірт,
Жазды дейсің өлеңді ол боратып.
Қазақтың қабырғалы жазушысы,
Мені «ұстазым» деп жүрер әр уақыт.
Отарбаев Амантай- бір оқушым,
Салиқалы, сабырлы дүр оқушым.
Жорналшы боп ол-дағы қалыптасты,
Ақтаудың сөзбен сәндеп іші-тысын.
Қапбасов Шұғай шәкірт ол да оқушым,
Білетін есті жігіт сөз мәнісін.
Кісілікті, мінезді, шымыр бітім,
Ауылына жұмсап жүр жігер-күшін.
Асанов Қойлыбайға сабақ бердім,
Қаламы көстеңдеген талапты еді.
Айтыскер ақын болды, ғалым болды,
Бүгінде ел таныған санатты ерді.
Шәкірттер айта берсем мыңнан да көп,
Өркенім, өрендерім көңілге тоқ,



Ақтау ауылы

Ақтаудан түлеп ұшқан қырандарым,
Бәріңді оқытып ем мұғалім боп.
Симайды есімдердің ақ қағазға,
Бәсіре жазғандарым-дастан алда.
Бүгінде ел де сендік, жер де сендік,
Күн туды қамшы басар ақ табанға.
Қысыр сөз, құрғақ ақыл құлаққа енбес,
Кәсіп қыл, қарап жүрме, көппен селбес.
Жер байлығы емес пе ел байлығы,
Социализм-құр қиял қайтып келмес.
Бел-белес көнпістікпен тұрар мүлгіп,
Алға озып бара жатыр заман сырғып.
Еске алсын кейінгілер деген оймен,
Ақтауымды отырмын мен де жыр ғып.
Біз кетеміз келмеске-жер қалады,
Кең байтақ атамекен ел қалады.
Ата-баба рухы қалғымайды,
Тастап кетсең кешпейді кең даланы.

МҰҢЛЫ-ҚУЛЫ

Жаңаарқа ауданының көлемінде. Шалғияның солтүстігіндегі екі шоқыны Мұңлы, Қулы дейді. Ел аузындағы дерек бойынша Мұңлы деген қыздың, Қулы деген жігіттің бір- біріне ғашық болып қосыла алмағаны жөнінде қайғылы аңыз әңгіме бар.

(«Жаңаарқа ауданының топонимикасы»
Қарағанды-2011)

Шалқия, Атығай мен Мұңлы –Қулы,
Көкейге оралтады мұңлы жырды.
Жер мекенде ерулеп аялдаған,
Аз күндік жолаушымыз біз бүгінгі.
Шарладым осы маңды жолаушылап,
Бағыттан сан жаңылдым-өмір сынақ.
Бел –белес шоқылары бағдаршы боп,
Сейілдеп кең далада жүрдім ұзақ.
Алыстан бұлдырады егіз шоқы,
Секілді табиғаттың тіккен қосы.
Мұңлы-Қулы тауы деп аталады,
Тау емес аласалау бұл бір шоқы.
Төбеге де азырақ жақындайды,
Төменшіктеп тауларға бас ұрмайды.
Томпиған жып –жинақы кейпіменен,
Мәлімдеп тұрған сынды тосын жәйді.
Ерте бір шапқыншылық замандарда,
Табиғат қамқоршы боп адамдарға.
Қос мұңлықты ығына жасырыпты,
Сұсымен сес көрсетіп «қабандарға».
Мұңлы ол- болған екен қалмақ қызы,
Қызғалдақтай көз тартқан таудың гүлі.
Қазақтың жігітіне ғашық болып,
Қайғыдан қуарыпты нұрлы жүзі.
Қулының - Қуат екен шын аты,
Жігіттің болған екен асыл заты.
Жоңғарға тыңшылыққа барып жүріп,
Ілігіпті қапылыс дауға басы.
Жігіттің қабыланы жаннан асқан,
Күй толғап домбырамен, қобыз тартқан.

Оңаша ұшырасып Мұңлы қызға,
Қобызды тебірентіп мұңын шаққан.
Болғанмен басқа жұрттан- түрі бөтен,
Өнері жаннан асқан тұнық екен.
Қобызды аңыратып шалған кезде,
Бір сезім баурап алды қызды төтен.
Тұтқынның өнері сай тұлғасына,
Сан өнер жинақталған бір басына.
Құрайды сыбызғы қып толғағанда,
Мұңлы қыз ерік берді көз жасына.
Қыз әкесі атақты батыр ноян,
Мың басы атағы оның елге аян.
Өткерген сан жорықты, сан айқасты,
Сөз көбейіп кетеді етсем баян.
Қулы- оның түскен еді тұтқынына,
Қызынан аса алмады күш қылуға.
Қонтайшы әмір етті бас ноянға,
Таудан төмен құлат деп терең құзға.
Қазақ жоқ бізден сірә бақ асырған,
Ақымақ деп айтпаймын ала- суан.
Өнерімен біздерді жауламақшы,
Елге ірткі келеді дәл осыдан.
Ән-жыры зарлы келер қазақтардың,
Қабағын түйілдірген қара аспанның.
Көзін құрт мына тұтқын жансызды тез,
Сарынын бебеулеген жаратпадым.
Әні де, бұл қазақтың жыры да ерен,
Бір мұңға батырады сыры терең.
Домбырада аққудың сыңқылы бар,
Қобыздың дуалайды мұңыменен.
Керт бастан өткізгенбіз бұл бір жайды,
Сыралғы бола аламайды бізге қайғы.
Намысты жуасытар мұңлы әуен,
Мейірімді жүректе кек тұрмайды.
Бізге керек, жау жүрек кекті ұрпақ,
Қол емес ойраттарға ойсыз жыртақ.
Үнін өшір, тұншықтыр жырын да өшір,
Қызыңды қоса құртам етсең бұлтақ.
Мұңлы қыз бір әкенің жалғызы еді,
Саздауда бойлап өскен жалбыз еді.
Қонтайшының түршігіп қаһарынан,

Бір ерлік жасамаққа буды белді.
Бар еді әкесінің қос тұлпары,
Тұлпарға өжет ару көзін салды.
Жер тарпып шабыс тілеп ереуілдеп,
Атырмай тездет дей ме жазғы таңы?
Қос ғашық қос тұлпармен жөнеп берді,
Жазғы таң кешеуілдеп көмек берді.
Кешірек құлақтанып қалмақ жағы,
Жау алғандай абдырап дүрліккен-ді.
Қонтайшы арыстандай қаһарланды,
Қыз әкесін жазалап қамауға алды.
Қайдан болсын індетіп табыңдар деп,
Соңына қос ғашықтың қуғын салды.
Тұс –тұсқа шапқыншылар кетіп жатты,
Суық хабар ел –елге жетіп жатты.
Қуғыншы тауып бер деп қос мұңлықты,
Жазықсыз бейбіт жатқан елді шапты.
Ел іші болып қалды егер-дегер,
Дүбірге толып кетті сағымды бел.
Екеуін көрдім деген жан шықпады,
Табиғат та қырланды ызыңдап жел.
Безеріп «Бетпақ шөлдің» даласы да,
Айналып тілекшісі жанашырға.
Қос ғашықты өткізді аман –есен,
Арқаның кең көсілген даласына.
Бетпақтан қуғыншылар өте алмады,
Қуғанмен қашқындарға жете алмады.
Қалмақтар аласұрды тағыдайын,
Қайтадан жансыздарды жолға салды.
Қызы сатып кетті ғой кенен елді,
Дегенді қалай айтсын ерен еді.
Қонтайшы қыз әкесін жолға салып,
Бір дерегін жеткіз деп шегеледі.
Әкенің ілігіп ет басы дауға,
Сатылып кеткен жоқ па қызы жауға.
Іздеуге өзі шықты жасақ ертіп,
Кез болды құла түзде биік тауға.
Қос биік- бұлтқа оранып мұнарланған,
Бұлттар да оған ынтық құмарланған,
Ойын сап баурайында марал, елік,
Суына тас бұлақтың құмар қанған.

Бөкендер жосылып жүр етегінде,
Мөлшерлеп жете алмады есебіне.
Айна көл тау баурайын орап алған,
Айналған аққу, қаздың мекеніне.
Нояның ғажаптанып есі шықты,
Еңсерді аяушылық жігер- күшті.
Бұғынған қос ғашықтың мекені осы,
Ашуын сап-сап тежеп аттан түсті.
Сол сәтте құлағына бір үн жетті,
Қулының биікке өрлеп жыры кетті.
Қобызын аңыратып шалған кезде,
Шерлі күй кернеп кетті жер мен көкті.
Киіктер қобызға елтіп ойын салды,
Сай –сала тебіренді өрім талды.
Қос биік еңселеніп одан әрмен,
Бір желік билеп кетті аққу, қазды.
Аққулар нар қобызға үнін қосып,
Елтіді есі қалмай аңдар босып.
Қос биіктің етегін думандатып,
Екі ғашық шырқады дауыс қосып.
Шың мен құз теңселеңдеп тебіренді,
Жер –Ана емшегі иіп еміренді.
Қыз әкесі бұл жайға ғажаптанды,
Сыналар оның енді кезі келді.
Артында қара ормандай қалмақ елі,
Қасқайып қарсыда тұр құнықері.
Намысын махаббаттың жолына айтқан,
Бірінші жойылмақшы қыздың көзі.
Қол салды кекті ноян қорамсаққа,
Жандыны құтқармайды садақ тартса.
Оқты көз ту сыртынан қадалды кеп,
Жан алғыш қонтайшы отыр алтын тақта.
Қулыға бағыттады сұр жебені,
Суыл жоқ сұр жебе де «үндемеді».
Жаңылыс ажал оғы қызға жетті,
Әкенің болмай қалды шын дегені.
Зарлады Қулы сонда қобыз шалып,
Ах-ұрды ет жүрегін уға малып.
Жігіттің қайғысына ортақтасып,
Таулар да аласарды төмен барып.
Айна көлдің қайғыдан көзі ағарды,

Арнасын ақ сор басып құрғап қалды.
Аққулар сыңсып жылап, жоқтау айтып,
Амалсыз жат өлкеге бағыт алды.
Қулының ішке түсіп қайғы –шері,
Бақиға аттандырды қалың елі.
« Мұңлы –Қулы» атанып содан қалған,
Қос шоқы- ғашықтардың жатқан жері.

«Мұңлы-Қулыға» байланысы аңыз менің құлағыма ертеректе (бала күнімде) жеткен еді. Кешегі Кеңестік кезеңде, 1954-55 жылдардан бастап, мал өсіру мақсатында, Жамбыл (Шымкент) облысының малшылары жапсарлас Қарағанды облысының Бетпақдаламен шектес жерлеріне көшіп кеп, ірге қосып, жаз жайлауда екі облыстың малды ауылдары қатар отырды. «Сарыарқа мал жайылымы» деп аталған (Ақдала, Ақбұйрат, Кеңтарлау, Бөріктал, Тайатқан, Атығай, Мұңлы-Қулы, Шалғия, Желтау, Жамантас, Шажағай өзенінің төменгі ағысы) кең өрісті жайлау ұлан жаз дүбіреп жататын. Жұма сайын көкпар тартылады, қыз ұзату, келін түсіру рәсімдері тойға ұласады. Менің, бала күнімнен өлең –жырға әуестігім болатын. Ақбұйыратта (1955) бір үлкен той өтті. Көзі соқыр (отыз -қырықтың шамасында) бір жігіт жыр айтты. Жырдың бір-екі шумағын ұстап қалдым.

«Ер Қулы қолға түсті ғаріп болып.
Байлауда жата берді азып –тозып.
Жігіттің есіл сабаз көкжалы екен,
Кебенекке таңылып көрді қорлық.
Ән салғанда дауысы аспанға өрлеп,
Мұң -зарын мәлімдепті қызға кел деп.
Мұңлы қыз іші от боп өртеніпті,
Заты қалмақ қол ұшын қалай бермек?!

Осы жырды (1965) өзімше нұсқалап (газетке шықпайды) ҚарПИ-дің оқытушыларына көрсеткенімде « Мұндай дастан бар, Иса Байзақовтың «Құралай сұлуының» көшірмесі деп аса мән бере қоймады. Кейінде фольклоршы ғалым Балтабай Адамбаевқа (1989) көрсеткенімде, көркемдеп қайта жазып шық деп ақыл берген еді. Оған мұрша болмай (шындығында көңілім соқпай) алғашқы нұсқасы күнделік дәптерімде жата берген-ді. Ақселеу де «жаз –жаз» деп қыңқылдап жүрді. Ертеректе (1980) Алматыға жолым түскенде әдебиет сыншысы Төлеген Тоқбергеновтен сұрағанымда, ол кісі былай деген еді. «Қулының шын аты Қуат өмірде болған делінеді. Таманың Жөгі бұтағына жатады. Біздің ішімізде (жеті болыс Тамалардың арасында) әредік ойын –тойларда « Қулының зары» деп айтылады екен»деп айтқаны бар. Парыз –қарызы жоқ залалсыз аңызды қайта тірілтіп жұртшылыққа ұсынғанды жөн көрдім.

ТАЙАТҚАН-ШҰНАҚ

Тайатқан- бала күннен көз алдымда,
Сейілдеп барушы едім оған жылда.
Шажағайдың бойында біздің ауыл,
Қойлы ауыл жайлаушы еді оны жылда.
Сай-сала жамыраған бұлақ еді,
Қойнауы миуалы құрақ еді.
Қоржынның екі басы сияқтанған,
Ірге тау Таятқан мен Шұнақ еді.
Көне тау көп жасаған қариядай,
Жүріпті ертеде кезде бір шұнақ тай.
Азулы жан шыдатпас тарпаң бопты,
Соңына түскен талай жылқылы бай.
Жүйрікке қара үздіріп шалдырмаған,
Қарсы шауып куғанға алдырмаған.
Бесті шығып толысқан дер шағында,
Малды ауыл қаша көшіп ығыпты одан.
Жүрмеген тағы болып жайдан дара,
Жатаған тұрқы шағын тайдай ғана.
Айғырды бір-ақ сығып тастайды екен,
Үйірді тауға айдайды мойын сала.
Аттылыға қасқырша қарсы шапқан,
Қуғынды қара үздіріп амал тапқан.
Шапқанда қолтығына қанат бітіп,
Құтылып кетеді екен атқан оқтан.
«Шұнақ тайдың» ел іші сырын ұқты,
Өзгеше құбылыс деп ұғыныпты.
Қолға үйретіп көрсе деп бұғалықтап,
Жылқының тарпаңына қызығыпты.
Амалдап көрген екен сырттан бағып,
Шығандап ұстатпапты теріс лағып.
Ат құлағы көрінбес боранда да,
Жылқыны шыдатпаған қуғын салып.
Қылғаны осы тағының қоспасы жоқ,
Өзі де жұлмыр екен-обалы жоқ.
Тау ішінде еркіндеп жүрген кезде,
Жебе келіп қадалған қарынға тоқ.
Осы ғой опасы жоқ жарық жалған,
Кімдерден өтпес дейсің - дүние жалған.



«Тайатқанда» шұбалып шек- қарыны,
«Шұнақта»тасқа айналып қатып қалған.
Сарыны осы аңыздың бізге жеткен,
Бұрынғы көне көздер айтып кеткен.
Жас ұрпақ жадыңа тұт, еске сақта,
Мазалаған жәй еді мені көптен.
Тайатқан- қариядай ойға батқан,
Серігі Шұнақтың да мұңы батпан.
Бетпақдала Арқаға сұғынғанда,
Аңызақты кідіртіп болған қалқан.
Қаратал – етегінде ағып жатыр,
Бетпаққа бағыт алған- нағыз батыр.
«Таңбалы тас» ағысқа сұғынып тұр,
Ерте дәуір соқпағы, ізі жатыр.
Не ықылым сүргінді заман өткен,
Бұл өңірді мықтар да мекен еткен.
Арманын өнеріне талшық қылып,
Өрнектеп тас бетіне жазып кеткен.
Бұл аймақ Ағыбайға мекен болған,
Көне тау қолтығы кең, бейне қорған.
Сай-сайында сыңсыған қалың ағаш,
Терегі балғын келер- құшақ толған.
Содан да «Есентерек» атаныпты,
Балтаға алдырмапты қасарыпты,

Батырдың қыстауы еді- Есентерек,
Тауынан жүрегіне от алыпты.
Дерек беріп кетейін бұл бір жайдан,
Кезінде кім артылған Ағыбайдан.
Кене ханның атанып бас батыры,
Патшаға қарсы шығып салған ойран.
Шайқастарда тайсалмай шепті бұзған,
Шүйліккен озбырларға бейне қыран.
Қазақтың кең мекенін жаудан қорғап.
Топшысын тасқа соққан-өжет қыран.
Патшаның дәргейінде елі кілең,
Бекіністпен шырмалды белі кілең.
Соңғы ханы қазақтың Кенесары,
Ерлігін дәлелдеді өлімімен.
Елін қорғап қашпады жеңілсе де.
Қақ жүрекке қадалды «ажал жебе».
Өзі өлсе де намысын бермей кетті,
«Дариға Кене ханға ер жете ме!»
Наурызбай- Ағыбайдың сыңары еді,
Тайсалмай жауға бетті бұрар еді.
Атанды қос жолбарыс шайқастарда,
Арқаның оған куә құба белі.
Жағалас алым –перім соңғы майдан,
Шығармай жау қамады терең сайдан.
Қырғын- жорық қидалас жанталаста.
«Аққелеген» үн шықты әлдеқайдан.
Кез болып жаудың кahар ойсаңына,
Кескілесіп Кекілік ойпаңында,
Жан алысып, жан беріп жатқан кезде,
Бұрылуға шама жоқ «қайсарына».
Сарыарқа -қайран дала, алтын бесік,
Ерлерсіз бұл даланың күні нешік?
Беріш боп ет жүректе қалып қойған,
Бір жәйді айтады екен арман етіп.
Озбырдың көндікпеген жетегіне,
Мән қалмай сырын ұғар жетеліде.
Ағыбай өкінішін айтқан дейді,
Дүниеден демі бітіп өтерінде.
«Халықтың құрсағы кең- туар ұл да,
Кім жетер Науан сынды шырағыма.

Ішімде бір арманым кете барды-ау,
«Аққелеген» дауысы құлағымда.
Жан тәтті, аттың басын бұра алмадым,
Қоршаудан шепті бұзып шыға алмадым.
Өкініш өзекті өртеп шыдатпайды,
Балтаға түсіп кетті-ау, шынарларым».
Анық бұл тарихқа аян аса мұңлы,
Кешірім байыптасақ баталы үнді.
«Наурызбайды құтқарып қалатын ем,
Білгенде мұнша ұзақ жасарымды».
Дегені аңыз болып бізге жетті,
Бұзғаны елге мәлім талай шепті.
Тайатқан- бауырына саялатты,
Ақжолтай Ағыбайды асыл текті.
Мазар тұр Қараталдың жағасында,
Табиғат суретімен жарасымда.
Рухы Ағыбайдың желеп-жебеп,
Дем берер қазақ елі, даласына.

Ағыбай мазары 2000 жылдың бас кезінде қайта жөнделді. Өз басым сапалы жөнделді деп айта алмаймын. Біздің ауыл («Атасу» қой ферасы, 1948-1967) Таятқан –Шұнақ тауына ұрымтал. Сарықұлжаны қыстап, Шажағай өзенін жайлайтынбыз. Ағыбай батырдың қыс қыстауы «Есен-Терек» аталады. Не себепті осылай аталғанын кәриялар былайша қиыстыратын. Теректің құшақ жетпес балғыны, ұшар басы көк тіреген сұңғағы тамыр жайғандықтан осылайша аталса керек десе, енді бір ескілікті әңгімеде ерте кезеңдерде (қазақ пен қалмақ шапқыншылығында) Есен деген қазақ батыры осы тұсты мекен етсе керек. Жауды иекартпадан тосып алып қырғын ұрыс салады екен. Қалың жыныс түлейге бекініп шеп құрған қазақ жасағын қалмақтар ала алмайтын болса керек.

Есен батырдың құрметіне Таятқанның бір сайы Есентерек атнипты деген аңызды да құлағымыз шалды. Кеңестік кезеңде (1945- 50) Жаңаарқа ауданына қарайтын колхоздар таулы өңірге қоныстана бастағанда,Тайатқанға «Еркіндік» колхозының қой фермасы орнап, қора салғанда Есентеректің (қысаудың) қалың терегін құрылысқа пайдаланып, селдіретіп тастаған.Бала күнімнен көзіме қанық (1948-2018) бұл атырап (Тайатқан-Шұнақ) менің санама ертерек орнады. Алғаш жыр дестесін жөргемдегенде мына жолдар қағазға түскен еді.

Мекені Ағыбайдың- Есентерек,
Туысы бұл батырдың елден ерек.
Бойы асып нар түйеден тұрады екен,

Мініске шыдайтұғын тұлпар керек.
Ақжолтай атанған ғой баталы жан,
Қыдыр –бақ маңайына ошарылған.
Тарақты Сойылқастың жині еді,
Туыпты Қойсанадай апамыздан.
Қойсана өжет ана болған екен,
Асауға бұғалықты салған екен.
Бір жолы жау тигенде аз жылқыға,
Түсіріп бәрін бірдей алған екен.
Алып туар анадан, ат биеден,
Тәңірім сапарлас қыл жақсыменен.
Ағыбай Тарақтыға жиен екен,
Іш тартып сол себептен жақсы көрем.

Әлқисса, осы шағын жолдан бастау алған Ағыбай батыр жөніндегі естіген аңыз бір кітаптан асып жығылады. Ағыбайдың туған әкесі Қоңырбай-одан Ағыбай,- одан Аманжол, Аманбай, Сопы, Қашқынбай. Миға батып кеткен атан өгізді мүйізінен ырғап шығарған Қашқынбайға әкесі ризаланып жарайсың депті. Оған әкесінің көзі тиіпті. Қашқынбай Ағыбай бейтінің ішінде жатыр. Сопы да жастау өліпті. Одан ұрпақ бар. Белгілі ғалым Марат Оралбайұлы Әбсеметов Сопының кіндігінен тараған. Аманжолдан Тәти, Тырым туады. Тәтиден Өскенбек, Омарбек, Райымқұл, Қанатбек тарайды. Өскенбектен-Тарғын, Ілкібай, Бидәулет, Кесікбай туған.

Өскенбектің Бидәулеті кезінде ағарту саласында, басшылық орындарда қызмет атқарған білікті ұстаз еді. Ол кісінің алдынан сабақ алдым. Өскенбектің Тарғыны сұлу кәртайып бертінде озды дүниеден. Бабасына тартқан сүйекті, ірі кісі болатын. Әңгімелес (1980) болдым. Ақадырда тұратын үлкен қызы Зәрукүлдің үйіне кеп тұратын. Ағыбай батыр бабасының кесек тұлғасын сөз ететін. Тарғынның өз әкесі Өскенбайдың тоғыз –ондағы кезі екен. Атасы Аманжол малдас құрып отырғанда иығы керегенің басына жетеді екен. Сол Аманжол- әкесі Ағыбайдың сауытын кигенде, жерге шұбалып тұрған. Осыдан-ақ Ағыбай батырдың қаншалықты алып болғанын байқауға болады. Тарғын ақсақал маған тағы бір тың әңгіме айтқан болатын. Ағыбайдың туған әкесі Қоңырбай жұбайы Қойсана арыстай ұл (Ағыбайға босанғанда) тапқанда, шексіз қуанғандығы соншалық, кетпенді былай тастай беріп, ұшқатты қос қолдап жұлып тау қып үйіп тастапты.Ұшқат- ағаш тәрізді діңі берік қатты өсімдік. Ұшқатты кәзіргінің он жігіті жабыла тартып жұла алмайды. Ағыбайдың әкесі де қарулы қол күшке нығым болған. Ал шешесі Қойсананың қайратты әйел болғаны даусыз шындық. Ағыбай Сары Тарақты Сойылқастың қызынан туған. Сойылқас та қайраты адам екен. Байғозы батырдың оққағары болған. Бір жолғы ұрыста Байғозының астындағы аты «Үркек кер» жалт бергенде ерден

ауып бара жатқан Байғозыны сүйемелдеп қалыпты дейді батырдың оққағары. Қойсананың әкесі Сойылқастың осал болмағанын осыдан- ақ байқауға болады. Ағыбай батыр жөніндегі дерек көздері баршылық. Ілияс Есенберлиннің «Қаһарында». Жүсіп Алтайбаевтің хикаятында жеріне жеткізіле баяндалған. Басқа да үлкенді –кішілі естелік әпсаналар да айтылады. Біз ол оқиғалардың ізін басудан аулақпыз. Батыр Таятқан- Шұнаққа орнаған соң да сырт көздің сұғынан құтылмаған. Ғұмырының соңғы кезеңдерінде әр қилы шырғаланға тап болады. Сондай шетін оқиғалардың ізі әлі де өше қойған жоқ. Соның бірі- «Делек батыр» оқиғасы. Өлеңге түсіргенде- жобасы былай:

Дүниеден Кене өткен кез,
Қазаққа нәубет жеткен кез.
Қос көкжалдан айрылып,
Көзден жасты төккен кез,
Ағыбай сынды серігі,
Сарыарқада сенделіп,
Басынан нелер өткен кез.
Кегімді содан алам деп,
Ағыбайды шабам деп,
Бес жүз қолмен екпіндеп,
Тайатқанның баурына,
Атойлап Делек жеткен кез.

Бұл болған оқиға. Кіші-кірім жорық десе болады. Ел шабылып егер-дегер болмаса да шаппа-шап шайқастың болғаны анық. Бір жақсы жері- қантөгіс болмаған. Осы бір сүргін жорықты үлкендер (қариялар) әр қилы айтатын еді. Соның бір оқиғасы былайша қиысады. Ағыбайдың ауылы күз күзекте отырса керек. Тұтқиылдан ауылды кеп басып қалған қалың қол (бес жүз жасақ) «жау қайдалап» ұран салған дейді.

Ағыбай батыр қаперсіз,
Шырт ұйқыда жатқан кез,
Қайдасың деп Ағыбай!
Қақпаны дүшпан қаққан кез.
Жер дүние ағарып,
Күздің таңы атқан кез.
Жапсар үйде Кертөбел,
Шұрқырап « хабар» шашкан кез.

Жау жағы бұл жорыққа қапысыз дайындықпен тұтқиылдан кеп киліккен ғой. Ғұмыры жаугершілікпен өткен Ағыбай батыр міністі атын қасынан ұзатпай, жапсар үйде ұстайды екен. Кербесті мезгілсіз шұрқырағанда, батырдың бәйбішесі: «Мына жарықтыққа не көрінді?-дегенде, Ағыбай тұрып: «Жау шапты деп тұр бұл жануар,-деп киіне бастағанда, атойлаған қалың қол ауылға лап қойған екен.

Сауыт сайман құрсанып,
Батыр мінді атқа тез.
Жүрек керек мұндайда,
Қонбақшы емес жатқа сөз.
Жауды көрсе бұғынған,
Маңайда бар қалың ез.
Айғайлап аруақ шақырды
Бір сыналар келді кез,
Өзіңнен шыққан жау жаман,
Оңдырмайды сұқты көз.

Батыр ауылына андағайлаған қалың қолды жапсарлас отырған Қуандық руының Қарпығынан тарайтын Тоқаның Сатыпалды атасына жататын Тиестің Нұрқожасы (Делек батыр) бастап келген дейді. Делектің әкесі Тиес батыр кезінде Кенесарының қырына ілігіп шабындыға ұшыраған екен.Ханмен достасып жүріп сатып кеткен.

Дос болып тұрып қас болған,
Хан жауына бас болған,
Тиеске Кене өшігіп,
Жай түсірген аспаннан.
Айдап алып жылқысын,
Бес ұлын бірдей байлап ап,
Жонынан тіліп таспа алған.
Сол өштікті ұмытпай
Делек батыр дігерлеп,
Көрсетті жонын ақ таңнан.

Оқиға барысы одан әрі ушыға түссе керек. Ұрыста тұрыс бола ма, екі жақ бетпе –бет кеп шарпысқанда, жау тілеген жорықшылар ықтай берсе керек. Ағыбайдың алапаты асқаны соншалық- батыр қапелімде ертегідегі жалғыз көзді дәуге айналып, аюша ақырғанда қарсы жақтың аттары қан сиіп жіберіпті дейді. Сөйткенше болмай, таң бозын түре жау қайдалаған қуғыншылар жетеді. Бұл жағаласты ескі көздер былайша тарқататын.

... Қараңғыда шырағы,
Мінсе аттың пырағы.
Қиналғанда сүйеніш,
Батырдың Мамыт сыңары,
Бір атаның баласы,
Қашық емес арасы.
Құмалақшы көріп кел,
Шұбырпалының данасы.
Ағыбайдың оң қолы,
Аузында бар тобасы.

Кешегі қырғын жорықта,
Қасында болып әрдайым,
Болған еді қорғаны,
Жел жағының панасы.
Көріпкелдің сол сөзін,
Ескермегенін қарашы?!
«Түс көрдім, Ақке, түс көрдім,
Түсімде жаман іс көрдім.
Балағыңнан ит алып,
Қапелімде бүктелдің.
Сақтанғайсың, батырым,
Алдыңан шығып жүрмесін,
Кешегі жойқын істерің».
Мән бермеген түсіне
Расқа шықты көргені.
Алдын ала қамданып,
Мамыт батыр ерледі.

Қауіп–қатерді алдын ала болжайтын шырамыты бар Мамыт батыр маңайдағы ауылдарға хабаршы жіберіп, қол жия бастайды. Жортуылшылар түнделетіп кеп Ағыбайдың ауылына ошарылғанда, Мамыт батырдың жігіттері бір бүйірден кеп тиіп бермей ме!

Даурығып Делек батыр дігерледі,
Мен қыран сен күшіген ілем деді.
Шық деді жекпе –жекке тайсалмаймын,
Бір демде өшіп тынар сілең деді.
Сөйткенше «қапта» деген дауыс жетті.
Мамыттың жігіттері келіп жетті.
Ұрысқа Ағыбай кеп киліккенде,
Делектің құты қашып сауға депті.
Бес жүз қол тая соғып ықтап кетті,
Ұранды үн кернеп кетті жер мен көкті.
«Кенесары аруағы қолдай көр» деп,
Көп ішінен құлаққа бір үн жетті.
Жау жағының қапелім құты қашты,
Аттарынан жапырлап түсіп жатты.
Делек бастап жаяулап сауға сұрап,
Ағыбайдың алдына ұрды басты.

Бұл оқиғаның бұдан басқа да жай –жапсары ел аузында сақталған. Бес жүз қолмен батырды шаппақшы боп келген Делек те оңайдан шағылатын жаңғақ емес еді. Оны Ағыбай батырға ұрындырған қасақы топтың да өз ойлағандары бар екені белгілі. Ағыбай батырды жасытып сағын сындырудың амалы екені

бес енеден белгілі. Екіншіден, патша өкіметінің шенділеріне жағынып өз ұпайларын түгелдегісі келген ел іші жуандарының да бақай есебі аңғарылады бұл қақтығыстан. Ру аралық тартыстың да сарыны байқалады. Ағыбай батыр мейлінше ұстамды болған ғой. Басына қатер төнген шақта айласына ақылы сай келіп, небір өткелектен сүрінбей аман өткен. Сөйте тұрғанмен, көзсіз батырлығы да әйгілі.

«Делек оқиғасына» байланысты қақтығыс ушыға қоймағанымен, бұл тартыстың да шежіре деректерде ізі қалған. Ел аузындағы дерекке қарағанда, екі жақ мықтап сойылдасқан болса керек. Қан қызу ұрысқа Ағыбайдың өзі араласқан. «Тіке жапырып салыпты» деп отыратын қариялар. Соны құлағымыз шалды.

Батырдың пәдіреті (суреті) табылғаны белгілі. Ағыбайдың көзі ақаулы болған еді деген де айтылады ел ішінде. Қағаз бетіне түсіп әдеби һәм шежірелік айналымға енген Шөже ақын айтыпты деген мына өлең бүгінде әмбеге аян. Бұл өленді Шөже атақты күйші Сайдалы Сары Тоқаға қарата айтқан екен.

Әуелден қылдым баян сөздің басын,
Тотаңның әркім білген домбырасын.
Сен айтсаң екі шекпен елді ұйытып,
Сүйенген тіл мен жаққа мен бір масыл.
Кешегі аға сұлтан шықты Ыбырай,
Солармен парлас қылған сізді Құдай.
Солармен парлас болып жүргенінде,
Жұлдыздай ағып түсті хан Жамантай.
Зілқара, Шопан шықты атығайдан,
Арындап сөз сөйлеген ақын Майдан,
Қазақ түгіл орыстан тартынбаған,
Арғында енді ондай ұл тусын қайдан?!
Былайғы Қаракесек Қарашор бар,
Бұл маңда сізден асқан қандай зор бар?
Шығыпты шұбыртпалы ер Ағыбай,
Оның да көзі соқыр, өзі шұбар,-

деп келетін өлең жолында Ағыбайдың түр әлпетін осылайша береді. Бұл арада ақын батырдың көзінің ақаулығын әншейін сөз арасында айтып тұр. Кемсітуден аулақ. Енді осыған бір мысал сұранады. Бүгіндегі Ағыбай батырдың фото суреті мінсіз. Нағыз өзі дегізердей сұсты кейіптегі суық қабағынан ішкі жан дүниесінің бұлқынысы аңғарылады. Мен өзімше білгішсіп тосын бір жаңалық ашқалы отырған жоқпын. Батырға байланысты ел ішіндегі аңыздың бір ұштығы былайша тарқатылады.Батыр мал көзеп Айғырұшқанның, Сарықұлжа тауының Қаратал өзеніне қараған тұсы, басына шыққанда аты сүрініп кетіп қабағын жаралап алады. Бұл деректі мен екі адамның (1980) аузынан естідім. Оны маған айтқан Шұбыртпалы атаның (жасы сол кездері сексеннің мол

ішінде, тоқсаннан асып қайтыс болды) үлкені Шоқанбек қария болатын. Секеңе, Серік Смақовқа жүгінгенімде (бұл кісі айтулы шежіреші болатын. Ағыбайдың немере інісі Дулат батырдың ұрпағы), ол кісі тігісін жатқыза баяндап берді. Айғырұшқанға емес, Бүркіттінің басына (Сарықұлжа мен Қоңырқұлжаның орта тұсындағы) шыққанда деп түзетті. Демек, бұл ақиқат нәрсе.Талай мәрте оқтан аман қалғаны ажалының жоқтығынан шығар. Қоян –қолтық ұрысқа сан мәрте кіргенде денесіне бір де бір соққы дарытпағаны шындыққа жақын. Тегіндікпен Ақжолтай атанбаған. Енді бір аңызға құлақ түрелік.

ТҮЙЕ МІНГЕН БАЛА

Сұранып тұр жырға да,
Жетелейді сырға да.
Дүрліктірген маңайды.
Түйе мінген бір бала.
Бердеңкесі тақымда,
Серігі жоқ қасында.
Ақ атанды желдіртіп,
Ұқсап бейне батырға.
Мылтығын ап көздейді,
Таяп кетсең қасына.
Баланың не ойы бар,
Біл дегендер соны бар,
Жазым болып астында ат,
Бір пәлеге жолығар.
Соңында қос құмайы,
Кісі жарар сыңайы.
Түнегенде елсізге,
Байқалады сыңайы.
Балаға ешкім батпайды,
Құдайы жақ сақтайды.
Бөрі тұмсық қос арлан,
Тіке жарып тастайды.
Білмекке жайын баланың,
Не ойың бар қарағым.
Деп алыстан тіл қатқан.
Өршеленген қос сырттан
Талайдың жырды балағын.
Балаға ешкім батпады,
Жылқымды тап деп қақсады.

Аузынан шығып жатты оның,
Атақты ұры аттары.
Таятпай жақын ешкімді,
Сұмдықтай ойсан іс қылды.
Күмпілдетіп мылтықты,
Қарсы келгенді бұқтырды.
Мылтықтың оғы бір қоржын,
Үнімен жасқап тықсырды.
Қашанғы тұрсын арбасып,
Жұқарды бала әл қашып,
Қарсы шықты бір алып,
Кеткендей болды тау басып.
Осы ма бұған керегі,
Жақындап алып келеді.
Есіне түсті баланың,
Әкенің былай дегені.
Жетпесе қолың хақыңа,
Күн туа қалса басыңа.
Жүгінгенің жөн болар,
Ағыбай атаң батырға.
Түйесін бала шөгерді,
Қапелімде өңі енді.
«Атам-ау!» деп боздады,
Құшағына мол енді.
Құшаққа алды атасы,
Боздады дейісің ботасы.
Ашылсын жолың деді оған,
Іспенен тынды батасы.
Тындырып батыр бар істі,
Алдына жылқы салыпты.
Ұмытылмай осы аңыз,
Ел есінде қалыпты.

Әлқисса, түйе мінген баланың аңызы ел ішінде әрқилы айтылады. Оның маңына ешкім жолай алмағанда, Ағыбай батыр баладан жөн сұраған екен. Жапсарлас отырған Тамалардың бір қос жылқысын көрші ауылдың (қаракесектердің) барымташылары тік көтере айдап кетеді. Жылқы алдырған жақ амалсыздан осы амалға барған. Ертегіге жақын оқиғаның астарында көп мән бар. Мал ашуы- жан ашуы. Баланың жүректілгіне қызығасың. Оқиғаны ушықтырмай бітістірген Ағыбай батырың абыздығына еріксіз тәнті боласың. Түйе мінген баланың жетіліп кім болғаны ел есінде қалмаған.

ҚАЛМАҚ ҚЫРЫЛҒАН


Бұл атау жерге белгі, әр жерде бар,
Берік қой халық жады аңыз қылар.
Қысқартып «қалмақ қырған» дей салады,
Елеусіз қоңырайып жеке тұрар.
Сөз етіп көрейінші соның бірін,
«Қалмақ қырған» делінер күні бүгін.
Сарықұлжа, Үштағанның сырт жағында,
Тұсынан көрінеді Батпақсудың.
Сидиып, сүйірленіп жеке тұрар,
Аз-аздап Қараталға мойын бұрар.
Ағыбай бейітінен тай шаптырым,
Шоқыда жинақталған терең сыр бар.
Бұл маңда болған дейді қырғын –жорық,
Қалмақтар қырылыпты бордай борып.
«Найманның Қаратайы қол бастапты»,

Дегенді әркім айтар шынға жорып.
Қаракесек болған ғой Керней батыр,
Атанған заманында жеке батыр.



Қалмақ қырылған тауы

Кернейдің қалың қолы жау қашырған,
Тепсеңде тұлпарының ізі жатыр.
Деп солай айтылады құлақта бар,
Тарихтың ақиқаты аңыз бұлар.
Жау қашырған қазақтың бір батыры,
Дегенге ауыз бармас жалған шығар.
Жайым бар қисынсызға бұрылмаған,
Кең дала әлі жұмбақ сырың маған.
Тілмәрсіп кейбіреулер шарай көзге,
Аңызды тартысқа сап жырымдаған.
Шоқының етегінде жалғыз бейіт,
Басына тәу етеді әркім келіп.
«Мамыт батыр» бейіті аталады,
Қалайша көзің қияр жатқа теліп.
Томсарып мазар мұңын аңдатады,
Аңыздан шындыққа жалғасады.
«Мамыт батыр» бейіті ел біледі,
Жиен-жауыс руы-Шұбыртпалы.
Көріпкел құмалақшы, жауырыншы,
Мықты екен үш кісілік болған күші.
Болыпты Ағыбайдың оқ қағары,



Мамыт бейіті. Қалмақ қырылған

Батқан ғой заманында жауға тісі.
Атанған заманында Мамыт батыр,
Етегінде шоқының жеке жатыр.
Басқаларға меншіктеу тым қисынсыз,
Білгішсіп теріс лағар кейбір тасыр.
Аңызды өтірікпен тұсап-матап,
Тарихты білгішсиміз қолдан жасап.

Жағынып шенділер мен мәнділерге,
Жалған жалпыш-ұялмай алған атақ.
Жер –су аты қастерлі, қасиетті,
Мекені бабалардың асыл текті.
Теріс лағу ұрпаққа жараспайды,
Байқап –байқап сөйлесін аузы епті.

Бұл шоқының «қалмақ қырған» (қырылған) делінетін атауы ертеден бар. Оған дау айту-білместік. Бір ғана Жезқазған, Қарағанды өңірінде «қалмақ қырған» атауы ондап саналады. Сол маңда қалмақтармен қырғын ұрыс болғаны жер атауы арқылы айқындалып тұр. Тарихымыздың (түгел дерлік) хатқа түспеуі жер атауларына байланысты ескілікті аңыздардың айқындалуына қол байлау. Ата жаумен қидаласқан бабаларымыздың майдан даласын (қалмақ қырған) анықтап тарих айналымына енгізудің еш әбестігі жоқ.

Біз тілге тиек еткен бұл тұсты (Батпақсу бойындағы Қалмақ қырған шоқысының) Шұбыртпалының Жиен-Жауыс атасына жататын Мамыт батырдың (Ағыбайға серік болған) мекені болғаны ақиқат. Сол шоқының (қалмақ қырғанның) етегіндегі жалғыз бейіт Мамыт батырдың (әулие деп те атайды) бейіті екені құдайдың бірлігіндей. Мамытты әулие деп білген ұрпақтары (сол маңның тұрғынары) кешегі күнге дейін басына кеп түнеп, бейітіне әлем байлағанын көзіміз көрді. Бұған куәлік берушінің бірі шежіреші, ескілікті әңгіменің білгірі һәм өзі осы атадан) Ағыбай батырдың немере інісі Дулат батырдың ұрпағы Ісімақұлы Серіктің, Секеңнің кітпапқа енген «Ақжолтай Ағыбай батыр»-Алматы-2002 ж дерегін (кітаптың 553-беті) жұртшылық назарына ұсынғанды жөн көрдік. «Ағыбай батыр күмбезі. Тайатқан-Шұнақ мекені. Тарғын Тәтиұлының айтуы бойынша. Зираттың ішіне 13 адам жерленген. Аманбайдың күмбезі, Аманжолдың тоқалбейіті Таңбалытастан 3-4 шақырым шығысқа қарай Бүйрекшиде. Ағыбайдың зиратының қасында Шопат батырдың күмбезінің орны бар. Ағыбайдың екінші әйелі Шөкежан-Шопат батырдың балдызы. Шопат батыр-Қақсал. Тұрлыбек зираты атам күмбезінен 2-3 шақырым. Таңбалытас жағындағы тоқал бейіт. Мамыт батыр((Жиен-Жауыс) күмбезі Қалмақырған тауынан бес шақырым жерде атам тамына қарап тұр».

ЖЕЛТАУ

Желтау-тау сілемі. Ақтау тау массивіне жатады. Жаңаарқа ауданының шебінде. Атауы баурайында қатты жел соғатынына байланысты қойылған.

(«Жаңаарқа ауднының топонимикасы»,
Қарағанды-2011)

Желтау тұр Тайатқанның батысында,
Кеуделі жолбарыс жон шомбал тұлға.
Өрмелеп биігіне жан шыға алмас,
Шым-шымдап батырады терең сырға.
«Арқарлы екен - бұл таудың әуелгі аты,
Малға құт шөптесінді сай-саласы.
Қар тұрмай қыс бойында қара жатар,
Тарыққанда тал қажау қына тасы.
Бұл биіктің бір ғана кезеңі бар,
Қылышпен тілгендей-ақ ауқымы тар.
«Тар кезең» деп ежелден аталады,
Ұры-қары кезеңде тосып тұрар.
Ол бір кез заман екен «қалмақ ауған»,
Жөңкіліп торғауыттар жоңғарға ауған.
Қалың көш қазақ жерін басып өтіп,
Ел шауып, барымталап малын алған.
Бұл бүлік «Шаңды жорық» аталыпты,
Ауған ел торғауыттар аса мықты,
Сайлы екен суық қару от бүріккен,
Бой бермей қазақтарға қасарыпты.
Қалмақтар қаша көшіп ұрыс салып,
Жоңғарға оқтай түзу бағыт алып.
Балқаштың сол қапталын нысаналап,
Қылыштай тауды тіліп, тасты жарып.
Қалың көш бір тауға кеп тіреліпті,
Қырланып тау да оларға түнеріпті.
Тар кезеңге кептеліп қалың босқын,
Елшісін қазақтарға жіберіпті.
Деген ғой мал береміз, қыз берміз,
Өлгендерге жан төлеу құн береміз.
Бауыры суық тау екен суы тапшы,
Қан төгілер сендерден біз де өлеміз.

Олай болса қаруды тастайсыңдар,
Мылтық кезеп бір оқ та атпайсыңдар.
«От қарудың» бірі де әрі өтпейді,
Осы араға белгі қып тастайсыңдар.
Дегенге амалсыздан көнген екен,
Айыпқа қыздарын да берген екен.
Қойлы таудың содан да аты өзгеріп,
«Желтау»атын алыпты таулы мекен.
Көзбен көр дүдәмалсып шүбә қылсаң,
(Көңілді жүдетеді ойсыз жыртаң).
Көненің ауызынан ұстап қалдық,
Жыр қылып айтқан еді маған бір таң.
Жасымнан болған еді атқа ебім,
Атпен де сол кезеңнен асқан едім.
«Жұт емес, құт кезең» деп қариялар,
Аңыздан шашбау оған таққан еді.
Дегені бар ғой тағы- «Желтау батыр»,
Қалмақты еткен дейді ақыр –тақыр.
Аңыз түбі шындық- оны да көр,
Тау басында тас оба белгі жатыр.

Шежіре деректері бойынша Елшібай, Желтау, Жаманас, Қоратау, Қабантау Көтінебақпас, Үшқызыл, Қушоқы, Берекетті тауларының баурайын Алтай атаның Алсай руына жататын Мұғал, Битті, Баян, Ақбура аталары мекендеген, қысқы қыстаулары болған. Бұл маңдағы (Атасу өзенінің бойы- Сауғабай, Айшырақ) қорымдар, көне бейіттерде осы атаның жақсылары дамылдап жатыр. Жазбамыздың өзегі жер-су атаулары болғандықтан, ата-баба шежіресін таратуды мақсат етпейміз. Осы мекендер 1928-1950 жылдар аралығында қаңырап бос қалған. Біз ес білген (1950) жылдарда Желтауға, Шығыр өзенінің бойына, Шолақеспеге «Келтетал» колхозының қой фермасы орнай бастады. Біздің ауыл «Атасу» қой фермасымен қатар отырды. Ферма меңгерушісі Салпыетек Сыздық болатын. Бұл кісі атақты Алсай Жайма байдың немересі екен. Ақпанұлы Жайма- ірі бай болған,би болған,семіздігімен көзге түскен. Ат көтере алмағандықтан, жеңіл (кәшауа) арбамен жүреді екен. Ақмола мен Қарқаралы үйзенің арасындағы дау-дамайға билік айтқан. Қырық жігіт ұстаған Қаракесектің Аралабайына жататын Сарыбастың Боранқұлы (барымтамен аты шыққан) Қуандық ішіндегі бір аста дау шығарғанда: «Әй, тентек, асты бүлдірме. Қуандықтан, бізден ала алмай жүрген еншілеріңді мен –ақ өтейін. Бір ашуыңды бер маған!» деген екен.

Советтік (Советтер Одағы тұсында) кезеңде Желтау тауының төңірегі дүбірлеп жатты. Бұл таудың шығысындағы Жамантас жартасында

(қырқасында) елуінші жылдың басында кеніш (рудник) ашылды. Кеніш оншақты жыл істеп тұрды да елуінші жылдың орта шенінде жабылды. Одан кейінгі жылдарда (1954-1992) Жамбыл облысы малшыларының жазғы жайлауы болды. Елшібай, Кеңтарлау, Ақдала, Атығай- Қатпартас, Бөріктал, Тайатқан, Қаратал, өңірлерін Мойынқұм ауданының малшылары жайлады. Бүгінде бұл өңірлер (2018) бос жатыр.

ҚУШОҚЫ

Қушоқы-тау деп аталады. Сарықұлжа тауының батыс жағында, Желтау тауының шығысында тұр. Шажағай өзенінің батысында, жеті –сегіз шақырым қашықтықта. Шет ауданының құрамына кіреді. Атауы жеке тұрғанына байланысты қойылған. Солтүстігінде Берекетті қырқалары жалғасып жатыр.

(«Шет ауданының топонимикасы»,
Жакин М. С., Қарағанды-2013)

Бұл өңір Бетпақдала шегінде тұр.
Шежіреші қарттардың сөзінде тұр.
Қарттыққа мен де бетті бұрып тұрмын,
Дәйексіз құрғақ сөзді айтпаймын құр.
Қушоқы -еңселі тау жеке биік,
Тұрады не бір шерді ішке түйіп.
Қырағы қылт еткенді құтқармайды,
Болған ғой не бір сүргін көзге күйік.
Белгісіз көмескілеу арғы заман,
Сондайлық айқын емес бергі заман.
Куәсі небір ойсан шайқастардың,
Сыр шертіп көрейікші енді содан.
Еңсесін биіктетіп ала бөтен,
Қиырдан қылт еткенді шалады екен.
Қушоқы- қарауылшы қалт жібермес,
Қарамын жаудың байқап қалады екен.
«Хан жолы» бұл шоқыны жанап өткен,
Керуен басы жалтақтап қарап өткен.
Шоқының биігінен көз жіберіп,
Шолғыншы назарына алады екен.
Таудың да зіл тұрады қабағында,
Сесті екен шаң жұқтырмас балағына.
Аңдысқан ата жаудың жолын кесіп,
Салыпты қасақыны табанына.

Ұры –қары бұл маңнан өте алмаған,
Арам ой, мақсатына жете алмаған,
«Таудың да қу мен сұмы болады» деп,
Биікті «қу шоқы» деп қосарлаған.
Құшоқы- бала жастан көз алдымда,
Тұрғанда еңсем биік сен алдымда.
Сақшылық міндетіңді адал атқар,
Мен ұйықтап кеткенімде сен қалғыма.

Құшоқы-шөбі сұйық жалаңаш тау. Шығыс жақ (Шажағайға қараған) қолтық-сайында әйдіңгір бұлақ ағып жатады. Бұл бұлақты «Керуен бұлақ» дейді екен. Суының молдығы соншалық - қыста да буы аспанға шығып бұрқырап ағып жататады екен. Бұлақтың «Керуен бұлақ» аталуы жайында ел ішінде мынадай әңгіме бар. Атақты «Хан жолы» Құшоқыны жанай өтеді. Сорабын (бала кезімізде) көзіміз көрді. Керуеншілер бұлаққа аялдап шөл басады екен. Содан да «Керуен бұлақ» аталса керек. Кейінгі кеңестік кезеңде (1950-1960) Шажағай, Берекетті бойын біздің ауыл жайлады. Сонда бір нойыс бұлақтың желкесінде тұрған жалғыз талды жаңқалап тастапты. Соның салдарынан бұлақ суы тартылып (мүлде емес) қалған. Осы бір келеңсіздікті үлкендер (ақсақалдар) күңікілдеп айтып жүрді. Құшоқының Берекеттіге қараған терістігінде әйдіңгір бұлақ бар. Қыстау аты «Шілікбай» аталады. Кәдімгі Алсай руының Ақбурасына жататын Алғараұлы Шілікбайдың (1804-1880) қыстауы болған. Шілікбай кезінде Алсай болысын басқарған. Бейітінің қайда екені белгісіз.

БЕРЕКЕТТІ

Берекетті атуына ие мекен-тұрақ қазақ даласының әр өңірінде бар. Бұл атаудың түпкі мәні «берекелі» деген сөзден шыққанын жер-су топонимикасын зерттеуші ғалымдар дәлелдеген. Ауызекі сөзде тұлғалық өзгеріске ұшырап осылайша аталып кеткен. Біз негіздегелі отырған Берекетті сөзі жер атауына ие. Қолтық-қойнауы нулы келеді, сиырдың бүйрегіней буылтықталған қалың адыр осылайша аталады. Құшоқы тауының терістігінен басталып Қабантауға қарай созылып жатады. Шығыс жүлгесі Әбілхайыр өзеніне жетіп жығылады. Шабындығы қою, сай-саласын шоғыр-шоғыр тал-терек көмкерген. Әр тұстан бұлкынып бұлақ ағып жатады.

Құт мекен Құшоқы мен Берекетті,
Оның да қасиеті айтса көпті.
Қойнауы қойға толы сол тауларды,
Өзіңдей талай ақын аңыз етті...

Асан Жұмаділдин.
(Ақындар айтысынан үзінді. 1957 ж.)

***

Бұл маңның тау мен тасы толған аңыз,
Болғанда дала байтақ, таулар абыз.
Берекетті – қосары Қушоқының,
Құнарлы құтты қоныс елге нағыз.
Сиырдың бүйрегіндей – қырық сала,
Тұтасқан қалың адыр сала-сала.
Қолтығынан бұлқынып бұлақ ағып,
Өзекте бөрікті тал тұрар дара.
Сыңсыған сай-салада қалың ағаш,
Сарымсағы сабаудай, тісіңе бас.
Изенді қырқалары сап-сары ала,
Төбелер томпияды кигендей тәж.
Дариға, көзге ыстық шілікті сай,
Қарақаты тұтасқан өскінге бай.
Берекетті – мекен бұл берекелі,
Ат мінгендей боласың үйретсең тай.
Айттың деп жазғырмаңыз мұның несін,
Әр ауыл «қалқоз» болып бөлінетін.
Біздің ауыл тұрағы осы тұста,
«Атасу» қой фермасы делінетін.
Төрт қыстақ – Берекетті қойнауында,
Қалың қой қаптай өрген ойда-қырда.
Әбілқайыр өзенін күз жайладық,
Шажағай асыр салдық жайлауында.

Берекеттіде біздің ауылдың төрт қыстауы болды. Біз онда баламыз ғой, қыстақ атауларына мән бермейтінбіз. Шілікбай, Тәшмағамбет, Қоңырбай, Бойшаң (Бәушен шығар) көңінде қой отарлары болды. Тәшмағамбет қыстағында бастауыш мектеп орналасты. Мен сол мектепте (1952) төртінші сыныпта оқыдым. Біздің үй бір отар қоймен Досабайдың Талды көңі Сарықұлжаны қыстады. Берекеттімен ара қашықтығы жиырма шақырым. Мұғалім Ыбырайхым Смағұлов еді. Руы Кенжжекара, бір қолы молақ болатын. Сол жылдың (1953) көктемінде ұлы көсем Сталин өлді деп естідік. Класқа мұғалім ағай жылап келді. «Жыланда, балалар, жыланда!-деді бізге,- Совет халқының басына қаралы күн орнады. Бізді осындай шат заманға жеткізген көсеміміз Сталин жолдас болатын. Жыланда, балалар, жылында!»

Берекетті менің балалық шағымның, жас ғұмырымның куәсі. Табиғатпен қойындасып өскен біздер, ауыл балалары Берекеттінің берекелі өңірінде өсіп жетілдік. Төрт қыстақта отыратын қойлы ауылдар (Рымбек қойшы, Нұрша қойшы, Ысқақ қойшы, Бейсенбай қойшы, Жөгібай қойшы, Кемал қойшы)

дала қалашығындай дүбірлеп жататын еді. Біздер сонда жалғысырау дегенді сезінбеуші едік. Дала адамы боп өсіп жетілген қойлы аулдың жас өспірімі табиғатқа сүйенетін еді. Бізге, әсіресе маған, Берекеттінің жонас – қырқалары, әр сайында еркелене ағып жататын күміс бұлақтары тіл қатқандай болатын. Сай-саласынан жалбыз исі аңқып көңіл қошынды және көтереді.Көк құрақпен таласа өскен қымыздығын талмағанда, көкірегің ашылып, тынысың кеңіп сала береді. Шілікті сайдан талқарақаттың жағымды қышылтым исі аңқып тұрады. Теректі сайдың топ-толық сарымсағын нанға қосып жегеніңде тәбетің ашылып сала береді. Көктемгі тау жуасын қойыртпақ сүтке шылап жегенде ширап сала бересің.

Біздің буын кейінге дейін осы атырапты ежелгі тұрағымыз деп келді. Қазақ даласы бұрынғы замандарда қара түнекке батып жатқан сұрқай өңір еді. Сүйікті коммунистік партияның, Ұлы Ленин идеясының арқасында гүлденіп көркейді деген идеяны малдандық. Сөйтсек, олай емес екен, осынау кең байтақта қазақ халқы қанат жайған. Ру-ру боп ұжымдасып өмір сүрген. Бейбіт те берекелі ғұмыр кешкен. Совет өкіметі орнаған дауылды жылдарда ел ата қонысынан ауып бет-бетімен кеткен. Бұл өңірді, Берекеттіні Қуандықтың Алтайына жататын Алсай рулары мекендеген екен. Алсайдың Ақбурасына жататын аталардың қыстаулары болып табылады. Шежіре бойынша (Ібірахым Ісіламов құрастырған) бұл аталар былайша таратылады. Алсай-одан Ақбура, одан Төлебай-одан Өзден,одан тоғызтуады: Алғара, Тымбай, Шілікбай, Құлбай, Матыбай, Қонақбай, Отарбай туған. Тымбайдан-Берікбай, Тиынбай, Қоңырбай, Жанай, Сәбен, Итбай тарайды. Қоңырбайдан-Ажан, Әміре туады, Ажаннан үшеу туады. Саққұлақ және екеу (есімдері анық емес) Әміреден Балтабай, Спатай...Алғараұлы Шілікбайдан-Қырықбай, Қарабала, Тамабек, Мұса туады. Қырықбайдан Сармырза, одан Баушен (Бойшаң)-одан Өзбекәлі тарайды. Төлебайдан - Сазанбай,- одан Есен, одан Мүбәрақ, - одан Тәшмағамбет туады деп көрсетілген. Бұл аталарды шежіре бойынша келтірудегі мақсат - Берекеттідегі төрт қыстауың атауын анықтау болып табылады. Демек, Қушоқының бауырындағы Шілікбай көңі есімі Алтай атаға мәлім Алғараұлы Шілікбайдың қыстауы. Бұл кісі туралы дерек ескі құжаттарда (патша өкіметінің) сақталған. Алысай –Алтай болысының ақбура руының биі. 1848 жылдан болыс басқарушысы. 1805 жылы туған. Өлген жылы белгісіз. Шілікбай қыстағынан жеті-сегіз шақырым шамасында (біздің қолхоздың) Бойшаң қыстағы болды. Бойшаң есімді адам шежіреде кезеспейді. Бойшаң делінген атау (қыстау аты) Бәушеннен шықса керек. Бәушен (бойшаң) Шілікбайдың шөбере ұрпағы саналады. Бәушеннің (Бойшаң) кім болғаны шежіреде кездеспейді. Ендігі сөз Тәшмағамбет қыстауына тіреледі. Бұл қыстаудың атауы да адам аты боп шықты. Тәшамағамбет те Ақбуара атадан. Оның ішінде Тымбайға жатады делінеді. Бір шежіреде Төлебайдан таратады.

Тәшмағамбеттің анық ғұмыр дерегі сақталмаған. Кейінгі үрпақтары кім! Бізді осы сұрақ мазалайды. Қоңырбай қыстағының атауы да адам есіміне қарата қойылған. Қоңырбай шежіреде Шілікбаймен бірге туысқан Тымбайдан туған деп келеді.

Кейінгі буын қоныс алып (бізден соңғы ұрпақ) осы атырапқа орнағанда, жер атаулары оларға басты айғақ болады. Осы төрт қыстаудың бір-бірінен ара қашықығы бес-алты шақырымнан аспайды. Бүгінде иесіз жатыр. Келер ұрпақ кеп орнағанда, жерді жатырқамасын деп өрбіттім бұл деректі.

ӘБІЛХАЙЫР ӨЗЕНІ

Бұл өзен Шажағайдың бір саласы. Солтүстік батыс тұстан кеп қосылады. Жаз ортасына қарай негізгі арнадан бөлініп қалады. Ойдым-ойдым қарасуларды бар. Қоянды жотасынан, Боздақ қырқасынан, Қамысты бұлақтан бастау алып өзен арнасын молықтырады. Шығыс жағалауы жартасты боп келеді,өзенге сұғынып тұрады.

***

Әбілхайыр - өзен бұл мол арналы,
Осылай аталады жаралғалы.
Сұраймын әуестікпен абыз шалдан,
Неге осылай айтыңыз мұның мәні?
«Кім көндікпес замана амалына,
Қаталдық бар, ызбар бар қабағында.
Әбілхайыр хан мұнда ерулепті,
Байқап түсір бұл жайды қағазыңа».
Кәрия құпиялап айтып датын,
Бір сығып алатын ет көздің жасын.
Күш жиып жаудың шебін бұзу үшін,
Бұрыпты осы тұсқа аттың басын.
Қушоқыдан әр тұсқа көз жіберіп,
Атойлаған қалың қол жауды көріп.
Әбілқайыр шайқаста үстем шығып,
Ерулепті әскерге тыным беріп.
Бойына қуат жиып осы маңнан,
Қосынды аялдатқан шаршап–талған.
Малға қоң, сарбаздарға әл бітірген,
Құтты өңір Әбілхайыр атын алған.
Мен емес бұл аңызды ел айтады,
Дәйегі сәйкеспесе неге айтады.

Балалық шағым өткен құтты өңірді,
Өлеңмен өрнектейін одан әрі.
Несіне бүгежектеп тұсаламын,
Даладан бойға қуат, күш аламын.
Атақоныс жырымның қуат көзі,
Керек десең құс болып ұша аламын.
Жаратушы бұйыртқан құсқа қанат,
Өзімді не қылайын құсқа балап.
Жыр торысын желдіртіп сапарладым,
Ер соңыма, жас өркен, жаңа талап!

Біздің ауыл («Атасу» қой ферасы 1950-1960) жазда Шажағай бойын жайлайтын еді. Өрістің оты сұйыла бастағанда, жаз ортасынан ауа бере, Әбілхайыр өзеніне құлайды. Өзеннің шығыс қапталында, орта тұсында Үшбұлақ қонысы бар. Біздің үй қой отарымен (1953-60) ортаңғы бұлақта отыратын.

ҮШБҰЛАҚ

Үшбұлақ- шөбің қою суың тұнық,
Өзіңді ұғып өстім сырыңды ұғып.
Құлазып жатырсың-ау қайран мекен,
Қалалық боп кетті ғой бүгінгі жұрт.
Бал дәмі мөлдіріңнің таңдайымда,
Қозғау салдың дем беріп арманыма.
Көгалыңда етпеттеп жатып алып,
Жол ашқанмын болашақ арда жырға.
Бас бұлақ, орта бұлақ, кіші бұлақ,
Қатарласып тұрады кетпей жырақ.
Шығысында Шажағай қол бұлғайды.
Түстігінде бой созып Ақсу тұрат
Ақсу да таласы жоқ өзен аты.
Басты арнаның ортанғы кіндік басы.
Неге аталған өзгеше осылай деп,
Үлкендердің дәлелді болды даты.
Бас арна осы тұста тұсалады,
Ақсудың мөлдірінен күш алады.
Көлшік боп жайылып бір жатады екен,
Ақсудың сол себетті өскен бағы.
Желкесінде тұрады сұлу төбе,

Айттың деп жазғырмаңыз оны неге.
Ақсудың шолғыншысы сияқтанып,
Қарауылға таптырмас болған өре.
Төбеге бала кезде талай шықтым,
Бұл маңның сол төбеден сырын ұқтым.
Ертеде хан төбесі аталыпты,
Ақсудың бұл төбешік болған құты.

Ақсу – Әбілхайырдың төменгі сағасы. Батысында Қушоқы тауы тұрады. Берекетті қырқалары да бұл тұстан қашық емес, кең көсіліп жатады. Өзеннің екі бірдей атауға ие болуын ескі көздер ерте кезеңнің сорабынан шығарады. Хан қосынынан бір қауым жұрт осы маңда бөлініп қалған дейді. Ақсу бойында ордалары болған екен. Хан бұларды шолғыншылыққа қалдырып кеткен деген дерек бар. Бір замандарда өзеннің осы тұсы ду-дүбірге толып жатыпты . Содан да Ақсу атына ие болған делінеді.Суы тұщы болған. Қарасуларына құрық бойламайды. Көкалалы көп жылқы қанша ішсе де, өзен арнасы ортаймайды екен. Біздің ауыл жайлаған кездерде де суы мол болатын. Қойшылар таласып кеп қонатын еді. Екі-үш жаз біздің үй отырды Ақсуда бір отар қоймен. Әлі есімнен кетпейді. 1952 жылдың жазы болатын. Кешкі қойды қайырмалау қойшының баласына бұлжымайтын міндет. Таңнан өрістеп қарқынын басқан отар кешкі жайылыста ауылдан ұзамайды. Отар шетінде жүріп әр қилы ойға берілемін. Әр нені ойлап қиялдап кететінім бар.

Аздап өлең құрастыратын да едім. Сөйтіп жүргенімде, қолымдағы қамшыны (төрт қырлап өрілген, сабы құрыммен көмкеріліп, жез сақиналармен бекітілген сарыбас қамшы) түсіріп алып...әкейден таяқ жемесім бар ма?!. Шешей маған ара түсіп үй ішінде үшеуден үшеу «талқылау» өткізгеніміз әлі есімде.

Ауыл отыр Ақсудың сағасында,
Мал осында, адам да бәрі осында.
Кешке қарай отарды қайырмалау,
Міндет еді қойшының баласына.
Әр нені ойлап жас бала қиялдайтын,
Әдеті оның ойланбай жүре алмайтын.
Аңсақ көңіл тазыдай елендейтін,
Тәтті қиял түлкідей бұлаңдайтын.
Ұйқастырып өлеңмен бірдеңені,
Әлсін-әлсін көкейге жыр келеді.
Сөйтіп жүріп қамшысын түсіріп ап,
Таппай қойды шарқ ұра іздеп еді.
Аяулы еді қамшы да бір қаралық,
Жазықты боп бала тұр құнға қалып.
Бейғамдығын ынжықтың кешіре алмай,

Әке сұспен ұлына тұрды аларып.
Ара түсіп шешесі баласына,
Қиқар шалды түсірді сабасына.
-Ердің құны емес қой сол бір қамшы,
Менің құлыным сондайлық санасыз ба?
-Араласпа, бәйбіше, бұл егеске,-
деді әке,- үміт күтер ұл емес пе?
Әлден босаң, босбелбеу бұл шірігің!
Құр қол қалған жігітке мін емес пе?
-Тыңда балам,- деді әке тебіреніп.
Салмақ сала шымырлап сөзіне нық.
Айбары бұл қазақтың қамшы деген,
Ұғып алғын тұрғанда кезі келіп.
Қол қаруың болмаса атың да әлі,
Ұзақ жолда құтыңды қашырады.
Қамшы ұстамай жүретін жігерсізді,
Қойнындағы қатын да басынады.
Бойға қуат қамшымен сес келеді.
Саңлақтанып санаға ес келеді.
Шәуілдектің қарадай құты қашып,
Көре алмастар қайбартып сескенеді.
Қамшың барда жігіт жоқ сенен асқан,
Жолбасар да қаймығып белең асқан.
Қамшы ұстаған адамның құдай жақ,
Азғырынды шайтан да безе қашқан.
Атқа мінген жігіттің нарқы қандай?
Қолындағы шырғай сап қамшы қандай!
Сұлу өрім қамшыға көзі түсіп,
Қыз дидары болады-ау балқығандай.
Осылай деп қара шал шалқыды бір,
Еске түсіп жастық шақ жарқын ғұмыр.
Дегені естен кетпес сол әкенің,
Қадірін біл қамшының,салтыңды біл!

Бұл өленді мен шау тартқан кезімде (2013) қағазға түсірдім. Бүгінде ертұрман әбзелдерінің құны түсіп кетті. Атқа мінуді ұмыта бастадық. Соның салдарынан қамшыда қасиет қалмай барады. Төріңде домбара, қамшы тұрсын дегенге құлақ асатын кім бар? Қызылды-жасылды дүние-мүлік ұлттық бұйымдарды ығыстырып тастады. Тұтынушылық писхолгия (оның ішінде біздің ұлтты) адамдар санасын билеп төстеп алған. Атқа мінбесең де төріңде қамшы ілулі тұрсын. Сонда қазақ екенің әр кез есіңде жүреді. Дала да көз алдыңда тұрады, ауылыңды да ұмытпайсың.

САУЫҚ ТҮСКЕН БҰЛАҚ

Бас бұлақ, орта бұлақ, аяқ бұлақ,
Болып тұр бұл бұлақтар маған сынақ.
Есімнен әлі күнге еш кетпейді,
Отырмын қартайғанда жырды құрап.
Жазы еді мамыражай- «елу бестің»,
Баймын деп айта алмайды ол кезде ешкім.
Құбақандау қойлы ауыл күн кешеді,
Құдайы кәмөнестер жер мен көктің.
Үлкендер қысы-жазы қой бағатын,
Уақыт жетпей жатар ойланатын.
Жігітке қызға қарар шама қайсы,
Көкиық боп ағартқан қара шашын.
Жұмыстан қолы босап шыға алмайды,
Жан сырын бойжеткеннің ұға алмайды.
Жаз бойы қол айырмай шөп шабады,
Қыстан шығу – кім-кімге болар қайғы.
Осылай не болғаны жүре берсе,
Байқатбай өте шығар ғұмыр келте.
Көшкімбай ағамызға қиын соқты,
Екі көзі от болар қызды көрсе.
Жесір шеше және бар қарындасы,
Туыс-туған қамқоршы ауылдасы.
Жар қосаққа зар болды бойдақ жігіт,
Құрыды қызды ойлаумен жарым жасы.
Ат қайда төтелейтін қызды ауылға,
Жігітке үйір болды бір дабыра.
Сары өгізді баптады шөп шабатын,
Ат жете алмас шапқанда оған сірә.
Ат қойды сары өгізге «Құлагер» деп,
Жарыста бар өгізден шығар өрлеп.
Екі аяқты арбаға жекті өгізді,
Қызды ауыл шақырғандай бізге кел деп.
Жаңбыр жауса шалғыға шөп түспейді,
Сары өгізге иесі кеттік дейді.
Екі аяқты арбаға жегіп алып,
Бетке алды бойжеткенді көрген жерді.
Айшырақ- қойлы ауылдар орталығы,
Орта жолда шығандап ән сабылды.

Әпкесінің қызына ғашық болып,
Көшкімбай асқындырды ән салуды.
Кетеді түнгі дауыс тым алысқа,
Ғашықта дегібір қалмас құрақ ұшса.
Сауық қыз үй сыртына шығып тыңдап,
Несі айып көңіл босап жасын сықса.
Көшен жезде балдызға бағыт берді,
Қайтесің нысаналап алыс жерді.
Қоластымда қойшының бір қызы бар,
Соған құрық салғайсың қойып сөзді.
Апасы да бұл жайды мақұлдады,
Алып қашар сол қызды атың кәні?
Дегенде сары өгізді ауызға алды,
Жездесі «шұрық етпе» деп басымдады.
Заман қайда ондайға есе берер,
Қорлық қой өгіз мінген десе егер.
Жеңер ақы бір сөзді мен айтайын,
Ғашықтар жаяулап та кете берер.
Көшкімбай сыр алдырмай іштен тынды,
Сауықтың серт байласқан іші білді.
Арада ай жаңарған бір шамада,
Інісімен кете барды әпке қызы.
Қыз әкесі аймақтың бастығы еді,
Бетті еді, ақ алмастай өткір еді.
Бір жетіммен ілесіп қызы қашып,
Ашуы аспанға өрлеп көк тіреді.
Екі жасты септеген аса міндет,
Дегенге жеткізе ме, тұрмыс билеп.
Көшен бастық әйелін қысымға алды,
Өгейілік Сауыққа сен жасадың деп.
Қызда кеткен әйелден алды кегін,
Қамшымен жосылтты-ай кеп тоғыз өрім.
Әдейілеп қостың сен бауырыңа,
Төркініңе бүйрегің бұрды сенің.
Шеше кетті долырып қызын іздеп,
Аймаққа жетіп жатты өсек гулеп.
«Отгон» бастығының сұлу қызын,
Бір тентек күшке салып бұлдірді деп.
Бұлдірген ол жігіттің түгі де жоқ,
Махаббат та жалын ғой өшпейтін от.

Қыз әкесі қиғылық салып жатты,
Зорлықшылға заң бар да кешірім жоқ.
Қуғыншының болған соң бетті қатты,
Ғашықтар шөпші ауылдан безе қашты.
Үшбұлақта отырған қойшы ағасы,
Жөгібайдың үйінен пана тапты.
Махаббаттың киелі аты ізгі,
Ширатты жасқаншақ қыз, жасық ұлды.
Әлде қалай болады деген оймен,
Төсектің артына олар жасырынды.
Мен ол кезде баландау болатынмын,
Қос ғашыққа дедім мен жанашырың.
Қуғыншының байқастап жолын тосып,
Өзімше тыным таппай аласұрдым.

Біз ортаңғы бұлақта отырғанбыз. Әкей мен шешей қатты алаңдады. Жөгібай көкемізде ширығыс бар. Қалдыкүл жеңгей (Жөкеңнің бәйбішесі) жұмсақтау әйел болатын. Біздің шешейді қасына алды. Қос қашқын төсектің артынан шықпайды. Қыз әкесі ауданнан көмек алып, қызыл жағалыларды қасына ертіп шығыпты деген лақап алыстағы ауылға жеткелі бәрімізде зәре жоқ. Содан бір күндері қыздың шешесі Тәжікүл (ауылдас апамыз) апай төбе көрсетті. Шолғыншылықта жүрген мен қуғыншыны көріп қалып ауылға ат қойып келдім. Қос ғашық қыр асып жоғалды. Жөгібай ағай шапқылап барып біздің шешейді артына мінгізіп әкелді.

Тәжікүл апайды көріп аяп кеттім, күйеуі өрім-өрімін шығарыпты. Қасында бір балаң жігіт бар. Делбе соның қолында. Жегіндегі ат болдырып қалыпты. Жайпақ ләшеңке арбаның дөңгелектері шиық – шиық етіп зар еңірегендей болады. Келіссөзге біздің шешей кірісті. Уыттана сөйлеп қыз шешесін қарпып тастады. Тәжікүл апай сабасына түсейін деді. Қызға айтар бір ауыз сөзім бар деген соң, қашқындарды Жөкең барып ертіп келді. Беттесу екі жаққа да қиын соқты. Жас келін Сауықты біздің шешей артына ұстап тұрды. Көшкімбай көрінбеді. Расында да онда қыз шешесіне қарайтындай бет жоқ еді. Апа-жездесінің төріне шығып, адалын татқаны былай қалып, қырмызыдай қызын айтүйт жоқ тіке алып қашқаны бетсіз безерлік екенін бала болсам да мен де қолайсыз көрген едім. Осымен бір жаз бойында алыстағы ауылды дүрліктірген оқиға сап-сап басылып сабасына түсті. Ауылдың үлкендері келінді Ғayһap енесінің қолына апарып түсіріп, келін түсіру кәдесін атқарысып қайтты. Бұл оқиға менің жазу жоспарымда мықтап тұрып орын алды. Алғашқы қалам алды «Өгіз арба» деген әңгімем алыстағы

ауылдың «Қыз Жібегі мен Төлегеніне» арналып еді. Шаң мүйіз мисыз жүйрік сары өгізі Құлагерін дәріптеп бір кітабыма («Тұғыр»-2011, Астана) кіргіздім. Құтты шаңырақ иелері қос ғашық бала-шаға өсіріп бақытты ғұмыр кешті. Ақ қағазбен (қырық жыл бойында) майдандасқан маған жазатын тақырып тауып бергені үшін аға-жеңгемнің рухына басымды иіп тағзым етемін. Көшен жездей мен Тәжікүл апайдан (алғашқы әйелі өліп қалған, одан Сауық және бір қыз туған) Айшырақ, Жаншырақ және Сағат туған. Бәрінен де ұрпақ бар. Нағыз суреткер табиғат қой, шірікін! Дала назарына іліккен үлкенді –кішілі оқиғалар тас бетінде таңбаланып, жер атауларында сақталып келер ұрпаққа жетіп жатады. «Үш бұлақтан» бастау алған аңызды жұрт назарына ұсынғанда, жалған дақпыртқа бой алдырмағанымма кәміл сенімдімін.Оған Алланы ауызға алып куәлік беремін. Үшбұлақтың кішісі Аяққы бұлақ осы оқиғадан кейін «Сауық түскен бұлақ» аталып кеткен еді. Бүгінде құлазып иесіз жатыр.

Үшбұлақ аман боп тұр- құтты қоныс,
Кезінде қойлы ауылға болдың өріс.
Сәл шыда осы ғасыр аяғында,
Қойының дүбірлейді- соған келіс.
Қош енді құтты өріс- «Үшбұлағым»,
Аяңнан дүбір кетіп түсті бағың.
Жырымды тұнығыңа тарту еттім,
Қазақ жұрты тұрғанда түспес бағың.

ШАЖАҒАЙ

Шажағай қар суымен екпіндеп таситын тау өзені. Ойдым –ойдым қарасулары бар. Алақұнан, Бөрлі, Бәйбіше тауларынан бастау алады. Көктемде қатты тасиды. Жаз ортасында саязданады. Манабай (кісі аты болуы тиіс) жартасын жиектей түстікке құлдилаған өзен ағысы Көкжарасқа жете бере ағысын баяулатады. Одан әрі тайыздап шалшыққа айналады. Бұрынғы өткендердің айтуына қарағанда, өзен жаз ортасына дейін өткел бермеген. Бетпақдалаға сұғынып барып тоқтаған. Ерте кезеңдерде Бетпақдаланы кесіп өтіп Мойынқұмға құлаған да болуы ғажап емес. Неге десеңіз, түстіктегі Мойынқым өлкесінде де Шажағай деген өзен бар. Осы екі өзен бір-бірімен салалас болған деген болжам бар Өзендердің Шажағай атануы тым әрідегі кезеңді көз алдымызға әкеледі.Бұл атау- көнерген диалекті сөз болуға тиісті.

ЖЫР БАСЫ

Елеусіз өзен Шажағай,
Кішілік оған жарасқан.
Тақпақшыл әнші баладай,
Өзіне көпті қаратқан.
Шөліркеп Бетпақдала да,
Қоймай –қоймай шақырды.
«Кетейін сенен садаға!-
Деп жалынып бас ұрды.
Еріксіз бұрды арнасын,
Тарыққан шөл далаға.
Бастауы артта қалғансын,
Өзеннің жәйі бола ма?
Қарайлай берді артына,
Сағыныш зарын жаңа ұқты.
Жалтақтап тұрған қалпында,
Ағысы тоқтап қалыпты.

Өмір КӘРІПОВ
(1965 жыл, Шажағай жайлауы)

***

Өзіңді көріп өстім ес білгелі,
Айна көз,күміс үнді тектім менің.
Балықша қарасуда шоршып ойнап,
Балалық бал дәуренді өткізгенмін.
Едің-ау ертеректе құс базары,
Құспен бірге өзенге құт қонады.
Жайылып жаз бойында жататын ең,
Жанға тыныс өзеннің мол сулары.
Жиегі жалаңаштау тал өспеген,
Таңмын соған өзімше неге өспеген?
Шилі тоғай көмкерген жағалықты,
Қарағаны тұтасқан қоңыр белең.
Бүгінде көзден ұшқан соның бәрі,
Өзеннің мезгілсізден қайтты бағы.
Жайылысты қоғамап қоршау салып,
Шөп тамырын таптаған мал тұяғы.
Қоршауды жалғаны жоқ көзбен көрдім,
Өткен іске өкініп шерленгенмін.

Жылқы малы көндікпес сым қоршауға,
Соны ашқан атанды – «Еңбек Ері».
Ойдым-ойдым тақыраң шаңдақ қалды,
Кең жайлау өңі түсіп, зарлап қалды.
Сұмдықтың бұ да болса бір амалы,
Айрылған аң мен құстан дала зарлы.
«Кең жайлау құлазиды ел кеткенсін,
Қара нар жүк көтермес бел кеткенсін.
Бірге өскен кішкенеден қарағым-ай,
Күлермін кіммен ойнап сен кеткенсін».
Ескі өлең қоспасы жоқ анық екен,
Жаз жайлау салқын сабат бағым екен.
Көз жазған жазиралы кең жайлаудан,
Ауылдар бақырана ғарып екен.
Таңбаймын гөй-гөйімді басқаларға,
Қымбаттын қайран жайлау бас бағама.
Елімнің ертеңіне алаңдаймын,
Құлазып қалама ма деп қайран дала.
Бақ тайды, кең далада құн қалмады,
Көл азып, айдынында қу қалмады.
Ат мініп мал қайырар бір қазақ жоқ,
Шерленіп гөйгейлейді шын абзалы.
Марқасқа текелерім оққа ұшты,
Бөкендер жазықсыздан ажал құшты.
Түлкі алатын тазылар үй күшік боп,
Алтайы типылданды сырты түкті.
Қазақтың құт еді ғой даласы анық,
Бүгінде дәуірледік қала салып.
Жанашыр жерге анық ие таппай,
Жатырмыз жүрегіне жара салып.
Қыстақта ошарылып қысы –жазы,
Қойлы ауылдың шарай көз түсті бағы.
Өрісі жаңаланбай шаңдақ қауып,
Көтерем шаруагердің баққан малы.
Жәйілім тұяқ кесті ақ тақыраң,
Шаңға оранып қыстақта қалмады мән.
Жаз жайлайтын кең дала құлазып тұр,
Малды ауылдан, дәриға кетті ғой сән.
Шажағай, жаз жайлауым сәнім едің,
Дүбірлі ду–думанды бағым едің.

Батпақсу, Қараталда мал өргізіп,
Дүбірлеп жатушы еді қалың елің.
Ұлтымның аман болсын даналары,
Ойлайтын ел ертеңін даралары.
Қанатын кеңге жайды Қазақстан,
Ел қонып көтерілер бағаң әлі.
Талай да сүргін заман өткен еді,
Жеті жұрт кеп жеті жұрт кеткен еді.
Шыбындай жанын қиып қас батырлар,
Даланы бізге тасап кеткен еді.
Тау-тасы, сұлу төбе, өзен,көлі,
Ойпаңы, қырат- қырқа құба белі.
Кең дала қазағымның пейіліндей,
Жанға тыныс лекітіп соққан желі.
Шажағай, ой қуатын сенен алдым,
Бастауы өзің болдың кенен әннің.
Шабытыма дем бердің демесіндеп,
Құнарыңда талантым бүршік жарды.
Енді өзіңнің қозғайын атауыңды,
Жер атауы ұрпаққа аса құнды.
«Шажағай» деп қалайша аталғансың?
Тарақатайын аңыздан сол бір сырды.
Дейді біреу «Шажағай» адам аты, .
Жігіттің болған дейді асыл заты.
Шәжі оның әу бастағы есімі екен,
Ағаға лайықты алтын басы.
Содан да Шәжіге аға қосарланған,
Ер бопты заманында от боп жанған.
Албан- суан елінің жігіті екен,
Шажыағай өзенінің атын алған.
Бұл аңыз дәйексіздеу дерегі аз,
Қисыны келіп тұр деп болмаңыз мәз.
«Шәжінің» мағынасын білмей тұрып,
Жараспас дегеніміз аққуды қаз.
Албанның «Шәжі» дейді бір атасын,
Қисынға келіп тұр деп ұнатасың.
Арқаға бұл аталар қалай келген?
Түсіндіріп бермей ме мұның бәсін.
Бала күннен құлағым түрік еді,
Әкем бір сөз құлаққа іліп еді.

Бұл өлке найзағайлы, шажағайлы,
Жай оғы көктің жүзін тіліп еді.
Жай түсіп талай адам шейіт болған,
Нөсер бұлты төнгенде оң мен солдан.
Қақ жарып қақыратып қара бұлтты,
Нәжіағай отқамшысын сілтеп қалған.
Бір байдың мыңнан аса қойы кеткен,
Жай оғы жалынға орап ұйпап кеткен.
Табиғаттың тосын бір мінезі үшін,
Өзенді «Шажағай» деп атап кеткен.
Нөсер бұлты тұтасып шығатын-ды,
Шажағайға төніп кеп тұратын-ды.
Шатыр-шұтыр күркіреп қаһарланып,
Отқамшымен төбеден ұратын-ды.
Өтіргі болмасын көзім көрді,
Аспаннан отты жарқыл жерге төнді.
Мәгниті бар дейтін жай тартатын,
Өзенге найзағайдың атын берді.
Әкем менің абыздай айтып нақыл,
Бұл маңның дейтін еді шөбі асыл.
Ұзама Сарықұлжа мен Шажағайдан,
Осы өлкеде дамылдап бабаң жатыр.
Содан да ауылдан мен ұзамадым,
Оймен шарлап жалықпай жыр алабын.
Ақ қағазға түсірдім келбетіңді,
Тартуым еңбектерім мұраларым.
Бұл өзенге өлшеусіз қарыздармын,
Одан алдым қуатты бағым жанды.
Көзден кетіп барады жалған тірлік,
Дүние бұлдырады, сағымданды.
Мен кетемін келмеске сен қаласың,
Шоқылар қырат –қырқа бел қаласың.
Шамамның жеткен жері осы болды,
Қазақтың жырлап өттім кең даласын.
Сарықұлжа, Берекетті, Шажағайым,
Малға ырыс ойын салған құлын-тайы.
Іш майы сойған қойдың ақтарылып,
Қос қыртыс болушы еді шажамайы.
Іш майдың екі түрлі атауы бар,
«Шәжірқай», «шарбы» дейді бұрынғылар

Сыртқы қыртыс «шажамай» делінеді,
Бұл сөзге ой жіберіп кім ұғынар.
Сөздердің ішті келер жасалымы,
Ойларға жетелейді аса құнды.
Шажырқай,шажамайдан бастау алған,
Өзеннің «Шажағай» деп аталауы.
Қайтемін қисынсызды ойдан құрап,
Түртпектеп қәрияны білдім сұрап.
Қойы шелді, қара мал шажамайлы,
Жылқыны жыққанында сере шығат.
Қара оты, қыр шөбі де малға асыл,
Шиендеп қозы-лағы салған асыр.
Түйесінің өркеші жығылмайды.
Қой сүті жанға дауа балдай татыр.
Осындай қисыны бар себептерден,
«Шажа майлы» өзен деп атап келген.
Алты күнде арыққа жал бітірер,
Өлкенің кереметін көзбен көргем.

Шажағай өзенінен ел (тарақтылар) 1922-32 жылдары оңтүсікке қарай ойысты. Жалғыз тарақтылар (екі болыс) емес, жеті болыс тамалар да «қызылдардың» бетінен ығысып Шу бойына құлады. «Қараноғай – Шала оқиғасына тап болғандар тарақты мен тама рулары болатын. 1928 жылғы үкіметтің (Байларды конфискелеу туралы) декретінен кейін ел тіптен босып кетті. Қолдағы аз малды күштеп тартып алу науқаны үдеді. Киіз сөмке асынған белсенділер (Кеңес өкіметінің атқа мінерлері) қазақ ауылдарына жаудай тиді. «Белдеуде бұзау қалмасын» ұраны сол кезеңдері өрістеген еді. Ақмола үйезіне қарайтын аз қоныраттар да босып кеткен. Қоңырат Тойшыбек ақын да тентіреп Шу бойында қайыр тілеп жүріп аштықтан көз жұмған. Қайран қара қонысын (Шажағайды) қимай өлеңге қосып, ата қонысы Арқа даласына қош-қошын айтқан.

Шажағай жарқылдаған суың қайда,
Түнде шық, күндіз мұнар буың қайда?
Ауылды көк шалғынға қондыра сап,
Ойнайтын екі-екіден күнім қайда?!
Беліме буынғаным күміс белдік,
Арқадан қоңыр салқын неге келдік?
Шайнайтын қазы-қарта қайран басым,
Ас қылған шөптің басын елге келдік.
Тайатқан таудың шеті Шұнақ қалды,
Сарықұлжа іші толған бұлақ қалды.

Өлкесі Шажағайдың бәрі мекен,
Сол өлке ел кеткенсін құлап қалды.
Бәйбіше- Шажағайдың кіндік басы,
Сұрбие- сұлу сүйір оның қасы.
Арыққа алты күнде жал бітірген,
Қалды ғой Әбілхайыр, Көкжартасы.
Бойында Сарыарқаның мін бар ма екен,
Көретін қайран елді күн бар ма екен.
Көретін қайран елді күнім болса,
«Бозқасқалап» соятын қой бар ма екен?

ӨЗЕН БОЙЫНДАҒЫ БЕЙІТТЕР

Шажағай бойындағы бейіттерге бала күнімнен менің көзім қанық. Біздің «Атасу» қой фермасы бұл өзеннің бойына 1948 жылдың көктемінде кеп құлады. Жайылып ағатын өзен бойы құстардан көрінбейді. Аққуды сонда көрдім. Мұңлы сыңқылына ішім еритін еді. Содан соңғы бір ғажап нәрсе- өзен бойында бейіттер сән түзеген жарасыммен көз тартады. Неше қиылы үлгідегі мазарлар сәбилік санадағы мені қайран қалдырған еді. Күні бүгін сол әсерден арыла алмай келемін. Қалам қайратым шабандаған, қуатым азайған осынау (жетпістің сегізіндегі) екінді шақта мені ата қонысқа (Шажағайға) құлшындырған бір күш, сірә, сол бейіттерде сүйегі жатқан ауақтардың рухы шығар-ау! Соқыр сенімге көп жүгіне қоймайтын өз басым әдебиеттің байырғы тәсілі реализмнен күні бүгін ауытқымай келемін. Бұл әдеби тәсіл -жер бауырлаған натурализмнен іргесін аулақ салып, көркем әдебиетте өмір шындығына сүйенеді. Әдебиет- өмірдің көркем бейнесін жасауға машықтанған сөз өнері. «Жазушы-адам жанының инженері» делінетіні және бар. Сөз өнерін ұстанған менің (Өмір Кәріптің) шығармаларымда(әңгіме –хикаят, романдарымда) шындыққа сәйкеспейтін аңыз-әпссаналар сирек ұшырасады. Әйтсе де, мен (кей жағдайда) саналы түрде тылсым дүниенің өзгеше құпиясын (адам санасынан тыс бір күштің құдіретін) мойындаудан қашпаймын. Алланың бірлігіне, пайғамбардың хақтығына мойын ұсына тұра, аруаққа деген сенімім мейлінше берік. Бұл көзқарас менің мұсылмандығыма көлеңкесін түсірмейді. Сөзім жалаң болмас үшін жарық көрген («Жұлдыз» журналы, «Аңсар», хикаят, Өмір Кәріпұлы, №12, 2017) шығармадан үзінді келтірейін. «Ордада омала бермейтін Абылай тыныштықты қалаған. Оңашалықта басқа әр қилы ой келеді екен. «Осы біздің халықта нардың шыдамы бар-ау.?» Атыс-шабыспен өткен ұзына ғұмырында Абылайдың көзі соған анық жетті. Шыдамның да шегі болады. Шектен шыққан шыдам төзімін жоғалтса,дағдарған жұртты қатерлі жолға бастайды. Абылайдың көсемдігі-

қазақ елін қайырлы жолға бастағаны. Сол жолда Абылай сан сүріндi,бірақ тізесі бүгілмеді. Аруақтың алқауымен, халықтың қолдауымен оған төтеннен бір күш қосылған-ды. Ол күш ата-баба аруағының рухы еді. Рух қайтсе күшейеді? Ол тылсымның кереметін Абылай жақсы сезінеді. Рух - әр қазаққа туған даласының саф ауасынан, сағымды белінен,айдынды көлінен, құз-қиялы тауларынан, шырқау көкте самғаған қыран құстың шүйілісінен ауысады. Ата-бабалар дамылдаған кесенелерден ауысады, балбал тастардан, қара орындардан ауысады. Өр рухты батырлардың ерлігінен, ұлт мақтанышы ақылгөй абыздардың өнегесінен ауысады. Абылайдың түсінігінде, рух өміршең болуы үшін халықтың ұлттық жады ұсақ – түйек ақпардан аулақ болуға тиісті. Бұра тартатын сыңар езулерден сұлтанның аузы күйіп болған. Шыға шаппа аттаншылдардың байбаламынан халық рухы көтерілмейді.Жеке адамның рухы күшті болса, ел-жұрттың рухы да биіктей түседі. Даурықпа жадағай ұрандардан елдің еңсесі көтеріле қоймайды. Ел рухы әлсіресе, өсер ұрпақ жасып кетеді.

Абылай рухты өлгендерге бір жақты телуге қарсы. Ханның түсінігінде рух елім деген әр қазақтың бойында жүретін өзгеше қуат күші. Өз қарақан басынан артыла алмайтын өлі сүйек өңезеге рух қонбайды. Ондай ынжықтарға Абылай басынан қатал».

***

Қаперіне алсын деп кейінгілер,
Түсінік мен айтайын енді бірер.
Өзен бойы бейіттен көрінбейді,
Көзі тірі мен ғана мұны білер.
Кешегі өткен заманда қырғын –жорық,
Қалың ел ойраттардан қорлық көріп.
Қаратау, Сыр бойынан босып көшіп,
Естерін жиған дейді Арқа келіп.
Қоңырат, сары үйсіндер ауа көшкен,
Сары үйсін Балқаш бойын мекен еткен.
Сүргіннен аз Қоңырат жан сауғалап,
Сарықұлжа, Шажағайға келіп жеткен.
Жиембет ауған елді бастап келген,
Арқа елі келгендерге енші берген.
Жиембет батыр екен жау түсірген,
Қорғапты қоңыратты қысым көрген.
Киікші мырза бопты ел асырар,
Жиембет жауға қалқан қарсы тұрар.
Бала күннен құлақта қалып қойды,
Шертетін бұл аңызды бұрынғылар.

Менің балалық, жастық шағым Шажағай өзенінің бойында өтті. Бұл өлкені емін-еркін жайлап, тұңғиық қарасуында құлаш ұрдым. Елуінші жылдарда өзен бойы қарасуға тұнып тұратын. Жағалауы бейіттерге толы еді. Қоңыраттар бейіті мен тарақтылар бейіті кезектесіп келеді. Үлкендерден сұрағанда: «Қаратауға көшіп кеткен қоңыраттардың көне қорымдары ғой» дейтін еді Сол қорымдарды, күмбез бейіттерді бала күнімізден көріп өстік. Қоңыраттардан бөлініп қалған «аз қоңыраттар» Айғара – Маймақты (Шажағай өзенінің бір саласына жатады. Қаратөбе тауының шығыс сыртында. Жартасты қысаң аңғар) қоныс еткен.

АЙҒАРА-МАЙМАҚ

Оқушым, кінәлама текке мені,
Құлаққа бұл бір дерек жеткен еді.
Айғара-Маймақты да жайлағанбыз,
Қызықтап балдырған шақ көктемені.
Жартас бар құр өзектің жиегінде,
Таулардың үйлеспейді сілеміне.
Оқшырайған жартастың бір бөлігі,
Қорқыныш ұялатар жүрегіңе.
Үлкендер аю тас деп айтар еді,
Аңызды алға тартып ертедегі.
Бір аю осы маңды мекендепті,
Жалмауыз қанға тоймас адам жегі.
Ай қорғалап даланы түн басқанда,
Маймақ аю тіптінер таң атқанша.
Күндіз көзге көрінбей бұғынады,
Бәршектер шетке шыққан мал-жан болса.
Әлгі аю тас үңгірін мекен еткен,
Алдырмай қорғаныпты қарсы беттен.
Тас атып маңайына жолатпаған,
Қапылыс талай боздақ мүрдем кеткен.
Адамдар ойластырып амал тапқан.
Аюды тынымдатып ұйқы басқан
Тастарды тасаланып жақын келіп,
Бір мерген тар қолтықтан көздеп атқан.
Аюдың жәйін солай тапқан екен,
Қансырап үңгірінде жатқан екен.
Ақырып жанталасып бірнеше күн,
Тас болып мәңгілікке қатқан екен.

Бұл аңыз жеткен еді құлаққа анық,
Қисынды оқиғаның болғаны анық.
Тұрғанын қоспасы жоқ көзім көрді,
Құз жартас маймақ аю сияқтанып.
Елімнің шежіре ғой тау мен тасы.
Қасиетті мекендер -кіндік басы
Құлаққа кәриялар құйып кетті,
Содан қалған Айғара-Маймақ аты.
Кеш те болса қаперге ілдім мұны,
Түсіп кетті бүгінде жырдың құны.
Байлық қуған бағланның бағасы озды,
Лайым кетпесе екен Жердің құны!
Бұрын біз басыр болдық заман басқа,
Табындық Ленин көсем асыл затқа.
Әкем қойшы мен ауыл баласымын,
Мұрша жоқ үңілуге «қара тасқа».
Жер- байлық, жер- анамыз ел мұрасы,
Даламен бекемделген теңдік атым.
Алданып «кәмөнезім» елесіне,
Естен шықты ұмыт боп жердің аты.
Тырбанып амалсыздан кеште болса,
Жыр жаздым кәртайғанда ұстап арқа.
Жамағат, алдын ала өтінемін,
Артық кетіп, кем түскен жерім болса.
Қоңырат мекендеген осы маңды,
Өлгендерін әспеттеп бейіт салды.
Шошақ күмбез, мазарлар дөңгеленген,
Белгі болып солардан бізге қалды.
Шажағай бойындағы қалың қорым,
Өткердім ой тезінен оның көбін.
«Сүйек қосу» салтымен жерленіпті.
Сол бейітті ертеде көрді көзім.
Одан бері алпыс жыл өтті білем,
Ауыс –түйіс кезеңдер жетті кілең.
Әкемнен бұл бір жайды сұрағанда,
«Сүйек қосу» дегенін естіген ем.

Шажағай өзенінің бойындағы (Алтыбай бейітінен жоғары арасы үш шақырым, өзенге жақын тепсеңде) кілең төрт құлақты бейіттерден құралған қалың қорымды (1952) бала күнімде көрген едім. Кешкі қойды (отарды) қайырмалап жүріп балалық әуестікпен бейіттерді аралап жүргенімде, бір

үңгірге көзім түсті. Іші толған сүйекке (адам сүйегі) үңіліп біраз тұрдым. Үңгірдің қоршауы төрт құлақты бейітке келеді. Ішіне үңіліп едім, теп –тегіс екен. Осы жайды әкеме айтқанымда: «Қоңыраттар бейіті ғой. Сүйек қосу деген болады. Сол сенің көргенің»деді.

«Сүйек қосуды» ғылыми тұрғыдан талдап көрсеткен Ақселеудің « Қазақтың ауызша тарихы» деген еңбегінде былайша баяндалады. «Сағаналап жерлеудің немесе сүйек қосудың негізгі ұстанымы-әулеттес, аталас, қандас, сүйектес адамдардың мәйітін (сүйегін) бір қабірге жерлеу, яғыни, сүйекті бір жерде ғана сақтау. Ол үшін белгілі бір руға, атаға, әулетке арнап арнайы сағана там соғылатын болған. Сағана там соғудың қазақ даласында қалыпасқан үлгісі бар. Әдетте, мұндай тамдарға жер асты сулары алыстау, қыраң жерлерді таңдайды. «Сүйек қосу» салты көнеден қалыптасқан таным –түсінік бойынша, өліге көрсетілер ең киелі құрметтің бірі болған». Ғалым бұл еңбегінде «сүйек қосудың» рәсімдерін ғылми тұрғыдан таратқан.

Арқаны (Шажағай бойын) мекендеген Қоңырат рулары дәстүр-тағылымға берік текті аталардың ұрпақтары болғаны даусыз. Бұл аталар Шажағай бойында тығыз орналасқан. Қыс қыстауы мен жазғы жайлауының ара қашықтығы алшақ емес. Мал –жанның молығуына байланысты қоныс –қыстақтар таршылық еткендіктен, жүз жылдан аса бауыр басқан құтты мекеннен ежелгі қоныстары Қаратауға қоныс аударуы тіршілік амалы деп білуіміз керек.

***

Ежелгі көне тайпа – «Алтын тұмар»,
Қазақтың бір арысы- Қоңыраттар.
Жырылған қандасынан аз қоңырат,
Бетке алған Қаратауды сонау жылдар.
Әлем байлап Сарықұлжа әр тасына,
Жалтақап жабырқаулы жартасына.
Шажағайға қол бұлғап кете барған,
Он тоғызыншы ғасырдың бас тұсында.
Арқадан Қоңыраттар неге кетті,
Дегенге қисындырам мына кепті.
Елді алды, жерді патша меншіктеді,
Отарлап бар қазақты билік етті.
Бұл өзі айта берсе дастан еді,
Мұжықтар шегірткеше қаптап еді.
Аз қоңырат Арқадан ауа көшіп,
Қаратау құт мекенін тапқан еді.

Арқа даласынан, Сарықұлжа, Шажағай бойынан қоңырат руларының бір бұтағы (араларында аздаған уақ рулары болған) өздерінің ежелгі мекені

Қаратауға ығысуы жөнінде нақтылы себеп (құжат) жоқ. Ой жобамен, сол кезеңдердегі дүрбелең (Кенесары хан мен патша отаршыларының арасындағы қиян –кескі шайқас) себеп болған деп долбар айтуға болады. Аз қоныраттар бүліншілік жағдайда емес, бейбіт жағдайда қоныстарын тастап кеткен. Олар қалдырған қонысқа тарақты аталар ие болған .

Ақмола оязының шешімімен заңды түрде орын тепкен. Содан былайғы жылдарда қазақ елінің басынан нелер өтпеді дейсің.? Олқылы-толқылы заманның небір ойпаң-тойпаңы Бетбақдаламен шекес Таятқан-Шұнақ, Сарықұлжа, Шажағай бойын да шарпыды. Қалай болғанда да, бейбіт жолмен орнаған жаңа заман, тәуелсіз Қазақсанның көк туының желбіреуі рухымызды көтеріп, тынысымызды ашты. Қазақ елі енді-енді ес жиып келеді. Есіміздің жиылғаны сол- өткенімізге барлау жасай бастадық. Жоғымызды іздеп жоғалтқанымызды табуға деген құлшыныс көне қоныстарда бұғынып жатқан рухани көмбені ұрпақтар кәдесіне жаратуға жол ашты. Ұлттық рухтың бастау көзі ата-бабалар дамылдап жатқан кесенелерден басталатынын енді -енді аңғара бастадық. Халқымыздың ұлттық рухы да бабалар аруағынан қуаттанады. Аруаққа тағзым ету көзсіз соқыр сенім еместігін әр қазақ білуге тиісті. Олардың рухы тірілерге (ұрпақтарына) демесіндік көрсетіп туған даласынан көз жазып қалмауды үнсіз аңғартады.

ЖИЕМБЕТ БАТЫР КЕСЕНЕСІ

Азырақ баяндайын Жиембет кім?
Қисынын келтірмесем болады сын.
Ата-баба қазақтың төл құжаты,
Төл құжатпен бекиді саналы ісің.
Замана асау кердей басы қатты,
Сандалтты қайран елді қинап бақты.
Коммунистік партия сыйынарың,
Дегені бәрінен де жанға батты.
Аруақты еске алмайсың, құдай да жоқ
Коммунизм алда тұр көңілге тоқ.
Маркс, Ленин адамзат данышпаны
Дін-апиын құр қиял екі өмір жоқ.
Дегені санамызды улап еді,
Екі-ұшты насихаты құрғақ еді.
Рухтың тал бесігі – Ұлы дала,
Аруақ боп тіл қатамын тыңда деді.
Тегіннен жайып салмас дала сырын,
Көк ордасы кешегі Алашыңның.
Рух болып ұрпаққа тіл қатады.

Көне қорым, көне жұрт даласы кіл.
Бұйғы Манабайдың жартасында,
Сыр жатыр, тарих жатыр әр тасында.
Шажағай- бұл өлкенің жағажайы,
Ұқсаған- сары белдің алқасына.
Бұл сырды жатқызбаңдар қысыр сөзге,
Өз кезінде ел –жұртты сүйреп өрге,
Ата жаумен шайқаста шепті бұзған,
Жиембет батыр жатыр осы жерде.
Бойында қазағының ар –намысы,
Заманында мәлім боп ардақ ісі.
Көзге түсіп шайқаста қалмақтармен
Атанған-«Қаратаудың жолбарысы!
Абылай -ерлігіне сүйсініпті,
Қабанбай: «Ер екенсің жолың құтты!»
Қос арыс ақ батасын берген дейді.
Нар екен мәу демейтін ауыр жүкті.
Шын аты Меңді ме, әлде Манабай ма?
Бұл есім жамалыпты алағайда.
«Манабай жартасы» деп неге аталған?
Жамағат назар аудар бұл бір жайға.
Бұл тұсты Шажағайдың басы дейтін,
Шор тастар ердің биік қасы дейтін.
«Манабай жартасы» боп мәңгі қалған,
Қоңырат тектісінің аты дейтін.

Осы еңбектің әр тұсында Сарықұлжа, Шажағай бойына ерте кезеңдерде (1730-1820) қоңырат руларының (аздаған уақ бар) бір бөлігі кеп қоныстанғаны айтылған еді. Енді осы деректі нақтылы шежірелік айғақпен (хатқа түскен құжаттармен) сөйлетіп көрелік. «Бұл аталарды Бетпақдаламен шектес Сарықұлжа, Батпақсу, Шажағай бойына бастап келген XYIII-ғасырда өмір сүрген қазақтың белгілі батырарының бірі- Жиембет Байқошқарұлы еді. Өзінің азан шақырып қойған аты Меңдіби («Манабай болар»- Ө. Кәріп) екен. Жиембет батыр құба қалмақтармен соғыста Абылай мен Қабанбайдың көзіне түсіп: «Қаратаудың жас жолбарысы» деген атақ



Жиембет батыр кесенесі

алады. Бір шайқаста Жиембет батыр қалмақ қонтайшысының қызы Айбикені олжалайды. Айбикеден- Асан, Айтқұл, Боқанай, Қармыс есімді төрт ұл туған. Сол төрт ұлдың ұрпақтары күні бүгін «Айбике ауылынанбыз» дейді екен. Бәйбішесі Барқыннан үш ұл-Тәңірберді, Көшей, Кенжекұл туған. Жиембет батырдың сүйегі Арқа даласында, Шажағай өзенінің бойында қалған екен. Ескі бейітте бәйбішесі Барқын, келіні Қоңырша жай тапқан. Айбике анамыздың бейіті де Шажағайдың сол қапталында (үш шақырым жерде) жатыр. Жиембет батыр заманында қаракесек Жидебай батыр, Жарылғап батыр, тарақты Байғозы батыр, алтай Аралбай батырлармен жорықта қатар жүріп, солармен жан аяспас дос болғаны шежіре деректерінде сақталған. Сол батырлармен құдандал болғаны ел есінде» (Дерек- осы атаның білікті азаматы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Сәтбаев танушы ғалым Аспандияр Әденұлының еңбегінен алынды).

Ұрпақтары жиналып кеп (2017) Манабай жартасы тұсындағы Шажағай бойында (көне бейітте) жатқан Жиембет батырдың басына күмбез тұрғызды. Күмбез күндік жерден көз тартады. Күмбезді тұрғызуға бастамашы болған осы атаның ұрпақтары: кәсіпкер Сейдахмет (шығынын бір өзі көтерген) бабаларының аруағын көтеріп рухани демеуші болғандар- Аспандияр Әденұлы, Ханжгіт Сыздықов, Шалатай Мырзахетов,белгілі сазгер-әнші Марат Омаров болатын.

Енді осы пайымға өз тарапымнан мына бір қисынды қыстырғым келеді. Менің мүтін ғұмырым балалық-жастық шағым осы төңіректе өтті. Құлағыма сіңген мына бір аңызды іркіп қалуға дәтім бармайды. Үлкендерден сан естідім. «Маңыбай жартасы» қоңыраттың бір жақсысының атына қойылған». Бұл атауға - Жиембет батырдың қосалқы есімі сұранып тұр.

Қазақ даласы әр алуан жағырапиялық бедерімен сүйсіндіреді. Байтақ дала дала мұражайы есепті. Көне дәуірде ғұмыр кешкен сақтардың ескі жұрты, қорған-кесенелері мүтін Сарыарқа өңірін алып жатыр. Тәуелсіздікке қол жткізгелі ел мен жер тарихына зер сала бастадық. Ұлттық рух ата-бабаларымыздың ежелгі көне қоныстары мен олар дамылдап жатқан қорымдардан бастау алады. Ұлтымыздың ұраны да бабалар аруағы боп табылады. Осынау кең өрісті қазақ даласы ата-бабаларымыздың қасықтай қаны мен шыбындай жанының төлемі боп біздерге құтты да ырысты мекен боп қалды. Бізді, қазақтарды Жаратушы Иеден кейінгі демейтін күш- Ата-баба аруағы. Ұлттық рухтың қозғаушы күші де сол. «Құдай оңғарып, әруақ қолдасын» деген ұранды сөз данагөй қарттардың аузынан тегін шықпаған.

АЛТЫБАЙ МАЗАРЫ

Алтыбай бейіті өзінің архитектуралық бітімімен өзгеше көз тартады. Арқа даласында тұрғызылған мазарлардың бірден бір көрнектісі. Кәдімгі шикі кірпішен қаланғанына қарамастан әлі тың тұр. Кірпіш құятын лайға жылқының жал-құйрығы қосылған. Лайдың құрамында жылқы майы болғандықтан, сыртының (ақкіріш) сылағы жылтырап тұрады. Бейіттен де күмбезге келетін мазар күтімсіздіктің салдарынан тоза бастаған. Шажағай өзенінің (өзі жай тапқан) орта тұсында Алтыбай байдың бес қыстауы болған.

***

Әр ата, әр рудың болған байы,
Тарақтының қордалы Алтыбайы.
Шажағайдың бойына қыстау салып,
Мыңғырған ақтылы қой, құлын, тайы.
Біткен дейді бес мың қой, үш мың жылқы,
Асыл тұқым қазанат ұзын тұрқы.
Қара бас қой тұқымын көбейтіпті,
Майға бітіп қалатын іші-сырты.
Өзі де болған дейді жігіт сойы,
Алтыбайсыз өтпеген қазақ тойы.



Алтыбай бай бейіті

Сәтукеде малдары бұлды болған,
Ақауыз, құнан қойы, дөнен қойы.
Қыдыр қонған делініп алған баға,
Шешендігі бар екен сөзге сара.
Бір қауым ел ішсе де ортаймаған,
Апарған ас пен тойға қара саба.
Жас кезінде сайыскер мықты бопты,
Көкпар бермей тақымнан жарған топты.
Бай сойылы қатты деп ұры –қары,
Айналып өткен дейді қара қосты.
Демеймін елге айбар қорған еді,
Өмірден Алтыбай да озған еді.
Басына айтарлықтай бейіт соқты,
Құш жиып екі болыс тарақты елі.
Бұл мазар Шажағайдың бойында тұр,
Бейіттер оған ұқсас толып жатыр.
Тарақтылар күмбезі делінеді,
Бір ескерту айтайын етсең мақұл.
Салынбай жалған елдік ұранына,
Орағыңды төндірме құрағыма.
Аруақ аттап рухты мазалама,
Сұғынба өлгендердің тұрағына.

Алтыбай бай (1850-1916) бертінде өмір сүрген. Тарақтының Меңлібай атасына жатады. Оның ішінде Қарабатырдан тарайды. Шалқар шешенмен аталас. Мал тұқымын асылдандырумен айналысқан. Қойдың еділбай тұқымына жататын мың қара бас қой өсірген. Жәрмеңкеде (Қоянды жәрмеңкесі) қойларын таласа –тармаса алатын болған. Асқа, тойға апарған қара сабасы ортаймайды екен. Мыңды айдаған байларға сараңдық тән. Бір жолы өзінің аталас туысы Шалқар шешен байдың үйіне бара қалса, Алтекең көже ішіп отыр екен дейді.

Бір шаруамен Алтыбай да Шалқар шешеннің үйіне барады Шешен қара көже істетеді бәйбішесіне. Бай қоңқылдап көжеден бой тарта бастағанда, Шалқар шешен: «Іш, Алтыбайым, іш! Ішсең ішкен асың шығар, ішпесең жеңсік асың болар. Іш Алтыбайым! Бұл көже байдың малын сақтаған көже, жарылының жанын сақаған көже. Іш, Алтыбайым, іш!» деген екен дейді. Бір жолы Алтайдың Нұрбайынан шыққан Шөмішбай батыр Алтыбай байдың аулына ат басын тірейді. Бай қонағын кәрі қойдың етімен сыйлайды. Қонақасыға ризаланбаған Шөмішбай аттанып бара жатып: «Уа, Алтыбайым, мың қара бас қойды айдап, құйрық-майды шайнап, сен де

өтерсің бұ дүниеден! Айбалтамды тарақтап, көрінгенді қарақтап мен де өтермін дүниеден. Қош, Алтыбайым, қош!»деген екен.

Алтыбай бай қара сөзге де жүйрік болған.Жапсарлас (Қаракесектің) Кәрсөн, Керней аталардың жақсыларымен ас –тойларда сөзбен қағысады екен. Кәрсөннің Баймұратына жататын Үсен қажы бір бас қосуда Алтыбайға: «Әй, қой, қой! –деп ілмелей беріпті. Сонда Алтыбай тұрып:- Жақсы айтасың, Үсен қажы! Қой болсам,қоңырлығым шығар, момындығым шығар! Ыбырахым пайғамбарға бір табан жақындығым болар. Малымнан мін таба алмайсың,көктен түскен көк қошқардың тұқымын өсірдім. Бағымнан мін таба алмайсың, адал еңбек маңдай термен жетілдім.

Ата-бабамнан мін таба алмайсың, Орта жүзге ноқта ағасы, қазаққа төре жоқта төре болған, қожа жоқта қожа болған тарақ таңбалы Тарақтымын! Аталарың (Мейрамның бес баласы) еншіге таласып бір-бірін кесекпен атқылап жатқанда ара түскен, менің бабам Қаржау еді. Мейрам сопыдан бата алып балалары- Қаракесек, Қуандық, Бегенік, Шегендік,Сүйіндікке еншілерін теңдей бөліп берген біз боламыз, Үсен мырза! Бізді ұмытқаның, құдайыңды ұмытқаның. Бір емес, екі емес «қой,қой» деп қоймайсың. Қойдан күсеп жүрсеңдер, орыстың мұжығынан тұқымдық шошқа алып өсіріңдер»деген екен.

Сөйткен, Алтыбай бай көктемгі май боранда ыққан қойдың алдына шығып, қойды қайырмалап жүріп ат үсінде жүріп кетіпті. Денесін май басқан семіз адам екен. Біздің әкей (Әбілда баласы Кәріп) жиырма бес жаста екен. Байдың жаназасына қатысыпты. Басына (ескіше тәріп бойынша, өлген адамның басына мал байлайтын болған, бұл рәсім тек қазақ халқына ғана тән) байлаған малдың көптігі соншалық, қабыр басында қалып кеткен малды жоқ-жітіктер иеленіпті. Қалың ел Алтыбайдың басына бейіт тұрғызған. Бай дүниеден озған соң көп кешікпей жалғыз баласы Мұса да көз жұмған. Күмбездің түстігіне іргелес тұрған жатаған бейіт Мұсаның тамы. Алтыбайдан ұрпақ қалмаған.

Қыздарынан тарағандар бар деп естиміз. Алтыбай бейітінің жай-жапсары осы (Бір деректе Алтыбайды батыр деп көрсетеді, бұл жалған сөз). Бейітті соққан тарақты Таран (Тоқтауыл ата) екен. Бейіт бүгінде (2018) тозып, жұқаруға бет алған. Басындағы қайыңның безінен жонып күміс салпыншақ таққан айшығы жерге түсіп жатқан жерінен біреулер күмбездің ішіне тастапты. Бұл айшық белгіні біреулер «батырдың шоқпары» деп баспасөзде әйгілеп жүр. Бұл- бекер сөз. Алтыбай батыр емес, бай болған.


ҮЙСІНБАЙ БЕЙІТІ

Үйсінбай мазары да Алтыбай күмбезіне ұқсас. Бұл екі маздарды да бір кісі (Таран ұста) соққан. Үйсінбай мазары әлі тың. Кірпіштері қызғылт боп көрінеді. Соған қарағанда, күйдірілген кірпіш болуға тиісті. Бұл мазар (күмбез) Шажағайдың шығыс жиегінде бой көтерген. Өзінің (Үйсінбайдың) ата қыстауы орналасқан Сарыжал тауына (жотасына) тұспа-тұс тұр.

***

Үйсінбай меншіктеген Сарыжалды,
Сарықұлжаны мекендеп қора салды.
Тарақтының тоқтауыл атасынан,
Артында белгі болып бейіт қалды.
Күмбезі Үйсінбайдың қажыған жоқ,
Көрнекті, көз тартады көңілге тоқ.
Байлықты өз орнына жұмсаған жөн,
Кімге опа береді дүние – боқ.

Үйсінбай бай-Тарақтының Тоқтауыл атасынан. Бұл кісінің аты аса шыға қоймаған. Қойлы бай атаныпты. Мырзалығы да болыпты. Шамамен пайғамбар жасын жасаған. Жылқыға құмар болмапты. «Ысқырса желдікі, айдаса – жаудікі» деп қойдың қоңырын таңдапты. Қоңыр қойлары үнемі егіздетіп табатын болған. Жалшыға жәйлі, туыс-туғанға жұғымды, құдай



деген діндәр адам болыпты. Қыс қысымға алғанда: «Азар болса тоқты өлер, үлкен қойым боқты өлер. Қырлан, ақпан, қырлан!» деп отырады екен. Шежірелік дерек бойынша жеті атасы былайша тарайды. Тарақты-одан Қармыс, одан Тоқтауыл-одан Раң – одан Көшен-одан Майлыбай, одан Қоңыратбай, одан Үйсінбай бай-одан Нұрбек, Қыдырбай, Әубәкір, Садық; Нұрбектен- Сағындық,-одан Жақан-одан Аманкелді, Асқат, Әсет, Дана, Әділет; Садықтан-Жасұзақ, Өміртай, Айтжан, Жасұзақтан-Қайрат, Әлия, Әния, Жасұлан, Жамбылбек, Ғалия, Жақсымбек, Гүлзия, Самат; Айтжаннан-Жазылбек, Жансая; Үйсінбайдың Әубәкірінен-Тілеуқабыл, Жанайдар, Жанайдардан- Рая, Рәтай, Таза, Болат, Мұрат, Үміт, Рахат туады. Мұраттан-Әділхан, Асылхан, Әйкерім туады. (Бұл шежіре деректер Балтабай Адамбаевтың мұрағатынан алынды). Қыдырбайдан Мүсіркеп-одан Ақантай тарайды. Тарақты Үйсінбай бай кіндікті. Ұрпақтары Жамбыл облысында (Таразда, Мойынқұмда) тұрып жатыр. Бабаларының басына келіп белгі қояр деген үмітім бар.


ЖАНТОҚА БЕЙІТІ

Жантоқа бейіті Шажағайдың батыс жиегінде өзенге сұғынып тұр. Бейіттің жобасы Алтыбай, Үйсінбай күмбезіне ұқсас. Өзеннің шығысындағы Бәйжиен күмбезінен ара қашықтығы бес жүз қадам. Батысында Қушоқы биігі ереуілдейді. Шығысында Сарықұлжа тауы ұзыннан ұзақ созылып жатыр. Жантоқа заманында бай болыпты. Қыстауы сақталмаған. Соған қарағанда, Жантоқа қыста Шу бойын қыстап, жазда Арқаны жайлаған болса керек.

***

Кім екенін айтайын Жантоқаның,
Төрт түлік мал өсіріп ашқан бағын.
Тарақтының тоқтауыл бұтағынан,
Мырза екен қолы ашық- елге мәлім.
Кім мәңгі жүре алады бұл өмірде,
Жетті ме, жетпеді ме, тілегіне.
Күндік жерден көрініп мазары тұр,
Өзеннің құбыла жақ жиегінде.

Жантоқа- Тарақтының Тоқтауыл атасына жатады. Тоқтауыл тарақтылары жазда Арқаны жайлап, қыста Шу бойын сағалаған. Үлкендерден естуіміз бойынша, Тоқтауыл аталары «шөл тарақтылары» делінеді. Бұл кемсіту емес, шындығы солай. Арқаға, Шажағай, Сарықұлжаға орнаған Үйсінбай бай мен Жантоқа ғана. Екеуі де бай болған. Тұтқышұлы Жантоқа (туған, өлген жылдары белгісіз) тоқтауыл атаға басие болған екен. Старшындық



(ауылнай) қызмет атқарған. Сөз білетін, жөн білетін кісі екен. Ол кісіден мынандай сөз қалған екен деген дерек жоқ. Кісіге қиянаты болмаған. Әділігімен ел аузында қалған. Ағайындар арасындағы дау –дамайда: «Бөлінбеңдер, бөлінгенді бөрі алады. Аздың-атасы бір»деп сөзін жұмсақтатып отырады екен. Шу бойынан шаршап-шалдығып келген ағайындарға (тоқтауылдарға) сауыны жоғына сауын, аты жоғына ат беріп мырзалық тантытқан. Аталары былайша (Балтабай Адамбаев дәптерінен алынды) тарайды. Тоқтауыл... Жұлдыз, одан Күлек, одан үшеу (Балпаң, Торпық, Қараш), Балпаңнан Тұтқыш, одан Әлібай, Жантоқа, Байтоқа; Жантоқадан (бесеу)-Нұр, Тұрысбек, Рысқұл, Қыдырбек, Асан; Нұрдан үшеу-Исабек, Ағай, Әубәкір; Рысқұлдан екеу-Жақат,Қаппар; Қыдырбектен екеу-Ақділда, Әбдірзақ; Асаннан (әйелі Рәзия) алтау-Қойтық, Жауқабақ, Тәжібек, Нәжентай, Құсайын, Қырықбай. Қырықбай – Кеңестік кезеңде атқа мінген азамат. Елге жұғымды білікті азамат іболған.

ТАРАН ҰСТА


Бұл мазарлар бір жоба, бір үлгіде,
Құпия ашылмаған сыры мүлде.
Айтулы тарақтының ұстасы екен,
Жетіккен бейіт соғу іліміне.
Ауысып келген дейді басқа жерден.
Мазарға жан бітіріп, тастан өрген.
Кешегі егер-дегер кер заманда,
Талшықсыз тау ішінде аштан өлген.
Талқан таппай тал қажау тамам елден,
Қарыстай жер бұйырмай қара жерден
Талайға мазар соққан қайран шебер.
Бір шұңқырда көмусіз қала берген.
Есімі хас шебердің Таран екен,
Сүйекті саусақтары салалы екен
Айтулы күш атасы болыпты ол,
Жолын ол күреспей-ақ алады екен.
Кім сезер зіл салмағын келер күннің,
Халықпыз әспеттеген ерен ұлын,
Таранды төңірегі төре тұтқан
Айрықша ардақ тұтып шеберлігін.
Иілер дұшпаның да бағаң бар да,
Кезінде дәуірлеген Тарандар да.
Кәрсөн ата еліне бейіт соғып,
Төңірекке хас шебер болған арда.
Қаз, үйрек суды сызар толса айдын,
Кеседе нілі қалар қызыл шайдың,
Жоққа жүйрік жетпейді, бай базарлы,
Бейітін мінсіз соққа Нілдібайдың.
Хас шебер талай бейіт тұрғызыпты,
Өзіне көптің көзін бұрғызыпты.
Байларға мазар салған тап жауы деп,
Белсенділер салған ғой қиғылықты.

Таран ұста жөніндегі дерек тым тапшы. Тарақтының Тоқтауыл атасынан шыққан делінеді. Түбі қоңырат екен деген там-тұм дерек бар. Бір деректе төленгіт деп те айтады. Тарақтының Тоқтауыл атасына жиен екен. Жас кезінде өзбек байына жалданып кіре тартыпты. Сол жақта жүріп (Ташкентте) кесене салу өнеріне жатыққан. Арқаға келіп ағаш үй соғып, мазар тұрғызуға кіріскен. Тарақтылардың (Жантоқа, Тайжан, Тұяқ шешен, Тілеп (Көкжартастағы) Алтыбай, Кәрсөн Нілдібай бейіті) біраз бейіті Таранның қолынан өткен. Бес

баласы да айтулы шебер болған. Тараннан (шын аты Таласбек) тұқым жоқ. Ашаршылықта (1931-32) көш жолында қалған.

БӘЙЖИЕН БАСЫ

Бұл мазар әлі де тың, Таран салған,
Бәйжиен-заманында болған тарлан.
От ауызды, орақ тіл ақын екен,
Одан да өткен екен дүние жалған.
Бәйжиен-тарақтының Меңілбайы,
Жігіттің перісі екен сайма-сайы.
Махббаттың жолында баз кешіпті,
Там –тұмдап бізге жеткен оның жайы
Басына есіл ердің мазар салған,
Ұрпақ жоқ бірін қоймай шешек алған.
Шыдамай қайғысына қатын- бала,
Секірткен жүйрік атын терең жардан.
Қостанқол, Нарынбай көң мекені екен,
Бәйжиен сөзге ұста төтен екен.
Басынан Қарабұжырдың ән салғанда,
Дауысы Шажағайға жетеді екен.



Айта берсе таусылмас бұл терең сыр,
Қанатын кеңге жайып үзіпті гүл.
Жете алмай мақсатына арманда өткен,
Белгі боп Шажағайда бейіті тұр.

Тарақтының Қыдыр бұтағынан Меңілбай, Наймантай, Көпсары аталар тарайды. Бұл үш атаның іргесі кешегі күнге дейін (1928) сөгілмей келген. Арқаға Қойтас-Сораң, Аюлы-Матақ, Бәйбіше, Қоңыркүлжа, Шажағайға орын тепкен тарақтылардың дені осы аталар еді. Меңілбай кіндікті ата. Меңілбайдан сегіз бала тарайды делінде шежіреде. Өтеген, Байкелді, Сасықбай, Бостыбай, Құттыбай, Қарабатыр, Жаңабатыр, Құттыбай делінеді. Шындығында бұлар Меңлібайдың Үш Назары- Бекназар, Ақназар, Ерназардан тарайды. Меңлібайдың Сасықбай бұтағы өскен ата. Бұл атадан шыққан Нарынбай (Қыстауы Қостанқол аталады) заманында жігіттің жолбарысы атанған екен. Күреске түскен. Тақымынан көкпар бермеген. Нарынбайдың інісі Бәжеңнің (Бәйжиен) серілігімен аты шықса керек. Төменгі тамалардағы бір байдың қызына көзі түседі. Бай оған шарт қояды. Ұлы жоқ екен, маған бала бол дейді. Сөйтіп жүргенде, сері жігіт байдың қызын алып қашады. Қуғыншылар қызды жігіттен тартып алып қалады. Қыз құсадан көз жұмады.

Ауылым Сарықүлжаның саласында,
Ғашық болдым ақсұңқар баласына.
Саздаудың солқылдаған қайыңы еді,
Айрылдым екі кештің арасында,-

деп Бәйжиен аңыратып зар төгеді. Мал малданып, басына үй көтереді. Екі әйелден оншақты бала көреді. Бір жылдары елге шешек араласып, қара шешектен Бәйжиеннің бала-шағасы қырылып қалады.Мені тама қызының киесі ұрды депті. Құсадан өзі де көз жұмыпты.

Қостанқол, Қарабұжыр, Керегетас,
Ойласам өткен күнді батпайды ас.
Отыз жан бір шұңқырда қалып қойды,
Кімдерге сияр екен мына қу бас!- деп ах ұрыпты.

Құсадан көз жұмыпты. Шығарған әні де болған. Өлеңдері хатқа түспегендіктен ел құлағында қалмаған.

Шажағай қимаймын-ау мөлдіріңді,
Сарықүлжа қайтем сенің өрлігіңді.
Айрылған қапияда үйірінен,
Саяқ құлжа пақырың мен бүгінгі,-

деп жалған дүниеге қош-қошын айтып кете барған. Арманда өткен есіл ерге ел –жұрты күмбезді бейіт тұрғызған. Бәйжиен басында Нарымбай бейіті болған. Бейіт құлап жатыр. Балалары Мақтай мен Түсіптің бейіттері (төрт құлақ) әзірше тұр. Бұл атаны былай таратады. Сасықбай-одан Тана-одан Нарымбай, - одан Мақтай, Түсіп; Түсіптен-Рахымжан, Асан, Үсенбай, Ақбұзау туады.

Рахымжаннан-Сәдуақас, Аманбай, Ыбыкен; Сәдуақастан-Ермек, Аманбай, Өмірзақ, Серік, Жарас туады. Асаннан Рымбай туады. Үсенбайдан- Қажыкен, Қасым, Жанбол, Тілеуқабыл, Кәдірқұл туады. Қажыкеннен-Мейрам, Мінапас, Тобақабыл, Байғабыл, Жанқабыл тарайды. Тілеуқабылдан-Бақытжан, Бауыржан туады. Кәдірқұлдан-Әнуар, Болат туады. Ақбұзаудан-Тоқшай, Олжабай туады. Тоқшайдан- Жандос, Елдос. Олжабайдан екі бала бар. Осы аталардың таратылымын маған жаздырған Тілеуқабыл, одан-Бақытжан, Бақытжаннан- Мұхит, Абзал туады. Мейрамнан- Жақыпжан, Құдайберген туады. Мінапастан-Асқар, Мұхтар, Мұхит туады. Бұлардың бәрі оңтүстікке тұрақаған. Тараз қаласында тұрып жатыр. Ата қонысы Шажағайда бірі де жоқ.

ДОСАБАЙ МАЗАРЫ

Досабай мазары Шажағай өзенінің шығыс жағалауында қыр басында тұр. Күмбездеп салған шошақ бейіт қажи бастапты. Төбесі опырылып (2017) түскен. Бәйжиен мазары Досабай басынан үш жүз қадам қашықтықта өзен жиегінде осы бейітке қатарлас тұр. Ұрпақтары Досабай бабасының басына (2017) белгі қойған.

Тарақтыда болыпты Досабай дүр,
Жылқылы мың көкала бітіпті кіл.
Көріпкел, дуалы ауыз, есепші екен,
Бәйжиенмен қатарлас бейіті тұр.
Көрінер шошақ күмбез қыр басында,
Жыры бар, сыры да бар бір басында
Таран салған бейітке үйлеспейді,



Досабай бейіті

Өзгеше бітімі бар сымбатында.
Кезінде кенде болмай дәулет –бақтан,
Қабілет –қарымымен болған мақтан.
Күн райын болжағыш есепші екен,
Бейітте Досабай бай дамыл тапқан.
Досабай - Меңілбайдың бұтағынан,
Меңілбай тарақтыға болған ұран,
Меңілбай мен Наймантай бір туысқан,
Наймантай қалмақтарға салған лаң.
Құттыбай Меңілбайдың бір баласы,
Байғозыға серік боп шыққан аты.
Құттыбайдан Киікбай дара шығып,
Домалаған кезінде тауға тасы.
Атбегілік өнерді ұстаныпты,
Ит жүгіртіп, аңшы боп, құс салыпты,
Киікбайдан Бөкенбай жалғыз туған,
Кезінде кәсіп еткен ұсталықты,
Бөкенбайдан Досабай туған екен,
Күн райын болжағыш сырбаз екен.
Ақмолаға қараған қырық болыс,
Пір тұтып айтқанына тұрады екен.
Күн ілгері болжапты қыс амалын,
Жаздан бастап ойлаған қыстың қамын.
Аң мен құс, жан-жануар бәр есепші,
Шөптер де байқатады қыс қабағын.
Дегенді дәлдікпенен айтады екен,
Болжағыш күн қабағын ойсан екен.
Аға сұлтан Ыбырай алдында боп,
Келер қыстың жағдайын айтады екен.
Депті сұлтан ырза боп енші берем,
Өзгеден бәсің артық сенсің ерен.
Заңдастырып осылай жер алыпты,
Досабай «Талды көңді» еншілеген.
«Талды көң»- Сарықұлжаның бір сайында,
Қорысты, құнары мол ұлтанында.
Атанып «Досабайдың талды көңі»,
Мұра боп қалған еді ұрпағына.
Досабайдан Айтбосын туған екен,
Айтбосыннан Әбілда -үлкен әкем.
Әбілдин Кәріп шал менің әкем,
Сол әкеден «жоқшы боп» туғанмын мен.

Меңілбайдан Ерназар туғанда, Ерназдардан үшеу- Қарабатыр, Жаңабатыр, Құттыбай, Құттыбайдан-Киікбай (Мөңке), Ақсерке, Байсерке туады. Құттыбайдың Киікбайы (жанама есімі Мөңке) жау түсіргіш қарулы адам болған. Заманында атбегілік өнерімен танылып, іш жақтан (орыс ішінен) жылқы әкеліп қазақ жылқысымен будандастырған. Соның нәтижесінде «Киікбай сұр» деген жылқы тұқымы пайда болған. Желісті, арба, шанаға бейім, бір өзі тонна тартатын тұрықты жылқы тұқымы көкпарға салғанда қажымайтын, ұзақ жолға мойымайтын міністе берік болған. Биелерінің сүттілігі соншалық- бір биенің саумалы күбі толтырған. Әкем (Әбілда баласы Кәріп) айтып қоймайтын. «Киікбай сұр» шапқанда тұяғы жерді ошақша ойып түсіреді екен. Әкемнің айтуы бойынша «Киікбай сұрдың» тұқымы бертінге дейін келген.

Киікбайдан-Бөкенбай–одан Досабай туады. Досабайдың қыстауы Бәйбішенің сыртындағы Ақшоқыда (кейіндегі атауы Үшсай, Кеңсай) болған. Қаратауға тік көтеріле көшкен (1830) Қоңыраттардың Сарықұлжа, Шажағай қоныстарына тарақтылар кеп орнай бастағанда, малды Досабай есепші дуанбасы Ыбырайға жүгініп, Сарықұлжаның бір сайын иеленеді. Досабайдың «Талды көңі» осы. Досабай- заманында қойлы бай боптьі. Өзі күн райын болжайтын есепші (болжамшы) болған екен. Күннің амалын болжағыштарды бұрынғы уақытта «есепші» деп атаған. Есепшілер әр ауылда болған. Жаз түгесіліп күзге ауысқан мезгілде дуан басы Ыбырай ел ішіндегі күн райын болжағыштарды Ақмолаға шақыртып жиын өткізеді екен. Досабай көп сөйлемейтін тұйық адам болса керек. Күн райына байланысты долбарын жұмбақап жеткізе білген. Дуан басы Ыбырай жиендігіне (Тарақтыға жиен) бағып Досабайға қарата: «Сөйле тарақтының сүлейі!-дейді ғой. Сонда, Досабай тұрып: «Жаз желдетсе, құрғақшылық келеді, ояз сөзсеңшісе қымбатшылық келеді. Ненің болсын амалы Аллаға ғана аян. Біздікі құрғақ долбар. Шүкір, жаз жаңбырлы болды. Бөтегесі майға бөгіп қалған жыл құстары төмендеп ұшты. Қаршыға мен сұңқар мекенінде қалды. Құда қаласа биылғы қыс жайлы болмақ,- дегенде, дуанбасы Ыбырай, кісесін ағытып Досабайдың алдына тастаған екен. Сол кісе (әкемнің айтуы бойынша) кейінге дейін сақталып келіпті. «Қызылдың белсенділері (есімі Тай екен) көріп қап (1928-30) олжалап кетіпті. Әкей бабасы Досабай табиғаттың амалын болжағанда құрғақ долбарға жүгінбей, күннің амалына сүйеніп, ауаның қозғалысын бақылайды екен. Сондағы бір амалы былай болған. Кәдімгі оттың күлін тақыр жерге шоғыр-шоғыр етіп шошайтып үйіп қоятын көрінеді. Ондағысы, сірә желдің бағытын байқағаны болса керек. Бір жылы қыстың кірісінде Досабай бай қой тебінге түспей тұрып, ақауыз сек қойларды (бойдақ қойлар жасына қарата: құнан қой, дөнен қой, сек қой, ақ ауыз қой делінеді) сойдырып, шошалаға үйдіріп тастайды. Етті кәрі саулықтарды да сойдырып тастайды. Жапсардағы ауылдар күңкілге басып: «Досабай алжиын деген-ау,

қыс қырланбай жатып малына қол салғаны несі!?-деген ғой. Сол жылы елге жұт араласып, малдың қоңы төмендеп, пышаққа жарамды сойыс таппаған аш-арық Досабайға жүгініп, қалауы бұзылмаған семіз қой етін тік көтере (бір қойдың етіне екі-үш ұсақ малын айырбастап) таласа-тармаса алыпты. Жұттан байлардың қотаны ортайып шыққанда, Досабай есепшінің қотаны қойға толып жатыпты. Тіршілігінде (үш жасар немересінің шетінегенін сылтау етіп) басына бейіт тұрғызған екен. Шажағай бойындағы шошақ бейіт сол бабамыздың тұрағы. Досбайдан- төртеу туған. Айтбосын, Байбосын, Торғай, Баулықбай аталар- Досабай бабамыздың бел балалары. Айтбосыннан- Әбілда жалғыз туған. Нағашысы -Қаракесектің Кернейіне жататын Балта атаның бір аталығынан тарайтын(Қазгелді ме, Мамырбай ма, Итқара ма, анығын ешкім білмеді) Шынан балуан екен. Өзінен туған бес баласы шетінен мықты болған. «Шынанның бес қасқасы» атанған. Әсіресе Дуанбектің атағы шыққан. Шерткенде түйенің қабырғасын шытынатқан. Әкем айтып отыратын еді. Әбілда әкесі қол күшке мықты болған. Құнан қойды ат үстінен өңгіріп әкетеді екен. Нұрлы адам болыпты. Даусы үнді екен. Молланың алдын көрген ол кісі кезінде «Әбілда молла» атанып ел ішіне ықпалды болыпты. Әкей айтып қоймайтын, ол кісінің үнділігі ғажап еді деп. Құранды үн салып оқығанда, кісінің сай –сүйегін сырқыратады екен. Жапсарлас ауылдарда (Қуандық ішінде) бір қаралы жағдай болып, Қарабуырыл Сыздық болыс (Байғозы батырдың ұрпағы) Әбілда молланы ертіп көңіл айта барады. Көкпарда аттан жығылып, мерт болған күйеуін аза тұтып қырық күн бойында шымылдықтан шықпай қара жамылған қаралы келіншек Алтайдың Аралабайына жататын Кеттебек болыстың (Кесірлі Кеттебек атанған) қызы болса керек. Аузына дәм салмай теріс қарап жатып алған қаралы жан Әбілда молла қарағаттап құран оқи бастағанда, басын жастықтан көтеріп, тілге келген екен дейді.

Әбілда молла көп жасамаған, елу төрт жасында (Ақмоладан кіре тартып келе жатып) сапарда жол үсінде неген өліммен (шұғыл науқастан) көз жұмады. Әжеміз Бектұрсын қызы Нұрбике (тарақтының Тоқтаулына жатады) жоқтау шығарғыш әйел болған. Жоқтау айтқанда ел егіліп жылап отырады екен. Әкей шешесінің жоқтауынан (жолдасы Әбілданы жоқтаған) бірер шумақты бізге жеткізді.

Есіктің алды қу тақыр,
Айрылдық ерден біз пақыр.
Ойлағанда жарымды,
Жегенім желім у татыр.
Есіктің алды талды еді,
Менен де мұңлық бар ма еді.
Жалғаннан беті қайтпаған,
Жақсыға ажал тез бе еді.
Есіктің алды терең сай,

Мезгілсіз батты-ау жарық ай!
Жалғаннан қызық көре алмай,
Арманда озған жарым-ай!..

Нұрбикеден бес ұл туған. Төркіні Тоқтауыл ата. Адамбай, Бектұрсын бір туған. Адамбайдан-Шоша (Әбдірахман), одан Балтабай, Сыпатай, Жұматай, Қаратай туады. Балтабай Адамбаев- фолькоршы ғалым болған. Бектұрсыннан –Божан, Нұрбике туады. Нұрбике біздің (әкейдің анасы) үлкен шешеміз.Сол кісіде, Нұрбикеде ақындық бар екен. Белгілі адамдар дүние салғанда Нұрбике анамызға жоқтау айттырады екен. Нұрбике бес ұл тапқан. Үлкені Кәріп (Әбілда әкесі жерге таласып ғарып боп жүргенде туыпты), одан соңғылары Өнетай, Әліп, Байназар, Құлназар. Әліп пен Құлназар отызыншы жылдары өлген. Байназар фин соғысына қатысқан. Соғыстан қайтпай қалған. Міне, осы Әбілдаұлы Байназар (әкемнің айтуы бойынша) ақын болыпты. Үнемі ыңылдап өлең құрастырып жүреді екен. Әкем (Кәріп) айтады: «Біз оңтүстікке мешін жылының алдында (1931) аудық. Тау арасында жасырып ұстаған малымызды аман алып қалудың қамымен (малдан айрылсақ өлгеніміз ғой) көктем шығысымен Шуға қарай қаша көштік. Шудан өтпекеші болғанда, өзен тасып кетіп, інім Әліп екеуміз бер жақта қалдық та, өзіме тете інім Өнетай (қатын –баласымен) інілерім Байназар мен Құлназар Шудан өтіп үлгерді. Олар өзеннің ар қабағында, біз өзеннің бер қабағында тұрмыз. Бір –бірімізді қимай бір бие сауым бойында бөгелдік. Інім Байназар әйелше аңырағанда күйзеліп кеттім. Суырылған ақын еді-ау, сабаз.»...

Байназардың Арқа даласымен қоштасқан жоқтау өлеңі менің қолыма сексенінші жылдары түсті. Әкейдің нағашысы Божан баласы Әкенше (1912) арнайы Ақадырға мені іздеп келген еді. Ол кісі ақын жанды жаттанпаз екен. Қоңырат Тойшыбек ақыннан бастап, Байназардың өлеңін жатқа айтады. «Сұмдықтай ақын болатын Байназар жиен. Үнемі ыңылдап жүретін еді. Содан құлағымда қалды» деп мына өлең жолдарын маған жаздырған болатын.

Сарықұлжа қош аман бол, Шажағайым,
Жайлы еді мал мен жанға жаға жайың.
Екі болыс тарақты елі аман бол,
Жан тартып енді кімді ағалайын,
Қалдың-ау Досабайдың талды көңі,
Тай мініп, асық ойнап, өскен жерім.
Енді қайтып көргенше кім бар, кім жоқ,
Қош боп тұр ата қоныс қыр мен белім.
Ақбиік, Қарабиік, Төрбигім,
Болдың-ау, қайран қыстау шер күйігім.
Аңырап ата қоныс артта қалды,
Жалғанның жалғандығын енді білім.
Бәрінен қымбат едің-Іргебиік,

Қыстауға сұғынушы ең басынды иіп.
Алтындай асыл еді қайрақ тасың.
Қалайша кеттім екен көзім қиып.

Осы жолдарды қағазға түсіргеннен кейін (1984) Таразға жолым түскен еді. Ол жақта Өнетай жәкемнің балалары тұратын. Аяқ астынан күтпеген олжаға тап болмасым бар емес пе. Өнетай -Жәкем ескіше оқыған сауатты болатын. Сол кісінің құранының арасынан арап әрпімен жазылған қолжазба табылды. Ескіше сауаты бар кісілерге оқытқанымда, мына өлең жолдары бадырайып шыға келді.

***

Сарықұлжа сағындым- ау самалыңды,
Жүретін түріп тастап балағымды.
Екі болыс тарақты ен жайлаған,
Кең мекен құтты қоныс аралымды.
Сарысу- суың мөлдір, шөбің шүйгін,
Құс салып қаршығамен аққу ілдім.
Баяндап қалмайды екен еш дүние,
Жалғанның жалғандығын енді білім,
Соғады Арқа жақтан қоңыр самал,
Жақсылық қайран елден бар ма хабар?
Сағыныштан көкірек қарсы айрылып,
Қарай-қарай ел жаққа көзім талар.
Кенелі, Қаражартас, Керегетас,
Келеді сені ойласам көзіме жас.
Тұяқтың Қызылтасы еске түссе,
Есеңгіреп қаламын айналып бас.
Сағындым Қойтас, Сораң тауларымды.
Сарыматақ, Қараматақ аумағымды.
Бәйбіше, Бүрікітті мен Қоңырқұлжа,
Ұмытпасын еске алып ол да бізді.
Шегірдің Ақшоқысы, Былқылдағы,
Қапамен бізді ойлап тұрсың-дағы.
Аңсаймын тұнығыңнан жұтсам –ау деп,
Әркімнің бар емес пе бір құмары.
Шалқардың Ақтұмсығы Айғырұшқан,
Үйсінбайдың Сарыжалын кім ұмытар.
Нарынбайдың Қостанқол, Қарапжүрі,
Жұтатпай алып шығар қойды қыстан.
Дариға, не боп кетті мына жалған?!
Бар қазақ босып кетті малсыз қалған.
Қой өрген қора –қора қотанынан,

Бір ешкі сүт беретін болды арман.
Есімнен еш кетпейді «Талды көңім»,
Жайлаған арқар, киік қыр мен белің.
Күзен аулап қызыққа батушы едік,
Күзен ішік ашушы ет жігіт өңін.
Сарықұлжа, Қоңырқұлжа, құлжа-құлжа,
Түлкіңді алушы едік тегін олжа.
Түлкі тұрмақ бүгінде малға зармыз,
Зманның қысымына амал бар ма?

Қолжазбадағы өлеңнің кімдікі екені көрсетілмеген. Сол себептен де бұл өленді мен баспасөзге ұсына қоймадым. Өлең қойын дәптерімде қала берді. Басқа да өлеңдермен салыстырып көргенімде, өлеңнің өзіндік үні барын байқадым. Бұл жолдар Байназардың зар –мұңы ма, әлде басқа біреудің өксік жыры ма, онда тұрған түк те жоқ. Қалай болғанда да аңсау жырда туған жерге деген сағыныш бар, арман бар.

ШАЛҚАРДЫҢ АҚТҰМСЫҒЫ

Шалқардың Ақтұмсығы Досабайдың Талды көңімен жапсарлас. Сарықұлжа тауының түстікке қараған таусылар түсында тұр. Таудың атауы сыртқы бітіміне қарата қойылған. Бүркіт тұмсық жинақы тұрпатына қарата аталған. Бүгінде иен жатыр. Басында әйдіңгір бұлағы бар. Елуінші жылдары колхоз («Атасу» қой фермасы) үй –қора салған.

***

Өзенді жаяу құлдап әрі кеттім,
Шалқар шешен басына келіп жеттім.
Бейіттің орны жатыр құлап қалған,
Көкжарас мені көр деп белгі етті.
Тарақтыда болған ғой Шалқар шешен,
Әрі ақын орақ тілді сөзге төтен.
Сарықұлжаның Ақтұмсығы қыстауы екен,
Ғұмыры осы өлкеде өткен екен.

Алдымен Шалқар шешеннің аталарын таратып көрелік. Шежіреде былай: Тарақты-одан Қыдыр- одан Қаржау-одан Есенкелді-одан Меңлібай –одан Қарабатыр- одан Қожакелді –одан Тілеуберген; Тілеубергеннен Шалқар шешен, одан Рысмағанбет, Иманбай, Жүніс, Мәжен, Сатыпалды туады. Рысмағанбеттен Мұхтар, Мұстафа; Мұхтардан Қаман; Иманбайдан Жәкен одан Мәзхан... (Балтабай Адамбаевтің қолжазбасынан алынды). Шалқар шешеннің ұрпағы Мұхар Рысмағамбетов 1928-1930-жылдары Қазақстан Орталық Атқару Комитетіне мүше болған. Шалқар шешеннің ұрпақтары Жамбыл облысына таралған. Арқада біреуі де жоқ. Бейіті Шажағай өзенінің

бойында Ақтұмсыққа тұспа –тұс тұратын-ды. Төрт құлақ бейіттің орны ғана (2007) жатыр. Шалқар көп жасаған. Дәулеті шағындалған Шалқар біраз жыл Ақтау тауына қоныстанған нағашыларын сағалайды. Нағашылары Алтайдың Сайдалысына жатады, одан Сүгірәлі, Арыстан тарайды, Сүгірәліден – Дүкенай, Қабай, Жабай, Әлсейіт, Қабайдан-Әлікұл, Айткұл, Бақыбек туады. Шалқардың нағашылары осы атадан болса керек Атақты мыңды айдаған бай, ел билігіне араласқан Қабайдан шыққан Мінәсіп пайғамбар жасында қайтыс болады. Ағайын –туысы ауыл-аймағы марқұмды оң жаққа қойып, жаназашыларды қарсы алған қарбалас шақта:«Шалқар келе жатыр! Шалқар келеді!» деп дүрлігісіпті қаралы жиын. Мінәсіпке жақын жиен болып келетін шешеннен жоқату дәметкен көпшіліктің көкейіндегісін дөп басқан Шалқар аттан түсер –түспестен тақпақтай жөнеліпті. Кәрі құлақтардың бізге жекізген дерегіне қарағанда, Шалқар шешен нағашысын бір бие сауым бойында жағы талғанша жоқтаған екен.


Сегіз жасында асық ойнаған, Мінәсіп,
Тоғыз жасында доп ойнаған,Мінәсіп.
Он үшінде ой ойлаған, Мінәсіп,
Он бесінде той тойлаған, Мінәсіп!
Жиырмасында билік айтып дау –шарға,
Тентектерге қой-қойлаған, Мінәсіп!
Отызында бүркіт салған, Мінәсіп,
Сауда жасап Үркіт барған, Мінәсіп.
Қырық жаста мырза атанған, Мінәсіп,
Досы тұрмақ дұшпанын ырза қалған, Мінәсіп.
Елуінде елбасы, болыс болған, Мінәсіп,
Еппен тартып әріден орысты алған, Мінәсіп.
Елу бесте ақылы жаннан асқан, Мінәсіп,
Қисық жолдан қыңырттап оңға басқан, Мінәсіп.
Алпысында бақиға қам жасаған, Мінәсіп,
Алла берген ақжанын жолға салған, Мінәсіп.
Бұл жалғанның қызығын көріп кеткен, Мінәсіп,
Кейінгіге ғибрат беріп кеткен, Мінәсіп!
Атым жоқта ат берген, Мінәсіп!
Асым жоқта ас берген, Мінәсіп!
Қарағым, Мінәсіп, шырағым Мінәсіп!
Шөлдесем мейрімді қандырған, бұлағым Мінәсіп!
Өрісім, жайлауым, құрағым, Мінәсіп!
Ауырлыққа нардай болған, Мінәсіп,
Ойнақтасам жардай болған, Мінәсіп!
Енді кімге базынам өтеді?!
Енді кімге сөзім өтеді?!
Еңселегенде шығатын тауым едің,

Сөз іздесем сылтауым, дауым едің.
Мұңайсам сергітер сауық едің,
Шаң басарым жауын едің.
Сапарың оң болсын,
Жатар жерің дөң болсын.
Балаларың өзіңдей,
Пейілді кен болсын.
Қарағым, Мінәсіп, шырағым, Мінәсіп,
Егіздей жарасқан сыңарым, Мінәсіп.
Иманға толсын тұрағың, Мінәсіп!

Шалқар шешен мейлінше тілмар өткір тілді болған. Қартая келе: «Аспанағы жұлдыздай едік, суда жүзген құндыздай едік. Бүгінде от басында итінген құзғындай болдық, құзғындай болдық» дейді екен.

КӨКЖАРТАС

Көкжартас Шажағайдың батыс жағалауында өзенге сұғынып тұрады. Екі болыс Тарақтылардың бір бөлігі қыста Шу бойын қыстайды. Жазда бұл өлке (Шу атырабы) мал –жанға мазасыз келеді екен. Малдарын кене тесіп, масасы адамға ұйқы бермейтін көрінеді. Шуды қыстаған ауылдар көктем шыға Арқаға құлайды. Күзде Көкжартас бойында тоқайласып, Шуға қопарыла қозғалатын болған. Көкжараста Тарақтылардың (дені Меңілбай атаның бейіттері) қалың қорымы бар. Тілеп мазары өзеннің батыс жағасында жеке тұр.



***

Көкжартас-жатағандау шағын жартас,
Қиқы-жиқы бітімі, қалың қойтас.
Кемерлеп өзен ағып жайқынданып,
Дегендей еркелейді қойныңды аш.
Өзенді жиектеген ши тоғайы,
Қалың қияқ, қара оты малға жайлы.
Көкжарас Тілеп байдың қыстауы екен,
Текті ата Тарақатының Меңілбайы.
Тілеп бай сасық ырыс, момын бопты.
Кедейге үлестірген тегін тоқты.
Мырзалықтан алдына жан салмаған,
Ауыл үй қондырыпты өңшең жоқты.
Атанып Тарақтыда Тілеп мырза,
Қонысын өзгертіпті қыста Шуда.
Жұтамай малы қыстан аман шығып,
Еселеп дулеті артқан жылдан –жылға.
Бұйрықты Тілепке де қаза жеткен,
Сүйегін Көкжартасқа алып жеткен.
Өзеннің жиегінде мазары тұр,
Көзі тірі кезінде салып кеткен.
Бұл бейітке әркімдер қызығып жүр,
Әліптің артын бағып бұғынып жүр.
Менің бабам бейіті дегізгелі,
Беталбаты лағады «сұғанақ сұр».

Мен шежіре таратуды мақсат етпеймін. «Тілеп мазары» әңгіме өзегі болған соң бейітте жатқан Тілептің ата-тегі жөнінде аздап әңгіме қозғауға тура келеді. Ел аузындағы (тарақты атаның үлкендерінің айтуы бойынша) шежіре-дерекке қарағанда Тұяқ шешен мен Тілеп бір туған ағалы –інілі бауырлар. Енді бір деректе екеуі немерелес дейтіні бар. Тұяқ шешен (Балтабай Адамбаевтың жинаған дерегі бойынша) Меңілбайдың Бостыбай атасына жатады делінеді. Меңлібай- одан Бостыбай-одан Бостан- одан Құмалақ- одан Тұяқ пен Тілеп туады. Ел ішіндегі ауызша әңгімеде (шежіре деректе) Тарақты Тұяқ шешенді Меңілбайдың Қарбатырына жатқызады. Меңлібайдың Бостыбайы ел ішінде (шежіреде) көп айтыла қоймайды. Бостыбай момын болған, сасық ырысты бай болған деп үстірт баға береді. Оның есесіне, Қарабатыр мен Жаңабатырды кәриялар айта түседі. Бұларды Меңлібайдың Ерназрынан туғызады. Ерназардан- Қарабатыр, Жаңабатыр, Құттыбай туады деп келеді. Меңлібай атаның қара шаңырағы Құттыбайда сақталған. Қош, сонымен, бұл аталар жөнінде ауызша тарих шежіре не дейді? Қарабатырдың қолы қатты

болған. Барымташыны бір салып өткенде ат бауырына түсіреді екен. Бір аңызда жауырыны жерге тимеген балуан болған деседі. Содан да Қарабатыр атанған делінеді. Ал, Жаңабатыр турасындағы аңызда бәлендей оғаштық жоқ. Жаңабатыр Меңлібай атасы тәрізді атбегі һәм аңшы болыпты. Жаңабатырдың қысқы ермегі қасқыр соғу болған. Ол кісі бір ауылға кеп қонғанда, сол маңдағы қасқырлар түнімен ұлып шығады екен. Ескілікті өлең де бар.

Дегенде Жаңабатыр, Жаңабатыр,
Аң қоймас ізің қанды сен бір тасыр.
Жоламай қара қосқа шет жүрсек те,
Еттің –ау біз бейбақты ақыр-тақыр,-

деп қарақұлақтар қосыла ұлиды екен. Бұл екі атаның еншісі бөлінбеген. Осы атадан шыққан Тұяқ шешеннің ағасы Тілеп мырза сасық ырысты бай болған. Бір жолы Тілептің жылқысын ұры алады. Жылқының құтпаны Алқара көк айғырды қасынан ұзатпайды екен. Айғырдың үні мейлінше зор болыпты. Кісінеген үніне еліккен қалың жылқы ұрыларға айдатпайды. Айғырға жетіп шұрқырай табысады. Шарасы таусылған сойылды содырлар Тілеп байдың кеп аяғына жығылады. «Елімізге не деп барамыз, бізге жетекке бір –бір тай қиыңыз дейді ғой.«Осы алғандарыңды өздеріңе қидым» депті бай. Келер көктемде әлгі жылқылар өз мекендеріне жетіп құлындай бастапты. Алқара көк айғыр әбден қартайып тулақ боп өліпті. Иесі айғырдың өлексесін Көкжартастың еттегіне көміпті. Сол тұс күні кешегіге дейін «Айғыр шоқы» атанып келді. Тілептің мазары « Айғыр шоқының» етегінде тұр. Көкжартас-Шажағай өзенінің түстікке ойысқан төменгі ағысының батыс жиегінде шөккен түйеше қоңырайып тұр. Өзеннің осы тұстағы шығыс жағасындағы тепсеңде қалың қорым бар. Қорымдағы тамдар әр қилы. Төрт құлақ бейіттермен аралас шошақ күмбездер де бар. Әкем (Әбілда баласы Кәріп) мені ертіп барып (1959) арнайылап көрсеткен еді. Қалың қорымның бір тұсындағы шошақ тамды нұсап: «Күлембай балуанның бейіті осы. Меңілбайдың Сасықбайына жатады. Мешкейлігімен де аты шыққан. Күреске түскендегі әдісі бір жосын болған. Ортаға шығып малдас құрған бойда, ал енді мықты болсаңдар мені орнымнан қозғалтып көріңдер дейді екен. Жуырыны жерге тиіп көрмепті. Бұл қорым-Меңілбай атадан тарағандарың о, дүниелік (бәрі емес) тұрағы деп түсіндірді әкей маған. Мұндай үрдіс- әр ата ұрпақтарына тән болған екен. Наймантай аталардың (руының) қалың қорымы Бәйбіше тауының етегінде Былқылдақта сақталған. Байларды жаппай тәркілеген (1928) одан соңғы (1931-1933) ашаршылықтың салдарынан ата- қонысынан ауып кеткендердің қонысына кеп орнаған «сотталғандар»(оларда жазық жоқ) ойына не келсе соны қылған. Былқылдақтағы қалың бейіттердің, наймантай аталардың кірпішін бұзып тып –типыл қылып үй –қораға пайдаланған.

Көкжартастағы Меңлібайлар қорымы аман тұр. Тілеп бейітіне «қызығушылар» бар деп естимін.

САРЫҚҰЛЖА

Сарықұлжа, Қоңырқұлжа таулары Шажағай өзенінің шығысында созылып жатыр. Бір-бірімен жалғасқан өркешті тау сілемдері Тайатқан-Шұнақ тауларына таяп барып көш керуенін тоқтатады. Тауды бұлайша бейнелеудің өзіндік қисыны бар. Шажағай өзенінің оң жағалауынан басталған Қоңырқұлжаның шоқылары Бүркітті биігін ортаға алып Сарықұлжаға жалғасады. Қоңырқұлжа сырт көзге қоңырайып көрінсе, Сарықұлжаның жоны сары жағалданып тұрады. Атаулары сырт бітіміне қарата қойылған.

Балалық шағым осы таулардың бауырында өтті. Тау іші арқарлардың құтты мекені болғанын көзім көрді. Тау бигінен көрініс берген ата құлжа қыбырсыз ұзақ тұрар еді. «Неге қозғалмайды, аяғы талмай ма? десем, Атам тұрып (әкемді Ата дейтінмін): - Төңіректі шолып тұр. Бұлардың жауы қарақұлақтар. Үйірі сай ішінде жайылып жүргенде, құлжасы сақсынып осылайша қарауылда тұрады. Сол тұрғанда жаман ауыздың исін алып, соны бақылағаны. Мейлінше сақ келеді тау еркелері. Қасқырға қарсы атылып қайрат көрсететін өлермендері де болады,-дейді.

Ашық күндері әкеме еріп (жеті-сегіз жастамын) шығатынмын. Отар тебіндеп жатады. Кенет, дәл төбемізден (тау биігінен) дәу құлжа көрініс берді. Сөйткенше болмады, әлгі алып арқар опырылған тастай төменге домаландап бара жатты. Көп кешікпей тау етегінен көрініс берді. Арқар бізге қарай қашып келе жатыр. Соңында бір көк ит келеді. Көк ит құлжаға таяп қалды. Жаны ышқынған арқар тебіндеп жатқан қойларға қарай қашты. Қой үрікіп етекке ойысты. Атам дыбыс бергенде барып іркілді қасқыр. Өзі бар ма, мейлінше дөй екен.

Біздің Бөраланы екі орап алғандай ма. Ал құлжа болса, салқам омыраулы мүйізі көк тіреген дөкейдің нақ өзі. Көкжал тауға шығып кетті де, құлжа қой шетінен кетпеді. Содан былайғы жерде менің балаң көңілімде арқарларға деген аяушылық пайда болды. Интернатта жатып оқығанымда, қасқыр мен құлжаның айқасы айна қатесіз түсіме енер еді. Қасымда жатқан (бір бөлмедегі) балалар «сен ылғи шошып айқайлап жатасың» дейтін еді.

Бір жылы қыс (1959-60) қатты болды.Оныншыны бітірген жылым еді. Әкейге көмекші қойшы болдым. «Балам,-деді Атам, -Биыл қыс қатты болады. Арқарлар көрінбейді. Сірә, жылы жаққа қарай ойысқан болар». Айтқандай-ақ, сол жылы қыс созылып кетті. Қар қалың түсті. Әкей маған мына бір аңызды құлағыма салған еді.

***

Сарықұлжа, Қоңырқұлжа, құлжа, құлжа,
Түлкіңді аулаушы едім тегін олжа.
Сан жетпес арқарыңа тастан да көп,
Сағымға араласқан киік қырда.

(Ауызекі өлең)

Егіз тау- Қоңырқұлжа, Сарықұлжа,
Тасы да шоқысы да бәрі құлжа.
Арқар жон, құлжа бітім кейпіменен,
Жетелер қиялыңды терең сырға.
Ерте бір мамыражай замандарда,
Аң біткен жақын жүрген адамдарға.
Бір тұқымы арқардың қоңыр жағал,
Сарысы ерек сұсты болған арда.
Момын аң мекендеген Арқа төсін,
Елемей қыста боран, желдің өтін.
Бір жылы қыс кәріне басқан дейді,
Ақ сіреу қармен бүркеп жердің бетін.
Арқардың дағдарыпты көсемдері,
Ертерек қамданбады, кешеңдеді.
Ауа босып түстікке жете алмайды,
Тым шалғайда шалдығып жетер жері.
Тебіндеп арши алмай қалың қарды,
Әл кетті байғұстардан, өзек талды.
Қырылуға бет алған қалың табын,
Можа-можа құлжаға салмақ салды.
Баба арқар ойға шомып баяулады,
Шығуға өзінің де таяу жаны.
Өлгеннің де жөні бар, ығыты бар,
Кәрі кеуде демігіп соны ойлады.
Өлім хақ, өзектіге кез болады,
Жалғанның сен қонағы, мен қонағы.
Шашылып ақ сүйек боп қалғаннан да,
Тасқа айналсақ осымыз жөн болады.
Дегенді мекіреніп айтып құлжа,
Бір жүріп, бір тоқтаумен шықты қырға.
Заматта қалың арқар тасқа айналып,
Биіктеп зорайыпты жылдан –жылға.
Сарықұлжа, Қоңырқұлжа егіз биік,

Төбесі мұнартады бұлтқа тиіп.
Арқар жон белеңдер мен белестері,
Құлжадай асқақтайды құзар биік.
Осы аңыз ызыңдаған желмен жеткен,
Абыздар шер көкірек айтып кеткен.
Қағазға сәтіменен түст,і міне,
Түртпектеп мені жаз деп жүрген көптен.
Көп іздедім, шарқ ұрып көп сенделдім,
Арқар соқпақ ізімен кеткендердің.
Мүйіз жатыр әр сайда, басы жатыр,
Тасқа айналмай жөн бе еді текке өлгені.
Бұл не кәп аң біткенге зауал болған,
Құба жон сұры қашып қараң қалған.
Тас мүсіні құлжаның томсарады,
Түңіліп рахымсыз адамдардан.
Тізгіндеп ықшамдайын сөзімді енді,
Менің де дамылдайтын кезім келді.
Көрде тыныш қалайша жата аламын,
Бұл сұмдықты өткенде көзім көрді.
Кәдімгі қарда шана- «қара тажал,»
Екпіні аңнан жүйрік сексен алар.
Тау-тасты белден басып мәу демейді,
Арқардың жан алғышы болды тажал.
Шаруагер тау ішінде мал бағатын,
Бүгінде аңшылықпен шығарды атын.
Аң қоймас «қара тажал» тақымында,
Болдыртып қуып соғар тау құлжасын.
Далада бұл қалпында аң қала ма,
Аң-құссыз кең далада мән қала ма?
Ұрсаң таяқ, ұрыссаң сөз өтпейді,
Ашпа жалап аш көзге ардан ада.

Менің балалық шағым өткен өңір таулы –тасты болып келеді. Сіз мейлі жүз жасаңыз, бала күнгі көрген –бақ қаның айна қатесіз қалып қояды санаңда. Әсіресе, табиғат суреті бәз қалпында тұрады көз алдыңда. Балалық шағың мағыналы, мазмұнды келсе, келешектегі ғұмырың да сондайлық кіршіксіз тазалық қалпын сақтайды. Дала сәні аң –құсымен енеді. Алыстағы қойлы ауылда қиян шетте ғұмыр кешкен менің сырласым да, мұңдасым дала болды. Даланың үні, асқақтаған даусы болады. Дала адамша айқайлайды. Күңіреністі үнмен ішкі зар-наласын адамдарға жеткізгендей болады. Сол үнді табиғаттың жан айқайын мен кішкене күнімнен құлағыма сіңіріп,

зердеме тоқып өстім. Тау арасында (көктемде) үкі әупілдейтін еді. Әлі күнге құлағымда жүр. Дала бөрісі ұлығанда, мен оларды аяп кететінмін. Алыстағы ауылда Қиғамбек деген бір салт басты жігіт болды. Ол ертегі айтқанда аузым ашылып елтіп қалатынмын. Қасқырлар да кәдімгі иттер екен деп бастайды ертегісін. Бір сараң байдың қатыны үйкүшік бөріні шөмішпен бастан салып қалып, содан әлгі бөрі далаға қашып кеткен екен. Қыстың кірісі мен күздің шығысына таман тау іші дүбірлеп жататын еді. Тіршіліктің тәтті тұшынысына бола, махббат ойнағына кіріскен құлажалар сайысын (сарт-сұрт сүзіскенін) баспалап барып тамашалайтын едім. Сол байқағыштығым жазушылық машықта маған азық болды. ...«Ене арқарға ежелгі қанында бар өрліктен бас тартып,бұқпантай тіршілікке бейімделу оңайға түспеді. Соңындағы тұяғының амандығына бола, табиғатында жоқ әдетке басқаны бір есептен кешірімді. Соны түйсігінен өткізгенде, қаны қызынар еді. Ішкі қарсылығы шиыршық атып, аузына арам шөп түсіп кеткендей жиіркенер еді. Өз өзінен қуыстанар еді. Соңындағы төлдерін тек тамырдан үзілмей келе жатқан тәкаппарлықтан айырып,ойпаңға бастағаны дұрыс болмаған. Биіктік арқарлардың ғана еншісінде. Шыңнан көрініс беру бұларға бек жарасады. Тау еркесі деген атақ-абройға тегіннен- тегін ие болмаған. Бұғынып бас амандау бұларға ылайық емес. Ендеше соңындағы қос еркесін қияға өрлеуге,тау басынан төңіректі шолуға баулысын. Шыныгып шымырланбаған болбырақ босаң төл өсе келе арқарларға тән қасиеттен жұрдай болып, қорғаншақ көрбала боп қалуы кәдік. Өлі сүйек, әлжуаз тұяқ тұқым жалғастығына төтеп бере ала ма? Олай болса, не тұрыс! Қоңыр саулық қос томпақайын құзарға бастады. Биіктікті бағындыруға деген құштарлық аналық арқарды уытты ширығыспен тәуекелге итермелеген еді. Иығымен аспан тіремесе де Сарықұлжа Қоңырқұлжа таулары арқарларға асқақ көрінер еді. Соны қамкөңіл ене ішкі түйсікпен қозықаларына сыр ғып шертті. «Сендердің кіндік қандарың тамған мына егіз тау біздің ежелгі мекеніміз. Осы құтты тауда өніп өстік. Әр жан иесінің басқан қадамы қауіп –қатерге толы. Алдымда не бар деп байқап жүрмесең, қатерге ұрынасың».Ене аңғартқан жайды қос қозықа көкіректеріне мықтап түйгенді. Содан да құз –қиялы тау биігіне жандары құмар. Шыңнан төңірекке көз жібергенде,өздеріне қанат біткендей болады. Енесі төлдеріне қалай жүріп тұрудың әдіс-амалын үйрете бастаған. Ежелгі ескі сүрлеу «Арқар соқпаққа» бастады шымыр тұяқтарды. Соқпақ сорабы көмескі тартқанымен,нобайы өше қоймаған-ды. Тіршілікке ынтық қос шымыркешті үзілмейтін үміттей еліктіріп, алға ұмтылдырады».

(«Соңғы тұяқ» әңгіме
Өмір Кәріпұлы-2002 ж)

БӘЙБІШЕ

Бәйбіше тауы. Ақтау тау массивіне жатады. Ертеде тарақтылар мен қоңыраттар мекендеген жер.

(«Жаңаарқа ауданының топонимикасы»,
АршабековТ.Т., Жакин М.С., Ісламов І. І. Қарағанды-2011)

***

Бәйбіше, Бүркітті мен Қоңырқұлжа,
Өзіндік келбеті бар таулар бұл да.
Не себепті аталған осылайша,
Жамағат, құлақ салып мені тыңда.
Бәйбішенің қойнауы малға ырыс,
Қыста қарсыз жатады, жанға тыныс.
«Бәйбіше» деп аталып қалуына,
Себепші болған дейді мына бір іс.
Ерте бір шапқыншылық кезеңдерде,
Арғындар қоныс тепкен осы жерде.
Бір байдың он баласы болған дейді,
Садақ тартып, аң қуған құба белде.
Ол дағы от жүректі батыр екен,
Жауға төнер найзағай, жасын екен.
Қиян –кескі шайқаста оны бірдей,
Жолбарыстай киліккен жауға төтен.
Ұрыста кескілескен нелер бағылан,
Жан беріп қан майданда шәһит болған.
Ағайынды оны да қоса кеткен,
Үлкен шеше «Бәйбіше» жұртта қалған.
Басқыншы харап қылды, бар ма амалың,
Көз көрді тірі жанның қалмағанын.
Аңырап ана дауыс қойған дейді,
Бауырына икемдеп қарғаларын.
Кей білмес бұл аңызды жалған дейді,
Көнелер анығы осы болған дейді.
Жабағы қалың жүннің арасына,
Жасырып шөпшектерін қалған дейді.
Ұлы ана- бір әулетке болған ұран,
Көктеген өнік шашып кіл жас ұлан.
Он баладан он тұяқ алып қалып,

Ұрпағын келер күнге жалғастырған .
Тіл бітердей дөңбекшіп таудың тасы,
Құзардың бұлтқа оранып ұшар басы.
Дегенді өр кейпімен ұқтырады,
Не себепті атанған Бәйбіше аты.
Қойлы ауылда қиянда өскен едім,
Сырын ұқтым құба бел көк төбенің.
Келер ұрпақ тәлім ал бұл аңыздан,
Сөзім жерде қалмасын текке менің.
Табиғат болған еді үлкен анам,
Тарихын ел мен жердің ұқтым содан.
Саяңда сайрандадым, саяладым,
Бір төмпейде белгі боп қалар балаң.
Төбешікте тынымдап жатқанымда,
Аудан –аудан бұлт көшіп аспаныңда.
Тірілерге ұқтыршы еңбегімді,
Не қалғанын белгі боп бастауымда.
Бастауымда мұң қалды, сырым қалды,
Туған жерге арнаған жырым қалды.
Керегіңе жаратқын азырқанбай,
Арттағыға қалдырдым қолда барды.

Бәйбіше тауы Шажағай өзенінің бастауы боп келеді. Бұл өңірді Тарақты рулары қоныс еткен. Бәйбішені Байғозы батырдың ұрпақтары Наймантай ата балалары мекендеген. Бәйбішенің бауырында «Әбеу көңі», «Сыздық көңі», «Сейдімбек көңі» деген қыстақтар болған. 1928 жылғы тәркілеуде (ұлы кәмпескеде) қыстаулар қаңырап бос қалған. Екі болыс Тарақтылар жиырма сегінші жылғы тәркілеудің (малды күштеп тартып алған) отыз екінің аштығы салдарынан оңтүстікке ауып кеткен. Иесіз қалған жерге (Бәйбіше, Шегірдің Ақшоқысы, Қоңыркұлжа, Шажағай, т. б. қоныстарға) ҚарЛаг орнап, сотталғандарға қой бақтырған. Сталиннің қазасына байланысты «отанын сатқандарға» бостандық беріліп, ҚарЛаг-тің Қызылтау бөлімшесі таратылып, совхоз құрылған еді. «Қызылтау» совхозы 1953 жылы орнады. Совхоздың құрылуына байланысты Бәйбіше тауының етегі, Шажағай өзенінің бойында ферма құрылған. Бұл ферма кейінде «кеңшардың үшінші бөлімшесі» атауына ие болды. Бөлімшенің бастауыш мектебінде осы жолдардың авторы (1964-67) мұғалімдік қызмет атқарды. Бүгінде бөлімшенің құр орны ғана жатыр.

СЕЙДІМБЕК КӨҢІ

Бәйбішенің батыс қолтығында, Шегірдің Ақшоқысына тұспа –тұс Сейдімбек көңі делінетін ескі қыстау бар. Бұл қыстау ел ауған (1928-33) жылдарда иесіз қалған. Кейінде ҚарЛагтің қой отарлары орнап, үй-қора салынған. Қарлаг таратылған соң, совхоздың иелігіне көшіп, мал қыстатылған. Бүгінде (2018) бос жатыр. Қыстаудың көк желкесіндегі төрт құлақты ескі бейіт Сейдімбек тамы аталады. Бейіт әбден тозып құлап біткен. Басында белгі жоқ. Ескі көздердің (әкемнің көрсетуі бойынша) айтуы бойынша Сейдімбек көңімен жапсарлас «Сыздық болыс», «Әбеу бай» қыстауы және басқа да қыстаулар болған екен. Бүгінде орны ғана жатыр.

***

Бәйбішенің қолтығы кең келеді,
Қызығын кешегі жұрт көрген еді.
Сыздық болыс қыстауын көрді көзім,
Бұлағы тулап аққан көлгемелі.
Әбеу бай да Сыздықпен бір туысқан,
Бәйбіше алқымына қыстап шыққан.
Отар-отар қойлары тауға симай,
Малшысы Шуға қойын айдап шыққан.
Сейдімбек бай болмаған орта шаруа,
Аз малын тебіндеткен қыстап тауда.
Саятшы боп жасынан бүркіт салған,
Тазысы құтқармаған қосылса аңға.
Қос- қостан қасқыр алған тазы ұстаған,
Аңшылық құмардан ол жалықпаған.
Сейдімбектің ақиық алғыр құсы,
Қасқырға қайтпай түсіп жаныштаған.
Аңшылық сейіл құрған заманында,
Мырза екен жұғын қалған табағында,
Құсбегілік аты оның жайылыпты,
Арқаның кең көсілген алабында.

Сейдімек әулеті өскен ата. Бұл ата балаларын шежіреде былай таратады. «Тарақты-Қармыс-Қыдыр-Қаржау-Есенгелді, Сүтемген, Сүтемгеннен-Наймантай-Байғозы-Жанай-одан Шақа-одан Мәтімұса-одан Сейдуалы, Сейдімбек, Мизамбек. Сейдімбектен Андабай, Алдабек, Аманбек, Мүсәпірбек, Слан, Кемал, Хасен туады («Қазақтың төр шежіресі», Ақселеу Сейдімбек). Шежіре деректерінде Жанайдың аңшылықпен аты шығыпты. Жанайдың немересі Мәтімұса шежіреде тілмар шешен би болған делінеді. Суырылған

ақын екен және өзі Алтайдың Аралбайына жататын Шақабай байдың (Бейіті Манақа өзенінің бойында) ақын қызы Ақбілекпен қағысқанын қариялар бертінге дейін айтып жүретін.

Қызы едім Шақабайдың мен Ақбілек,
Ауылда қонақ болды Сәтбай, Төлеп.
Шалдары тарақтының етке тойып,
Мазамды бек кетірді төсек тілеп, -
деп суырылып бергенде, Мәтекең:
Бірі деп естуіші едім білімдінің,
Жыртағын сұспен тиған жырындының.
Сүннеті пайғамбардың әйел сүймек,
Еркекті шыдата ма, сұлулығың,-
дегенде, Ақбілек үдеп салыпты.
Указы Тарақтының Төрекелді,
Қасына Сәтбай, Төлеп ере келді.
Екі тісінің арасы ел көшкендей,
Өлеңді Мәтімұса шал қоя берді,-
дегенде Мәтекең шыдамай кетіп:
Қарағым, келіспейді шал дегенің,
Жас кезде жантаймаға әндем едім.
Әлі де аққу ілер қауқарым бар,
Қырандай қыжырлымын мен дегенің,
Кәрісі арсыз ауылдың жасы әдепсіз,
Жолымды талапкерге берген едім, - деп қызды мүдіртіп тасапты.


Сейдімбек балалары ағаштан түйін түйетін шебер шетінен. Ер қосып, етік тігетін, қамшы, жүген өретін ісмерліктерін көзбен көрдік. Ақселеудің әкесі Сланның туған ағасы Аманбек (біз ол кісіні Атаха дейтінбіз) ағаш шебері, әрі өрімші болатын. Ақселеу сол кісінің тәрбиесінде болды. Ақселеудің қолы тиген нәрсе құлпырып сала бертетін еді. Салалы сұлу саусақтары бипаз епілтікпен іске сұғынған сәттіндегі бапты қимылында қапы жоқ еді. Ауылда жүргенде қамшы, жүген өріп, қойшы-қоланға тарту етіп, кітап сатып алатын ақша табатын-ды. Ол ісмерлігін бертінге шейін жалғастырды. Өз қолынан шыққан бір домбырасын Нұрғиса (ұлы композитор) ағасына сыйлады. Біз ауылдас, әрі аталас туысқан болғандықтан бұл әулетпен бір аяда ғұмыр кештік. Сейдімбек аталарының құсбегілігін ұрпақтары жалғастыра алмады. Заман ұйқы –тұйқы боп кетіп мүтін қазақ елінің басына нәубет орнаған кезде, бұл ата балалары шыдамдылық танытып мекенінен ұзамады. Сейдімбек әулетінен қазақ халқына танымал айтулы азаматтар шықты. Ұлт жоқшысы этнограф ғалым Ақселеу Сейдімбек мүтін түркі жұртына мәлім. Сейдімбектің


Кемалынан туған өнердің қос жүйрігі Қайрат пен Жақсыкелді есімдері жалпақ қазақ еліне танымал. Бірі асқақ дауысты әнші, бірі айтулы тұлғаларды кинода сомдаған дарынды актер. Бұл қыстау бүгінде жұдең тартып тұр. Сейдімбек бейітінің нобайы ғана бар.

БҮРКІТТІ ҺӘМ ДӘН МАЗАРЫ

Бүркітті- Сарықұлжа, Қоңыркұлжа тау сілемдеріне жатады. Қоңыркұлжа тауымен шектес. Биігіне бүркіт қонақтап, қиясына ұя салған. Содан да Бүркітті атауына ие болған. Шет ауданы Қызылтау ауылдық округінің құрамында. Етегінде шаруа қожалығының қыстауы бар.

Бүркітті- көріп өстім сені жастан,
Қашалған сұсты мүсін кілең тастан.
Алыстан мен мұндалап қол бұлғайсың,
Аңыз көп мен айтатын жазсаң дастан.
Дегенді қабағыңмен ұқтырасың,
Көк сауыт батырдайын үсті-басың.
Найзаша көк тірейсің сүйірленіп,
Не себепті аталған «Бүркітті» атың?
Осы сұрақ мазалап жастан мені,
Түрткілеуші ем әкемді,үлкендерді.





Ауылдағы ескі көз бір кәрия,
Мына бір хиқаяны айтып берді.
Бүркіттінің бүркіті алып болған,
Босанып кете берген құрған тордан.
Құсбегі Бозжігітте шара қалмай,
Қой терісін жамылып өзі қалған.
Сорғалап бүркіт көктен келген дейді,
Айласын құсбегінің көрген дейді.
Жалт етіп саятшыны іліп түсіп,
Ұмар-жұмар шайқасқа енген дейді.
Адамның бұл арада айласы асқан,
Көк сауытқа оранып амал тапқан.
Оң көзін айқасқанда құрбан етіп,
Бозжігіт – текті құсқа тұмар таққан.
Атанған қияңқы құс шақар қара,
Бозжігіт- төзімді екен көзден ада.
Жалықбай түз қыранын баули берген,
Таппағансын қайтеді басқа шара.
Құсбегі шақар құстан олжа көрді,
Құс қанаты тілгілеп көк пен жерді.
Көзіне көрінгенді құтқармады,

Арқар, елік, қасқырды ұйпай берді.
Бір жолы шақар қара ширығыпты,
Көрсетіп иесіне бір қылықты.
Бір ілгеннен артыққа бара бермей,
Түлеп ұшқан биікке жүз бұрыпты.
Кетіпті иесіне сыйы мүлде,
Одан азат түлкі де, киігің де.
Әкесі баласына ақыл беріп,
Өзінің жібер депті биігіне.
Құп алып амалсыздан әке ақылын,
Бозжігіт іштен ұғып құстың мұңын.
Аяқ бауын босатып жіберіпті,
Көрсін деп бұдан былай өзі күнін.
Шын ада есті құс қой кектен дейді,
Үш айналып төбеден өткен дейді.
Иесімен қоштасып осылайша.
Өзінің мекеніне жеткен дейді.
Бозжігіт дағдарыпты құты қашып,
Баулыған аң ілмепті құсы жасық.
Сыралғы түз серігін іздеп келсе,
Қалыпты бір қияда тас боп қатып.
Бүркітті -сұсты биік қыран қабақ,
Қыранның құт мекені қанды балақ.
Бұл таудан талай аңшы ырзық тапқан,
Не алғыр қыран құстар кеткен тарап.

Бүркітті қыста қара жатады. Төңірегі қыр шөбіне тұнып тұрады. Тау етегінде Дәннің мазары тұр. Дәннің аталарын шежіреде былай таратады: Тарақты-одан Қармыс-одан Көгедей, одан Бөлек... одан Оңайлы Дән туады. Дән заманында бай болған. Өз жылқысын өзі қайырады екен. Қолы қатты болыпты. Дәннің Қарабегі ат үстінде ешкімді шақ келтірмеген. Қарабектен туған Тайтан да қол күшке мығым болған. Ол кісіден: «Танысаң Тайтаныңмын, танымасаң сайтаныңмын» деген сөз қалған. Қарабектің Смағұлы кеңестік кезеңде атқамінер болған. Кейінде «Ортау» кеңшарында тұрды. Тоқсанға таяп дүние салды. Балалары Бекен, Серік, Сайлау, Берік бала-шағалы ду-думанды әулет. Сайлау заң қызметкері болды. Еңбек демалысына шыққан соң, Меккеге сапарлап қажылық парызын өтеп қайтты. Дәннің заманында атағы зор болған. Өз жылқысын өзі қайырып жалшы ұстамаған. Дәнге кеп ірге қосқандар екі-үш жылда алдына мал салып ел қатарына қосылып кетеді екен.

Қоржыны майлы, кедей –кепшікке жайлы, кең қолтық болғаны ел құлағында қалған.

Кезінде Арқа елінен байлығы асқан,
Қой айдап Қояндыға, Ірбіт шапқан.
Жылқысы болған екен өңшең күрең,
Қара үздіріп бәйгеде дара шапқан.
Болыпты қасқыр соққыш Дәннің өзі,
Қырағы екен қырандай көргіш көзі.
Дырауды сілтегенде тіліп түскен,
Кетпеген өз кезінде жауда кегі.
Ұрылар қашық жүрген Дәннен тайқып,
Қарабектің әкеден бір күші артық.
Барымтада сойылы қанды бопты,
Не мықтылар кетіпті одан тайқып.
Арналмаған бабаға тегіннен жыр,
Маңдайының теріне өсірген гүл.
Дән қыстауы бүгінде иен жатыр,
Ескерткіш боп көз тартып мазары тұр.

САСЫҚ ЖАРТАС

Өзеннің «Сасық жартас» бастауында,
Көп сыр бар бұл жартастың қатпарында.
Жатаған қалақ тасты шағын жартас,
Көп сырды бүгіп қалған астарына.
Шажағай баяу ағып жатады екен,
Жартасқа көпіршігін шашады екен.
Тұңғиық құс базары қарасулар,
Жаз бойы толқынданып жатады екен.
Қалың ши жағалығы малға жайлы,
Қорығы кісі бойы шажамайлы.
Қара оты аттың соққан тізелігін,
Бармақ қазы береді жықсаң тайы.
Кешегі кер заманда «шаңды жорық»,
Батырлар қалғымаған жауды торып.
Жоңғарға торғауыттар жөңкілгенде,
Шайқасты бастаған ғой қарсы келіп.
Батырлар сындырса да жаудың сағын,
Қалмақтар сияқтанып қалың ағын.
Мойынты, Балқаш бойын сағалған,
Арқаның Бетпақтағы түстік жағын.
Бөлініп қалың көштен қалған дейді,

Тынымдап есін жиып алған дейді.
Шеткергі бейбіт жатқан ауылдарға,
Босқындар суық көзін салған дейді.
Алыстап ханның қолы кеткен кезде,
Қалмақтар күш қылыпты шарай көзге.
Ауылды бейбіт жатқан ығыстырып,
Шатырын тіккен дейді осы жерге.
Байғозы батыр еді қартаң тартқан,
Түстікте қалың елге болған қалқан.
Шыдамай жаудың мына ілігіне,
Бойына күш жиыпты алқам-салқам.
Екі жақ шайқасыпты қарсы келіп,
Қалмақтың беті қатты қанға жерік.
Кернейдің Жарылғабы келіп жетіп,
Демепті Байғозыны көмек беріп.
Үш күнге созылыпты қырғын ұрыс,
Ұрыста болмақшы емес ешбір тұрыс.
Қозы құйрық болыпты қалмақ жағы,
Өз обалы өзіне кеткен бұрыс.
Ұйпады қазақ қолы қарсы жақты,
Қырылып қалың қалмақ ажал тапты.
Аңыз боп бірден бірге бізге жетті,
«Жаз бойы өзен бойы сасып жатты».
Дегенді бала кезден құлақ естіп,
Отырмын кейінгіге мен жыр етіп.
Содан да «Сасық жартас» атаныпты,
Жердің жады мәңгілік қалмас өшіп.

«Сасық жартасқа» байланысты аңыз ел жадында жақсы сақталған. «Шаңды жорық» атымен қалған құба қалмақтармен (торғауыттармен) шайқас оңай болмаған. Еділ қалмақтары қазақ жерін басып өтіп, жоңғар даласына (1770) жөңкілгенде, Бетпақдаламен шектес шеткергі (Балқаш бойы, Мойынты, Шажағай, Желтау, Батпақсу, т.б.) ауылдарға салмақ түскен. Қалмақтар Арқаның жатаған (Таятқан-Шұнақ, Сарықұлжа, Айыртау) тауларын далдалап, қазақ қолына беріспей ұрыс салған. Абылай ханның бастауымен қазақ қосындары тік көтеріліп шайқасқа араласқан. Тарихи деректерге қарағанда қалмақтармен болған «шаңды жорық» бір-ақ жылда тынбаған. Негізгі жорық қазақ қосындарының жеңісімен аяқталса да, көштен жырылып қалып қойған шоғыр-шоғыр қалмақ босқындары Арқаның Бетпақдаламен шектес жатаған тауларын сағалаған. Ес жиып алған соң, шеткергі қазақ ауылдарына қыр көрсеткен. Кейбір деректе (құжатта) қалмақтардың партизандық қимылы

оншақты жылға созылғаны атап көрсетіледі. Ежелгі бітіспес жаудың соңғы қарсылығын тойтарған батырлардың қатарында Тарақты Байғозы батыр да бар. Кәріқұлақ кәриялар әр қилы сарынмен айтады. Қалмақтар жылқы алыпты. Енді бір деректе қазақ ауылдарына «көш, жерді босат» деп қиғылық салған. Үлкендер ұрыс болған жерді тап басып айтатын еді. Бәйбіше тауына жақын тұста, Шажағай өзенінің бас жағында, бір кішіректеу жартастың бойында өтіпті қанды қырғын. Байғозы батыр жорықтас серігі Керней Жарылғап батырға хабаршы жібереді. Суыт жеткен Жарылғап: «Уай, Байеке, қалмақтарды шарай көзге басындырып қойғаның қалай ?»-дегенде, Байғозы батыр: «Сәт аусын, Жарылғабым! Кәртайғанда саған бір кереметімді көрсеткелі отырмын» депті. Сөйткенше болмай батыстан бір қара бұлт ойнап шыға келіп, демге жеткізбей сасық қара тұман төңіректі тұмшалап көрсетпей тастапты. Жауға тұтқиылдан тиіп берген қазақ қолы қалмақтарды қозы құйрық қып қырып салыпты. Есі шыққан дұшпан өзді- өзін найзамен іліп тастай беріпті. Ұрыс аяқталып тұман сейілген шақта қара қасқа атты қалмақ батыры биіктен түсіп кеп Байғозыдан сауға сұрапты. Батыр желбегейін сіліккенде, сауытына қадалған жебе жерге саудырап түсіп жатыпты. Қазақ батырының кереметіне тәнті болған қалмақ нояны: «Кемінде жиырма-отыз рет толғаған шығармын садақты. Бірі де дарымады саған. Аспандағы бұлтты оятып, тұманмен жер дүниені бүркеген кереметіңе тағы куә болдым. Шапсаң басым міне! Алсаң атым міне!» деп қаруын батырдың алдына тастаған екен.

ШЕГІРДІҢ АҚШОҚЫСЫ

Шегір-тау аты. Жаңаарқа ауданына қарасты (бүгінде (1997) Шет ауданының құрамында) Ақтау тау массивіне жатады. Тарақты руы адамының атымен аталған шағын тау. Ертеде бұл жерді тарақтылар мен қоңыраттар жайлаған.

(«Жаңаарқа ауданының топонимикасы»,
АршабековТ.Т., Жакин М.С., Ісламов І. І., Қарағанды-2011)

***

Шегірдің көзге ыстық Ақшоқысы,
Бәйбішенің қолтығы сыртқы тұсы.
Ақ атандай маңқиып жеке тұрған,
Кішкене биікшенің сүйкімдісі.
Былқылдақ-бұлақ аты төменгіде,
Екпіні басылмаған әлі күнге.
Бұлқынып өзендейін тулап аққан,
Басады сыңғыр-сыңғыр күміс үнге.

Бұлақтың дөңестенген желкесінде,
Айғақ боп заманаға өткен күнге.
Аумақты ойқы-шойқы қалың қорым,
Қораштау көрінеді көзге мүлде.
Бұл тұста болған екен қалың мазар,
Жолаушы күндік жерден назар салар.
Уақыт амалымен типылданған,
Көргенде «төмпейлерді» ішің жанар.
Кешегі кезеңдерде заман озған,
Халық жауы атанып адам азған.
Осы тұсқа орнаған сотталғандар,
Бейіттің кірпіштерін талап алған.
Үй салған, кірпіштерден қора салған,
Содан да қалың бейіт аласарған.
Ежелгі тас мүсінді және тонап,
Даланың дидарына жара салған.

«Сасық жартас» шайқасында мерейі үстем шыққан Байғозы батырдың даңқы тіптен көтеріледі. Сол жеңістен қайтып келе жатқанда, батыр бәйбішесіне кісі жіберіп сүйінші сұратады. Бәйбішесі сүйіншісіне қыз алып беріпті. Сол кезде батырдың жасы 85-те екен. Сол қыздай алған әйелінен Шегір-одан Тәстен, Таймас, Тәттімбет және бір қыз туады. Тәстеннен- Медеу, Меңдіке туады. Бұл екеуі ұстасқанды шақ келтірмейтін ірі болған. Медеудің жас кезінде көтерген тасы болған дейді. Сол тас Ақшоқының (Шегірдің Ақшоқысының) етегінде жатыр деп еститінбіз. Меңдіке мен Медеу жастай (үйленбей тұрып) шешектен өліпті. Бізге жеткен дерек одан соңғы оқиғаны былайша өрбітеді. Қос ұлынан айрылған Тәстен жетпістің шамасында болса, бәйбішесі алпысқа ілгіп қалған сары қарын бәйбіше екен. Күйеу баласы Аралбай Өтебайұлы Құтжан (кәдімгі Құтжан қажы) ата-енесін қасына көшіріп алыпты. Тәстеннің бәйбішесі бала көтереді. Қартайғанда ұлды болады кейуаналар. Тілеулері қабыл болған соң, зарығып көрген ұлдың атын-Тілеуқабыл деп қояды. Тілеуқабылдан Әбдіқұл және екі қыз туған. Әбдіқұл-үлкендердің айтуынша батыр бабасына тартқан шырамытты болған. Назары өткір кісі екен. Сөзге төтен, ақындық шалымы да бар дейтін үлкендер. Шешен сөйлейтін тапқырлығымен өз кезінде бет қаратпаған. Соғыстың қайнап тұрған кезінде (1942-1946) колхозға басқарма (төраға) болған. Шаруаның қамымен жүргенде шайпау сөйлейтін бір әйелге қолы тиіп кетеді. Осыдан іс насырға шауып істі боп қалған ол сол кездегі Қазақсан үкіметінің басшысы Нұртас Оңдасыновтың алдына барады. Оңдасыновтың асылы қоңырат болса керек. Істі боп қалған ол Арқадағы аз қоңыратқа (Жаңаарқа ауданындағы) жиен болса керек. Үкімет басшысының алдына барғанда, не айтарын білмей

абдыраған ол: «Жиеншілеп жүр едім. Итім қырын жүгіріп, басымнан бағым тайып, базарым тарқаған бір жанмын. Ашу арындайды, ақыл аяңдайды. Көзсіз ашудың ырқымен қатерге ұрындым» дейді ғой. Жай-жапсарын білген соң үкімет басшысы: «Жиеншілеп келген екенсің, бір мәнісі болар» деп шығарып салады. Қылмысы ауыр болғандықтан ісі сотта қаралады. Сірә, нағашысы жағынан бір демесін болды ма, қылмысы сиыр құйымшақтанып жазасын «қара жұмыспен» өтеуге кесік алады. Кейінде ол кісі (Әбдіқұл) сот отырсындағы бір жағайды айта түседі екен. Бір кейуана (егде әйел) сөйлеп беріпті. Сөзі бейбіт басталады. Қаралаудан гөрі қылмыстыны ақтап арашалап қалуға ыңғай бергені Әбдіқұлды үміттендіріп тастайды. «Ат жоқта ат болған, қарағым. Ас жоқта ас болған, қарағым. Боздақтарымыз соғыста қыршынынан қиылып жатқанда, тамам жесірге ер болған, қарғым. Әкесі жоқ жетімдерге әке болған қарағым,үлкендерге кішік, кішіге ақылшы аға болған, қарағым. Бұл қарағым, не айтары бар, байы әскерден оралмаған жесір қатынды табалдырыққа көлденең салып қойып тепкілеген, қарағым» деп салмай ма! Әбдіқұлдан- Саламат пен Серік туады. Саламаттан- Бағыдат пен Берік бар. Серіктен-Алмаз, Бейбіт, Жалғас туған. Байғозы батырдың туы (ақ туы) Саламатта сақталып келген. Саламат өз ризалығымен туды белгілі этнограф ғалым (ол да батырдың ұрпағы) Ақселеуге табыстайды. Ақселеу бұл ата үлкендерінің ризалығын алып, Тарақты Байғозы батырдың жорық жолдарында ұстаған (үш жүз жыл сақталған) туын елбасымыздың мемлекеттік мұржайына тапсырған еді.

Шегірдің Ақшоқысына байланысты аңызды сөз еткенде, Шегірден тараған ұрпақтарының аздаған дерегінен мәлімет бергеннің сөкеттігі болмас. Байғозы батырдың қара шаңырағы Шегір ұрпақтарында сақталып келген. Бүгінде бұл үрдіс аяқсыды. Қара шаңырақты кең ұғымда алып ел ордасы Астана деп білеміз. Демек, қазақ елінің «Қара шаңырағы» бас қаламыз боп табылады екен. Десек те ұлттық рухтың оянуын әр әулеттің кіші шаңырағынан (әрі кетсе ру –ұлыстардың қара шаңырағынан) бастаған ләзім. Қара шаңырақ-салт –дәстүріміздің бастау көзі болып табылатынын жас ұрпақтың санасына ұялатудың еш әбестігі жоқ. Неге десеңіз, қасиетті қара шаңырақ өсер жасқа тәлім –тәрбие беретін мектеп есебінде. Үлкен бала-ноқта ағасы, малға ие сол. Ағаға інілері тоқтауға тиісті. Көшкенде көштің алдын бастайды. Әкесінің орнын басып інілеріне енші үлестіреді. Үлкен аға отырған үй- үлкен үй делінеді.Үлкен үйді де қазақ баласы қастер тұтқан. Үлкен шаңырақ- «Қара шаңырақ» делінбейді. Қасиеті «қара шаңыраққа теңеседі. Ескі тәртіп бойынша әке-шеше кіші баласын қолына ұстайды. О, дүниеге сол шаңырақтан аттанады. Содан да кіші бала отырған үй «қара шаңырақ» делінеді. Алайда бұл тәртіп сақтала бермейді. Бүгінгі таңда (2018) қара шаңырақтың орнын «үлкен үй» басты. «Ойлаған ойды қыстаған тұрмыс жеңген» заманға байланысты үлкен

үйді әр әулет, ағайынды бауырлар өздері белгілеп алса да болады. Қара шаңырақты сақтау- күн тәртібінен түспеуге тиісті. Бұл рәсімді тіршілік үйлесіміне ыңғайлап жаңаша тәртіппен салт-дәстүрімізге кіріктіру- ұлтық рухқа сеп. Ата-бабаларымыздың аруағына тәу етуді- «Қара шаңырақты» қастер тұтудан бастағанымыз жөн. Қара шаңырақ - әр әулеттің, ру-ұлыстың мұражайына айналуға тиісті. Тәрбие-тәлімге үйлеспейтін тобырлық бас қосулар өсер жасты ұлттық рухта тәрбиелеуге септесе қоймайды. Бүгінде дәл осы кезеңде, адамдарды тұтынушылық (дүниеге құмарлық) психология билеп алған. Көнеден келе жатқан тұтыну бұйымдары-үй іші жиһаздары, ыдыс-аяқ, киім-кешек, ер-тұрман әбзелдерін әмбебап тұрмыстық құралдар ығыстырып жіберді. Неше қилы төсеніштер-кілемнің сан алуаны тұрғанда, ескі үлгідегі текемет,сырмақ, алаша аяққа оралғы делініп күресінде қалуға айналды. Бұл үрдісті тоқтату ешкімнің қолынан келмейді. Жаңаның аты- жаңа. Көненің көзі ұлттық бұйымдарды сақтау-қара шаңырақтан бастау алса- оның несі сөкет. Ұлттық жәдігерлерді сырттан іздеудің қажеті жоқ, оны әр саналы жан өз отбасынан, әулетінен бастауы керек. Бұл-үй ішінен үй тігуге жатпайды.

БЫЛҚЫЛДАҚ ҚОНЫСЫ

Бұл қоныс-Үлкен Былқылдақ аталады. Бәйбіше тауының батысында, Шегірдің Ақшоқысына жақын ойпаңдағы қорысты бұлақ. Батыс тұсында Құтжанның Қаратөбесі тұр. Былқылдақ - бұлақ атауы. Бұл атырап негізінде Шегірдің Ақшоқысы делінген. «Қызылтау» совхозы орнаған тұста «№4 ферма» аталған.

***

Шымдауыт бұлақ басы былқылдаған,
Күміс су күлкісінен бір тымбаған.
Тереңнен қайнап шығып сыңғырлайды,
Көп сырды мәлімдейді күлкің маған.
Бұл маңды бала жастан көріп өстім,
Сыр тартып әр төбесін серік еттім.
Қорымға баба жатқан тауап етіп,
Әруағына сиынып сеніп өстім.
Әкеме еріп бұл маңға талай келдім,
Тұлдыр болған төмпейге қарай бердім.
Әр күмбездің иесін айтты маған,
Кемінде отыз болар санай бердім.
Төменде Былқылдақтың жиегінде,
Көп бейіт шөгіп кеткен жерге мүлде.

Зиратта Сыздық болыс бейіті бар,
Әбеу байдың күмбезі осы жерде.
Жазыбек те осында жатыр деген,
Бейіті көрінетін күндік жерден.
Іргесі тізелікке жетер жетпес,
Типылдап жермен жексен ете берген.

Замана зобалаңы көрде тынымдаған аруақтардың рухына да маза бермеген. Көзсіз дүлейлікпен зираттарды типылдап жермен жексен еткен. ҚарЛаг бөлімшелері таратылып (1953) совхоз орнағанда Былқылдақ басына кеңшардың №4 бөлімшесі орнайды. Бөлімше тұрғындарын үрей буып, күніз күлкіден, түнде ұйқыдан қалады. Бейіттердің кірпішінен қаланған үйлерді (зираттардың орнына салынған) тастап шығады. Көп кешікпей Былқылдақтағы бөлімше жабылып қалады. Бүгінде (2000-2018) Былқылдақты асыл тұқымды жылқы өсіріп жатқан шаруа қожалығының жетекшісі Мұрат Қожамбердин иеленіп отыр. Қыр басындағы жаңа үлгідегі үй-қора бейіттерден алшақ тұр. «Жылда бір малымызды құрбандыққа шалып, маңайда жатқан аруақтарға құран бағыштаймыз» дейді шаруагер Мұрат мырза. Бейіттерге де белгі қойылған. Байғозы батыр ұрпақтары Ақмұстафа мен Оңалсын (екеуі де Алматыда тұрады) бабаларының есімдерін тасқа қашатып құлпытас қойды. Бұл екі азамат Байғозы батырдың кіндік ұрпақтары болып табылады. Көне зиратта, ескі қорымда Тарақтының



Қыдырынан тарайтын Наймантай атадан тараған әулеттің, оның ішінде Байғозы батырдың кіндік ұрпақтары- үлкен баласы Босмойын, Жанай (Ақселеудің бабасы) Майлыбай, Құлжаннан туған Жәуен-Жәуен балалары Қасаболаттан бастап сегізі де осы қорымда жатыр. Ши арасындағы төменгі бейіттерде (там деуге келмейді құр төмпей) Сыздық болыс, Әбеу бай (батыр ұрпақтары) тағы басқа да Наймантай» әулеттерінің сүйегі жатыр.

ЖАЗЫБЕКТІҢ БЫЛҚЫЛДАҒЫ



Жазыбектің немересі ақын Тұрсынхан Бердалина жас балауса кез балғын шақта



Жазыбек болыс немересі Кәкен Мұқышұлы

Кіші Былқылдақ Үлкен Былқылдақтан кереғар емес, арасы тай шаптырымға да жетпейді. Атасу өзеннің түстік жағында ойпаңдау жерде бұрқылдап қайнап жататын бұлақтың суы ішкеніңде шекеңнен өтеді. Бұлаққа Үлкен Қаратөбе мен Белтерек қыстаулары тиіп тұрады. Бұл қоныстy (1951) «Атасу» қой фермасы иеленді. Мен онда он жастағы баламын. Былқылдаққа біздің ауыл егін салыпты. Егін піскен кезде ферма меңгерушісі Ақылбеков Оспан қойшы – қолаңның балаларын жиып бидай оруға алып барды. Арамызда бой жетіп қалған Жібек, Борсан, Үміт, Әйімкүл, Жақсыбала, Сақыш есімді қыздар да бар. Ересек жігіттер Көпбайдың Серікбайы, Боржықтың Тұтқышбайы, Жалғасбектің Елубайы қырманда жұмыс атқарады. Біздер, балалар Қайныкеш, Сапар, Зейнолла Тілеу, Төкен және қыздар қол орақпен бидай орамыз. Қырман басында екі үй бар. Біздер, балалар Боржық (руы қырғыз) апаның үйінде жатамыз. Өзгелері басқа үйде жатты. Запперме зілді адам. Суық жүзінен ықтап тұрамыз. Зекірігені өңменіңнен өтіп кетеді. Көзі өткір-ақ. Мұрты тікірейіп тұрады. Өзгелерді қайдам, қол орақпен бидай ору мені әбден тұралатты. Бәрінен де ұйқы қинайды. Күн шығар шықпастан тұрғызып алады да қолыңа орақ ұстатып, бітік егінге кіргізеді де жібереді. Содан әбден тұралаған мен қалың бидайдың арасында қатып ұйықтап қалыппын. Боржық апа келіп, аузыма сусын тосып есімді жидырды. Бидай бітік өскен еді. Біздің ауыл бидайға қарық болды. Маған заңдастырып еңбек күн есептегенде, еңбек ақыма бір қап бидай тиді. Запперме ағай (ол кісіні көке дейтінбіз) өзі әкеп үйге кіргізіп берді. Менің «тыңгерлігім» осылайша сәтті басталған еді.

***

Былқылдақ десең егер неден шыққан,
Көнелер табиғаттың сырын ұққан.
Шымдауыт топырағы қорысты боп,
Былқылдақ деген атау содан шыққан.
Бұл өзі Былқылдақтың төменгісі,
Сияқтанып даланың жігер-күші.

Қайнары қысы –жазы бұрқыраған,
Жұмбақтау табиғаттың бұл бір ісі.
Өзіндік берекелі шамасы бар,
Дейтіндей суым мөлдір аласыңды ал.
Малды ауылдың таптырмас күз күзегі,
Бұл маңға болған дейді әркім құмар.
Және өзі екі ауылдың жапсарында,
Тән екен тарақтылар болысына.
Аралбай Құтжан болысептілікпен,
Түсірген заңдастырып уысына.
Осыдан жердің дауы ушығыпты,
Теңдік бермей көрші ауыл қырсығыпты.
Жазыбек тарақтының мықтысы екен,
Жер дауын қабындатып құлшыныпты.

Төменгі Былқылдақтың дауы өршігеннен өршіп тарақтылар мен аралбайлардың арасы ашыла түседі. Қыз алып, қыз беріскен құдандал екі жақ ашық жаулыққа бармаса да жер дауының салдарынан томаға тұйықтыққа бой ұрып қырғи-қабақ қалып танытады. Осы жазбамыздан белгілі- Аралбайлардың болысы Өтебайұлы Құтжан Тарақтыларға күйеу боп келеді. Байғозы батырдың немересі Тәстеннің қызын алған. Құтжан қажының қос бөрісі атанған Иманмұса мен Әлімұса батыр ауылы Тарақтыларға жиен. Жәуенұлы Жазыбектің (жігіт шағы болса керек) аруағы көтеріліп тұрған кезі екен. Осы тұста бір мойын томырық Жазыкең аямас қаттылыққа бекіп бір іске ұрынады. Қасына сенімді жігіттерді ертіп алып Құтжан болыстың жолын тосады. Жауша тиіп беріп Құтжанды ұстап алып, тау арасына тартады. «Құның толық, өлесің! – дейді қиқар балдызы,- Бір емес, екі емес сенің әлегің аз боп тұрған жоқ. Былқылдақтың құнына татитын шығарсың, иманыңды үйіре бер!-демей ме. Құтжан атын жетекке алған көрші ауылдың жігітіне: «Мынаның беті жаман. Мені өлтіріп жіберуден тайынбас.Атымның шылбырын өзіме бер. Үлкен кісіден (Үлкен кісі деп атасы Тәстенді айтып тұр) барып сауға сұрамасам болмас»-депті. Ауылдан қиыстап өте бергенде, Құтжан болыс қашып барып ата-енесі отырған үйге түседі. Жігіттердің ожарлығын жезде мен балдыздардың базынасына жатқызған Тәстен абыз: «Жерден де жан қымбат шығар. Былқылдақты Жазыбекке қи, қарағым. Тасы өрлеп тұр бұл баланың. Меселін қайтарма» деп екі жақты бітістіріп жіберген екен. Айтқандай –ақ Жазыбек заманында екі болыс тарақтыға тұлға болыпты. Атағы сырт руларға да тарайды. Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен екен. Ел аузындағы Шөже ақынның Сайдалы Сары Тоқаға қарата айтқан өлеңінде:

Жазыбек, асыл туған артық затсың,
Бәйгені шаппай алған жүйрік атсың.
Байғозы- Орта жүзің арыстаны,
Сүйретпей бір ұрпағын не қып жатсың!? –

деп баға береді Жазыбекке. Бұл кісінің алды қатты болған. Албырт жас кезінде Тұяқ шешенге қолы тиген. Көп сөзге жоқ тұйық адам болыпты. Ойға алғанын орындатпай тынбаған. Тілі мүкістеу, кекештеніп сөйлейді екен Бір жолғы сапарда қонған үйдің отағасы әйелімен шариғатқа келіп қойып: «Шақыр!-депті соған қырланған би, -Үлкендері қайда бұлардың?». Іле жүгініс басталады. Қатты буылған Жазыкең: «Иттің ба-ла-ссы! Әдепсіз көкө-көргенсіз неме! Үйде қо-қо-қонақ жатқанда шыбығың сыздап бара ма? Мен кіммін саған!?»деген ғой. Ауыл ағасы әке-жәкелеп қонақтың аяғына жығылып, ат-шапан айыппен құтылған екен. Жазыбек би жеті атадан асқан соң қыз алысқан құдандал ағайындарға: «Құда-құда дей бермеңдер, араларың алыстап кетеді.Туыс –туған деңдер» дейді екен. Би ұзақ жасаған. Мың да тоғыз жүз жиырма сегізінші жылдың күзінде дүние салыпты. Біздің әкейдің айтуынша Былқылдақта ма, Сарысудағы жайлауда ма Ақмоладан келген үкімет адамы (есімі Арғынғазы) жұртты жиып, сияз ашыпты. «Күн ыстық-ақ-, дейді әкей,- Жәзікең топқа қосылмай жеке отырды. Жиын созылып кетіп, жұрт тықырши бастағанда, мінберде сөйлеп тұрған уәкілге кеп: «Шы-шы-ырағым, өзің бала-баланың мылжыңы екенсің! Осы елді қырамысың мына ыстықта!?-деген еді. Арғынғазы жұмсақ кісі екен. Жазыкеңе қарсы келмеді» деген еді әкей. Жазыбек бидің соңғы сөзі осы болыпты. Беттілігінен танбай өтіпті көзі жұмылғанша. Байғозы батыр- одан Босмойын,-одан Құлжан,одан Жәуен-одан Жазыбек, одан Жақып,Әбілда, Мұқыш- Мұқыштан Кәкен; Кәкеннен- Ермек (өлген), Ербол, Төлеш... туған. Мұқышев Кәкен (1935- 1998) Қарағанды қаласында тұрды. Облыстық деңгейде қызмет атқарды. Бәйбішесі Алтын тұңғатар қызы. Сегіз баланың (1938- 2016) анасы еді. Жазыбектің Жақыбы екінші жаһан соғысының құрбаны. Жақыптан бір қыз қалған. Ұстаздық білгін қалам қайратымен ұштастырған Тұрсынхан Бердалина да асылдың тұяғы. Немереден шөбере көрген бақытты ана.Тұрсынхан қаламынан туындаған педагогикалық толғамдар, жыр дастандар қалың оқырманнан бағасын алған дәмді дүниелер. Тұрсынхан бес –алты кітаптың авторы, қаламы төселген ұстаз ақын. Жазыбектің Әбілдасынан тұқым жоқ. Жазыбектің кенже қызы Әмина апай бертінге (2000) дейін ғұмыр кешті. Өлкетанушы Клара Әмірқызының 21 мамыр1999 жылғы «Егемен Қазақстан» газетінде басылған «Әмина апайдың әңгімесі немесе Қосшығұловтар жайлы шындық» деген мақаласында Әмина апай (Жазыкеңнің қызы) өзін таныстыру әңгімесін былайша бастаған. «Төркін жайымды айтсам, ата-бабамның ел жұрты кәзіргі Жаңаарқа ауданындағы «Шажағай», «Қоңырқұлжа» деген жерлер. Арғы атамнан айтсам,Тарақты

Байғозы батырдың бесінші ұрпағы боламын.Қазақы шежіремен баяндасам, Байғозыдан Босмойын,одан Құлжан, одан Жәуен; Жәуеннен Жазыбек туады. Мен сол Жазыбектің қызымын. Шешем Зылиха, руы Аралбай (Алтайдың аралбайы) кәмпеске болатын жылдың қысында(1928) өмірден озып, әкем және көз жұмып, ағам Әбілданы кәмпескелеп, әкеден қалған мал –мүліктен тағы айрылдық. Сөйтіп мен 11-12-ге келмей жетім қыз атандым» деп өткен ғұмырын еске алады. Жаңаарқада нағашыларының қолында жүріп, Қанапия Кәрімұлы Мақсұтов деген азаматқа қосылады. Қиыншылықтың азабын тарта жүріп, 8-9 бала өсіреді. Ғұмыр-тіршілгі Ақмолада өткен.

Бұл бұлақты бүгінде білетіндер «Кіші Былқылдақ» деп атайды. Осы маңда тұратындар елеусіздеу «қайнар бұлақ» дей салады. Адамдарға өкпелі ме, бұлақтың бұрынғы екпіні жоқ. Ненің болсын ақыры бар. Бұлақтар да тоқтайды. Кейбір өңірлерде бұлақтардың көзін ашу(Шет ауданында) науқаны өрістеген. Ұлтжанды азамат (орманшы болған кезінде) Балтабай Игенұлының бастамасымен аудан көлеміндегі тарихи мәні бар біраз бұлақтардың көзі ашылып, белгі қойылды. Кейбір бұлақтар тұма боп қалды. Ағысын тоқтатып құрғап қалғандары да бар. Сондай бұлақтарға өлеңмен «қош-қошымды» айтамын.

***

Сыңғырлап аққан ақ бұлақ,
Сырыңа сенің қанықпын.
Бұрала ағып шапқылап,
Жылғаға жетіп табыстың.
Көлге де ынтық болмадың,
Өзенге де жетпедің.
Тірліктің аңдап жалғанын,
Бұйығы өтті көктемің.
Сағыныш зарын тартсаң да,
Жарыққа сонша құмарсың.
Ағысың тоқтап ақ таңда,
Бір күні сен де тынарсың.
Ыстықта талай шөл бастым,
Тұнығыңа құмармын.
Мен де көпке бармаспын.
Дем бітіп әлі-ақ тынармын.

(Өмір Кәріп-2017)

ӘБДІШТІҢ ҚАРА ТОҒАНЫ

Бұл тоған (орны ғана жатыр) Шажағайдың түстік жағалауына жақын Қоңыркұлжа тауының етегінде. Бәйбіше тауына (солтүстігінде) тұспа-тұс тұрады. Ара қашықтығы жеті –сегіз шақырым. Екі таудың аралығынан Шажағай өзені ағып өтеді. Бұл тоған ертеректе Сарыбұлақ атанған. Не себептен «Әбдіштің Қара тоғаны» атанғаны ел аузында былайша сақталған.

***

Мақсатын айта келді-«Жаңа заман»,
Байларды қойша қуып сабалаған.
Кедейді жеткізбекке ұрандады,
Еркін ел илікпеді бірақ оған.
Әрі тарт, бері тарт та заман болды,
Байлықтың түбі шикі тамам болды.
Қолына кедейлердің кетпен беріп,
Із салып аршы деді тура жолды.
Ұжымдасып бірігіп тоған байла,
Құмар болма бос дырду айт пен тойға.
Насихат осылайша жүріп жатты,
Бұт артар қалмап еді қотыр тай да.
Кетпенді тамам кедей қолына алды.
Жер жыртып, арық қазып, егін салды.
Тоған байлап су көзін молықтырды,
«Әбдіштің тоғаны» боп содан қалды.

Осы жазбада айтылғандай Арқа қазақтары (оның ішінде тарақтылар) оңтүсікке босып кетті де, тау арасында ата қонысында қалғандарды «жаңа өкімет» ұжымдық шаруашылыққа бейімдеді. Заманның бұл кезеңі өлке тарихы (аудандар мен аймақтардың) жазбаларында былайша көрсетіледі. «І928 жылы Қазақсан төрт буынды басқару жүйесіне көшті. Республика көлемінде 13 округ, 180 аудан құрылды. Ақмола округіне қарасты 15 ауданның бірі Асанқайғы ауданының құрамында №8 ауыл атанған «Тарақты мойын серіктігі» де бар еді. 1929 жылы Асанқайғы аты өзгертіліп, Сәкеннің ұсынысы бойынша аудан Жаңаарқа деп атала бастады.1928 жылы Қазақ КСР-ы Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлары Кеңесі «Байларды конфискелеу (тәркілеу) туралы декрет қабылдады. Ірі байлармен қатар, орта дәулетті адамдар, кейде үш –төрт қарасы барларға дейін кәмпескеге ілікті. Асыра сілтеуші белсенділер көп жағдайда заңдылықты бұзып, кек алу жолын қуып кетті. Бас көтерушілер аяусыз жазаланып отырды. 1929-

30 жылдары жергілікті кадрлар қайтадан іріктеліп, тексеріліп, санасы ояу азаматтардың түп тамырына балта шабу жағдаятының алғашқы толқыны басталды. Бұл жұмысты «тексеру үштіктері» жүргізді. 1929 жылы «тексеру үштігі» №8 тарақты ауылының азаматы Қарабеков Смағұл « байлармен және атқамінерлермен байланысы болғаны үшін, қалыңмал ретінде шапан және ертоқым алғаны үшін» деп айыпталды. Қарағанды облысының бұрынғы әкімі Әбдішев Бауыржанның үлкен әкесі Әбдіш мойынсерік төрағасы болып жүріп ұсталып, хабарсыз кетті. (84-б) («Қырандар ұшқан Қызылтау»-2014ж Ібірахым Ісләмұлы, Жомарт Қызбалаұлы)

***

Мойынсерік басшысы Әбдіш еді,
Адамның ақылманы, кеменгері.
Деп әкем өле –өлгенше айтып өтті,
«Қалайша ұмытайын қайран ерді».
Жан еді тұлғасына ақылы сай,
Байыппен қабақ шытпай сөйлейтін жай.
Жұмысқа өзі сондай апат еді,
Кең қолтық ерім еді мінезге бай.
Жігіттің Әбдіш сабаз сұлтаны еді,
Кедейдің етігіне ұлтан еді.
«Қара тоған» баршаға ес жидырған,
Дариға қайтып келмес бір шақ еді.
Деп әкей көзіне жас алатын-ды,
«Жарық қылған ерім-ай қара түнді!»
Тоғыз жігіт айдалып кете барды,
«Қош, елім» деп Әбдіш те бетті бұрды.

Бұл сұмдықтың түп себебін әкей маған ашып айтпай кетті. Екі жыл қатарынан егін бітік шығып, енді-енді ес жия бастағанда, төбеден жай түскендей болған. Қара тоғанның бидайы сырт көздерге шаншу боп тиген. «Мына тарақтылар есірді» деп іштерінен сұмдық ойлаған. Әсіресе серіктестіктің төрағасы Әбдішке суық сұғын қадаған. Оны сүріндірудің амал-тәсілдері қарастырылған. Астық сұрағандар ауылды басып кеткен. Кеңес өкіметіне қарсы күштердің әрекеті ме, іштен шыққан бүлікшінің амалы ма, ойда жокта бір лаң басталады да кетеді. Үйқыдан оянған ауылдың мына сұмдықтан төбе шаштары тік тұрады. Қаратоғанның көк желкесінде «қарлагтың үстірлегі (стрелог) өліп жатыр дейді. Ұзын сөздің қысқасы, Жаңаарқа ауданына қарайтын №8 ауылдың (тарақтылардың) шаңырағы ортасына түседі. Қар ЛАГ-тің айдаулының қазасы Әбдіш бастаған тоғыз адамға ауады да, айдалып кете барады.Содан хабарсыз кеткен.Әкей осыны айтып мырс-мырс жылайтын. Тау

арасындағы «мойын серіктік» іле тарап кеткен. «Әбдіш жігіттің сұлтаны еді-ау» дейтін еді әкей екі сөзінің бірінде. Артында ұрпақ қалғаны көңілге медеу. Бүгінде Әбдішевтер әулеті тәуелсіз еліміздің құтты шаңырағына айналған. Негізі Тарақты, оның ішінде Байғозы батырдың кіндік ұрпағы. «Орнында бар- оңалар» деп халық тегін айтпаған. Әбдіштен Рақыш, Ақыш,Түйте туған. Бұлардан тараған ұрпақ Жаңаарқа, Қарағанды өңірінде тамыр жайған. Әбдіштің ата қыстауы Қара тоғанның сырт жағында тұр. Ара қашықтығы төрт –бес шақырым. Қоңыркүлжаның алқымындағы қыстау «Майлыбай көңі» аталған. Бүгінде орыны ғана жатыр. Майлыбай бұл әулеттің үлкен аталары. Сүйегі Былқылдақта «Наймантай қорымында» жатыр.

САДЫҚ ТӨБЕ

Бұрынғы (1953) «Қызылау» совхозы (Қызылтау, Шажағай, Атасу, Қойтас-Сораң, Сарыматақ, Қараматақ, Желшоқы, Қоңыртөбе, Көкжарас, Шолақеспе, Сарықүлжа, Бәйбіше, Әділше, Қаратөбе, Айдаһарлы, Ақмұстафа) орналасқан елді мекен тау –тасты, сай салалы, сулы да нулы берекелі өңір. Осынау құтты атырапты қыс қыстап, жаз жайлаған бұрынғы «Қызылтау» совхозының үлкен –кішісінің рухани келбетін, адами қасиетін, кісілік калпын әңгімелеуге мұрша келмейді Бұрынғы тарихты айтпағаннын өзінде,алпыс жыл бойында мал өсірген, бала өсірген, ұрпақ өрбіткен, атақ –абыройға кенеліп, еңбектерінің рахатын көрген, мүтін бір ұрпақ өсіп өнген (бүгіндегі Қызылтау ауылдық округі) осынау құтты атырап кімнің құшағына сиғандай. Менің де құшағыма симас еді. Біздің ауыл («Атасу» қой фермасы) колхоздар (ұжымдық шаруашылық) таратылып, совхоздар (кеңестік шаруашылық) құрыла бастағанда (1961) «Қызылтау» совхозының құрамына қосылды. Совхоз директоры Садық Рахымбеков Жаңааракa ауданының басшылығына (ауданық партия комитетіне) тікелей өтініш жасап, біздің ауылды «қызылтауға» қосып алды. «Атасу» қой фермасының қойшыларының қой бағысына қызыққан совхоз директоры біздің ауылдың адамдарын алақанында ұстады. Мен бастауыш мектепте мұғаліммін. Әкей қой бағады. Сәкең (дирекор) үйге кеп қонып біздің әкеймен ұзақ-ұзақ әңгіме шерткені бар. Совхоз орталығына бара қалғанда, үйіне апарып дәм бергізетін. Сөзі майда кісі еді. Ескіше сөзге жүйрік тілді адам болатын. Кісінің мінезіне қарата ат қоятын әдеті бар еді. Тым адуындау (қойшының жұбайы) бір әйелге «сайманды келін» деп ат беріпті. Шаруашылықты басқарған (1953-1962) жылдарда домбытып дөрекі сөйлеп көрмепті. Қазақ отбасына бара қалғанда «төріңе текемет жайылып, керегеңнің басында сары бас қамшы ілулі тұрсын. Қамшы тұрған жерден шайтан қашады» дейді екен. Өзі басшылықта болған жылдарда совхоз тұрғындарына Осакаровка ауданындағы мебель комбинатынан домбыра алғызып, қазақ шаңырағына

үлестіргенін қызылтаулықтар кейінге дейін айтып жүрді. Байырғы совхоз тұрғыны болған Рахымбековтың замандасы Ысқақтың Мәнсүрі (ол кісі де тілді адам болды) совхоз директорының сөзшеңдігін былайша әңгімелейтін еді.« Бір жолы директормен ілесіп жылқылы ауылға (Шажағайда отырған) бара қалмаймын ба! Әйелдердің бастаңғысының үстінен түскен біз түйнек болып өлген марқа құлынның етін ортаға алып, (жас құлынның сүйегі кемік келеді) қаперсіз сүйек кеміріп отырған әйелдердің үстінен түскенде, Сәкең (директор) маған қарата: «Әй, Мәнсұрбай! Жылқылы ауылдың қатындары сүйек кеміреді,иттер не жеп семіреді, ә?!-дегені ғой. Әйелдердің арсында кәдімгі Қасен жылқышының әйелі Рахила сұлу, Шабанның Буырылханы, менің «мәмпәсиімім» де бартын» деп айтқаны бар еді. Мәкең қалжыңға ұста болатын. Бәйбішесі Жібек біздің ауылдың қызы, маған апа есепті. Он баланың анасы. Мәкең зейнет жасында болғандықтан, бақкан қойы бәйбішесі Жібектің атында болған. Бір жолғы жиналыста совхоз директоры (1980) Мағауия Сатыбалдин Мәнсүрге дігерлеп, қойды неге көп өлтіресің демей ме! Сонда Мәкең жайбарақат «оны аға шопан «мәмпәсиден» сұраңыз депті. Мәнсүр шақпа тілді сөзшең кісі еді. Он баланың анасы бәйбішесі Жібекті атын атамай құйтырқы тілмен «Мәмпәси» деп кетті. Мағыжанның өлеңдерін жатқа білетін. Алғаш өлеңге ентелеп жүргенімде: «Сенің ақын екеніңді білейін, менің атымнан аракқа арнап бір ауыз өлең шығаршы,- деп талап қойды, - Бір ауыздан аспасын» деп мұртын жыбырлатты. Базынасына қолма –қол жауап қайтардым. «Айхой, арақ сенсіз қалай күн кешем, Сені ішсем жаратқанмен тілдесем. Сен болмасаң бұл дүниеде сайрандап,шаттығымды күнде тойлап жүрмес ем» деп тақпақтай жөнелгенімде «Шарап еркектің асы ғой, шектен шықпай тәртіппен ішсең жарасады» дегені бар-тын.

Бұл әңгіме Садық Рахымбековке байланысты өрбіп отыр. «Қызылтау» совхозына директор болған жылдарда, ол кісі кеңшарды жергілікті қазақ ұлтынан қалыптастыруды қолға алды. Кімнің кісілігі бар, сөз білетін, жөн білетін құлқы таза адамдарды маңына топтастырды. Ескілікті сөзге жүйрік, аймағына беделді тоқаның білгірі Әпендені, атақты батыршалыс Ақмағанбетті пір тұтты. Балаларына жұмыс берді. Жылқы фермасын Мүрсәлімұлы Тоқпанға басқартты. Бай тұқымы болғаны үшін он жыл кесік алып сотталған Қожамберлінің Хасеніне жылқы түлігін сеніп тапсырды. Бір көзі көрмегендіктен Тоқпан соқыр атанған. Заманында сері балуан, ескі киссаларды жатқа айтатын, ақын әрі әнші болған Тоқпанның төбесінен құс ұшырмай төріне шығарды. Біздің ауыл (1953-1960) жазда Шажағай бойында совхоздың жылқылы ауылымен жапсарлас отыратын еді. Тоқпанның жалғыз қызы болды. Ашаршылық жылдарында (1932) өзі үйде жоқта алты баласы мен әйелін қарақшылар өлтіріп кеткен. Соны қисса қып айтқанда әке-шешелеріміз жылап отыратын. Ол кісінің аузынан «Сәтбек батыр» дастанын сан естідік.

Күй тартқаны және зарлы еді, тұла бойыңды шымырлатып жібереді. Біздер көрші ауылдың балалары жылқы ауылға Тоқпанның тартқан домбырасы мен айтқан қиссасын тыңдауға баратынбыз.

Кеңшар басшысы Садық жас талап жігітерді де маңына тарта білді .Бас инженер Кішкентаев Қайыр уытты кісілікті азамат еді Кейінде Жаңаарқа ауданының «Целинный» совхозында директор болды. Қайырға байланысты бір оқиға ел есінде. Бұл оқиғаны Асан Жұмаділдин «Жаңаарқа» (2004) дерекнама кітабында былайша баяндайды. ... «Тың игерудің (1955) алғашқы жылдарында совхозға жан –жақтан әр ұлт өкілдерінен, көпшілігі орыс, жастар көп жиналып, совхоз бұрынғысынан да орыстана түседі. Институт бітірісімен совхозға бас инженер болып келген Кішкентаев Қайыр совхоз мамандарының тілін алмай,тың игеруге келген орыстардың жұмысқа шықпайтынын, мас болып төбелес шығарып әбден бетімен кетіп, тіпті қазақтарды клубтің маңынан жүргізбейтінін, киноға кіргізбейтін дәрежеге жеткенін, жұмысты тастап арақ іздеп трактормен Мойынты стансасына дейін барып, екі-үш күн жоғалып та кетеді» деп бас инженер Қайыр директорға жүгінеді. «Не істеймін мыналарды!? Жұмысқа шықпай арақ ішіп жатып алады» демей ме. Директор Рахымбеков күле отырып: «Бұларға марксизим- ленинизм сабағын оқытып жөнге салудың ауылы алыс.Аюға намаз үйреткен таяқ деген бар емес пе?» дейді. Содан қазақ жастары бірігіп, бір кеште клубқа киноға кірген тыңгерлдердің шығуын аңдып тұрып, шыққанын шыққанша ұрып жығып естерінен тандырады. Қазақ жастары бар болғаны Қайыр бастаған 5-6 жігіт қана еді. Қолдарында трактордың гидраволикасының шлангісі, тиген адамды мұрттай ұшырады. Сөйтіп олар бір түнде бүкіл тыңгерлерді таяқа жығады».

Бұл төбелестің дақпырты көршілес отырған біздің ауылға да жетіп еді. Садық Рахымбеков совхоз басшылығынан (1962) жоғары жақтан сөгіс алмай сұлу сыпайы қалпында басқа жұмысқа ауысып кеткен болатын. Үзеңгілес жолдастарының айтуына қарағанда, перзент көре алмай кеткенін арман қылады екен. Бір сыдырғы домбарашы, әңгімеші, ескілікті сөз тыңдауға әуес, өнерге бір бүйрегі бұрып тұратын адам танығыш кісілікті жан еді.

***

Кешегі жақсылардың көзі болған,
Мап –майда жұмсақ еді сөзі маржан.
Руы қаржас болар ұмытпасам,
Кісілікті жан еді тегі бар жан.
Ой тұнып тұрар еді қабағында,
Атын түсіп беретін бағалыға.
Кісіні бір көргеннен таниды екен,
Пәпке ұстатқан кезінде саналы ұлға.

Сөз білген, жөн білгенді төрге оздырған,
Қазақтың салт –дәстүрін арман қылған.
Атанды өз кезінде «Жақсы Сәкең»,
Салды ол басшылықта жолды тыңнан.
Тағдырдың шыдас беріп салмағына,
Кім жеткен тіршілікте арманына.
Рақымбеков Садық ол- ел адамы,
Арқау еттім азырақ арда жырға.
Бір жер бар Қызылтауда «Садық төбе»,
Тұрғанда аталыпты болып төре.
Кезінде ат сутып аялдаған,
Естен шыққан ол төбе келе-келе.
Төбені ескі көздер біледі екен,
Еске алып асыл жанды жүреді екен.
«Саркөктің» су төгілмес жорғасымен,
Ақша бұлтын таулардың іледі екен.

Осы деректі біреулер жоққа шығарып жатады. Кезінде шаруашылық басқарған Рахымбековтың Қызылтауда шықпаған төбесі жоқ. Бұл төбе турасында Қызылтаудың ескі көздері (Шабан, Дәукеш, Хасен, Қажыбек) жыр қылып айтатын еді. Саркөк- директордың салт мінетін төл аты. Су төгілмес жорғасымен директорды межелеген жеріне шаршатпай жеткізеді екен. Сонда Сәкең (Шажағай мен совхоз орталығының тең аралығындағы төбешік) өзі «Сұлу төбе» деп атайтын төбеге аялдап, қасындағы жол серіктеріне қарата: «Ауыл сыртында төбең болса, ерттеулі атпен тең, көп жасаған қартың болса, жазылып қойған хатпен тең» демей ме бұрынғылар. Менің балалық, жастық шағым өткен (Баянауыл жағы) өңір көбінесе жазық келеді. Біздің қыстаудың желкесінде осындай бір сұлу төбешік болатын. Сол төбеге көп шықтым. Осы мына төбені көрген сайын туған ауылым есіме түседі» деп мұңаяды екен. Кезінде осынау құтты қонысты мал мен жанға толтырып, шаруашылыққа жетекші болған Садық Рахымбековке бір төбені қисақ оның несі сөкет. Төбе демекші, менің де аңсарым биікте. Әлде қалай Қазақстанның солтүстік облыстарына сапарлап шыққанымда, көкжиегіне көз жетпейтін кең даланы жатырқап құлазып кетемін. Мағыжан ақын көсілген кең даланы анасына балайды.

***

Кең дала көресің ғой ана жатқан,
Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан.
Асқар тау, балдай тәтті сулары бар,
Әне сол, анам еді мені тапқан,-

деп төгіледі.

Ауыл баласы мені өлеңге қиыстаткан далаға деген іңкәрлік болатын. Алғашқы балапан жырларым да далаға арналған.

***

Осынау кең байтақтың өр төсінде,
Ұқсаймын дара туған еркесіне.
Туған жер анамдай-ақ аялайды,
Түйедей қондырып ап өркешіне.
Даланың жастан жұтып сары самалын,
Төсінде жаяуласам шаршамадым.
Бір сен деп өңім тұрмақ түсімде де,
Уа, Дала! Өзің болдың аңсағаным.

(Ө. Кәріпов, «Өзің болдың аңсағаным»
«Жаңаарқа» газеті)

ТӨРЕХАН БЕКЕТІ

Төрехан есіміне телінген бекет Былқылдақ пен Қызылтау ауылының тең орталығындағы биік жон. Сондайлық көз тартатын ерекшелігі жоқ. Кезінде ауыл жігіттері әуестікпен тас үйіп белгі қойған екен. Олардың бұл әрекетін ерсі көрген кеңшар басшылығы белгіні алдыртып тастапты.

Емес бұл ойлап тұрсаң еріккендік,
Және де дей алмайсың зеріккендік.
Гурьяновка, Трунеев, Осиновка,
Жер атауы дегенге сеніп келдік.
Кім ұққан ол кезеңде дала сырын,
Даланың аңша аулаған жанашырын.
Екі қолға бір күрек- жұмыс болды,
Партия сездірмеді ішкі сырын.
Бұл кезең коммунизм елесі деп,
Өтпелі жарқын заман белесі деп.
Арақты үлкен-кіші суша ішіп,
Масайрап айдарынан жел есіп ет.
Дүкенді толтыратын арзан арақ,
Не мықтыға бұғауды салған арақ.
Қалаға, далаға да еркін еніп,
Талайды жұтып жатты жалмап арақ.

Бұл сарынды дұрыс түсінген жөн. Арақтың кешегі Кеңестік кезеңде басқа шығып алғаны жалған емес. Шамасын білгендер тартынып ішті. Құлқынын тия алмағандар құрдымға батып жатты. Ішімдікке әуестік соғыстан кейінгі (елуінші жылдардан) жылдарда басталып, тоқсаныншы жылдарда шарықтау шегіне жетті. Біздің ұлт шарапты алғашқы кезде әуес көріп ішті. Ішетіндердің «еркелігін» серілікке жатқызды. Күлдіргі әңгімелер, әзіл -оспақ «деген екен» делінетін тапқырлық арақ-шараптың айналсында өрбіді. Бекет атауына (заңды түрде емес) ие болған ағамыз Төрехан үстепке ұстағанымен, жан баласының бетіне жел боп тимеген аққөңіл аңқылдақ кісі еді. Қанша ішіп тұрса да артық сөзге жоқ ол кісіні Қызылтаудың үлкен-кішісі «Төке-төкелеп» алдынан кесе өтпейтін. Тым есіріп кеткендерге: «Жігіттер-ау, тыныштытық керек. Дем алсаңдаршы бір ауық» дейді екен. «Тыныштық керек» деген сөз ол кісінің мәтелі боп кеткен. Содан бір кеште (өзі кеңшардың алыс бөлімшесінде есепші) совхоз орталығындағы бір досының үйіне бара қалады. Ет жеп, шай ішкен Төкең «тыныштық керек» деп айта берсе керек. Қызыңқырап қалған үй иесі: «Әй, Төрехан, не дейсің –ей!?-десе, үйреншікті сөзін қайталай береді екен. Содан үй иесі қонағымен төбелесермен боп «ехелесе» бастағанда, отағасының әйелі Тиыштық тұрып: « Әй, соққан! «Тиыштық» дегені ол кісінің әдетіндегі сөзі емес пе!? Сенің қатының Тиыштықты айтып тұрған жоқ.-деп байының аузын жауып тастапты. Осындай қожанасырлығы мүтін кеңшарға тарап кеткен. Есеп-қисаптан кемшілік таба алмаған совхоздың бас есепшісі: «Төке, осы сіз шоттан жаңылмайтыныңыз қалай?-десе- Мен үстепке ұстағаныммен ақылымды ішпеймін. Шалқып жүре берсем сегіз баланы кім асырайды? Шот қаққанда ұзақ-ұзақ ораза ұстаймын» дейді екен жайымен ғана. Төкең алыс бөлімшеден (Шолақеспеден) совхоз орталығына есеп-қисабын арқалап (отчет беруге) шығыпты дегенді естіп қалған жігіттер «бекеттен» жолын тосады екен. «Арақ бізден, ақша сізден»дейді екен дәніккен жігіттер. Содан қасқа жолдың бойындағы осы белең «Төрехан бекеті» атанып кетіпті. Бүгінде ұмыт болып барады. Бұл мысалды келтірудегі мақсат- жер- су атауларына байланысты аңыз бен шындықты дұрыс бағамдап, келер ұрпаққа бәсірелеуде үстірттіке бой алдырып, яки болмаса немкетті әдетпен бетінен қалқу ата қоныстың шырайына көлеңке түсіруі кәдік. Соған абай болғанымыз жөн. Жер де ана сықылды көңіл жықпас кең қолтық келеді. Біздерде, адамдарда көбінесе қытымырлық басым.

ҚЫЗЫЛТАУ АУЫЛЫ

«Қызылтау» совхозының қашан құрылғаны (1953) баршаға мәлім. Шаруашылық асыл тұқымды жылқы, қой тұқымын өсрумен айналысты. Шу өңірінде (Орталығы Ұланбел) құрылған ғылыми-зерттеу орталығы боп табылатын Бетпақдала мал шаруашылығы тәжірибе станциясы 1964 жылы Қызылтау жеріне кеп орнады. Бұл шаруашылық академик Кәрім Мыңбаевтің есімімен тығыз байланысты.

***

Жасынан ұғып өскен дала сырын,
Кім білмес табиғаттың жанашырын.
Академик Мыңбаев Кәрімді де,
Біліп өскен ауылдың баласымын.
Құлақ сап жердің терең тынысына,
Ғылыммен айналысқан ұлы тұлға.
Безірейген даланы игеруге,
Тәуекел деп жаяулап шыққан қырға.
Бетбақдала кел –кел деп құшақ ашты,
Өр төсінде перзентін тынымдатты.
Сыртым суық болғанмен қойыным құт,
Деп дала перзентіне сырын ашты.





Қайран біздің аналар — арды ойлаған...

Бетпақтың сұрғылт қуаң байтағы да,
Сазарған өңін ашты жайсаң ұлға.
Бұл жерді игеруге болады деп,
Бойлап ғалым кеткенді терең сырға.
Ғылыми дәлелдеді еңбегімен,
Ғалымдар бас изесіп тең бөлінген.
Бетпақтың келешегі бар деп қолдап,
Ғалымға Мәскеуде де сөз берілген.
Жолы ашылып осылай қанаттанып,
Кедергі бөгеттерді бұзғаны анық.
Шу бойы Ұланбелдің айрығында,
Ғылми шаруашылық құрғаны анық.
Жазымыш жеткізбеді дегеніне,
Сұқ өтті ме қазақтың өреніне,
Ұшақтың апатына душар болды,
Жеткенде амал қанша кемеліне.
Даланың қайран ғалым қыраны еді,
Сарыарқаның сұңқары сыңары еді.
Өзі өлсе де ғылымда аты қалды,
Есімін ұмытпайды туған елі.

Кәрім Мыңбаев атындағы совхоз кешегі жекешелендіру (1995) науқанында жеке шаруашылықтарға бөлініп кетті.Ауыл ортайған. Жаңаша нарықтық қатынас ұжымдық шаруашылықты күйретті. Ендігі мақсат- дара шаруашылық жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді ілгерілету болып табылады. Түп қазықта, ауылда қалғандар түбінде озады. Жердің ендігі иелері солар.

Қожамбердиндер әулеті - Дулат бастаған ағайындылардың үлкен-кішісінен үмітті сырт көз. Жерді иесіз тастауға әсте болмайды. Онда бізді (қазақтарды) даланың киесі ұрады. Сырттан келген оралмандардың (Мұңғылиядан. Бай-Өлгейден) Қоңыртөбені дүбірлетіп мал мен жанға толтырып жатқаны сүйсіндіреді.

***

«Қырандар ұшқан Қызылтау»- кітап аты,
Бас қосып бұл ауылдың кәрі-жасы.
«Алпыс асу» межесін атап өтті,
Таудың да тебіренді қара тасы.
Жиналды ауылдастар ойдан, қырдан,
Ақындар шашу шашты сұлу жырдан.
Үлкендер еске алды өткен күнді,
Салғандар тебіренді жолды тыңнан.
Сағыныш тудырады өткен күндер,



Қызылтау совхозының басшылары

Уақыт жетегінде кеткен күндер.
Қызылтау- менің өскен ауылым ғой,
Өзінше меншіктейді «шекпенділер».
Ауылға тілекші боп жүрген едім,
Өлеңге арқау еттім тың дерегін.
Қызылтау әлі-ақ қайта түрленеді.
Көреді келер ұрпақ гүлдегенін.

Халық ұғымында бар сөз-жері байдың елі бай. Осыншалықты қойнауы құтты өңір бос қалмақшы емес. Ел экономикасы ілгерілей келе әлі-ақ жасарып жаңарады. Сонда осы мекенге кеп орнаған жас буын осынау байтақ даланы игерген мал мен жанға толтырған алғы буынның рухын еске алады. Олар қалдырып кеткен игіліктерді тұтынады, оларға байланысты аңыз-әпсаналардан ғибрат алып моральдық бейнелерін түзейді. Келер ұрпақтың еншісіне тиемел бірден бір рухани қазына – жер мен ел шежіресі боп табылады. Әсіресе, жер, су атауларының топонимикасы ел мен жер тарихының басты айғағы. Осы атырапта ғұмыр кешкен адамдар ел мен жер тарихының басты айғағы. Оларды ұмытып, ұлт жадынан өшіру ұрпақтар сабақтастығына нұқсан келтіретін немкеттілік болып табылады. Өздерінің 60 жылдығын (2014) атап өткен Қызылтау ауылының үлкен-кішісі бір серпіліп қалған еді. «Қырандар ұшқан Қызылтау» деп аталған кітап сауатты жазылған дүниелік. Кітап авторлары Ібірахым Ісләмұлы, Жомарт Қызбалаұлы кітапты ғылми еңбек дәрежесіне көтеріп, тың деректер келтірген. Осы кітаптан бастау алған шежіре баянға аздап бәсіре сөз кірістіруге тура келеді. Жердің жалаң атауы ел-жұртсыз сығырдаң тарып тұрады. Жер мал-жанмен құлпырып түрленеді, өңі ашылып шырайланады. Қызылтау ауылының (бұрынғыша совхоз) көркейуіне, экономикасының ілгерілеп, рухани келбетінің өңейуіне үлес қосқан атпал азаматтар баршылық еді. Сырын алып сымбатына қанбасам да соларға сырттай тілекші боп жүретінмін. Садық Рахымбековтен кейінгі ел есінде қалған шаруашылық жетекшісі Баязит Садықовты жақсы білемін. Кездескенде жан тартып менімен еркін сөйлесетін



Қызылтау совхозының тұңғыш директоры Садық Рахымбеков отбасымен

еді. Ол кісі майдангер еді. От кешкен солдат еді. Ғылыми еңбектер жазған, ауыл шаруашылығың қарт тарланы болатын. Шаруашылықты тоғыз жылдай басқарған екен. Аудан (Ақадыр ауданы) басшылығы бірде Бәкеңе: «Ертеңгілік «разнарядка» заңды. Кешкілік бас қосудың жөні келмейді ғой» деп ескерту жасағанда «Әбден келеді, - депті ол кісі, - Бұным - менің озғын жаңалық. Қырып жатқан түктері де жоқ (мамандардың) соларыңның. Бетімен қоя берсең бірігіп алып қарта ойнайды, қосылып арақ ішеді. Совхоздың тегін техникасымен түнделетіп киік аулайды. Одан қалды, қысыр әңгімеге басады, нан жегізген, қолдарына бір –бір пәпке ұстатып, қызмет берген менен бастап аудан басшылығы сендерді өсектейді. Жоғары жаққа домалақ арыз жөнелтеді. Соған «тормыз» болсын деген саясат менікі» дейді екен. Бәкең ескінің көзі еді ғой. Аңқылдаған аққөңіл қазақы мінезбен кейде аңдаусызда аяғын шалыс басып алатыны бар еді. Бірде өзінің қарауындағы («жылқы тұқымын асылдандырумен айналысатын ғылми қызметкер) Рашит Ғалиақперовке: «Әй, мықты! Жылқы неге көп өледі, неге жоғала береді?» деп қойып қалыпты төтесінен, сонда жатып атар әлгі тұрып: «Жылқы неге өлмесін, неге көп жоғалмасын. Директоры Баяз-ит, сатруднигі Раш-ит, жылқышы Уах-ит болса,өңшең иттер баққан жылқыда қайбір құн болсын» депті жайымен ғана. Бәкең қызмет бабында қарамағындағы мамандардың еркіндігін шектемейтін кең қолтық болған еді. Жетпісінші жылдардан бастап ауыл шаруашылығы саласының тынысы тарылуға бет алды. Артық салмақты көтере алмаған дала безеріп құрғақси бастады. Тұқым шашып үлгерпей шабындыққа шалғы салу науқаны табиғатқа кері әсерін тигізді. Аспан көк беттеніп сараңдық танытты. Жаңбыр тамбаған жазды да көрдік. Ұмытпасам 1963 жыл болар. Даланы құрғақшылық жайлады. Соны өзімше өлеңге түсірдім.

Туған жерге тамбай тамшы шөлдесе,
Тіршіліктің гүлі көктеп өнбесе.
Қаным кеуіп мен де аңсаймын жауынды,
Қуанамын бұлттар жерге көлбесе.
Жазғы бұлттың әр тамшысы-тіршілік,
Сол тамшыдан көктеп өсер мың шыбық.
Жаңбырлы ауа жұпарынан қуат ап,
Мен де еңбекке кірісемін құлшынып.

(«Жаңаарқа» газеті, 1963жыл)

Баязит көкеміз шаруашылықты басқарған жылдарда ауылды (« жалғыз бұл совхоз емес) тоғышарлық меңдей бастаған еді. Даламен кіндігі бір аға буын селдіреп, олардың орнын басқан жас толқын шаруаға қырсыздық таныта бастады. Сейіл-серуенге, шарап желігіне әуес болды. Қой соңынан

қалмайтын малсақ шопанның орнын басқан озат қойшы, отарын шарбаққа қамап тастап сәскеге дейін ұйқы соқты (Ұйықтамағанда қайтсін, түнімен арақ ішсе). Отарын арақ құмар «бишке» бақтырды. Осының бәрін сезіп біле тұра ауыл шаруашылығының кәнігі тарланы Баязитов бұл қиындықтан совхозды іскер мамандар алып шығады деп шешкен еді. Бұл ойын менімен кездескенде (1975) білдірген болатын. «Менің басшылықта отырғанымды пайдаланып қалыңдар. Қызылтау ата-бабамыздың құтты мекені,осында орнап алыңдар, ауыл-еліміздің келешегі» дегені бар-тын. Ол кісі маңайына іскер мамандарды топтастырды. Атап айтқанда: Спатаев Сатыбалды, Қойманов Шопан, Әбішев Сағынтай, Есембеков Жағыпар,Текенов Сапар, Төлеутаев Мұқатай, Көпенов Егінбай, Сәтбаев Сәтімет, Рахметов Жәкен,Уәзибеков Шөлбай, Спатаев Жалбыр, Игіліков Мұхамеджан, Жарылғасов Жұмабек, т. б. ысылған мамандар шаруашылықтың әр саласында табысты еңбек етті. Бұлар даланың төл перзенттері ауыл тірлігіне жетік ескінің көзіндей есті азаматтар болатын. Өздері келмеске кеткенімен, ұрпақтары ауылды сағалайды. Бұлардың соңын ала жас мамандар шаруашылық тізгінін ұстады. Оларда жастық жігер бар еді. Олардың алдыңғы легінде Әрінов Мұса, Мағдиғарап Түлкин, Қожамбердина Райхан,Тәшмағанбетов Берден мен Тоғамбай, Мақышев Мұса, Жөкенов Ыбрахым, Ысқақов Қайролла, Шөптібаев Мәден, Смағұлов Сайлау, Көшенов Айшырақ, Нұршин Аманжан,Мананбаев Ғұмырсерік, Тайжанов Ермек, Смағұлов Қоңырбай бар еді.

Баязитов Садықтан кейін шаруашылық тізгінін қолына алған Мағауия Сатыбалдин кеңшарды он бір жылға тақау басқарды. Сөзі шымыр, логикасы берік ұстамды азамат шарушылықты айқаймен емес, ақылмен басқарды. Сырттан адам келтірмей ауылдың төл азматтарына сүйенді. Соңына сөз ермеген моральдік бейнесі таза кісілікті басшыны қызылтаудың үлкен-кішісі пір тұтты. Кешегі кезеңді, социалистік жүйені мансұқтап біржақты пікір білдіру кісінің өзіне мін. Социализм- ортақ меншікті дәріптеді. Ортақ қазандағы асты бөле –жара ішу адамдарды ынтымақшыл болуға бейімдеді. Көп асағандар әшкере болып жататын еді. Совхоз- ұжымдық еңбекке сүйенді. Совхозға жетекшілік еткен басшы сынақтан сүрінбей өтіп барып шаруашылық тізгінін қолына алатын еді Алғашқы кездерде болашақ совхоз директорлары шаруашылық жетекшілігіне беку үшін Қазақстанның бірінші басшысының (Д.А.Қонаевтің) алдынан өтетін болған-ды.

Бұдан кейнгі директор Әділ Бәкіров та жеке басының үлгісімен кеңшар еңбеккерлеріне сүйкімді көрінді. Табиғаты таза Бәкіровтің қарамағындағыларға зекіндісі аз болды. Мәдениетті директор болған оның аңсары ауыл мәдениетін көтеруге ауды. Ол басшалықта болғанда кеңшар орталығында мәдениет үйі бой көтерді. Ауыл өнерпаздары(қызылтаулықтар) облыстық фестивальда аудандар бойынша екінші орынға көтерілді. Соның

нәтижесінде «Қызылтау» совхозының көркемөнерпаздар ұжымы «халық театры» атағына ие болды.

Даладан кіндігім ажырамаған менің көз алдымда бірінші кезекте өзімнің әкем тұрады, анам тұрады. Әке-шешемнің қатарластарының(ауылдасары) дені қой соңындағы қойшылар еді. Қойшылық ол кезеңдерде (1950-1991) қастерлі кәсіп болатын. Аудан басшылары, колхоз бастықтары әкеме кеп сәлем берегенін көзім көрді. Қойшының баласы болғандықтан қаршадайымнан қозы бақтым, қой қырықтым. Содан да өлеңге ыңғай бере бастағанда (дала академиктері) шопандарға арнадым балапан жырларымды.

***

Шопан көрсем қой торыны желдірген,
Әкемді еске түсіремін мен бірден.
Сәлем берем шұрқырасып қауышып,
Досымдай –ақ әзіл тастап тең жүрген.
Сұрап алам салған бетте мал жайын,
Ожар сөйлеп әзілге әсте бармаймын.
Жақтырмайды ол сенің құрғақ сөзіңді,
Мал қамы үшін асығады әрдайым.
Қаракерін мініп алып атамның,
Мен де бір кез бала қойшы атандым.
Содан болар сыйлап қойшы біткенді,
Үлкенерден «көп жаса» деп бата алдым.
Күні бүгін қимай қойлы ауылды,
Көтерісем иыққа сап ауырды.
Шопан қойын мен де бірге бағысам,
Қысқы боран күндерде бір дауылды.

(1965жыл. Шажағай жайлауы.)

Әкемнің тұстастары һәм (елуінші, алпысыншы жылдардағы) даңғайыр шопандарды еске алып рухтарына тағзым етемін. Балағазин Мананбай мен Нұрша, Жоғарғы Кеңеске депутат болған Балағазина Сара, Әбежанов Жөгібай, Сембеков Түсіпбек, Асылбеков Әубәкір (қосалқы есімі Шиқара), Шырымбеков Ұшақасбек, Жұмин Төлеу, Рысбеков Әбілда, Рысбеков Мәди мен Ысқақ қойшы, Тоғызбаев Көпберген,Бейісбеков Кемал, Қайранбеков Әкім қойшы, Төкенов Жәкен бірәдар, Құлжан қожа, Әубәкір қожа, Қасым ұста, Кәрім ұста, Көпбайдың Серікбайы, шөп шабатын (отгон бастықтың қызы Сауықты алып қашып алған) Көшкімбай ағамыз, Әбеу (Итбаев) мен Рымбек қойшы, Бекмағанбетов Бодық, Бейсенбаев Жақсыбек, Игенбеков

Бәйкен, Сәкенов Хамзе, қырман бастық Көкеев Бабас, қобызшы Тоқтамысұлы Көкен, алыстағы ауылға дидақшы болған ферма меңгерушілері- Ақылбеков Оспан, Ағымов Нәби, Сейдімбеков Аманбек, мал дәрігерлері- Мыңжанның Сүлеймені, Елеукен мен Тама, Амантай- бәрі –бәрі алыстағы ауылға еңбегімен сүбелі үлес қосқан жандары жайсаң еңбек адамдары еді-ау, шірікін!

Менің қатарларым Ақселеу, Ысқақатың Зейнолласы, Шақанның Сапары мен Еламаны, Шоқайдың Үмбетжаны, Нұршаның Аманжаны, Әкімнің Рыскелдісі, Манамбайдың Қайнекеші, Жәкеннің Тілеуі, Рымбектің Иманбайы, Серікбайдың Қордабайы, Оспанның Төкені, Аманбектің Әмзесі, Кәрімнің Игілігі алыстағы ауылдың түлектері еді. Сәкенов Хамзе мен Игенбеков Бәйкен жүргізген мәшине алыстағы ауылдың «айдау жорғалары» болатын.

Біздің ауыл, «Атасу» қой фермасы «Қызылтау» совхозының құрамында (1961) болғандықтан, бұл шаруашылықтың бүгіндегі Қызылтау ауылының еңбек адамдарын атамай кету орынсыз болар еді. Кеңестік кезеңде жанның бәрі жалқау болды деу ұшқары пікір. Ол кезеңдерде Совет адамдары «халық пен коммунисік партия бірлікте» деген ұранмен өмір сүрді. Тіршілік тырбанысы «коммунистік еңбекке» жатқызылды. Осы ұранмен тырбанған ауыл адамдары еңбекке керенау болды деп айтуға ауыз бармайды. Аудандық «Ақадыр таңы» газетінде (1978) тілші болғанда, соған көзім жетті. Өз ауылым болған Қызылтауға ат ізін жиі салатынмын. Нағыз еңбек адамдары бұл совхозда да баршылық еді. Ол кездегі (1940-1991) қойшылар қой соңында өздері жүретін. Атақты аға шопан Айтбек Дуанбаевтің («Ақадыр» совхозының шопаны) есімі *облысқа танылды. « Ортау» совхозының үздік қойшысы Тойшыбеков Кәрімнің* атағы жер жарды. «Ақшағыл» совхозының шопаны Сәденов Аманкелдінің де атағы дүркіреп тұрды. Еңбек адамдарын дәріптеу – ол кезеңнің ұраны болатын. Оның ішінде ауыл еңбеккерлері алдыңғы орындарда тұрды. Газетте тілшілікте жүргенде Қызылтаудың үздік механизаторлары (тракторшылары) ағайынды Ершыман мен Совет Майевті «Қызылтаудың қос қыраны» деп дәріптеп очерк жазған едім. Бүгінгі кезеңнің қырандары кімдер болғаны?! Кім (есебін тауып) байыса, кәсіпкерлікпен, шаруагерлікпен айналысса - сол қыран?! «Бәрің бірдей байы» дейтін кезеңде тұрмыз. Социализмнің құрсағынан шыққан біздің буын бұл ұранға жатырқап қарайды. Халық айтса қалт айтпайды. «Ортақ өгізден, оңаша бұзауым артық». Олай болса, іске сәт!

Кешегі Советтер Одағы кезіндегі еңбек озаттары бізге тым ыстық. Қысы-жазы трактор ершігінен бір түспейтін ағайынды Адаев Аманбай мен Аманбекті қалай ғана ұмытарсың. Туған аулын өгіздей өрге сүйрегендер солар емес пе! Темірден түйін түйген, елу шақты өнертапқыштық жаңалық ашқан Болат Қайранбековтың, Мейрам Қордабаевтің Қызылтау ауылы үшін орны бөлек. Ескілердің жалғасы отарын көзінен таса қылмайтын аға шопандар- Шөптібаев Совет, Спатаев Елдос жан қадірінен де мал қадірін

алға шығарған нағыз малсақ қазақтың соңғы көздері болатын. Ендігілер (бүгінгі шаруагерлер) өз малын өзі қайыруға ерінеді. Соның салдарынан төрт түліктің бағасы төмендеп кетті. Әкелеріміз (көзіміз көрді) қой бағуды кәсіптің ең озғыны деп білді. Оны айтасың, әйел затының атқа мініп мал қайырғаны сөлекет көрінбейтін. Қойшының қыздары бір мезгіл әкелеріне болысып қой қайырды. Содан олар қадірсіз болған жоқ. Торалып бой жетуіне табиғат аясы септесіп, ақ жүзінен нұр төгілетін еді. Қос өрім тоқ бұрымы балтырына жетіп жығылатын қойлы ауылдың қыздарына жігіттер өле ғашық болатын. Алғашқы қалам алды жырларым қойлы ауылдың қыздарына арналды.

Сүйем- сүйем қойлы ауылдың қарақат көз қыздарын,
Күзеттегі салған әнін келер әр кез тыңдағым.
Әзілдерін ұнатамын қытықтар жас жаныңды,
Олар үшін мен де аяман өлеңім мен әнімді.
О, қарындас, тана көрме еңбек сүйгіш қалпыңнан,
Жігіттер көп жаным саған жетемін деп алқынған.
Ақ пейілді көңілімді орамал қып бұлғаймын,
Қойды өріске қаптатқанда бақыт тілеп артыңнан.

Шешелеріміз елуінші жылдары (1950) қой күзететін. Еріккеннен емес, қасқыр қатты. Қыздар да шешелеріне болысып қой күзетуге шығатын еді. Ескілікті халық әндері күзетші шешелеріміз бен әпкелеріміздің сұлу үнінен бізге ауысты. Сағыныш пен мұң өнердің бастау көзі. Содан қуат алған біздер де сөз өнері мен ән өнеріне жақын болдық. Бір жағы, бізді демесіндеген табиғат сұлулығы еді. Күміс көмей бұлақтардың сылдыр-сылдыр сүйкімді үніне не жететіні бар?!.

Бүгінгі таңда (2018) бір жақты насихат етек алып барады. Қазармалық социализм ауыл қазақтарын жабайы қып, қой соңына салып қойып еді, қазақтардың енді –енді көзі ашылып келеді деп үстірт кетеміз.Қазақ қалаға орнап жатыр. Ауыл тірілігі нешік!? Кешегі тоқ бұрымды ауыл қыздарының бүгінгі ізбасарлары қайда жүр? Айтуға ауыз бармайды, тән саудасы деген шықты. Қазақ әйелдері ала қап арқалап елден елге асады. Қолақпандай жігіттер тәшке сүйретіп базарда жүр. Қой қайыруды, жылқы бағуды қиынсынған жастардың тіршілігі осы. Кешегі қойлы ауылдың «қарқат көз қыздарының» бүгінгі буынының жағдайы нешік!? Ақша табудың жолында жүріп, жезөкше деген атаққа ұшырап жатса не болғаны?! Әке-шеше, аға –жеңгеге ұлдан да қыз уайым. Сол уайым бәріміздің де басымызда бар.

Соны қағазға түсірген жайым бар.

***

Ауылға көптен бері келмей жүрсің,
Қызықтап қырдың гүлін термей жүрсің.

Жоғалтқан ақ тайлағын бақташыдай,
Шерленем өзіңді ойлап келмей күлкім.
Көк мөлдір көл де дөңбекшіп,
Аққуын жоқтап жатқандай.
Алыстап кеттің аяулым,
Арманым едің-Ақмаңдай!
Қамкөңіл еркелеткен жеңгелерің,
Сағынды інілерің, елгезегің.
Боздайды боз інгендей бейбақ анаң,
Азапты бәрінен де мен көремін.
Беленде қалды құлазып,
Ақ бөкенінен көз жазып.
Өзіңді аңсап жыр жаздым,
Іштегі шерім қозғалып.
Жүрсің бе қалада,
Не жетсін далаға.
Оралшы, қалқам, Далаңа!
Мойылдан әкең құрық жонған дала,
Шылбырға шешең шүйке созған дала.
Мыңғырып төрт түлігі кең жайлауда,
Құт мекен қазағыма болған дала.
Боз даланың жыршысы,
Бозторғай құрлы жоқпысың?
Зарықты мекен бір сен деп,
Армандай болған ақ құсым!
Адаспа бекерге,
Қор болма бөтенге.
Оралшы, қалқам, мекенге!

(27 наурыз 2004 ж. «Оралшы ауылыңа» Әні Ысқақ Тәукейұлынікі,
сөзі Өмір Кәріптікі. Ақадыр кенті)

Кешегі кезеңде қой қайырған қойшының қыздары отбасында омалып қалмай шопан таяғына ие болғанын көзіміз көрді. Жамал Бөкебаева мен Жақсылық Смағұлова аға шопандық атаққа жетіп, Қызылтаудың шамшырағы атанды. Есімдері облысқа танылды. Еңбегі елге танымал еркек бағалы әйелдер әр ауылда жетерлік еді. Қошқардай –қошқардай ұл, сүйріктей-сүйріктей қыз тапқаны былай тұрыпты, еңбекте топ жарды.

Бұрынғы Кәрім Мыңбаев атындағы совхоз асыл тұқымды қой өсіретін шаруашылық еді. Қой мен жылқы тұқымын жақсарту барысында ғылыми

зерттеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Нәтижесінде, еділбай тектес қой, жабы тектес жылқы тұқымы өсірілгені белгілі.Жас ғалымдар осы құтты өңірден ғылымға қанат қақты. Олардың есімдерін атамай кету бізге күнә саналады. Қойшының баласы болғандықтан да мен өзімді солардың қатарында жүргендей сезінетін едім. Бұл ғылми жұмыстарға басшылық жасаған Ауыл шаруашылық ғылым академиясының академигі В. А. Бальмонт,ауыл шаруашылық саласының профессор ғалымдары М. А. Ермеков Ю.Н. Барминцев үлкен еңбектер жасады. Бұл салада ғылми жұмыстар атқарған Кәмен Қанафин (Шет ауданының тумасы, руы Қоянышtағай) өзі еңбек еткен ауылдан (Қызылтаудан) қанаттанып шығып, Қазақстан бойынша қазақтың құйрықты қойларын жетілдіруде жан аямай еңбек етті. Соның нәтижесінде докторлық атаққа жетті. Жүз алпыстан астам ғылми еңбек, екі монография жазған профессор еңбек жолын «Қызылтау «совхозының бас зоотехнигі қызметінен бастаған еді (мен ол жылдары (1965) совхозың №3 бөлімшесінде бастауыш мектепте мұғалім болатынмын). Бұл салада ғылми жұмыстар атқарған ауыл шаруашылғы ғылмының кандидаты Қален Бақтыбаев пен Тілегенов Бесбайды ерекше атаған жөн. Ғылыми қызметкер Көптілеуов Тұрғали да Қызылтауда еңбек етті. Менімен бір ауылда өскен Ысқақ қойшының баласы Зейнолла Ысқақов мал шаруашалығының білгір маманы дәрежесіне жетіп, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты атағын алды. Жаншырақ Көшенов те малды асылдандырумен айналысты. Бүгінгі таңда солар жалғасырған ғылыми жұмыстардың жағдайы нешік? Қойшының баласы болғандықтан да қой малына көзім түсіп жүреді. Шүкір, әзірше құйрықты қой тұқымы әр өңірде баршылық. Малға да күтім керек. Мал астынан жүдейді. Бүгіндегі фермерлік шаруашылықпен айналысып жатқан шаруагерлердің тірлігі менің көңілме қона бермейді.Қой отшаң мал. Алты жүзден аса шөп түрлерімен қоректенеді. Арқа даласында жайылым бос жатыр. Шаруагер отарын қыстаудан ұзатпайды. Өрісі жаңаланбаған мал азады, әсіресе қой малы. Бүгінгі таңда жайлау түске де кірмейді. Жайлауға шығуға ерінеді бос белбеу босаң шаруагер. Оларды да түсінуге болады. Қойдан алынатын өнімнің өзіндік құны мал басынан асып кетеді. Қып-қызыл шығынға батқан шараугерлердің қотаны ортайып барады. Қойдың жүні өтпесе, терісі қадеге жарамай жатса, қораның қиын ойып шығару аққұла бейнет болса, (қиды оймай трактормен күреп шығарады) кім қой өсіруге қызығады? Қойдың қасиетін әлі де жете бағаламай жүрміз. Қойдың сүті, ірімшігі мен құрты асыл келетіні естен шығып барады. Езілген құрт (ұн шалған қайнаған суға қосылады) тағамның төресі десе болады. Шымшымдау ыстық ішілген сұйық құрт бойға сіңімді келеді. Сұйық құртқа тоң май немесе сарымай (қатады) қосылады. Ұлттық тағамдар осы күні (кейбір келіндер мен қыздарымыздың) әсіре білгіштердің ермегіне айналып барады. Ұлттық тағамдар жөнінде осы

жолдардың авторы «Тұғыр» атты кітапта (2011) жеріне жеткізе баяндаған. Қой жүніне келетін болсақ, сөз ұзайды. Жүннің керексіз боп тау–тастың арасында шашылып жатуы біздің ұлттық ажарымызға мін. Дүние жүзінде алты жүздей қой тұқымы бар екені белгілі.Соның ішінде қазақтың еділбай қойы айрықша аталады. Қызылтаулық ғалымардың да айналысқаны осы тұқымды жақсартып асылдандырып шығару болатын. Дүние жүзінде бүгінгі таңда тоқыма өнеркәсібінде жүннің үлесі кеміп кеткені белгілі. Бар болғаны бес-ақ пайыз. Демек, ендігі жерде, қой жүніне деген сұраныс аз болмақшы. Сонда қайтуіміз керек? Бұл тығырықтан шығудың жолын бірінші кезекте фермерлар мен кәсіпкерлер қолға алсын. Үй -ағаш басуға көңіл бөлінсін. Киіз үйге деген сұранысты көбейтудің жолы ашылсын. Жағдайы бар әр қазақ қалада да, далада да киіз үйді ұлттық қарашаңырақ рәмізінде тұтынсын, қастер тұтсын. Киізге деген сұраныстың жолы ашылып, киізден тұрмысымызға қажетті бұйымдар жасап шығару қолға алынсын. Бара-бара биязы қой жүніне негізделген ұлттық тоқыма өнеркәсібі мемлекеттік жобаға енгізілсін. Бұл қалпында қала берсе, агроөнеркәсіптің бір саласы қой өсірудің тығырыққа тірелетіні айтпаса да белгілі жағдай. Мал өнімі сапасының артуы жайылымға байланысты. Жайылым елімізде жетіп артылады. Жайылымды пайдаланудың тиімді жолы - жұрт жаңалау. Бүгінде жаз жайлауда жазылып отыру естен шығып барады. Жайлау атауы сөздік қорымыздан шығып қалды. Біздегі бір кемшілік- малдың жатын орнына (қорасына, қотанына) мән бермейміз. Шаруагерлер заманғы ескі қой қораларды, сиыр қораларды пайдаланып келеді.Ауылдың ажарын енгізуді мал қоралардан (механикаландырылған, автоматтандырылған) бастағанымыз жөн. Сонда шаруаның жұмысы жеңілдейді, көңіл күйі көтеріледі. Ұсақ шаруа қожалықтарын қаржыландыруды қорадан бастау керек. Ауылға бет бұрыс әлі де болса баяу. Ауылдағы еңбек (мал шаруашылығы, егін шаруашылығы болсын) өнімілдігіне заманғы ескі техниканы пайдалану қол байлау боп тұр. Дамыған елдердегі озық техника біздегі шаруагерлерге қол жетпейтін арман. Өріс жаңалайтын «жинамалы ықтырмаға» да (шарбақ құру ескі тәсіл) зәру шаруагерлер. Өнертапқыштардың қолға алтын жұмысы бұл. Біздегі ауыл шаруашылығы техникалары ескі үлгіде, оралымсыз тым добал . Ауылға кішірек (мини) техникалар да керек. Қыр шөбі- көдесін, жусанын, бетеге, бидайығын, жоңышқасын шабатын жатаған шалғылар шықса, мал азығын дайындауға себі тиер еді. Жер өңдейтін озық үлгідегі техникаларға зәру дихандар. Мыңдаған гектар егістік жер (әсіресе арқа даласында) игерілмей эрозияға ұшырап өлі топыраққа айналып барады . Бұған мысал жетерлік. Бұрынғы (Ақадыр ауданына қарасты) «Көктіңкөлі» совхозы тың көтеру жылдарында (1960-80) «отанға миллион пұт» астық тапсырған астықты шаруашылық болатын. Бүгінгі таңда бұл шаруашылықтың егістікке арналған жері иесіздікке ұшырап, адам көргісіз жағдайда күл

беттеніп кеткен. Жалғыз Көктіңкөлі атырабы ғана емес,Қарағанды облысы көлеміндегі бұрынғы егістік жерлер не егіндікке, не жайылымға жарамай маңызын жойғаны жанға батады. Осыдан келіп, сұрақ туындайды,біздің қоғамда жерге ие кім өзі!? Қазақсанның көп жері жартылай шөлейтті өңір. Бұл өңірлерді игеру үшін үкімет тарапынан мол қаржы бөлінуге тиісті. Мұндай шөлейтті далаларда мал баққан шаруаға қаржылай көмек (супсидия) басқа аймақтардан екі есе артық бөлінуге тиісті. Өйтпеген жағдайда, жер иесіздікке ұшырап құлазып бос қалады. Бұны үкімет көріп білмей отыр деп күпірлікке барар жәйіміз жоқ. Бір ғана өзім туып өскен Қызылтау елді мекендерінің құлазып бос қалғанына не деуге болады?! Үкімет ұсақ шаруа қожалықтарын біріктіріп жатыр. Кеш басталған шара. Жекешелендіру науқаны Қазақстанда тым үстірт (қарадүрсін) жүргізілді. Әсіресе ауыл шаруашылғы саласында. Табиғаты қатал далалық өңірлерде, ендігі жерде, адамдарды тұрақтандырып мал өсіру оңайға түспейді. Қазақ баласы даладан кіндігін үзуге жақын. Ауылда тұратындардың дені табиғатқа (туған ауылына) масыл дала адамы болудан қалған кілең әйеншектер десек,асыра айтқандық емес.Ойлаған ойды қыстаған тұрмыс жеңген заман. Олай болса, үкімет шаруа қожалықтарына талап қойсын. Бірінші кезекте жерді сақта, егістікті сақта, жайылмын сақта(бұл арада дұрыстап пайдалан,игер дегенге жақын) өйтпейді екенсің, жерге,ауылға немкеттілік көзқараспен ұзай алмайсың. Шашылып жолда қаласың, жерді (өзің отырған ауылды, қыстауды, өрісті) атадан балаға ауысатындай психолгияда мәңгілік пайдаланамын деп ант бер халық алдында. Өзіңе, бала-шағаңа сенімді болсаң ғана белсеніп шық. Бір күндік қана (ұзаса жиырма-отыз жыл) тырбаныспен далаға иелік етіп жүргендердің дені табиғатқа жаны ашымайтындар. Табиғатқа өгейлікпен қарайтындар, әкесі өлгенді де естіртеді, жерге ие болып жарытпайды. Ағырарлық (бұрынғыша айтқанда ауыл шаруашылығы басым) мемлекет екенімізді естен шығаруға бола ма? Ес жиылды, етек жабылды, баяғы Кеңестік кезеңдегідей (Хрущевтік екпінмен емес) «даланы иегеруді» қолға алмасақ кеш қалуымыз кәдік. Даланы қолжаулыққа айналдырып, қолдан қолға өткізу- жақсылыққа соқтырмайды. Мен осы жолдарды қағазға бекерден бекер түсіріп отырған жоқпын. Оңтүсік өңірлер (Алатау төсі, Сыр бойы) сулы да нулы. Бұл аймақтарда жерге иелік ететіндер баршылық. Оларға, шаруа қожалықтарына қоныс -мекендерді сеніп тапсыруға болады. Ал жартылай шөлейт өңірлердің «тұрақты иелері» болады дегенге ешкімнің де көзі жетпейді. Бұл өңірлерде табиғаты қатаң аймақтарда (бұрынғыша айтқанда совхоз, колхоз үлгісіндегі) ірілендірілген (акционерлік) шаруашылықтар құру кезек күттірмейтін міндет екенін үкімет те біліп отыр. Тек соны кешенді түрде қолға алуды кешіктірмеген жөн. Ауыл мемелекет көмегіне зәру. Ауылға бауыр басқан жас буынның (жастардың) еңбек ақысын көтеру ауадай қажет. Агроөнеркәсіптік салада ілгерілеу бар

екенін көріп отырмыз. Бұл саланы жаппай орталықтандыру(ірілендіру) мүмкін емес. Оған Қазақсанның жер жағдайы сәйкес келмейді. Ұзын сөздің қысқасы, шашыраңқы (ұсақ) шаруа қожалықтарында мешеулік бар. Бұлардың дені үкіметке ауыз ашуға (супсидаға) дәнігіп алғандар.Олардың мақсаты жерге иелік ету емес,аз жылғы мүңкіндікті пайдаланып қалтасын қалыңдатып алудың қамы. Бүгінгі жер иелері тапқан табысын шаруа қожалығының қажетіне жаратудан да бұрын ысырапқорлыққа салынып, шашылып той жасайды. Қажесіз салт-дағдыларға уақытын ысырап етіп, бір күндік өткінші қызыққа шашылады. Бас пайдасынан оза алмайтындар даланың иесі боп жарытпайды. Оларға жерді сеніп тапсыру- көрінеу жауапсыздық. Жерге деген ықылас -ынтаның осындайлық атүсті жүрдім –бардым науқанға айналуы жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің қайнар көзі болып табылатын ауылға, далаға деген көзқарастың мүлдем салқынсып кетуінің салдары. Ауылға бетбұрысты кешеуілдете берсек, онда туған далаға, ауылға деген ұлттық қасиетімізді, махббатымызды ұрпақ санасынан өшіріп тынамыз. Мен қоғам қозғалысын сараптайтын социолог емеспін. Көзім көріп, құлағым естіп отырған жағдайға баға бере аламын. Ауылда жастарды тұрақтаныру үшін ауыл мәдениетін көтеру керек. Оны бір жақты өлең айтып, ән салу деп түсінбеу керек. Оның заманы өткен. Ауылға еңбек қолын жеңілдететін техника керек. Дәл осы қалыпта қала берсек, ауыл бұдан да ортая түседі. Ауылда жұмыскер қолы (мал бағатын, шөп шабатын) жетіспейді. Еңбек ақысыз кім бостан босқа тер төгеді. Тер төгіп жүргендерді (үйсіз күйсіздер, ішкіштер, қаңғыбастар) көргенде қарадай пұшайман боласың. Жарайды, арзан жұмысшы күшін пайдалансын-ақ, олардың ең құрығанда, пысықай шаруагер сыртын түзеп жөні түзу киім кигізсе қайтер еді? Қой соңындағы, мал соңындағылардың мінгендері итпек, жауыр ат-қолына ұстағаны шыпыртқы, атқа салған ері қырық жамау. Осыларды көргенде ауыл тірлігі жабайыланып бара ма осы деген ойға қаласың. Мал соңындағы малшыдан қасиет кеткен соң, олар баққан малда не береке қалады? Қазақтың ұлттық келебеті табиғатпен өңейіп, әлеуметтік жағдайы төрт түлікпен ажарланады. Мал ауыл адамарына күнкөріс болумен қатар, жас ұрпақ тәрбиесіне еңбек мектебі болғанын күні кеше көзіміз көрді. Коммунистік қоғам саналған кешегі (Советтер Одағы) социалистік жүйе қазақ халқының далаға, малға жақындығын шебер пайдаланды. Еңбек адамдары дәріптеліп, әсіресе ауыл адамдары, малшы қауым - жылқышы, шопан, бақташы төрге озды. Ұжымдық күнкөріс тәсілі ауыл адамдарын бір атаның баласындай бауырластырып жіберді. Колхоз, совхоз малы өз малымыздай көрінетін еді. Қойшы –қолаңның қыста қорасының қиын ойысып, жазда қойын қырқысып қолғабыс беретінбіз. Қалам ұстағандар еңбек адамдарын жырлады. Ауылға «Бұрқақ» (1991) және «Тайталас» (1995) романдарын арнадым. Қоғамдық (коммунистік) еңбекке ынтамыз әлемет

болды. Біреу тырбанып жатқанда, қол қусырып қарап тұрғанды ұят көретін едік. Бүгінде бәрі басқаша. Біреу шөп түсіріп жатса, қолақпандай көршісі теріс айналып кетеді. Жерден сынық шөп көтеруге ерінетін әйеншектер пайда болған заманды да көрдік. Ау, бұл нендей тірлік!? Ата-анасына масыл, қоғамға салмақ ұрпақ өсіріп не мұратқа жетеміз? Әкелеріміз айтатын еді, үкіметке өкпелеген өзіне өкпелесін деп. Бой күйез кержалқаулар қай қоғамның қоржынынан шықты екен? «Е, кешегі кер заманның (Советтер Одағының) салдары да бұларды осындайлық дайын асқа тік қасық қып кеткен» деп бөсетіндер бар. Айтады-ау, шірікіндер?! Тырбаныс мүлде жоқ деп айта алмайсың. Еңбегімен ел асырамаса да, өзіндік күнкөрісте озғындар бар. Баяғы аға буын біздер өмір сүрген кезеңнің еңбекке ынтасы бүгінгі адамардың бойынан табыла бермейді. Ғұмыр бойы ауылда тұрып келемін.Қаламгермін шама-шарқымша. Соған қарамастан баяғы ауылды аңсаймын. Ол кезеңнің адамдары, ауыл қазақтары аңқылдақ аққөңіл еді-ау, шіркін! Кеңшарлар жекешеленіп кеткелі қойлы ауылдарға ат ізін салудан қалдық. Әркім өзімен өзі. Бұрынғы кездері (Советтер Одағы кезеңінде) малды ауылдар «туризм орталығы» секелді-тін. Мектеп оқушылары шопан ата ауылына саяхат жасайтын еді. Қыстау маңын тәртіпке келтіруге атсалысатын. Қалада өскен қазақ баласы жазғы демалыста ауылға барып, тайға мінеді, қойдың қоңыр қозысын, ақ ешкінің лағын қызықтайды. Жас төлді құшағына алып суретке түседі. Айран, қатыққа кенеліп, саумал сіміреді. Ірімшік жеп,қойдың құртын талмайды. Қала баласы ауылдан сақайып оралады. Даланың аң-құсын қызықтап және кенеледі. Бүгінгі тіршілік басқаша болып тұр. Бала да, үлкен де ауылдан сырғақтайды. Сонда далада қызық қалмағаны ма?! Ауылға ие шаруагерлер бөгде адамдарды көргенде теріс айналады. Олардың сырт адамдарға ісі түсіп тұрған жоқ, жыртық –тесігімді көріп өсектеп кетеді деген сақтанысын қырпынан танисың. Заманғы ескі қораны көргенде, өткен күндер есіңе түседі. Тау боп үйілген қара қорда көңілді және жүдетеді. Қыстау маңы тері-терсек, жүн-жұрқаға толып кеткен. Соған қарамасан шаруаның көңіл күйі көтеріңкі. Алдына салған малы бар, қалтасы ақшаға толы, астында иномарка.

-Сенімен әңгіме бар еді-деймін тек тұрмай.

-Уақыт жоқ,ағасы. Әке-шешеме ас берейін деп...

-Өлгендер бізден түк те дәметпейді, бауырым,- деймін мен,- Тірімізді жарылқап алайық та алдымен.

-Әне, бұлар сөйдейді!-дейді де ол иномаркаға отырып алып жөнеп береді.

«Жаңа байығандармен қоңсы қонба» деген ғой бұрынғылар. Енді қартайғанда соларға іргемді қосысайын деп жүрген мен жоқ. Әдет алып қалған құрғақ ақылгөйлік. Жерге ие, малға ие бауырымыздың сөз саптасынан іш жиясың. Кәрі қойдың жасындай ғана ғұмырым қалған менің ақылдымсыған

жылымшы сөзім кімге дәркер? Алдыңғы қатарлы шаруа қожалықтары да бар. Бірақ олар жүздің онындай ғана аз шоғыр. Мал басы баршылық, төрт түлікке дала толды деп көңілді жұбатқанымызбен,түпкірдегі ауылдар әлі жүдең. Иесіз дала аңырап ол тұр. Еріксіз жыр дәптеріне үңілемін.

***

Қалтасында қара бақыр,
Қоржын түбі ақыр-тақыр.
Не күн көрмек адам пақыр,
Заман қайда бара жатыр?
Еліреді уыстап шоқ,
Өлетіні есінде жоқ.
Ойлағаны дүние –боқ,
Адам қайда бара жатыр?
Айдаһардың арбауында,
Бір күні азық жалмауызға.
Мұрша бермес самғауыма,
Елім қайда бара жатыр?
Ата мекен алтын бесік,
Төсі жара шұрық-тесік.
Сенсіз менің күнім нешік!
Жерім қайда бара жатыр?

ШОЛАҚЕСПЕ

Шолақеспе – өзен аты. Желтау, Жамантастан бастау алып қар суымен көктемде қатты тасиды. Шажағай өзеніне барып қосылады. Арнасы қысаң, көлемі шағын

болғандықтан «Шолақеспе» атауын алған. Көктемде қар суымен есіліп қатты ағады. Сол себептен өзен атауына «еспе» атауы тіркескен болса керек. Бұл өзен жаз ортасына қарай тартылып қалады. «Шолақеспе» елді мекен атауын да білдіреді. Кәрім Мыңбаев атындағы совхоздың №5 бөлімесінің орталығы болған. Жылқы фермасы делінетін еді

***

Құтты өңір берекелі- Шолақеспе,
Бетбақдала тұсында тұрар шепте.
Кеңтарлау, Ақбұйратқа сәлем жолдап,
Шажағайға құлайды сәлем ете.
Төре түлік мекені болған еді,



Бір топ маман-басшылар. Ортада — академик ***И.Н. Нечаев.***



Даланың көкжалдары мен жігіттің сырттаны!

Мал мен жан аясына толған еді.
Құнарын Шажағайға сарқып беріп,
Шөліркеп өзі кейде қалар еді.
Бұл маңның қысы жұмсақ, жазы жайлы,
Жанға тыныс болғанда малға жайлы.
Тебіні қыс бойында қара жатар,
Жылқысы аман шығып жұтамайды.
Бұл маңға ұры –қары сұғынбайды,
Алаңсыз жылқышылар тынымдайды.

Дулаттың қаһарынан тая соғып,
Жылқыға «қанды езулер» ұрынбайды.
Кеңшардың болды Дулат бағалы ері,
Қасқырдың жайын мықтап табар еді.
Жылқының ата жауы қырғын тауып,
Селдіреп қатарлары қалар еді.

Ендігі деректі құжат бойынша сөйлетейік. «Жылқы шаруашылығының ғалымдары И.Н.Нечаев, Қ.Бақтыбаев және Н.Кикебаевтар кеңшар мамандары және жылқышармен бірелсе отырып жылқы тұқымын жүйелі түрде асылдандыру жұмыстарының нәтижесінде жабы тектес (типтес) асыл тұқымды «Сарыарқа» деп аталған жылқы тұқымын шығарып өсірді. Бұл жылқылардың сойыс салмағы жоғары, биесінің тірідей салмағы 460 келіге жетіп,айғырларының салмағы 560 келіден асатын болды. Осы артық табыс- ғалымдардың ізденісінің, кеңшар мамандары мен жылқышыларының қажырлы еңбегінің нәтижесі еді. Жылқы тұқымын асылдандыруда нәтижелі еңбек еткен ғылми қызметкерлер Қален Бақтыбаев, Оспанбек Атымтаевты атамай кету орынсыз болар еді. Қален ғылым канидаты атағын алған болса, Оспанбек ғылми еңбегін (жылқы саласы бойынша) енді қорғайын деп жүргенде, жол апатына ұшырап мезгісіз (қырық төрт жасында) көз жұмды.

***

Түсіністі сыйласқан досым едің,
Сырға берік көңілдің қошы едің.
Опалы жолдасқа да, туысқа да,
Есімнен еш кетпейсің есіл ерім.
Білетін ойлы едің-ау дос бағасын,
Әділікпен шығып ет жастан атың.
Жұп –жұмсақ сөзің майда аңғарлы едің,
Тірлікте аздау еді бақталасың.

Оспанбектің арты жақсы, бала-шағасы өсіп жатыр. Көңіл қалыспаған досқа кітап арнасам да артық емес. Жылқы тұяғынан да қатты адамға бітеді делінеді халық ұғымында. «Ысқырса желдікі, айдаса жаудікі» деген де мәтел бар. Кешегі кеңестік кезеңде жылқы шаруашылығы бір шама алға басты. Жылқы тұқымын асылдандыруды жоғарыда аттары аталған ғалымар жүргізді. Кем түсіп, артық кеткен жерлеріне баға беріп жатпаймын. Нәтижесі баршылық. Бұл шаруашалықта жылқы тұқымын асылданыруға айрықша тер төккен ағайынды Дулат пен Мұраттың есімдері өздері туып өскен осынау атырапта (Шолақеспе, Былқылдақ, Шажағай, Қызылтау) тасқа басылып қалатынына өз басым сенімдімін. Осынау құтты өңірдің кешегісі мен бүгінгісін мен ақ қағазға қаламмен түсірсем, ауылдас қос бауырым (бар қазақтың баласын бауырым

деймін) ағайынды Қожамберлиндер өздерінің еңбектегі ерліктерін, қар жастанып, мұз төсеніп жүріп бағып өсірген көкалалы көп (асыл тұқымды) жылқыға сіңірген еңбектерін дала төсіне жылқы тұяғымен (жазды) түсірді. Азуыментасшайнағанқаптаған бөріге, қыр астынан баспалаған ұрыға төтеп берген ағайынды екеуді (туыс – туғандары мен, балалары да әке жолын қуып құрық ұстаған) дала көкжалдары десек артық емес. Көкжалға көкжал ғана төтеп береді. Даланың, малдың иелері Қожамберлиндер әулетін ата-баба аруағы қолдасын. Бұларға Алланың көзі түзу болсын деп тілейік.



Атымтаев Оспанбек, Ысқақов Зейнолла

Ендігі аз сөз- жылқы шаруашалығының (жер жүзілік деңгейдегі)бүгінгі таңдағы жай –күйі. Білгішсуден емес, тілеулестіктен туындаған жанашырлық ниет деп білген жөн. Шет жұрттарда (Еуропада, Таяу шығыста, Америкада) жылқыға деген бір жақты көзқарас өзгерген. Ерте замандарда қырғын соғыс ер қанаты аттың күшімен өлшенген. Ашыққан жауынгер астындағы атын сойып жей бергендіктен, «жылқы еті харам» деген пәтуа шығып, діни тұрғыдан һәм мемлекеттік тұрғыдан бекітіліп сандаған ғасырлар бойында санаға сіңіп, тіршілік заңдылығына айналып кеткеніне қарамастан, бүгінгі таңда шет жұрттар көнерген рәсімнен бас тартып, жылқының еті мен сүтіне қызығушылық таныта бастады. Жылқы- биологиялық жағынан ең таза мал тұқымына жатады. Жылқы етінің адам ағзасына салмақ салмай тез қорытылып, денеге жылдам сіңетінін халқымыз жақсы білген. «Жылқы еті жатқанша, қой еті таң атқанша» деп бейнелеген ғой атам қазақ. Жылқы еті ұлтабар ауруларына сеп. Жылқының іш майы, қазы-қартасы ұлтабар жарасына (гастритке) бірден бір ем. Қант диабетімен ауыратындарға жылқы еті жеңіл. Осы күні сорпа ішпейтін «кінәздар» пайда болды. Жылқы сорпасы халық ұғымында «екінші қымыз» боп табылады. Жылқы сорпасының құрамында барлық дәрумендер (витамин) бар. Жылқы сорпасына құрт қосып (қой сүтінен, ешкі сүтінен, сиыр сүтінен алынған) ішу - денедегі артық қоспалардан (шлактан) арылтуға жәрдемдеседі. Қой сүтінен алынған құрттың құнарына баға жетпейді. Қой сауып сүтінен құрт жию шаруа қожалықтарына табыс әкелетін берекелі еңбек нәтижесі. Жылқы терісінің қасиетіне баға жетпейді. Жылқы терісінен тігілген «құлын жарғақ» (шолақ тон) жігіттің төресіне лайық болған.

Қымыздың қасиетін шет жұрттар да біле бастады. Мұңғылдар мен қырғыздар да, башқұрттар да баптайды ата суысынды. Алайда, нақ қазақтардан артық қымыз ашытудың технолгиясын шебер меңгерген елдер ілу де шалу

ғана. Қымыз жоғарғы технолгияның ыңғайына көне бермейтін- өте кінәмшіл сусын. Қымызды ата-бабаларымыз түн асырмай ішкен. Түн асқан қымыз (екі-үш күн тұрып қалған) өзінің маңызын жоя бастайды. Күнбе күнгі қымыздың қуатына баға жетпейді. Бүгінде (осы кезеңде) қымыз- сататын орындарында апталап тұрып қалады. Содан барып қымыздың қасиеті арзандап, тағамдық қуаты кемиді. Көп тұрып қалған қымыз адам ағзасына кері әсерін тигізіп, сырқатқа душар етеді. Бықырып ашып кеткен қымызды ішуге әсте болмайды. Қымыздың құрамында спирт болады. Бұны медицинада биологиялық спирт дейді. Денсаулыққа зиянсыз болып табылады. Қымыз ішудің ұлттық тәртібі ыңғайы болады. Сабадан, күбіден қотарылған бетте ішу (сәскеге қарай) бұл енді бір ғанибет. Нағыз уыз қымыз, бал қымыз осы. Күбідегі қымыз (тоқ піспекпен) жойдасыз көп пісілгенде, тым жуасып қуатын азайтып алады. Қымызды ашытудың да өзіндік ығыты бар. Күбінің, сабаның түбіне қор қалдырудың да мөлшері болады. Қымыз ұстайтын саба иелері мұны жақсы білген. Бие сүтін күбіге жылыдай құйса саумал іріп кетеді. Күбідегі қорға салқындатып барып құйған. Әдетте күбі (саба) пісу екі мезгілге бөлінеді. Бұл тәріпті шешелеріміз (1950) бұлжытпайтын еді. Іңірде бір пісіледі. Ертеңгілік қымызды қотарар алдында және піседі. Қымызды әдетте қонаққа (үлкен шараға немес шыны тегенеге құйып) сапырып отырып ұсынады. Неге көп сапыра береді дегеннің де өзіндік себебі бар. Қымыздың бойында «жел» (қажетсіз басы артық қоспалар) болады. Сол басы артық қоспалар сапырылғанда шығып кетеді. Қымызды біреулер «құнан қымыз», «дөнен қымыз» деп өздерінше баға беріп жатады. Бұлайша баға беру сөзуарлық. Қымыздың кемеліне келетін шағы көктемгі «бие байлар» шақ. Бұл мезгілде жер бетінде шықпаған шөп қалмайды. Құнары артқан бие сүтінен аштылған қымыз «көктемгі уыз қымыз» делінеді. Жаз бойында ішілетін қымызды «сапырылған сары қымыз» дейді. Әдетте үлкендер «қымыз сұйылып барады, жұрт жаңаламаса болмас» деп отыратын. Әр аймақтағы шөптің шығымының өзіндік ерекшелігі болады. Мәселен солтүстік өңірлерде (Ақмола, Көкештау, Кереку, Қызылжар) ой шөбі мол өседі. Ой шөбі су соқты боп өсіп құнарын азайтып алады. Қазақ халқының жер жады, мал жанды болғаны дәлелденген шындық. Табиғаттың тынысын көкірегімен сезінген ата-бабаларымыз асқан биолог болған ғой. Шөптің қасиетін қазақтан артық білетін халық жоқ. Қыр шөбі, ой шөбі дегенге осы күнгілер мән бере қоймайды. Шөптің құнары, мал сүтіне төрт түліктің етіне ауысады. Төрт түліктің ішінде жылқы малының қасиетіне баға жетпейді. Тұнықтан жүзіп ішеді. Шөптің ең құнарлысына тіс батырады. Алпыс түрлі шөптен қорек алады. Сол шөптердің өзін таңдап талғап үзеді. Әдетте жылқы малы қыр шөбіне (жусан, көкпек, бетеге, изен, тарлау, көде бидайық, ажырық, қоян сүйек, т. б.) құмар келеді. Содан да жылқының еті мен сүтінің құнарына баға жетпейді. Әдетте ойдың су соқты өлең шөбіне

жайылған малдың оның ішінде жылқының еті мен сүті жасық тартып тұрады. Бұрынғының адамарының, әкелеріміздің «жұрт жаңала, қымызың сұйылып кетіпті» деуінің мәнісі осыдан. Агробизнес елімізде жоғарғы қарқынмен жүргізіліп жатқанын көріп отырмыз. Мал бордақылау алаңдары іске қосылып жатыр. Жылқы еті кінәмшіл келеді. Оны басқа мал етімен араластыруға әсте болмайды. Осы заманғы озық технологияның өктемдігін жылқы өнімі (еті мен қымызы) көтере алмайды. Жылқы өнімін өндіретін ұлттық орталықтар (комбинаттар, зауыттар,бордақы алаңы, бие сауатын ферма) жылқы еті мен қымызын тұтынудың ерте заманғы әдіс –тәсілдердеріне негізделіп жасалуға тиісті. Қымызды қол саудаға шығару(бәлен күн сақтау) оның қоректік қасиетін жояды. Жылқы етін өндіріп, оны шет жұрттарға экспротқа шығарудың да өзіндік ығыты болуға тиісті. Жылқы етін ұзақ сақтайтын халықтық технология әдісері бүгінде ескеріле бермейді. Соның бірі- етті бұрмелеу болып табылады. Сойылған жылқының (соғымға сойған) сұрпы етін, сан еттерін сүйегінен арылтып, басқа да бөлек-салақтарын теріге орап (аздап тұз сеуіп сарымсақпен шылап) тастайды. Осыны «бүрме» дейді. Қыста сойылып терісіне оралып бүріліп қатып қалған етті көктем шыға бере жайып кептіреді. Арнайы жасалынған пештің (тобылғы түтіні) түтініне етті ыстайтын әдіс болған. Қыстан алып шыққан етті (әсіресе жылқы етін) «сүр» ет дейді. Жылқының сүр етін халқымыз жаз бойы (әсіресе қазысы мен жаясын) жас етке араластырып жеген. Қымыздың басытқысы есебіне пайдаланған. Құрғақ қымыз көп ішілсе ұлтабарды қыжылатып, басты зеңітіп, кісінің жайын кетіреді. Қымыздан соң міндетті түрде ыстық тамақ ішілуге тиісті. Сүрі етті жас етпен араластырып жеген бір ғанибет. Халқымыз жылқы етінен шұжық жасауды да шебер игерген. Осы тәсілді жаңғыртып жылқы етін ұзақ сақтаудың ұлттық әдістерін тұрмысқа еңгізудің бәлендей қиындығы жоқ. Жылқы еті мен қымызының құнары жайылысқа тәуелді. Бұл түлікті қораға қамап ұстау қиянат. Кең өрісте емін –еркін жайылса, еті мен қымызының құнары үш еселеп артады. Бұл- дәлелденген жағдай. Жылқы етінің маңыздылығына шет жұрттардың (туристердің) көзін жеткізу үшін жылқы өнімін осы заманғы озық үлгідегі технологияны кеңінен пайдалана отырып зертхана орталығын ашу кезек күттірмейтін шара.

Ендігі аз сөз- жылқыны мініске пайдалану. Ер қанаты боп табылатын төре түлік бүгінде темір көліктің тасасында қалды. Жылқы біле білгенге халымыздың ұлттық ажары болумен қатар, жас ұрпақтың ерік-жігерін шынықтырып шыңдайтын, бой қуатын арттырып спорттық қалыпқа түсіретін тұрмысымызға сіңісті шымырлық мектебі есепті. Бұл мектептің сабағын бүгінгі өмірімізге орайластырып дамытудың бір амалы- атты әскерді жасақтау болып табылады. Әскер ойыны арқылы жастардың ат спортына ынтасы артады. Әр елді мекенде (халық көп шоғырланған) ипподромдар бой көтергені


абзал. Ат спорты ойындары кең аяда жүргізілгені абзал. Бүгіндегі көкпар (серке тартыс) ежелгі дәстүрінен көз жазып қалды. Көкпарды тар шеңберде өрістету (бір шақырымның аясына сиғызу) қиянат. Ұлттық дәстүрімізге сіңісті байырғы түрлері-«жерошақ бәсекесі», «дода», «бірме- бір серке тартыс», «алып қашпа», «салым мәресі»- ежелгі тәртіптен қол үзіп, жасандылыққа бой ұрып барады. Көкпарда аттың жығылуы сауатсыздыққа жатады. Көкпарға лайықталған ер-тұрман әбзелдері жоққа тән. Бұрынғы (Совет заманындағы) солдат ерге зар боп қалды бүгінгі атқа ер салғандар. Көкпарды байырқалатпаса болмайды. Байырқалатудың амалы әр қалай. Көкпарды футболға жақындату оның ұлтымызға тән қасиетін (оралымын) жоққа шығарады. Жоққа шығарып та болды. Алдымен «жерошақ» бәсекесі басталуға тиісті. Ішіне шөп толтырып жасанды серкені созбаққа салу (баланың ермегі есепті) мүлде ерсі жағдай. Жерошаққа тасталған (көмген) серкені жігіттің жігіті ғана тақымға басады.

Көкпардың бірінші шарты жерошақ бәсекесінен басталуға тиісті. Келесі кезекте жеке-жеке тақым тартыс (серке тарыс) басталсын. Содан соң барып дода басталады. Доданың кереметі сол- жойқын тақымкеш (көкпаршы) тақымынан серкені бермейді. Мұндай көкпаршылар бүгінде некен –саяқ. Әдетте, көкпарға басы қатты атты салмайды. Жүйрік атты «алып қашпаға» сақтайды. Көкпарда аттан жығылу көкпаршыға қорлық саналады. Тақымкеш көкпаршы додаға белі берік тым ереуілдеп тұрмайтын атты салады. Басы қатты ат көкпарда кісіні жазым етуі кәдік. Адам жылқы мінезді делінеді. Аттың да (жылқының) жуас момыны болады. Тым қызбаланбайды. Көкпарға сондай ат қолайлы. Түрқы аласа белі берік жуас атты салады көкпарға. Жүйрікті көкпарға салу сауатсыздық.

Менің балалық шағым соғыстан кейінгі жылдарға тұспа-тұс келді Елуінші жылдардың орта шенінен былай қарай малды ауылдарда серпіліс басталды. Үкімет малшы қауымға кеңшілік берді.Жаз бойында екі облыстың шегіндегі аймақ дүбірлеп жататын еді Апта сайын көкпар тартылады, ат бәйгесі өтеді. Соны көріп өстік. Жылқы- биологиялық жағынан өте таза түлік. Оның тезегінің өзі жерді тыңайтады. Тұяқтары жер өңдейтін құрал есепті. Жылқы өнімі адам ағызасына пайдалы дәрумендерге бай. Сүйекті бекітетін қасиеті бар. Ғұмыр бойында ат жалында жүрген бабаларымыз (бүгінде ең көп таралған ауру түріне жататын) буын ауруының не екенін білмей өткен. Атқа мініп түсудің өзі дене шынықтыруға жатады. Жұрт денсаулығын арттыратын ат спортының түрі – түріне негізделген мәдени сауықтыру орталықтарын қолға алу кәсіпкерлерге табыс көзі болатынына өз басым сенімдімін. Осы жолдарды қағазға түсіргенде білгішсуден аулақпын. Өсер жас келешек ұрпаққа ой салуды мақсат еттім. Осы жолдарға зер салғанда жазба иесі, мына менің тым ақылгөйсіп кетткеніме кешіріммен қараған жөн. Жалпы атауы Қызылтау делінген осынау құтты өңір жылқы өсіруге сұранып-ақ тұр.

АЙҒЫРҰШҚАН

Айғырұшқан тауы қазақ даласының әр жерінде бар. Не себептен осылай аталғаны жөнінде жер топонимикасын зерттеуші ғалымдар түрліше жорамал айтады. Әр қилы қисынға дес береді. Арқа өңірінде Қасқаайғыр тау аты бар. «Алыстан қасқайып тұрғандықтан ослайша аталған» (Е. Қойшыбаев). Қасқа айғырдай қасқайып тұрғандықтан тау аты (айрық аты) осылайша аталған. Баянауылда Торыайғыр тауы бар. Бұл тау басында Торыайыр атанған делінеді. Келе-келе дыбыстық өзгеріске түсіп, Торыайғыр атауына ие болған дейді (Телқожа Жанұзақ) ғалымдар. Жезқазған өңірінде де Алаайғыр тауы бар. Бұл атаудың мағынасы (Е. Қойшыбаев)» ұлы айрық (олоойрах)» деп түсіндіріледі. Енді бір жер-су атауларына байланысты (Т.Жанұзақ) еңбектерде «шындығында сол Торыайғыр, Құлаайғыр тауларында ала айғырдың жайылып жүруіне,немесе оның басқа да қасиеттеріне байланысты аталуы мүмкін» деген болжам айтылады. Өспен өңірінде Айғыржал деген тау бар. Айғырдың бітіміне ұқсап тұрғандықан ослайша аталған. Шет ауданының Қызылтау (бұрынғы «Қызылтау» совхозы) ауылдық округіндегі Айғырұшқан тауына жоғарыдағы жорамалды сәйкестіруге болады. Халықтың ұғымында төрт түліктің төресі жылқы малының басиесі (үйір қожасы) айғыр айрықша қасиетке ие. Ертегілер мен аңыз әңгімелерде құтпан айғырлар үйірін ұры – қары, ит-құстан қорғап қалу үшін опат болып жатады. Олай болса, біз сөз еткелі отырған Айғырұшқанға (Сарықұлжа мен Таятқан тауының жапсарында да Айғырұшқан тауы бар) байланысты аңыздың түп төркінінде есті, құтпан айғырларды көтермелеп ерліктің жиынтық бейнесінде тау атауына тіркеу жарасымды. Біздің бұл жорамалымыз ғылми дәйкетемеге жатпайды. Ел аузындағы аңыздан бастау алған хикаятты түсіністікпен қабылдаған жөн.



***

Шоқылар ереуілдеп әрбір тұстан,
Жолыңа бағдаршы боп алдан шыққан.
Шор тасты жып –жинақы осы биік,
Не себепті аталған- «Айғырұшқан?»
Бір байдың болған екен көп жылқысы,
Батпаған деп айтады жаудың тісі.
Айғыры болған дейді-Алқаракөк,
Адам айтса нанбастай оның ісі.
Омырауы даладай шалқақ кеуде,
Тыныстыболдырмайды салсаң өрге.
Қасқырға албастыдай төнеді екен,
Бірін қоймай желкелеп тығар көрге.
Айбарынан ұры да қаймығыпты,
Бай жылқысын торымай жай жүріпті.
Жылқыға тірі жанды жуытпапты,
Көңілін иесінің жай қылыпты.
Ол өзі айғыр емес мініс көрген,
Иесі зәуде оны мініп көрген.
Мейлінше үнді боптыАлқаракөк,
Кісінеп күндік жерден дыбыс берген.
Өзгеше болған оның қасиеті,
Адамнан кем болмаған ақыл –есі.
Арқырап айбарланып кісінеген,
Жылқыға бұрылғанда жаудың беті.
Жылқылар елеңдесіп әдет алған,
Айғырды шұрқырап кеп қоршап алған.
Қалың жылқы бой бермей жау жағына,
Қуғыншы келіп жеткен құлақтанған.
Екі жақ қарсы келіп сабаласқан,
Жау жағы түк өндірмей жағаластан.
Соқыр тай жетегіне ала алмаған,
Тата алмай дымы құрып «арам астан».
Сыртқы жау есті айғырға өшігіпті,
Естияр адамдайын сесі мықты.
Жылқы алған аңдып жүріп барымташы,
Өрлігін жануардың «өшіріпті».
Айғырды қақ сойылға мықтап жыққан,
Қабағы ойқылданып көзі шыққан.
Шор буын ақсақ болып қалған екен,

Айрылып арынынан – «есіл құтпан».
Баяғы беттілік жоқ арындаған,
Сонда да естіліктен жаңылмаған.
Жылқыға жау тигенде өршіл үнмен,
Арқырап аттан салып дабылдаған.
Жылқының соңында айғыр жүреді екен,
Сырт дұшпан келекелеп күледі екен.
Жылқыға жау тигенде иесі оның,
Арқыраған үнінен біледі екен.
Бір жолы қалмақ келіп жылқы алған,
Үш қос жылқы айдалып кете барған.
Ақсақ айғыр жет алмай көп жылқыға,
Жаны ышқынып солтақтап артта қалған.
Алқаракөк биікке шығып тұрған,
Соңғы демі бітерін біліп тұрған.
Арқырап ұран салып кісінепті,
Дауысы естіліпті алты қырдан.
Шырқырап есті айғырың шыбын жаны,
Жартасты жаңғыртыпты қырымдағы.
Жандәрмен кейін қарай серпіліпті,
Жылқылар үнін естіп қуғындағы.
Қуғыншыға жылқылар бой бермеген,
Жау жағы дағдарыпты өңмендеген.
Үйірін көріп айғыр есі шықты,
Ұранды үн ақтарылды өр кеудеден.
Өкініп бармақ тістеп қалмақ қалды,
Болдырып мінгіштері жаяулады.
Жылқының бірі қалмай төңкеріліп,
Шоқыны шұрқырап кеп қоршап алды.
Ғайыптан Алқараға қанат бітіп,
Биіктеп шырқау көкте құстай ұшып,
Жетіпті үйіріне қанат байлап,
Аман –есен баяулап жерге түсіп.
Аңыздың бір парасы бізге жеткен,
Жыр қылып бұрынғылар айтып кеткен.
Мал да болса тұрлаулы тұқымына,
«Айғыр ұшқан» атанған сол себептен.
Ғұмырды баяны жоқ «жалған» дейді,
Жеткізбейтін тірлікте «арман» дейді.
Мақсатына жеткен соң Алқаракөк

Биікте тастай қатып қалған дейді.
Ерлікпен аяқталып асыл арман,
Үйірін қатарына қосып алған.
Айғырұшқан мәңгілік тұғыр болып,
Ел есінде айғырдың аты қалған.

Айғырұшқан жеке тұрған жоқ. Бұл жартас (кейде жартас делінеді) үлкенді –кішілі таулармен жарсымда көзге сүйкімді шалынады. Айғырұшқанның шығысқа қараған қолтығында «Бейсек қыстауының» орны бар. Қаратайдың Бейсегі (1895-1937) Алтай-Қарпықтың ішінде Қалыбек атаға жатады. Еті тірі оқыған азамат. 1923 жылы Асанқайғы болысының болатком төрағасы болған. Заң орындарында түрлі жауапты қызмет атқарған. Отыз жетінші жылы «халық жауы» құрбандығына шалынып атылып кеткен. Сәкенмен пікірлес болғаны үшін жазаға ұшыраған. Қазақтың бұлбұл көмей әншісі (кіші Күләш атанған) Шабалдың әкесі осы кісі. «Қазақстанның халық әртісі» Шабал Бейсекова (1917-1997) өмірбаяндық анықтамалықта 1917 жылы туған деп көрсетілген. Нақты қай айда туғаны жазылмаған. Шабал туған жылдары «қызылдардың дүмпуі» түкпірдегі ауылдарға әлі жетпеген болатын. Ел қыс қыстауында, жаз жайлауында байырқалаған тыншу кез. Олай болса, қазақтың ән өнерінің «жұлдызы» болған Шабал Бейсекқызының кіндік қаны тамып ақ бесікте тербелген құтты орын «Бейсек көңінің» орнына бір белгі сұранып тұр. Тәуелсізікке қол жеткізген жылдарда (1991-93ж) «белсенді топ» (ішінде мен де бармын) Кәрім Мыңбаев атындағы кеңшардың мәдениет үйіне Шабал Бейсекқызының есімін бергізген едік. Павлодар облысында (1993) Сұлтанмахмұт Торыайғыровтың 100 жылдық мерекесі өткенде,облыс (Жезқазған облысы) делегациясының құрамындағы мен Кәукен Кенжетаевқа (Шабалдың жолдасы) кездесіп, апамыздың есімін мәдениет үйіне бергізгенімді айтқанда: «Дұрыс жасағансыңдар. Шабал ата қыстауымызда қыста туыппын деп отыратын» деп мені арқамнан қаққан еді. Жекешелендіру науқаны үдеген (1995) қарсаңда бұл совхоз да (К. Мыңбаев атындағы) ыдырап жеке шаруашылықтарға бөлініп кетті. Кеңшар орталығындағы мәдениет үйі жабылып қалды. Енді біз (Ақадыр аудандық «Қазақ тілі» қоғамының белсенділері) Халық артисінің есімін аудан орталығындағы мәдениет үйіне бергізуге (тікелей өзім кірістім) күш салдық. Бүгінде Ақадыр кентінің мәдениет үйі әнші есімімен аталады. Бір жолы (2006) Алматыға жолым түсті. «Көктөбедегі күй керуені» байқауына(көрермен ретінде) қатысқанымда, Кәукен Кенжетавқа ұшырасып, ауылдағы жаңалықты (мәдениет үйіне байланысты) айттым. «Осы сен дұрыс балдыз екенсің. Шабал апаларыңды ұмытпай жүргендеріңе мың да бір рахмет!» деп маңдайымнан сүйген еді. Жай ғана искей салмай

елжіреген елпілдек көңілмен мекіренгені есімнен еш кетпейді. Бір кездегі жігіт сұлтаны, өнердің айтулы тарланы сол кездері (2006) тоқсанға иек артып қалған-ды. Пенде шірікін үмітпен өмір сүрмей ме. Сексенді алқымдап қалған (2019) менің де тоқсан жастан үмітім бар. Құрдастарым «ана жаққа қашан кетесің?» деп қажағанда, әзірше жүре тұрамын. Маған атақты халық артисі Кәукен Кенжетаев жездем «жүз жаса» деп батасын беріп кеткен деймін ғой. Жарық дүниені кім қиып кеткендей. Прозадан (қара сөзден) жалыққанда өлеңге бұрыламын.

***

Кәрілік жетті ентігіп,
Ілес дейді соңыма.
Қажетсіз деп артық жүк,
Ұстатты таяқ қолыма,
Есіме түсті өткенім,
Әр неге көз талдырдым.
Жастық шағым, көктемім,
Қай жұртта сені қалдырдым?
Сыйласар дос менде жоқ,
Сырласар жан қалмады.
Араны ашып дүние-боқ,
Жаншыды тірлік салмағы.
Кінәмшіл келер кәрі адам,
Дейтіні бар-ау: «Шал деме!»
Аумаймын жас баладан.
Қитыға түсем әр неге.
Өкпем таудай жолдасқа.
Заманды да жазғырдым.
«Біз шырқаған ән басқа,
Даңғырадан мәңгірдім».
Табиғат заңы шара жоқ,
Дауасы жоқ кәрілік.
Кірмеген есі бала боп,
Сөзімнен қалам жаңылып.
Өте шықты жас дәурен,
Желдетіп жауған жаңбырдай.
Шығыспай доспен, жастармен.
Кеткенім жөн-ау алжымай.

Көзі қарақты оқырман жалығып кетпесін деп аздап кідіріс жасайын. Қазақтың қара өлеңінде мынадай жолдар бар:.

-Қара нар жүк көтермес бел кеткесін,
Кең жайлау құлазиды ел кеткенсін.
Бірге өскен кішкенеден беу, қарағым!
Күлермін кіммен ойнап сен кеткенсін?

Сіз бен біз саяхат жасаған қоныс –қыстақтардың денінде бүгінде ел қалмаған. Бұл- уақытша құбылыс. Халықта бар сөз: « Иесіз жер – жау шақырады». Құдай содан сақтасын. Осы жолдарды қағазға түсіргенде мені сағыныш буады. Құлазып кетемін бір түрлі. Іле қунай бастаймын. Сондағы мені демесіндейтін қуат- туған ел мен жерге деген перзенттік махаббат. Сондай сәтте кәрі көкіректен жыр төгіледі.

***

Бар қазақ- бір қазақ, кең қолтық дүр қазақ,
Қасынан досы көп, халықпыз бір ғажап.
Достықпен сыналған, мейманын құп алған,
Дос тұрмақ дұшпанын, төріне шығарған.
Алдына ас қойған, құрметтеп бас қойған,
Қас болып келгендер достасып аттанған.
Кең пейіл даладай, аққөңіл баладай,
Батагөй аңқылдақ, қарттары данадай.
Төзімнен нәр алған, шыдамнан жаралған,
Қазақтың аруы -ақ таңы, ақ арман.
Шынардай шыңдағы, қарысып сынбады,
Намыстан жаралған қазақтың қыздары.
Ананың құрсағы, ырымдап тұмсаны,
Болсын деп тілеген жігіттің сұлтаны.
Жар бол деп –Жасаған! Қалдырмай батадан,
Төлбасын атасы -Ербол деп атаған.
Халықпыз сөз қонған, тілегі ем болған,
Содан да ұланы шетінен ер болған.
Әр ісі кәделі, тұп –тұнық әлемі,
Ішіңді ерітеді, жып-жылы сәлемі.
Құшаққа алады, суыңды табады,
Дос тұрмақ қасына, түйілмес қабағы.
Жөнсізден қашықпыз, білмекке асықпыз,
Дүниеде кім сұлу, бәріне ғашықпыз.
Халықпыз қаугөрік, азырақ бар желік,
Ат мініп сапарлап, жүретін сары желіп.
Сол желік қанда бар, күмбір күй әнде бар,

Жөні жоқ қазақтың, өзгеден кем қалар.
Елміз біз мәңгілік, санада бар білік,
Қазақтың жерінде, атады таң күліп.
Таулары жырға бап, сыр шертер бір ғажап,
Бұлқынар бұлақтар, күлкіңді ұрлап ап.
Даласы гүл өңді, сұлудай іреңді,
Қазақтың өзіндей, өзендер мінезді.
Жеміріп жағаны, екпіндеп ағады,
Бөгесін-бөгетті, төңкеріп салады.
Құт мекен жер жүзі, ұғып ал сен мұны,
Даладан ауысқан, қазақтың кеңдігі.
Исламият дініміз, содан да іріміз,
Пайғамбар үмбеті,құдайдың құлымыз.
Бабалар әруағы, қолдады, қорғады,
Рухы жебейді, демесін ол дағы.
Жер де кең, ел де кең, кілемдей гүл белең,
Даладай аңқылдақ-Қазақпыз біз деген!

Менің балалық шағым өткен өңірде Арқаның ірге (жатаған) таулары бой көтерген. Содан да тауды көрсем басына шыққым кеп тұрады.

***

Кең дала тапқан таудан жарасымын,
Бір сол деп сыйға тартқан бар асылын.
Өрмелеп құзар шыңға өршіл өскен,
Мен дағы таулы өңірдің баласымын.
Тыңдатып жартастарға жастық әнін,
Тырмысып қиясына бақ сынадым.
Шөл басып қыз күлкілі бұлағынан,
Беткейде көк жуасын ащыладым.
Көз салып гүлді өңірге биігіңнен,
Тәнті боп құзар шыңға сүйініп ем.
Не жетсін туған жерге көз салғанға,
Өзінің шоқысы мен биігінен.

(1964 ж. Шажағай)

АЛАБАС

Алабас-Қызылтау (Шет ауданы) ауылдық округіне қарасты тау. Айғырұшқанның терістігінде тұрады. Ара қашықтығы жеті-сегіз шақырым. Таудың атауы сырт бітіміне қарата қойылған. Басқаша дерек жоқ.

Алабас -атына сай ақшыл тасты,
Өзіне жалт қаратқан дос пен қасты.
Алыстан ағараңдап көз тартады,
Күн көзіне құбылып бұжыр тасы.
Батысында Ақтауға жонын беріп,
Ортауға сес көрсетер төсін керіп.
Сырт беріп Қызылтаудан паңданады.
«Сәлем етіп жүреді бұлттар келіп».
Дегендей астамсиды Алабас тау,
Болғанмен басы оның жалаңаштау.
Кезінде қойлы байлар мекендеген,
Қыс бойы қара жатар құнарлы тау.
Ырысын табиғаттың артық көрген,
Құнарын өзендерге сарқып берген.
Мырза қолды ақжарма кең қолтық тау,
Мал –жанға құнарымен тыныс берген.



Алабас ақ тастақты келеді. Атауы сырт бітіміне қарата қойылған. Ұшар басы алашабырланып тұрады. Содан да Алабас атауы өзіне жарасады. Құнарын қойын –қолтығына бүкпей сай-сайдан бастау алатын жылғаларға сарқып береді. Жылға –жыралар маңайындағы жыланшық өзендерге асығады. Алабасты- мырза тау десе де болады. Бұл биік- көпті көрген көне тау. Ерте кезеңдерде (XY111-X1X) Алабасты Тарақты атадан тарайтын Әлі рулары мекендепті. Қоныс тарлық етті ме, болмаса бас араздықтан ба, Әлілердің рубасы Байқошқар қарамағындағы ауылдарды (әлі тарақтыларын) бастап Балқашқа құлап, одан сырғи-сырғи Абыралы өңіріне (бұрынғы Қарақаралы үйезіне, кейіндегі Семей облысының құрамындағы) тұрақтаған екен. Әлі атаның көшбасшысы Байқошқардың ауызша деректерге қарғанда беті қатты адам болыпты. Ағайыны Байғозы батырмен сиыспапты дейтін еді тарақтының үлкендері. Байғозы батыр: «Байқошқар дегенше Байшошқа десеңдерші деп отырады екен. Кейбір шежірелерде ол кісінің есімі жаңылыс Байшошқа деп аталып жүр. Байқошқардың (Семей жақтағы) мазары күндік жерден көрініп тұратын көрінеді. Ұрпақтары оны айрықша пір тұтып Бапаң дейді екен. Бейітінің басына түнеп мінажат етіп жүретін көрінеді Оның зираты «Семей –Қайнар» күре жолының тұсында Тойөткен өзенінің бойында тұр. Байқошқар Сұлтанкелдіұлы батырлығымен бірге қиыннан қиыстыра сөйлейтін шешен болыпты. Шежіреде Тарақты- одан Қармыс- одан Әлі- одан Сұлтанкелді, одан Байқошқар- одан Тышқанбай, Жолбарыс, Қабыланбай туады делінеді. Байқошқар бастаған Әлі тарақтыларының Алабастан сырғып кетуін бас араздыққа жаткызуға әсте болмайды. Мәселе қонысқа тіреліп тұр. Тарақты ұлысы Арқаға Сыр бойынан (1730-40) сырғып келген. Қаракесек- Қуандықтың жапсарынан жер алып, ірге кеңіткен тарақты ұлысы Совет өкіметі орнағанға дейін екі болысқа жеткен болатын. Былайғы кезеңдерде Ортау, Қызылтау, Ақтау, Алабас өңірінің құйқалы жерлері Алтай-Қарпық руларына тиесі боп келген. Алабасты Алтайдан тарайтын Қалыбек аталар қоныстанған. Хан Кененің жүз басы болған Қалыбектен шыққан Домалақ батыр Алабастан түлеп ұшқан қыран болатын. Өлке тарихына зер салғанда Алабастың төңірегі төрт ата Қалыбектің- Атаң (Құттымбет), Алтыбай, Талас, Қарашаның жері болғанын білеміз. Бұл атыраптың топырағына қазақ өнерінің бұлбұлы Шабал Бейсеккызының кіндігі шыланған. Осы ата ұрпақтарынан ата қоныс Алабастан тапжылмай шарауа қожалығын дамытып түпкілікті ірге бекіткен Төлеутайұлы Мұқатай қажыны нағыз дала қазағы десе болады. Далаға, ата мекенге деген риясыз құштарлық ұлттық рухымыздың қозғаушы күші. Даладан күш алып қанаттанған ұрпақ қазақ елінің келешегіне адал қызмет етеді деген сенім басым аға буында.

ҚАРАМАТАҚ- САРЫМАТАҚ

Аюлы, Қараматақ, Сарыматақ,
Қартайған адамдайын ұзақ жасап.
Көнерген кейпіменен көз тартады,
Осы жағы жұмбақтау- неге матақ?
Матақтың іздеп бақтым мағынасын,
Түрі жоқ еңбектерден табылатын.
Сияқты арап сөзі, парсы сөзі,
Түп төркіні «мәнтақ» боп бұрды басын.
Жер атында болмайды нақты дерек,
Артық кетіп опынба сақтық керек.
Көнерген түрік сөзі «матақ» деген,
Жақұттың жұртында да бар ғой дерек.
Ізденісті мен-дағы бастап кеттім,
«Матасқан» деген сөзге елең еттім.
Өзіміздің кәдімгі төл сөзіміз,
Жұмбақтап не қыламыз оның несін.
Маталып тау тізбегі іркес –тіркес,
Бір –бірінен алшақтап ірге бөлмес,
Матақ сөзі - шомбал тас мағынасы,
Ғалымдар жорамалды оғаш көрмес.

Сарыматақ, Қараматақ шоқылары (таулары) Айғырұшқан шоқысының шығысында тұр. Осы екі шоқының шығыс сыртында 15-20 шақырым қашықтықта Аюлы биігі тұр. Бір –бірімен іркес –тіркес матасып тұрған тау жоталарының қолтық-қойнауы құнарлы. Сай-саласында шоғыр – шоғыр тал, мырза теректер бой созады. Есепсіз кесіліп селдіреп қалған даланың өрімталы бүгінде бір –бірінен шанжаулап кеткен. Осы таулардың қолтығына бұрынғы Кәрім Мыңбаев атындағы кеңшардың №1 бөлімшесі орнаған, бүгінде жұрты ғана жатыр.

Бұл атырап Совет өкіметі орнағанға дейін Ақмола үйезіне қараған екі болыс (Қойтас-Сораң болысы) тарақтылардың мекені болған. Тарақтының Апай бұтағына жататын аталарының қыс қыстаулары еді. Жобалағанда Орынбай қыстауы, Сәтбай қыстауы, Төрекелді мен Төлеп қыстауы, Балпаң қыстауы, Бекмолда қыстауы боп бір –бірімен жалғасып жатады. Қыстау иелері Төркелді мен Төлеп, Бекмолда Еркебұлан батырдың кіндік ұрпақтары. Орынбай, Сәтбай ағалы- інілі боп келеді. Орынбай малды болған. Сәтбайдың билікпен аты шыққан. Сөзшең тілді келген Сәтбай шешеннен сөз қалған. Ақмолаға сапарлап бара жатып бір үйге түсе

қалса, кергіме әйел биді қошуаға ала қоймапты. Немкеттілеу кейіпте: «Отырмадыңыздар ма?-дегенде, Сәтбай шешен: «Сөзің бар болсын! Тақыр жерде мен отырмын, тарғақтай боп сен отырсың!?» деп етегін қағыныпты. Орынбай - Сәкеннің әкесі Сейфолламен қарым- қатынасы бар құдандал болған. Сәкен қашып (1919) жүргенде, Әулиеата жаққа Орынбайдың ауылынан аттанады. Бай ақынның қасына ауылдасы Сапақты қосып беріп Сәкенді Аюлы-Матақтан Шуға аттандырып салады. Шежіре дерегі бойынша бұл аталар былайша таратылады. Тарақты- Қармыс- Апай (Тоқтауыл бір баласын апасына берген)- Бақшуақ- одан Қошқар, Нияз; Қошқардан-Байбазар, Ерәлі.Жәнібек; Жәнібектен-Мықтыбек, Орманбек, Шалқарбек, Әбіл, Сәтбай, Орынбай туады. Сәтбайдан-Әлжан, Сәкен, Ысқақ (Аю), Мырзекей туады. Сәкеннен- Шәкәрім-одан Мағыжан, Болат, Қанат; Ағыжаннан-Бекзат, Серікболсын туады, Болаттан-Әміредин туады. Орынбайдан- Ахмет, Қасен туған. Қазыбектен- Телібай, Бөлекбай, Баймұрын тарайды. Бәрінен ұрпақ бар. Қараматақтың бір сайы Балпаң қыстауы делінген. Балпаң (шын аты Дүйсенбай) бай болған. Өз қойын өзі бағады екен. Тарақтының Әлі атасына жатады. Әлі... одан Бәкіжан-одан Дүйсенбай (Балпаң)- одан Орынбасар-одан Таңат, Қанат, Болат, Дулат туады. Орынбасардың Таңаты Қызылтау ауылдық округінде шаруа қожалығын ілгерілетіп мал өсіріп жатыр.

Жер-су, қоныс-қыстақ, тау –тас тапжылмай тұрғанымен, шер-мұңын, зар –наласын жер тынысына, даланың сарнауық желіне жолдайды. Қамкөңіл Жер Ана екінің біріне ашыла бермейді. Дала да адамша «ухілейді», мұңаяды, қайғырады. Кезеңдінің кезінде шаттанады, ажары ашылып нұрланатын кездері болады. Жердің даланың сондай-сондай серпілісін жан дүниесімен сезіне білетіндер түп қазықта (ауылда) қалып жерге де, ауылға да басие болады деп сенейік.

Бүгінде (2018) Сарыматақ тауының етегінде Мұқатай қажының ауылы отыр. Кезінде Кәрім Мыңбаев атындағы кеңшарда шаруашылық басқарған Төлеутайұлы Мұқатай совхоз бөліне бастағанда Сарыматақ қыстауына орнап, жеке шаруа қожалығын құрған еді. Әкеден алған тәлімді еңбекпен ұштастырған Мұқатай қажының балалары (немерелері) Сарыматақтың бауырын ақтылы қойға толтырды. Келешекте бұл шаруа қожалығы орнаған өңір «Мұқатай қажы қыстағы» боп қалатынына сенімім кәміл. Жерден кіндігін үзбеген ұрпақ (қазақ) түбінде озады. Жердің аты да, заты да соларда қалады.

ШОЛАҚ БЕКЕТІ

«Шолақ бекеті» деп аталатын жер Ақадыр кенті мен Қызылтау ауылының (бұрынғы «Қызылтау» совхозының) тең орталығында. Бұл тұс (бұл өңір) Кеңес өкіметінен бұрын Тарақты аталардың қыс қыстаулары болыпты. Сай-саласынан бұлқынып бұлақ ағып жататын қалың адырдың қолтық -қойнауында ескі қыстаулардың орны әлі де бар. Едіге қыстауы, Тайжан батыр қыстауы, Жұматай қыстауы (бұлар тарақтының Меңлібайына жатады) «Шолақ бекетіне» жақын тұр. Едіге бай, Тайжан батыр болған. Жұматай кезінде (Жұматаев Жақанның үлкен әкесі) старшын болған екен. Бекеттен әрі қарай Есімбек сораңы, Елші сораңы басталады. Қойтастың іші-тысы толған көң болған. Сағал-Сапақ аталардың қыстаулары сол тұс. «Қайранбек қорасы» «Шолақ бекетіне» тиіп тұр. Қайранбек- кәсіпкер Мұрат Қайранбековтың үлкен әкесі. Рахымжан болыстың Сарыжалы, Мұқай қожаның қыстауы бекеттен алыс емес. «Шолақ бекеті» деп аталған қыстақ «тарақтылардың қонысы» деп жалпылай аталатын еді. Шөкең көзі тірісінде осы тұста «Шәкім қыстауы» біздің көң болатын деп анықтап кетті. Қарағанды лагері таратылып, сотталғандарға кешірім жасалған (1953) қарсаңда құрылған «Қызылтау» совхозының Ақадыр кентінде тірек қоймасы (базы) болған. Пойыздан түсірілген жүк сол қоймадан совхоздарға жүк машинамен жеткізіліп тұрған. Қысқы боран, көктемгі лайсаңда жүк машиналар керуені «бекетте» аялдап, жан шақырған. Бүгінде (2018) «Бекет» аталған қыстақтың орны ғана жатыр. Қыстаудың бұрынғы тұрғыны (иесі) Шолақ Шәкімұлы да өмірде жоқ. Балалары ата қоныстан тапжылмай отыр.



***

Шәкімұлы Шөкең де батыл еді,
Аңқылдақ пейлі кең ашық еді.
Мінезді нағыз қайсар болды сабаз,
Кісілігі тірлікте асып еді.
Майданда қан кешкен ғой есіл сабаз,
Артынан келген екен «қара қағаз».
Ажалсыз кісі өлмейді бекер болды,
Жаңылыс жағдай болған оған шара аз.
Өшірмей жүрегінің отын жақты,
Еңбекке ентеледі - түйе бақты.
«Бекет» деген қоныста отырды ол,
Жанның бәрін дос тұтып, құшақ ашты.
Ауылға соқпай өткен жолаушыға,
Асырып төбесінен мылтық атты.
Ұрыдай қолға түскен сүмірейтіп,
«Кір үйге!» деп зекіріп, есік ашты.
Алдына қымыз қойды, шұбат қойды,
Жолаушы жал –жаяны тіске басты.
«Соқпай өтсең әгарда бұдан былай,
Дегіземін қиқар шал кісі атты».
Майдангер Шолақ ерек мінезімен,
Еліне елеулі боп есте қапты.
Үбірлі-шүбірлі боп өтті өмірден,
Ұрпағы қара ормандай арты жақсы.
Майдангер қоныс еткен осы қыстақ,
«Шолақтың бекеті» боп есте қапты.
Даладай аңқылдаған мәрт мінезді,
Өтті ғой бұл өмірден нелер жақсы.



Шолақ Шәкімұлы Тарақты руының Қыдырынан тарайтын Көпсары атаға жатады. Бұл аталардың дені Арқаға (Ақмола үйезіне қарайтын екі болыс тарақты) коныстанған екен. Көпсарылар шежіреде Құдайназар, Күңбас, Талас деп аталады. Ескілікті шежірелік аңызда бұл ата балалары ұйымшыл ынтымақты болған. «Мына өңшең сарылар кімдер?» деп таңырқайды екен жапсарлас отырған Қаракесектің жақсылары. «Е, бұлар Құдайназар, Күңбастың бөрілері емес пе! Меңілбай байдың сойыл соғарлары шетінен» деп және қосарлайды білемін сырт көз. Тарақты шежіресінде Меңлібай, Наймантай, Көпсары бір туған деп көрсетеді. Арқаға

бұрынғы Ақмола үйезіне Қаракесек, Қуандықтың жапсарына кеп орнаған тарақтылардың дені (кейінде екі болыс тарақты аталған) осы үш ата болған. Ауыз бірілігімен, бауырмалдығымен аты шыққан бұл ата балалары ел аузында «Көпсары» аталып, содан бұл жанама есім руы атына көшкен. Меңлібай бай: «Наймантайым сырттаным, Көпсары жұлқарым, бұлар тұрғанда мені жау алмайды дейді екен. Көпсарыдан атақты қос мырза Сағал, Сапақ шыққан. Бұл атаның Талас бұтағынан тарайтын Майшораның (қырық жігіт ұстаған) даңқы кезінде (1916-1927) Ақмола, Қарқаралы уезіне белгілі болған еді. Майшора маңына топ жиып қырық жігіт ұстаған кезең қазақ даласында белең алған ұлт азаттық (1916) қозғалыспен тұспа –тұс келген еді. Майшора үш ағайынды болған. Көпсары (шын аты Күңбас) одан Талас... одан Тәжібай, Майшора, Молдашора тарайды. Тәжібай кісілікті болған, Молдашораның серілікпен аты шығыпты. Майшора маңына жігіт-желең жиған. Алғашқы талпынсын салдықтан бастапты. Бұл қазақта бар дәстүр. Майшораның маңына жиылғандар шетінен өнерпаз-әнші, жыршы болған. Тақымынан көкпар бермейтін, ат үстіндегі сайыста жан шақ келтірмейтін білекті жігіттер ел аралап сауық құрған. Майшораның бұл өнері ел жуандары би –болыстарға ұнамайды. Осыдан барып, Майшораның тобына (салдығына) қарсы күштер «бұлар ел бірлігіне нұқсан келтіретін қарақшылар» деп оязға арыз түсіреді. Бұл қарсаңда Майшора жігіттерінің қатары молығып, бес қаруы сай жасаққа айналады. Қойтас-Сораң болысын басқаратын Сағалдан шыққан Рақымжан болыс ояздан нұсқау алып, Майшора жігіттерінің (бүлікші топ) соңына түседі. Осыдан екі жақты тартыс басталады. Майшора біразға дейін беріспей келген. Ақыр -соңында Рахымжан болыс Майшораны қолға түсіріп, оязға тапсырады. Майшора тұтқыннан жаңа орнаған қызылдар үкіметінің рахымына ілігіп елге оралады. Қырық жасында өз ажалынан көз жұмған екен. Артында ұрпақ қалған.

Шәкімұлы Шолақ Көпсарының Жанқарасынан шыққан. Жанқара заманында Байғозы батырдың оққағары болыпты. Шөкеңнің өз әкесі Шәкім қара қайысқа жан бітіретін асқан өрімші болған екен. Ол кісінің қолынан шыққан қамшы кәделі болған. Әкесінің ағаштан түйін түйетін ұсталығы Мұсатайға ауысқан. Ақадырда тұрды. Мұсекеңнің жасаған кәшауасын, шанасын көзіміз көрді. Көпсарының Жанққарасынан тарайтын үш ағайынды Бисмақ, Байсымақ, Сүлейменнің еті тірі болған. Байсымақ сасық ырысты бай болыпты. Кәмпеске қарсаңында (1920-1928) інісі Сүлеймен екеуі оңтүстікке қоныс аударған екен. Байсымақтан тұқым қалмаған. Бисымақтан Кенеш, Тапал туады-олардан Елубай, Орал туған. Сүлеймен Әулиеатаға орнап тұрақтап қалған. Бүгіндегі Тараз қаласына. Сүлейменнің Ыбарайымы Ұлы Отан соғысының қаһарманы. Соғыста мергендікпен аты шыққан. Қазақ халқының батыр қызы Мәншүк Мәметова екеуі бір окоптан жауға оқ боратқан. Екеуі бірлесіп үш жүзден аса жаудың көзін жойған. Мәншүктің қазасынан

кейін көп кешікпей Ыбырайым да оққа ұшады. Оның ерлігі майдан даласына таралып, одан тылдағы елге жетеді. Белгісіз бір себеппен Ыбырайымға батыр атағы берілмегенімен, оның есімі қазақ халқының жүрегінде берік сақталып келеді. Тараз қаласының бір көшесіне Ыбырайым Сүлейменовтің аты берілген. Кіндік қаны Арқа даласына тамған аталас туысқаны Ыбырайым батырды Шолақ Шәкімұлы аузынан тастамайтын еді. Бала күнімізде онымен асықты бірге ойнап едік деп отыратын. Келешекте Ақадырдың бір көшесіне дүниежүзілік екінші соғыстың каһарманы Ыбрайым Сүлейменовтың есімі берілгені жөн болар еді.

Шөкеңнің арты жақсы. Кіндігінен он бала өрбіген. Балалары Сәткұл, Рысқұл, Мәткұл ата қоныстары Қызылтауда тапжылмай отыр. Кіндік қандары тамған Бекет қыстағын (Шолақ бекетін) қастер тұтады. Балаларын (немерелерін) ырымдап «қара қоныстың» қордасына аунатып алады.

ҚОҢЫР ТӨБЕ

Қоңырайып тұрады Қоңыр төбе,
Көмкерген ой мен қырын кер бетеге.
Бұл өңір атанады «қалмақ қырған»,
Айттың деп жазғырмаңыз мұны неге.
Бұл маңда болған екен жаумен егес,
«Қалмақ қырған» атауы тегін емес.
Болыпты осы маңда қырғын соғыс,
Мәлімдеп тұрғандай-ау қыр мен белес.
Меншіктеп алу үшін жер құнарын,
Қазақтың өшірмекке теңдік әнін,
Орнапты осы маңға қалың қалмақ,
Қазақтың шайқамаққа дәулет –бағын.



Усаншор атаныпты алып ноян,
Қазақтың бірін қоймай қырып жоям.
Деп биікке шатырын орнатыпты,
Жар салыпты «қазақтар, кәне таян!»
Қазақ қолы қарсыда шеп құрыпты,
Құт қонған момын төбе деп тұрыпты.
Бұлағы мың сан қолға төтеп беріп,
Қайрағы лыпытыпты кекті үмітті.
Абылай өзі бастап қазақ қолын,
Шоқыдан бақылапты оң мен солын.
Қоңыртөбе- зорайып қапелімде,
Қара бұлтай басыпты жаудың көгін.
Жел тұрып ұйқы -тұйқы құйын ойнап,
Жер мен көк тұтасыпты, салып ойнақ.
Биіктегі шатырын қалмақтардың,
Жел қуып, домалатып кеткен айдап.
Ұранға ұластырып кекті жырды,
Қазақ қолы екпіндеп шепті бұзды.
Дем беріп қазағына кең даласы,
Шайқаста қалмақ жағы көп қырылды.
Кең мекен айырам деп ардақтыңнан,
Қырыстанып қалмақтар салмақ қылған.
Мақсаты орындалмай қырғын тауып,
Содан да атанған ғой «Қалмақ қырған».

Осы өңірдің неліктен «Қалмақ қырған» атанғаны жөнінде нақты дерек ел есінде сақталмаған. Үлкендер (әкелеріміз) айдаладағы обашықты (дөңкиген) көрсе, «қалмақ обасы ғой» дейтін. Демек, мұндай обашықтар қазақ пен қалмақтар арасындағы қырғын ұрыстардың белгісі десе болады. Қалай болғанда да осы атырапта қырғын ұрыс болғаны ақиқат. Бұл шайқас дәл осы «қалмақ қырған шоқысында» қашан, қай кезеңде өтті дегенге нақты жауап жоқ. Ауызша тарих саналатын шежірелік деректе (көне көздердің айтуы бойынша) ерте кезеңдерде ел тұтқасын (осы маңның) Қоңыр төре ұстаған болса керек. Нақты есімі шежіреде әр қилы аталады. Әз Тәуке ханның баласы делінеді. Сол төре бүгіндегі (Қызылтау ауылынан 15-20 шақырым қашықтықта, батысында) Қоңыртөбе шоқысын мекен еткен. Бара-бара таудың Қоңыртөре атауы қоңыр төбеге ауысып кеткен.Сол кезеңде (XXYIII) қалмаққа қарсы Қазақ қолын бастап «қалмақ қырғанда» жеңіске жеткен Қоңыр төре еді деген емес-еміс дерек біздің де құлағымызда қалды. Бұл маңның бір атауы «зауыт»делінеді. Соғыс (1941-1950) жылдарында қорғасын өндіретін кеніш болған. Қоңыртөбе шоқысы бүгінде (2018) дүбірлеп жатыр. Сонау қияннан -Бай-Өлгейден туған даласы Қазақстанды аңсап жеткен бауырлар (оралмандар) атап айтқанда,

Мінтә қажының балалары және басқа да туысқандар Қызылтау ауылына көшіп кеп орнаған еді. Келген жылдан бастап тынбай еңбек еткен ағайындар ата кәсіп мал шаруашылығымен айналысты. Қоңыртөбе қыстағына орын теуіп, үй –қора салды. Табиғатпен етене жақындықта еңбек етудің арқасында - Дандан, Бикан, Медиеш, Батыр, Мұратша, Қуаныш, Шәдет, Бақытжан, Болатқан сынды азаматтар Қоңыртөбе баурайын дүбірге толтырып, мал өсіріп, жан өсіріп жатыр. Қызылтау өңірі оралман бауырларға құтты қоныс болды.

ШАҚҚАН МЕШІТІ

Бетке алдым Қызылтаудың терістігін,
Арғымақша арындап менің жырым.
Жаяулаған сиқыма қарамастан,
Батпандап иығыма артты жүгін.
Кедейліктен қорлықты көріп жүрмін,
Тезегін «жүйріктердің» теріп жүрмін.
Арғымақтың жалына қолым жетпей,
Нәпақамды жаяулап теріп жүрмін.
Ыңыршақ жыр торысын жолға салдым,
Дейтіндер сырт береді- «қолдасармын».
Қиялыма қапелім қанат бітіп,
Қыранша парлап ұшып кете бардым.
Қанат бүгіп Қызылтау етегіне,
Қиялдың кете бермей жетегіне.



Шаққан қажы мешіті

Мешітіне Шаққанның көзім түсіп,
Жүрегім шаншып кетті қапелімде.
Мешіттің арса-арса орны жатыр,
Осы ғой опасы жоқ дүние ғапыл.
«Жалғызағаш» атанған бұл атырап,
Мал-жаннан адаланып сұлық жатыр.
Ұшқан құс, жүгірген аң көрінбейді,
Сараңсып бұлт көбесі сөгілмейді.
Түксиіп қырыстанып тау қабағы,
«Қолыңнан не келеді сенің» дейді.
«Атанып қартайғанда жаяу ақын,
Не қыласың әспеттеп таудың тасын.
Қалаға орнап одан да алмаймысың,
Ақылдан жаңылған-ау сенің басың?»
Деп тұрғандай болады тау түнеріп,
Талайлар тая соғып серті берік.
Атақ қуып жүргенде, ақша қуып,
Дейтіндей мұңаямын сені көріп.
Жөн-ақ қой мені есіркеп мұңайғаның,
Одан да турасын айт ұнай ма әнім?
Жыр болып, жаңбыр болып төгілейін,
Бауырын бір жазсыншы құмай дарын.

«Жалғыз ағаш» аталатын бұл өңірдің ескілікті ғұмыр-дерегіне ой жібергенде, артта қалған жылдардың сұлбасы көз алдыңа келеді. Күні кешегі мамыражай (1953-2018) тіршіліктен жөні түзу белгі қалмады десе болады. Қалғаны болса (үй –қорасын) құлатып, типылдап жатырмыз. Қызылтау елді мекенінің бұл маңы да бос қалуға айналды. Жалғызағаштағы қыстау « Мешіт» аталатын еді. Шаруашылықтар (совхоз) таратылған соң, қоныс –қыстақтар атаусыз қалуға айналды. Ендігі жерде, сол өңірлердің ескілікті географиялық атауларын қалпына келтіруге тура келеді. Қызылтау ауылдық округінің құрамындағы Жалғызағаш деген жер (Советтер Одағы орнамай тұрғанда) Алтайдың Аралбай атасынан тарайтын Өмір балаларының мекені болған еді. Өмірден Дәулен,Өте, Құлтай, Кенже туған. Дәуленнен Жиенәлі туады. Жиенәлі өскен ата. Жиенәліден тарағандар Ортаудың (Ордың) батысындағы кең аңғар Ақсайға орнаған. Ақсай Жиенәлі балаларының қонысы болғанда, Жалғызағаш аталатын Қызылтаудың терістігі Өмірдің Кенжесінен тараған әуелеттің мекені болған екен. Шежіреде Құлтайдан тұқым жоқ делінеді. Өтеден Шаққан қажы шыққан, басқа ұрпақ қалмаған. Осы атаның Кенжесіне жататын белгілі жазушы Асан Жұмаділдиннің жазбаларында (« Жаңаарақа» дерекнама-2004, Битабар балуан,Шаққан қажы жөніндегі еңбектерінде) Жалғызағаштың маңызына кеңінен тоқталады.«1923 жылы бұрынғы ұсақ

болыстар қосылып, Асанқайғы ауданы аталған. 1924жылы Асанқайғы ауданының орталығы Жалғызағаштағы Шаққан Ахмет қажының мешітінде, Кекең (Кенже) ауылында болған. Шаққан Ахмет қажының медіресесінің орнына бірінші басқыштық кеңес мектебі ашылған болатын» деп көрсетеді. Шаққан қажының ғұмыр дерегін жазушы (Асекең) былайша келтіреді-« Әділбайұлы Шаққан Ахмет (1880-1934) Жаңаарқа ауданының бұрынғы Ортау болысы 5-аулында туған. Руы Алтай Аралбай. Өмір деген атадан. Ахмет сіңірі шыққан кедей отбасында өмірге келген. Туған мекені Қызылтаудың терiскейiндегі Жалғызағаш деген жер. Аралбай батырдың ортаншы әйелінен туған Өмірдің бір баласы Өтеден Үйтолы, одан Әділбай, одан Шаққан Ахмет туады. Бала молда Ахметтің тілі удай, сөйлегенде таңдайынан шаң шығады. Бетің бар, жүзің бар демей ойына келгенін айтып салады. Оны сол себептен Шаққан деп атаған». Шаққан қажы өз бетімен ізденіп көп оқыған, қажыға екі мәрте барып қайтқан екен. Зейнолла қазіретке қол тапсырып сынақтан өтеді. Жалғызағашта өзінің етінің тірілігімен мешіт аштырады. Шаққанның әдебиетке деген сауаты да мықты болған. Арабшаға жетік ол Y-YII-ғасырларда өмір сүрген бәдауи ақындарының өлеңдеріне зер салады. Халықтық жырларды (қазақ халқының) да меңгереді. Ақындық сауаты күшті болады. Кезінде Сталинге жолдаған хаты сақталған. Қажы 1928 жылы тәркіге ұшырап (кәмпескеленіп), Үйшікке (Ақтөбеге) жер аударылған. Айдалып бара жатып артта қалған еліне өлең арнаған.

Ауданым Асанқайғы, түбім Алтай,
Шыққалы елімізден болды жарты ай.
Құтқарсаң мехнаттан күшің жетер,
Жоқ еді еш жазығым, қадыр Алла-ай!
Аман бол көріскенше Алтай –Қарпық,
Ағын су, шалқар көлде жүрдік шалқып.
Қайтармыз аман болсақ елімізге,
Көрейік біз де пенде жоқтық-барлық.
Айрылған үйірінен біз бір зарлық,
Қылмадық елімізде ұрлық –қарлық,
Үкімет жергілікті қате қарап,
Біз жүрміз көк бәгөнде мүлгіп, қалғып.
Жас бала, қатын –қалаш шуылдаған,
Ішінде көк бәгөннің дуылдаған.
Төрт қырлы темір үйде- жансыз жорға,
Өлсең де стансиясыз бұрылмаған.

Шаққан қажы Аралбайдың Жабық атасына жататын Қанболаттың Жұмағұлының (Алдан Смайыловтың түп атасы) қызы Жәмиланы алған екен. Жәмила Алданның үлкен әкесі Смайылмен бір туысады. Сақаңның (Смекеңді осылай атайтын еді) баласы Зейнолла Рүстемовтің (әкесі байдың баласы

болған себепті кедей туысының атына жазылған) алдынан сабақ алып, сол үйде жатып оқығанымда (1950-1952) Шаққан қажының күміс дәуітіне қалам батырған едім. Соны күні бүгін ырым көремін. Осы өңірді, Жалғызағашты мекендеген Аралбайдан туатын Өмірдің бір бұтағы Кенже балалары шежіреде былайша таратылады. Өмір –одан Дос, одан Телібай, Елбай, Жантыбай, Ардабай, Баттал тарайды. Телібайдан-Аңғал, Әбіл, Сәдуақас,Түсіп, Мұстақай туады. Елбайдан-Ибаділда, Жұмаділда, Битабар балуан туады. Байсалбайдан-Меңдібай-одан Мақыш, Ысқақ. Бердіден-Қали, Ыбырайым, Қалидан-Рахым, Қасым, Әшім (жазушы Бұқпа Әшімовтың аталары) туады. Ыбырайымнан –Иса, Ұзақ туады. Ұзақтан- Байбол- одан Ерубай, Көшкімбай туады. Ардабайдан-Нұртаза, Зікірия, Әубәкір,Ілияс, Тағай, Шақыма тарайды. Әубәкірден – Әбдіқадыр- одан Ғалым, Қаппас, Қабдеш,Жарұлла, Жар, Ғарифолла туады. Байқаннан-Мәрллен-одан Бәдіғұл туады.

Бұл аталардан кезінде Битабар балуан (1880-1965) шыққан. Жазушы Асанның әкесі Жұмаділда (мен сол үйде жатып 8-9 сыныпта оқығанда) айтар еді. «Жалғызағаштағы біздің көңнің көк желкесінде домаланып бір тас жататын. Сол таспен Битабар алысады да жатады. Мен жалқау едім, тасты жерден көтеремін де қоя саламын. Ибаділда ағай тасты әудем жерге апарып тастайтын еді. Сол тас Битабарды шынықтырып шығарды. Күш атасын тани ма, Балуан Шолақпен де ұстасты ол кезінде. Біздің елге (аралбай, қалыбектерге) кеп жатқан Балуан Шолақ жайлауды жаз бойы думанға бөледі. Бие байланған сәскелік мезгіл еді, құла құнанмен желдіртіп келген Битабар (жасы сонда он алтылар шамасында) Ерденбай (Аралбайдың мыңды айдаған байы) мырзаның үйінің алдында сый қонақ Балуан Шолақты ортаға алып тұрған көпшілікке кеп сәлем берді де, Балуан Шолаққа: «Күресесің бе, жезде!» деп тіке кетті. Жездесіне (балуанның ғашығы Ғалия біздің атаға жатады) еркінсігені шығар десем, тентек жазған шындап барады. Балуан да білек түріліп, содан екеуі ұстасып берсін. Апыр-топыр жағаласта Балуанның молақ саусағы Битабардың белбеуіне ілікпей қалғанда, жер тіреген шолақ қолы топырақты тіке соқаша ырситып сойып түсті. Үлкендер ара түсіп күресті тоқтатып тастады» дегені бар-тын. Битабарды менің де көзім көрді. Көп сөйлемейтін тұйық адам болатын. «Жиен шырақ, сенің туған нағашың Елеусіздің Рахымжаны жігіттің жолбарысы еді. Атқа түрегеп шабатын ерсен тақымкеш болатын. Оның тақымынан серкені ешбір мықты алып көрген жоқ. Жас кетті, небары қырық жасында» деп көкірегі көрікше көтеріліп барып басылған еді. Битабар балуанның ғұмыр дерегі (Асан Жұмаділдин еңбектерінде) хатқа түскендіктен, мен ол кісі жөнінде көп айтпаймын. Битабарды шынықтырған «Балуан тас» Жаңаарқаның мұражайында тұр. Шаққан қажыдан ұрпақ қалмаған. Ол ашқан медіресенің орны ғана жатыр. Қызылтаудың (Жалғызағаштың) бұл тұсы елсіз жатыр бүгінде. «Кесік» тоғаны да тым –тырыс. Қызылтаудың сұсты бітімінен суық томсарыс байқалады. Адамдарға наразылығы бар сияқты.

II БӨЛІМ

МОЙЫНТЫ-ҚАРАБҰЛАҚ АТЫРАБЫ

Түстік шығыс бағытқа бетті бұрдым,
Шұнақтың биігіне жақын жүрдім.
Арқарлыны етектеп желіп өтіп,
Мойынты мекеніне келіп кірдім.
Дегендей мезгілсізден жүрсің нағып,
Кәрия төңіректі тұрды бағып.
«Шешенқара» биігі әне тұр деп,
Таяғын алға сермеп берді бағыт.
Мойынты және деді өзен аты,
Ертеде ағысымен шыққан аты.
Кейінде қысаңданып бұрала ағып,
Содан да қалған дейді Мойынты аты.

МОЙЫНТЫ

Бұрайын аттың басын шығыс жаққа,
Шарладым ол өңірді жастық шақта.
Жүйрікпен желе жортып төтеледім,
Қолда тұрған кезінде жүген, ноқта.
Бүгінде сән боп тұр ғой темір көлік,
«Темір көлік» кергиді мені көріп.
Қартайғанда қайтесің «рөл» ұстап,
Дегенді айтатындай сырттай беріп.
Қиялым сәтте мені алып ұшты,
Екпінімен қақ жарып көкте бұлтты.
Тоғыз жолдың торабы Мойынтыға,
Қырандай парлап келіп қанат бүкті.

Мойынты – кент орталығы. Ақсу-Аюлының оңтүсігіндегі теміржол бойындағы станса. Аудан орталығынан 180 шақырым қашықтықта орналасқан. Іргесі 1936 жылы Мойынты стансасы болып қаланған. Халқының саны 2,9 мың (2005). Жерінің жалпы ауданы -21мың гектар. Кентте мектеп, мәдениет үйі,кітапхана, пошта үйі бар. Мойынты кенті басқа елді мекендермен автомобиль жолымен байланысады. Астана-Алматы теміржолы, Қарағанды-Балқаш теміржолы Мойынты стансасының күре тамыры есепті. (Жакин М. С., «Шет ауданының топонимикасы» -2013)

***

Түстік шығыс бағытқа бетті бұрдым,
Шұнақтың биігіне жақын жүрдім.
Арқарлыны етектеп желіп өтіп,
Мойынты мекеніне келіп кірдім.





Дегендей мезгілсізден жүрсің нағып,
Кәрия төңіректі тұрды бағып.
«Шешенқара» биігі әне тұр деп,
Таяғын алға сермеп берді бағыт.
Мойынты және деді өзен аты,
Ертеде ағысымен шыққан аты.
Кейінде қысаңданып бұрала ағып,
Содан да қалған дейді Мойынты аты.
Бұл мекен атаныпты-түйе мойнақ,
Қалың ел тыныстапты еркін жайлап.
Жаз самалды болғанда қысы жайлы,
Түйе өркеші жығылмай салар ойнақ.
Бұл маңды қазақ елі ен жайлаған,
Төңірек мидай жазық бейне алаң.
Жау қарасы көрінсе тез қамданып,
Сарбаздар ат сайлаған өңшең баран.
Ертеде өткен дейді Шешенқара,
Өзі батыр, жыршы екен сөзге дара.
Үні зор бейне күннің күркіріндей,
Күмпіліндей пісілген қара саба.
Шыққан тегі болыпты Кәрсөн ата,
Кішіге ес,үлкеннен алған бата,
Қырағы ел қамқоры болған дейді.
Мал-жанды етпеген ғой көзден таса
Бір шоқыдан қарауыл қарайды екен,
Жау қарасын жаңылмай санайды екен.
Қобыз тартып сыбызғы сыңсытқанда,
Ұры -қары биікті орайды екен.

Жауды солай тұрғанда алдандырып,
Сайдауылдар шығады қылаң ұрып.
Ел шабауға келгендер жылқы алуға,
Қапылыс қолға түсер құдай ұрып.
Өнері ер жігіттің жұрттан асқан,
Айсыз түнде адаспай ауыл тапқан.
Қара түнде жанары шамдай жанып,
Қолынан талай қалмақ ажал тапқан.
Босатпай тау биігін қысы- жазы,
Халыққа танылыпты өрлеп бағы.
Шолғыншылық кәсібін жалғастырып,
Жеткенде бұйрықты ажал өлер шағы.
Қия алмай кең сахара туған жерін,
Қобызбен демесіндеп айтып сөзін.
Ел- жұртына өсиет қалдырыпты,
Болсын деп осы биік жатар жерім,
Кәрия осыны айтып жүзін бұрды,
Топшылығы селкілдеп жылап тұрды.
Қағазға кеш те болса ізі түсті,
Келтелеу қайырсам да ұзақ жырды.
Тағы бір аңыз былай айтылады,
Шындық аңыздың бұл бойтұмары.
Кең дала шежірелі көне кітап,
Үңілсең әр бетінен ой шығады.
«Шаңды жорық» тағы да сөз болады,
Шаңдатқан көш дүбірі кең даланы.
Жоңғарға ауа көшкен торғауыттар,
Мойынтыда тосқынға кез болады.
Далдалап бір шоқыны қашқан қалмақ,
Қазақ қолын тас түйін тұрды барлап.
Қайрат қылар шама жоқ көшкендерде,
Бір қалмақ дейді сонда шықты зарлап.
Әлгінің үні көкке жеткен дейді,
Шымырлатып жүректі өткен дейді.
Созғанда азалы үнін жер теңселіп,
Қара жаңбыр шүмектеп төккен дейді.
-Аз қосынбыз көбісі қатын –бала,
Тағырдың салғанына бар ма шара.
Тегіміз бір адамзат нәсіліміз,
Қырыламыз шарай көз қалай ғана!?

Жалынам қазақтардан сауға сұрап,
Дәурені озды қалмақтың сөнді шырақ.
Ата қоныс алыста жете аламаймыз,
Осы тұстан беріңдер бізге тұрақ.
Дегенде заржақ қалмақ Шешенқара,
Сабазға аянышпен беріп баға.
Қазақтың қол бастаған хас батыры,
Келіпті келісімге екеу ара.
Жолың қанды тағдырың бөлек ісің,
Осы ма елім деген ерен ісің?
Жауды аяған жаралы деген бабам
Ұйқы бөліп қайғы алдым«төбем»үшін.
Шешенсымақ екенсің жыр жаттаған,
Тағылым ала алмаймыз құр лақпадан.
Жерімде бір күн аял ете алмайсың,
Шоқы тұрмақ тасым да қымат маған.
Деп батыр бір күн мұрсат берген дейді,
Ауған ел өз –өзіне келген дейді.
Қан төгіссіз бұл тұстан аман өтіп,
Аман-есен асыпты белден дейді.
Елімнің бұған куә қыр мен белі,
Шежіре тұнып тұрған қазақ жері.
Жазықта жеке тұрған осы шоқы,
«Шешенқара» атанған содан бері.

Бұл- аңыздың екінші жағы. Ел аузында тағы бір аңыз сақталған. Шешенқара-Әз Тәуке хан заманында өткен батыр екен дейді. Қалмақ шапқыншылығына ұшыраған жұртты Арқаға байырқалатып ғұмыр бойы шолғыншы боп өткен. Қалмақ пен қазақ арасындағы бітімшілікте жүріп өткізген ғұмырының денін. Шешенқара атанған шоқы Қарағанды облысының Бұқар жырау ауданы аймағында да бар. Демек, бұл даусыз қазақ батыры. Аңыздың сарыны соған меңзейді.

***

Жарау аттай ширығып жырым менің,
Келтір деп бұйырғандай сөздің ебін.
Шешенқара қазақтың бір батыры,
Аңызды осылайша түйіндедім.
Жер көмпіс салмақшы емес саған салық,
Жүрген жөн әр төбеге назар салып.
Шешенқара қазақтың хас батыры,
Бұл тауда ескерткіш боп қалғаны анық.

Бұл таудың (шоқының) етегінде Кәрсөннің Таңыбайына жататын Ершіман байдың мазары тұр. Ершіман байға заманында бес мың жылқы біткен. Таңыбайдың Бапақ атасынан тарайды. Байлығы Арқадан асқан. Сырт жұрттың барымташылары байдың сойылынан жасқанады екен. Қолы қатты болған. Даланың көкжалы да Ершіманнан құтыла алмаған. Қасқыр соққыш болған. Таңыбайдың бір атасына жататын Тоқпайды қолына ұстаған. Ершіман байдың қолы ашық мырза болыпты. Жоқ –жітікке болысқан. Кедей –кепшікті ауыл үй қондырып, бастарына үй көтеріп, алдарына мал салған.

Ақадыр –Шет өңірінде алғашқы ас (1990) Мойынтыда Шешенқара тауының баурайында өткен болатын. Бұл асты ұйымдастырушы-Ершіман байдың кіндік ұрпағы Қасқырбай еді. Мойынты кентінің партком хатшысы бола тұра, бабасына ас беруден тайқымады. Оншақты үй тігілді. Ат бәйгесі өтті. Ас дүркіреп өтті. Астың рухани демеушілігін мен атқардым. Ертеңгі күні аупартком «ескілікті қоздырды» деп «мінез» шығара қалса, долыққа күйетін мен-ақ болайын деп Қасқырбаймен (жиенмен) уәде байласқан болтынмын. Арты қайыр, астан дау шыққан жоқ.

БАПЫ

Пойызбен әрлі –берлі сапар шегіп,
Бұл тауды жүруші едім ылғи көріп.
«Бапы» деп не себепті аталғанын.
Ой көзімен барлаушы ем көңіл бөліп.
Сөздік қорда бұл атау аталмаған,
Тас бетінде белгі боп қашалмаған.
Ерте кезең замана белгісіндей,
Мәні өзгеріп санада тосаңдаған.
Біраз кітап ақтарып көп шұқындым,
Кәрілердің сөзіне құлақ түрдім.
Кісі атына келеді мәні тосаң,
Қазақта жоқ бұл есім соны білдім.
Бұл таудың көзбен шолып төңірегін,
Асықбай сүзіп шықтым қыр мен белін.
Әріректе сорайып «Кепелі»тұр,
«Қоскеліншек»дегендей мені көрсін.
«Кепелі ме, Кете ме?! Күңгірт маған,
Жер –суға ат бергенде қазақ бабам,
Жайылым шөп құнарын негізге алып,
Жер шұрайын негіздеп атай салған.
Қойы шелді болғанда, жылқы жалды,

Күн көрістің көзі еткен қазақ малды.
«Кепе» сөзі «жапамен» ағайындас,
Тау атын соған сәйкес қоя салды.
Дегенді жас та айтар, кәрі де айтар,
Бір тосын сәйкестікті тағы да айтар.
Кәрі арқардай можа шал қабақ шытып,
Бұл аңызға келіспей басын шайқар.
Әлгі қарт тым әріден сөзді бастап,
Отырамыз оны біз үнсіз қоштап.
Төгілдіріп аңызды толғаушы еді,
Жер-су атын жаңылмай айтып нақтап.
Аян сөз әсіресіз қоспасы жоқ,
Ұйқы тыныш, болғанда уайым жоқ.
Кешегі Тәуке ханның заманында,
Отырыппыз қалмақпен қоныстас боп.
Көшпелі ел Сарыарқаны ен жайлаған,
Сары қымыз сапырып, май шайнаған.
Құдандал боп қыз алып, қыз берісіп,
Қазақ, қалмақ жайлауда қанат жайған.
Ежелден қолтығы кең дарқан қазақ,
Ойратты жан тартыпты досқа балап.
Жауды аяған жаралы болар деген,
Ата жаудан қапылыс тартқан азап.
Тұтқиылдан қалмақтар басып кіріп,
Қазақты ойрандаған салып бүлік.
Ақтабан шұбырынды кепке ұшырап,
Қазақты тозғындатқан ішке кіріп.
Түстікті Сырдың бойын түгел алып,
Қалмақтар масайраған жерге жарып.
Сарыарқаның төскейі толған қалмақ,
Қазақ қалай күн көрер жерсіз қалып?
Жер жанаты Сексен көл, Көкшені алған,
Ертісті, Есіл бойын басып алған.
Сарыарқаның сауыры жау қолында,
Балқаш пен Мойынтыға орнап алған.
Қалмақтың Бапы ноян батыры екен,
Арқаның түстік жағын қылған мекен.
Тау қойнауын үңгірлеп «кепе» салып
Тосқауыл қазақтарға қойған екен.
Іске аспай қалмақтардың бұл амалы,

Топ жиып қазақ қолы құралады.
Қоян -қолтық ұрыста Бапы ноян,
Қылышқа шаптырыпты бұғананы.
Қазақтар жауға ойран салған дейді,
Қалмақтар қозы құйрық болған дейді.
«Бапы өлген» бұл биік атаныпты,
Тау есімі содан да қалған дейді.

Аңыздың екінші нұсқасы бар. Бапы атауы ежелгі көне сөзге жатады. Түрікі тіліне жақын деп те көрсетеді тіл мамандары. Қазақ ертегісінің бір кейіпкері жылан Бапы аталады. Соған қарғанда бұл сөздің мағынасы билікші хан деген ұғымға жақындайды. Моңғол тілінде биік деген мағынаға жақын тау даген ұғымды береді дегенді (сырттан келген оралмандардан) ауыз екі сөзден естіп жүрміз. Жергілікті тұрғындар бұл сөз таудың көне атауы деп айтады. Кейінге шейін «Бапы өлген» (хан өлген) деп аталған. Қалай болғанда да бұл таудың атауында ежелгі заманаңың сорабы жатыр. Совет өкіметі орнаған жылдарда (1930) белсенділер Бапының етегінде кісі атқан. Ол жағдай ел есінде «Бапы қырғыны» деген атпен қалды. Бүгінде (2010) Бапы тауының асыл тасы (кені) тәуелсіз қазақ елінің игілігіне айналды.

ҚОС КЕЛІНШЕК

«Қос келіншек»-тагы бір таудың аты,
Аңыз қылар маңайдың кәрі- жасы.
Ақ келіншек, қарасы тағы да бар,
Аяулы екен бұлардың алтын басы.
Сұлу екен бірінен бірі өткен,
Ұрыста қырғын- жорық жапа шеккен.
Қалмақты ойсырата қазақ жеңіп,
Қос мұңлық тау ішінде қалып кеткен.
Бұларды жасырынған көз көріпті,
Олжаны бөлісуге тез келіпті.
Анталаған жат жұрттың білгірлері,
Екеуге ақырғы айтар сөз беріпті.
«Жеңген елдің бағы өсті күні жарық,
Жұртта қалған жұрынбыз біз бір ғарып.
Тағы аңша тентіреп тауда жүрміз,
Көргеніміз осы ма тірі қалып».
«Көктей солып өлмедік жастай нағып,
Жарық жалған жалп етті шоққа айналып.
Жат қолында қорлықпен күн көргенше,
Осы тауда қаламыз тасқа айналып».

Топ жиып қазақ қолы құралады.
Қоян -қолтық ұрыста Бапы ноян,
Қылышқа шаптырыпты бұғананы.
Қазақтар жауға ойран салған дейді,
Қалмақтар қозы құйрық болған дейді.
«Бапы өлген» бұл биік атаныпты,
Тау есімі содан да қалған дейді.

Аңыздың екінші нұсқасы бар. Бапы атауы ежелгі көне сөзге жатады. Түрікі тіліне жақын деп те көрсетеді тіл мамандары. Қазақ ертегісінің бір кейіпкері жылан Бапы аталады. Соған қарғанда бұл сөздің мағынасы билікші хан деген ұғымға жақындайды. Моңғол тілінде биік деген мағынаға жақын тау даген ұғымды береді дегенді (сырттан келген оралмандардан) ауыз екі сөзден естіп жүрміз. Жергілікті тұрғындар бұл сөз таудың көне атауы деп айтады. Кейінге шейін «Бапы өлген» (хан өлген) деп аталған. Қалай болғанда да бұл таудың атауында ежелгі заманаңың сорабы жатыр. Совет өкіметі орнаған жылдарда (1930) белсенділер Бапының етегінде кісі атқан. Ол жағдай ел есінде «Бапы қырғыны» деген атпен қалды. Бүгінде (2010) Бапы тауының асыл тасы (кені) тәуелсіз қазақ елінің игілігіне айналды.

ҚОС КЕЛІНШЕК


«Қос келіншек»-тағы бір таудың аты,
Аңыз қылар маңайдың кәрі- жасы.
Ақ келіншек, қарасы тағы да бар,
Аяулы екен бұлардың алтын басы.
Сұлу екен бірінен бірі өткен,
Ұрыста қырғын- жорық жапа шеккен.
Қалмақты ойсырата қазақ жеңіп,
Қос мұңлық тау ішінде қалып кеткен.
Бұларды жасырынған көз көріпті,
Олжаны бөлісуге тез келіпті.
Анталаған жат жұрттың білгірлері,
Екеуге ақырғы айтар сөз беріпті.
«Жеңген елдің бағы өсті күні жарық,
Жұртта қалған жұрынбыз біз бір ғарып.
Тағы аңша тентіреп тауда жүрміз,
Көргеніміз осы ма тірі қалып».
«Көктей солып өлмедік жастай нағып,
Жарық жалған жалп етті шоққа айналып.
Жат қолында қорлықпен күн көргенше,
Осы тауда қаламыз тасқа айналып».

Аңыз қып бұрынғылар айтып кеткен,
Үзілмей бірден бірге бізге жеткен.
Томсарған «Келіншек тау» соған куә,
Қос мұңлық құздан төмен қарғып кеткен.

Бұл аңызға үрке қараудың қисыны жоқ. Таудың кос келіншек атауы ертеден бар. Қалмақ қосыны Кете (кепе деп те айтылады) тауын үнгірлеп корғаныс тұрғызған деген де болжам бар. Кепелі көне түрік тілінде корған деген мағынаға жуық. Қазақша мағынасы күрке дегенге жуықтайды. Жерқазба, барақ атына сұранып тұр. Арқа қазақтары жерді белден казып тұрғызған баспананы жеркепе деп атаған. Олай болса, Кете (Кепелі деп те атайды) тауы да қалмақтардан қалған (қысқы қыстауы) белгіге жакын екені күдік туғызбайды. Қос келіншекке байланысты аңыз айта берсе таусылмайды. Ертегіге жуык болғандықтан бала болсақта бұл аңызды (1950) қызыға тыңдайтынбыз. Біздің ауыл(«Атасу» қой фермасы) Киікті стансасына ұрымтал (арасы қырық-елу шақырым) тұратын. Қыста аң аулайтын аңшылар Сарықұлжаның Досабай көңін қыстап отырған біздің үйге (әкей қой бағады, мен есі кіріп қалған баламын) жиі келетін еді. Есімде қалғаны Бәжімнің (Серік Смақовтың әкесі) Смағы еді. Сосынғы бір әңгімешілер Кенжеш, Ердес, Көшербай дегендер болатын. Әкеймен әңгіме соғады. Содан құлағымда қалды. Кейінде (1978) Ақадыр ауданына кеп орнап аудандық газетте тілшілікте жүргенде, Киікті стансасында тұрып жатқан үлкендерді көп тыңдадым. Қос келіншек елде - күнде жоқ асқан сұлу болыпты. Біреуі қалмақ (ақ келіншегі) нояны Қапалдың (тура атын осылайша атайды) қарындасы екен де, екіншісі нақсүйері екен. Қос сұлуға талас басталғанда, олар жартастан құлап кетіпті деп отыратын. Бертінде болған оқиғаға сәйкеспейді. Белгілі жазушы Софы Сматевтің «Елім-ай» трилогиясында бұл оқиғаның еміс-еміс сарыны бар. Біздің мақсат- есте жоқ ескілікті оқиғадан туындаған тау атауларын ұрпақтар жадына оралту боп табылады.

КИІКТІ

«Киікті- ауыл атауы, эрі теміржол сатансасына жатады. Астана-Алматы теміржол бойында орналасқан. Шығысында Бапы, батысында Аккеліншек, Қаракеліншек таулары, солтүстігінде Ақтас, Шалтас тау жоталары андағайлап тұрады. 1935 жылы теміржол құрылысына байланысты іргесі қаланған. Киікті ауылында Сыдық Мұхамеджанов атындағы мектеп, емхана, мәдениет үйі, кітапхана жұмыс істейді. Елдің елдігі мен еркіндігі үшін атка конган белгілі батыр Ағыбай Қоңырбайұлының мазары осы Киіктінің оңтүстігінде Таятқан -ТТТұнақ тауының етегінде тұр. Шертпе күйдің шебері Қыздарбек күйшінің назары да осы Киікті жерінде» (Жакин М.С, «Шет ауданынын топонимикасы» Қарағанды-2013)



Киікті-жердің аты, бекет аты.
Осы өңірдің тұғыры- кіндік басы.
Пойыз келіп станса орнағанда,
Қойылған жол бойына «Киікті» аты.
Екпіндеткен заман ғой жел көрікті,
Халық нар ғой сүйреген өрге жүкті.
Киікті деген атау келе-келе,
Қысқарып «Киік» болып өзгеріпті.
Дегенге бұл бір атау қайдан шыққан,
Бекер сөз емес сірә ойдан шыққан.
Жергілікті тұрғындар былай дейді,
Қалың киік жөңкілген осы тұстан.
Бұл маңның майда келер топырағы,
Жатағы ақбөкеннің болған сәні.
Үгіндісі ізбестің қорғаныш боп,
Шыбын -шіркей жасқаған құмырсқаны.
Ақ кірішке жатады бауыр төсеп,
Жұп -жұмсақ жанға жайлы мамық төсек.
Ыстықта ақбөкендер дамылдаған,
Мың ба элде одан да көп болмай есеп.
Жол төселіп «парабоз» келген кезде,
Жеке атау керек болған осы жерге.
Тұрғындар бір ауыздан «Киікті» деп,
Содан да мәлім болған қалың елге.
Киіктіге біртіндеп ел орнады,
Избес тасты аршыған кен орнады.



Композитор Сыдық Мұхамеджанов отбасымен

Киіктінің ақ кіріш топырағы,
Халыққа ырыс болған елдің бағы.
Өңірі бұл аймақтың таулы -тасты,
Шаруагер мал өсіріп, табыс тапты.
Теміржолшы әулеті өсіп шықты,
Болат жолдан таусылмас ырзық тапты.
Киікті- ұясы бұл хас өнердің,
Ата-баба мекені баталы ердің.
Мұхамеджанов Сыдықтың ата жұрты,
Тұғыры бұл атырап өрендердің.
Киікті Софының да туған жері,
Талантын демеген ғой кыр мен белі.
«Елім-айын» ұрпаққа тарту етті,
Елі үшін ұмытылмас төккен тері.
Бегімсал - осы ауылдың бір тумасы,
Шәкірті Қыздарбектің домбырашы.
Оқтаудай саусағымен перне басса,
Күй сазына балқыған таудың тасы.

Киікті стансасына (ауылына) мен бала жастан үйірмін. Домбырашы Бегімсалды да көрдім. Олпы-солпы киінетін мыжырайған қара шал болатын. Сөзге жоқ, көп сөйлемейтін кісі еді. Домбыраны да сылбыр тартады, құлақ күйін асықпай келтіріп барып күй екпінін бірте-бірте үдетеді. Добалдай саусақтары пернеде аттай желіп кеткенде, домбыра шанағынан бір нәзік дыбыстар күміс теңгеше шашылып түсіп жатқандай көрінеді. Әңгімеші қарттар да бұл ауылдан көп шықты. Таңыбай Көкей ақсақалды көп тыңдадым.


«Шампан шал» атанған соғыс ардагері Қалкеннен де сөз алдым. Композитор Сыдықтың әкесі Мұхамеджан ақпа шешен болатын.

Әншілігі де әлемет еді. Әкелері қажы болған екен, өзінің де діни сауаты мол еді. Сол кісіден ескілікті батаның сарынын алып қалған едім. Кейінде Балқаш қаласына қоныс аударып, арамыз алыстап кетті. Ауыл болған соң, бірді-екілі сайқымазақ күлдіргі әпенділері болмай тұрмайды. Онсыз ғұмыр-тіршілік көңілсіз тартып тұрады. Бес күндік жалғанды бір ауыз күлдіргі сөзімен, қожанасырлық мінезімен думанға бөлейтінердің де орны бөлек-ау, шіркін! Көшербай деген (руы қыпшақ) қожанасырлау кісі болды. Аралбай атадан қыз алған. Бұл атаның үлкен-кішісі Көшекеңді қылжақ қылады. Болмағанды болдыға ұластырып Көшербайды неше қилы атаққа ұшыратады. Көшекең Абай өлеңдерін жатқа айтады. «Есек артын жусаң да мал тауып кел» деген өлең жолын көбірек ауызға алады екен. Сонда бір кушыкеш балдызы айтады ғой. «Жезде әгарки мен ұлы дәретке отырып дегендей... ақысына ақша берсем артымды сүртер ме едіңіз? Сөйтіп жездесі мен балдызы «іске» кіріседі. Содан мынадай эзіл өлең туындаған көрінеді. Өлеңді шығарған Софының (жазушы) әкесі Қалыбек екен.Бұл күлкілі жайды мен ол кісінің (Қалекеңнің) өз аузынан естіген едім.

Ойласаң опасыз ғой пәни жалған,
Көшербай оңай жерден он сом алған.
Қолына түк жұққан жоқ несі кетті,
Кейінге аңыз болып аты қалған.


Көшекең балдызарымен қатты ойнайды. Ол жылары (1964) ол кісі Қызылтауда (қой бақты) тұратын еді. Көрші ауыл Босағаға (Шет ауданының құрамындағы) тойға барғанда балдыздары Көшекеңді қарасуға атып (тастап) жіберіп... өліп қала жаздағанын маған жыр қылады. «Мойныңыз қисайып кетіпті ғой» десем оны да біраз жерге апарады. «Аралбайдың қыз-қатындары жабылып кетіп аттан аударып алып...» дейді қисайған мойнын ауырсынып,- Өзімде де бар, тілімнен табамын».

Софы Сматаев
зайыбымен.



Қаламгер
Қайрат Жүнісұлы

Киіктіде Сұлтанов Наурызбай деген болды. Теміржол саласында істеді. Ол да қылжақпас кісі. Аралбай атаға жиен. Нағашыларынан аянып калмайды. Басының ақауы бар ептеген. «Менің нағашыларым шетінен қаукөрік «Қондыбайдың қырық тазы» атанғандар ғой. Солардың басының тазы маған да ауысқан» дер еді. Наурызбайдың үлкен баласы Жанғұтты да әкесіне тартқан сөзуар. Бір жолы Жанғұтты шешесі (Жезікен) екеуі Ақадырға бармақшы боп жолға жиналғанда, Жезікен келініне: «Қаздарды қарай сал» деп тапсырғанда, Жанғұтты тұрып: «Қазды да қара, тазды (таз өзінің әкесі) да қара» деп салыпты. Қазақ дәстүрінде әкесі жиеннің баласы да жиен болып келеді. Бір жолы (сексенінші жылдарда) Киіктінің байырғы тұрғыны Наурызбайдың нағашысы боп келетін соғыс ардагері (есімін атауды орынсыз көрдім) бақилық болғанда, Жаңғұтты әкесімен еріп көңіл айта барғанда, әркімге қолқабыс көрсетіп жүретін ішкіштеу басқа ұлт өкіліне жабысып (көрісіп) айрылмай қойса керек. Жиеншар Жанғұттының ондағы ілігі белгілі жағдай. Марқұм болған нағашыларының бәйбішесі басқа ұлттан. Соны сылтау қылған Жанқұтты әлгі орысқа: «Ой, божым,сорк шетворти размерлі аяқ киім киетін



Темірлан Сатыбалдыұлы салдырған мешіті.

жездеңнен айырылып... сен де қайғырып тұрсың-ау» деп орыстан жабысып айрылмайды дейді. Кеңестік кезеңде «бәріміз бірдей қара орыс боп кеттік, қазақы әдет-ғұрыптан, ұлттық мінезден (психолгиядан) көз жазып қалдық» деудің де қисыны келе қоймайды. Ұлттық дәстүрге бай (қазақы) ауылдың бірі Киікті елді мекені болғанын жақсы білеміз. Киікті-белгілі сөз ұстасы, ақберен жазушы Софы Сматевтың дүниеге келген ауылы. Қазақтың әйгілі композиторы Сыдық Мұхамеджановтың балалық шағы өткен құтты өңір. Кіикті ауылы бүгінде (2018) өзіндік келбетімен көз тартады. Орта мектепке Сыдық Мұхамеджанов есімі берілген. Киікті ауылының тумасы Темірлан Сатыпалдыұлы (аға-інілері Нұрлан, Жасұландармен бірігіп), Кииктіге мешіт тұрғызды. Бұл ауылдан, Киіктіден түлеп ұшқан қыран тегеурінді азаматтар баршылық. Қазақсанға танымал қаламы жүйрік жорналшы Қайрат Әбілдинов, белгілі қаламгер Орынбеков Есен ұлтжанды азаматтар Өміртай Жаңбырбайұлы, Сәрсенбай Нұртайұлы, Жасұлан Сатыпалдыұлы, Ордабай Ақжүнісұлы, Мұса Ғазитұлы, Бақыт Әлханұлы, Жанғұтты Сұлтанов, Бекен Тұрсынбекұлы сынды азаматтар осы өңірдің тумалары боп табылады. Ауыл мәдениетіне өзіндік үлес қосқан кітапханашы Рахмашты да туған ауылы ұмытпайды. Киікті ауылының имамы Нұртай Төребекұлы ауылдың темірқазығы іспетті. Бірлігі бекем, имандылығы кәміл, теміржолдан ризық тауып, табиғаттан қуат алған Киікті ауылының үлкен-кішісіне, еңбекте табыс, жеке ғұмырларына береке тілейміз.

ОРАҚБАСЫ

«Орақ басы» жер атауы емес бейіт сұлбасы. Қалмақтармен болған шайқаста Тарақты Наймантай батырдың баласы Орақтың шықшытына найза кіріп ұрыста опат болады. Орақты майдан болған жерге қыр басына жерлейді. Бұл тұс -Босаға мен Киікті бекетінің аралығында теміржолдың шығысындағы биік дөңестен көзге шалынады. Ақшағыл разезі мен Киікті стансасының тең ортасында тұр. Бұл араны «қалмақ обасы» деп те атайды. Қалмақтар өлгендерін (ұрыста қаза болған) бір жерге үйіп, басына обашық қалдырады екен. Сондай обалар әр жерлерде бар. Халық жау қорымдарын «қалмақтың көр обасы» деп атайды. Шариғат заңында, ескілікті ғұрыпта ұрыс даласында ерлікпен жан тапсырған сарбаздарды сол өзі шәйіт болған, қаны төгілген жерден ұзатпай жерлейтін тәртіп болған. Бейіт соғуға мұрша қайда? Қазақтар да марқұмның басына тас үйіп белгі қалдырған. «Орақ басы» кейінгі кезге дейін алыстан көзге шалынып тұрған. Нобайы әлі де бар.

(Ел аузынан)

Жас ұрпақ сыр ұғады оба тастан,
Не қырғын үргін -сүргін өтті бастан.
Ақадыр мен Мойынты арасында,
Бір жер бар «Орақ басы» қалмақ қашқан.
Орақ кім баяндайын соның жайын.
Ер екен жау қашырған сайма-сайым.
Әкесі Наймантай да батыр болған,
Кім білмес тарақтының Наймантайын.
Марғаулық жараспайды саналы ұлға,
Күнде аттан қағынып тұр заманы да.
Наймантай жастан атқа қонған екен,
Жиып ап күш-қайратын қабағына.
Атанып жастайынан жеке батыр,
Басына қайратқа сай қонған ақыл.
Ересен қамшыгерлік қайратымен,
Еткен ғой кас дұшпанды ақыр-тақыр.
Қазақтың көз алартып қонысына,
Сан ғасыр жалықпаған алысуға.
Қалмақты өрттей ұйпап күл қып шашқан,
Қатысқан «Аңырақай соғысына».
Өткерген керт басынан талай жорық,
Жапырып қалың жауды түскен орып.
«Батыл бол батыр болсаң Наймантайдай,
Әз Тәуке айтқан дейді риза болып.
Сүйіпті үш әйелден он сегіз ұл,
Көргіштің сұғы өтіп, тимесін тіл.
Дегендей қозы атын тіркей берген,
Жүректі өңшең қозы шетінен дүр.
Аққозы, Атақозы, Бұйрақозы,
Есқозы, Жанқозы мен Есенқозы.
Байқозы, Қарақозы, Орқозы да,
Шетінен жау түсіргіш болған жолы.
Жақсыдан сөз қалады мағыналы,
Батырды елі қолдап табынады.
Қозылар шеттерінен көкжал болып,
Атанған Наймантайдың қабыланы.
Жас пері төрт -бесеуі соғыста өлген,
Бірәзі жат өлкеде ырзық терген.
Бір Қозы Бұхар барып ел билеген,

Бауыр боп кеткендейді өзбектермен.
Ерлікпен Наймантайдың шыққан аты,
Бақ қонып, домалаған өрге тасы.
Ересен қайратымен көзге түскен,
Орқозы-Орақ деген бір баласы.
Аяулы аймағына алтын басы,
Үйірілген Орқозыға дос пен қасы.
Орақша жауды орып жапырғансын,
Шығыпты Арқа елінде Орақ аты.
Ескі көз кәриялар етер баян,
Бұл соғыстың Арқада болғаны аян.
Арқаға қалың қолмен баса- көктеп,
Кіріпті қырып- жойып Қапал ноян.
Наймантай сол ұрыста қол бастаған,
Таңыбай, Жидебайлар жол бастаған.
Мойынты- Ақадырдың арасында,
Қалмақтар ұрыс салып ойқастаған.
Қапалдың қайтар емес беті қатты,
Жапырды көктей орып талай жасты.
Қырғында шықшытына найза кіріп,
Қапылыс Орақ батыр ажал тапты.
Жау жүрек батырлардың қатарында,
Дем беріп қайтпай соқ деп батыл ұлға.
Қазасын Орағының қанмен өтеп,
Наймантай келген дейді қаһарына.
Батқандай қарт батырдың күн мен айы,
Қазадан Наймантайдың кетті жайы.
Шейітпін Орақ үшін деп ұмтылды,
Кәрсөннің жан досы еді Таңыбайы.
Таңыбай ақ алмасты сілтеп бақты,
Әскерді қайтпай соқ деп қайрап сапты.
Ноянын жекпе -жекке шақырғанда,
Дүрлігіп үркіп қойдай қалмақ ақшты.
Шығарған әңгіме емес ойдан деймін,
Үзілмей жетпес аңыз жайдан деймін.
Рухы биік жерде жайғассын деп,
Орақты бір төбеге қойған дейді.
Ер екен оттай лаулап жалындаған,
Қамалды бұзып жарған алынбаған.
Тарақты Орақ батыр шейіт кетіп,
Қойнында ата жұрттың дамылдаған.

Аңыз бен ақиқаттың ара жігіне төреші уақыт. Замана көшінің үргін -сүргінінде уақыт ізіне нұқсан келіп, көмескі тартып кететінін жазу -сызуы хатқа түскен басқа жұрттар да мойындайды. Советтік кезеңнің (1917-1991) күйдірері де, сүйдірері де болғанын жоққа шығаруға болмайды. Қазақ жұрты сауаттылыққа жеткенімен, өз елінің өткеніне тереңдеп бара алмады. Соның салдарынан өлке тарихы зардап шекті. Жер-су, елді мекеннің байырғы атауларь көмескі тартып, ел жадынан өшуге айналды. Біз әңгімелеп отырған «Орақ басы» соған айғақ. Бұл киелі тұстың, «Орак басының» ұмытылмай ел жадында қалуына мына бір жағдай себеп болғанын Таңыбай атаның үлкендері күні кешеге дейін жыр ғып айтатын еді. Таңыбай руының үлкендерімен жүздесе калғанда: «Уай, өзіміздің бала екенсің ғой! Аталарың бізге бата берген» деп ұзындата сөйлеп кетер еді. «Орақ басын» ұмыттырмай бізге жеткізген де осы атаның құйма құлақ қариялары болатын. Енді осыған мысалды жарық көрген (Өмір Кәріпұлы, «Тұғыр»-2011) еңбегімнен келтірейін.

... «Қаракесекруының бір бұтағы «Сырт бошан» Кәрсөн-Керней, Қояншы-Таңай болып келеді.Кәрсөннен сегіз туған делінеді ауызша тарих саналатын шежіреде. Сол сегіздің бірі- Таңыбай мен Жаңыбай екен. Жаңыбай малды -жанды болыпты. Таңыбай үнемі ат үстінде жорықта жүрген. Таңыбаймен Тарақты Наймантай батыр кэдімгі Байғозы батырдың әкесі жорықтас болыпты. Таңыбай батырдың жорыққа мінетін бір атын ағасы Жаңыбайдың баласы рұқсатсыз тойға мініп кетіпті. Соған Таңыбай ренжісе, ағасы Жаңыбай: «Ол қубастың неменесіне жетпей жүр екен» деп бұрыс кетсе керек. Соған налыған Таңыбай бір түнде тік көтеріліп ауа көшеді. Артынан кеп шылауына оратылған ағайын -туыстың бірін де қайырылмайды. Таңыбайды бір тоқтатса досы Наймантай батыр тоқтатады деп батырға кісі жібермей ме. Үзеңгілес серігінің соңынан екі атты кезек мініп қуып жеткен Наймантай досының сыңайынан қайтпас қаттылықты байқап,шұғыл шешімге табан тірепті. Наймантай астындағы тұлпарын құрбандыққа шалып жіберпті дейді. Бұл аңызды Таңыбай атадан тарайтын қарттар айтқанда, жылап отырар еді. Осы жолдардың авторы соны көзбен көріп, құлағымен естіді. Бұл аңыз халық аузында күні кешеге дейін ұмытылмай келді. Дер кезінде қағазға түсіріп алғандықтан оқырманға (сіздерге) жетті.

***

Жағаласты заман екен ол бір шақ,
Көк найзаның ұшында-тын тақ бен бақ.
«Таушұбар» деп аталыпты кезінде,
Тарақтының Наймантайы мінген ат.
Бақ оралған батырларға сәруар,
Ат табылмас, ерге қатын табылар.

Жүз күн мінсе белі босап болдырмас,
Тұлпар екен Таушұбардай жануар.
Найзағайдай ойнап шығар жасынға,
Албастыдай төнеді екен тасырға.
Бос жіберсе маңайлатпас ешкімді,
Иек сүйеп жусайды екен батырға.
Аңыз етер Наймантайдай арысты,
Қабыланша жаумен талай алысты.
Жан аяспас қияметтік досы үшін,
Таушұбарын құрбандыққа шалыпты.
ЕрТаңыбай қияметтік досы екен,
Асыл сүйек, алтын ердің қасы екен.
Балалары туа сала шетінеп,
Таңыбай ер қату қабақ пәс екен.
Заманында дәулет-бақка кенелген,
Әттең дүние-ай, тапшы еді сенерден!
«Құбас» деген ағасынан сөз есіп,
Елін тастап ауа көшіп жөнелген.
Құлназар да жәкетайлап барыпты,
Аралбай да араға би салыпты.
Баймұрт пен Наурызымбет «жәкелеп»,
Құрбандыққа «ақсарбасты» шалыпты.
Біріне де қайрылмапты назалы ер,
Ұлардайын шуласыпты тамам ел.
Шарай көзге қорғанынан көз жазып,
Қабақ түйіп түнеріпті құба бел.
Көрмеген ол ертін нағыз қақпайды,
Таңыбайға тамам Кәрсөн батпайды.
Депті сонда бір батагөй сөз алып,
Бір тоқтаса Наймантайға тоқтайды.
Алла салмас шапағатын астамға,
Бұл бір аңыз желі болар дастанға.
Қос ат мініп Наймантай да жетіпті.
Тас бұлаққа ошарылып жатқанда.

Наймантай келе сала досының шылбырына жармасып, сауға сұрағанда, Таңыбай қайтпас қаттылыққа бекінген қалпынан айнымайтынын көрсетіп, бүй депті:

«Болашақтан түңілдім мен сенім жоқ,
Ұрпақсызбын жерім де жоқ, елім жоқ.
Өнбес дауға киліктің -ау, Наймантай!?
Қайырсызға қайрылатын жөнім жоқ».

Таңыбайға жартастайын түнерген,
«Қайғың қалың,-деді досы,- білем мен.
Жолыңа айттым!-деп Наймантай,-сауға,- деп,
Қылышымен орып атын жіберген.
Сонда Таңыбай тұрып:
«Ерім едің жан қиятын ел үшін,
Досымсың ғой, тірегімсің сен шын.
Жанға балар тұлпарыңды әттесі -ай!
Неге қидың, Наймантай -ау, мен үшін?
Наймантай батыр былай депті дейді:
«Жалынбайсың бағаң асыл жаманға,
Оңай болмас сенсіз жүру маған да.
Бір шайқаста олжалаймын жүйрікті,
Сендей досты жер бетінен табам ба?
Бір күндік дос кездеседі эр кезде,
Жүз күндік дос табылмайды мәнді ерге.
Қияметтік төс қағысқан дос едік,
Ете көрме мен пақырды шерменде!»
Тоқырады амалсыздан назалы ер,
«Олай болса,-деді,-маған бала бер!
«Жай қолыңды!-деді сонда Наймантай:
«Уа,Жаратқан, жан досыма бала бер!
Рахманыңды бұл байғұсқа сала көр!
Сөнер шырақ қуат алып жана көр!
Құлыңмын ғой, уа, Жаратқан, жалынам!
Жан досыма, Таңыбайға бала бер!».
Егіз достың Алла берді тілегін,
Таңыбайға ерген екен кілең ұл.
Дос тілегін қабыл еткен Жараткан,
Дос қадірін, ей жарандар, біле біл!

Таңыбай райынан қайтып, елге (Арқаға) оралады. Төсек жаңартып қойнын жылытады. Көп кешікпей ұлды болады. Таңыбайдың кіндігінен Тайна, Жәутік, Бапақ, Сапақ, Жаманқұл туады. Бүгінде осы атаның бәрінен де ұрпақ тараған. Атақты Ершіман бай, Көпбай болыс, дәулескер күйшілер- Қыздарбек, Әбди, Мақаш, Әбікен Хасенов осы атадан шыққандар. Таңыбай ұрпақтары: «Біз Алланың нұрынан, атамыздың белінен, Тарақты Наймантай батырдың батасынан жаралғанбыз» дейді күні бүгіне дейін». («Тұғыр»-2011, «Ұрпақ» атты тараудан-293-296-6)

«Орақ басын» кие тұтып, ел жадынан өшірмей келген Таңыбай батыр ұрпақтарына Жаратушы Иенің көзі түзу болғай-ақ!

ШАЛТАС

Ақтас-Шалтас- Шет ауданының құрамындағы қалың адырлы жатаған тау. Атауы сырт пошымына қарата қойылса керек. Ежелгі кәрі тау ойдақ-сойдақ бітімімен көз тартады. Табиғат шебер шомбал тастардан не қилы бейнелер сомдаған. Сол бейнелер өлең жолына сұранады.


***

Қырқада көрініп тұр- «Орақ басы»,
Теміржолмен жарысып қабаттасып.
Ақшағыл шоқылары ойдақ- сойдақ,
Кеудесін зорайтады тастар басып.
Көз жіберіп Қашқынбай шоқысынан,
Арқалықты бетке алып әрі шығам.
Бүркітті көз ұшында бұлдырайды,
Шалтасқа тізгін тартып бетті бұрам.
Бітімі бұл бұйраттың шәлкем -шалыс,
Елсізде қалып кеткен бейне талыс.
Қатпарлы ойқы -шойқы қалың адыр,
Тас мүсін көз суырар бейне барыс.
Бір тұста өркештеніп түйе шоқы,
Өзекте туырылып қалың оты .
Ойдым -ойдым ағашты жанай өтсең,
Тыныс кеңіп, артады көңіл қошы.
Кэрі тау ішке бүккен талай сырды,
Ой қажап еңселеткен шалдай мұңды.
Табиғат шеберлігін көрсетіпті,
Тас мүсін көзге ұрады неше қилы.
Бір тұстан андағайлап көш керуен,
Көрініс көрсеткендей ерте күннен.
Шоқыдан қарауылдап саятшы тұр,
Алтайы қанжығаға бөктерілген.
Қас батыр суық-сұсты қалың қабақ,
Жауына шүйлігеді тартып садақ.
Бір жартаста қонақтап бүркіт отыр,
Қайтпас қара түксиген қанды балақ.
Келтіріп не қылайын сөздің ебін,
Тас нобай қозғап кетті іштің шерін.
Есімнен жатсам-тұрсам бір кетпейді,
«Тас бүркіттің» ғажабын көрді көзім,

Бұл мекен тегін Шалтас атанбаған,
Ой басып кәрі тауды қасаңдаған.
Табиғаттан кіндігін үзіп алған,
Не шара болбырыңа босаңдаған.
Менің де жалқаулығым бастан асты,
Қайтейін қарымым аз,тұрмыс шақты.
Сағымды бел-белесің аңырап тұр,
Өрт шарпып күйік шалды кара тасты.
Бір ауық өткеніңе ой жіберіп,
Тепсеңге қарсыдағы шықтым желіп.
Қаратал, Шүмек бойы кара тақыр,
«Қара жусан» өлкеге болған көрік.
Ой мәнісін бағамдар жетелілер,
Бәз біреу мына білгіш бөседі дер.
Жайылымды жүйесіз пайдаланып,
Жерді аздырып жіберген кешегілер.
Жұлынып салқар дала тұлымшағы,
Қайнады жердің осы кезде соры.
Қысы -жазы қыстауда ұйлығады,
Фермердің азып кетті баққан малы.
Қыстауының маңайы шаң -топырақ,
Өрісі тұяқ кесті қырық құрақ.
Супсидия көмекті әділ алмай,
Шаруагер қол жаяды қайыр сұрап.

КӨПБАЙ МАЗАРЫ

Кең дала көмпіс жазған не көрмеген,
Тастай берік шыдамды-сенен көрем.
Қабағың қашан көрсем ашылмайды,
Шер -налаң ішке түсіп тереңдеген.
Айқасы «ақ» пен «қызыл» жадыңда әлі,
«Қызыл» жеңіп, кедейдің бағы жанды.
Кеңесшіл құтырынды «бәлшебектер»,
Тәркілеп бар қазақтың малын алды.
Алаштың күні сөніп, түнек келді,
Жоқшылық жанға батып, жүдетті елді.
Ашаршылық жайлады қалың елді,
Ақсөңке боп шашылды сүйектері.
Бұл маңды Көпбай болыс мекен еткен



Отыз жыл ел басқарып билік еткен,
Бір баласы Мақаш шоң күйші екен,
Қырық тоғыз жасында арманда өткен.
Көпбайдан Сәдуақас, Хасен туған,
Мырзалықпен салған ғой жолды тыңнан.
Хасеннің Әбікені асқан күйші,
Домбырамен өрбіткен күйді тыңнан.
Дабысы Сәкенге де жеткен еді,
Ақын құптап өнерін кош көреді.
Құдандал және бұлар ілік- шатыс,
Қыз мұңлық табысырған көшпелі елді.
Тоқада болған еді Мұстафа бай,
Өзі болыс, кең қолтық, көңілі жай.
Мәкүри екен оның жалғыз қызы,
Мақаштың қалыңдығы мырзаға сай.
Мәкүри аурулы боп жастай өлген,
Мақаш мырза жарынан бір қыз көрген.
Бәһрәм руда жоқ сұлу бопты,
Ақынга қиын соқты көзі көрген.
Арудан ақын көзін ала алмаған,
Бұлқынып асау жүрек сан аунаған.
Қыз мұңлық ұрғашының жамалы екен,
Қызғалдақша құлпырып алаулаған.
Ауыл отыр Шалтастың алқымында,
Қазақтың үстем әлі салты қырда.
Ел жуаны ақынға қыр көрсетті,

Пар келмейді біздерге жаяу мырза.
Дегенді дабыралап жұртқа жайды,
Үркөппе дау -дамайға сойыл сайлы.
Қос ынтық жолығысқа келген еді,
Далдалап Шалтастағы терең сайды.
Бұйығыңқы қоңырқай кешқұрым шақ.
Қыз ағасы Әбікен бұларға жақ.
Қарауылда амалсыз өзі тұрды,
Дұшпан табар қапысын болмасаң сақ.
Ағаштың бойлап еніп арсына,
Қол ұстасқан ашықтар жарысымда.
Енді азырақ тілге кеп тұрған кезде,
Тап болды «тас бүркіттің» қарасына.
Биікте бір сұлба тұр сұсты қабақ,
ТТТұқтттиып үңіледі төмен қарап.
Шыр етіп Bahрам қыз бетін басты.
Кездесудің алды-арты болды сол-ақ.
Одан соңғы оқиға жүртқа мәлім,
Түсады қасақылар қыздың бағын.
Сүңқар ақын жамалын құша алмады,
Жырына өзек етті «Лашын зарын.»
Аңыздың бір парасы бізге жеткен,
Булығып жүруші еді іште көптен.
Шалтастың «Тас бүркітін» көзім көрді,
Жырыма тиек еттім сол себептен.

Бүл атырапқа, Шалтас төңірегіне үйрлігім шамалы. Нан табар кәсіптің ыңғайымен сапарлағанда, тауды бөктерлеп жанай өтесін. Ол кезеңдерде (1978-1991) тау-тас, жер атауаларына мән берілмейтін еді. Ескілікті адамдардан, бүрынғы заманды көрген жердің көне атауларын сүрғанда: «Қайтесің соны. Кетті ғой келмеске» деп теріс айналатыны бар -тын. Шалтас бойына 1987 жылы жолым түсті. Ұлы Октябрь революциясынын 70 жылдығының құрметіне ақындар айтысын («Ақадыр» мен «Ақшағыл») совхоздар арасында өткізетін өкіл есебінде (екі совхоздың бір -бірімен айтысатын ақындарының мэтінін жазу үшін) шаруашылықтарды аралауға шыққанбыз. Қасымда аупарткомның нүсқаушысы бар. Бағытымыз «Ақшағыл» совхозы. Шопыр балаң жігіт. Салдырақ жеңіл мәшинені үрт жүргізіп, бізді теңсеп-теңсеп алады. Шалтасты бөктерлей бір сайға келіп тоқтағанда, биіктен төнген бүркіт бейнелі тасқа көзім түсе кеткені. Әлгі тасқа жатып қарап, түрып қарап көзімді айыра алмай көп түрдым. К"дімгі бүркіт қалыбындағы шомбал тас түксие түнерген суық сүспен төбемнен төне түскендей ме?! Қасымдағы екеу шылымын бүрқыратып жайымен түр. Сол тас бейнесіндегі бүркіт күні бүгін көз алдымда түрады.

Кейінде (1995) Шалтастың «тас бүркітін» арнайы бір көру үшін жолға шықанымда, мәшинеміз бұзылып орта жолдан қайттым. «Тас бүркіт» көркем шығармаға сұранып тұрғандай-ау! Менің қиялымдағы (өлеңде баяндалғандай) Сәкен мен Бahрам нақ осы сайда қалың ағаш арсында бір -бірімен жүз көрісіп тұрғанда, Бahрамның көзі «тас бүркітке» түсіп кетіп... шошып кеткен ару бейкүнә нәзіктікпен ақынға бетін баса қалмай ма!

Осы жайды (тас бүркітке байланысты) Ақадырдағы үлкендерден сұрағанымда, сол қарсаңда (1926) Мақаш мырзаның (Бahрамның әкесі) ауылы Шалтаста күзгі күздеуде отырғанын растады. Шет өңірінің тумасы белгілі жазушы Көшімов Әуезханның (1911-1992) «Лашын хиқаясы» повесінде бұл оқиға қаз -қалпында баяндалған. «Ертеңінде ол екеуі тау арасында оңаша жолықты. Сәкен екеуі есендесіп серек тастың көлеңкесіне отырысқан жерде еліктей ойнаған Зейнешті (есімі өзгертіліп алынған) Сәкен қапсыра құшақтап, бауырына басты. Қыз денесі қалтырап кетті.

-Сонша неге шошындың,қалқам?


-Жетімектеу, кінәмшіл жүрек менің еркіме көне бермейді, ағасы».

Бұл оқиғаны мен де қаузадым. «Қоңыр сарын» (1997) хиқаятын жаздым. Шығарманың бас кейіпкері күйші Әбікен Хасенов еді. «Әбікеннің бүйрегі ақынға бұрған. Бірақ ел ішіндегі сойылшыл содырлар ішті-тысты боп, ақынды оқшаулап тастады. Дала заңы қатал. Қызға қырық үйден тыйым. Көрінген көк атталының қолтығында кете барса, қыз өсірген елде не бедел қалсын. Шіркін-ай десеңші, қазақтың ақиық ақынына бір сұлуды қиса қайтетін еді? Бұл-Әбікеннің ниеті еді. Басқа ағайындар Сәкен өмірінің көлеңкелі жақтарын көлденеңдетіп: «Қыран боп келіп Шалтасқа,қарғаша бұқтың жартасқа, қызымыз саған бармайды, опасыз дейді жолдасқа» деп ақынды ашық келемеждеді. Ақын шамырқанса жыр жазады. Қорғансыз сұлу құсаланса қайтпекші? Қиыны сол еді. Бahрам аз күнде гүлдей солған. «Кіші Аққе-ай, бұта құрлы панаң болмады -ау!-деп ухілегенде Әбікеннің дымы құрыған. Ақынға қатты құлаған қарындасына нендей тоқтам саларын білмей, домбыраға қол созады. Ғашықтық азабы қинаған жаралы қыз қоңыр сазға балқып аздап тыншиды. Бahрам қорлықпен өлді. Ұзатылған жылдың қысында құсадан көз жұмды. Найзакескенде қалды сүйегі».


Шалтастың ойқы -шойқы бітімінде көп сыр бар. Жабырқаңқы момақан таудың қабағы көп ашыла бермейді. Ішіне бүккен сырын шомбал тастарға мәлімдеп тұрған сияқтанады. «Тас бүркіт» соның айғағы тәрізді. Қыраныңды да, ұланыңды да, ақыныңды да, аруыңды да көрген таумын деп тұрғандай-ау! Шалтастың осы бір тұсына ақын мен ару бейнесіне арналған бір белгі қойылса, оның несі сөкет? Ресейдің ұлылығы сол-асылын аяқ астына қалдыруға әсте жоқ. Басқа ұлыларды былай қойғанда, бір ғана А.С. Пушкиннің жүріп өткен жолдарының өзін елеусіз тастамай, ұрпақ санасына оралтуға жанын салады. Біз әлі марғаумыз. Даурықпа -дабырадан эрі бармай жатырмыз.

МАЗАРЛАР

Шалтастың іші-тысы толған мола,
Еріксіз тізгін тежеп жүрдім соға.
Өткен заман белгісі, ескерткіші,
Шүкірлік деп өзімше еттім тоба.
Мазарлар суық тартып томсарады,
Сияқтанып даланың қас-қабағы.
Баянсыз тірлік осы дегендей боп,
Көңілді құлазытып ой салады.
«Жетпіс жыл не бітірдің «кеңес құрып»?
Кедейді бай-манаппен егестіріп.
Тапсыз қоғам құрдық теп масайрадың,
Шашылдың шарай көзге құдай ұрып».
Дегенді кәрі мола мәлімдейді,
Тәуелсіздік қазақтың бағы дейді.
Даланды құлазытып қалаға орнап,
Бұра тартқа бастың ғой тағы дейді.
Қала мен дала егіз- бақ -талабым,
Тәнтіміз айбынына Астананың.
Дамудың сара жолы бұл дегенің,
Қаламен де көркейіп бақ табамын.
Жігер беріп өзіме тар асуда,
Шалқимын Ақтас, Шалтас арасында.



Сарбас Нұрқан мазары.



Боранқұл батырдың мазары. Шалтас: «Сарбас бұлағы».

Бірлікшіл, ынтымақшыл еркін елміз,
Не жетсін ұғыныcты жарасымға.
Шырмалып аясында көз көрімнің,
Шеккісін тар заманның көргеніңмін.
Қартайғанда кәрі боз жорға шығып,
Шалтасты жаяу шарлап кезгеніңмін.
Ата-баба аруағы қолдай көрсін,
Сыйындым рухына өздеріңнің.
Өрлеген заманында Нұрқан-Сарбас,
Ағайынды қос мырза болды парлас.
Топ жарған мәжілісте ділмар екен,
Сөйлеп кетсе жиында жағы талмас.
Сарбастың елден асқан мырзалығы,
Құлтума баға берген- «жыр дабылы».
«Өз алғанын өзіңе қайтып берер,
Сырғытпаға салмаңдар сындарлыңды».
Дегені әлі күнге ел есінде,
Бар екен жұлқысқа да,егесуге.
Көкжалдан бөлтіріктер өріп шыққан,
Азуға сап күш қылған өресізге.
Боранқұл, Райымқұл дара шыққан,
Дос қайбартып зілінен дүшпан бүққан.
Боранқұлдың атағы Арқаға аян,
«Енші алған» есебімен Қуандықтан.
Оғаштау болғанымен еткен ісі,
Даланың дара жортқан көк бөрісі.
Боранқұл заманына симай кеткен,
Аңсаған еркін заман төңкерісті.

Кәрсөннен сегіз тарайды. Сол сегіз атаның бірі Аралбай. Аралбай заманында батыр болған. Бұл атаның дерегін алғаш хатқа түсірген (осы атадан шыққан) белглі жазушы Софы Сматаев болатын. Ол өзінің «Елім-ай» трилогиясында бабасы Аралабайдың образын сомдаған еді. Аралбай атамекенді ата жау қалмақтардан қорғаған аға батырлардың санатына жатады. Аралбай ата шежіресін хатқа түсіргендер - Мұрат Көккөзов, Қайрат Әбілдинов болатын. Аралбайдан Жабағы, Жандыр, Көшекбай, Шүршіт (Қонақбай) тарайды. Бұл аталардың бәрінен ұрпақ өрбіген. Жандырдан- Едіге, Садырбай, Құлбай тарағанда, Садырбайдан-Нұрбай, Қондыбай,Есберген, Асанбай туады. Нұрбайдан-Тоқабай, Майлыбай, Терлік, Нұрқан, Сарбас, Малтабар туады. Өз заманында Нұрқан, Сарбастың аты шыккан. Оның ішінде Сарбастың есімі ерекше аталады. Сарбас Кәрсөн-Керней еліне ұзақ жыл болыс болған. Ол болыстықты ағасы Есберенен алған екен. Мұсылманша сауатты болыпты. Дәурені жүріп тұрған ол кезінде Сарбас мырза атаныпты. Қуандық Құлтума ақын оған былайша баға берген.

Жүз теңге құр ат берді мырза Сарбас,
Құдай қабат берген ғой мал менен бас.
Арты жақсы болары көрініп тұр,
Балалары бар екен жалғас-жалғас.

Сарбастан-Әбілда, Әлімқұл, Райымқұл, Боранқұл, Қыдырәлі, Мүсірәлі, Садық туады. Осылардың ішінде Райымқұлдың атағы зор болыпты. Әкесі Сарбастан кейін бір сайлау болыс болған. Өз кезеңінде дәулеті асқан бай болыпты. Мал тұқымын асылдандырумен айналысқан. Райымқұлдың көкалалы көп жылқысы көл тауысқан деген аңыз бар. Ол байлықты орнына жұмсауды жақсы білген. Мұсылманша сауатты болған. Ол кісіні айналасындағылар «молдекелеп» пір тұтқан. Шалтаста мешіт салдырып, жарлы-жақыбайды имандылыққа ұйытқан. Аралабай атанын Шүршітінен шыққан Сәрінжіп ақын ақ пен қызылдың шарпысып, соның салдарынан қазақ даласы қаңырап бос қалғанын кезінде өлеңге қосқан шерлі ақын. Ашаршылықтың (1930-33) салдарынан Арқадан оңтүстік өңірге ауған Кәрсөн-Керней табының туған даласымен қоштасқанын өлеңге түсірген. Өлен «Сарыарқа» деп аталады. Ұзақ толғаудан аздап үзінді келтірейік.

..Атыңнан айналайын, шіркін Шалтас,
Түскенде сен есіме жүрмейді ас.
Молдекем мешіт салып, бала оқытқан.
Ағызып дін жолына көзінен жас.
Бүркітті, Жалпақ пенен Шүмек өзен,
Жаз жайлап, күзеуші едік алып күзем.
Халқыма ырыс болып, қыдыр шалған,
Қалайша құт мекеннен күдер үзем?

Қаратал, Бидайық пен Қызылеспе,
Қызығы бұл жерімнің тұрады есте.
Қымызға қанып алып күніменен,
Сайрандап жүруші едік түнгі кеште.
Таз, Бапы, Ақсай менен Андас бұлақ,
Одан әрі жататын Жалпақ құлап.
Әзіл-қалжың жарасып қатарыңмен,
Көк шалғында жатушы ек қатар сұлап.
Мойынты, Кепе менен Күреңбелім,
Мекендеп қоныс еткен қалың елім.
Арқарлы, Жерүй менен Керегетас,
Кейін қалып барасың, қайран елім!

Осы толғаудағы: «Құтым тау қаласың-ау, шіркін Шалтас,тамақтан еске түссе өтпейді ас, молдекем мешіт салып бала оқытқан, әр елден оқысын деп алғызып жас» деген жолдар (өз қолымдағы өлең жолдары бойынша түзету енгіздім) Сарбасұлы Райымқұлдың аймағына өтімді мәмілегер (діндар) болғанын айғақтайды. Жиырма сегізінші жылғы тэркілеуде (кәмпескеде) Райымқұлдың мал-мүлкі талауға түсіп, өзі іш жаққа (Қостанайға) жер ауды деген еміс-еміс дерек бар. Есіл жайсаңға ата қонысынан топырақ бұйырмапты. Оның көзіндей боп, өзі салдырған медіресе үйінің (мешіттің) орны ғана жатыр. Бұл араны ескі көздер «Мешіт» деп атап кеткен. Заманында қайтпас қайсар беттілігімен батыр атанған Боранқұл Сарбасұлы (1877-1929) Райымқұлмен бірге туысады. Ескілікті әңгімеде екеуінің есімі қатар аталады. Боранқұл қазаға ұшырап, Әлтеке Тәшен ақын марқұмның туыс -туғандарына көңіл айта келгенде, ағасы Райымқұлға қарата айтқан жоқтауы күні бүгін ел аузында келеді. «Е-е,шырағым, Райжан! Не болса құдайдан?! Патша болған тәжділер де өткен, билік құрған қазылар да өткен. Жарлық қылған хандар да өткен.Нарлық қылған Қамбар да өткен. Бай менен жарлы да өткен, жақсы мен арлы да өткен. Арманы көп зарлы да өткен. Өткен бауырдың бақи жолы ізгі болсын, әзіз рухы нұрға толсын. Қалғандарыңызға ғайыптың құсы қонсын. Ел сүйсінген туысына,жақсы сиған уысына, естіген жан риза болған, қырық жыл қылған жұмысына. Қанбазарда нарқы асқан,нұр сипаты тасқан. Орыс-қазақ бас қосса,таразысы басқан. Берсе қолы ашық, алса жолы ашық. Жақсыларға жанасып,нашарларға қарасып, аш-арыққа дем берген,аз бен көпті теңгерген.

Бермейтұғын сараңды қорғасындай балқытқан, есебін тауып енші алған Алтай менен Қарпықтан». Жоқтаудан ерте кезеңдердегі ата-бабалар аңызының сарыны байқалады. Шежірелік деректе ағайынды Қуандық пен Қаракесектің еншіге таласқаны ақиқат нэрсе. «Есебін тауып енші алған Алтай менен Қарпықтан» дегенінің мәнісі осы. Боранқұл не бары елу екі жасында көз жұмған. Оның ер бейнелі ересен тұлғасы мен кісілігі жөнінде ел арасында аңыз дастандар сақталған.

Қалың бет, қалмақ басты тұтас мойын,
Денесін сомдай соққан бейне шойын.
Жағалай отырғанды көзбен шолып,
Істемек айтып отыр алдағы ойын,-

деген өлең жолдарынан Боранқұлдың түр-тұлғасының кесектігін байқауға болады. Ауыл арасының жаяу жыршылары да оны дәріптеп өлеңге қосқан.

«Мінезі қорғасындай салмақты еді, қызыл қайың сияқты тармақты еді, бір бет алған жағынан қайтпайтұғын, бір өзі жүз кісілік эруақты еді. Уәделі сөзінде опа бартын, тамыршыдай тап басқан жігіт нарқын, кесірім тимесін деп қалың елге, құрбан боп кете барды ойлап артын».

Бұл адамды бір жақты көзқараспен «барымташы, «ұры», «жуан сойыл» болған деп тұқыртудың, ендігі жерде қисыны келе қоймайды. Екі заманның жапсарында, өтпелі кезеңде өмір сүрген Боранқұл заманына симай кеткен қайшылықты тұлға. Оған бүгінге (2018) дейін рулық (ауылдық) деңгеймен баға беріп келдік. Рас, ол Мәди Бапиұлы сияқты біртуар тұлға дәрежесіне жете қойған жоқ. Шынжыр балақ, шұбар төс шонжардың тұқымы бола тұра, «отыз үй обырға, токсан үй тобырға» бүйрегі неге бұрған? Осының шындығына жеткен кім бар? Кешегі өткен ескі көздер: «Боранқұл жігіттің жолбарысы еді-ау!-дегенін өз құлағымызбен естідік. Ұйқы- тұйқы заманның жан алғыштары «дала көкжалдары» жігіт сұлтандарын аңша аулап түбіне жетпеді ме! «Ноқтаға басын сидырғанды» ар көріп, ажалға өз еркімен бет бұрған Боранқұлдың қазасына ел-жұрты неге соншалықты қайғырып аза тұтты? «Сасқанға сабыр болған, ашка азық болған, ауғанға қазық болған. Адымы алыс болған, азуы қарыс болған. Үш жүздің баласына, өнерімен таныс болған. Бетінен қайтпаған, ешкім кейін тұр деп айтпаған». Тәшен ақынның бұл жоқтауы жалпы қазақ жұртына арналғандай ма! Бұл карсаңда (1924) Мәдиден де айрылған қазақ елі. Орыстың есерсоқ қанды қолынан қапияда қаза тапты. Тәшен ақын бұл жоқтауымен Мәдиді де еске алғанын аңғаруға болады. «Сені ме деп келсе де, орыс-қазақ батпаған. Сыналар күн болғанда, айлық жолды аттаған. Әйнекті кескен ақ болат, қын түбінде жатпаған. Ниеті бірге жолдасын дүниеге сатпаған. Қарсы тұрып қасқарған, халқының жолын басқарған. Айтқан жерден табылған, қайратын халқы сағынған. Дұшпаны келсе,жауар бұлттай жабылған, досы келсе, сый-сияпатпен шабылған. Жақсыларға жар болған, не тілесе бар болған,кемтарларға нәр болған». Сөйткен есіл ерді кешегі кезеңде (1926-1991) елеусіз қалдырғанымызға кешіріммен қарауға болар. Ал бүгін ше?! Сонымен, Боранқұл Сартпасұлы заманында кім болған? Оны қарақшы атандырып есімін елемей тарих шаңдағында қалдырғаннан не ұтамыз? Жоқтауда (Тәшен ақынның) айтылғандай Боранқұл осал адам болмаған. Тақымынан көкпар бермеген. Белдескеннің белін үзген, ұстасақанды тымақша атқан. Сұлу құшағында болған, жүйрік тақымынан кетпеген. Ат

ойынында (жерден теңге алу, ер үстінде түрегеп шабу, шауып келе жатып ер үстінде неше қилы қымылдар жасау) топ жарған. Сайыста (аударыспақта) оны ешкім ерден ала алмаған. Жастық шағы қызу қанды құмарлықпен, серілікпен өткен. Маңайына өңшең бетті, еті тірі жігіттерді жиған. Жоқ-жітік оны алыс жақтан іздеп келеді екен. Аты жоғына ат беріп, асы жоғына ас беріп, саяқ жігіттерге үй көтеріп беретін болған. Қарашаға басынан үйірлігі оны саяқ жігіттерге жақындатып, маңына топ жиып жүретін үйірсек әдетке бейімдеген еді. Кедейдің келімдісіне жан тартқан ол қара тобырды ығына алып жүретін әдетінен еш жаңылмаған. Соларды қайтсем тойындырсам екен деп өзінің ата қонысы «Сарбас бұлағын» бөгеп, егін салғанын кейінгілер жыр қылатын еді. Маңындағы тобырға есе-теңдік әперемін деп ұлықтарға жақпай түрмеге бір емес бірнеше түскені де өзінше бір жыр. Ел жуандары және соңына түсіп ішті-сыртты топ адымын жаздырмауға әрекет жасаған сайын ел ішінде оның бәсі артып, атағы алыс аймақтарға жеткен еді. Орыс ұлықтарына көрсеткен қыры жатқан бір аңыз. Поптың сақалын күзегінін қайтерсің. Түрмеден қашқаны да ел ішінде аңыз боп тараған. Сөзге де, жөнге бар ол заманында ел ішінің дау-шарына араласып, билік айтқаны шежірелік аңыздарда сақталған. Осы өңірдің тумасы өзі де кеңестік кезеңнің «текпініне» іліккен белгілі жазушы Кәмел Жүністегінің «Құба белдер» трилогиясының бірінші кітабында дала көкжалы Боранқұл Сарбасұлының образы сомдалған. Сөйте тұрғанмен, заманына симай кеткен есіл сабаздың ел есінен шығып бара жатқанына қынжыласың. Боранқұлдан ұрпақ қалмаған. Жалғыз қызын (1995) көрдім. Таразда тұрады екен. Мен ол кісіні көрген кезде (жетпіске ілігіп) егделеніп қалған болатын.

...«Қайырлы болсын өткен Ер,мұратына жеткен Ер, қара жерден басқадан қауіп қылмай өткен Ер» делінген жоқтаудың түйінде кейінгі буынға меңзеу бар. Небары елу екі жасында қиын жағдайда көз жұмған марқымды мұратына жетті дегенге кім сенеді? Бұл арада жоқтау шығарған ақын ер болып өткен сабаз өлімді де қасқайып қарсы алды. Дұшпанға бас ұрып жан сауға сұрамай, мәңгілік сапарға өзімен бірге намысын да ала кетті. Қайтпас қайсарлығын өлімімен дәлелдеп кетті деп тұр. Оның қазасы ел жадында анық сақталған. Патшалық биліктің сығымына көндікпей келген дала көкжалын уақытша өкімет (Колчақтың тұсында) қырына алып соңына түскені жыр жолдарында сақталған (Дәлмағамбеттің Тұңғышбегінің өлеңі).

Бір кезде дүбір шықты ауыл жақтан,
Айқайлап, ойбай салған, дабылдатқан.
Ауылға жасауылдар келген шақта,
Хабаршы Боранқұлға тұра шапқан.
Сауылдап жасауылдар келіп қалды,
Ауылды келген бетте қоршап алды.
«Боранқұл қайда кетті, табыңдар» деп,

Қорқытты қатын -бала, кемпір -шалды.
Ауылды қоршап алды көп жасауыл,
Қарсылық көрсете алмай қысылды ауыл.
Жүрген соң анық біліп осы жайды,
Қалмады Боранқұлда енді сабыр.
Лап қойды жүз жігітпен ауыл жаққа,
Ауылды нөкер тінтіп жүрген шақта.
Көрген соң қаптап келген қалың қолды,
Сескеніп жасауылдар мінді атка.
Ұрыска екі жақ та араласты,
Нөкерді Боранқұлдың мысы басты.
Кейбірі жасауылдың қолға түсіп,
Қалғаны жан сауғалап тұра кашты.


Дала көкжалының бұл соңғы әрекеті болған. Содан былайғы жерде оның соңына енді «қызылдың әтіреті» (әскері) түседі. Болып тұрған шағында «Борекелегендер» қас боп шығады. Өзімен әмпейлес болған Угар Жәнібеков соңына қызыл жасауылдарын ертіп шығып, Боранқұлды ұстауға аттанады. Угардың беті қатты екенін білген ол өзіне жактастарды маңынан алыстатып, соңғы шешімге табан тірейді. (У ішіп жіберген екен). 1929 жылы елу екі жасында ата қонысы «Сарбас бұлағы» деген жерде жан тапсырған. Қашып бас амандағанды ар көрген. «Ез күнде өледі, ер бірак өледі»деген халықтық ұстанымды өз қазасымен бекітіп бекемдеп кеткен есіл «дала көкжалы» ата қонысында мәңгіге тынымдап жатыр. Кешегі өткен ескі көздер айтып отыратын. Боранқұлдың қазасына жиналған елден (жаназашылардан) жер қайысыпты. Ағайын туысы басына мазар тұрғызған екен. Сол мазар ғана көңілге демеу. Бейітіне қойылған белгі тым қораш.

- Өлген соң арыстаннан тышқан артық.
Опасыз жалған достан дұшпан арық,-

деген халықтық нақыл осыдан қалған ғой.

ЕСБЕРГЕН БАСЫ

Тауап еттім Есберген басына кеп.
Аруақты қастер тұту асыл әдет.
Мүсіркеп жаяулаған жүрісімді,
Дейтіндей «талапкерім, жасыма» деп.
Қашаннан бөлек қоспын «жалаулымен»,
Дегенді еш айтпайды қалаулым ең.
Содан да көк шолақпен тепеңдеймін,
Бар қазақта мен ғана жаяу жүрген.



Аруақ деп бас ауыртпас ендігілер,
Азайып бара жатыр жөнді білер.
Қалалық боп барады бар қазағың,
Табылмас ата қоныс жерді білер.
Есберген өз кезінің абзалы екен,
Кенересі дәулетке толған екен.
Кәрсөн, Керней еліне төрелік қып,
Он сегіз жыл билікте болған екен.
Ұзап оқып жасынан білім алған,
Сауатты орысшаға жүйрік болған.
«Есбергеннің еспесі» жер аты бар,
Өзі бастап кедейді егін салған.
Дұшпанға таптатпаған ар -намысын,
Отаршылдың бағамдап жалған ісін.
Топтап жылқы айдатып жігіт жиып,
Қолдапты Кенесары қозғалысын.
Ағыбай елге симай шарасыздан,
Кезі еді арыстандай аласұрған.
Есберген беделін сап шенділерге,
Бетбақ пен Арқа төсі арасынан.
Таятқанды қоныс қып берген екен,
«Тасарал» содан бастап ерге мекен.
Ағыбай өле -өлгеше абызым деп,
Есбергенге пейілін берген екен.

Есберген Садырбайұлы (1804-1887) өзі өмір сүрген кезеңнің ірі тұлғасы болған. Әкесі Садырбайға бес мың жылқы біткен екен. Есберген ұзап оқып, Түркияның ЫстамбұлЫн, Ресейдің Петрборын да көрген. Кешегі Кенестік кезеңде ауыл арасында (рулар арасында) Есбергенді кемсітіп сауатсыз болған дегенге иланып келдік. Сөйтсек мұның бәрі коммунисік қоғамнын бір жақты солақай саясатының салдары екен.Патшалық үстемдік сауатты болмаса Есбергенді он жеті жыл билікте ұстамайды ғой. Болыстықтан кеткен сон да оязға ықпалды болып, айтқанын істеткен. Өзі бұйырып Нұрбайың Сарбасын болыстыққа қойдырған. Сарбастан кейін баласы Райымқұл орнын басқан. Хатшысы, болыс көмекшісі болған Көпбайға да пейілі түсіп қарадан шыққан хан дәрежесіне жетуіне ықпал еткен. Осындай шарапатты тұлғаны елеусіз қалдырудың, ендігі жерде қисыны келмейді. Қазақтың Ұлы Даласында ұлт белгісі боп ата мекендерінде жатқан аруақтар туған жерді рухымен демесіндеген қорған есепті Олар тынымдаған кәрі молалар баға жетпес ескерткіштер (тарихқа айғақ) боп табылады.

Шежіреде Есбергеннің аталарын былай таратады. Қаракесек-Ақша-Машай-Бораншы-одан Кәрсөн, Керней тарайды. Кәрсөннен...Аралбай- одан Жандыр-одан Садырбай-одан Есберген (Нұрбай, Қондыбай, Асанбай), Есбергеннен-Наурызбай, ҚараманДәуірбай, Байдаш, Бодыған туады. Осы аталардың бәрінен ұрпақ бар. Шертпе күйдің шебері, белгілі күйші Дәулетбек Сэдуақасов(193 8-2009) Есберген бабаның тікелей ұрпағы.

ҚАРАБҰЛАҚ

Қара сөзі (анықтауышы) көрінген атауға тіркестіріле бермейді. Тілдік заңдылыққа сидырғанда, бұл сөз анықтауышка жатады. Халык ақ пен қараның қасиетін жақсы білген. «Ақтың құдайы жақ, аққа қарау жүрмейді» деп жатады. Ақтың қасиеті, әрине, өзгеше. Содан да «аққа қара жұқпайды»дегенді астарлайды. Халық ұғымында «кара» сөзінің мағынасы терең. Көбінесе жағымды мағынаға ие. Қара шаңырақ, қара қоныс,қараша үй, қара қос, қара төбе деген сөз тіркесері жақсы мағынада алынған. Қазақ даласының бір биігі-Қаратау аталады. Біз тілге тиек еткен Қарабұлақ та қасиетті мекен. Не себептен қасиетті бұлақ атауына ие болғанын көне көздер (кәриялар) жыр қылып айтатын. Кешегі тоталитарлық жүйе (коммунистік қоғам) халықтың пікірімен санасуға мәжбүр болған. Осы өлкеде құрылған шаруашлыққа «Қарабұлақ» атын берді. Бұл совхоз мал шаруашылғымен айналысты. Еңбек адамдары (совхоз тұрғындары) делінетін коммунистік еңбектің екпініділері бұл совхозда да бар болатын. Жартылай шөлейт өңір мал мен жанға толды. Қазақтың жалпақ тілімен айтқанда, «жас өсіп, жарлы байыды». «Қарабұлақ» совхозы кеңестік кезеңде ұйымдасқан шаруашылық.

Алғашқы шаруашылық жетекшісі Смағұлов Нұрасыл (1963-72) болған. Одан соң (1972-1981) Садуақасов Мақсұт басқарды совхозды. Оның орнына Тоқымбаев Айтбай (1981-1990) келді. Әлхамин Көкіман(1990-1993) да совхозға директор боп келген еді. Совхоздың соңғы директоры Шынықеев Темірқұл(1993-95) болған еді. Кезінде бұл шаруашылықта(жетпіс бесінші жылдары) белгілі қоғам қайраткері (Жамбыл облысының әкімі болған) Бөрібай Жексенбин бас маман болған еді. Кешегі кеңестік кезде (отыз жыл бойында) шаруашалығы алға басқан кеңшарда еңбек адамдарының беделі жоғары болды. Атап айтқанда, «Бірінші дәрежелі Еңбек Даңқы» орденінің иегері аға шопан Мағауов Мұхтар, қой өсірген Әйекин Дуқыл, Ленин орденді шопан Молдаханова Алмагүл, халық қалаулысы болған айтулы техника бапкері Мағауов Социал, көп балалы ана еңбек үздігі Бәкірова Қайша есімдері жастарға үлгі болып, еңбектегі табыстары ауданға танылды. Бұл үздіктердің қатары мол болды.Олардың еңбектері зая кеткен жоқ. Заман тыныштығының арқасында, бұл құтты өлкеде жас ұрпақ өсіп жетілді. Олар ата бабамыз мұраға қалдырып кеткен жер нәрінен қуат алған еді. Қай заманда болсын жердің иесі халық. Коммунистік партияның, оның айбынды саяси бюросының арқасында Совет халқы ұлы мұрат коммунизм жолында тамаша табыстарға жетті деп дәріптелді. Табыс көзі- жер болмаса қоғамдық игіліктер көктен жаумайды ғой. Қарабұлақ тұрғындарының дені ата қоныстың мұрагерлері еді, жердің заңды иелері солар болатын. Кешегі ауыл ыдыраған жылдарда бұл совхоз жеке-жеке фермерлікке бөлініп кетті.Бүгінде бұл атырапта белгілі шаруагерлер ақтылы қой, табын -табын жылқы өсіріп жатыр. Туған ауылына қайтып кеп жатқандар да бар. Әйтсе де кешегі совхоз орталығы ортайған. Осы еңбекті жазу барысында жер аралай шыққанда, бір кездері ауылға дидақшы болған іні, досым Жұман Тәженовты құшаққа алып мауқымды бастым. Туған аулынан тапжылмаған оны «батырым-ау, сол!» деп көтермелесем де, ауылдың, кешегі совхоз орталығының сиқы кетіп қалған екен. Кешегі өткен сөз өнерінің дүлдүлі Самат Мұсбаековтың өзіне тартқан дарынды баласы Баянды Мұсабековпен қауышып және бір ішімді жылттым. Мектеп жабылған. Соған қарамастан (жоғары білімді мұғалім) түп қазықта отырған оның да қабағы пәс көрінді. «Жазып жатырмын» деп жақауратты ол мені. Ата қоныс туған ауылынан тапжылмаған жақсы көретін іні достарыма: «Екеуіңе дала қазағы» деген атақ беремін» деп көтермеледім. Бұл атақтан өзімнің де дәмем бар. Бізге ол атақты кім береді? Ұзын сөздің қысқасы, ендігі жерде ата қоныс (Қарабұлаққа деген), туған жерге деген жаңаша бір көзқарас қалыптастыру аға буынның міндеті болуға тиісті.Осы өңірді біржолата меншіктеп туған даласынан кіндігін үзбей тұрақтап қалатын ұрпақ өсіп жетілгені керек. Осы жазба сол мақсатқа негізделген.

Қазақ жері бұлақтан таққан алқа,
«Қарабұлақ» атауы жүзге тарта.
Қара сөзін тегіннен жапсырмаған
Жатқансын ырымдаған түспей орта.
Қарабұлақ- ежелгі көне тұрақ,
Бұлқынып тулап аққан қайнар бұлақ.
Шилі тоғай көмкерген төнірегін,
Тұтасқан көк майсалы калың құрақ.
Бас ши және Орта, төменгісі Аяқ ши,
Табиғат жомарттыкпен тартқан ғой сый.
Жерге салмак көбірек түсіп кеткен,
Онша емес тым жүдеңкі бүгінгі күй.
Жэмші өзені бұралып баяу аккан,
Мал мен жан жиегінде тыным тапкан.
Қарабұлақ өзенінен қуат алып,
Күміс суын шашу ғып жерге шашқан.
Бір тынбай қысы -жазы ағады екен,
Мейірі шөлдегеннің қанады екен.
Ынтыққан тұнығына мал менен жан,
Даланың Қарабұлақ базары екен.
Белеңі тобылғылы, карағанды,
Ықтасынды, тоңдырмас қара малды.
Бетеге, тарлауы мен бидайығы,
Жұтатпай алып шығар қыста малды.
Мол сулы, берекелі, жазы жайлы,
Арда күрең мінгіші арымайды.
Тай құлындап жатқан ғой, тоқты төлдеп,
Мысал үшін келтірем мына жайды
Атақты Тобықтыда Қараменде,
Қазық қаққан бір жылы осы жерге.
Жұтамай малы қыстан аман шығып,
Құт қоныс болады деп тамам елге.
Тоқты төлдеп, қыста да тай құлындап,
Шүкірлік деп абыз би жатты төрде.
Сырт Бошан іргелес ел Керней еді,
Жапсардан қоныс бөліп берген еді.
Кернейдің қабыланы Жарылғабы,
Бір оймен қоңсы ауылға келген еді.

Ауылдың би апасы сұлу өңді,
Батырға бәйек болды нұсқап төрді.
Асығыспын деген соң дәм ұсынып,
Кәделеп шары аяқпен қатық берді.
Көктемнің кірісі еді көк өзек шақ,
Ырымын жасамады қатықты ұрттап.
Сапысын ала салып батыр соңда,
Қатыққа белгі салды нәштеп нықтап.
Түк деместен Жарылғап кете барды,
Аң -таң боп тосын жайға ауыл қалды.
Абыз биге жеткізді бұның бэрін,
Қараменде түнеріп ойға қалды.
-Жер шұрайы екен бұл Қарабұлақ,
Суы тұнық, шүйгінді дара бұлақ.
Көш деп кетті батыры көрші ауылдың,
Біздерге болмайды екен енді тұрақ.
Осылай шерленіпті Қараменде,
Ұзақ-ұзақ көз тігіп дара белге.
Атымның сауырына симайсың-ау,
Пар келмес жерұйық та сендей жерге.
Деп көшті Көкше көлге бастап кеткен,
Бұлағын Кернейлерге тастап кеткен.
Қоныс боп Қарабұлақ бір тап елге,
Осы аңыз қаз- қалпында бізге жеткен.
Қарабұлақ- құтты өңір ырыс тұнған,
Адамбай, Тұрсын деген байлар өткен.
Шолаққа он жеті мың жылқы бітіп,
Қайрақтының мол суын таусып кеткен.
Ұйқы -тұйқы замана есті алып,
Ақтар қашып, екпіндеп қызыл жеткен.
Малсыз қалып бар қазақ қырғын тауып,
Қара қоныс мекенін тастап кеткен.
Есін жиып аштықтан қалған қазақ,
Ежелгі ата қоныс жерге жеткен.
Қарабұлақ тартқан ғой мәгінитше,
Кедейлер мал өсіріп, егін еккен.
«Қарабұлақ» кеңшары дэулетті боп,
Облыс жұртшылығын елеңдеткен,
Мұсабеков айтулы Самат ақын,
Жыр етіп туған жерін өлеңдеткен.

БАТЫР БАЯН БЕЛГІСІ

Қазақта болғаны анық Батыр Баян,
Қалмаққа қарсы шауып болған ноян.
Атанған көзсіз батыр заманында,
Ел жадында ерлігі ұрпаққа аян.
Мағыжан батырға арнап дастан жазған,
Құрылған азалы жыр мұң мен зардан.
Ұстанған ел намысын Батыр Баян,
Өз бауырын құрбан ғып малша шалған.
Ұстансаң халық кегін саналысын,
Атадан ұл боп туған бағалысың.
Намысыңды таптатсаң не болғаны?
Алдамшы бір сұлудың ажары үшін.
Қалмақтың бұл қазаққа қылғаны аз ба?!
Ой салар ақын жыры тыңдағанға.
Суарылған қылыштай кекті суға,
Батыр Баян бір туар нағыз арда.
Ерлігі Батыр Баян ел есінде,
Тұғыр боп өсер ұрпақ өресіне.
Мәңгілік бесігінде тыншып жатыр,
Құт мекен Қарабұлақ төбесінде.
Жолаушы бұл төбеге соғып өтер,
Тауап етіп аруаққа белін шешер.
Ұлттық рух тұғыры бұл бір өңір,
Дей алмас нағыз қазақ бұны бекер.



Әлқисса, Батыр Баян халық жадында берік сақталған айтулы есім. Ескілікті аңыздарда Сары мен Баян есімін қабаттастыра атайды. Сары - Батыр Баянның қосалқы ныспысы ма, болмаса әкесі, немесе ағасы ма? Бұл сұраққа тарихшылар жауап бере жатар. Өз пікірімше, Сары Баянның осы топырақта жай табуы қисынға келеді. Сары Баянның батырлық даңқы «Шаңды жорықта (1770) шыққан. Батыр Баян Көкбөрі Жарылғап батыр, Итқара батырлармен қосылып жауға шапқан. Тарақты Байғозы батырдың да даңқы «шаңды жорықта» шыққан. Қазақ пен қалмақтың соңғы қидаласы бұрынғы өткен кезеңдердегі (1730-1770) шайқастан кем түспеген. Бақайшағына

дейін от қарумен жарақтанған торғауыттар орыс тосқауылын да бұзып жарып қазақ даласына қызыл судай лықсып кеп төгілгені айтуға ғана оңай. Қырғын - жорық қидалас әсіресе Балқаш, Мойынты, Сарыбұлақ, Қарабұлақ бойында шарықтау шегіне жеткені тарих жазбаларынан, ел аузындағы аңыз деректерден белгілі. Балқаштың терістігін орағытып өтіп жоңғар даласына жетіп жығылуды мақсат еткен қалмақ босқындары сыр алдыра бастаған. Аты арып, асы түгесіліп титықтай бастағанда, жолындағы қазақ ауылдарына аранын ашады. Абылай хан нөкерімен жорыққа шығады. Тоз -тозы шыққан қалмақ босқындарының бір бөлігі тау-тасқа жасырынып қаша ұрыс салады. Бүгінше айтқанда, партизандық соғыспен бас амандауға мәжбүр болып негізгі бөліктерінен (көштерінен) жырылып қалып қояды. Жаудың (қалмақтардың) бұл құрамы естерін жиып алып шеткергі қазақ ауылдарына қыр көрсете бастаған. Бұларды тойтаруға Абылай ханның өзі бастап шыққаны тарихи аңыздарда сақталған. «Хан тауында бекінген Усан-Серен деген қалмақ контайшысының шапқыншылары Аркадағы казақ ауылдарының адамдарын байлап, малдарын айдап әкетіп маза бермепті. Сосын Байғозы батыр мен Керней Жарылғап батыр Көкшетаудағы Абылайға барып, жағдайды айтыпты. «Оған қолды кім бастап барады?-депті Абылай.

-Көзге түсірмей мен бастап барамын,-дейді Байғозы.

-Шөлдетпей мен бастап барамын,-дейді Жарылғап.

Абылай үш жүз кісілік колмен Арқадан аттаныпты. Жарылғап батыр әскердің алдын барлаушы, Байғозы батыр артында бақылаушы болып, қолды Хан тауында бейқам отырған қалмақ ауылдарының үстінен түсіріпті. Осы жорықтың дәлеліне-Арқадан Хан тауына әкелетін «Хан жолы» айғақ» (Балтабай Адамбаев « Қазақ шешендері туралы ел аузында сақталған естеліктер», Білім баспасы-2008)

Тарихи кезеңдерге баға беру менің міндетіме жатпайды. Десек те, «шаңды жорықтың» сорабы бертінге дейін (1780) сақталғаны дау туғызбайды. Батыр Баянның да ел есінде қалған ерлігі «Шаңды жорықпен» байланысты болған. Мағжанның «Батыр Баянындағы» оқиғаға сүйенсек, көзсіз намыспен өз інісін өлтіріп алып жауға жалғыз шапқаны ажалына себеп болған. Соңына ерткен жасағы шағын болып, жаумен жағаласта ерлікпен жан тапсырған. Жауынгер серіктері де өзімен бірге кеткен. Олай болса, Қарабұлақтың «Кіндік төбесінде»жатқан Батыр Баянның рухына деген ұрпақтар көңілінде еш күмән болмауға тиісті. Анығында Батыр Баян осы қорымда жатыр.

Кешегі (1917-1991) Қызыл империяның дәуірлеп тұрған кезінде «жасасыннан» әріге бара алмадық. Отыз жетінің ойраны «қазағым» дегенді түгелге жуық отап салған жоқ па. Соған қарамастан, ел ішінде елеусіз жүріп те «елімайлаған» ұлтжанды азаматтар шанда бір бой көрсетіп қоятын еді. Еске алуға тура келеді. Ол кәдімгі от ауызды, орақ тілді Самат Мұсабеков еді.

Аудандық «Ақадыр таңы» газетінде істеп жүргенімде танысқан едім. Үйде конақ (1979) болды. Ән де салды, күй де тартты. Өзі шығарған «Қарабұлақ», «Мен Қазақпын», «Әйел-ана» әндерін шырқады. Әнді қоңыр үнмен нәшіне келтіре салады. Домбыра шерткендегі қалпы бір жосын. Кәдімгі Арқаның коңыр күйлерін есілдіреді. Майда шертіспен дамыткан күй әуезі іші бауырыңды ерітіп жібереді. Осындайлық көнілді отырыстың ар-арасында Мағыжанның «Батыр баянын» жатқа соғады. Жазып алайын деп едім, басын шайқады. Саған кесірім тиіп жүрер дегені бар. Сонда құлағымда қалды. «Батыр баян Қарабұлақта жатыр» деген еді. Мен ол кездері Батыр Баянға еліге қоятындай дәрежеде емес едім. Өнерлі ағаның талантына тәнті болған көңілде қала бергенмін. Көп жүрмеді ол кісі. Байқап қалғанмын, жабырқау әлпетінен мұң байқалғандай еді. Ортасынан шеккі көріп жүргенін жұмбақтаған.



«Мен қазапын» әнінің мәтінін сол жолы өз аузынан жазып алған едім.

Қажырлымын, қайтпас, қайсар қазақпын,
Тақсіретін тарттым талай азаптың.
Жаралғаннан жер жадымын мал баққан,
Туған жерден кете алмаймын ұзап тым.
Ыстыққа да, суыққа да, аштыққа,
Көмбісақпын, көнем жалаңаштыққа.
Меймандоспын, мейірманды халықпыз,
Қалыптасқан адамшылық, достыққа.
Ер басына іс түскенде көмегім,
Тағы да бар қолтығынан демедім.
Ақ көңілмін, аңқылдаған аңқаумын,
Өзіңіз біл дегенге де сенемін.
Жинақымын, шаруақормын жасымнан,
Қалаулысын аямайтын досынан.
Ат баптаған, тазы ұстаған аншымын,
Қыран құсын тұғырынан ұшырған.
Ата-бабам шоқпарменен сайысқан,
Соға білген атпен салып ойынын.
Ат бауырынан көкпар алып тереңнен,
Сайысқанда қанған шіркін айызың.
Үзеңгіге саптама етік жарасқан,

Шапан, тымақ, ұзын белбеу ұнасқан.
Ақшағырмен алшаңдатып аязда,
Ақтүтекпен арпалысып сынасқан.
Кең пейілді дархан мырза халықпын,
Отаныммен оқулы боп толықтым.
Иен далада еркін өскен елміз біз,
Балуан Шолақ, Қажы мұқандай алыптың.

Осы өлең күні кешегі Советтік кезеңде жазылған дегенге сенгің келмейді. Шындығына келек, Самат ақын (1927) Кеңестер Одағының тумасы, коммунистік қоғамның жыршысы болуға тисті емес пе. Сөйте тұра, жалған ұран «коммунистік партия жасасынды» аузына алмаған. Туған даласы табиғатты жырлағанда да нағыз қазақ екенін байқатады. Шалтасты өлеңге қосқанда жыр торысын былайша тайпалтады.

Көтеріп Арқалық тұр шөлдің нуын,
Жалғасып Жалғызтау мен Қарамұрын.
Айыртау, Ақтас, Шалтас аймағынан,
Көресің жанға жайлы жердің туын.
Өзегін өрлей өскен тал мен қайың,
Көрдің бе, көк кілемдей көкорайын.
Қаптап кеп жан -жағынан мыңғырған мал,
Жайлайды қысы-жазы қыр мен сайын.
Балауса, бидайықты, шытыранды,
Дермене, изен, раң, райханды.
Бұырғын, жалманқұлақ, қарашалғын,
Көк жусан, шағыр жусан, раушанды.
Ақтаспа,шырмауықты,торғын құрақ,
Бозкөде, кербетеге, қарға тұяқ,
Биеемшек, түйетабан, ақбас қурай,
Түптеніп шашын тарар жасыл құрақ.
Телпекті, текесақал, наригенді,
Жоңышқа, қара барқын, дегелекті.
Көкмия, аламанды, жалғызжуа,
Қымыздық, рауғаш пен шегерінді.
Жауқазын, киікоты, қасқыр жемі,
Қарандыз, тамыр дәрі татқан желі.
Жапырақ шайыры мен алабота,
Қараған, тобылғының ашқан гүлі.
Сән беріп тасын бүркеп жасыл арша,
Қасқалдақ, жүн қараған басқан шырша.
Тасжарған, көкемарал, таушымылдық,

Үшқат пен сасыр желек, өскен сарша.
Тасында асыр салып арқар, құлжа,
Жеріне жасыл Шалтас аңдар риза.
Елі байдың жері бай дегендейін,
Дәулетін жасап жатқан халқы риза.

Совет халқы десе қайтер еді. Олай деп айтқысы келмеген акынның өз ортасына көңілі толмағаны байқалады.Осы жолдар авторының шыр етіп түскен жері Жаңаарқа өңірі. Сөйткенмен де мені Шалтас пен Қарабұлақ өзіне мәгнитше тартады. Олай болатыны, бұл атырапта аруақтар тынымдап жатыр.Жай жатпай, тұяқ жалғар ұрпақтарын рухымен демесіндейді. «Біздер калдырып кеткен ата қоныстыиесіз тастамаңдар» дегенді үніз мәлімдегендей болады. Содан да қазақ рухынын бір белгісі болған осы қырқа «Сары Баян» төбесі деп аталып кеткен.

«Алуан -алуан жүйрік бар, эліне карай шабады» делінетін халық сөзі бар. Бэріміз де кезінде қалам ұстадык. Жасыратын не бар, «айбынды коммунистік партия жасасыннан» келетін сөзіміздің кіріспесі. Самат көкеміз ондай жадағайлықтан саналы түрде қашқан. Совет метебінде сауатын ашқан, ақындық таланты да ұлы көсеміміз Ленин идеясы нұрландырған жарқын заманда ояна тұра, ауыз әдебиеті дэстүрінде дастандар жазғанына таңырқайсың. Неге өйткен?! Туған даласының топырағы саналы ақынды ескілікті үлгіде жыр-дастан жазуға мәжбүрлеген екен. Сол себептен де ол туындатқан шығармалар өзегінде ата бабаларының қара қонысынан бастау алған жер тарихы, ел тарихы тайға таңба басқандай ақ қағазға анық түсіп жатады.

Сары, Баян, Итқара, Жорат, Торақ,
Мекенін қоныс еткен Қарабұлак,
Жерленген сүйектері осы араға,
Тарихи ескерткішке болып тұрак.
Казірде Қарабұлақ жалғасында,
Тұрсынның Ақтөбесі шың басында.
Мүрдесін Итқараның қадір тұтып,
Топтасып жатыр қолы дэл касында.
Сары, Баян аталатын Кіндіктөбе,
Томсарып жатыр ішке сырын бүге.
Арасы Ақтөбенің үш шакырым,
Жерленген Сары, Баян оған неге?

Осы сұраққа «Есей-Достың ерлігі» деген дастанында ақын былайша жауап қайтарады.

Дене қалар, аруақ мэңгі жасар,
Демек аруақ тебіренсе жауды тұсар.
Екеуі екі босағада жатса онда,
Аруақтан қалмақ қолы үрке қашар.

Біздің ұлт (қазақ) Алладан соң, ата-баба аруағына сүйенген. Осыншалықты кеңбайтақ Ұлы Даланы иемденіп, содан кіндігімізді үзбей келуіміздің бір жетістігі-Бабалардың сүйегі жатқан қара қоныстан көз жазбай, сол қасиетті мекенді дұшпанның табанына таптатпай бүгінгі күнге (XXI) жеткізуіміз болып табылады. Бұл үрдіс қызыл сөзді көтермейді. Нақтылықты қалайды.Ұлттық рухты аспаннан (дерексіз ұғымдардан) іздегеннің пайдасы жоқ, онда келер ұрпақ адасады. Ұлттық рухтың жиынтығы- Қазақ даласы! Дала төсінде із қалдырған оқиғалардан туындаған аңыз-әпсаналарды жас ұрпақ жатырқамай қабылдаса, онда біздін азын-аулақ еңбегіміздің зая кетпегені.

ИТҚАРА БАСЫ

Кәрі боз шабытымды тепеңдеттім,
«Сары, Баян» төбеден әрі кеттім.
Екеуінің арасы тай шаптырым,
«Итқара белгісіне» келіп жеттім.
Иткара заманында атқа мінген,
Қаржысқан ата жауы қастарымен.
Сұңқардай ел көгінде парлап ұшып,
Сұқсырын айдын көлдің жастан ілген.
Атақты Балта батыр баласы екен,
Алты ұлдың ілкімдісі, сарасы екен.
Жасынан өжет бопты жаудан қайтпас,
Ит қалмақ құт мекенге талас екен.
Кезінде сан шайқасты көрген батыр,
Қалмаққа албастыдай төнген батыр.
Батыр Баян жорықтас серігі екен,
Қос батыр мәңгі тыншып қатар жатыр.
Екі дос қалмақ шебін бұзып жарған,
Итқара шайқастан соң тыным алған.
Улы судан нөкері баудай түскен,
Қашқан жау бұлақты улап кете барған.
Соңына ерткен нөкері қырық екен,
Қырқы да жауға ойран бүлік екен.
Уланған судан бәрі ажал тауып,
Қапылыс амал қанша өтті некен.
Бізге жеткен аңыздың сарыны бұл,
Өткеннің бұлдыр келер сағымы кіл.
Төскейде төмпешік боп мәңгі жатыр,
Батырға белгі болып Ақтөбе тұр.

Әлқисса, Қаракесектің сырт Бошанына жататын Кернейдің Балтасынан туған Итқараның ерлігі ел аузында сақталған. Иткара кіндікті болған. Бауырынан он жеті бала өрген. Шежіреде белгілісі тоғыз ғана боп тұр. Итқара батыр қырық жігіт ұстаған. Жорықта жүргенде Алакөлдін Итішпесінен сатқақ деген ауру жамап, бәрі бірдей опат болыпты. Қырқы бірдей Иткарамен қоса Карабұлақта жатыр. Батыр ұрпақтары Итқараның басына белгі орнатыпты. Итқара шежірелік аңыздарда немере ағасы Жарылғап батырдың «оң қолы» атанып, жоңғарлармен болған соғыста талай мәрте ерлік көрсеткені айтылады. Бұл дерек шежіре тарату мақсатында емес, жер атына байланысты болғандықтан келтірілді. Қарабұлақтың Актөбесі «Итқара бас» деп аталады.

АНДАС БҰЛАҒЫ

Шалтастан Бүркіттіге қарап өттім,
«Көпбайдың жалпағын» да жанап өттім.
Шүмектің ат шалдырып өзегіне,
Андастың бұлағына келіп жеттім.
Шымырлап ағып жатыр Андас бұлақ,
Көмкерген су ағарын қалың құрақ.
Жетімсіреп қалғандай көрінеді,
Қалың ел совхоз тарап кеткен жырақ.
Тұсалдың кібіректеп жырым неден,
Кейінгіге керек қой ұғымды өлең.
«Жасасын партияның» заманы өткен,
Даладан бастау алар бүгінгі өлең.
Ақбұлақтың қабағы әлі де ашық,
Тереңнен қайнап шыккан емес жасық,
Тұнығын қымыздайын сіміргендер,
Бұлақтың кеткен екен көзін ашып.
Бұл бұлақ-балалықтың бастауындай,
Көзге ыстық өркенділер жас шағындай.
Қол ұстасқан екі жас бұлаққа кеп,
Сиынатын болған ғой медет сұрай.
Қыста суы қатпайтын жылы болған,
Мөлдіріне тәңірдің нұры конған.
Жазда тастай сұп-суық тістен өткен,
Өзіндік құпиясы сыры болған.
Осы толғау болып тұр маған сынақ,
Сыр алдырды тосаңсып кәрі құлақ.
Қалайша Андас бұлақ делінгенін,





Ескі көз көнелерден білдім сұрап.
Андас та заманында бар болыпты,
Тақуа, діндар, сопы жан болыпты.
Ақ қашып, қызыл алған дүрбелеңде,
Түстікке ауа көшіп алға озыпты.
Асылы Кәрсен ата Таңыбайы,
Дәулетті, өз кезінің болды байы.
Таңыбайдың Жаманқұл атасынан,
Өскіні маған танық ұрпақ жайы.

Кәрсөннің Таңыбайы өскен ата. Ескі көздердің айтуына қарғанда Таңыбайдың Жаманқұлы эке дәстүрін берік ұстанып, жау жарағын бойынан ұзатпаған қырандай қырағы, көкжалдай ойсан батыр болған екен. Жаманқұлдан тараған ұрпақтарының атактысы -Андас еді дегенді біздің де құлағымыз шалды. Алайда нақты дерек колда жок. Андастың ұрпақтарын таратып бере алмадық.

Ақ бұлақ атауына ие болғаны көңілге медеу. Осы жолдарды қағазға түсіру барысында бұл бұлакты ұмытпай жүрген (бұрынғы «Ақшағыл» совхозының тумалары) азматтармен сыр бөлісуге тура келді. «Сыр бөлісудің» сыры неде? «Ақшағыл» совхозы кеңес үкіметі жылдарында (1965) құрылған совхоз. Жартылай шөлейт өңірде ірге көтерген шаруашылық отыз жылға таяу мерзімде ақтылы қой өсіріп ауыл шаруашылығын алға бастырды. Осы Ақшағыл өңірінде бір қауым ел шаңырағын биктетіп, кергелерін кеңейтті. Мал малданып, жан жанданып ұрпақ өрбітті. Қой шаруашылғын дамыту кеңшардың басты мақсаты болды. Атақты аға шопан Аманкелді Сәденов газет бетінен түспейтін еді. Оған мен де өлең арнадым.

Манарбек Сағымбеков

Сәденов Аманкелді дара жүйрік,
Партия төрт орденді тақты сый ғып.
Жүзіне 106-дан қозы әперді,
Шопан жоқ Ақшағылда одан үздік,-

деп жыр арнадым.

Темір тұлпар тізгіндеген майталман механизатор Қапбаров Елібайды мадақтап очерк жазған едім.Әбдірахманов Жәркен нағыз еңбек адамы еді. Балалары әкеден көрген өнегесін жалғастырып, туған ауылында шаруа қожалығын дөңгелетіп жатыр. Кезінде шаруашылықта қой саны отыз үш мыңға (1987) жеткен еді. Кеңшарда Боранқұлов Кеңес, Мағзаұлы Хамза сынды даңғайыр шопандар еңбек етті. Су көздері тапшы куаң далада қой өсіру мехнаты бастан асты. Қаратал, Шүмек өзендері тартылып қалған. Қой отарларын жазда «водавозбен» суарғанын көзіміз көрді. Өріс те тапшы. Жайылым тұяқ кесті боп қара жусанға толып кеткен. Сондай жағдайда, жарықтық Андастың Ақбұлағы тыныс болғанын кеншар тұрғындары күні бүгінге дейін айтып жүреді. Үш су сорғыш машина кезегімен кеп су әкетіп жатқанда, Ақбұлақ сыр алдырмай молығып жатады екен.

Табиғаттың сараңдығына өздерінің күш -жігерін қарсы қойған Ақшағыл ауылының еңбек озаттарын атап өту парызым деп білемін. Шаруашылық басшылығында болған Манарбек Сағымбеков байыпты




Орал Исатаев

парасатты азамат еді. Еңбек адамарының көңілін төкпе күйімен көтеріп, жылы сөзімен демеді. Жалпы Ақшағыл ауылы кезінде өнер ордасына айналған еді. Совхоз директорынан бастап мұғалімдер де шетінен жыршы,күйші. Бұл совхозға қызмет бабындағы іс сапарға ауыл ағалары Жүнісбеков Иген, Әбдірахманов Жұмабай, Көкжалов Кәрім сынды үлкендердің әңгімесін тыңдап, Манарбек директор мен Орал Исатаевқа күй тарттыру үшін баратын едік. Сондай көңіл күйде болатынбыз. Ауыл басқарған Ақшағылдың маңдай алды азаматтары Сәбет Сепбосынов, Шұғай Сэденов, Мағызаұлы Рымбектің есімдері ұмытылмақшы емес. Бұл ауылда еркек бағалы эйелдердің де қатары мол болған еді. Мінезіне көркі сай Зәпу бәйбіше, қолы берекелі Құлқен мен Сұлу қазақ әйелдеріне тән ғұрып ұстанған көп балалы аналар болатын. Ұстаздық қызметі мінезіне сәйкескен Сепбосынова Кәбира (Сепбосынов Сәбеттің бәйбішесі) жазған естелік кітаптар өткен күндерді көз алдыңа экеліп сағыныш тудыратынын қайтерсің! Бұрынғы кеңшарға, тарап кеткен ауылға, Ақшағылға деген менің де аңсарым айрықша. Ол аңсау- күй өнерін ұстанған Манарбек пен Оралға деген сағыныш, етек-жеңі ықшамдалып бара жатқан қайран ауылға,қазақ ауылдарына деген сағыныш екеніне кімді сендіргендейсің!? Бұл ауылдан шыққан жастардың жүректерінде от бар. Есімі қазаққа танымал ұлтжанды азамат Қанат Боранқұлов, ұстазы Орал Исатаевтың күй мұрасын еншілеп қалған шертпе күйдің шебері Сепбосынов Әнет Ақшағылдың төл тумалары. Кіндік қандары тамған топыраққа қайта айналып соға беретін Көкжалов Сәтбек бастаған азаматтарға сүйсінесің. Олар туған ауылдарын аңсайды. Андастың ақбұлағының суын аңсайды. Жиналып келіп бұлақ көзін ашып кетеді. Туған жерге,ауылға деген перзенттік махаббат осындай-ақ болсын!

Ризамын Ақшағылдың жастарына,
«Ақшағылын» шығарған аспанына.
Ақбұлақты аялап анасындай,
Таяныш тірек еткен жас жанына.

ҮЛКЕН БҰЛАҚ

Андастың Ақбұлағын артқа тастап,
Мінгішті тебінемін бетті нақтап.
«Үлкен бұлақ» бұл тұстан қашық емес,
Бағытты шамаладым жолда тоқтап.
Жол серігім қабағын түйіп алды,
«Сізді де деп жүрміз-ау жыры мәнді.
Кәртайғанда шығандап дала кезген,
Айтамыз жүргеніңе біз күмәнді.
Ақындар жыр толғайды - Астана деп,
Қазақтың Ақордасы бас кала деп.
Атақ алып сол үшін орден тақты,
Көңілі жаймашуак тамағы тоқ.
Жүргенің жараспайды дала кезіп,
Нендей опа табамын саған еріп.
Дегені жол серіктің ойын жолы,
Елең еттім бір жетім киік көріп.
Жапанда шығандап жүр жалғыз киік,
Құр сүлдерін сүйреткен, кеткен сиық.
Шыққыр көзім мұны да көрдің-ау деп,
Көз алдым қарауытты, денем ұйып.
Тәңірдің ісі ме бұл, не қайла бар!?
Дағдарып аяқ асты боласын дал.
Балаша қапелімде кемсеңдедім,



Атандым қартайғанда «жылауық шал».
Сөйткенше, бұлаққа да келіп жеттік,
Азырақ бойды жазып аял еттік.
Қайда жүрсің дегендей -«Үлкен бұлақ»,
Дегенді аңғартқандай- «ашық есік»

Бұл бұлаққа аудандық «Ақадыр таңы» газетінде тілші боп жүргенде (1979) соғып өткен едім. Ол кезеңде бұл маң «Босаға» совхозының Киікті бөлімшесіне қарайтын-ды. Бұлақтың нақ желкесінде шикі кірпіштен өрілген Қондыбай Шоң бидің еңселі мазары тұрған. Тағы да екі-үш бейітті көзім шалған. Көшекбай (Аралабайдың) атаға жататын Татан мен Жайық бейіттерін де көргенмін. Кейінде ұрпақтары (2010) бұл аталардың басына ескерткіш белгі қойыпты. Шоңның басында да белгі тұр. Бір дөңгелек бейіт Жылқыбай мазары аталады екен. Үлкенбұлақ бойы Кәрсөннің Аралбай атасының қонысы болғанын осы бейіттер айғақтап тұр. Үлкенбұлақта жатқан Қондыбайұлы Шоң кезінде әділдігімен елді аузына қаратқан би болғаны ескілікті әңгімеде көп айтылады. Шежіре бойынша бұл ата (Қайрат Әбілдинов түзген Аралбай ата шежіресі) былайша таратылады. Аралбай- одан Жандыр- одан Садырбай- одан Нұрбай, Қондыбай, Есберген, Асанбай туады. Қондыбайдан-Нысан, Шоң, Қорысбай, Ұлтау, Қуаныш, Тыныбай, Тәти, Бижан, Манай, Қанай тарайды екен. Шоңнан-Жанай, Әлжан, Ержан, Ахмет, Әбілез, Баттал туады.

Жанайдан- Адам жалғыз туған. Адамнан (Қара-Түсіп қосалқы есімі) Бекен, Шоқан, Монтай, Зейнекүл, Тетен, Бәтен туады. Бекеннен- Ізтөлеу Түсіпов (әнші әрі ақын) туған. Әңгімені «Үлкен бұлақтағы» Шоң бейітінен туындатып отырмыз. Шоң би ұрпақтарын таратып шығу бұл еңбектің міндетіне жатпайды. Осы жолдар авторы бұл атаға күйеу бала боп келеді. Аралбайдың Жандырынан тарайтын Қондыбайлар өскен ата. Бұл ата балалары бауырмал келеді екен.Жігіттері шетінен жау түсіргіш, сойылшыл қол күшке мығым келеді. Жэне өздері аңқылдаған қаукөрік шетінен. Осы ауылдың ұзатылған бір қызынан: «Дауылдаған ел еді, келіп қалар деп едім» деген сөз қалған. Қондыбай жігіттері шетінен сүйекті ірі келеді. Шоңның Ахметінің серілігі Арқа мен Шу бойына белгілі болыпты. Көкпаршы тақымкеш болған. Алты арыс бас қосқан үлкен бір аста «жалаңаш әйелді» Ахмет серінің ұтып кеткені ел есінде қалған еді. «Ерлерім, ерлерім, өздерің шыққан жерлерің» деп жұрт алдына шығып, бәсте ұтыс алып дәніккен әйелді Ахметтің «сүріндіргені» ел арасына аңыз боп тараған. Ол кісі өзінің руласы (Аралбайдың Көшекбайына жатады) Қази ақынға мен өлгенде қайтіп жоқтайсың деген ғой. «Атадан туған арыстан, сайманың сенің қарыстан, шортаны едің Балқаштың, шабақ жұтқан ағыстан, көкжалы болдың төскейдің, бір жылқыны тауысқан, назарың түскен ұрғашы бөксесі ұйып солыққан, «мүшеңді» қайтіп қиярмыз асып біткен қалыптан» деп шұбыртып ала жөнелгенде: «Болды-болды, осының да жетіп жатыр» деген екен. Шоңның Ахметінің арты жақсы. Ахметтен-

Жолтүс, Шәкен, Жөкіш, Төлеухан, Тәуміш, Рысбала туады. Бұлардың бәрінен ұрпақ бар. Сырттай естуімізше Ахметтің Төлеуханы әкесіне тартып туған (жиендер мен күйеулер) деп әзілейді екен. Қатын алғыш болса керек. Сондай әзіл (күйеу болғандықтан) менен де шығатын еді. Бір жолы (1990) біздің үйге Қондыбайдың Арыстанбек (жүз жасады) деген кәриясы келе калды. Қызы Бәтен (менің бәйбішем) бар, мен бар атамызды айрықша күтімге алып, құрмет көрсеттік. «Әй, күйеу бала, шәйнек әкел» деп дамыл -дамыл іш дәрет ала берген соң, тілім қышып: «Кәрия, бізде су тапшы. Сіздердікі қалыптан артық болады деуші еді» дегенімде, бетіме қарап тұрып: «Әй, өзің бір ит екенсін» дегені ғой. Әлжаннан Мұқаш- одан Қаракөз туған. Қаракөз аркасы бар ақын кісі еді. Шоңның Ержаны би болыпты. Ержаннан-Бікір, Тұрбек, Бәкен туған делінеді. Әбілезден-Тоғанбай, Құсыни, Тынышбала туған. Батталдан-Мүкәли, Жетен туған. Жетенді көрдім, сабырлы біртоға кісі еді. Жанайдың Адамы (1898-1970) осы жолдар авторының атасы. Ол кісінің кіші қызы Бәтен менің (алпыс жыл жолдас болған) зайыбым. Кезінде (1900-1970) Жанайдың Адамы қайын атамды көп тыңдадым. Әкесі Жанай- Қондыбайдан тарайтын Шоңның алты баласының үлкені, түйедей дэу кісі боптьі. Өте балажан болса керек. Жанайекеңді Қондыбай әулеті «көке» дейді екен. Ол кісі ауылға келгенде, әулеттің бар баласы «көкем бүлкіл» ойнауға жұмылатын көрінеді. Оның мәнісі-«көкелері» балаларды иығына, арқасына отырғызып алып «түйе бүлкілге» басады екен. (Балажандық қасиет қазақта ежелден бар, бүгінде сол дәстүр аяқсып барады) Жанайдан Адам жалғыз туған. Әміркүл, Зейнеп деген екі апасы болыпты. Екеуі бірдей жігіт біткеннің көзін суырған кербездігімен танылған.Жанай бидің қос еркесіне қызыққан үйсін жігіттері:

«Дегенде сары шаған, сары шаған,
Асып тұр, қалқажан -ау, асыл бағаң.
Балқаштың ойнақ салған ақ шабағын,
Дариға-ай, шортан болып қалай қабам?
Әміркүл, Зейнеп,
Отырмын сөйлеп,
Қалқатай, өлеңіңді айт,
Өйдеп-бүйдеп»

деп әнге қосқан.

Жанай заманында серіліктен де құр болмапты. Үйсіннің қыздары:

«Керуен тартып Жанай таз жылда өтесің,
Көңілімді күпті қып еліртесің.
Нар тұлғаңа қараумен көзім талды,
Біздің жаққа бұрсаңшы көштің бетін,-

деп базына айтқанын бұл атаның үлкендері аңыз етісетін. Жанайдың жампозы атанған Адам да кезінде жігіттің сұлтаны болған-ды. Тақымынан көкпар бермеген. Барымтада сабаласқандарды баудай түсірген. Жасынан

мылтық асынып, құралайды көзденататын мергендік аты шығыпты. Өзі айтар еді: «Жайлауда отырғанымызда ақтардың қырық солдаты сау ете қалды. Еркектерді бір үйге қамап,есікке күзет қойып, қатын -балаға білгендерін істей бастағанда, киіз үйді төңкеріп тастап, жаушы -жалам жау қайдаға басып, сыртқа лап қойдық. Менің мергендігімді, мылтық ұстай алатынымды білетін жігіттер қаумалап атқа мінгізіп, бір қоржын оқ пен бердеңкені қолыма ұстата берді. Қапы қалған ақтың солдаттары көп қарсыласа алмай, жан сауға сұрады. Бірді-екілісі оққа ұшты. Бізден де жараланғандар бар. Түйе жеккен арбаға отырғызып, Балқаштан әрі асырып тастадық» деген-ді. Отыз жетінші жылы Адекең он жылға сотталыпты. Қасында немере ағасы Әлжан бидің Мұқашы болған. Адекең түрменің ірегесін кездікпен үңгіп шығып бостандыққа шығыпты. Қасындағы ағасы Мұқаш: «Саған ілесе алмаймын, кедергі боламын» деп түрмеде қалып қойыпты. Содан ол кісі қайта оралмаған. Қашқын Адекең аяқ -қолын үсітіп, Айғыржалға жетеді. Колхоз басқармасы:Аралабай атаның Шүршітіне жататын Жолдастың үйінде тығылып екі ай жатады. Өзі айтатын: «Шіркін, Жолдастай жүрекжұтқан азматты ғұмырымда көрмедім. Мен сияқты қашқынды басын қатарге тігіп үйіне сақтағаны есімнен еш кетер емес» деп. Адекеңнің әңгімесін көп тыңдадым. Ақкөңіл аңқылдаған кісі -тін. Аздаған «қожанасырлығы да» болатын. Атқұмар, аңшылығы қартайғанша қалған жоқ.

Аралбайдың Қондыбайынан тарағандар (бір қауым ел) баршылық. Бұл атадан да тәуірлер көп шыққан. Қаламы тұшымды ұстаз Мұрат Көккөзов (Аралбай атаның алғашқы шежіресін жиып бастырған) тартулы азамат болатын. Осы атаның тұлғалы азаматы қоғам қайраткері, айтулы балуан Сағыжан Аманжолов жалындаған жас кезінде «одақтың» (СССР-дің) түйе балуаны атағын жеңіп алған. Суреті Мәскеудің бір спрот залында элі күнге дейін (2018) ілулі тұр. Кейінгі талапкер жастар да баршылық. Бейбіт Рысбекұлы да өлең өлкесінде ізі бар ақын. Кентай Төлеуханұлы да ұлтжанды азамат.

Үлкенбұлақ- «үлкендігін» көрсетуден жалығар емес. Бұл бұлақтың кәусары Мойынты кенті тұрғындарының ризықысына айналған. Туған өлкенің тұмарындай болып ел игілігіне айналған бұлақтың шипалы суының құнарына баға жетпейді.


Ырза бол ниетіме-Үлкенбұлақ,
Мақтау күтіп жүргем жоқ өлең құрап.
Даланың сен де өзгеше мөлдірісің,
Бола бер туған елге мәңгі тұрақ.
Айна көз мөлдіреген бұлақ барда,
Көкарай көк майсалы құрақ барда.
Туған жер өңін бермей мәңгі жасап,
Ұлы көшті бастайды ғасырларға.

БОСАҒА

Айыртау, Ешкіөлмеске бетті бұрдым,
Босағаны аралап ұзақ жүрдім.
Босаға екі таудың қысаң тұсы,
Үлкендерден анығын сұрап білдім.
Көп айтса жаңылмайды, дөп айтады,
Даланың тау мен тасы, желі айтады.
Көш жолында арткан жүк ауып қалып,
Босаға қалып кеткен деп айтады.
Тегіннен аталмаған «Босаға» деп,
Бір дерек жалған емес аңызға сеп.
Қасиетті, қастерлі киелі жер,
Содан да бұл атауы өзіне дөп.
Тоқтаусыз әрлі-берлі пойыз өткен,
Дүбірлеп жататыны сол себептен.
Кезінде табысы мол совхоз орнап,
Не бір үздік озаттар еңбек еткен.
Кеңшарлар жекелікке өткен кезде,
Бетбұрыс жасалған ғой осы жерде.
Шаруалар қожалғы алға шығып,
Төрт түлік қаптай өрді қыр мен белде.
Бұл ауыл мерейі өсіп шалкып отыр,
Табысы жылдан жылға артып отыр.
Мешіті бар, діндарлар ауылы бұл,
Жас бала аят жаттап, құран оқыр.
Ер көңіл жігіттері мәрт келеді,
Қимылы ұстасқанға шалт келеді.
Құлжанбек бабасынан аумай қалған,
Шетінен боз кілемде мәртебелі.
Босаға қазағымның құтты өнірі,
Жері бай, шөбі шүйгін, түкті өңірі.
Ел дәулетін еңбекпен тасқындатып,
Құптаймын алға оздырған істеріңді.
Босағадан мимырттап әрі кеттім,
Доңғалға «желді аяқпен» келіп жеттім.
«Ақадыр» совхозының орыны ғой,
Аз ауылға тәуба деп шүкір еттім.
Заманның кімдер жеткен есебіне,
Аз ғұмыр итшілеумен өтеді де.
Аударып назарымды қалың бейіт,
Бет бұрдым өлгендердің мекеніне.

САДЫҚ МАЗАРЫ

Кесене жаңа үлгіде көзді тартты,
Көп сырды мәлімдейді тұрған қалпы.
Смағұлов Садықтың мазары бұл,
Маған мәлім қаламдас достың нарқы.
Баяғы ізі қанды өткен заман,
Жер ауып қазақ босып кеткен заман.
Қалың ел ашаршылық құрбаны боп,
Қазақты ұйқы-тұйқы еткен заман.
Жан екен мінезі ауыр ұнасымды,
Садыққа әкесі айтып мына сырды.
«Ата қоныс туған жер қайран Арқа!»
Дегенін бала Садық жастан білді.
«Жер ауып амалсыздан Шаян бардым,
Жоқшылық еңселетті жаяу қалдым.
Үйренген бала күнгі кәсібім ет,
Атандым жат ортада -«Етікші Арғын.»
Осылай деп әкесі жыр қылатын,
Ішке тоқып Садық та сырды басым.
Әке арманын жырына азық етіп,
Арда күрең өлеңге бұрды басын.



Садық Смағұловтың мазары



Садық Смағұлов (1937-2019) қазақ даласын, оның ішінде ата-баба қара қонысы Шет-Ақадыр өңірін жалықпай жырлап өткен қаламгер еді. Оның таланты тәуелсіздік таңынан қуат алып, жедел жетілді.Жасынан сөз өнеріне құштар Садық ел еңсесі көтерілген жылдарда ата-бабаның қара қонысына бұрды талант арғымағын. Арғы бабасы Көкбөрі Кернейдің бейнесін сомдады. Мен бұл адаммен көп әңгімелес боп, сыралғы дос дәрежесіне жете қойған жоқпын. Ақадырда тұратын туған ағасы Ыдырыстың (Ыдырыс Смағұлұлы (1924-1973) балаларына (Мейрамбек, Әскербек, Абай, Адай, қыздары Роза, Рая) кеп жүреді. Сонда танысып аяқ алысын (аужайын) байқаған едім. Біздің үлкен әкеміз (әкемнің әкесі) Айтбосынұлы Әбілда Кернейдің Балтасына жататын (қай атасы екені белгісіздеу) Шынан балуанның қызынан туған екен. Түп нағашым Кернейлерді ілмелеп (әзілге шаптырып) жүретін әдетім бар. Қызыл сөздің көрігімен төске салып «шыңдап» та жіберемін. Менің өз нағашыларым Қуанық ішінде Алтайдың Аралбайына жатады. Аралбай жігіттері шетінен еті тірі ширақ келеді. Кезінде бұл атадан қазаққа олжа салған тәуірлер (тұлғалар) көп шыққан. Шежіре деректері бойынша бізге жеткен ескілікті сөзде Алтайдың Аралбайларын (Қаракесекте де Аралабай руы бар) ауыз екі қалжыңда «жебірей» (еврей) дейтіні бар. Бұл сөз тоқа Телқозының Шоңынан қалған екен. Шоң замандасы аралбай Құтжан қажының бір мінезіне бола: «Орыста- жебірей, қазақта-Аралбай; Аралбайдың «ал тіліне (екі сөзді дегені) нанба, алтын берсе алма» деп мінездеген екен. Содан бері осы сөз менің нағашыларымның соңына еріп жүр. Бір мінезі жақпай қалғанда, бұл атаны «жебрей» деп келемеждеп жатады сырт ағайындар. Түп нағашыларым Керней атаға да епте сөз ереді. «Бұлар қара және сары боп бөлінеді» деп келетін қалжыңның астарынан сөз шығартындар бар. Ел есінде қалған Сарыауыз (Осы жолдар авторы ол туралы «Даланың аусар серісі»(1997) деген хиқат жазған) түбі тоқа болғанымен, Кернейлерге сіңген жиен екен. Садық досты алғаш көргенде, Кернейдің нағыз қарасы екенін байқадым. Тұлға-тұрпатында шойыннан құйғандай ірілік бар. Қасқыр бет қайтпас қараның нақ өзі дерсің. Сөз саптасы орнықты, лепірме ғадетке жоқ екен. Сөйлесе келгенде, мен ол кісіге жиен Сәкең маған түп нағашы болып шықты. Алматыда тұрып жатқан оның қаламгерлігінен хабарым болғанымен,қай тақырыпта жазатынын сол жолы сұрап білдім. Шежіреге бір кісідей жетік, тарихтан да мол хабардар екенін

сөз аңғарынан байқадым. Шығармаларын оқи келгенде, қалыпасқан жазушы һәм білгір тарихшы екеніне көзім жетті. Садық Смағұлов өлеңді де бір кісдей өреді, прозасы да саламақты. Кесек шығармаларға қол артқан ол Көкбөрі Керней бабасының бейнесін сомдаумен қатар, Батыр балта (екі кітаптан тұратын) романдарын жазған еді. Шежірелік аңыздарды тарихи деректермен шебер ұштастыра отырып дәйектеген шығармаларының көркемдік қуаты дау туғызбайды. Әттең оны көретін көз, ұғатын сана болса деңіз. Жаһанданудың құрдымына жұтылып бара жатқан бүгінгілерді жер тарихы, ел тарихы еліктіре қоймайды. Садық Смағұлов ата қонысына, ата-бабаларының аруағына деген адалдығынан жаңылмай өтті өмірден. Туған даласын, Арқа төсін жырлады. Бабаларынын ерлігін ел есіне оралтты. Ақыр соңында, туған топырағына кеп тынымдады. Көзі тірісінде өзіне арнап бейіт салдырып, сол мазарға кеп жатты. Бұл біле білгенге ерлікпен пара-пар. Ұлы Далаға деген перзенттік құштарлығын Садық бауыр өзінің өсиетімен дәйектеп кетті. Даласын сүйген, туған топырғын ардақтаған нағыз қазақ екені дау туғызбайды. Өз топырағында жай тапқан пенденің иманы кәміл десек артық болмас.


ДАУЫЛБАЙ БАСЫ

Нысаналап бетке алдым Қос-Доңғалды,
Дегенім жалған болды- достар мәңгі.
Жаяуға аттылының күні түспес,
Жалған дос жеме-жемде бұғып қалды.
Мүсіркеп, «қара жаяу» мені көріп,
Міңгізуге ерінер сәлем беріп.
Қой торымен итпектеп жүруші еді,
Жалған досқа ғайыптан бітті желік.





Осымен толдым деме ірі болып,
Әлі-ақ сен жаяулайсын күнің озып.
Борышкерсің қарызын шаш етектен,
Банктің жүрсін достым құлы болып.
Басына Үлкен Донғал зорға шықтым,
Дегенді мәлімдеді «Кел-кел, мықтым!»
Ұрғылап өр кеудемді асау жүрек,
Азырақ аял етіп тізе бүктім.
Шалтастың көзбен шолып қырқаларын,
Ақсарлыға алыстан назар салдым.
«Киікбайдың қызылын» шырамытып,
Ақсайды бұлаңытқан болжауладым
Аққұдық-Аксайдың нақ ойпанында,
Мол сулы, заманында болған бұла.
Кейінде суы ортайып, бағы қайтып.
Айналған құр өзектің апанына.
Сол жаққа бағыттадым қиялымды,
Еріксіз еске алып бір аңызды.
Тұспалдап айтушы еді ескі көздер:
«Қырағылар қоймады қыранымды».
Дей көрме не деп кетті мына шіркін,
Доңғал аздап тынымдап тұра тұрсын.
Дауылбайдың аңызын таратайын,
Бұл тарихты кейінгі ұрпақ білсін.
Сегіз ата делінген Кәрсөн елі,
Арқаның мекен болған қыр мен белі.



Дауылбайдың інісі Рыспай Омарбекулы



Дауылбайқызы Жақан

Сол атаның кішісі Құлназдардың,
Шетінен өр келіпті жігіттері.
Тепкісіне «кеңестің» көнбей қойған,
Әртелге мүшелікке енбей қойған.
Әр жерде көтеріліс шыққан кезде,
«Иә, сәт!» деп соларға демеу болған.
Кәмпескелеп байлардың малын алды,
Бай-жуанды қаңғыртып жер аударды.
Тап жауларын «қызылдар» аңша аулап,
Қорғансыз ауылдарға ойран салды.
Белсенді «бидай тап»деп дігерледі,
Мал көрсе алдына сап айдай берді.
Жоқ-жітік елден безіп тентіреді,
Түп қазықта қалғаны аштан өлді.
Дағдарды Құлназардың жігіттері,
Үзілді келешектен үміттері.
Қоймадағы азыққа ауыз салып.
Белсендіні шетінен дүреледі.
Соқпады жақсылыққа мұның арты,
Қызыл көз белсендінің - ату шарты.
Тоғызды атып, одан соң жетеуді атып.
Құлназардан жойылды дәл «жиырма алты».
Осылай деп шерленіп Құланазар шал,
Дегендей боп мынаған құлағың сал.
«Қашкындарды» бізге де жапсырады,
Өмірден ер боп өткен Дауылбай бар.
Деп сөзін түйіндейтін ауырлатып,
Шындықтың білу керек мәнін ашып,
Қашқын емес Дауылбай батыр қазақ,
Ер тумас бұл атада одан асып.
Қазақтың жоқтап өткен ескі кегін,
Арманда өтті-ау дариға-ай, тектілерім!
Дауылбай қашқын емес шын намыскер,
«Даланың шолғыншысы» деп білемін.
Ол рас отыз үш жыл оқтан қашты,
Деген бар «бәрінен де жаның тәтті».
Сарыарқасын армансыз шарлады ол,
Топырағына оралып тыным тапты.

Ел құлағында бұл адам «Дауылбай қашқын» атымен қалған. Қаракесектің Кәрсөн руының Құлназарына жататын Дауылбайдың жеті атасы шежіреде

былайша таратылады. Кәрсөн-одан...Құлназар-одан Қабылан- одан Жәмеңке-одан Жұрын-одан Күңке-одан Соқыр-одан Құрманбай-одан Омарбек- одан Дауылбай туған. Осы атаның шежіресін тартқанда («Құлназар баба шежіресі» -2011 ж., Шәкәрім Омаров) мына жыр жолдары елең еткізеді.

Құлназар құр болмаған қара күштен,
Ұстасқан «жансауға» деп тізе бүккен.
Аттың жалы қоймайды желіктірмей,
Әз-Баба бертін келе аттан түскен.
Бітімші боп дау -шарға араласқан,
Ердің құнын екі ауыз сөзбен айтқан.
Әділешіл Бабаның беті қатты.
Сауға сұрап жалынған жаза басқан.
Мұсылмандық жолды да нық ұстаған,
Ұрыны қотанына жуытпаған.
Адал аска ұрпағын дәніктіріп,
Сопы, молда, қожаны ұлықтаған.
Баласы Қабылан да өжет болған,
Жау шебін өрттей ұйпап бұзып жарған.
Жорықта Таңыбайға серік болып,
Секірткен арғымақты терең ордан.
Туыпты Қабыланнан Елшібек ер,
Болған ғой берекелі ол жүрген жер.
Қалмаққа Қабыланмен бірге шапқан,
Куә оған ата қоныс қыр менен белі.
Елшібектің Стамқұл мен Сатылғаны,
Нар кескен қында жатпас батыл бәрі.
Кенесары қолында шепті бастап,
Елге аян патша әскерін қашырғаны.
Шыққан ғой Құлназардан Төке батыр,
Атанған заманында жеке батыр.
Серік боп Елшібекке жау кашырып,
Етіпті қастасқанды ақыр -тақыр.
Байкүшік Қабыланның немересі,
Жау десе қозады екен делебесі.
Ақжолтай Ағыбайға серік болған,
Дүбірге толған кезде Арқа төсі.
Ақтаудың алған кезде бекінісін,
Танытқан Байкүшік те жігер-күшін.
Кенесары «Байсырттан» деп ат беріпті,
Еңсерген жан шыдатпай жаудың күшін.

Осы толғауда аталған батыр бабалар (Қабылан, Елшібек,Төке, Байкүшік) Дауылбайдың үлкен аталары болып келеді. Дауылбайды, ендігі жерде, «жанын алып қашқын қоян жүрек қорқақ, Отанын сатқан опасыз» деудің іреті келмейді. Ол қорқак болса, Қытайға (1946) өтіп, қазақтардың ұлт азаттық көтерілісін бастаған Оспан батырдың қол астында жүріп соғысар ма еді? Бұл деректің (Дауылбайдың Қытайға өткені) бүге-шігесі белгілі жазушы білікті шежіреші Садық Смағұловтың «33 жыл оқтан қашқан адам» деген деректі романында анық жазылған.

Дауылбай қашықындықты бір есептен өзі тілеп алғандай көрінеді. Қанмен орнаған қатыгез қоғамға деген ішкі кек Дауылбайды қашқындыққа мәжбүрл еген. Бейкүнә қазақхалқын қырғынғаушыратқан «қызыл империяның» қатыгездігіне көрсеткен қарсылығы екені даусыз. Қандас бауырлары «жиырма алтының» жазыксыз атылғаны, өзі шыққан ру Құланазарлардың Бетпақдала жолында аштан кырылғаны жүрегіне қан қатырған. Соғыс жылдарында (1941-46) әр аймақтарда соғыстан қашқындар болған. Олардың көбісі ұсталып, сотталғаны мәлім. Дауылбайдың серіктері де қолға түсті. Өтіп кеткен ескі оқиғаны қоздырғаннан пайда жоқ, одан мен ұпайымды арттырғалы отырған жоқпын. «Қайдағы бір қашқынды дәріптегені несі?!» деп сөзге қаларымды да жақсы білемін. Сөйте тұрғанмен, Дауылбайдың «қашқындығы» Жаяу Мұсаның, Мәдидің, өзінің аталас ағайыны дала көкжалы Боранқұлдың тағдырына үйлесетінін ашып айтудың жөні енді келді.

Ақ сиса, қызыл сиса, сиса-сиса,
Жүрмейді кімдер жаяу зорық қылса.
Жиналып орыс-қазақ қашқын дейді,
Көрер ем қашқындықтың күні туса,-

деп Жаяу Мұса жан айқайын сыртқа шығарса, арыстан жүректі Мәди еркін өскен кең даласына сөзін арнайды.

Үшқара басың биік аса алмадым,
Жайқалтып жапырағын бас алмадым.
Есіме қайран жерлер сен түскенде,
Көл қылып көздің жасын баса алмадым.
Үшқара басың биік мұнар шалған,
Сүмпиіп өте шығар мына жалған.
Тар есік, тар босаға жаман екен,
Ер едім ел ішінде сайран салған.

Мәдидің асқақ үнін, арман-аңсарын жүрегіне ұялатқан Дауылбайдың «қашқындығы» бас аманаудан да басқа бір жағдайды еске салады. Серіктері ұсталып жан сауға сұрағанда, қара үздіріп кетуінде сұмдық бір құпия барын сол қарсаңда кім біле қойды дейсің. Білген күнде де оны ашып салуға ешкімнің де дәті бармас еді. Орыс жұртында «Күшігінен таланған» деген ащы сөз бар.

Дауылбайдың да басында сол кеп бар еді. Керт басы былай қалып,мүтін қазақ қауымы, қайран елі аласапыранда аштан қырылса, сүйектері шашылып сай -сайда қалса, берекелі де бейбіт кара қоныcты өрт алса, дала мал мен жаннан адаланып бос қалса, бар қазақ елден ел асып босып кетсе, «күшігінен таланбағанда» несі қалды бұл қазақтың»!? Сол бір азалы да қаралы жылдар Дауылбайдың жүрегіне шер байламағанда қайтеді? Жүрегіне мықтап орнаған аза-мұң жеме —жемде кекке ұласқаны ақиқат жағдай. Ел аузындағы аңызға қарағанда, Құлназар атаның жиырма алтысы атылған қарсаңда белсенділер бұл ауылды мықтап тұрып қырына алып, тоз -тозын шығарады. Үркіншілікке ұшырағандар қара қоныстан пана таппай оңтүсікке шұбырады. Көшке ілесе алмаған шіп -шикі сәбилер Бетбақтың жонында шашылып қала берді. Тірі қалғандары Қырғыз Алатауын сағалайды. Одан әрі Қытай асқандары да бар.Ауа көшкендер аты жөнін өзгертіп, бас амандауға мәжбүр болған. Кісі танымайтын жерді сағалап қос үрей күн кешкен.

Дедік қой Құлназарлар өскен ата,
Бабасы «өсіп- өн» деп берген бата.
«Жиырма алтысы» атылып шарай көзге,
Шұбырды жаяу -жалпы қол ұстаса.
Көбісі жол шығын боп шөлде қалды,
Қырғыздың Алатауы өрге барды.
Бірәзі бұл атаның бас амандап.
Бұғынып жерді қимай елде калды.

Әлқисса, бұл зобалан бертінге шейін айталмай келді. Оның есесіне,осы атадан шыққан Дауылбай қашқынды дабырайтты. Кейбір аузы үлкен өзіміздің қазақтар: «Құлназарлар бүлікшіл келеді, кезінде бұларың «қызылдарға» да сойыл көтерген. Дауылбайы отанын саткан опасыз болған» дегенін сан естідік. Дауылбайдың соғыстан жалтарғаны керт басынын амандығы үшін болған жағдай деп бір жақты үстірт баға беруге келмейді. Шындығына келгенде, ол бір басы үшін емес, бар қазақтың кегін ұстанды. Кедейді байға теңейміз, жер бетінде жұмақ орнатамыз деп тапсыз коғам орнатпақшы боп, бейбіт те берекелі қазақ елін «қызыл қырғынға» ұшыратқан Кеңестік империя Дауылбайға құбжық боп көрінбегенде қайтеді? Бір атадан тараған қандас бауырлары «жиырма алтының» қазасы есінен қалай шықсын!? Ашаршылықта қырылған бауырларын қалайша ұмытады? Бұл аздай-ақ, отыз жетінің ойранында жазықсыз атылғандардың жан азасы әлі күнге құлағында жүрген жоқ па? «Солардың өлігін аттап өтіп, өңмендеп неміске мылтық кезеніп «жаужүрек» болғанша, дала кезіп жүргенім көп кайырлы» демегенде қайтеді.

Ұлы Даланың құшағы кең, бір перзентін жасыруға шамасы жетер. Сол тұста қазақ даласы (1949) тағы бір қасіретке тап болды. Бетегелі бел-белес қаралы арудай қара жамылып, атом сынағынан қансыраған Сарыарқаның

өзегін от қарыды. Дауасыз дертке шалдыққан үлкен -кіші жарық жалғаннан мезгілсіз озып жатты. Бұл аздай -ақ, тың көтереміз деп даурыққан компартия көсемдері (1954) «бейбіт интервентция» ұйымдастырып, қазақ даласына басып кіріп, сотталғандар мен бұзықтарды, ішкіштерді, шпаналарды Сарыарқа төскейіне қаптатып жібергені тарих жадында. Қазақстанға тың көтереміз деп келгендер де құлқынынан аса алмайтын тағылық аңсар бар еді. Иен жатқан далаға өңмендеген «тыңгерлер» қазақ даласының байлығына ашқарақтана сұғынып, өзенде балық, көлде құс қоймағанын көз көрді. Тусыраған дала бей-берекет жыртылудың салдарынан өңі оңып, құнарынан айрылды. Эрозияға ұшыраған топырақтың шаңы аспанға шығып жатты. Бұл қарсаңда ел ішінде де үлкенді -кішілі қақтығыстар жүріп жатты. Аузы арақ пен тамақтан құрғамаған тыңгерлер жергілікті ұлттың қызылына қол сала бастағанда, қазақтар атқа мінеді ғой. Бізге жеткен ауызша деректерге қарғанда,солтүстік облыстардың бір аймағында жаппай атқа мінген жергілікті жердің адамдары бұзақы тыңгерлерді аттың бауырына алып бықбырт қып сабамай ма! Содан сүйікті коммунистік партия қырағылық танытып, дереу қаулы қабылдамай ма. Меншік ат ұстауға тыйым салынсын деген. Аттың, жылқының қазақ даласында бағының төменеуі сол тұстан басталған еді. Тың көтерудің нәтижесі болды, нан тойымдығын жоққа шығара алмаймыз. Бұл науқанның қасиетінен де қасіреті басым түскенін көз көрді. Нәтижесінде, қазақ халқы өз шаңырағында (республикасында) азшылыққа айналып шыға келген жоқ па?Азшылықтың салдарынан қазақ халқы ұлтсыздануға бет бұрып орыстана бастады. Тіл мәнсізденді, дін әлсіреді, ұлттық дәстүр-салт аяқтың астында қалды. Қазақ мектептері жаппай жабылып, «коммунизмге бір тілмен, орыс тілімен барамыз» деген наукан етек алды.

Енді соның бәрі ұмыт, тәуелсіз заман орнап теңдікке жеттік десек те, ана тіліміздің, туған тіл қазақ тілінің насихаты бір жақты үстірт. Тілдің қанаттанып жетілетін ұясы - әдебиет. Әдебиеттің мәнсізденуі, көркем әдебиеттің тынысын тарылтады. Көркем әдебиеттің оқылмай қолданыстан шығып қалуы ана тілін жүдетеді. Тілдің жүдеуі- мағыналы да мәнді бай қазақ тілінің көркемдік қуатының әлсіреуіне әкеп соқтырады. Қуаты әлсіреген тіл бара- бара жарымжан күйге ұшырап, жоқтыққа жұтылады.

Ұлтымыздың бір тізгін, бір шылбыры өз қолымызда. «Ұлы Даланың жеті қыры» елбасының бастауымен қолға алына басады, бұл құптарлық шара. Осы жолдарды жазбаға (кітапқа) кірістіруде мән бар. Отыз үш жыл қазақ даласын атпен шарлап қашқындықты еркіндік тынысына балаған Дауылбайды демеген ненің қуаты, ненің тартылысы оны ата қонысынан ұзатпай жүрген? Ақыр соңында сол топыраққа кеп жатпады ма. Қытай асып кетуіне болатын еді. Оның сырын білген кім бар? Жаманшылық көрген жерінен «еңбектеп қашудың орнына» қайта айналып соға беретіні несі? Біздің де осы тақырыпта

ой өрбтуімізде Дауылбайдың рухымен үндестік барына көз жеткізуге болады. Оны туған даласынан, ауылынан ұзатпаған топырақтың тартымы десек қисынға келеді. Даланың қасиеті топырағында. Туған жерден топырақ бұйырмағандар қаншама. Соғыстан қашқанда да ата-бабасының қара қонысын. топырағын қимай ұрынған жоқ па қашқын» деген жаман атаққа. Боз даланың бозша құсындай туған мекенінен ұзамағаны көзге жас келтіреді. Осы кісі туралы Садық Смағұлов өз өмірбаянында былай дейді. «Таза зейнеткерлікте жүріп «33 жыл оқтан қашқан адам» деген кітабымды жарыққа шығардым. Әрине, өлең, мақалалар жазып қолым қағазға үйренген. Әкемнің әңгімелерінен бастау алып, ел арасында «түз тағысы» атанған Дауылбай «қашқынның» өзімен 1969 жылдың жазында 31 күн дәмдес, тұздас болып, тоқым төсеніп, ер жастанып бірге жүргенім мен үшін үлкен романтика болды. «Жалыққан жоқсың ба? Жұмыстастарың екеуміздің соңымызға шам алып түспесін, мен құтылармын, сен тұтылып қалма?!» деп ескерткеніне: «Сіз отыз бір жыл жүргенде, мен отыз бір күнге шыдамаймын ба? Сіз маған Мәди, Иманжүсіпсіз. Батырдың қасында жүру, сөзін тыңдау мен үшін ғанибет, кітапқа түсіремін» деген жауабымды қазбал амайтын».

Роман тарауларынан үзінді келтіру мүмкін емес, онда оқиға созылып кетеді

Көмескі тарта бастап қашқын ізі,
Көзін тартып қызғалдақ таудың гүлі.
Жас иіске қиядан көзі түсті,
Елеңдетті жесірді ат дүбірі.
Жар құшып қартайғанда бала сүйді,
Мал бағып құм ішінде еңбек қылды.
Туған жер Арқа төсі естен кетпей,
Жиналып ұзақ жолға атқа мінді.
Тарланы ескі досы кәрі жылқы,
Сүлікқара желісті биік тұрқы.
Азығын қоржынға сықап алып,
Қос атпен Арқа жаққа бетті бұрды.
Өтті ол Бетбақцала шөлін басып,
Туған жерін көргенше болды асық.
Шалтас бойы, Аққұдық оған ыстық,
Кел-кел деп шақырғандай қойнын ашып.
Асықты Киікбайдың қызылына,
Құмартып Аққұдықтың тұнығына,
Ақсайдың жалбызына шай қайнатып,
Қоныспен жүздескенше сыры бұла.
Бұл қоныс жас ғұмырдың куәсі еді,
Құмары сарымсағы, жуасы еді.

Сайында қой бүлдірген бырдай болып,
Аң-құсы жалықтырас, сірә, сені.
Орнығып кер заманға сенімі кіл,
Жайқалып қолмен басқан егіні кіл.
Аш-арықтың ауызы аққа тиіген,
«Гүлденсін» қолхозының орыны бүл.
Содан да ескі қоныс ыстық бұған,
Аял етіп бой жазды етіп тыраң.
Өлгендерді құрметпен есіне алды,
Бағыштады аятын оқып құран.
Байқастап ел аралап, жер шолады,
Арқаның бұған мәлім кең алабы.
Қашқын аты құбыжық әлі күнге,
Түзелмей тұрған жоқ па ел қабағы.

Бұдан соңғы оқиға Дауылбайдың өліміне әкеп соқтырады. Ажалына асықты деп айтуға ауыз бармайды. Бұл шамада Дауылбай әлі тың, бой-басын таза ұстап, сұлу киініп жүретін ол бес уақытылы намазын қаза жібермейтін айрықша діндар, тәубасы бар адам екен. Ажал оны қапылыста қармаған. Аяғына шідер салып жайылысқа жіберген Тарлан апанға түсіп кетеді де, соны шығармақшы болғанда, Дауылбайға тұяғы тиіп кетіп, содан жарақат алған ол құдық басында көз жұмады. Жалғыз қызын, бауыры Рысбайды көре алмай, сергелдеңмен өткен ғұмыры осылайша аянышты аяқталады. Пендешілікпен «Көптен қашқан көмусіз қалардың кері болған екен»деуге аузың бармайды. Кәрі серігі Тарланды апаннан шығарам деп жүріп ажал тырнағына ілгіп кеткеніне не айтуға болады?! Небір қуғын-сүргінде денесіне дақ түсірмей оқ бүріккен талайғы шайқастан аман-сау құтылып кете беретін қайран ерге ажал төтендеп жеткен. Жансебіл қайсар жанды қапылыс қолға түсірген ажалдың да бір ойлағаны бар болғаны ғой. Төтендеп қие-жара келуіне қарғанда, Дауылбайға көптен «тісін қайрап» жүрген болса керек. Ақырында қапысын тауып тынысын үзіп тынған жоқ па. Мейлі ғой, өзекті жанға өлім хақ, ажал адамның еркінен тыс Жаратушы Иенің пәрменіне тиемел құбылыс. Дауылбайға жеткен қазаны жазғырғаннан ештеңе ұтпаймыз. Оның қазасы сондайлық елде -күнде жоқ төтен жағдаят емес. Ол өзінің өлімімен тірілерге ой салып кетті.

Қызғалдақ үзіп көктемде,
Қолтықтасып көк белде.
Сұлуды құшып өпсең де,
Жұмырық түйіп өктемге,
Бұқаша сүзіп өтсең де,
Өмірдің шайқап тұнығын,

Мұратыңа жетсең де.
Ақ шүберек оранып,
Қаларсың жалғыз тепсенде, -

деп кетті. Ол жай кеткен жоқ, тірілерге (казактарға) аманат қалдырып кетті. Соғысты болдырмаңдар, адамдар! Бір- біріңе мылтық кезген әдетті тастаңдар. Жер бетінде соғыстан қашқан соңғы «қашқын» мен-ақ болайын. Адам атудан жалтарғанымды жаман атқа жатқызып жүрген өздерің, менің сендерге түк жазығым жоқ. Адамдар бір-бірін аңша аулағанды қойған күні жер бетінде жұмақ орнайды деп кетті. Қазақтар даланың момын тұрғындары, олар адам тұрмақ табиғатқа қылдай қиянат жасаған емес, кіндіктері табиғатқа байланған, оларды табиғаттан ажырата алмайсыңдар деп кетті. Ата-бабамның қара қонысы мені демеді. Содан қуат алдым бойыма. Өлгенде де соның топырағын бүркенемін дегені ақыры расқа шықты. Топыраққа тепсінбеңдер, шөбін жұлмаңдар, көлшігін былғамаңдар, даланы иесіз бос қалдырмаңдар деп кетті. Есіл ер тіршілігінде жеңілуді білмей, өмірден азаттықтың арда күреңіндей желіп өткен қайсар жан еді. Тек ажал ғана тізе бүктірді оны, қапысын тапты. Ажалдың құрығы ұзын келеді, оның тастаған бұғалығынан ешбір жан иесі құтылып көрген емес. Тұлпарыңды тырп еткізбейді, батырды да мәу демейді. Дүниені бір тарының қауызына сидырған әміршілерді шопақ құрлы көрсе не дейсің!? Қазақты қынадай қырып қырғын таптыруға себепші болған Ұлы көсем Сталинді де мүрдем жіберген ажалың дала кезген «қашқынды» мәу десін бе? Осылай демесіңе амалың қайсы!? Шындықты айта алмай іштей буыласың.

Осы жолдарды қағазға түсіру барысында, Дауылбайдың соңғы тоқтаған жері Киікбайдың қызылына, Ақсай бойына, Аққұдыққа баруға тура келді. «Дауылбай басы» делінген көк тасқа: «Осы жерде дүниеден жүйріктей желіп өткен, көресіні көріп өткен дала батыры Дауылбай Құлназартегі жатыр» деп жазылыпты. Шындығында бұл тұста Дауылбайдын рухы қалған-ды. Сүйегі анасының қасына қойылған. Дауылбайға ажал құштырып, отыз жыл бойында тақымында жүрген Тарланын да батпағына батырған Аққұдықта бүгінде сиық жоқ, көзі бітеліп қалыпты. Көк желкесіндегі тепсеңде Тарланның сүйегі жатыр делінеді. Кезінде Дауылбайға жанашыр болған жерлестері: «Тарлан өлген жер» деп темірден ойып белгі орнатқан екен. Темір белгінің жұрнағы ғана қалыпты.

Дауылбай ізсіз кетпеген адам. Батыр атымен әйгіленіп, соңына ұрпақ қалдырып кеткен. Ендігі жерде батырдан қалған ұрпакты іздеп табу міндеті тұр біздің алдымызда. Салғыртсымайық, **ағайындар! Өшкен жанып, өлген** тірілген заман бұл. Жоғымызды індетіп, жоғалтқанымызды табу басты мақсат деп білуіміз керек. Садық Смағұлов жазған кітапта Дауылбай ғұмырының соңына қарай Шу бойына, Мойынқұмға тұрақтап от басын құрғаны анық жазылған.

ДОҢҒАЛ

Доңғал шоқысы (тауы) Ақадыр кентінің оңтүсік шығысында тұр. Этимологиялық анықтамасы сырт бітіміне қарай белгіленген. Кәдімгі дөңес, дөң сөзінің ұлғайған түрі. Егіз биік «Қос-Доңғал» аталады. Ертеректе (1840-1928) бұл өңірді Кәрсөннің Қозыбағынан шыққан Тарпаң бай иеленген. Содан да бұл шоқылар «Тарпаңның Қос-Доңғалы» делінеді. «Қызылдың» үкіметі бел алған қарсаңда (1928-1931) Қос-Доңғалда штап (ауылды Советтендірудің тірегі) құрылып, кәператип (сельпо) орнайды. Ел ішіне аштық кіре бастағанда, дағдарған қара тобыр амалсыздан бас көтереді. «Тоғыздың» атылғаны сол дүрбелеңнің (кіші-гірім көтеріліс) дүмпуі. Бұл қанды оқиға кешегі өткен Советтік кезеңде (1917-1991) айтылмай келді. Од ан соңғы «отыз екінің» аштығы да жабық күйінде қалды. Сырт көзге сүйкімді көрінетін Доңғалдың іші толған шер-шемен. Небір ықылым заманаларды өткерген көне шоқы сырт бітімімен, көмпіс кейпімен адамдарды сабырға шақырған сарбдал саңлақтықтан еш жаңылмай келеді. Ненің болсын ақырын күтуді халық табиғаттан алса керек. Шыдам -төзімді де Жер-Анадан бойына сіңірген. Бай -бағылан, үстем таптың көзін жойып, онымен қоса қабат қара халықты да қызыл қырғынға ұшыратып, одан соң тағы бір сойқанды (1937) бастаған «бәлшебектер партиясы» халық жауларын аңша аулағанын, атып асқанын жүрегінен өткізген де көмпіс дала еді. Оның ішінде қазақ даласына (Ұлы Дала) салмақ көп түсті. Біз тілге тиек еткен Доңғал да замана салмағын көп көтерген тау.

* * *

Атауын жердің айтып тауса алмаймын,
Сорабын жүлгеледім болған жайдың.
Бөденедей бұлтиған момақан тау,
Таразысы сияқты әрбір жайдың.
Доңғал атын өзіне тауып қойған,
Етегі ду -думанды, сауық -сайран.
Текаппар менменсіген Айыртау да,
Бағынышты қалыпта құлақ қойған.
«Үйрек» оның бейне бір сыңарындай,
«Қарареспе» момақансып ағады жай.
«Шынанның бидайығы» делінеді.
Тарлауы бойлап өскен нән сабаудай.
Түстікте Жүнді тауы бойын созған,
Бой жетпеске сияқты қолын созған.
Тікенекті сүйкімсіз қарағаны,
«Жүнді» атауы бұл тауға содан қалған.
Доңғалға кісімсиді қырын келіп,

«Атағың танылмаған бұрын не қып?»
Доңғал атың берілді стансаға,
Қызығам ішім соны дұрыс көріп.

Қатар тұрған екі шоқы Жүнді мен Доңғалдың бір -бірімен сыры да бір, мұны да бір. Жүндінің қырпынан аздаған көре алмастық байкалады. Расында бұрын (1937-2010) бұл бекетке Доңғал атауы дер уағында неге берілмеген? Кайдағы бір қарадүрсін «Ойран» атауын осы тұстағы бекетке (разъезге) жапсырғандардың ойында не болған? Ойранының Айран, Айрын делініп күні кешеге дейін мәнсіз, мағынасыз сөзбен бұрмаланғанын көз көріп, құлақ естіді. Осы тұстан теміржол (1937) өткенде кіші бекетке «Ойран» атауы берілген. Айыртау мен Ешкіөлместің сыртындағы Ойран тауын (бұл жерден отыз шақырым қашықтықта) бекет атауына телудің астарында «Жасасын Советтер Одағы» сарыны жатыр. Ол сарынды көнекөздерден талай естідік. Жағымды да жағымсыз мағынасында құлаққа жеткен. «Тап жаулары осы жерде бас көтеріп бейбіт тіршілікке лаң салып, тоғыз бандының көзі жойылған. Осы маң содан бері «Ойран» аталып кеткен». Бұл сөздің мән-мағынасын жете түсінбеген басқа ұлттың өкілі (шындығында орыс бастық) құптап бас изеген. Сонымен біткен шаруа бұл. Арты қайыр, тәуелсіздіктің арқасында бәрі орнына келді.

«Үлкендеу сияқтанат менен жасың,
Жап-жалаңаш сояусыз сенің басың.
Көтерем түйе сынды сұрың жаман,
Тегіннен аталмаған «Жүнді» атың.
Кезінде етегіңде ауыл болған,
Дүбірлі берекелі қауым болған.
Кеңшардың орталығы құлап жатыр,
Оталып қырқылғандай қалың орман.
Тілеуің Жүнді сенің жаман еді,
Бостырып тозғындаттың тамам елді.
Ауылдың сиқы кетіп, сұры қашты,
Қалайша оңалады бағаң енді?

Доңғал десе дегендей бұл өңір кезінде (1965-1993) дүбірлеп жатты. Тың көтеру науқаны өрістеген қарсаңда (колхоздардың негізінде) Шет ауданы бойынша да совхоздар құрыла бастаған еді. Сол шаруашылықтың бірі- «Ақадыр» совхозы (1965) болатын. Бұл шаруашылық тікелей қой өсірумен айналысты. Кеңшар орталығы Айрин (бүгіндегі Доңғал бекеті) стансасына іргелес орнады. Соның нәтижесінде шаруашылық жұмыс күшінен тапшылық көрмеген еді. Ауыл шарашылығын жетік білетін іскер мамандар мал басын өсіріп, одан мол өнім алуда толайым табыстарға жетіп жатты. Ақадыр ауданы (1973) құрылған қарсаңда совхоз орталығында жаңа үлгідегі орта мектеп,

мәдениет үйі салынып ауыл келбеті өңейе түскен еді.Шаруашылықты көп жыл басқарған Көкжалов Зәкірдің іскерлігін көзіміз көрді. Одан соң кеңшар шаруашылығына жетекшілік жасаған Құрман Күзембаев та іскерлігімен танылды. Кеңшардың есеп -қисабына дидақшы Сұлтанғали Елеубеков арналы кісі еді. Партия, совет жеткешілігін мінсіз атақарған Хишауов Төлеген, Қатбаев Көшербай, Бәкіров Тұрсын, Әбдікеров Қалиақбар, ауылдың мәдени өміріне, рухани ажарына өзгеше өң берген жұғымды азаматтар еді. Мал мамандары, шаруашылық жетекшілері Хамзин Кеңесбек,Боқанов Қабдырахман, Әшімов Алдажар, Жұманов Бекежан, Сембаев Қарақан, Қасымов Ермек, Сметов Алтай, Түсіпов Қалыбек пен Шәтеков Демесін,Шәрукеев Кэріғұл бастағандар шаруашылықты алға бастырудың тетігін тапқан іскер мамандар болатын. Агайынды Егінбай мен Серікбай да кеңшар дәулетін еселеуде аянбай еңбек етті. Кіләс пен Төкіштің де еңбегі ересен болды.Бұл кеңшарда таяғы құтты айтулы шопандар қатары мол болған еді. Айтбек Дуанбаевтың атағы ауданнан асты. Ленин орденді даңғайыр шопан Мәшүріпті мадақтап құлаш-құлаш очерк жазған тілшінің бірі мен едім. Айдос Мұқанов пен Мағаз шопан кеңшарда қой өсірудің майталмандары атанды. Жылқышы Қибаттың құрығы құтты болды. Совет Одағы мен Қытай шекарасы ашылған (1962) қарсаңда, Қазақстанға өткен бауырлардың бір легі «Ақадыр» совхозына кеп ірге қосқан-ды. Орыстана бастаған «Советтік Қазақстанға» қытайлық қазақтар жаңаша бір дэстүр-тағылым ала келді. Олар (Қытайдан бері өткен) туған тілінде таза сөйлейтін, ұлттық салт-дәстүрден де көз жаза қоймаған болатын. Мал бағудың ата-бабадан үзілмей келе жатқан ұлттық ығытын жақсы білетін шеттерінен дала қазағы екенін көзіміз көрді. Еңбекқор мал жанды шеттерінен. Мал жандылық қазаққа тән қасиет. Аға шопанар Айдошов Дихан, Көксубаев Отархан, Құрманбеков Аскар, Айдошов Мұрат, Әбенов Қойшыбай, Бектаев Қыдырбай, Мырзахметов Жұман -бұлардың бәрі де ауыл өміріне тың серпін әкелген нағыз малсақ дала қазақтары еді. Бүгінде солардың жолын қуғандар (бұрынғы «Ақадыр» совхозының түлектері) даланы малға толтырып жатыр. Жұматаева Қарлыға басқаратын шаруа қожалығы мал өсіруде аудан бойынша алда. Мұқанов Мейірқұл, Әупешов Алмас, Әшімов Жанғазы, Мырзаханов Қабылда басқаратын шаруа қожалықтары табысты еңбек етіп жатыр. Бұрынғы «Ақадыр» совхозы кезінде дәстүрге бай нағыз қазақ аулы боп қалыптасқан еді. Кең тыныcты әнші Хамит Көрікбаев, қаламы қарымды жорналшы-ақын Әуезхан Аманжолов осы ауылдың тумалары. Белгілі мал маманы сонымен қоса төкпе ақын Хамзеұлы Кеңесбек те осы топырақты басты. Мұсылмандық ғұрыпқа жол ашылған тәуелсіз кезеңде исламның бес парызына ден қойған Қадыр қажы мен Елен қажы туған аулынан табан аудармай түп қазықта отыр. Есімі аймаққа кең танылған Мәнеш қажы да осы ауылдан шыққан. Елеулі азаматтар Рысқали Әбдікеров, Димаш Көкжалов та осы ауылдан түлеп ұшып биікке қанат қомдағандар.

ҚАСІРЕТ БЕЛГІСІ

Доңғалым бетің жылтыр, тілің қотыр,
Көрмейсің жаңалықты көзің соқыр.
Көшкендер қалаға орнап ел боп кетті,
Фермерлер мың қой айдап шалқып отыр.
Еркінбіз, кең жайылды керегеміз,
Қазақпыз намысқоймыз, ерен елміз.
Орнына қайтып келді, арна толды,
Алла берсін ақырын деген елміз
Доңғалым, тым жылмағай бетің сенің,
Дұрыс па өткенді естен өшіргенің.
Кешегі қызыл қырғын кәмпескеде,
Тоғыздың атылғанын көрді көзің.
«Күйген сай» маған емес саған жақын,
Қос Доңғал зобаланмен шықты атың.
Тоғыздың «белсенділер» көзін жойды,
Айтшы сен соған дәлел болса датың.
Шымылдықтап көз алдын бұлдыр сағым,
Доңғал сәт біліп қалды ұтылғанын.
Тап жауларын қасқырша талағандар,
Талайдың шырқыратты-ау шыбын жанын.
Тауда тіл жоқ таратып айта алмады,
Көзі көрді тағылық ойсан жайды.
Қыр арқасы шымырлап жайы кетіп,
Белі кеткен түйеше қайқандады.
Бесеуді «Күйгенсайда» атқаны рас.





Көмусіз шұқанақта жатқаны рас.
Бір әйел жазықсыздан жан тапсырды,
Түйеше теңселді ғой таппай шыдас.
Неге атты түп себебі бұған жұмбақ,
Кедей байды- тап жауы атып қырмақ.
Малсыз қалып бар қазақ тентіреді,
Аштық жайлап артынша болды зұлмат.
Тоғыз неден қылмысты біле алмады,
Заман жайын бағамдап ұға алмады.
Аң атқанмен бірдейтін адам атау,
Талайдың оққа ұшты сыңарлары.
Доңғалдың бұған куә шығыс сырты,
Түнеріп көкті жапты сәуір бұлты.
Тоғызды қыл арқанмен қосақтады,
Етекте қазылған көр дайын тұрды.
Құтырынған «белсенді» қанға жерік,
Шендісі өзеурейді бұйрық беріп.
Бір оқпен жайратайық залымдарды,
Дегенді айтты бірі жақын келіп.
-Кәнікей ортаға шық қайсың мерген,
Ел іші кенде емес қой ерен ерден.
Көдебек кезегіңді ал қайтсын кегің,
Байлардан сен емес пе қорлық көрген.
Дегенде ортаға ол атып шықты,
Малдан боғы бөтен ғой сезбес түкті.
Маймылша жіпсік көзі жыпылықтап,
Тоғызды жалғыз оқпен атып жықты.
Көргендер бұл сұмдықты басын шайқап,
Қападар көңілменен жыр қып айтат.

Көдебек әруақ атып ұрпақсыз қап,
Дейтін-ді қорлықпенен өтті найсап.
Сол маңды талай шарлап тоғыз өлген,
Доңғалдың басына да шығып көргем.
Мына тұс деп көргенер нұскап еді,
Кәрия бас шайқаған көзбен көрген.
Деді ол талай сүргін өтті бастан,
Қызылдар тап жауына құрған қақпан.
Кәмөнеспін қалтамда белетім бар,
Қарсылық жоқ жассың ғой жазсаң дастан.
Дүниеден бұлбұл да өтті, дүлдүл де өтті,
Ақжүрек әлгі шалға қаза жетті.
Тәуелсіздік ақ таңын көре алмады,
Жыр еттім кеш те болса бұл бір кепті.
Жер-су аты шежіре көне кітап,
Әріден бастау алар емес ұсақ.
Болымсызды кейбіреу дабыралап,
Түкке тұрмас аңызға жаяр құшақ.

Кейінде (1991 жылдан бастап) белгілі болғандай осы атырапта «ойран» болған. Қызылдың үкіметі байлардың көзін жойып болған соң, кедей тапты құлдануға кірісті. «Отыз екінің» аштығы төніп келе жатқанын ет жүрегімен сезінген кедей тап келешектен (жарқын заманнан) күдер үзе бастаған екен. Солардың болмашы қарсылығын көтере алмаған (кешіре алмаған) Совет өкіметінің әпербақандары шолақ белсенділер тоғызды бір оқпен жайратқан. Оқиғаның мәнісін хатқа түскен деректерден тарқатып көрелік. Бұл қанды оқиғаны алғаш жарияға шығарған жазушы Кәмел Жүністегі болатын. Жезқазған облыстық «Сарыарқа» газетінде (1994 жылғы 17-қыркүйек) «Көз көргендер куә болған» деген жазбада окиғаның бүге-шігесі анық көрсетілген. Атылған тоғыз адамның аты-жөндері де бар. Кейінде тоғыздың аталған жеріне белгі орнатылды. Белгіні осы атаның (Құлназар руының) үлкені Шәкәрім қажы Омаров қойдырған еді. Мен бұл деректі ертеректе 1980 жылдары Бейсетай Тоқпанбетовтен (1920-2005) ұққан едім. Ол кісінің айтуы былай: «Тоғыздың да одан кейінгі атылғандар (ұзын саны жиырма алты) біздің атаға (бәрі де Құлназар) жатады. Тоғызды бір оқпен жайратқан Көдебек екен. Ажал оғынан тайсалғандар ықтап кеткенде араларында түрған Тәсібек: «Мына шіркіндер ажалды да дұрыстап қарсы алмады ау» деп өзі келіп алдыға шығып тұрыпты. Тәсібек кедей шаруадан шыққан еті тірі адам болған. Тұлға -тұрпаты келіскен еркектің сұлуы екен. Әйелі де өнді болған. Атын ұмыттым- ол әйел де атылған. Сонда тоғыздың ең соңында тұрған адамға оқ дарымай қалып, әлгі қашып беріпті. Қуғыншыларға жеткізбей тауға сіңіп кетіпті». Тірі қалған әлгі адамнан дерек жоқ. Сірә, көп жасаман болса керек.

Мен бұл оқиғаны бастан аяқ баяндап жатпаймын. Доңғалдағы «қаралы белгіден» шығардым оқиға сорабын. Бүгінде (2018) тәуелсіз қазақ елі жарқын заманға бағыт түзеді. Бейбіт те берекелі тыныштық жағдайда алаңсыз ғұмыр кешіп жатырмыз. Соған тәубе қылу керек.

ДОҢҒАЛ БЕКЕТІ

«Елу жылда-ел жаңа, жүз жылда-қазан». Әр елу жыл сайын жас өсіп, жарлы байып, ұрпақ алмасады. Алдыңғы буын (кәрілер) ілгерілеп кетеді де, олардың орнын кейінгі лек басады. Бұл -тіршілік заңдылығы Елдің жаңаланып кэрінің орнын жастар басады. Қоғам алмасып, тіршілік етудің жаңаша заңдылықтары қалыптасады. Кешегі өткен социалистік жүйе, коммунисік қоғам тыншу өтті деп айта аламыз ба? Жетпіс жылдың айналасында бастан өткерген зобалаңды ет жүректі біз тұрмақ қара жер де ауырлайды. Жақсымызға сүйініп, қасіретімізге күйінетін де ата мекен туған жер. Қазақ жерінің әр пұшпағы- заманалар жылнамасының көне қоржыны есепті. Сол қоржынға суық қолды (жаны ашымайтын сумақай) сұғындырудан қорғашатауымыз керек-ақ. Жердің жүрегін жаралап алсақ, онда елдің де назары пэс тартады. Елді мекендер қазақша жалпақ тілмен айтқанда- «Қара қоныс» саналады. Қара қоныста түлетудің орнына жүдетіп жіберсек, онда бізді сол топырақтың киесі ұрады. Доңғалда қасиет бар. Тау аты елді мекен атауына көшті. Доңғал бекеті бүгінде (2018) өз ажарын тапқан. Пойыз табанын қырағы күзеткен теміржолшылардың құтты мекені бұл. Бекетте шағын мешіт бар. Мектептің есігі ашық. Іргедегі бұрынғы совхоз орталғында да қыбыр байқалады. Құтты қонысты қиып кете алмай отырғандардың түтіні түзу әзірше. Ескі көздерді іздейсің. Сонда менің есіме катарласым Серік ЫбышҰлы түседі. Отыз жылдан астам станса (қазіргі Доңғал) бастығы қызметін атқарып келген ол стансаның Ойран атын Доңғалға ауыстыруға жанын салып, жоғарғы жақтың құлағына жеткізіп, соның нәтижесінде бүл өңір өзінің байырғы атауына ие болған еді. Осы еңбекті (жазбаны) қағазға түсіру барысында Доңғалға (бекетке) жолым түскенде, Серік замандасты іздедім. Секеңсіз Доңғал маған қоршаш көрініп тұрғандай болды. Ол- ішкі ағысы күшті мазасыз адам. Бабасы Тарпаңың рухы демесіндейтіндей ме? Әйтеуір, маза жоқ өзінде. Алла жолындағы қажылық міндетін де өтеп келді. Ата-бабаларын еске алып, ас бергізеді. Ата-баба шежіресін хатқа түсіреді. Онымен де қоймай, аталарының көне бейіттеріне белгі қояды. Сөйте жүріп, кітап жазады. Қазақтың Пришибіні атанған белгілі жазушы Әуезхан Көшімовті(немере ағасы) еске алып жазушы туралы әдеби

кеш өткізуге жанын салады. Мұншалықты мазасыз адамды ғұмырымда көрсем не дейсің?! Нағыз ел жанды, ауыл жанды, оған коса жер тынысын жан дүниесімен сезініп, ата қонысына деген сағынышын бәсеңдетпей жүрген Серік Ыбышұлы (бүгінгі заманға лайықты) нағыз абзал кәрия деп білемін. Үнемі жоқ іздеп жүргендей көрінеді ол сырт көзге. Маған да солай көрінеді. Біздің (қазақ ұлтының) жоғалтқанымыз мейлінше көп-ау! Шындығына сайсақ, әр саналы қазақ өзін жоқшы деп білуі керек. Серік Смағұлтегі бүгінде қалалық боп кеткен. Балалары (алты бала) қалада тұрған соң, кемпір-шал солардың (қысқа қарай) қолына барады. Қалада қарап жатпай қалам қимылдатады. «Жоқшы» деп аталған кітабын маған ұсынып еді. Бұдан бұрын да екі кітап шығарған. Үзеңгілес достың бұл кітабы ата қоныс туған ауылы Доңғалға арналыпты. Әр бетінен жусан исі аңқып тұрғандай. Сексендегі қамкөңіл қарттың Қазақстанына, туған жер, өскен еліне деген ықыласы айрықша.

Теміржол менің ата кәсібім,
Алла жазған ырзық-нәсібім.
Темір тәртіп адал еңбек,
Бойыма сіңген асылым.
Теміржол болаттай шынықтырды,
Өркениеті тоқумен қызықтырды.
Экономика күре тамыры атанып,
Қазақ елі гүлденіп құлпырды.

Кәриямыз өткенге топырақ шашудан аулақ. Кеткен заманды қаралауға жоқ.Сөйте тұра, бүгіндегі келеңсіздікке жаны ауырады. Жастардың жаңа өмірге бейімделіп терең білім алғанын құптай отырып, дарынды жастардың келешегіне алаңдайды. «Жастарымыздың арасында шетел мәдениетіне еліктеп, солықтаушылық басым. Жігіт жігерсіз, қыз көргенсіз боп барады. Тұлғасы да ұсақ, болмысы да майда»дей келіп, ана тіліміздің келешегіне де алаңдайды...«Әттең өкінішті, тіптен қасіретті деуге келер, өйткені қазіргі жастар көпшілігі сол асыл қазынамыз ана тілімізге көніл бөлмейді» деп налиды. Қамкөңіл кәрияның бір бүйірінде «Ауылы -алтын бесігі» жатады екен.

От басынан басталады ауылым,
Туған жерім, атамекен, қауымым.
Бар өмірім ауылда өтті тәуірмін,
Тәуба деймін, сүйіп өстім жауынын.
Доңғал жері өткен бабалар мұрасы,
Ешкімнің де оған болмас таласы.
Ұрпақтар сабақтастығы жалғасып,
Өсе берсін қазақтың қара баласы,-дей келіп, «Ауылыңды жан -тәніңмен менше сүй»деп тұжырады. Сөйткен қартыңыз былайша сарындайды-ау!

Бекер келдім ызыңдаған қалаға,
Еркін жүруші едім сайын даламда.
Қайран ауылым- алтын бесігім!
Азық берген қазақи салт-санама.
Қара-қызыл, қоңыр түтін жұтқаным,
Еркін жүріп елде неге жатпадым.
Қартайып сексенге жасым басқанда,
Киелі ауылды неге ғана тастадым?!
Құжынаған қаланың адамдары,
Есептеулі, санаулы қадамдары .
Жағаласып аяқ басып арпалысқан,
Таңнан тұрып күнұзақ асығады.
Еркін кіре алмайсың есік ашып,
Таба алмасаң тетігін дұрыс басып.
Әр есіктің құпиясын білу керек,
Жүру керек жаныңа кісі жалдап.
Көршілері бірін -бірі білмейді,
Иек қағып қолын ғана сермейді.
Асығып жүр, аптығып жүр алысып,
Әркеттері ойыма менің кірмейді.
Уа, ағайын,бекер келдім қалаға,
Тіршілігі сіңе алмады санама.
Жыл басы Наурыз келер жадырап,
Аман -есен жетсем екен далама.

Серік достың, Секеңнің кэрі жүрегінен үзіліп түскен осы жолдарды оқығанда, өзімнің ауылдан табан аудармай түп қазықта қалғаныма тәубе қыламын. Менің де жетіскенім шамалы-ау. Ауыл ортайып барады. Дала жетімсіреп тұр. Сағыныш пен мұңның көкесі ауылда. Бос қалған қоныстарды, қаңыраған қара жұртты, көне бейіттерді жағалаумен жүрген жаяу жыршы мені кім түсінер дейсің?! Топырашын тұлпарға, құзғынын сұңқарға балаған қалталылар сенің далаға, ауылға деген арман-аңсарыңды қайтсін. Адамды ақша билеген заман бұл.

ШЫНАННЫҢ БИДАЙЫҒЫ

Шынанның бидайығы Қараеспенің табанында. Қар суымен есілетін өзен осы тұста қанатын кең жайып жайылып ағады. Мол суға қаныққан жағалауды қалың шалғын көмкереді. Бойлап өскен бидайығы аттылының үзеңгілігін қағады. Соған байланыстырыла өзеннің осы тұсы «Шынанның бидайығы» аталып кеткен. Кейінде бұл өңірде колхоз, совхоз орнап, Қараеспенің табанына

бөгет (дамбы) тұрғызылып, өзеннің жайылмасын көмкерген бидайықты шабындыққа пайдаланған. Бірақ одан нәтиже шықпаған. «Шынанның бидайығы» делінетін ескілікті атауы ұмытылып, «Дамбы» аталып кеткен. Жайылмаға (су жайылатын жазықты осылайша атайды) су мамансымақтары үйінді қоршау тұрғызған. Көрсең ішің ашиды. Тоған ба, бөгет пе, егіндік, болмаса шабындық па, әйтпесе үйінді топырақтан тұрғызылған қоршау ма, біліп болмайды. Жерге жара салудың бұдан өткен сорақылығы жақ -ау, сірә!? Не жөндеп шабындық, өзінің табиғи бидайығы да өспейтін, екпе шөп те өсіп жарытпаған өзен табаны бүгінде «дамбы» аталып кеткен .

Көк шолақты борбайлап әрі кеттім,
«Шынанның бидайығын» басып өттім.
Бұл тұсты бүгінгілер «дамбы» дейді,
Кім білер касиетін асыл тектің.
Керней- Балта Шынаннын асыл заты,
Қаракесек атадан арғы заты.
Алып күштің иесі балуан боп,
Кәрсөн-Керней атаға шыққан аты.
Бес ұлы болған дейді аса мықты,
Дүмдіге теңдік бермей қасарыпты.
Шетінен жау түсіргіш, сойылшыл боп,
«Шынанның бес қасқасы» атаныпты.
Мекен- тұрақ кәдімгі-«Жүнді-Доңғал»,
Айыртау әрідегі және заңғар.
Кезінде бай-жуанмен құда болып,
Тарпаңға өткен екен-Сұлу Доңғал.
Кәрсөннің мыңды айдаған Тарпаң байы,
Тағыдай асаусыған құлын-тайы.
Шынанның «бес қасқасы» кедейленіп.
Біртіндеп Тарпаңға ауған жер шұрайы.
Шынанның алып екен Дуанбегі,
Сондайлық болмаған ғой шаруаға ебі.
«Жүнді» мен «Қараеспе» де қолдан шығып,
Дуанбек жылдан жылға кедейленді.
Қара күш жан сақтауға жарамады,
Азайды жылқылары, қара малы.
Тарпаң бай бос қыстауды иеліпіп,
Шынанның кедейленді балалары.
Дуанбек алып еді күші асқан,

Жұмарлап сан мықтының жайын тапқан.
Қоянды жәрмеңкесін дүбірлетіп,
Ұстасқанды тымақша аспанға атқан.
Таң атып, күнің шықпас болсаң жарлы,
Қаспақ қалмай қазанда от жанбады.
Дуанбек қағажауды байдан көріп,
Тіске басар түк таппай өзек талды.
Тарпаң бай күз күзекте отырған-ды,
Көп жылқыға Дуанбек көзін салды.
Түйекөкті желдіртіп жылқыға кеп,
Бір семіз жабағыға құрық салды.
Жабағыны шыңғыртып алдына сап,
Күшке салып бүктеді, қарысты жақ.
Қойша өңгеріп асауды кете барды,
Күргейлеп тасалады кешқұрым шақ.
Дабыралап малшылар бүл бір істі,
Мэн-жайды Тарпаң байға білдіріпті.
Жетекке алған жылқысын көре алмадық,
Өңгеріп кетті ме екен қыл құйрықты.
Қылғанын Дуанбектің іші біліп,
Көз қысты жалшысына ала бүлік.
Шауып кеп әлгі есер жау жеттілеп,
Бес ешкісін кедейдің кетті қуып.
Осыдан пэле өршіп дау шығады,
Шыдамы Дуанбектің таусылады.
Бір айғырдың үйірін қырып салып,
Тарпаңның балуаннан талды қары.
Дегенді көнелерден шалды құлақ,
Дуанбек ағайыннан жүрген жырақ.
Қайда барды, қай жерде дәм таусылды,
Анығын біле алмадым жұрттан сұрап.
Күмілжіп кәриялар теріс қарап,
Сес көрсетер кейбірі түйіп қабақ.
Дуанбектен тұқым жоқ, әуре болма,
Замана түпке жеткен қара қабақ.
Тыңдаушым, мені түсін, кінә қойма,
Азырақ ой бөліңіз мына жайға.
Дуанбек түп нағашым әкем айтқан,
Содан да тебіреніп түстім ойға.
Әбілданың баласы -Кәріп еді,

Шежіре ескі сөзге қанық еді.
«Шынан біздің әкейдің нағашысы»,
Дегені құлағымда қалып еді.
Тарпаңның заманында дәулеті асқан,
Құлашты кеңге жайып, керуен тартқан.
Аң терісін құндаған сауда жасап,
Қақпан құрып, аң аулап, табыс тапқан.
Балалары шетінен қасқыр болған,
Ақылман, елге тұтка, тапқыр болған.
Жігіттің сұлтандары, сұңқарлары,
Тарпаңнан қара ормандай ұрпақ қалған.
Шежіреге жатпайды менін жазбам,
Аңызды келтірмедім иіп қолдан.
Мекен атын, жер атын негізге алдым,
Келегені осы болды біздің қолдан.

Енді осы деректі байырқалтайық. Қараеспе де орнында, Доңғал мен Үйрек те орнында. Аумалы-төкпелі замана керуеніне ілескен адамзат баласы күн уағы жеткенде керуеннен жырылып қала бермекші. «Адамзат керуенінің мейманымыз, бір мезет жер бетіне кетер соғып" деп Қасым ақын жырлағандай ғұмыр -тіршіліктің де өз межесі болады. Сол межені- қалт жібермей бақылайтын Алла тағаладан соңғы бейтарап шолғыншы табиғат десек еш қателеспейміз.Табиғатта тіл жоқ. Соған қарамастан онда зерек зерде бар. Ішіне сақтайды көп нәрсені. «Шынанның бидайығын» шарай көз «дамбыға» телігеніміз, адамдар былай тұрыпты, табиғатқа қиянат емес пе?! Жер-Ананың жүрегіне жара салып қана қоймай, онын табиғи атауын (бидайықты алқап) бұрмалау- қиянаттың көкесі.

Ал осы Шынан кім? Бұл жазба ата таратуға жатпағанымен, қисынды жерде шежіреге де сүйенуге тура келеді. Сырт Бошанға жататын Кернейден-Балта, Түйте, Шаң, Балапан тарағанда, Балтадан- (Иткара. Қараша. Қаратай, Толыбай, Қазгелді, Қазыбай, Мамырбай, Қотыр. Жамбы) тоғыз туады. Сол тоғыздың біреуінен - Шынан балуан шыққан. Түбін іздегенімде әркім әр қилы дерек айтты. Нақты қай атадан (Балтаның қай баласынан) екенін ешкім де нақтылап айта алмады. Балуаннын бес ұлы болыпты. Олар шетінен дәу- «Шынанның бес қасқасы» атанған екен. Айыртау үшін жерге талас болғанда, Шынанның бес ұлы сырт ағайындарды айдап шығыпты. Шынан балуан Доңғал мен Қараеспені меншігіне алыпты. Басқа ағайындар (кернейлер) Айыртауға, Сапыға орнапты. Қалын кернейден (Ақашатудағы Керней болыстығы) бөлініп қалғандықтан бұл ата (Балта, дені Шаң) « Бөлек Керней» аталып кеткен. Бұлай делінудің бәлендей астары жоқ. Шынанның көзі кеткен соң, балаларының дәулеті шағындала бастаған. Шынанның

Дуанбегі Қозыбақ Тарпаң баймен құда болған делінген дерек бар. Шерткенде түйенің қабырғасын шытынататын алып күш иесі болған екен. Арғындар мен үйсіндердің жапсарында өткен бір аста Дуанбек атақты Үйсін балуанымен ұстасқанда, жілігін опырып жіберіп, содан ерегіс басталады да, арты барымтаға ұласады. Барымтаның салдарынан «Шынанның қалың көкаласы» ортая бастаған. Одан жұтқа ұшырайды да, «Шынанның бес қасқасы» ақыр соңында қара қасқа кедейге айналады. Олардан қалған жұрағатты (тұқымды) отыз екінің аштығы жалмайды. Бұл жайды бізге Қареспенің көңілсіз ағысы байқатады. Өзен бойындағы ойдым -ойдым шұқанақтар мен тілім -тілімі шыққан қара жердің суық сұрқы аңғартады.

АЙЫРТАУ

Айыртау- көнеден келе жатқан кәрі тау. Ойдақ-сойдақ сұсты тұрқымен, суық қабағымен өткен заманалардан сыр аңғартады. Таудың бұлайша аталуы сырт сұлбасына қарата қойылған болса керек. Жүнделеген түйедей арса- арсасы шыққан көне тау былайғы көзге қос өркешті нар сияқанып көрінетіндей ме. Үшар басы айыр өркештеніп тұрғандықтан, Айыртау атанса керек. Айыртауға байланысы ел ішінде неше қилы аңыз өрбіген. Бір замандарда осы өңірді от жүректі намысты қазақ ауылдары қоныстанса керек. Еркек кіндіктісі шетінен жау түсіргіш ержүрек екен. Айыртауың сай-саласынан бұлқынып бұлақ ағып, көдесінен қашқан қоян көрінбейді екен. Тау биігінен қарауылдаған құлжаның шаңырақ мүйізіне бұлт оратылып, ойда ақбөкендер жосылып, қырда елік елеңдеп, қыр төсінде қызыл алтайысы бұлаңдап борсығы мен күзені қойша өрген таулы өңірге қызыққан қалмақтар алдын ала шолғыншылыққа тыңшы жіберіпті дейді.





Қалмақ шолғыншысы батагөй қариядан сыр тартып: «Мына тауда сыр бар-ау, сірә? Көп теперішті көрген тәрізді. Нұсқыны жаман екен»десе, кәрия тұрып: «Жөн айтасың. Бұл тауды мекен еткендерді көрші елдер «сабаластың ауылы» дейді. Азаматтары шетінен жау түсіргіш карымды келеді. Жау қайдалап жүреді. Жау кезікпесе тауды сабалайды. Содан мына өзін көріп тұрған тау сойылдың салдарынан арса-арсасы шығып тіліниіп кеткен» демей ме. Калмак шолғыншысы іш жиыпты. Еліне естіп білгенін бұлжытпай жектізсе керек. Қалмақ нояндары Айыртау бізге оңайықпен бұйырмайды екен деп тая соққан дейді.

Көне тау келе жатқан жаралымнан,
Кезі жоқ қойнауынан аң арылған.
Ой басып кәриядай томсарады,
Мұң кетпес түнеріңкі қабағынан.
Ерте бір көне дәуір кезеңінде,
Ел- жұрты сенім артып өреніне.
Таусоғарды төбеге көтеріпті,
Әлгі алып келген дейді кемеліне.
Бойын кернеп шыдатпай күші тасып,
Тауды теңсеп жартасты аспанға атып.
Сабалап гүрзісімен құз-қияны,
Жіберіпті құзардың жігін ашып.
Қарсы айрылып найза шың қақырапты,
Тау теңселіп, шаң көміп атырапты.
Айбарлы асқар шыңнан сиық кетіп,
Сол себептен «Айыртау» атын апты.
Орақ тіл болмасам да от ауызды,
Немереге атамын, батам ізгі.
Баланың қиялына сеп болсын деп,
Қиыстырып тірілттім осы аңызды.
Тарам-тарам шоқысы айыр сынды,
Бір ойға жетелейді бұл да бізді.
Айырдай ойдақ -сойдақ болған соң да,
Еншілеген тәрізді осы есімді.
Айыртау- жер жанаты, елге бұлды,
Қолтығына бүккен ғой талай сырды.
Куәсі ол не бір өткен кезеңдердің,
Шолғыншыдай барлайды ой мен кырды.
Қарауылшы біздиген шоқылары,

Қыр отына тұнып тұр атырабы.
Сай-саласын нән терек көмкереді,
Тобылғысы таптырмас- қамшы сабы.
Қабағы таудың неге ашылмайды?
Бағамдап көрейікші осы жайды.
Сайында арқар, төскейде киік қалмай,
Арқасын жеміреді осы қайғы.
Тауынан аң кетсе де мал кетпеген,
Құтты қоныс, төскейден ел кетпеген.
Бұл таудың мәгіниттей тартымы бар,
Жырақ кетсем сағынып сен деп келем.
Айыртау- саған деген тарту осы,
Келген соң қиыстырдым көңіл қошы.
Қырық жыл бауырында саяладым,
Қолдан келген өзіңе сыйлық осы.

Айыртаудың ел-жұртты өзіне тартып тұратын мәгініті бар. Бітімі бөлекше ойдак-сойдақ суық та сұсты таудың қолтық -қойнауы беркелі. Сай-сайдан бұлақ ағып жатады. Тағысы селдірегенімен, құнары өзінде. Бауырынан ел кете қойған жоқ. Шаруагерлер мал өсіріп жатыр. Астана мен Алматыны жалғасырган теміржол бұл тауды жанамалай өтеді. Пойыз терезесінен бітімі бөлекше тауды тамашалаған жолаушыға қашанғы кәрі тау «жолың болсын, жолаушым» деп оң сапар тілейтіндей көрінеді. Айыртау бүгінде (1991-2018) тәуелсіз қазақ елінің қасиетті өңірі есепті. Бұл таудың баурайында үлкенді -кішілі тойлар өтіп тұрады. 1992 жылы Ақжолтай Ағыбай батырдың 190 жылдығы өтті. Алыс -жуықтан осы өңірге, Ақадырға ат басын тіреген жолаушылар тау иығындағы «Айыраудың тас құдығынан» су ішпей кетпейді. Тереңнен бастау алып тасты жарып шығатын құдық суының қасиеті бар. Ішкеніңде тынысың кеңіп, иығыңнан ауыр жүк түскендей болады. Құдықтың суы қысы -жазы бір деңгейде тұрады. Осы атырапта ірге тепкендердің айтуына қарағанда, Айыртаудың қиясына бүркіт ұя салатын көрінеді. Кейінгі жылдары пайда болыпты. Таудың түлкісі мен қояны бәз қалпына. Әредік арқары да көзге шалынады.Олай болса, осы таудың баурайына (Қазақстан бойынша) орталықтандырылған «Қансонар» байқауын өткізудің ауылы алыс емес. Айыртауды туризм орталығына бейімдеуді де ұмытпауымыз керек. Тау еркесі арқарларды сақтап қалу үшін Айыртауды хайуанаттар қорығына бейімдеу және сұранады. Табиғатты, оның аң -құсын сақтап қалудың кезегі енді келді.

ҚАРАЕСПЕ

Қараеспе - қар суынан қуат алатын шағын өзен.Айыртау, Ешкіөлмес, Доңғалдан бастау алып қар суымен екпіндеп ағады. Бурындары Талдыеспеге құятын болған. Екеулеп барып Жақсы Сарысуға қосылады екен. Содан да Талдыеспемен атауы ұйқас. Талдеспенің ұлтанын тат көмкерсе. Караеспенің қос қапталында қалың ши бар. Ойдым -ойдым қарасуларының қамысы сирек. Соған қарамастан бұл өзеннің атауы өзіне жарасымды. Қара және еспе сөзінің қосындысынан тұрады. «Қараның» мағынасы ежелгі құтты, қасиетті өзен дегенге келеді.Еспе атауы өзеннің мінезін (ағысын) байқатады. « Қазақ тілінің түсінідірме сөздігінде» «еспе» сөзінің бес түрлі мағынасы берілген. Оның екінші мағынасы «ақпа,сусымалы,бос,борпылдақ (құм. қар) дегенге келеді. Еспе сөзі Орталық Қазақстанда су, өзенмен байланысты айтылатын болса, батыста құдықпен, оңтүстікте құм, желмен (еспе жед) байланысты қолданылады. Олай болса, әңгіме боп отырған «еспе» атауы құмдауыт келген борпылдақ дегенге келеді» (Телқожа Жанұзақ <Жер-су атаулары» -2011, Алматы). Көріп отырғанымыздай Орталық Қазақстанда еспе атауы су, өзенмен байланысты айтылады екен. Демек, Қараеспе өзенінін атауын бұрынғылар (жер иелері) дұрыс қойған деп білуіміз керек.

***

Қараеспе- ерке өзен есілмелі.
Өткенің елге аян, есімде еді.
Ағысты ауыздықтап бөгет салып.
Бағың қайтты содан да-кешір мені.
Табаның құм қайрақты, суың тұнық.
Ойдым -ойдым қарасу -жетпес құрық.
Есіліп еркеленіп ағатын ен,
Атыңды тауып қойған соны біліп.
Кешегі байқалмайды еркелігің,
Есілме еркін аққан серкелігің.
Үкіметтің бүгінде басы қатып,
Саудаға салып қойды «жер телімін».
Тәуелсіз еркін елміз- билік қолда.
Кім ие айтыңдаршы жерге сонда?!
Шаруагер ме,әкім бе, министр ме.
Қазақ жері қалғандай темір торда.
Құлдық сана көкейден арылмай тұр.
Жан жарасы шилі боп жазылмай тұр.
Заң былқылдақ болғансын табан тайғақ,

Содан да жерге ие табылмай тұр.
Қарағеспе- жазықсызбын мені сөкпе,
Көбеңдей жетпей қойды тісім көкке.
Жерге жақын, күйбеңшіл бір қазақ жоқ,
Дарақы мақтанқұмар «шашып төкпе».
Бұл қазақ тойшылдығын қоймай қойды,
Тұрмысқа шақтамай ма түзеп бойды.
Атаққұмар, шетінен мақтанқұмар,
Жабылып мүйізейді болсаң ойлы.
Жағымпаздық қанына сіңіп кеткен,
Иіліп шенділерге тәжім еткен.
«Ұлтым» десе аузына ұшық шығып,
Көрінген бір қазақ жоқ алғы шептен.
Жабыла шенділерді мадақтайды,
Сын айтсаң «жалақор» деп қарақтайды.
Жеке шапқан жабыға жабу жауып,
Қазанатты «мәстек» деп аластайды.
Парақор құлқынқұмар, аран ауыз,
Даурықпа қаптап кетті «өңшең қауыз».
Жебеуші «көкесіне» арқа сүйеп,
Бас пайдадан аспайтын болды нағыз.
Ондайлар ұлтқа тірек бола алмайды,
Жемтіктесін маңына қоғамдайды .
Жең ұшынан жалғасып бір-бірімен,
Ұран тастап «елім»деп азандайды.
Қарағеспе сен де мұңлы, мен де мұңлы,
Жан едім шебер өрген сұлу жырды.
Өлеңнің де өнердің бояуы оңып,
Жандайшаптың жел сөзі болды күнды.
Шындық шырқырады торға түсіп,
Даурығып ұрандайды «өңшең пысық».
Қаңтарылды шарасыз жүйрік қалам,
«Байдың ұлы сөйлесін мұрны пұшық».
Қарағеспе, сен де зарлы, мен де зарлы,
Тұма боп ағын суың тоқтап қалды.
Ауылдан қопарыла қазақ босып,
Қалаға қоңсы болып орнап алды.
Қарына құрық іліп, жылқы баққан,
Тақымға серке басып, көкпар тартқан.
«Арда күрең» жігіттер нансыз қалып,

Базарда арба сүйреп тапқан талқан.
Бірәзі табыс қуып шетке кетті,
Дамыған жағдайы бар елге жетті.
Аз қазағың «миғрант» болып алды,
Замана басқа салды мұндай кепті.
Қылықты қызғалдақтай қызын нешік,
Атанды амалсыздан- «қызыл етік».
Аруды аш қасқырша жұмарлайды,
Шеттен келген сейілшіл мазақ етіп.
Болғанда қызың жауда, ұлың ынжық,
Сырттан келген кетеді мұны жыр қып.
Қызда ұят, жігітте намыс қалмай,
Анайы боп барамыз бұл не сұмдық!?
Жап-жақсы бұрып едік дінге бетті,
Алғандай болып едік алғы шепті.
Бұл не өзі білмсіздік, надандық па?
Дүмбілез сауатсыздар қаптап кетті.
Болған соң ойы күңгірт, сана кемшін,
Қазаққа ұлттық серпін қайдан келсін.
Дәстүр -салт шарай көзге шоуға айналып,
Дегенді дабыралар бізбіз еркін.
Қараеспе, шеркөкірек мен бір пақыр,
Аузымды аштырмайды өңшең тасыр.
Байғызша тас қуысын сағалаған,
Іішімде десте-десте мұңым жатыр.
Қазақпыз ба білмеймін, азаппыз ба,
Шынымен күн жарылқап таң атты ма?
«Асуға ат шықпайтын арба шықты»,
Құн қалмай жау қашырар жарақтыда.
Жұлмырлар басып қалды ен байлықты,
«Қыранды қанды балақ қарға жықты».
«Көп асаған» бұғынып аман қалып,
Аз асаған қылмыскер болып шықты.
Қоғамды «коорупция» жайлап алған.
Икемеп заңды өзіне сайлап алған.
Алпауыттың асығы алшы түсіп,
Құл -құтан кедейленіп майдаланған.
Қолдаушысы қорғаушы болып мықты,
Ен байлыққа ашкөздер қолды сұқты.
Аш қасқырша бой бермей обырланып,

Білем-білем құйрықты қылғып жұтты.
Қарасепе, бүгінгінің жайы осы,
Демей ме екі қарап бірді жықты.
Ел байлығы қараусыз жанашыр аз,
Құлқынқұмар құрдымның қылғаны осы.
Бай мен кедей арасы бөлініп тұр,
Көбесі ынтымақтың сөгіліп тұр.
Қара халық жылдан-жыл кедейленіп,
Теке тойлы көбеңдер еліріп тұр.
Қарасепе шертті кебін сонда маған,
Адаммен артады ғой менің бағам.
Көнтерімді, көмпіспін, шыдамдымын,
Әр заманның үмітпен артын бағам.
Аума-төкпе кезеңдер есімде еді,
Ағыстан жұрдай болдым есілмелі.
Бір асқанның болады, бір тосқаны,
Болып тұр, амал қанша соның кері.
Екпіндеп тал жапырып аға алмаймын,
Баяғы қалыпқа кеп тола алмаймын.
Тілеуім дұрыс менің өзіме аян,
Амандығын қазақтың көп ойлаймын.
Арқаң бар жатқандайсың артық кетіп,
Болған соң жұқарасың қалтаң тесік.
Ел басқарған шенділер көреген ғой,
Саясатын ұстанды-«Ашық есік».
Ерледі зәулім асқақ қала салып,
Қазақтың кемеңгері-данасы анық.
Басшысы дұрыс келген ел мерейлі,
«Мәңгі елсің» аспан ашық, күнің жарық.
Тағылған сендерге мін жалқау қазақ,
Сары уайым сапырғыш қара қабақ.
Бір -біріңді түртпектеп жау тілемей,
Кемшілікті саралап алшы сабақ.
Қызыл жел - кенеуі жоқ құрғақ мақтан,
Жүйрікке кім елігер жалғыз шапқан.
Аузымен орақ орып кейбір тантық,
Қара жер дементейді қасқырсоққан.
Даурықпа мақтан құмар есер-тантық,
Буланып болмашыға жүрер шалқып.
Керт басын эспеттеген шығымсыздан,

Тоқ көңіл момындардың тілеуі артық.
- Жақсы айтасың Қараеспе аңғарлысың,
Туған жердің есілме ардағысың.
Тілеуің дурыс сенің бар қазаққа,
Өзіңше қорғаштайсың ар -намысын.
Арнаң бар өзенсің ғой көпті көрген,
Жазымыштан жұқарып шеккі көрген.
Мың өліп, мың тірілген өр қазақпыз,
Әділетсіз заманнан тепкі көрген .
Ұлы дала-қазақтың құт мекені.
Ер Түріктің нәсілі біз кешегі.
Өзіңе оңашалап мұң шағамын.
Жанымды мына бір жай жүдетеді.
Қырқыстық қалмақпен де сандаған жыл,
Қоқаңдады «қоқан» да көрсетіп қыр.
Қазақ елін одан сон орыс алды.
Небір сүргін жағалас жадымда тұр.
Жер шұрайын мұжықтар басып қалды,
Сырғи-сырғи қазақтар шөдге барды.
Отарлады патшалық қазақ елін,
Елді жаншып, меншіктеп жерді алды.
Одан соң «ақтар» босып, «қызыл» келді.
Бай -манапты жау көріп қырын келді.
Кім бай болса- озбыр ол- түбі шикі.
Қазақгың жігін ашып, тапқа бөлді.
Тәркілеп түгін қоймай малын алды.
Астық тап деп дікілдеп, салық салды.
Аңша қуып «белсенді» адам аулап,
Қарсы келсең дәл көздеп атып салды.
Апаттың ең сұмдығы аштық келді,
Ұйпады өртше шарпып қалың елді.
Тентіреп талқан таппай босты қазақ,
Көш жолында шашылып, жолда өлді.
Осындай қырғынды да көрді қазақ,
Қашаннан енішілес боп сор мен азап.
Әупірммен еркіндік алып еді,
Алпауыт «шортандарға» тұрмыз қарап.
Ақ шортан, қоңыр шортан, қызыл шортан,
Айдында ойнақ салды- толды ортам.
Банк ашып ақшаны үйіп қойды,

Тез байисың деп айтты қарыз алсаң.
Жоқшылықпен ғұмыры өткен ғапыл,
Жалпыға ұнап қалды бұл бір нақыл.
Астына бір-бір «джип» мініп алып,
Шалқалап шыға келді ойсыз тасыр.
Айдында ойнақ салып өңшең шабақ,
Шортандарды дәріптеп айтып мадақ.
Астына бір -бір жүйрік мініп алды,
Казармалық сығымнан шыққан қазақ.
Құлақты сарсытады жағымсыз жыр,
Мұнымен аш -арыққа бітпейді шыр.
Шілдесінде шыр жұқпай түк көрмеген,
Қазекем «таксилетіп» көшеде жүр.
Өкімет- заң шығарғыш болып алды,
Шобырға қыртыс бітіп толып алды.
«Иті осырақ келдеді бассыз үйдің»,
Шет жұрттар қазекемнің «төрін алды».
«Есігі ашық елміз біз мамыра жай»,
Билікші сөйдегенсін ақылға бай.
Орысқа үйренгенбіз қытай қаптап,
Тиянақ бола қойсын көңілде қай.
Қарааспе, сен де жалқы, мен де жалқы,
Құлақ бітеу-түсіп тұр сөздің нарқы.
Жаулаушы ма, бұларың тонаушы ма,
Жақсылыққа соқтырмас мұның арты.
Жаңылмайтын көреген «сенеріміз»,
Шетінен арда күрең еренміз.
Көңілді осылай деп жұбатсақ та,
Көрешек алда тұр-ау көреріміз,
Ол рас заман сұрқай, қайғы шектік,
Небір қиян асудан аман өттік.
Ғаламдану ашты ғой аран аузын,
Шеттен келген жұлмырға ашық есік.
Ашық тұрса есігің жақсы адамсың,
Мырзалықпен кең қолтық бақта басың.
Іргедегі көмірге қолың жетпей,
Отқа итініп дірдектеп қақталасың.
«Сырттан келген» жеріңді үңгіп жатыр.
Қазақты теспей сорып, қылғып жатыр.
Іштен шыққан тойымсыз аран ауыз,

Құйырықты білем-білем қылғып жатыр.
Қазақты сансыратты екі жақтап,
Депутат шешенсиді айтып тақпақ.
Ыңғайына жығылып билікшінің,
Ділмәрсіп сұңқылайды қоймай қақсап.
Кенеусіз кімге дәркер құрғақ мақтан.
Жұрдай боп бүгінгі жас ар-ұятган.
Махаббатын саудалап көшеде жүр,
Арын сатқан, ақшаға тәнін сатқан.
Бір қазақ жок отырған соған налып,
Жатырмыз деп көкиді ғаламданып.
Рухани кедейлік меңдеп алды,
Ел болып жарыта ма өңшең ғарып.
Қараеспе маған сонда айтты датын,
Біразға келіп қапты сенің жасың.
Жылды жұтқа санамай жөніңе жүр,
Мұнымен танылмайлы ақын атың.
Ел орнында отыр ғой хан тағында,
Үміт арт келешекке, әр таңыңа.
Қауымдастық ежелден тірлік заңы,
Жалғыз сен бе отырған жер шарында.
Бөтен емес өзімсің маған да сен,
Ер түріктің нәсілі ақ алмас ең.
Рухына бабаңның сиынып жүр,
«Мәңгі ел» қазақ болып қалам десең.
Алласыз адам болып жаралмас ең,
Халық боп жер бетіне таралмас ең.
Аллаға құлшылық қып сыйынып жүр,
«Мәңгі ел» қазақ болып қалам десен.
Қараеспе, жан емес ем жұртқа қырбай,
Қаламым түспес қолдан жүрек тынбай.
Елімнің ертеңіне алаңдаймын,
Кем-кетік, келеңсіздік ішке симай.
Төзермін-ау қарынның ашқанына,
Жұқардым қадірімнің қашқанына.
Алпауыт миллиардер пәрменді боп,
Аспанға шығып алды ақша мына.
Ақшалы талтаңдайды, алшаңдайды,
Жырғайды қазы -қарта, бал талмайды.
Сиынып табынары «доллар құдай»,

Ақшалыға өлім жоқ-қартаймайды
Аққуды да дәл көздеп атып алар,
Мейірім- шапағаттан қашық олар.
Махаббат пен достыққа пысқырмайды,
Бәрі-бәрін ақшаға сатып алар.
Итшілеп кедей пақыр қора салар,
Аруаққа сиынғандар мола салар.
Ақшалы өнерліге пысқырмайды,
Қаласа нағыз талант бола салар.
Дос қайда тең құрбымен санаса алар,
Тел құлындай сүйкімді жараса алар.
«Бүгінгі дос ертең жау» ақын айтқан,
Жүрегіңе айықпас жара салар.
Туыс бар ма тарықсаң қараса алар,
Жағаласта жан тартып арашалар.
Үйге талас, ақшаға, машинаға,
Болып жатыр не сұмдық тамашалар.
-Сап-сап, достым, жазғырма туғаныңды,
Жақамаймын құрғақ үн, құр дабылды.
«Өз өлтірмес, жат сені жарылқамас»,
Ағайын ақ сауытың болсын ізгі.
Сұрағаның жөн болмас менен ақыл,
Бірде шөл, бірде жайқын дүние ғапыл.
Қара көже бал татыр бөле ішкен,
Шығымсыздың саумалы кермек татыр.
Қараеспе осылайша ақыл айтты,
Қаламым баяулады, десі қайтты.
Оңашалық күңкіл ғой екеу ара,
Мына шіркін деп жүрме несіне айтты.
Қазақ елі келеді қанат жайып,
Еншіңде Атырау да, Еділ-Жайық.
Сырдария, Ертіс пен ерке Есіл,
Айдында еркін жүзер қара қайық.
Мұңым ортақ түсінем ақын жанын,
Тереңнен шерді қозғап басымдадың.
Бір заманда бабаңа мекен болып,
Құтты қоныс болып ет жасыл бағым.

МЕҢЛІБАЙ БАСЫ

Меңлібай- жақсы білем бабан аты
Арқада мырза болып шыққан аты.
Алты қос көгалалы жылқы бітіп.
Маңына үйірлеген дос пен касы
Өзі де ойсан еді алқам-салқам.
Ит-құсқа айбарымен қойған қалқан.
Жылқы асылын сұрыптап айлап -жылдап.
Бір түсті жылқы өсірген нелер тарпан.
Болыпты қасқыр соқыш- сойылы қанды.
Атағы Арқаға кең жайылған-ды.
Үлесін ұрылардың қолдан беріп.
Соғымдығын айырған нелер жарлы.
Қараеспе-құтты мекен киелімсін.
Өзіңді ес көреді жүрегім шын.
Дамылдап төскейіңде бабам жатыр.
Есіліп сен дегенде жүреді ішім.
Өзіңе осы болды тарткан сыйым.
Болжалдап келешекті айту қиын.
Жарлауыттан су кетпей жиектен ел.
Мезгілсізден солмасын қызыл гүлін.



Қараеспенің бойы ежелден мал мен жанға толы болған. Арқаның ірге тауларынан қуаттанған бұл өзен ертеректе екпінімен өгіз ағызады екен. Бұл атырапқа ежелгі ата жау қалмақтар да қызыққан. «Қалмақ қырған» делінетін жер атаулары (бірі Батпақсу бойында, екіншісі Қызылтаудың аңғарында) бұл маңнан ұзаса елу -алпыс шақырым бір көш жер. Үлкендер (көнекөздер) «жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен» құтты қоныс бұл» деп отырар еді. Таулардың қолтық-қойнауында, селеулі даланың бел-белесінде, тас бұлақтармен ағынды өзендердің бойында қалған көне белгілер-қыстақтар, кэрі молалар, жер атауары кейінгі буын біздерге, келер ұрпақтарға таптырмас айғақ болып табылады. Оны көзжұмбаймен әсірелеуге әсте болмайды. Онда жердің киесі ұрады бізді. Тарихтан белгілі - қазақ елі Арқада даласына 1773 жылғы қалмақ шапқыншылғынан (Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама) кейін кеп орнап біржолататұрақтап қалғанын тарихшылар анықтады. Одан бұрынғы кезеңдерде Арқаны жаз жайлап, қыста Шу мен Сыр бойын сағалаған. Орта жүздің ноқта ағасы атанған Тарақты тайпасы Сыр мен Қаратаудан (Бөген-Шаяннан) «ақтабан шұбырындыда» Арқаға ауғаны шежіреден белгілі. Сары Тарақтылар (Сары бәйбішенің балалары) Есілге қарай ойысқанда, Қыдыр тарақтылары (Бабамыз Қармысың он екі баласының біреуі Қыдырдан тарағандар) Арқаның Бетпақдаламен шектес тұсына кеп тоқтайды. Бұл қарсаңда Арғынның іргелі рулары Қуанық пен Қаракесек Сарыарқаға біржолата орныығып, іргелерін бекітіп алғаны шежіреден белгілі. Қыдыр Тарақыларына екі рудың (қуандық пен қаракесектің) жапсарынан қоныс береді. Сол көне қоныстар (тарақтыларға құтты мекен болған) Қараеспе, Талдыеспе бойы, Қойтас-Сораң, Бәйбіше таулары еді. Соның айқын айғағындай болып Қараеспенің бойында Меңлібай бейіті (Меңлібай басы аталып кеткен) тұр. Көне бейіттер



(кезінде күмбезденіп салынған) бүгінде (2017) отырған. Соған қарамастан бейіттердің іргесі сақталған. Бұл бейіттерге ешкімнің таласы жоқ. Көнекөз қариялар (тарақтының үлкендері) бұл қорымда Менлібайдын әкесі Есенкелді һәм ағасы Сүтемген де жатыр деп айтып кетті. Есенгелдіден Сүтемген мен Меңлібай туады. Сүтемгеннен Наймантай мен Құрмантай туған. Құрмантай жастай өлген. Наймантай заманында арқалы батыр болған. Наймантайдан он жеті ұл тараған. Көбісі соғыста өлген. Кенжесі Байғозы әкесінің жолын қуып, айтулы батыр болғаны тарихтан белгілі. Меңлібай заманында атақты бай болған екен. Алты қос жылқы бітіпті. Кіндігінен жеті ұл, алты қыз тараған. Жылқылары кілең бір түсті құла болған. Мал тұқымын (жылқы мен кой) асылдандыруға қатты көңіл бөлген екен. Жылқыларын шетінен үйреттіріп (бас білдіріп) қоятын болған. Байдың мың құласы мініске берік болғандыктан, жау қашырған батырлар Меңлібайдың құласына қызығып, екі тайға бір ат айырбастап алатын болған. Өзге байлардың дәулеті бірде толып, бірде ортайып жатқанда Меңілбайдың өрісінен мал кетпеген. Қысырақ матауға қатты көңіл бөліп (тай -байталдарды желіге бес күн бойында тұқыртып байлап тастайды) жылқыны бір-біріне үйірсек қылатын әдіске сүйенген. Өзі сонымен қоса, қасқыр соққыш болған екен. Ел аузында Меңлібай байға байланысты өлең сақталған.

Не жаздық Сырдан ауған тарақтыға,
Кез болдық Меңлібайы жарақтыға.
Бөрі көрсе көзінен от шашады,
Бізді оған жем кылуға жаратты ма?-

деп қасқыр атаулы түнімен ұлып шығады екен.

Кейінгілерге жеткен дерекке қарағанда, Меңлібай нұрлы адам болыпты. Қыздары шетінен ажарлы болғандыктан, қыз айттыра келген құдадан төрі босамайды екен. Меңлі деген кенже қызы ерке боп өсіпті. Жылқы күзетінде жүріп салған әні көкке өрлеп кететін болған. Жылқы торыған ұрылар Меңлінің өнеріне бола, Меңілбайдың жылқысына сойыл көтермепті. «Тарақтының асылы қыздарында» деген аталы сөз Меңлібайдын «бота көздеріне» қарата айтылған деп отыратын көнекөз қарттар. Меңлібайдың аузы дуалы бопты. Қыдырдан тарайтын Құдайназар-Күңбас балаларын жан тартып: « Ішіп жемей тоқ сарым, жауға бермес көп сарым, таянышым тірегім, арқа сүйер асқарым» деп мақтан көреді екен. Меңлібайдың дуалы аузынан шыққан сол сөз ел құлағына жетіп, Құдайназар балалары Көпсары атымен белгілі боп келеді. Көпсары-өскен ата. Меңлібай ағасы Сүтемгеннің Наймантайын да қамқорлыққа алып, алдына мал салған.


Байдың жүйрік құласы Наймантайың тақымында болған. Оның беттілігіне сүйсініп «қара қылышым» дейді екен. «Бөлінбеңдер, бөлінгенді бөрі алады. Аздың-атасы бір» деп отырады екен. «Туыс туыс емес, сыйласқан туыс»

деген сөз қалған Меңлібай бабамыздан. «Меңлібай басы» делінген қорым Қареспенің оң жақ қапталында өзен жиегінде тұр.Ақадыр кентінен жиырма бес шақырым қашықтықта, Доңғал бекетінен он бес шақырым жердетұр. Бұл қорым (мазар деуге келмейді) 1896 жылы жасалынған. Картада «м. Менлибая» деп көрсетілген.

Меңілбайдың ұрпақтары (патшалық билік кезінде төрт жүз шаңырақка жеткен) қиын-қыстау (1920-1933) жылдарда түгелімен оңтүстікке ауып кеткен. Арқада аз ғана от басы бар. Есенкелдіұлы Меңлібай (1678-1753) атадан Тарақты Тұяқ шешен, Шалқар шешен, Досабай есепші, Ақсерке батыр, Тайжан батыр шыққан. Осы жолдар авторы да Меңлібай атаға жатады. Бұл ата ұрпақтары өнерге жақын болған. Ескілікті сөзде Меңілбайға әулие аян беріп «Өлең аласың ба, көген аласың ба?» дегенде «өлең алам» депті деген аңыз ел аузында.

ҚОЙТАС-СОРАҢ

Қойтас-Сораң тау сілемдері Ақадыр кентінің батысында (20-30 шақырымда) жатыр. Сораң делінетін шоқылары (тау биігі) әр тұстан андағайлап көрінеді. Жер-суатауарынабайланыстыеңбектерде(жер-ст ауларының топонимикасы) Сораң тау, қыстақ атауларына келеді делінген. Ақ түсті боп алыстан сорайып көрінетін болғандықтан Сораң атауына ие болған деген анықтама береді. Жері сортаң, ащылы-тұщылы өсімдік (өсетін жерді сораң демей «сор» деп, бетінен соры (тұзы) шығып жатқандықтан сортаң делінетіні, ақ тастақты тақыраңды ақшақат дейтініміз басы ашық атау. Сораң тауларының атауы сортаңға үйлеспейді. Сорайып тұртатын биік тау (шоқылар) дегенге келеді. Ауызекі сөзде бойы ұзын адамды «сорай» деп те айта береді. Тау қойнауы домаланған жұмыр тастардан құралып тұрғандықтан, бұл өңір жалпылай Қойтас атауын иеленген. Бара-бара Қойтас -Сораң атауы қосарланып аталған. Патша өкіметі отарлау саясатын жүргізгенде қазақ ауылдарын аумақтық әкімшілік бөлікке бөліп (мың шаңырақ бір болыс ел, үш жүз үй бір старшын ауыл) жеке-жеке болыстар құрған еді. Жер ыңғайымен бөлінген уездік бөлімшелер (уездік болыстар) алғашқы кездерде ру атауаларымен (алтай болысы, қарпық болысы) белгіленген,



кейінде жер атауларына көшкен болатын. Тарақты болысы Қойтас-Сораң болысына жатқызылды. Бұл таулардың қолтық-қойнауы тарақты атаның қыс қыстаулары болатын. Тау сілемдері де сол атырапта ірге бекіткен жер иелерінің атын алған. Аяпбек сораңы, Елші сораңы, Есімбек сораңы делінетін шоқылар (таулар) бір-бірінен алшақ кетпей қарайлас тұрады. Аяпбек-Сапақтың бел баласы, заманында шіріген бай болған. Есімбек пен Елші тарақтының Көгедей атасына жатады. Оның ішінде ақ көгедейден шыққан. Көгедейдің Рысқұлынан тарағандар билікке көбірек араласқан. Байлық та бұл атадан артылмаған. Рысқұл балаларын ел аузы ерекшелеп «ақ көгедей» деп атап кеткен. Көгедейдің Айтуғанынан-Есімбек, Елші, Тілеуберген, Қабыл туады. Бұлардың бәрі де заманында кісілікті болған, бай болған.



Бұл жерде р\ы І^ІрЗДСТЪі

Көгедей Айтуған-ұлы Елші

бабамыз жерленген.
Күмбез бүдан 300 жыл ***бұрын*** *тұрғызылған.*
Жатқан жеріңіз жайлы ***болып,*** *жаныңыз жәннәтта,* ***топырағыңыз*** *торқа болсын БАБА!!!*
Ұлы бабамыздың рухына тағзым ***етт*** *тас қоюшылар;*


Шөбере- *шөпшектері* ***мен*** *жұрағаттыры Сүттібайұлы* ***Тойынбек*** *әулеті.Жөкен ұлдары ШтыфайЖәкейМанбай әупепп.*

Щілде 2012 жнш.

* * *

Қараеспені жиектеп әрі жүрдім.
Бір бейітке еріксіз мойын бұрдым.
Тарақты Елшінің бұл мазары еді,
Томсарған белгісіндей терең сырдың.
Жамылып кейбір білгіш ру атын,
Шығармаққа өзінің асыл затын.
Надандығын әр жерде көрсетіп жүр,
Екенін ойламастан- дүние ғапыл.
Тарақты- көне ұру ертедегі,
Текті ата екеніне ел сенеді.
Болған ғой Орта жүзге- «Ноқта ағасы»,
Қыздары айдай сұлу көркем еді.
Ертеде Сырдың бойын жайлаған-ды.
Қаратауда құйрық -май шайнаған-ды.
Ақтабан шұбырынды кезеңдерде,
Арқаға ауа көшіп орнаған-ды.
Өткерген нелер сұмдық бастарынан,
Қаржау батыр көш бастап жас қабылан.
Қаракесек, Қуандыққа басалкы боп,

ьскергкіш такга



*ұл ескерткіш тақта өтке/н гасырдың **32**-и/і жылдары.ягни бұдан **80** жыл бұрын ашаршылықта кіндік қандары туған \ жерлері-осы ата мекеніміқиып тастан кете алмай.жаппайқыргынга ұшырап,опат юлган жиырма үиі үй* **ТарЗҚТЫ**

түргындарын есте қалдыру мақсатында қойылды Зираттары да белгісіз жатқан жерлеріжайлы жэннэтта, топырақтары торқа болсын!!! Ескерткіиқоюшылар Сүттібай ұлы Тойынбек үлдары днтыкбай.Жәкей. Иманбай эулеті

Бұлардың коныс алған жапсарынан.
Жер шолып Қаржау батыр келген екен,
Қолайсыз бір шатақты көрген екен.
Ағайынды екеуді бітісіріп,
Еншілерін тең бөліп берген екен.
Қаракесек іш тартып тарақтыға,
Жан тартып туғанындай көрген екен.
Қуандық«ноқта ағасы баласы»деп,
Жапсырынан жер бөліп берген екен.
Арқада тарақтылар өсіп өнген,
Тарап кеткен туыстар қайтып келген.
Қойтас-Сораң, Бәйбіше бауырынан,
Мал малданып, күн көріп, ырзық терген.
Қыдырдың Көпсарысы, Меңлібайы,
Бұларға демсесін боп Наймантайы.
Көгедей, Апай және Тоқтауылдар,
Орнаған ұжымдасып кедей, байы.
Көгедей- тарақтының бір атасы,
Рысбай, Рысқұлдың шыққан аты.
Бөлек те бұларменен бір туысқан,
Өрлеген заманында өрге тасы.
Көгедейден дара шыққан Қабақ батыр,
Бір өзі жүз кісілік жауға батыл.
Қабақтың Рысбай мен Рысқұлы,
Дұшпанын еткен дейді ақыр-тақыр.
Рыскұлдан Айтуған дара туған,
Айтуғанның төрт ұлы болған ұлан.

Есінбек, Елші, Қабыл, Тілеуберген,
Салған ғой бағы өрлеп, жолды тыннан.
Қабылдың болған екен мын шұбары,
Бағы өрлеп, жүйрігі өрге ұмтылады.
Тәттібай одан туған болыс болған,
Тәттібайдан Әуесбай болыс тағы.
Елшіден Құттбай да дара шыққан.
Би болып қарсыласын сөзбен ұтқан.
Елшіге мың көгала жылқы бітіп.
Заманында ірі бай болған құтпан.
Елші де кіндікті екен - өскен ұрпақ,
Аумалы-төкпелі боп заман бұлтақ,
Ұшырап отыз екі аштығына,
Типылданған арты оның қалмай ұрпақ.
Жүз жиырма жан аштыққа ұшыраған,
Белсенді теспей сорған ісі арам.
Бабалары Елшінің қыстауында,
Көз жұмған жүз жиырма жан нәрсіз қалған.
Ғайыптан тірі қапты төрт жетімек,
Дейді екен жокшылықпен ер жетіп ек.
Төртеудің ұрпақтары өсіп -өніп,
Бабаларын еске алып түрді білек.
Елшінің белгі қойды мазарына,
Аруақ ырза арттағы саналыға.
Ескерткіш «жүз жиырмаға» және қойды.
Мың алғыс жас өркені саналы ұлға.

Елшіден тараған 120 жанның тау арсында аштан өлгенін кәриялар бізден бүгіп келген еді. Бұл сұмдықты айтуға ауыздары бармай, іштен тынған. Тоталитарлық жүйенің сығымынан жасқанып, өздерімен бірге ала кеткен. Осы жолдар авторы мына мен тарақты атаның үлкендерін көп тыңдадым. Оның ішінде Көгедейден шыққан ақсақалдармен (Шөптібай, Оспан, Амансары, Смағұл, Тайтан, Төлеубай, Әкім) әңгімелес болдым. Жалғыз бұл кісілер емес, әке-шешеміздің бастап, аштық пен жалаңаштықты бастарынан өткеріп, отыз жетінің ойранын көзбен көрген алғы буын (әке-шешеміздің қатарлары) өткен заманның сойқанын бізден бүгіп, тіс жармай кетті.

Елшінің бейіті Қараеспенің бойында өзінің ата қонысы Ақосраңға (Елші сораңы) жақын тұр. Елшіден тараған жиырма үш отбасының 120 -ға тарта жан иелерінің аштықтан бірі қалмай көз жұмғанын Елшіден қалған ұрпақ Жүкен тегі Бағыдан Иманбайұлы («Өмір өткелдері»-2010 ж. деген) кітабының «Әке әңгімесі» деген тарауында баяндайды. Бағданның әкесі Иманбай (1900-

1985) жалғыз баласының құлағына отыз екінші жылдың аштығын құя берген. Қайбір жетіскеннен дейсің, азалы жылдардың ащы запыраны кәрі көкіректі шыдатсын ба?! «Өткенде айтып едім ғой, біздің Елші ауылынан тек біз ғана, ағайынды үшеуіміз үй ішімізбен бөлініп кеттік деп. Кейіннен білдік, біз кеткеннен бір жылдан кейін, Сүттібай атамыздан туған Тойынбек ағамыз әйелі Күлсім мен баласы Кәрсенбайды алып, ол да кәсіп іздеп елден шығып кетіпті. Осы төрт үйіміз бөлініп кеткен соң да, Сораңның баурайындағы біздің ауылда жиырма үш үй қалады. Кіндік қандары тамған туған жер Сораңды қимай, не көрсек те бірге көрелік деп, қайран бауырларымыз ата жұртта қалып қойған көрінеді. Алдан не күтіп тұрғанын кім болжай алған, сол жұт жылы, яғыни отыз екініші жылдың қысында, жаңағыдай жағдайдан соң, қолдағы бар мал тігерге тұяқ қалмай қырылған, ішер ас біткен. Қазіргідей техника дегеннің жоқ кезі, адам аяғы баспайтын жапан түз иен далада қалған ауыл не істей алсын? Жағайын десе отын жоқ, не ішерге ас жоқ,қыстаудың маңындағы қора-қопсының төбесін жапқан қорда -қопсықты аш малға берген. Мал жеуге жарамағанын отқа жағып бітірген. Алай-түлей азынай соққан қарлы боран үйдің төбесінен жүріп кеткен. Аштықтан бұратылған бала -шаға бас көтеруден қалады. Қолдан келер қайранның жоқтығына көздері жеткен ауыл үлкендері, атадан қалған алтын әшекейлер, күміс ертоқым, білезік шолпы сықылды бағалы заттарын бір қораның ішіндегі шошалаға тығып, есігін алып отқа жағады да, орнын балшық кірпішпен қалап, сылап тастайды. Сөйтіп киімшең күйде бар жамылғы төсектерін жамылып, ажалды жатқан жерлерінде қарсы алған көрінеді. Тек Қадиша деген бір шешеміз ғана ауылдан бірер шақырымдай шығып кетіп, елсіз далада үсіп өліпті. Қалған жиырма үш түндіктің бар адамдары жаткан -жатқан жерлерінде қатып қалған көрінеді». Осыны айтқан кезде әкемнің екі көзінен парлап аққан жас тамшылары иегіндегі сақалын қуалай жерге домалап ағып түсіп отырғанын көрдім. Не деп жұбату айтарымды біле алмаған мен үнсіз жаутаңдап қарай бергеннен басқа амал таппап едім сонда. Сәлден соң өз-өзіне келген әкем басын маған бұрды да: «Солай, шырағым, біз бар ет жақын туған туыстарымыздан осылайша айырылып қалған болатынбыз. Сол 1926-шы жылы елден бөлініп кетер кезде жылай-жылай қоштасып кетіп бара жатып, қайран бауырларымызды соңғы рет көріп түрғанымызды біз, әрине, білмеппіз ғой» деді әкем. Бір ауылың бәрін жалмаған жұт жылғы қahарлы қыс та өтіп, қайтадан көктем келеді. Қырылған ел қырылды, бірақ табиғат заңы өз дегенімен жүреді. Жер аяғы кеңіп, қайтадан жер бетіне тіршілік ене бастайды. Арамыз қыз алысуға жетпеген Көгедейден тараған көрші қыстауда тұратын Шөптібай (1894-1979) бауырымыз жер аяғы кеңіді ғой, барып Елшекең ауылының қалдарын біліп келейін деп жолға шығады. Ауылға тақала бергеннен -ақ бір сұмдықтың болғанын іші сезе бастайды. Ауылға келсе, ылғи мылтық асынған солдаттар ауыл ішін басып

кеткен екен. Үйлерге кілең күпәйке шалбар киген, арқаларында нөмірлері бар адамдар қоныстанып алған. Мына сұмдықтың мәнісін түсіне алмай, содан бір басшыларына жолығып жөн сұрайды. Абырой болғанда, әлгі шенеунік казақ екен, болған жайды сол түгел айтып беріпті. Сөйтсе, бұл- КарЛАГ-тың адамдары екен. Қарлагтың жаңадан құрылып жатқан кезі, сотталғандарды өкіметтің малын бақтыруға осы қыстаққа алып келген екен. Келсе анадай оқиғаның үстінен түседі. Екі-үш күн бойы зиратқа апарып өлген адамдарды жерлейді, бұзылған қора -қопсыларды жөнге келтіреді.Сол қора-қопсыларды жөндеп жүріп, элгі шошаладағы бар асыл заттарды тауып алып, актілеп қойыпты екен. Мына сұмдықты көзімен көрген Шөптібай атаң ес -түсінен айрылған адамдай, еңкілдеп жылай беріпті. Әлгі шенеунік тоқтау айтып қойдырып, содан мынау туыстарыңнан қалған ескерткіш болсын деп алты өрім күміспен қапталған өрме қамшыны беріпті. Калғанын бере алмаймын, себебі әктіленіп қойылған, үкіметке өткіземіз дейді. «Міне, шырағым, қазір біздің ет жақын туған туыстардың аздығы осыдан» деді әкем сәл тыныстап».

Елшіден тірі қалған ұрпақ сыртқа кеткен төртеуден тараған екен. Олардың қысқаша аты жөндері (шежіресі) былай- Тарақты- Көгедей- Рысқұл- одан Айтуған- одан Елші, Есімбек, Қабыл, Тілеубергентарайды. Елшіден -Құттыбай, Таттыбай, Кеншінбай, Үркімбай төртеу туған. Құттыбайдан ұрпақ қалмаған. Үркімбайдан- Сүттібай-одан Тойынбек туады. Тойынбектен-Кәрсенбай-одан Ермек, Еркін, Ерген, Аманкелді туады. Кәрсенбай балалары Елшінін (қазақта кенже ұл қара шаңырақка ие) қара шаңырағына ие. Кеншінбайдан- Жөкен-одан Ынтықбай, Жәкей, Аманбай, Иманбай туған. Ынтықбайдан- Түрпібай туған. Жәкейден-Тәжітай, Боранқұл туған. Бұлардың жалғасы- Сайлау боп келеді. Иманбайдан -Мәдинә, Бағдан одан- Арман, Әсем, Арай туады. (Бұл қыскаша шежіре Бағданның кітабынан алынды). Қағазға түскен осы жолдар жүрегімді езеді. Бұлдыраңқы тарта бастаған жанардан үзіліп түскен саран жас ақ қағазды сулайды. Көкіректі өксік қысып және бүлінесін. Жазудың азабын бастан кешпеген бәз біреулер (толып жатыр) сені «өтірік жазады» деп суық сұсымен түйрейді. Қаралы жылдардың қасіретіне малтыққан табиғат қабағынан (дала төсі) аздаған демесіндік байқайсың да, ақ қағазға із сзла бастайсың. Бағдан қаламды қолына еріккеннен алмаған. Әкесінен шер жұқтырған бауырымның (мен үшін қазақтың бәрі бауыр) жүрегінен үзілген жазбалары қасірет ізін көз алдыңа әкеледі.

Сұрасаңыз Тарақты менің руым,
Ұрпағымын Байғозының көтерген жорық туын.
Ақсораң- ата мекен бабалардың,
Құлазып тұр ма екен бұл күндері қалың нуың.

Осыны айтып әкем байғұс қамығатын кейде менің,
Сағынышпен еске алып кіндік қаны тамған жерін.
Сол жерлерді бір апарып көрсетуді арман қылып,
Жете алмастан кете барды жұмды көзін.
Енді міндет бабалардан көшті маған,
Тағзым қылу бастарына бабалардың басты арман.
Өткенін екшемеген өкінішпен өтер деген,
Сондықтан да бұл жолдан мен, бас тарта алман.
Осыны ойлап кейде кетем қалың ойдың жетегінде,
Тұрғандай боп бабам шыңда, ал мен таудың етегінде.
Қамын ойлап ұрпағының қайран менің бабаларым,
Қар құрсанып, мұз төсеніп өттің бе екен кетеріңде.
Борыштымыз барша қазақ, борыштымыз бабаларға,
Сонша жерді қалдырған аманат қып ол мұраға.
Бар қазақтың баласы жаттай сыйлап бір -бірін,
Жат бойынан түңілсе, аруақ риза сонда ғана.
Зор міндетті арқалаған бұл күндері ұрпағың да,
Сыйынады сенің бабам киелі де аруағыңа.
Змана атты ұлы көшпен бірге үдіріп біз келеміз,
Қазақ деген атыңды ұран қылып байрағымда.
Зааман қанша түйіліп төкседағы ызбарын,
Мың тірілген қазаққа түк емес еш ызғарың.
Алда талай алынар асулар бар самсаған.
Соның түгел алармыз аман болсақ біз бәрін.
Тек бабалар аруағы- қолдай көрсін ұрпағын.
Қолдасыншы ұрпағын!

(Жүкентегі Бағдан Иманбайұлы,« Өмір өткелдері»,
2010, «Бабалар рухы алдында», 82-бет)

Қарапайым қаламнан төгілген өлең жолдары сені еріксіз баурайды. Әр қазақтың жүрегі осылай ашылса, көңілде көлеңкелі мұң қаламақшы емес. «Бар қазақ- бір қазақ» деп білуіміз керек. Мен Бағданды атамыз бір деп жан тартпаймын. Оның шынайы азаматтық болмысына, қазаққа тән қасиетіне, ата мекенге, ата -бабаларының рухына деген перзенттік махаббатына тәнтімін. Бүгінгі ұраншыл қазақтың (бәрі емес) әсіре мақтангөйлігі Бағданда жоқ. Әке өсиетіне сүйене отырып, Айтуғанұлы Елші бабасының мазарына (төртеудің ұрпақтары бірігіп) құлпытас орнаттырды. Ақсораң (Елші сораңы) қыстауына жүз жиырма жан, жиырма үш отбасы рухына арнап белгі қойдырды. Аруақтарға арнап ас беріп, құран оқыттырды.

ЕШКІӨЛМЕС

Ешкіөлмес, ежелгі көне тау. Өзінің байырғы атымен ел есінде сақталған. Жер-су атауларын ұрпақ зердесінде калдыру мақсатында еңбектеніп жүрген өлкетанушы ғалымдардың дерегі ақиқаттан алшақ кетпейді. Ешкіге байланысты қойылған атау дегенді растайды. Жергілікті тұрғындар ел аузындағы тауға байланысты аңызды әр қилы қисынмен жыр қылады. Біреудің жеті ешкісі ел жайлауға көшкенде тауда қалып қойып... содан мынғырып өскен екен дегенді біздің де құлағымыз шалды. Ешкіге байланыстырыла айтылатын ертегілерден осы сарын өрбиді. Ешкіөлмеске байланысты аныздың негізінде жыр (баллада) туындатқанда, ел аузында бар ауыз екі әнгімелердін сарынынан сыр суыртпақтадым.

Ешкіөлмес- жатағандау аласа тау.
Өзіне кішілігі жарасады -ау.
Қойнауы қойға толған ырысты өлке.
Шүйгінді сай саласы -мол бие бау.
Шаршаңқы уайым бар қабағында.
Наразы ұйқы -тұйқы заманына.
Астамсып кеудесін бір көтермейді.
Адамдар неге сонша ала-құла?
Жаратқан бар әлемді- Алла шебер.
Рахманын дүниеге мол кып төгер.
Мінсіз ғып бар әлемді жаратқанда.
Бір тұста мұлт кеткен-ау, құдай шебер.
Ай мен күн үйлесімді мын -сан жұлдыз.
Тауда арқар, далада аң, суда құндыз.
Заңдылығын сақтайды тіршіліктін.
Ашпа-жалап тойымсыз жалғыз бізбіз.
Қапа боп таулар содан томсарады.
Алыстап кеткендей боп ансар әні.
Өз-өзінен түршігіп теңселеді.
«Қара да тұр маған да қол салады».
Құр емес Ешкіөлмес те уайымнан.
Шық тұрмай маңыз кеткен құрағынан.
Қорғансыз жетім арқар азынайды,
Айрылып қапияда сыңарынан.
Қой бағып қойнауында фермер отыр,
Қыстауының маңайы опыр-топыр.

Әр сайда буда -буда қойдың жүні,
Керексіз қой терісін қарға шоқыр.
Қордаға толып кеткен қора маңы,
Үйінді қара қорда- «қыстау сәні».
Ұмытқан қи ойғанды бүгінгілер,
Жетілгенің осы ма айтшы кәні?!
Ешкіөлмес қабақ шытты құптап мені,
Жеміріп жатыр деді ішті жегі.
Төменшік- ауыл әлі - оңалған жоқ,
«Шашылған жүн, көн тері» соның кері.
Сөз жетпес тым биікте әкім-зорға,
Өз дегенім жөн дейді- билік қолда.
«Майлы бидай» ауылдың мал мен жаны,
Осымен көгере ме ауыл сонда?
Ұраны билікшінің- «қалаға кел»,
Не қалды, қу медиен далада дер.
Ауылдың іші бықсық, сырты жылтыр,
Іні қырыс, туыс жат, бала безер.
Мансұқтап туған ауыл, кең даласын,
Қыз бейбақ көшеде жүр жайып шашын.
Тәшке сүйреп ынжықтар базарда жүр,
Ұлыңның сиқы осы мал бағатын.
Көйтіп жоқтан-бардан әлденені,
Кірістіріп қайтесің сөзге мені.
Қалалық болып алды барша қазақ,
Ауылда мал баққанды ар көреді.
Қазақтың жоқ деймісің өзге арманы,
Көретін кемшілікті көз қалмады.
Ғ алымдарға марғаулық жараса ма,
Әжетке жаратпай ма көң-қорданы.
Жатырмыз бар жарақты шеттен алып,
Халыққа үстемелеп салық салып.
Ақылды темірлерді ауылға әкеп,
Берген жөн озық үлгі қора салып.
Құр дабыра ұранды тастау керек,
Жаңалықты қорадан бастау керек.
Ауылдың тірлігіне бейімделген,
Техника ойлап тап елден ерек.
Өркендеп өңейеді ауыл сонда,
Тыңайтқыш болып шығар қара қорда.

Жүн-жұрқаң да қажетке жарайтын боп,
Мол кіріс болып жатар он мен солда.
Ешкіөлмес, көнесің ғой көпті көрген,
Үзеңгі қағыстырған тектілермен.
Қақпақылға ұшырап жел кайыкша,
Бұл қазақ талай-талай шеккі көрген.
Замана сыр ашпайды саған алғы,
Ғайыптан «бір өзгеріс» бола қалды.
Кеңестер Одағының күні бітіп,
Бар байлыкты «шенділер» талап алды.
Айғайшыл- сүрен салды «ехеленіп»,
Жатырмыз деп даурықты жекеленіп.
Халықтың маңдай тері-ен дәулетін,
Кэмөнестер жырғады бөліп -бөліп.
Қара халық дағдарды дымы құрып,
Ұры -қары ауылға салды бүлік.
Үйір-үйір жылқыны барымталап,
Қара шаруа дағдарды ұстап құрық.
Жылқы ұстаса, ұрыға жем болады,
Қой өсірсе бейнеті мол болады.
«Есің шықса ешкі өсір» деген сөз бар,
Ешкі ұстаған қазаққа оң болады.
Осылай Ешкіөлмеске дегенімде,
Келтірмей ішкі ойымды бөгелімге.
Замана шегінбейді алға озады,
Датым бар деп түксиді дегеніңе
Ақын дос, құмар болма жарияға,
Артық сөз жараспайды кәрияға.
Қазакстан бейбіт ел, бірлікшіл ел,
Аққуың еркін жүзген дарияда.
Басыңнан өткен жоқ па жастық шағын,
Сары уайым сындырар ердін сағын.
«Бұдан да жаманыңда тойға бардың»,
Жеріліп тастап кетпес құлан қағын.
Мызғымайтын таулары жер тұрғанда,
Көк байрақты қазағы-ел тұрғанда.
Ауыл әлі-ақ құлпырып өңейеді,
Тым жұқарып, ақын дос, қапаланба .
Көрместі көре беріп қоқыр -соқыр,
Қапылыс боп қалмасын көзің соқыр.

Ел аралап, жер шолып жүр екенсің,
Бұйымтайың не еді-айта отыр.
- Қазақтың терең біліп дәстүр—салтын,
Жасымнан ұғып өстім сөздің нарқын.
Жер-су аты өзгеше ыстық маған,
Көңілімнің төрінде сен де барсың.
Еңселі таусың сен де, қатардасың,
Уақыт құндағында жасарғансың.
Мәнісіңді келешек ұрпақ білсін,
Қалайша Ешкіөлмес деп аталғансың?
- Онда сен құлақ қойып тыңда мені,
Қай ақын бізді елеп жырлап еді?
«Қартайғанда кәр боз жорға шығып»,
Қосқаның естілік қой жырға мені.
Көңілі ақындардың аспанда жүр,
Атақ сұрап биліктен қақшаңдап жүр.
«Арсыз болмай атақ жоқ» дейді халық,
Басынан қазақ үйір мақтанға құр.
Белгілі кәрі бозым сенің жайың,
Ұғынам мен де көне кәрілік жайын.
Құрғақ діндар қазағың болып алды,
Құдайы астың жырғайды құйырық-майын,
Топталып ас пен тойға шұбырады,
Табаққа аш бүркітше сұғынады.
Батагөй шеттерінен ғұлама абыз,
Көз алдап жайнамазға жығылады.
Жастар да осылардың соңында жүр.
Сақал құшақ- тәшпісі қолында жүр.
Наданықпен кім айтса соны тыңдап,
Адасып «салапиндік» жолында жүр.
Дүзелген еркін елсің көшің енді,
Жаратқан тарылтпасын несібеңді.
Дінің шала, дәстүрің сахналық,
Ақыным, көрер күнің осы ма еді?!
Еліктеп «тоқ шоуына» басқалардың,
Жарамсыз жайдақ жырын жаттап алдың.
Құлаққа сенімсіздеу естіледі-ау,
«Біз қазақ еліміз» деп қақсағаның.
Шет жұрттан аунымайсың -қара да тұр,
Биің жалтақ, ер безер, дана басыр.

Дәстүр-салтың өзгенің мазағы боп,
Заманың «шоуға» айналып бара жатыр.
Тұрғам жоқ, ақын достым, саған налып,
Алмаған бір мүскінсін бағаңды анық.
Жазумен бар ғұмырын өтіп еді,
Беделден жұрдай болған сен бір ғарып!
Жазығың сол- сарылып кітап жаздың,
Сөз асылын мәністеп терен каздын.
«Бүгінде арық қойдан баған төмен»,
Жүн -жырқаны тергіштеп жұртта қалдың.
Мазамды алып айта алман жола ма деп,
Тынысың кеңіді ғой далана кеп.
ТТТырыттт жеген түйеше дөңбекшимін,
Шетелдік маған да қол сала ма деп.
Масайрап арқа -жарқа жүз көрісіп.
Бір жасадым өзіңмен мұн бөлісіп.
Сырттандыққа ешқашан жете алмайды,
Өз иесін жатырқап үрген күшік.
Халықта бар- жүйріктер, аламандар.
Даналар бар мәністеп бағаны аңдар.
Еліне ерен болып танылмайды,
Өз асылын жұрқаға балағандар.
Есілген кім өгейсір жырды мына.
Тереңнен дүмпіп шыққан сырды бұла.
Ұлт жоқшысы ұланы бола алмайды.
Дүниенің жүрген жандар құлдығында.
Ұстаның бас қаруы- балға мен төс.
Пышағы лыпып шықса көнілі кош.
Қазақтың өзі барда сөзі өлмейді.
Еңселемей еркін жүр, жазушы дос!
Сұрағыңа жауабым дайын менін,
Ешкі деген қолы емес ерінгеннін.
«Есің шықса ешкі өсір»деген казак.
Бұл сөздің айтылуы тегін бе еді.
Біреудің аз ешкісі болған екен,
Бөлініпьелсіз тауда қалған екен.
Көз жазып аз малынан байғұс кедей,
Бір байға жалшылыққа барған екен.
Малды ауыл үш ай жазда Арқа жайлап,
Түстікте қысты өткізер Шуды бойлап.

Бес-алты жыл түсікте тұрып қапты,
Болған соң айқай -сүрен заман тайғақ.
Қой азып оңалмапты кене тесіп,
Ешкісі жоғалыпты шығып кетіп.
Түйелерді жаз бойы шіркей буып,
Қалың ел келген дейді қайта көшіп.
Арқаға мәлім екен ешкілі бай,
Жылқысы да көбейген құлындап тай,
Екі-үш қыстау өзінің еншісінде,
Жайлауда жырғап отыр төрт түлік сай.
Жоғалған ешкілердің иесі еді,
Тайсалмай кедейлікпен тіреседі.
Қақпан құрып аң аулап тырбанады,
Далбастап жоқшылықпен күреседі.
Бір күні әлгі кедей түс көреді,
Жоғалған ешкілері түске енеді.
Ақ серке иесін кеп сүзгіштейді,
Ұмытып кеттің дейді неге мені?
Ырымдап байғұс кедей көрген түсін,
Қақпан құрған өнімсіз тастап ісін.
Асықпай сай -саласын сүзген еді,
Жеті ешкісі жоғалған таудың ішін.
Тасырқаған ыңыршақ тастап атты,
Алған беттен қайтпады, жаяу тартты.
Тау да оны демеді, қолтықтады,
Сәттілікті жорғадай алға тартты.
Сайлардан күліп ағып күміс бұлақ,
Сусылдап желмен толқып қалың құрақ.
Торғындай тау ескегі еркеленіп,
Шып-шымыр лебіменен желпіп тұрат.
Табиғат келбетіне ғажаптанды,
Көңілі өсіп, марқайып қанаттанды.
Тереңсайдан төменге үңілгенде,
Есі қалмай қуанды байғұс жарлы.
Жусап жатыр кең сайда қалың ешкі,
Ақ серке көз суырды тұрған шеткі.
Далабалақтап жүгірді төмен құлдап,
Кім көрген айтса нанбас мұндай кепті!?
Жеті ешкі екі-үш жылда жүзге жеткен,
Тау аялап, ай мен күн нұрын төккен.

Үңгір шат қолтығы кең пана болып,
Қия тас дем беріпті қарсы беттен.
Иесі ешкіні айдап елге жеткен,
Ұмытып өткен күнін жапа шеккен.
Қасиеті бар мал деп ырымдапты,
Таратып екі- үшеуден алып кеткен.
Бір ешкіге қозылы қойын берген,
Бір лаққа тұқымдыққа қозы берген.
Екі-үш жылда теңеліп әлгі кедей,
Терезесі теңескен әлділермен.
Не болса сол салмақ қой көшпелі елге,
Жайсыз қыс, жаңбырсыз жаз, қызыл жел де.
Ешкілі бай мырзалық танытыпты,
Құшағын айқара ашып келген елге.
Ашыққанға майсөк қып талқан берді,
Жаяуға мінген атын түсіп берді.
Жарлыға сауындық мал, сойыс беріп,
Бір жаз, бір күз сақтапты қалың елді.
Ешкіөлмес ойға токып осы аңызды,
Жаз-жаз деп еліктірді мына бізді.
Адамша тебіреніп сөйлеп кетті,
Қасиет тауларда көп небір ізгі.
Мен де бір бөлшегімін кең даланың,
Ежелгі құтты өңірі - ел дананың.
Аз ешкіні табынға ұласырған,
Қойнауы құт- «Ешкіөлмес» мен боламын!»
Бұл аңыздың басқаша қоспасы жоқ,
Таратсаң дау айтпаймын басқасы деп.
Жас буын желкілдеген көк өскінім,
Өсиетім- табиғатпен достасып өт.
Атамекен- кең дала бұл да анаң,
Бұйыртқан ен байлығын Алла саған.
Рухымен ұрпағын демесіндеп,
Әр төбеде дамылдап жатыр бабаң.

ОЙРАНТАУ

«Ойран» елді мекен (станса) атауы ма,тау атауы ма? Осыған аздап ой жіберіп көрелік. Бізге белгілісі- «Айрин» делінетін станса атауы. Ойранға тілі келмеген геофизиктер (жер бедерін анықтап картаға түсірушілер) Айрин атауын шағын бекетке берген. Сонымен іс біткен. Бүгінде станса (2010) Доңғал атауына ие. Доңғал шоқысының етегіндегі стансаға бұл атау дөп келеді. Сонда «Ойран» атауы қайда қалады? Ескі көздердің, бұрынғы өткен кариялардың айтуы бойынша, бұл атау ертеден бар делінеді. Айыртау, Ешкіөлмеспен иықтас ойқы-шойқы тау сілемдері - Ойрантау деп аталады. Ойран атауының тау атына телінуі ертеден бар. Оған басты айғақты шежірелік деректерден,осы маңды мекендеген, осы топыраққа кіндік қаны тамған белгілі адамдардың өмірбаянынан, жыр-дастандарынан аңғаруға болады. «Бір ауыз сөз» делінетін (Төрехен Майбас құрастырған) Шет өңірі ақындарының антологиясына (2008) енген Сейпілқазы Әптиекұлы (1901-1980) бұрынғы Мойынты болыстығының Ойран тауының бөктеріндегі Ақшоқы жерінде туған деп көрсетіледі. Кеңестік бесжылдықтар екпіндісі, стахановшы атанған. Өз жанынан өлең, жырлар шығарған. Көптеген арнау өлеңдері ел аузында қалған. Оның «Сарыарқа» деген өлеңі аудандық газетте (1978-82) тілшілікте жүргенімде менің де қойын дәптеріме түскен еді. Ел жапсары сөгілген аумалы -төкпелі жылдарда Сейпілқазы Оңтүстік өңірге, Шу бойына тұрақтаған екен. Атамекені Ешкіөлмес, Қараеспе,Ойранға бертінде келген.

***

Шағырлы сайға біткен құрағым-ай,
Жамбыл тау мекен қылған тұрағым-ай.
Арқаға мен кеткенде сен қаласың,
Тұра гөр қош есен боп, шырағым-ай,
Белағаш белге шықсам көрінеді,
Көз жасым қойныма төгіледі.
Арқаға мен кеткенде сен қаласың,
Қабырғам сынбаса да сөгіледі.
Тағылы, Бұғылы тау, атың Жұбай,
Ортаңнан құяды өзен төмен құлай.
Бесата қоныс қылған қайран Сарысу,
Ақырың не болады бұдан былай.
Қос Доңғал, Күйгенсай мен Қызылеспе,
Дара тұрған Үйрек тау түседі еске.
Келіншектің атына қойылған деп,
Аңызды ел айтатын әлденше.

Келіншек тау, Үйрек тау қос аты бар,
Қареспеге ентелеп жеке тұрар.
Үйрекше суға құмар бір келінге,
Осы атты жапсырыпты бұрынғылар.
Алтынсай, Шолақеспе, Қараеспе бар.
Қыс болғанда Ойраннын бауыры тар.
Нәйеті Ешкіөлместе мал өлмейді.
Ақтас пен Шалтасыңда жауса да кар.
Ойрантау сен деп бабам атқа қонған.
Баурыңда қырғын-жорық ойран болған.
Қалмақтар тау -тасыңда қырғын тауып.
«Ойрантау» деген атың содан қалған.
Сырыңды кім білгендей сірә сенін,
Сондайлық биік емес құбаша едің.
Қасқырға мал торыған қалқан болған,
Қоян, қарсақ,түлкінің ұясы едің,-

деп келетін Сейпілқазы өлеңі Ойрантаудың өткенінен хабар бергендей ме. Осы сарынды кешегі өткен кәриялардан сан естідік. Іште кетпесін деп қағазға түсіргенді жөн көрген жайымыз бар.

Бұл маңды үлкен- кіші Ойран дейді,
Тосын бір себеппен де қойған дейді.
Аталған станса аты -« Айрин» болып,
Шығарған атау емес ойдан дейді.
Кешегі кер заманда- «өңшең берен»,
Жер атын не қылады сұрап сенен.
Ойранның мәнін ұқпай қоя салған,
Ойранға тілі келмей «Айрин» деген.
Бұл өзі дейді біреу таудың аты,
Сол таудан басталған ғой даудың басы.
Жерге талас кезінде ұрыс болып,
Содан да мәлім болған «Ойран» аты.
Біреулер мына аңызды сөз қылады,
Қалмақ-қазақ шайқасын қоздырады.
Ешкіөлмес, Айыртаудың әр сайы үшін,
Қайтпай ұрыс салыпты қазақ жағы.
Қазақтың болғаннан соң сесі күшті,
Қалмақтар бір тауға кеп бекініпті.
Қиыр-шиыр құз -қия демесіндеп,

Күш алып қалмақ жағы есіріпті.
Әр тасы бұққан жауға қалқан болып,
Қазақтар ала аламапты жауды торып.
Екі жақ тағыдайын жұлқыласып,
Айларға созылыпты қанды жорық.
Ең соңында қалмақты қазақ алған,
Бірін қоймай қидалап қырып салған,
«Қанды жер» деп бұл маңды атайды екен,
Ойран тау деп атауы содан қалған.
Бір қисын ой тербейді тағы да бір,
Құлақ тосып қайтеміз аңызға құр.
Бұлғыр тау аң ойнағы болған екен,
Содан да туындаған осы бір жыр.
Қия тас бөрілердің жатағы екен,
Бұғынып тау ішінде жатады екен.
Бес-оннан түнде тұрмақ күндіз жортып,
Қанды тісін батырған малға төтен.
Көріне қойға шауып атойлаған,
Сырттандар тая соғып бата алмаған.
Құғыншыға қасарып қарсы атылып,
Құтырынып көзінде от ойнаған.
Жылқыға көкжалдары жаудай тиіп,
Үрпісті малды ауыл кетіп сиық.
Байлардың жылқысы да орталанып,
Кедейлер жаяу қалды ұстап құрық.
Ерекше азулы екен қара қасқыр,
Ойрантауды мекен қып салды асыр.
Тұқымы жылдан -жылға еселеніп,
Тауға симай көбейіп бара жатыр.
Құтырынған бөрілер қанға тойып,
Ауыз сапты адамға малды қойып.
Адам жегіш қанды ауыз дәнігіп ап,
Түнімен ұлиды екен ауыл торып.
Қатын -бала бұғынды үйден шықпай,
Аңсақ тазы зәрезеп- болды сыптай.
Иттерді де ұлыма жеп тауысты,
«Таңымыз атпайды екен мұны құртпай».
Десіп жұрт бірі қалмай көтерілді,
Кектінің жүрегінен от өрілді.
«Қасқыр қамақ» әдісін ойлап тауып,

Ойрантауды қоршалап ішке кірді.
Садақ атып мергендер шокпар ұстап,
Жан -жақтан қусырмалап салып қыспақ.
Бірін қоймай қасқырды қырған дейді,
Терісін олжалапты құшақ-құшақ.
Осыдан әйгіленіп таудың аты.
«Ойрантау»деп аталып, аты калыпты.
Атасы айтқан аңызды бала ұғынған.
Құптағандай дөңбекшір таудын тасы.
Біздер де бұл аңызға түрдік құлак.
Анықтап үлкендерден алдык сұрап.
Сыйға тарттым кейінгі жас ұрпакка.
Даладан кіндік үзіп жүрме жырак.

ҮЙРЕКТАУ

Үйрекке байланысы аңыз-әпссанажер-су атауларына байланысты жазылған еңбектерде (кітаптарда) кезіге қоймайды. Жергілікті өлкетанушылар да бір ізді шиырлайды. Таудың бітімі үйрекке ұксас келгендіктен осылайша аталған дегенді қисындырады. Таудың (шоқының, биік төбенін і не себептен осылайша аталуын жергілікті ел-жұрт басқаша айтады. Бұл тау ерте кезеңдерде (бұрындары) «Келіншек тау» деп аталған дегенді осы манда туып өскен кэриялардан сан естідік. Бірақ оған мэн беріп жатпайтынбыз. Коммунистік идеолгиямен «қаруланған» совет адамдары өткен заманнын елесінен аулак болуға тиісті. Сол насихаттан аса алмадык. Не себептен Келіншек тау атанғанын кәриялар былайша тарататын еді.

Ешкіөлмес пен Ойранды артқа тастап.
Жолсерік алға шықты мені бастап.
Алыстан бұлдырады Қойтас-Соран.
Үшбұлақ- жер атауын берді нақтап.
Үйректің шоқысына келіп жеттім.
Сүйкімді биіксің ғой сен бір тектім.
Не себептен үйрек тау аталғансын?
Келеді білгенімше әңгіме еткім.
Жеке тұр өзгелерден оқшауланып.
Айыртау, Ешкіөлместі сырттан бағып.
Доңғалдың биігіне қырын карап,
Сапымен қырбайласып тұрғаны анық.

Жекетау деп атауға қисын келмес,
Үйлеспейді шоқыға- төбе де емес.
Төбешік деп айтуға ауыз бармас,
Үйрек бұл- атағы зор таумен теңдес.
Заманнан заман озып өтер жалған,
Бұл өңір талай елге мекен болған.
Момақан сүп-сүйкімді дара шоқы,
Үйректің сол себептен атын алған.
Қараеспе бұрала ағып етегінде,
Беткейі тұнып тұрған қызыл гүлге.
Малды ауыл отырған ғой жазда жайлап,
Жанға тыныс саялы қырық күн шілде.
Берден бай осы өңірді жайлайды екен,
Желіге үш жүз құлын байлайды екен.
Қос -қостан айдай сұлу тоқал алып,
Жалғанның қызығына тоймайды екен.
Қай атадан? Есімі естен шыққан,
Батыршалыс сұсынан жауы ыққан.
Тұнығы Қараеспенің сарқылыпты,
Жылқысы құлағанда осы тұстан.
Сараңдықтан Берден бай қашық екен,
Есігі кім -кімге де ашық екен.
Көкше көлдің аруы көзді арбап,
Сол сұлуды құшуға асық екен.
Жамал қыз сұлу екен жаннан асқан,
Кім-кімнің де көркімен мысын басқан.
Бұлғақтаған шағында өнерлі боп,
Ақын аты еліне болған мақтан.
Төркіні көкше көлді жайлайды екен,
Ұмсын қыз бұлбұлдайын сайрайды екен.
Берденнің сұлу қызға көзі түсіп,
Бір сұмдықты ішінен ойлайды екен.
Бір апат Көкше көлде болған дейді,
Бір жұтта жылқы опат болған дейді.
Қалың жылқы ықтап кеп май боранда,
Толайым суға кетіп қалған дейді.
Қалыпты қалың ауыл ноқта ұстап,
Бір тайпа ел кедейленген тұрмыс қыстап.
Әкесі Ұмсын қыздың балықшы боп,
Қайықпен көкше көлде жүрді ықтап.

Кедейлік еңселетті тамам елді,
Жоқшылық қыспағына ала берді.
Берден бай қиын сәтті пайдаланып.
Өзімен бір қос жылқы айдай келді.
Еріксіз торға түсіп Ұмсын мұңлық.
Тәркі етіп еркіндігін аз-ақ күндік.
Қалың малға сатылып кете барған.
Құны оның бір қос жылқы өңшең қулық.
Қыз ғұмыр көзден ғайып қас қағымда.
Өскені зая кетті жастан бұта.
Қия алмай Көкше көлді сынсыған ғой.
Туған үйден босаға аттарында.
«Көкше көл»- суын тұнық мөлдіреген.
Сен десем жүрек лүпіп елжіреген.
Шоршыған ақ сазандай айдынында.
Күдеріңді үзе бер енді менен.
Құдайым қызды неге жаратады.
Бір малдыға меншіктеп қаратады.
Өз теңіне барғанның арманы не.
Көлшікке теңесе ме құлан қағы.
Ұмсын қыз осылайша сыңсып жылап.
Айшылық жер алысқа кеті жырақ.
Мол дәулетке күм етіп түскенімен.
Көкше көл арман болды құтты тұрақ.
Толқыны ерке айдынның түсіне енді.
Мұң кетпей көкіректен жылай берді.
Қареспенің тұнығын қорашсынып.
Көкше көлді аңсады байғұс шерлі.
Құлаштап Қараеспенің кара суын.
Аз-аздап сейілткенмен іштін мұның.
Үйрекше судан шықпай әдет алған.
Жас әйелге бай ауыл болды қырын.
Отағасы қырланды тоқтам салып.
Өзенге жбермеді тиым салып.
Ұмсын ескі әдетін қоя алмады,
Ұрланып тұнық суға түсті барып.
Жаны жүдеп түскенде көңіл қошы.
Демесіндік көрсетті жеке шоқы.
Биіктен келген жаққа көз жіберді,
Мұңдас, сырлас табиғат болды досы.

Шер лықсытып көкейден дауыс қойды,
Зарлы үн кернеп кетті қыр мен ойды.
Адам тұрмақ тал-терек теңселеңдеп.
Таулар да оқыс үнге құлақ қойды.
«Ауыл отыр көк теңіз алқымында,
Зарым жетсе құлақты салшы мында.
Айдында ақ сазандай еркін жүзген,
Кез болдым Қараеспенің шалшығына.
Ауыл отыр жайылып Мыңаралда,
Еске алмай Мыңаралды жүре алам ба.
Аққудың сыңқылына зар боп қалдым,
Қарқылдап мазамды алды құзғын қарға.
Ауыл отыр жағалық талды құмда,
Жез қармағым қап кетті сандығымда.
Уылдырық талмайтын қайран басым,
Кез болдым арық қойдың шандырына.
Осылай мұңға батып қайран керім,
Зарығып аңсай берді Көкше көлін,
Қараеспенің тұнығы демесіндеп,
Азырақ бәсеңдетті ішітің шерін.
Аққуша суды сызған ғадеті үшін,
Ұмсын сұлу атанды- «Үйрек келін»
Қасарып ожар байдан қорқып бұқпай,
Үйрекше ғадет алды судан шықпай.
Бір мезгіл биіктен көз жібереді.
Аңсары басылмады тауға шықпай.
«Бойында Көкшекөлдің мін бар ма екен,
Көретін кайран елді күн бар ма екен.
Айдында еркін жүзген бекіре едім,
Шалшықты шарасыздан қылдым мекен».
Деп сұлу жібергенде шашын жайып,
«Үйректау» шайқалақтап бейне қайық.
Заматта сағымды бел көлге айналып,
Көкке өрлеп ән кетіпті қанат жайып.
Шабыттандым келген соң көңіл қошы,
Аңыздың бізге жеткен сарыны осы.
Дала төсі шежіре тұнған тарих,
Азырқанбай жас буын ойға тоқы.

ЕСКЕРТУ: Толғаудағы адам аттары шартты түрде алынған.

САПЫ ТАУЫ

Бұл таудың географиялық атауы жер-су топонимикасына арналған енбектерде анық көрсетіле қоймайды. Сапыға (қылыш) ұқсас болғандықтан осылайша аталған дегенді қысқаша келтіреді. Сырт көзге қылыш тәрізденеді. Сапы атауына қазақ тілінің сөздігінде былайша анықтама беріледі. «Кішкене өткір қылыш, семсер. «Олар қындарынан жалаңдаған сапыларын суырды» деп мысал келтіреді. Жергілікті тұрғындар (ескілікті кәриялар) таудың қылышқа ұқсастығына тоқтайды. Көнекөз қарттар да осы тұжырымды мақұлдай отырып, мына бір сарынды біздің құлағымызға салып кетті.

Үйректің желке тұсы батысында,
Ұқсап бейне батырдың жатысына.
Алыстан қарағанда көз арбайды,
Сұғылған сапы сынды күміс қынға.
Не себептен «Сапы» деп қойған атын,
Кәриядан сұрайсың сөз бағатын.
Әр қилы долбар айтып еліктірер,
Келтіріп қисынымен сөздің нәшін.
«Жорықтан жауды жеңіп қайтқан қосын,
Осы тұсқа дамылдап тігіп қосын.
Бел шешті бейғамдықпен жатқан кезде,
Бір керемет оқиға болды тосын».
Деп кәрия аңызды таратады,
Дүйім жұртты аузына қаратады.
Сапысы қас батырдың қолды болып,
Алашапқын басталды дейді тағы.
Мінгені бас батырын тарлан екен.
Қайтпайтын қалың жаудан кабылан екен.
Қоян -қолтық ұрыста сан қалмаққа.
Сапысын өңештете салған екен.
Қатарласа шеп құрып тізбек-тізбек.
Қалың қосын барлықты бір ай іздеп.
Іште жүрген жансыздың амалы деп,
Біреулер күпілдеді -«шоқты үрлеп».
Батыр оған азбады, иланбады,
Белгілі боп тұрса да ұрланғаны.
«Сапыны осы тауға сыйға тарттым,
Бұл да бір қазағымның «иран бағы».
Деп батыр қалың қолды жолға салды,

Талай шепті талқандап бұзып жарды.
Құтты тау, құнарлы тау, сүйкімді тау,
«Сапы тауы» атанып содан қалды.
Кейбіреу тау емес бұл шоқы дейді,
Құнарлы малға шүйгін оты дейді.
Қалың адыр жоталы бел-белесті,
Қазақтың тоқтап қалған көші дейді.
Көшке ұқсаған бұл таудың шөбі шүйгін,
Қойы шелді болғанда, сиыр жылдым.
Мұртындай жолбарыстың қара жусан,
Көдесі толтырады малдың ұртын.

Сапы тауы қазақтың ертедегі көш керуеніне ұқсап шығыстан батысқа қарай созылып жатады. Теміржол тауды жанамалай өтеді. Ақадыр кентінің оң қапталын орағыта, батысқа қарай ентелеп барып Талдыеспеге сұғына тоқтайды. Өзенге ентелеген тұсы- Қарашоқы аталады. Ерте замандарда бұл тауды қай ата (рулар) иеленгені шежіре деректерінде сақталмаған. XIX-ғасырдан бастап Сапыны Кәрсөн -Керней рулары иеленген болса керек. Осы екі атаның (Кәрсөн-Кернейдің) арасында жерге талас болғаны құлақта бар. Керней атаның біраз бөлігі Сапыны басып (иеленіп) қалады. Қалың кернейден бөлініп (кәрсөн болыстығында) қалған бұл атаны «Бөлек Керней» деп атап кеткен. Бұл атаудың сондайлық шетін астары жоқ. Сапының сай саласынан көк қасқа бұлақтар ағып жатады. Сол бұлақтың бірі- «Байыр бұлақ». Сапының шығысындағы сайдан (тұмсығынан) қайнап шығып жататын бұлақ суы мейлінше мол, әлі күнге дейін құнарын бәсеңдетпей келеді. Ертеректе басқаша аталыпты. «Байыр оқиғасынан» кейін сол кісінің атын алған.

БАЙЫР БҰЛАҚ

Сапының сай-саласы толған бұлақ,
Сыңғырлап күліп ағар- «Байыр бұлақ».
«Молалы бұлақ» деп те аталады,
Мекені марқұмдардың болды тұрақ.
Бұл тұсты Керней ата қоныс еткен,
Көрінген жігіттері алғы шептен.
Болыпты Байыр сынды бір көкжалы,
Шетте жүріп саудамен кәсіп еткен.
Жігіттің жеңгем сүйер сұлтаны екен,
Айыртаудай көрнекті- шыршалы екен.
Қызына саудагерің ғашық болып,
Бір іске бел буыпты мұнша бекем.



Байырдың ұрпақтары

Байырдың тұлғасында ірілік бар,
Болған ғой саудагердің қызы құштар.
Татар қызы- елде жоқ сұлу екен,
Бар жігіт оған ғашық болған құштар.
Әкесі шіріген бай елден асқан,
Саудамен керуен тартып Ірбіт шапқан.
Сол байдың ай мен күндей сұлу қызын.
Байыр ер қос жүйрікпен алып қашқан.
Қасында сеніскен дос жолдасы ар.
Ол да бір ерім екен сөзге тұрар.
Ел жайлауда- ғашықтар Сапыға кеп,
Тау ішін жайлы тұрақ етті бұлар.
Одан соңғы оқиға шым-шытырық,
Адымын жаздырмаған ескі ғұрып.
Ел іші егер-дегер болып жатты,
Ғашықтар қол ұстасты сертте тұрып.
Сапы тау қос ынтыққа болып тұрақ,
Мәңгілік алаулаған сөнбей шырақ .
Қос тігіп аял еткен құтты мекен,
Сол себеппен атанған-«Байыр бұлақ».
Оқиға қоспасы жоқ былай екен,
Сәлима ата-ананың шырайы екен.
Жігіт дүрі Байырға ғашық болып,



Байырдың ұрпақтары

Жанарын ыстық жаспен бұлайды екен.
Бір мін жоқ тал бойында бойшаң келген.
Тоқ бұрымы үйлескен бұраң белмен.
Керме иық, аршын төсті айдай сұлу,
Әуейі болған екен Байыр ермен.
Байырдың бойды алған салған әні,
Сағымды тербетеді сары даланы.
Халық әнін қазақтың әуелеткен
Жігітке Сәлима қыз мәз болады.
Өнерден емес еді қара жаяу,
Татар әнін сызылтқан қыз да баяу.
Екеуі қосылып ән салған кезде,
Жастықтан бас көтерген жатқан ояу.
Шырқалып татар әні, қазақ әні,
Қызға ынтық бозбаланы мазалады.
Оңашалап Байырға жабылғанда,
Бірін қоймай желкелеп ұйпап салды.
Тентектерден Байырдың күші асты,
Менменсіген талайдың мысын басты.
Көк семсердей лыпыған өжет жігіт,
Керуен тартқан көпеске әбден жақты.
Бір өзі он кісілік қайраты бар,
Қауіптің алдын алар айласы бар.

Керуен басы атанып ашты жолды,
Жігітке қөңілі толып сертте тұрар.
Байырға шарт қойыпты онашалап.
Сәлимаға жүрсің сен жанасалап.
Қызыма таяп кетсен күнің қаран.
Мен шортан жұта салам сен бір шабақ.
Қабағы Байыр ердің түйіледі.
Іштен тынып қапа боп күйінеді.
Бір көруге ғашығын арман бодды.
Ән қалды, айтылмады жыры да енді.
Байырды кең сарайға жодатпады.
Соңына аңду қойып қарақтады.
Ісі адал болғанымен, ниеті арам.
Бит құрлы құнсыз онын бадақтағы.
Кет деді қазақ малай ақынды алып.
Біздермен тең келмейді сендей ғарып.
Өшігіп Сәлиманын ағалары.
Соңына баскесерді қойды салып.
Қит етсең басың сенің алынады.
«Кетіп тұр қаңғыған ит- жолын әні!».
Ізіне Байыр ердің мықтап түсті.
Кеудесінде шықпаған жаны қалды.
Бір жүрген сүйеніш боп шерменде ермен.
Қапаланды Досай да көзі көрген.
Бірге өскен бір атанын баласы еді.
Кәсіп іздеп Омбыға бірге келген.
Табан жолын білетін аңғарлы еді.
Осы ма бір қиянда қалған жері.
Дөңбекшіп қос ғашықтың қамын ойлап.
Жастықтың сансыратты арман дебі.
Байырға қысылғанда сүйеніш боп.
Бір жайды мәлімдеді көнілге тоқ.
Сәлима онсыз өмір маған жоқ деп.
Ақеділдің суына кетпекші боп.
Қайғымен бетін әрі бұрған дейді.
Байыр үшін шыбын жан құрбан дейді.
Астыртын ғашығыңнан хабар алдым,
Мен дайын жол тапсаңшы тыңнан дейді.
Досайдың мұндай іске ебі бар-ды,
Амалдап ат қорға еніп алды.



Байырдың ұрпақтары

Күзетшіні бір демде байлап тастап,
Пәуескеге аттарды жегіп алды.
Күзет күшті Сәлима шыға алмады,
Ерегіске Байырдың құмар жаны.
Шарай көз кең сарайға басып кіріп,
Аңдушыны бөріше жұмарлады.
Қыздың жетіп түпкіргі тұрағына,
Құшақ жайды ғашығы құмарына.
Терезені бір теуіп сыртқа атылып,
Арқасын тоса берді «сыңырына».
Қасқырша боз тоқтыны алып қашқан,
Байыр ер ғашығына арқа тосқан.
Қара түн қашқындарды демесіндеп,
Алдына пәуескені әкеп тосқан.
Жүйткіді қос арғымақ желдей есіп,
Қуғыншы теріс лақты қапы кетіп.
Шаһардан бірте -бірте ұзай берді,
Байыр ер келе жатты өлеңдетіп.
«Әржақта да кәшауа, мын жақта да кәшауа,
Сәлимашым қасымда, біздің жағдай нешауа.
Ән жақтада да пәуеске, мын жақта да пәуеске,
Қуғыншыны алғартып тттьтғып алдық белеске».
Ай жаңарып арада апта өтті,
Бейтаныс ауылдарды басып өтті.

Кең жайған қанаттарын ен жайлауда,
Нұра, Сарысу бойына келіп жетті.
Ел қалды бұл бір жайға құлақтанып,
Тергеді «қашқындарды» сұраққа алып.
Пәлесінен аулақ деп кол сермеді.
Көз тасада жүріңдер жырақ барып.
Қыс қыстайтын Сапыға келіп жеткен,
Бұл кезде жұрттан шола елді мекен.
Сапының бір сайына қосын тігіп,
Қос ынтық буған еді белді бекем.
Сапы тауы бұларға корған еді.
Биіктен жан -жаққа көз салған еді.
Қысылшаңда қиыннан жол табатын,
Досай да қастарында болған еді.
Арада айлар өтті, жылдар өтті.
Еш хабар Омбы жақтан болмай кетті.
Жайланды көнілдері жұбайлардың.
Ғашықтық жырын толғап өлендетті.

Ел іші елеңдегенімен, сондайлық тосын жағдай болмаған соң, қол ұстасқан екеудің де жүректері орнына түсіп,жарастықты жағдайда жұбайлық жарасымдарын алансыз жалғастырып жатса керек. Бұлар перзентті боп, ақ некелерін бекемдей түскен карсанда, Сәлима жарына өз ойын білдіреді.

Бір сен деп ата-ана елден бездім.
Жат өлке қазақ деген елге келдім.
Жүректің әміріне шара бар ма.
Ғұмырым қара түнек сенсіз менің.
Мөп -мөлдір Ақеділдін суы тұнық.
Ақ сазандай шоршуы ем суды сызып.
Ғайыптан пайда болып сұңқардайын.
Аққуын Ақеділдің кеттін іліп.
Артымда Ақеділдің буы қалды.
Көк орман шетсіз байтақ нуы қалды.
Татар, қазақ бір тума түбіміз бір.
Халқымның сыршыл сылкым жыры қалды.
Артымда аңыраған анам қалды,
Ақжайық ерке толқын жағаң қалды.
Үлпілдетіп өсірген еліктейін,
Менен хабар ала алмай әкем зарлы.
Не күйде іні бауыр, туыс-туған,

Бір өзің деп жан тартып өттім сыннан.
Ата-анам қайғырып қапада жүр,
Солар ғой сүйіктей ғып мені туған.
Сыналар жерің сенің енді келді,
«Панасыз мынасы» деп ел күледі.
Ормандай төркін жұртым бір қауым ел,
Тәуекел ет, жан жарым, буын белді.
Менің жайым еліме болар қайғы,
Тірі ме өзі деп соны көп ойлайды.
Батырым, қамданайық тәукел ет,
Сенен мені айырып қала алмайды.

Сонымен, көрген жерде ауыл бар деп Байыр Сәлиманы (бір жасар қызымен) алып жолға шығады. Сәлиманың төркін жұрты қызын өлдіге санап, тіршілігінен күдер үзіп отырса керек. Отыз күн ойын, қырық күн тойын жасаған Сәлиманың ата-ана, туыс-туғаны бұларды көшкен елдей салтанатпен шығарып салған екен. Қызымыз жалғызсырамасын деп екі-үш отбасын қоса көшірген деген дерек бар. Бұл аңызды осы жолдар авторы 1980 жылдың мұғдарында естіген еді. Қолда қалам болғансын, ел ішіндегі ескілікті әңгімеге құлақ түретін ғадетпен «Қызылтау» совхозында қойшы болған Мақайдан (Мақай Байырдың тікелей ұрпағы) «ғашықтарға» арналған жыр (қисса) үзігін дәптерге түсіріп алған едім.

Шаһарға кәсіп іздеп кеткен екен,
Бір байға жәмшік болып өткен екен.
Бай ақысын жігіттің жөндеп бермей,
Өңгеріп қызын қойша кеткен екен.
Қыз байдың жәмшігіне ғашық болған,
Кетеуге қол ұстасып асық болған.
Келіпті алып қашып сұлу қызды,
Аңыз боп Байыр аты содан қалған,-

делінген өлең шумағы «Байыр мен Сәлиманың» оқиғасына түрткі болды. Оқиға бастауы Байыр бұлағынан өрбіді. Қос ғашықтың көзсіз батылдығы ел ішінде дабыра болып, аузы епті өлеңшілер ғашықтар шырғалаңын бірәз жырлаған сыңайлы. Кейінде ұмытыла бастаған. Ізі көмескілене бастаған «ғашықтар оқиғасы» ел арасында күні бүгін әр қилы айтылып келеді. Бір деректе Байыр татар қызын (сол кезегі уезд орталығы) Қарқаралы қаласынан алып қашып келген делінеді. Байырдың өз кіндігінен тараған ұрпақтары тым алыстан (Татарыстаннан) Қазаннан алып қашып келген дегенді айтады. Біреулер Орынборды нұсқайды. Біз осы деректің (Омбыдан алып қашқан) соңғысына тоқтаймыз. Неге десеңіз, үйдің іргесіндегі Қарақаралыдан саудагердің қызын алып қашып кеп ел арасында үш жыл

бойында жасырынып жүріпті деген дерек тым дәйексіз. Осы жолдар авторы Байырдың кіндік ұрпағы Мақайдың өз аузынан (1982) естіген еді. «Омбыдан әкеліпті үлкен анамызды» дегені бар-тын. Сонда қолақпандай азамат (Байыр) мойны алыс шаһарға түкпірдегі ауылдан не іздеп барған? Бұл сұраққа жауапты Қоянды жәрменкесінің тарихынан табамыз. Оны мен емес ел іші айтады. Атакты орыс көпесі Ботовын ұйғаруымен үйез орталығы Қарқаралыдан елу шакырым жердегі берекелі де шұрайлы нулы қоныста сауда орталығы ашылып. Қоянды жәрменкесі жұмыс істей (1848) бастаған еді. Бұл жәрмеңкенің дақпырты (Қытай, Ресей.Ташкент) Омбы, Кереку, Қызылжар, Түмен қалаларына жеткен. Керек десеңіз Мәскеудің (көпестерінің) де назарын өзіне аударған. Алыс қалалардан, елдерден ағылған саудагерлер арзанға түсірген пұлдарын (мал өнімері һәм аң терілері, оған қоса ірі қара, қой мен ешкі) алыстағы қалаларға жеткізу үшін көпестер ел ішінен білекті мықты жігіттерді жолсерікке жалдаған. Татар көпесінің көзі тұлға- тұрапаты келіскен сүйекті ірі жігітке (Байырға) түскені тіршілік амалынан туынаған жағдай. Байырдың Омбыға (Татарстан деп те айтады) тап болуы сол кездегі жағдайға үйлесіп тұр. Ел іші Байырды әлі күнге ұмытпай келеді. Айыбы кедейлік болмаса, ұстасқан жерде қолы қалатын, көпшілік отырған жерде сөзі қалатын, әндеткенде даусы көкке жеткен, ызбарынан қастасы ыққан, зілінен дұшпаны бұққан жігіт сұлтаны екен. Байырдың қасындағы серігі де тегін жігіт болмаған. Байырың аталас туысқаны болса керек. Шежіре дерегі бойынша Байырдың аталары былайша таратылады. Қаракесек-Ақша, Түйтеден-Майқы, Танас Майқыдан-Айтуған, Сарым тарайды делінеді. Бошаннан- Машай (сырт бошан)-Машайдан-Бәйімбет, Бораншы туады екен. Бораншыдан-Сұраулы, Тілеулі деп келеді. Тілеуліден- Керней туған. Керней батыр болған. Көкбөрі Керней аты содан қалған деп келеді шежіреде. («Керней шежіресі», 2005. Төрехан Майбас). Кернейден- Самырза, Дау, Шан, Балапан тарайды. Шаңнан- Ес батыр -одан Байдәулет-одан Күлен-одан Орманшы- одан Байыр туған. Байыр кіндікті болған екен. Шежіре дерегі бойынша Байыр алып қашып алған Сәлимадан (есімін шартты түрде алдык) Мырзахмет, Мұқажан, Садық туған екен. Мырзахметтен- Канаш. Жақай. Қуанышбай, Шаты, Ақай туған. Қанаштан- Құлдық, Өкеш туған. Құлдықтан Сартай, Сартайдан- Жарылқасын, Өкештен - Балдай. Кайрат. Алмас, Мұрат; Балдайдан- Қайырболат, Ерболат туған. Қайраттан- Қайыркелді, Дәнияр туады. Мұқажаннан Бақи туған. Бақи өзі өмір сүрген кезеңде қоғам қайраткері дәрежесіне көтеріліп, партия, совет кызметінде болған. Қызылорда облыстық партия комитетінің екінші хатшылығын атақарған. Құрмет Белгісі, Қызыл Ту ордендерімен марапатталған екен. Бақидан- Серікқазы, Бауыржан туады. Садықтан- Мақсұт. Нұртай, Кәрім, Мақай

туады. Мақсұттан- Зәйім, Зекен; Зайымнан-Мұрат; Зекеннен Ұрпақжан туады. Нұртай Садықұлы өзі өмір сүрген кезеңде қатарынан кем қалмай бойы озық жүрген. Нұртайдан-Қалкен, Қанат, Талғат туады. Қалкеннен-Мұрат, Дулат, Қуат, Марат туған. Қанаттан Мұрат; Талғаттан -Мұратбек, Бақи туған. Кәрім Садық ұлы (1928-1987) кезінде малшаруашылығы саласында (мал дәрігері) басшылық орындарда қызмет атқарыпты. Кәрімнен-Болат, Марат; Болаттан Нұрбол; Мараттан-Дінмұханбет, Дәнияр туады. Мақайдан Төлеген, Бөлеген туады. Байыр мен Сәлимадан (шын есімі белгісіз) өрбіген тұяқ жалғар ұрпақтары баршылық екен. Бұған (бір Алланы еске алып) шүкіршілік деуге тура келеді. Ерге лайық ерендікпен ересен батылдық танытып, жат жұрттың сұлуына ынтыққан Байырды заманында «жігіт сұлтаны» болған деуге толық негіз бар. Ал татар қызы Сәлима (есімі де анықтала жатар) анамыздың жарына, Байырға деген махббатын тілмен айтып жеткізе алмайсың. Ел болып етек жиған бүгінгі таңда Байыр мен Сәлиманың ақ некесі- кейінгі жас буынға үлгі болатынын ұмытпауымыз керек-ақ!

Жатқан жерлерін анықтап, басына белгі қойып, рухына тағзым ету ұрпақтарының (кейінгі жастардың) міндеті. Қасиетті де қастерлі орындар (туған жер бағдарламасы бойынша) қазақ даласының әр өңірінде жүздеп саналады. Дүниеге деген ашкөздік аранын ашып, бәрі -бәрін ақша билеген заманда, адами ұлы қасиет сезімі махаббаттың ақ дидарына да шіркеу түсе бастады. Сүйіспеншілік сезім ғашықтық аңсарды бүгінгі жастар (бәрі емес) доллармен өлшеп арзандатып барады. Батыстан, еуропадан, америкадан жеткен «сүйсіпеншілік еркінідігі» қазақ жастарын да бұза бастады. Жыныстық жанығысқа көзсіз берілу жастарды есіртіп барады. Махббаттың-ұясы жүрек. Жүрегін кірлетпей таза ұстаған жанды шынайы шыншыл махаббат өзі іздеп табады. Байыр мен Сәлиманың бір-біріне ғашықтығы жүректен шыккан. Содан да мәңгілік. Ел мен елдің арасы жақындасып, жер бетіндегі адамдардың (ұлттардың, мемелекеттердің) бір-бірімен мидай араласқан жаһандану кезеңінде- ет пен сүйектен жаралған қорғансыз пендеге -таяныш-тірек махббат. Одан (махббаттан) көз жазғандардың ғұмырында мағына қалмайды. Байыр мен Сәлиманың жұбайлық махаббатын жас ұрпаққа үлгі етіп ұсынудан туындаған аңызды тосырқамай дұрыс қабылдаған жөн. Жатқан жерлерін анықтап, қабіріне ескерткіш белгі орнату баршамыздың міндетіміз.

САРЫАЛАНЫҢ БҰЛАҒЫ

Сапының бір бұлақ бар түстігінде,
Буы аспанға шығады кыс күнінде.
Әйдіңгір сол бұлақтың ескі атауы,
Қиындатып жіберер істі мүлде,
Демеңіз осы білгіш не біледі,
Қағазды күр шимайлап ерігеді.
Естір құлақ жанылса өзіне сын,
«Сарыала иттің бұлағы» делінеді.
Біреулер дейді мұны құйтырқы сөз,
Ертеде болған дейді бір қатыгез.
Мың сарыала әлгіге жылқы бітіп,
«Қайырсыздың малы» деп еріпті сөз.
Иттігі сараң байдың жаннан асқан,
Жалшыға тынышсыз боп итше қапқан.
Ұры ұстап, барымталап жылқы алып,
Шеткергі ауылдарды жауша шапқан.
Досқа да, туысқа да ырылдаған,
Дәулетіне сұғынып жырымдаған.
Ажалдан құтылатын амал таппай,
Құм құйылып аузына тынымдаған.
Ғмырды кесіп пішер хақ тағала,
Мәңгі төзім бұйыртқан тасқа ғана,
«Қайырсыздың» малына зауал келіп,
Қырылыпты бір жұтта мың сары ала,
Одан бері өткен ғой талай заман,
Толқынды толқын қуып сан аунаған,
Кедейлердің «одағы» ол да тарқап,
Тәуелсіздік таны атты алаулаған.

ТАЛДЫБҰЛАҚ

Тау болғансын сайында бар ғой бұлақ,
Баяғы құнары жоқ-тұма бірақ.
Айтпай кетсем қалармын назасына,
«Талдыбұлақ» тағы бар, «Жамбасбұлақ».
Талдыбұлақ бұрынғы атауы еді,
Шоғыр-шоғыр тал өскен жасаң еді.
Ырымға бір ағаш жоқ жалаңаш тұр,
Қорысты шымда өскен қалың шөбі.

Сөкпеңіз жоқтан барды жыр қылат деп,
Біз көнердік сізді айтар «тың құлақ» деп.
Құлағыңда қалсын деп айтқаным ғой,
Атаған жөн болады «Шымбұлақ» деп.
Жамбасбұлақ- сыздықтап баяу ағып,
Тұрғандай табиғатқа мұңын шағып.
Ілігі адамнан ба, өзінен бе,
Ол жағына көз жетпес -бізге танық.
Бір шоқысы Сапының-«Қараала ағаш»,
Тікенді, сай аңғары оған талас.
«Бұзаукөң» бұл биіктің батыс тұсы,
Бұл не кәп түсініксіз атауы оғаш?
Бұл маңға қолхоз келіп көң салыпты,
Бұзау жинап халықтан мал бағыпты.
«Бұзау көңі» атауы содан қалған,
Елеулі емес бұл атау соншалықты.

Тұжыра келгенде, ендігі жерде жер-су, елді мекен атауларын картаға түсіріп анықтаудың кезегі енді келді. Бұл бетінде қоя берсек (кім -көрінген) ой жобаға бейімдер жер атауларын қалай болса солай атап, былықтырып жіберетін түрі бар.

Ақадыр кентінің төңірегіндегі қырат -қырқалар, төбе-төбешіктер бұлақ -тұмалар («Жұман бұлақ», «Қонаев құдығы» делініп) бүгінде басқаша атала бастады.

Сапының батысындағы қалың адырлардың атауын бүгінде ешкім біле қоймайды.

«Нұрыш бұлағы», «Қарынбай», «Төлепбек шоқысы», «Керегетас», «Қасқа өгіз», «Керей тауы», «Қожа көңі» «Айнабұлақ» т.б. атаулар элі де болса, жергілікті тұрғындардың жадынан шыға қойған жоқ.

ҚАРАШОҚЫ

Қарашоқы-Сапының бір тұғыры,
Талдыеспеге мәлім ғой оның сыры.
Өзінше бөлек қос боп тұрғысы бар,
Сапының дейді мен де бір биігі.
Бір өзі тұрғандай-ақ көк пен жерде,
Бой созып көз жіберер көк белдерге.
Тұрады тілекші боп жолаушыға,
Қол былғап олай -былай өткендерге.
Шығысында тұрады «Алтын сандық»,

Қарашоқы етпейді оған тарлық.
Момақандау сүйкімді төбешіктің.
Атауын қызық көріп біз таңқалдық!
Өшпейді көнерсе де халық жады.
Атамекен қастерлі алтын тағы.
Қырат -қырқа таудан да қастерлі боп.
Көл болып көрінеді құлан қағы.
Ірге бөліп малды ауыл қыс қыстаудан.
Түйелі көш жайлауға бағыт алған.
Осы тұстан қалың көш өткен кезде.
«Алтын сандық» деп айтар түсіп қалған.
Абыз қарт сөзге тартып немересін.
Жыр қылар салтанатты қазақ көшін.
Сандықтың көш жолында қалғаны анық.
Содан да бізге ыстық бұл бір есім.
Дегенді көне көздер айтып кеткен.
Үзілмей бірден- бірге бізге жеткен.
Әр төбесі қазақтың «алтын сандық».
Қарттарым жырдай толғап әңгіме еткен.
Сыңғырлап күліп ағып күміс бұлақ.
Мәгінитше тартады мекен -тұрақ.
Сен жырламай біздерді кім жырлайды.
Дегенді қабағымен айтып тұрат.
Біреулер бұл бір езбе мылжын дейді.
Қадірін кетіріп жүр жырдың дейді.
Күй тербеп көкейімнен жыр төгіліп.
Келімді домбыраша күмбірлейді.
Өтірік жазғаны оның деп айтады.
Күңкілін «қатын өсек» молайтады.
«Сөзің өліп барады қазағым» деп.
Үзілмей таудан соққан жел айтады.
Сөз қадірін мендей-ақ білсін қазақ.
Бүгінде қаптап кетті «сыншыл қазақ».
Өзгенің жасығына өңеш созар.
Жібегін шарай көзге жүнге балап.
Жастарым, ойланыңдар жаңа талап.
Туған дала-ұлы ұстаз берер сабақ.
Жерде құн жоқ, аң-құстан адаланды,
Содан да қазақ жері- «қара қабақ».

ШӨЛАДЫР

Шөладыр - жатағандау келген аласа шоқы. Шөлшоқы деп те атала береді Ақадыр-Ақсу-Аюлы тас жолының оң қапталында Қайрақты өзеніне жақын тұр. Не себептен осылайша аталғанын жер-су атауларын хатқа түсірушілер етегінде су көзі жоқ болғандықтан адырға шөл атауы тіркелген деп түсіндіреді. Кезінде Сәрінжіп ақын: «Шөладыр шөбі шүйгін малға нәсіп,құтырған тай-жабағы, тоқты қашып, Ерге бақ, жерге дәулет бірдей қонып,бірі мен бірі тұрды араласып.-деп жырға қосқан.

Таулы жер қой анасы делінеді,
Қалың адыр тұтасып көрінеді.
Қыр отына қой малы өш келеді,
Құйрықтарын тарта алмай семіреді.
Шөладыр- боз жусаннан алқа таққан,
Кер бетеге бүрленіп өңін ашқан.
Көдесінен қоян да көрінбеген,
Адырға не себептен шөлді қосқан.
Кешегі кер заманда «елім» деген
Бір батыр осы тұсқа ерулеген.
Шоқыдан жан -жағына көз жіберіп,
Сарбаздар қарауылда- сенімді ерен.
Сөйткенше қугыншылар келіп қалған,
Бетпе -бет сойылдасып ұрыс салған.
Жау жағы батыр қолын қусырмалап,
Өзеннен бөліп тастап- сусыз қалған.
Қас батыр сарбаздарға сенген екен,
Бұйырықты қосынына берген екен.
Су тұрмак дым да шықпай діңкелепті.
Құдық қазып әр жерден көрген екен.
Әр тұста қалып жатты жырық құдық.
Сарбаздар шепті бұзды ұрыс қылып.
Бір өзеннің бойында жан шақырып,
Бір «есер» даурығыпты бұзып шырық.
«Жау адыр» екен нағыз қайыры жоқ,
Бір ұрттам ішетұғын суы да жоқ.
Жау тілеген қайырсыз неткен мекен,
Құнарсыз қу медиен- руда жоқ.
Дегенде бүйдеген ғой батыр сонда-,
«Жерге тағып кінәні әуре болма.
Дала сырын ұқпаған өзіңнен көр,
Баста ми, бақырайған көзің бар да.

Жау тілеп момын адыр не қылады,
Даланың ол да өзінше алтын тағы.
Шөл адыр ғой әншейін моп-момақан,
Монтиып тұра берсін сынбай сағы».
Сыры осы- есте қалған «Шөл адырдың»,
Даланың абызынан естіп білдім.
«Әңгіме үшін шығарған ертегі емес»,
Бұл әншейін үзігі ұзақ жырдың.
Тепсініп кесірленіп жерді теппе,
Көкейіңе тоқып өс жердің тілін.
Жас өскін кіндігіңді жерден үзсең,
Қазақтық қасиетің калмас құның.

ТАҒЫЛЫ ТАУЫ

Тағылы- Бұғылы бір- бірімен ұштасқан таулар. Атаулары да ұйқасып келген. Бір заманарда бұл таулар тағынын ойнағы болған. Ан ұғымын халық тағы деп ерекшелейді. Қолға үйретілмеген андар тағы аталған. Тағысы (қасқыр,түлкі,аю, қаблан,қоян, бұлан, елік. аркар. марал. тау ешкі.) қолтық - қойнауында қойша өрген таудың Тағылы деп аталуы жарасымды. Тағылының құнарына баға жетпейді. Оны суреттеуге менін де тілім жетпейді. Қойны - қонышын жүлгелеп саяхат құрдым деп айта алмаймын. Сырт бітіміне көз талдырғанға мәз болдым. Сәрінжіп ақын Тағылыны былайша өленге қосады:

Тағылы- Бұғылы мен егіз биік.
Қыс қыстап, жаз жайлаушы ек тегіс сиып.
Сай басы бір ауыл боп ұйымдасып.
Маялап алушы едік шөбін жиып.
Биігі Тағылының Қонысбайы.
Қонысбайсыз Тағылы жараспайды.
Қысы-жазы жайылымға жер жетеді,
Қоныс ізеп қалың ел таласпайды.
Шыңы бар Тағылынын Жолдан биік,
Тұрады көкті тіреп, басты иіп.
Шығады шалғындары кісі бойы.
Ала алмас мұқым ел боп шөбін жиып».

Тағылы- тау құнары құт орнаған,
Баурынан қуат алған жұтандаған.
Таулардың данагөйі сияқтанып,
Біртіндеп құпиясын айтар саған.

Көп жайды үнсіздікпен мәлімдеп тұр,
Мұнартып шығысында Ақшатау тұр.
Толағай, Найзакескен, Ақсарлы-Арап,
Үшала, Ақсораңда бар ғой көп сыр.
Не жетсін Қайрақтының өзеніне,
Келгенде тас ағызар кемеліне.
Қарасаз оны тұрар демесіндеп,
Кең жайып мол құшағын көлеміне,
Бойында нелер жақсы тынымдаған,
Кезінде тұлға болған өз еліне.
Қараби, Қондыбай мен Нұрбай жатыр,
Дем беріп рухымен өреніне.
Ағыбайдың інісі Дулат батыр,
Наурызбайдың серігі болған батыл.
Қуандықтың Нұрбайы бір жорықта,
Шаһит боп мәңгілікке ол да жатыр.
Аққезеңде Баубек ер тынымдаған,
Шаңқан боздың белеңде ізі жатыр.
Тағылы соның бэрін оймен барлап,
Үнсіздікпен томсарар-:« Дүние ғапыл».
Тағылы биігіңе шыға алмадым,
Іштегі шер -налаңды ұға алмадым.
Түрасың қашан көрсем қоңырайып,
Бардай-ақ жанды жеген бір арманың.
Еске алып шерленерсің өткеніңді,
Кезінде табындырған көкте күнді.
Тағының ойнағы едің бір заманда,
Жоғалтып алғансың-ау көктеміңді.
Егізің Бұғылының қабағы пәс,
Кеудесін көтертпейді зіл қара тас.
Армандап тау еркесі маралдарын,
Төгілер мөлт-мөлт етіп көзінен жас.
Кезеңге душар болдық тау жылаған,
Таулардың қайғы-шері ауды маған.
Арқары Тағылының тасқа айналып,
Сұлбасы елес болып қаудыраған.
Тілеутай- аз арқарды күзететін,
Дірдектеп табанынан сыз өтетін.
Төндірген төбесінен тікұшақты,
Аң қоймас еріккендер жүдететін.
Арқарсыз тау да жетім, біз де жетім,

Сөз еттің деп жүрмеңдер мұның несін.
Ырзамын Тілеутайдың рухына,
Құлжаның кие тұтқан құдіретін.
Тілеутай Смағұлов (1943-2017) табиғат жанашыры еді.

ҚАДЫР БАТЫР

Баяулап Жаман Сарысу сырғып аққан,
Бұл өзеннің өзінше сыры батпан.
Қояншы -Тағай ата ту ұстары,
Қадыр батыр осында тыным тапқан.
Ол өзі Бозтайлақтың ұрпағы екен,
Тағылының топшылы сұңқары екен.
Кенесары ханға да тілекші боп,
Буған екен кезінде белді бекем.
Тура жолға халықты шақырыпты,
Жүзеге асырған ғой батыл істі.
Содан да Қадыр батыр атанған ғой,
Заманында болыпты кісілікті.
Батыр аты шығыпты бала жастан,
Қаршадай күнінде ол жауға шапқан.
Қанжарша тіліп түсер бетті болып,
Атағы шетке жетіп даңқы асқан.
Кіндікті қара ормандай ұрпақтары,
Тағылының баурында бүршік жарды.
Өз тауының дамылдап етегінде,
Кейінге аңыз болып аты калды.



СЫРЛЫТАМ

Шиінен мал көрінбес бейне тоғай,
Бүгінде шөбі сұйық емес олай.
Сырлы тамды бетке алып жүріп келем,
Жиектеп Сарысуды әрі қарай.
Көп сырды Жаман Сарысу бүккен ішке,
Шер-мұңын айтып кетсе кірер түске.
«Сырлытамның» аңызын жырлап кетсең,
Тауса алмассың таратып бүгіндікке.

Сырлы там делінетін бейіт орны (төмпей) Сарысу өзенінің оң қапталында қыр басында тұр. Өзенмен аралығы үш-ақ жүз метр. Ақадырмен тұспа-тұс тұрады. Ара қашықтығы 10-15 шақырым. Бұрындары «подхоз» аталған (бүгінгі атауы белгісіз) елді мекеннен Сырлы там төрт -бес шақырым қашықтықта. Тамның шығысында (ара қашықығы «эй, ала кел» дейтіндей жерде) «Сырлы там қыстағының» бұрынғы орны тұр. Бейіт сұлбасы алыстан көріне қоймайды. Жақынап барсаң ғана шамалайсың. Кірпіш сынығының сыртқы сылағы жып -жылтыр. Сол белігісіне қарап ажыратуға тура келеді. Тамның бүтін кезіндегісін анықтайтын тірі көздер бүгінде жоқ. Бір кісілік кішірек там (сұпы) кезінде алыстан көз тартып тұрған. Қай кезеңдерде көтерілгені белгісіз. Шамалағанда екі ғасырға жуықтайды. Жарайды, «Сырлы там» делінсін-ақ. Өзбек саудагері бұл маңнан не іздеп жүр? Саудагердің көкейін тескен пайда. Тарихтан белгілі- Қоянды жәрмеңкесі 1849 жылдан бастап Арқа даласында, сауда орталығына айналып, бара -бара даңқы көршілес елдерге де таралады. Арзан пайда іздеген көпестер Қоянды жәрмеңкесіне ағылады. Сауда орталығына қазақ елінін әр түкпірінен (Лепсі, Қапал, Жәркент, Ақмола, Қарқаралы) жеткізілген мал сатылған. Жәрмеңкеде тек мал өнімдері сатылып қана қоймай, ағаштан жасалған тұрмыстық жиһаздар, түрлі әшекейлі бұйымар, киім -кешек, темірден жасалған заттар сатылған. Бұл бұйымдар бір шеті Омбы, Ақмола, Қазан, Жетісу, Ташкент қалаларынан әкелініп саудаға түскен. Ташкентке, болмаса Қоянды жәрмеңкесіне бет алған өзбек саудагерінің керуені осы тұсқа кеп ерулегені «Сырлы там» аңызына сәйкеседі. Осыған қарата бұл оқиғаның (өлген қыз туралы) 1850-60 жылдар мұғдарында болғанын шамалауға тура келеді. Совет өкіметі орнаған алғашқы (1920) жылдарда Жаман Сарысу өзенінің бойында «Сырлы тамда» Қаракесек- Қуандық рулары бас қосқан «еларалық сиязы» (съезі) болғаны өлке тарихынан белгілі. Совхоз орнаған жылдарда (1965) салынған қыстақ күні бүгін«Сырлы там» қыстағы аталады,«Сырлы тамның» жер атауына көшкені осыдан -ақ айқындалып тұр. Бұл жер атауының өзбек қызының басына тұрғызылған бейіттен бастау алғанын ендігі жерде, бүгудің қисыны келмейді. Ел жадында сақталған, жер бедерінде таңбаланған атаудың сыры осы.

Бұл тамның терең сыр бар қатпарында.
Бір ару мерт болған ғой жас шағынла.
Арулап осы араға қойған екен.
Болжаусыз ажал шіркін қас қағымда.
Әкесі жүреді екен кіре тартып,
Армансыз жан болыпты байлығы артық.
Өзбектің елге мәлім саудагері,
Байыған ел үстінен қаймақ қалқып.
Бар екен керуен басы тілекшісі,
Артық боп қожасына қылған ісі.
Көңілін көтерген ғой саудагердің,
Қоя ма еліктірмей өнер күші.
Дутармен даусы бірдей шығады екен,
Өнердің сыңғырлаған бұлағы екен.
Көлбеңеп Зәйтүн ерке көз алдында,
Шәкірат жас сұлуға құмар екен.
Ерлікпен жау түсіріп күші асқан,
Жол тосқан ұрыларды мысы басқан.
Бір өзі топты жауға төтеп беріп,
Мықтысымен бірме- бір қылыштасқан.
Болғанмен сегіз қырлы өрендігі,
Етектен тартады екен кедейлігі.
Құлдықпен бабалары өткен екен,
Саудагерге көк тиын мұның құны.
Әйтсе де разы боп ерлігіне,
Қарамай түбі шикі кемдігіне.
Ұстапты жақынындай еркінсітіп.
Шытыра өрнек салып белдігіне.
«Үйшікке» саудагер бай кіре тартқан.
Шәкірат жасақ ертіп болған қалқан.
Саудасы жүрген байдың көңілі өсіп.
Тәшкенге бетті бұрып төте тартқан.
Сақшысы Шәкіратқа желік бітті,
Ғашықтық билеп алды ерік -күшті.
Зэйтүнді құшағына ап тұрған шақта.
Бір жансыз жария етіп бұл бір істі.
Әкесіне қыздың кеп жеткізеді,
«Басынардай сізді ол текті ме еді».
Ушықтырды әлгі сұм болған жайды.
Жан-жаққа хабар шашып көптіреді.

Алпауыт саудагердің есі шықты,
Жазадай қабылдады сұмдық істі.
Жабылып Шәкіраттың қолын байлап,
Алдына саудагердің әкеп жықты.
Асықтың алшысы еді -түсті шіге,
Соқтырды көк шыбықпен жетпіс дүре.
Қансырап айдалада қала берді,
Үзілмей жетті аңыз осы күнге.
Бар еді есіл ердің- «Көкжайдағы»,
Шоқтығы көк тіреген аттың нары.
ТТТүрқырап Шәкіраттың басына кеп,
Қалшиып от оттамай көп түрады.
Шәкірат бір заматта есін жиды,
Мәлімдеп болған жайды аты түрды.
Ат жалына жабысып есіл сабаз,
Қалың қазақ ішіне бетті бүрды.
Әлқисса, бұл бір жайдың аңызы көп,
Уақыттың бүлдырайды сағымы боп.
Шыдамай Зәйтүн ару қиянатқа,
Ұмтылды отты көрсе уыстап шоқ.
Бетін алып тастады, шашын жұлды,
Өзін-өзі жұлмалап зақым қылды.
Керуен бір түсқа кеп бой жазғанда,
Қарасуға тал бойын атып үрды.
Осылай қайран ару суға кетті,
Әкесі қапы қалды болған кекті.
Өзбек қызы бейіті аталады,
«Сырлы тамның» аңызы бізге жетті.
Шәкірат мал малданып, жан жанданып,
Бір әулеттің ішіне сіңіп кетті.
Дейтұғын бұрынғы өткен кәриялар,
Деп жүрме мына білгіш құрғақ бөсті.
Қырық жыл көкейімде жүріп еді,
Сәтімен бұл бір аңыз көпке жетті.

«Сырлы там» бара-бара жер атауына айналған. Бүгінгілер (2018) жүмбақ тамның оқиғасынан хабарсыз. Ақадыр ауданына (1978) орнап, «Ақадыр таңы» газетінде тілшілікте жүргенде, бейіт басына соққаным бар. Жол серігім «Сырлы тамды» тап баса алмай әр төмпейді бір нүсқап жүріп алды. «Сырлы там» қыстауын қыстайтын Әбіл бақташыдан (Орынбек Бековтың туысқаны) сұрағанымда, қыстаудың желкесіндегі төмпейді нүсқаған еді. Көне көз қарттар (Әмет, Рақыш, Балапаш, т.б.) өзеннің жиегінде түр деп нүсқаған еді.

Анық қай тұста тұрғанын тап басып айта алмаған. Сол бейіттің бар -жоғына мән бере қоймағанымен, өзбек қызының қазасына байланысы аңызды там-тұмдап білетіндер бейітке байланысты туындаған жырды құлағыма салған еді. Қыз қазақ жігітіне ғашық болған деген де сарын бар. «Сырлы там» аңызын күнделігіме (1980) түсірген едім. Ел аузындағы мына бір өлең жолдары да күнделігімнен шықты.

Өзбек қызы кәрамат сұлу болған,
Маңайдағы жігіттер көзін салған.
Бір жігітпен кездесіп тұрған кезде,
Қырағы әкесінің көзі шалған.
Ол жігіт Бесатадан шыққан екен,
Көпестің көшін бастап шыққан екен.
Сарысудың бойында еру болып,
Сұлуды оңашада құшқан екен.
Қыз әкесі, әйтпесе ағасы ма,
Қылышын ала ұмтылған күнәліге.
Асау қыз аңғырттықпен суға кетіп,
Тұншығып көз жұмыпты терең суға.

Жазба барысында біз қиыстырған сарын да ел аузында сақталған. Өзбек саудагерінің керуен басы (өзбек жігіті) қызды алып қашып бара жатқан жерінен саудагердің шабармандары жігітті дүреге жығып, қызды одан айырып алып қалады. Суға кеткен ғашығының тамын шырғалаған әлгі жігіт қыздың басына елде-күнде жоқ ерекше бейіт (сырлы там) тұрғызады. Осы сарындас аңызды бір ізге түсіру барысында, жұмбақ бейіттің қай тұста тұрғанын анықтауға тура келді. Баяғы өзім көрген (1979) тұсты (басына бармай сыртынан шолғанмын) мен де ұмытып қалыппын. «Бұл бар болғаны-жер атауы, сырлы там дейтіні құр дақпырт» деген дәйегі аз екі-ұшты сөз жэне алдымнан шықты. Сөйтіп жүргенде, менімен көңіл қостығы бар,сыйлас інім Батырбай достан сыр тарттым. «Көрсетем, үстінен түсірем»-деді сенімді түрде,- Баяғыда экей қой баққанда, «Сырлы там» қыстағын екі-үш жыл қыстағанбыз». Қара жаяу мені үнемі демесіндеп жүретін Шәкеңнің (Шынболат Шәкенов) «жүйрігімен» жолға шықтық. Батырбай дос, «Сырлы тамның» тура үстінен түсірді. Менің қиялымдағы «Сырлы там» жоқ боп шықты. Орнында құр төмпей (тас, кірпіш үйіндісі) ғана жатыр. «Сырлы там» екенін айғақтайтын жылтыр кірпіштер ғана көңілге демеу. Кірпіш сынықтарының сылағы(сыры) кәдімгідей жылтырап тұр. Енді шегінер жер жоқ, жер атауына ие «Сырлытамыңыз» осы. Бір кісілік қана тамды (сұпыны) табиғат қаталдығы тоздырып жіберген. Жер атауын иеленген төмпейге (тамға) бір белгі қоятын уақыт жетті деп білеміз. Бұл атауды өзгертуге, ендігі жерде, ешкімнің де құдіреті жетпейді.

ТАРПАҢ БАСЫ

«Тарпаң басы» аталатын бейіт Жаман Сарысудың оң жағасында Ақадыр кентінен тай шаптырым қашықтықта тұр. Кезінде күндік жерден көзге түсетін еңселі мазар болған екен. Сарысу арнасынан асып қатты тасығанда, бейітке зақым келіп, күмбез содан отырып үйінді болып қалған. Өзеннің арғы бетінде (Тарпаң бейтімен тұспа-тұс) Тарпаңның балалары Иманбай мен Қосыбайдың бейіті тұр.

Еліктіріп жер аты делебемді,
Көруге ескі қыстау, көне белді.
Қартайғанда желігіп дала кезіп,
Қарсы өрлеп Сарысуды келем енді.
Басына Тарпаң байдың келіп жеттім,
Маңдай термен байыған бұл бір тектім.
Құс салып, ит жүгіртіп заманында,
Дейді екен аңшылықпен кәсіп еттім.
Аңға ғана жазықты болған екен,
Саудамен кенересі толған екен.
«Ботамойнақ» алтынмен аты шығып,
Талайға құтқарушы болған екен.
Сесінен қас қайбартып, дұшпаны ыққан,
Даукесті тапқырлықпен сөзден ұтқан.
Байлықты ақылға сап қоғамдапты,
Кәсіпкер - қазақтан ол тұңғыш шыққан.
Бақ қонған аруақ қолдап, қыдыр дарып,
Етек, жеңі кең екен бейне алып.
Балалары шетінен көкжал болып,
Заманында жүріпті топты жарып.
Иманбай- алмас қылыш атаныпты,
ЫІбырай үлкендерден бата алыпты.
Құрманбай қотаны құт малды болып,
«Ноқтағасы» делінген ат алыпты.
Қосыбай ырысты екен шаруа баққан,
Тышқанбай қажы атанып дін таратқан.
Тарпаңның немересі Көшім қажы,
Сарышоқыда орны бар мешіт ашқан.
Көшімнің елге мәшһүр Әуезханы,
Жазушы боп кітапқа өрнек салды.
«Қазақтың Пришивині» атанды ол,

«Сөз зергері»тарихта аты қалды.
Өзеннен су ортаймас арнасы бар,
Артында өнік шашқан төлбасылар.
Кәсіпкерлік Тарпаңнан ұрпаққа ауды,
Смағұлов Нұрландай жалғасы бар.
Қазақтың жүздеп бар ғой тектілері,
Ұрпағым аман болсын деп тілері.
Жалқаусыған болбырдың күні қаран,
Адал еңбек мұратқа жеткізеді.

Тарпаң Наймантайұлы (1806-1893) Қаракесек Кәрсеннің сегізінің бірі Қозыбақтан шыққан. Ұрпақтарының (Серік ақсақалдың) айтуынша әкеден қалған шақтылы шаруашылығы болған. Жасынан аңшылықпен айналысқан. Сол адал кәсіптің арқасында ел алдына шығып, өз кезіндегі ірі байлардың қатарына іліккен. Отыз жыл бойында аулаған аң терісін, киік, бұғы мүйізін алтынға айырбастап келген. Тарпаңның «түйемойнағы» -алтын сақтайтын құтты сандығы екен. Байлықты адал кәсіппен қоғамдаған Тарпаң маңдай термен жинақтаған зейнетін (дәулетін) өз орнына жұмсай білген сабырлы да ұстамды ақыл иесі де болғаны кейінге аңыз боп жеткен. Дәулеті қарақан басынан артылмайтын сасық байлардың санатына жатпаған. Қолы ашық шүленшілігімен ел назарына іліккен. Кезінде замандасы Жарылғап батырдың ұрпағы Бәйсейіт бидің Нұрланын «түйемойнақтың» (алтынның) күшімен жазадан құтқарып қалғаны күні бүгін ұмытылмай келеді. Кәсіпкерлікке (2018) жол ашылған нақ осы кезеңде қазақ даласының бір өңірінде сауданың ебін тауып, адал еңбекпен мұратына жеткен Тарпаң бабаның аруағын ардақтап, рухына тағзым ету бүгінгілердің (ұрпақтарының) басты міндеті болмақ. Шүкір, бабаның арты жақсы, ұрпақтары баршылық . Оймен жобалағанда, кемінде жүз шаңырақ жайымен бар. Тарпаңнан тараған ұрпақтарының осалы жоқ. Оларды таратып шығу бұл еңбектің міндетіне жатпайды. Кезінде бұл ата (Қозыбақ аталықтың) ұрпақтары бабаларына арнап ас берді. Шежіре (кітап) басып шығарды. Аталарының бейітіне белгі қойды. Бұған ризашылық ете тұра, Тарпаң бабаның басы «үйінді топырақ» боп жатқанын кейінгілердің (жас ұрпақтың) есіне салуға тура келеді. Біздің осы ниетімізді оғаш көргендер: «Ата біздікі, оның не жұмысы бар?» деп те жүр. Кешіргін достым, ата сенікі болғанымен, Тарпаңның рухы барша қазаққа ортақ. Баба аруағы (Тарпаң басы) қазақ даласының бір пұшпағына белгі болып, кейінгі нәсілді (жас буынды) рухымен демесіндеп жатыр. Біле білгенге, «Тарпаң басы» туған даламыздың қасиетті (киелі) орны саналуға тиісті. Бабаның кіндік ұрпағы Серік Ыбышұлы (жасы секеннен асты) бауырларына былайша базына білдіреді.

Ата мекен, шежірелі Доңғалым,
Тарихыңды жаңғыртуға қолға алдым.
Қозыбақ елі мерейлене шаттанып,

Тарпаң баба көтермелеп қолдадың.
Ас бердік, шежіре жаздық жаңғыртып,
Бәрің кеттің мені тастап қаңғыртып.
Сарысуда бабам жатыр жалаңаш,
Басын көтеру ұрпағына аманат.
Көрген сайын өзегімді өртейді,
Кімдер баба, жабар екен көрпеңді.
Өлі разы болмай, тірі еш байымас,
Осыны ұғар ма ұрпағымыз ертеңгі.
Сексенге де жасым келді құлдырап,
Зар қағамын ағайынға шырылдап.
От басынан аса алмайтын ынжықтар,
Ұйқысын да аша алмайды бырылдап.
Әлі де болса, күдерімді үзбеймін,
Бір азамат шығар-ау деп іздеймін.
Баба зираты жол бойында жарқырап,
«Ақ жол» сілтеп тұрса екен деп тілеймін!»

(Серік Ыбышұлы Смағұлтегі, « Жоқшы», 2017)

Осы өлең жолдары көп-көп сырды аңғартып тұр. Аузында Алласы бар, жүрегінде тәубесі бар, Серік қажы (қария) мұсылмандық ғұрыптың бүге-шігесін жақсы біледі. «Аллаға серік қоспау керек» делінетін қағида (аят) құранда да бар. Соны малданған діни сауаты аздар бейітке құлпытас қойдырмай, соның салдарынан көне бейіттер, ескі қорымдар, атам заманғы қара молалардың кімдікі екені белгісіз болып атаусыз қалып жатыр. Қалтасы ақшаға толған атаққұмарлар иесіз бейіттерді иемденіп алатын әдет шығарып жүр. Осы жолдар авторы «көне бейіттерді жаппай жаңғыртуды» қолдай қоймайды. Есімі ел аузында қалған бабалардың бейітін жаңалау-мұсылмандық ғұрыпта сондайлық сөкет (күнә) емес. Мұндай игі шараларды «ұранға» ұластырып жіберудің кей жағадайда сауабынан күнәсі асып түсіп жатады. Қазақта бар қағида: «Аруақты ашуландырып алмайық!». Әсте -әсте, әр игі шараны бойға шақтаған жөн. Елбасымыздың (2018) «Ұлы Даланың жеті қыры» деген тұжырымдамасы (мақаласы) көптің көкейінен шықты. Қалаларды өңейту заман талабы, әйтсе де Ұлы Дала-халқымыздың құт мекені, шыққан топырағы. Топырағын ұмытқан ұлттың ұрпағы мәңгүрттікке (ұлтсыздыққа) бір табан жақын тұратыны өмірде дәлелденген. Тарпаңның басын көтеру ұрпақтарына аманат.

ТӘТІ ҚАЖЫ

«Қаңқу сөз аз болды ма саған ерген,
Жайың жоқ шетел асып қала көрген.
Айналсоқтап ауылдан ұзамайсың,
Ерсілеу бул әдетің дала кезген»
Деп мені күншіл- кердең кекетеді,
Кеткендей тап бір маған есе-теңі.
Алла алқап, аруақ қолдап демесіндеп,
Даланың қуат бергей қыр мен белі.
Жанашыр болғансиды дос аты бар,
Қимайды бір мінгішін- қос аты бар.
«Көр ақтарған көрапат мынауың» деп,
Сыртымнан сөз жүгіртер қасақылар.
Бірі болған кезінде асыл тектің,
Тәті қажы басына келіп жеттім.
Жұпыны бейіті тұр қоңырайып,
Көңіл босап көзімней жасты төктім.
Мыңды айдаған кезінде бай болыпты,
Малды-басты көңілі жай болыпты.
Меккеге екі мәрте тауап етіп,
Қажы есімі өзіне сай болыпты.
Бір өзі үш қыстауды иеленген,
Жылқысы асыл биеге күрең ерген.
Бір түсті өңшең күрең өртең жалды,
Жарасқан құба белдер реңімен.
Бір қысау атаныпты-«Борлы бұлақ»,
Кісі бойы ши өскен қалың құрақ.
Бұлақтың батысында «Қоңыр төбе»,
Мал қыстатып етіпті оны тұрақ.
«Қоңыр төбе»- қыстаудың желкесінде,
Үйлескен бел -белестің өр төсіне.
Қарауылдап мал -жанын отырыпты,
Төбенің шығып алып өркешіне.
Қажыны төбедегі көреді екен,
Қыдырмалар жан -жақтан келеді екен.
«Тәтінің құдайы асын» жырғау үшін,
Үйіне еркін басып енеді екен.
Тағы болған ордалы бір қыстауы,
Кәзіргі «Вишка төбе» ойпаң жағы.
Медіресе есігі кең ашылып,
Оқыпты туыс -туған балалары.



Өзі бастап шәкіртке сабақ берген,
Ұстаз жалдап, ақысын мол ғып берген.
Кішігірім мешіті және болған,
Біз ұктық бұл бір жайды үлкендерден.
Үнді екен сұңқардайын даусы ашық,
Құранды оқиды екен мақамдатып.
Ескілікті киссаны жатқа айтқанда,
Жүзінен нұр төгілген мерейі асып.
Сауданың заманында ебін тапқан,
Кезінде атанған ғой «Ірбіт шапқан».
«Қоянды жәрмеңкесін» дүбірлетіп,
Әнші ертіп, балуан әкеп думандатқан.
Күшейіп аяқ асты заман желі,
Бір сүргінге тап болды қазақ елі.
Ақ қашып, қызыл қуып майдандасып,
Даланың дөңбекшіді қыр мен белі.
Атаман Аненковтың құты қашты,
Қытайға лек-легімен шұбап жатты.
Бейбіт қазақ ауылына ат ойнатып,
Жүректің отын алып мылтық атты.
Арудың арын төкті шарай көзге,
Жылқыға жауша тиді қыр мен белде.
Қарсыласқан талайды оққа байлап,
Не бір өжет жайсаңды тықты көрге.
Ағайынды Әбен мен Тәті қажы,
Еш мұңсыз тұрған кезі өрлеп бағы.
Жаман Сарысу бойында отырғанда.
Ақтың кеп ойран салды солдаттары.
Солдаттар ауылды кеп басып қалды,



Жылқыны бірін қоймай айдап алды.
Қарсыласқан жан болса оққа ұшып,
Талауға салды «ақтар» мал мен жанды.
Жайрады бір әулеттің күні батып,
Ауылдың бас иесі Әбенді атып.
Тәті қажы ауылын ұйпап өтті,
Іске жарар нәрсені күлше шашып.
«Кеңесің» де қазақты оңдырмады,
Жер ауды ірі байлар малды-жанды.
Тәркілеуге іліккен Тәті қажы,
Сексеннің бесеуінде дүние салды.
Бай-бағланға «қызылдар» қырын келіп,
Белсенділер есірген біткен желік.
Әке басын қарайтып үлгере алмай,
Балалары кетіпті елден безіп.

Содан кейігі жылдардың азабынан да азасы басым түсіп, малсыз қалған қазақтың елден елге өтіп тентіреп кеткенін бүгінгі буын (жас ұрпақ) әншейін бір ертегінің жаңғырығы деп біледі.Тәті қажының балалары Қарағанды шахтасына ілігіп аман қалған екен. Кейін заман оңалып, ел еңсесі көтеріле бастағанда (соғыстан кейінгі елуінші жылдар) қажының жақын -жуықтары мен балалары- Батақ, Шыран, Қален туған ауылдары ата қоныстарына оралған екен. Бүгіндегі Ақадыр кентіне, өздері шыр етіп дүниеге келген ескі жұрты «Борлы бұлаққа» орын тепкен. Қажының немерелері Сағынтай, Сатан бір ауыздан: : «Үлкен әкемізТәті қажы аузы дуалы көріпкел болған екен. Ол кісі екі сөзінің бірінде: « Күлағымнан бір дүбір кетпейді. Осы мына Сапы, өзіміздің Борлыбұлақ, Қоңыртөбеге (Тәтінің қоңыр төбесі атанған) құт орнай ма деймін. Бұл маңнан ұзап кетпеңдер, балаларым» деп өсиет етті» дегенді айтатын. Шыны керек, ол кезеңнің (Советтер Одағының) сарыны басқаша болатын еді ғой. Түрі ұлттық, мазмұны социалистік коммунисік қоғамның аясындағы біздер ескі заманның «елесінен» аулақ болатынбыз.

Осы жолар авторының, мына менің «Тәті қажының рухына» қиыстауым-Ақадыр аудандық « Қазақ тілі» қоғамын басқарған (1989-1997) жылдардан бастау алды. Ескерусіз қалған есімдерді ел есіне оралту біздің (қоғам белсенділерінің) басты мақсаты болды. Ақадыр стансасы орнап, Ақадыр кенті аталған елді мекен бұрындары « Тәтінің Борлы бұлағы» атанған екен. Сол себептен де жердің ежелгі иесіне (Тәті қажыға) кенттің бір көшесіне есімін беруді ыңғайлаған болатынбыз. Соның сәті әлі күнге түспей келеді. Аруақты баба (бәрімізге бірдей) рухына арналған азды-көпті ізденіс сондай мақсаттан туындаған еді. Қажының кіндік балалары Батақты(соғыс арагері), Қаленді көрдім. Бірақ ол марқұмдарды (1980) ол кездерде елеп көзге іле қоймайтын едік. Коммунистік партия идеологиясы кедей тапты аспанға шығарып, бай - бағыланның тұқымдарын біздерге (жас буынға) «бөжекей» етіп көрсетті. Тәті қажының немерелері Сағынтай мен Саттаннан бабалары жөнінде азды -көпті мағлұмат алдық. Ескінің көздері де өткен күндердің зобалаңын там-тұмдап қана шығаратын еді. Солардан ұққан сарын былай: - Жаңа заман делінетін Ұлы Октябрь революциясының жеңісі қазақ даласына дүрбелең (лаң) ала келгені белгілі. Қажы (Тәтінің) ауылы он сегізінші жылдан былайғы жерде алағай-бұлағай заманның айқан -сүреніне тап болып, қыры кете бастайды. Қажының ауылы шолақ белсенділердің қырына ертерек ілігіп, соның салдарынан, жиырма сегізінші жылғы тәркілеуде (кезінде үш мың қой, екі қос жылқы біткен) қажының ауылынан үкімет адамдары тәркілеп алатын мал таппайды. Қажыны (сексен бестегі) жер аудармақшы болғанда, Тәтінің: «Менің еркім сендердің қолдарыңда емес,- деп намаз оқып отырған жерінде жүріп кетіпті дейді. Басы қараймай қабір топырағымен қала берген Тәті (ауызекі айтылушы бойынша Т әти) басына бейіт бертінде (1956) көтеріліпті. Тың көтеру ұранымен даланы ерсілі -қарсылы қопара бастағанда, жер жыртып жүрген тракоршы, бір төмпейге іліге беренде, көз алды қарауытып кетіп, трактордың тізгінінен (тегершігінен) айрылып қалады. Ақ киімді ақасақалдың сұлбасынан зәресі ұшып, трактордың тастай қашады. Сөйтсе, бұл төмпей Тәті қажының қабірі боп шығады. Содан ел құлақтанып, Тәтінің балалары жиналып кеп, қажының басына бейіт көтереді. «Бұнда тұрған не бар, сол да жаңалық боп па?» деп қол сермейтіндер де шығар. Сабырлық керек, бауырлар! Сонымен, Тәті қажының үрім-бұтағы шежіреде («Керней шежіресі», Төрехан Майбас, 2005) былайша таратылады: Керней-одан Шаң-одан Ес (Ес батыр), одан Байдәулет-одан Күлен, одан Жамбол-одан Тоғай-одан Тәті (Тәти)- одан Мүйтін,Шыран, Қален, Батақ туады. Шыраннан- Сағынтай, Сармантай туған. Сағынтайдан-Есенкелді, Сәкен туады, Есенкелдіден-Жанат, Жантас, Жанаттан-Айбар туған. Сәкеннен-Рахман туған екен. Сармантайдан-Қайрат, Қанат туады делінеді. Қанаттан Әкбар туған екен. Қаленнен- Сатан (Сатыпалды)-одан Әлиасқар, Бауыржан, Ардақ, Айдос туған. Батақтан- Болат бар деп таратқан шежіреде. Тәті қажының арты жақсы. Бұған шүкіршілік деу керек.

III БӨЛІМ

АҚАД>ІР АТЫРАБЫ

... «Ақадыр» деп атауды дұрыс цойган,
Бұл атау хабар берер әрбір жайдан.
«Борлыбұлақ», «Сорбұлақ» деліпті,
Шыгарган бос сөз емес мұны ойдан.
Бұл жерді мекен еткен Тәті қажы,
Төрт түлік мал өрбітіп өскен багы.
Қыс қыстау «Борлыбұлақ» желкесінде,
Бел-белесті келеді Сапы жагы.
«Шилі бұлақ» деп тагы айтады екен,
Агысы өзен сынды ойсаң екен.
Қалың иіи тогайдайын тыгыз өскен,
Ұлтаны көк құрақты майсалы екен.
Ақ кіріш делінеді топырагы,
Бордай аппақ- сыласа үйдің сәні.
Ізбес тастың бүгінде нарқы өсіп,
Ақ кіріштің төмендеп қайтты багы.
...Заманның ілеспесең адымына,
Тірліктің зар боларсың жарыгына.
Теміржолмен екпіндеп пойыз келіп.
Өмір оты лаулаган осы қырда.
Белгілеу керек болып станса атын,
Тұргындардан сұраган жердің атын.
Ақ тастақты адырга қарап тұрып,
Малқамбай белгілепті жаңаша атын.
Бұл анық осы дерек жалган емес,
Атаусыз қалып жатыр талай белес.
Кешегі ескі көздер мойындайтын,
Ақадыр деген атау болган емес.

АРҚАНЫҢ АРҚА ТҰРАҒЫ

Бекерден арналмаған саған жырым,
Қырық жыл мағыналы өтті күнім.
Бәсіре жас ұрпаққа қалдырғаным,
Оқушым дұрыс түсін, мені ұғын.
«Ақадыр» деп атауды дұрыс қойған,
Бұл атау хабар берер әрбір жайдан.
«Борлы бұлақ», «Сор бұлақ» делініпті,
Шығарған бос сөз емес мұны ойдан.
Бұл жерді мекен еткен Тәті қажы,
Төрт түлік мал өрбітіп өскен бағы.
Қыс қыстау «Борлы бұлақ» желкесінде,
Бел-белесті келеді Сапы жағы.
«Шилі бұлақ» деп тағы айтады екен,
Ағысы өзен сынды ойсаң екен.
Қалың ши тоғайдайын тығыз өскен,
Ұлтаны көк құрақты майсалы екен.
Ақ кіріш делінеді топырағы,
Бордай аппақ- сыласа үйдің сәні.
Ізбес тастың бүгінде нарқы өсіп,
Ақ кіріштің төмендеп қайтты бағы.
Замана айнымалы сан аунаған,
Қойша ығып қара халық далаңдаған.
Алланың көзі түзу болған соң да,
Өмір оты сөнбеген алаулаған.
Заманның ілеспесең адымына,
Тірліктің зар боларсың жарығына.
Теміржолмен екпіндеп пойыз келіп.
Өмір оты лаулаған осы қырда.
Белгілеу керек болып станса атын,
Тұрғындардан сұраған жердің атын.
Ақ тастақты адырға қарап тұрып,
Малқамбай белгілепті жаңаша атын.
Бұл анық осы дерек жалған емес,
Атаусыз қалып жатыр талай белес.
Кешегі ескі көздер мойындайтын,
Ақадыр деген атау болған емес.
Бұл атау Борбұлақтың жаңаша аты,
Малқамбай дөп түсірген кетпей қапы.

Ақадыр- ырысты өңір, құтты мекен,
Өткеннен сыр ұқтырар әрбір тасы.
Теміржол бұл өңірге құт боп келді,
Бойынан жас пен кәрі ырзық терді.
Теміржолшы атанды жаңа талап,
Маңдайдан тамшылатып ащы терді.
Өткенді мансұқ етіп көзді жұмып,
Бәз біреу даурығады бұзып шырық.
Болды ғой күйдірері, сүйдірері,
Келмеске кеткенімен «бірдейшілік».

Ақадыр атырабы бұрынғы Ақмола уезі мен Қарқаралы уезінің шекаралығындағы ақ тастақты қалың адырлы өңір. Батысында Ор-Аба таулары көрініс береді. Сол жақ тұсында Тағылы тауы бой созады. Солтүсік батысында Үшқызылдың сұлу шоқылары тұр. Ақ тастақты бел-белестер Сапыға жалғасып жатады. Бір жақ бүйірінде Доңғал тұрады ақ түйедей маңқиып. Талдыеспе, Қараеспе өзендері Ақадырды орай ағып барып Жаман Сарысуға қосылады. Бүгінде өзен ағыстары баяулаған. Қараеспе бағытынан (ағысынан) жаңылып қала береді. Жолында Ақадыр кенті тұр. Ақадыр елді мекені ерте кезде «Тәтінің (ауыз екі айтылуында Тәти қажы делінеді) «Борлы бұлағы», «Тәтидің қоңыр төбесі» деп аталған. Бұл атырапта бұрындары Ақадыр делінген жер атауы болмаған. Бұл атау Жарық- Мойынты теміржолының салынуына байланысты белгілі болған екен. Жергілікті жер тұрғындарының (Малқамбай бірден бір себепші болған) нұсқауы бойынша Ақадыр стансасы (1937), кейінде Ақадыр кенті атауына ие болған. Бұлайша аталуының негізгі себебі- бұл төңіректің қырат -қырқалары ақ тастақты боп келеді. Соған қаратыла қойылған. Ақадыр атауының орныгуына бірден бір себепкер Малақамбай болғаны ел аузында бар.

Малқамбай белгілі адам аңызда бар,
Жершіл екен асыл тас іздеп табар.
Кен іздеген алпауыт ағылшынға,
Су көзі, кен тасынан берген хабар.
Өспендік руы оның Тоқа еді,
Сәтбаев Қаныштың да көзін көрді.
Оқысаң ғой әгарда депті ғалым,
Көзді жұмып табар ең талай кенді.

Ақадыр атауы бұл өңірге бек жарасып тұр. Теміржолдың тартылып пойыздың келуіне байланысты, бірінші кезекте еңселі станса (вокзал) салынып, теміржол мекемелері орнаған еді. Алғашқы кезде салынған үйлер, мекемелер мен кеңсе ғимыраттары элі күнге дейін бар. Пойыздың келуіне байланысты Ақадырға жан -жақтан (эр ұлттың өкілдері) жас мамандар шақырылып

(машинист, жолшы, слесарь, т. б.) теміржол саласының қарқыны күшейген. Жұмысшылар мен теміржолшылар алғашқы кездерде барақ үйлерде тұрған. Ақадыр елді мекенінің, Ақадыр кентінің шет жағында «Капай город» деген кіші кірім ауыл болғанын Ақадырдың бүгінгі тұрғындары біле қоймайды. Бір кездері қырқыншы, елуінші жылдары суының тұщылығымен, молдығымен ел есінде қалған «Сарбастың құдығы» да естен шығып барады. Құдық әлі де сусаған жанға қызмет көрсетіп жатыр. Бірақ оған, құдық суына кент тұрғындары бұрынғыдай ентелей қоймайды. Өмірден тым ерте кеткен талантты ақын Жаңабай Жұматаев «Сарбастың құдығын» былайша жырлаған еді:

Көрер көзге тамаша,
Орналасқан жаңаша.
Қыр астында қараша үй,
Болатұғын оңаша.
Қызықтырып әркімді,
Өмір сүре білуге,
Сарбас деген шал тұрды,
Кемпірімен бұл үйде.
Сол үйге әркім соғатын,
Кемпір-шалдың барында.
Құдығы да болатын,
Қараша үйдің жанында.
Байыбына әр істің,
Тереңірек бойлайтын.
Жан еді ол тынымсыз,
Ертеңін көп ойлайтын.
Ешкімге де емінбей,
Күш молайып өзінде.
Құдық қазған ерінбей,
Жігіт Сарбас кезінде.
Керемет-ті білгенге,
Сарбас қазған сол құдық.
Сол құдықтың біздерге,
Тұшы суы болды құт.
Сол құдыққа қуанған,
Сол құдықтан су алған.
Сол кездегі бұл ауыл,
Оншақты үйден құралған.
Сол құдықты қазуға,
Талай мықты ерінген.
Бір-ақ шығар төріннен,

Елге «жақсы» көрінген.
Адалдықпен дос қамын,
Ойламайтын «кезбе» кіл.
Құдығынан басқаның,
Су ішіп жүр өздері.
Мұндайлардың ермегі,
Саналыға жақпады.
Ал, Сарбастың еңбегі,
Көптің ойын ақтады.
Айтпай қалай тұрасың?!
Айтпай қалай тынасың?
Баласы жоқ сары шал,
Құдық болды мұрасы.
Көптің тілін алғыш ол,
Әр кез іске кіріскен.
Ұмытар кім шалды сол,
Құдығынан су ішкен.

(«Ғұмырым саған ғашықпын»,
өлең жинағы, 2010 жыл,
Жаңабай Жұматев (1964-1990 ж.)

Ақадыр елді мекенінің іргесін көтеріп, халықты қоныстандыру үкіметке оңайға түспеген. Құрылысқа сотталғандарды пайдаланған еді. Отанын сатқан делінетін тұтқындар тұрған жербарақтың кент шетінде орны ғана жатыр. Ақадырда құрылыған теміржол мекемелерінің өзіндік тарихы бар. Ақадыр станциясының паровоз депосы 1937 жылдан жұмыс істей бастаған. Сол кездің киыншылығын көзбен көргендердің естеліктерін тыңдағанда, еркісіз бас шайқайсың. Депо алғашқы кезде қамыстан тұрғызылыпты. Техника тапшы, жұмыстың дені қолмен атқарылған. Сол кездердегі ең төзімді көлік түйе боптыҰлы Отан соғысы қайнап тұрған кезеңде депода майданнан қираған паровоздар жөнделген екен. Содан бергі кезеңдерде Ақадыр теміржол торабы халық шаруашылығы жүктерін тасымалдауда мінсіз жұмыс атқарып келеді. Ақадырда бүгінде (2018) он төрт теміржол мекемесі жұмыс істейді.

Қазақстанның қарыштап алға басуына ұйтқы болып, экономикасының ілгерілеуіне өзіндік үлес қосып келе жатқан болат жол майталмандарына ризашылық білдіресің. Қалам қарымым жеткенше оларды (теміржолшыларды) жырлауға мен дайын.



Ахатай КӘКЕНОВ, Құрметті теміржолшы, ұзақ жылдар бойы тепловоз машмнмсшщ көмекшісі болды.



Андрей Иванович СЕРЕГИН, Құрметті теміржолшы.



Васнлий Семееович КОВИКА, 1959 жылы Ақадыр локомотив депосының бастығы. Қасиетті мекеиге бірден-бір еңбегі сіңген адам - осы кісі.



Аманбек Ширегейұлы ЖАҚБЕКОВ, әркімге беріле бермейтін Құрметті теміржолшы атағының бірегей иесі осы ақсақал.

Теміржол- тіршіліктің қан тамыры,
Шаттыққа ұластырар әр таңыңды.
Пойыздың дүбірінен қуат алған,
Еңбекке жұмылдырар жайсаңыңды.
Теміржолда темірдей тәртіп болған,
Ерік, жігер, төзімің саған қорған.
Теміржолшы- сақшысы еліміздің,
Ауытқымай тік жүрер тура жолдан.
Бошаев Иген ерен саңлақ еді,



Игорь Борисович ВИЦИНСКИИ, темірдей тәртіптің адамы болған біріуар жанның нақ өзі.



Шапағат ҚАПАров, ақадырлыктардың әмбесіне аян ҚҰРметті теміржолшылардың йрь



Ақадыр депосындағы коммунистік сенбілік. 1982 жыл.

Теміржол саласының ардагері.
Тағынды Ленин орден омырауға,
Атанды теміржолда еңбек ері.
Қос тарлан Тәтиевтер Кәлен, Батақ,
Еңбекте жау түсіргіш бейне жасақ.
Төкті олар ащы терін теміржолға,
Армансыз өтті өмірден ұзақ жасап.
Машинст-теміржолдың қара нары,
Сүйрейді ауыр жүкті одан әрі.
Сәтімен межелеген жерге жетсе,




Сағындық Қанатбаев



Қалдыбеков Құрманбай



Тоқтамыс Сәулеханұлы Ысқақов



Николай Андреевич Слепцов

Жүгі оның жеңілдейді иықтағы.
Міндетін шыға алмаймын жете талдап,
Жолы болығыш шетінен өңшең саңлақ.
Ел дәулетін пойызбен алып жүрген,
Көрейін оларға да өлең арнап.
ЫБыраев Ықыштың еңбегі ерен,
Пойызды иыққа сап ол сүйреген.
Орден таққан машинст заманында,
Теміржол табанынан ырзық терген.
Кәкенов Ахатай да жолда жүрді,
Жиырма жаста соғыста орда бұзды.
Бейбіт еңбек кезінде пойыз айдап,
Жас жігіттей жалындап алда жүрді.
Шапағат Қапаровтың құрыш жаны,
Теміржолда өзін ол нық ұстады.
Машинист боп ұзақ жыл пойыз айдап,
«Құрметті теміржолшы»- өсті бағы.
Аманбек машинисің Жақбеков,
Әрқашан ашық болды оған есік,
Қатарынан озғындап үздік шықты,
Бас машинст атанды бағы өсіп.
Рахымжанов Қасен де пойыз айдап,
Сапарда күндіз -түні жүрді жайлап.
«Құрметті теміржолшы» атанды ол,
Жан еді арнасы бар емес жайдақ.
Алексей Петрович Чеботарев,
Машинист өзгелерден болды ерек.
Өнерімен халыққа қызмет етті.
Гармонға дауыс қосып «частушкелеп».


Ыбыраев Ықыш


Татиев Батақ


Бектұрсынов Елен


Жұматаев Жақсылық

Теміржол саласының ардагерлерін айта берсе таусылмайды. Олардың көбісі бүгінде арамызда жоқ. Кезінде басшылық жұмыстарда болған, теміржолға тер төккен Шалғынбай Байлин, Елен Бектұрсынов, Қалиақбар Шайхыманов, Тоқтамыс Ысқақов, А.И.Серегин, В.С. Ковика, М. Г.Зеленский, В.М.Волков, И.Б.Вицинский есімедері ұрпақ санасында қала бермекші. Теміржол үздіктері - Көдек Шэбденұлы, Жетпісбай Айғыров, Төлеухан Әдіханов, Амантай Жұматев, В.А. Бардонов, С.М.Величко, В.Лапшов, Л.Сидаренко, Г. Самойленко, Қарғабай Татубеков, Елубай Бисмақов, Мейрам Жақанов, Балғабай Жүнісов сынды теміржолшылар аяулы есімдер. Болат жолдың байыпты қырағылары эрі жастардың тәлімгері болған Сағындық Қанатбаев, Шынболат (Жанболат) Шәкенов, Боранбай Шәкенов, Хамит Смағұлов, Серік Жұмағұлов, Қанат Әбенов, Секер Омаров, Серік Смағұлов, Е. Кенжеев, Амандос Шоланов, Айтқұл Мұсатаев, т. б. теміржолға ащы терін төккендер еді. Теміржол саласының аға буындары жалғастырған іскерлікті әрі қарай жалғастырған кейінгі буын өкілдері - Амандық Серіков, Сейсенбеков Берік, Мертай Қилыбаев, Қайрош Омаров, Құрманбай Қалдыбеков, Назыр Қосубаев, Жақсылық Жұматаев, ағайынды Әділбай мен Мұхтар Қанатбаев, Берік Жұмағұлов, Серікбай Елемесов, Данияр Бекжанов, Жасұлан Мұса, Жанкелді Ыбырайымов, Нұрлан Сейітов, Бекетай Байкубеков, Икен Балғынбеков, Серікбай Айнабеков сынды азаматтар «Қазақ Теміржолының» эр саласында жемісті еңбек етті.

Теміржолшылар қатары бүгінде (2018) болат жолдың қауіпсіздігін қырағы бақылаған жас күштермен (мамандармен) толығып, аға буынның еңбектегі тағылымын мінсіз жалғастырып жатыр. Теміржол ардагерлерін ауызға алғанда

Николай Слепцовты бөле жара айтуға тура келеді. Сексеннен асса да қаламын қолынан тастаған жоқ. Бүгінге дейін (2018) он бес кітап шығарған оның қаламынан екі роман, ондаған повес пен жыр жинақтары туынады. Ғұмыр бойы Ақадырда тұрып келеді, еңбек жолын Ақадыр депосында қарапайым теміржолшылықпен жалғастырған. Оның жазуға құштарлығы



Омаров Қайрош



Қилыбаев Мертай



Әділбай Қанатбаев



Берік Сейсембеков



Қосубаев Назыр



Мақаев Рамазан



Жетпісбай Айғыров



Серіков Амандық

ертеден басталған. Шығармалары «Простор» журналында (Кеңестік кезеңде) үзбей жарияланып тұрғанын жақсы білеміз. Николай Андреевич өте қарапайым адам, шығармаларын насихаттауға жоқ. Таяуда оның соңғы бір кітабы («Веселовская исповедь-2018 г) қолыма тиді. Кітаптың іші-тысы толған шындық. Жай ғана шындық емес, ащы шындық.... «Посмотрите, какие нынче люди! Все куда то на машинах спешат, куда- то рвутся, не замечая даже пешеходов, каких сбивают и мчатся далее по своему направлению, бросая раненых а то и убитых ими же пешеходов. Что ими движет,кто их гонит?
А одна забота-добыть деньги». («Веселовская исповедь» Н.А.Слепцов). Оқырманға он бес кітап ұсынған Н.А.Слепцов арамызда жүрсе де (Ақадырда тұрып жатса да) оны елейтін бір жан жоқ. Мұндай еленбеушілік бәріміздің де басымызда бар. Рухни байлықта, кітапта құн қалмағаны ма сонда!? Оның есесіне, қалтасы ақшаға толғандар басқа шығып барады.

АҚАДЫР КЕНТІ


Ақадыр- теміржол станциясы, әрі кент орталығы боп табылады. Әкімшілік жүйе бойынша Ақадыр 1937 жылдан 1950 жылға дейін «Ақадыр станциясы» деп аталған. Поселке (кент) боп құрылуы 1950 жылдан басталады. Ақадыр кенті 1961 жылға дейін Жаңаарқа ауданына қараған. Алғашқы төрағалары Шырынжан Жақанов, Көшен Абылаев болған. Ақадыр кентін Тұяқов Мұхамедия ұзақ жыл басқарған. Кентте бұл кісінің атына көше аты берілген. Ақадыр елді мекенінің аты кеңестік кезеңде (1937-1991) шыға бастады. Бұл өңірдің қойыны кенге толы, қойнауы мал өсіруге, егін салуға қолайлы, топырағынан май тамған құтты мекен. Тоғыз жолдың торабында жатқан Ақадыр кенті өзгерісті кезеңде (Советтер Одағы ыдыраған) де аса сыр алдыра қойған жоқ. Аудан орталығы болған (1973-1997) жылдардағы жетістігін (әлеуметтік жағдайы мен мәдениеті) жоққа шығара алмайсың. Осы жолдар авторы бұл өңірдің өзгеше түлегенін де, жүдегінін де көзбен көріп соны басынан өткерді. Бұл киелі топырақты кімдер баспады дейсің. Талайдың жолын ашып бағын жандырған, ырзықысын үстемелеп, нәсібесін молайтуға ұйтқы болған Ақадыр-бір жағынан, өнер ордасы саналады. Бұл атырап ежелгі қара қоныс есепті. Елді мекеннің (кенттің) «Ақадыр» деп аталуында тәңірінің сыбағасындай сәттілік бар. Аудан мәртебесінен айырылып қалса да, дабысы еліміздің шартарабына таралып жатады. Жер-суының, топырағының, тау-тасының, өзендері мен бұлақтарының құмыққан үнінен ата-бабаларымыздың рухы сезіледі. Қоңырайған құба жондардан батырлар (Жарылғап батыр, Байғозы батыр, Күшікбай батыр, Ағыбай батыр)





мінген арғымақтың ізін көргендей боласың. Бабалар дамылдап жатқан кесенелер және аударады аңсарыңды. Ақадардың ақ тастақты төбешігіне шыққаныңда, әр тұстан көрініс берген таулар-Тағылы, Үшқызыл, Ор-Аба Айыртау, Сапы, Ешкіөлмес, Сораң саған қанат бітірген тәрізденеді. Ортау жақтан ақбоз атты Сәкен шыға келгендей-ақ көңіліңде қапелімде бір желік пайда болады. Сонау Ақсарлы, Арап, Шалтас жақтан Әбікен тартқан күйдің сарыны еміс-еміс жете ме! Нілдінің ұсақ адырлы бұйраттарын желпінтіп Айғыржалды теңсеген бір әуенге және елігесің. Кәдімгі Маясар ақынның сарыны бұл. Маясар ақынмен қосаралана Ләззат Сүйіндікова әндеткендей болады. Ақадардың шығыс жағына көз жібергенде, Толағайдың сұлу бітімі көз алдыңа келеді. Одан әрі Ақшатаудың аймаңдай биігі еміс-еміс шалынады көзіңе. Кенет, сол биіктен Гүлбаршын Ақпанованың ән салғандағы келісті тұлғасын көргендей боп, ол шырқаған ән әуеніне елтіген алдамшы әсермен көзіңе жас аласың. Бүгінгі «жұлыздырдың» құлағыңды жеген «ойбай-аттанын» санаңнан қуалап тастаған бір сәттік алданышты көңіл күйіңді кімге айтып жеткізерсің?! Совететтік кезеңді бір жақты сынаудан өз басым тартынамын. Ол кезеңде бүгінгідей жамырама алқын-жұлқын әуенге құлақты жегізу деген болмайтын. Қазақ радиосынан таза ұлттық әндер мен күйлер шалқитын. Халық әндерін өзіміздің жерлестеріміз Игілік Омаров, Ләззат Сүйіндікова, Жаңыл Қартабаева, Мағауия Көшкінбаевтар орындайтын. Әсіресе Сыдық Мұхамеджановтың симфониялық поэмасы «Шаттық отаны» радиодан жиі берілетін еді. Асқақ та жігерлі, шалқымалы кең тыныстыСыдық музыкасында халқымыздың байырғы ұлттық әуенінің иірімдері сақталған.

Ақадыр- бір пұшпағы Сарыарқаның,
Ұясы бұл өнердің-«Ән-Арқаның».
Сәкен әні қалықтап «Тау ішінде»,
Жырлары екпін алған Маясардың.
Әбікен шертпе күйді құмықтырған,
Үнінен домбыраның сыр ұқтырған.
Ақадыр- жыр тұнығы, күй- тұнығы,
Қаймағы бұзылмастан тұнып тұрған.
Қыздарбек, Сембек, Әбди-біздің тума,



Орынбек Беков



Ақселеу Сейдімбеков



Балтабай Адамбаев

Өзіне меншіктейді-«шырық бұзған».
Ақадыр болашақтың қаласы бұл,
Ауылдеп кемсітеді кейбір жылмаң.
Атына сай бұл мекен ардай аппақ,
Алқа тақтым ырымдап сұлу жырдан.
Композитор Сыдық та бізге жерлес,
Шалқыма әуендері есер қырдан.
Абайдың өлеңіне әуен қосқан,
Өнердің мұзбалағы нағыз қыран.
Беков Орынбек те бейне қылыш.
Кешегі кер заманда алыс-жұлыс.
Қазағына бүйрегі бұрған еді,
Одан ықтап кететін кейбір қырыс.
Қаламының құнары болған еді,
«Советбике» повесін жазған еді.
Театрдың алғашқы директоры,
Өнерде тыңнан жолды салған еді.
Жүйрікей қарғып өткен талай ордан,
Намысын ширыққан ғой бермей қолдан.
Білімді,бетті болып заманында,
Сәкенге қысылғанда демеу болған.
Атылып есіл сабаз кеткен екен,
Түбіне жан алғыштар жеткен екен.
Қылбұрауға салса да жанын қинап,
Айыбын мойындамай өткен екен.



Ақпанова Гүлбаршын



Көшімов Әуезхан



Төрехан Майбас


Балтабай Адамбаев-абзал шері,
Қазақтың абыздарын шешен қылған.
Шажағай, Қойтас, Сораң құт мекені,
Шыр етіп ғалым аға сонда туған.
Алтын көмбе - шешендік сөзді зерттеп,
Фольклорда салған-ды жолды тыңнан.
Ақселеу Сейдімбек те бізге тума,
Осы өңірде сақайып, белін буған.
Айтулы сөз ұстасы ірі ғалым,
Көз жазбайық ағайын ондай ұлдан.
Сматаев Софы да ақадырлық,
Тарихқа «елімайлап» жолды сызған.
Қазақтың Пришибіні атанған ғой,
Әуезхан Көшімов те болды қыран.
Төрехан Майбас нағыз Асан қайғы,
Қырандай қияға өрлеп қанат жайды.
Этнограф, жазушы ол һәм тарихшы,
Жорналшылдық алымын қосарлайды.
Жоқшысы бар қазақтың, дүр қазақтың,
Не мықты одан асып кете алмайды.
Сүйіндікова Ләззат бұлбұл еді,
Сыршыл нәзік термеші сұлу үнді.
Гүлбаршын Ақпанова естен кетпес,
Әнші еді-ау сирек талант сегіз қырлы.
Домбырамен дауысы бірдей шығып,



Әбсеметов Марат



Хасенов Әбікен



Сметов Алтай

Көмейінен лықсытқан қоңыр үнді.
Бейсекова Шабал да бұлбұлымыз,
Туған ауыл санаған Ақадырды.
Мәскеуде Қыз Жібек боп шырқағанда,
Бас шайқап «көсемдер де» қолды ұрды.
Жақанова Сауықты кім білмейді,
Көркем сөздің шебері дауысы үнді.
Аяғанов Сейілдің салған әні,
Тербегендей болады бар ғаламды.
Гитараның шектерін қозғағанда,
Аққу сыңсып айдынға қаз қонады.
Күйсандықты сыңсытқан аққудайын,
Жәния-қазағымның бұлбұл қызы.
Ата -баба ұрпағы тамыр жайған,
Алматыдан кем көрмес Ақадырды.
Көңіліме тоқ санап жүрем әр кез,
Әбсеметов Маратты, қарағымды.
Бабасы Ағыбайға тартып туған,
Тіл-көзден сақтай көрсін бағалымды.
Тарихтың тың бетіне түрен салып.
Өзгеше еңбек жазды таралымды.
Міржақыпты «тірілтіп» елге әкеліп,
Қазақтық биіктетті бағамызды.
Еңбегі Мараттың да еленбей жүр.
Шеттетеміз бұл не кәп саналы ұлды?!
Ісімақова Айгүл де бізге жерлес,



Ноғаева Бота



Мұқышев Ардақ




Қуанышбек Бектұрсынов



Ерлан Төлеутай


Атақты ғалымдармен болған теңдес.
Алаштың абыздарын тірілітті ол,
Іс тындырды ғажайып қолдан келмес.
Әдебиет білгірі, тамыршысы,
Сөз сырына арналған жігер-күші.
Әлемдік әдебиет айдынының,
Еркін жүзген ол нағыз аққу құсы.
Таланттар жетіп жатыр ауылдағы.
Қаулаған сарғалдақтай жауындағы
Бекжанның Ардағының талабы зор,
Өлеңмен өрлеп түр ғой оның бағы.
Айтыскер Рамазан Сәттібаев,
Ақындықпен шықты ол қанат жайып.
Кезінде қарсыласын «қырып салып»,
Атанды жыр дария Еділ-Жайық!
Шәкенов Шынболат та өршіл талант,
Жасынан талаптанған жүрмей қарап.
Өлең жазып, жүреді ән шығарып,
Әндері елден елге кетті тарап.
Болғанмен шабан -шардақ қартаң ақын,
Жүреді өлең жазып ой салатын.
Келеді кәрі бозын тепдеңетіп,
Кәдімгі ақадырлық Алтай ақын.
Қас талант Қуанышбек Бектұрсынов,
Атақ қумай жүреді бұзбай шырық.
Сазгер де сол, ол нағыз ақпа күйші,
Өнерге олжа салдық қатар жүріп.



Саят Әбдіғали



Ардақ Қасымов



Жұматаев Жаңабай

Тоқыман- жезқазғандық найман қызы,
Болған ғой бір әулеттің қызыл гүлі.
Сол гүлді ептілікпен үзген еді,
Ақадырда Асқар сынды жігіт дүрі.
Тоқыман консерватория түлегі еді,
Күй десе екпіндетіп үдеп еді.
Өнерін шәкірттерге паш етті ол,
Ақадырда екпін алды күй өнері.
Исатаев Орал да іні досым,
Өнердің ауылына тікті қосын.
Домбыраға еді оның құсы түскіш,
Тартқанда төгілдірген күйді тосын.
Шебері шертпе күйдің ілкімді еді,
Сыршыл күйді жолға сап бүлкілдеді.
Әбікен мен Әбдидің көзі нағыз,
Жорғасынан танбаған -«Маңмаңкері».
Жаныма жақын болдың сен қарағым,
Өнерпаз ұланы едің кең даланың.
Үзілдіріп шырқаушы ет, қайран Орал!
Мұсабеков Саматтың-«Мен қазағын».
Мұқышев Ардақтың да үні асқақ,
Халық энін шырқайды жырмен баптап.
Жүреді ізбасарын тәрбиелеп.
Із басты құрғақ әнші емес тақтақ.
Әбдіғали Саят та үздік талант,
Әкесі Зұлқожадан алды сабақ.
Қоңыр үнді әнші ол сазгер де сол,

Есімі Сарыарқаға кетті тарап.
Ноғаева Бота да біздің тума,
Әнші ол сазгер де сол ірі тұлға.
Арқаның сұлу үнді сандуғашы,
Қаламы жорғалайды епті жырға.

Қалай болғанда да Ақадыр атырабында «кіндік төбе» дегізердей тартымды бір қасиет бар. Мейлі аудан орталығы болмай-ақ қойсын, кент мәртебесімен-ақ тәуелсіз қазақ елінің құтты бір мекені боп түрлене береріне сенімдіміз.

Ақадыр атырабы пайдалы қазбаларға мейлінше бай, қойны- қонышы кен тастарына толы. Кезінде қанатын кең жайып,ширек ғасырға жуық ағырарлы әрі өнеркәсіпті аудан болғанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Сонымен қоса, Ақадыр өнер мен әдебиеттің бастау көзі болғанын кейінгі буынға (жас ұрпаққа) жеткізгеннен ұтпасақ ұтылмаймыз. Осы еңбекте есімдері аталған Сыдық Мұхаметжанов, Софы Сматаев, Балтабай Адамбаев, Сәкен Сейфуллин, Маясар ақын, Шабал Бейсекова, Әуезхан Көшімов, Әбікен Хасенов сынды өнер тарландарының кіндік қаны осы мына Ақадыр өңірінің топырағына шыланғаны кейінгі буынға үлкен мәртебе емес пе. Айтулы ғалым сөз ұстасы



Қайран жарқын жылдар-ай

Акселеудің ата- бабалары осы атырапта дамылдап жатыр, ғалымның балалық, жастық шағы Ақадыр өңірінде, Қызылтау жерінде өтті. Ұлт жоқшысы болған біртуар тұлғаны өзімсінген көңілмен ақадырдың тумасы деп нық сеніммен айт аламыз. Кәдімгі қазақтың шешендік сөздерін ел ішінен жалықпай жинаған фольклоршы ғалым Балтабай Адамбаевті қалай ғана ұмытамыз. Ол кіснің де кіндік қаны Ақадыр өңірінің топырағына шыланған. Өзгеше мінезді, өзгеше беті бар тарихшы ғалым Марат Әбсеметовтың ұлы бабасы Ағыбай батыр Тайатқан-Шұнақта жатса, Мараттың шыр етіп жерге түскен топырағы да Ақадырға тән болса, бұл бауырымызды Ақадырдың тумасы еді (мүтін казаққа ортақ бола тұрса да) дегенді қалайша артық көреміз? Ерте ме, кеш пе Ақадырдың мәртебесін (еркін аймақ делінген статусын) өзіне қайтаруға тура келеді. Бұл өңірдің келбетін (өлке тарихы, жер асты, жер үстінің байлығын игеру) өңейту келешектің еншісінде. Туризим орталығына (Дарат тоғаны, Кесік тоғаны, Ортаудың қолтық- қойнауы, Көктіңкөлі) сұранып тұрған жерлері бар. Келешекте аң -құсқа арналған (түлкі, қарсақ, қоян, арқар, күзен, дала шошқасы, борсық) аңдар қорығын белгілеу- Ақадыр өңіріне дөп келетінін көріп жүрміз. Хайуанаттардың «еркін кеңістігін» мемлекеттік тұрғыда Ақадыр атырабында ұйымдастыру үкімет үшін кезек күттірмейтін міндет екенін еске саламыз. Өйтпеген жағдайда келешек ұрпақ аң -құстан көз жазып қалады.

Бұл көлемде жер асты байлығы, құдайға шүкір, жетіп артылады. Олай болса, Ақадыр өз алдына жеке «аймақ» болуға тиісті. Аудан боп жатса құба -құп. Мен Ақадырдың болашағына сенемін. Даланың болашағы-қазақтың болашағы, ауылдың болашағы. Ауыл -ұлтымыздың «алтын бесігі» болып табылады. Кезінде бар қазақ сол бесікте тербетіліп жетілді.

ЕРЛІКТІҢ МЕКЕНІ

Ұлы Даланың құрсағы кең. Кең құрсақтың «бір тумасы» қазақ жұрты. Осынау құтты даланың ежелгі тұрғындары біздің арғы бабаларымыз екендігі дау туғызбайды. Сандаған жылдар өтіп, нешеме дәуір алмасса да, ата жұрттан (ежелгі сақтар, ғұндар мен түркілердің мекенінен) іргесін ажыратпаған қазақ елі көне дәуірден белгілі солардың жалғасы болып табылады. Бүгінгі күнге жеткен киген киіміміз, ішіп жейтін тамағымыз, күн көрісті күйбең тіршілігіміз, табиғатқа деген жанашырлығымыз бен төрт түлікті (балаша) аялауымыз, аң -құсты киелі деп білуіміз- қысқасы табиғатты анамыздай ардақ тұтуымыз даламен кіндігіміз бір екенін айғақтайды. Қазақтың жаны далада болып келген. Бола да береді. Бүгінгілер (қоғам қозғалысын жіктеушілер) даму тек қалада ғана дегенді айта түседі. Ағырарлық салада еңбек ететіндер өмір көшінен артта қалғандар деп аяушылық білдіретіндер бар. Ауыл тұрғындарын «жабайылар» деп таңбалайтын қияли қоғам танушылар өз ішімізде де пайда болды. Өркениет қаладан бастау алатынын білеміз. Сөйте тұрғанмен, артық кетсек өзімізге сын, қаланың даласыз күні жоқ. Дала- тұнып тұрған таза ауа болумен қатар, арман мен қиялдың шексіз кеңістігі болып табылады. Дала адамы мінезді табиғаттан алады, тазалықты да даладан жұқтырады. Кең қолтық кеңдік те, дарқандық та қазақтарға даладан ауысқан. Бұл пайым біреулерге әсіре (романтика) болып көрінуі мүмкін.



Әнгіме неден шықты? Түсінікті ғой, сөз сарыны. Байтақ даласы, жай ғана кеністік емес-Ұлы Даласы бар біз бақытты халықпыз. Бізді, ауыл қазақтарын далада мал соңында жүре берсеңдер өркениеттен артта қалып жабайы боп кетесіңдер» дейтіндерді құдай тапсын! Білеміз олардың (өзіміздің шыққан көкіменің) да байбалам сарынын. Дала төсінде- қазақ елінің - рухани байлығы ұлттық жәдігерлері сақталған, үш мың жылғы ұлттық нышандары сақталған. Алтын адам» соның айғағы. Сонау Өр-Алтайдан бастап Атырауға дейінгі шексіз кеңістікті бағындырған құландай тарпаң, асаудай қияңқы, қырандай қырағы қайсар жұрты, қазақ елі мың өліп мың тірілсе де, бабаларының кара қонысынан қия аттамай түп қазықта қала берген. Бабаларымыз туған даласының әр пұшпағы үшін ата жауларымен (қалмақ, шүрініт, қоқан, орыс басқыншысы) айқаста жанын пида еткен. Ұлы Даланы ұрпақтарына (біздерге) мұраға қалдырған. Сөйткен даланы өркениеттен артта қалады екенбіз деп, онсыз да араны ашылып дүниені жалмап жұтуға бет алған жаһанданудың бодауына бола «тастап шығып», қалаға жаппай бет алғанымыздың жөні калай болар екен!? Қалалар да қазақтың құтты ордасы болып табылады. Оған жолама деген кім бар саған? Кілтипан - бір жақты насихатта тұр. Ауылда калсаң сорлайсыңды айтатындар қазақтың досы емес. Ондайларды ата-бабамыздың аруағы атады. Ұлы Даланың киесі ұрады. Біз (Қазақстан) жер бетінде оқшау отырған ел емеспіз. Ондай оқшауланудың заманы өткен. Бұны елбасымыз әр кез айтады. Содан да біздің өкіметіміз (мемлекет) «ашық есік»



«Қымызмұрындық» мерекесі

саясатын ұстанады. Барыс - келіске іштарлық жасамайтын елміз. Дұрыс саясат. Туризмпайда табудың көзі. Сөйте тұрғанмен туристердің де адал - арамы бар. Ақшаға қызыққан өзіміздің адамдар шетелдік саяхатшыларға ұлттық жәдігерлерді (айта берсе көп) ұсынады. Қазақ даласы көне ескерткіштерге тұнып тұр. Соларды көрінген көк аттылының қанжығасына бөктертіп жіберуден сақтануымыз керек. Мемлекет басшысының «Ұлы Даланың жеті қыры» деп аталған газетте жарияланған тезисі (мақала) көптің көкейінен шықты. Далабіздің асыраушымыз. Табиғат байлығы бір басқа да, дала мұражайында (оның қойынында сақталған) бізден бұрынғы өмір сүрген жұрттардың қалдырған іздері (қалалардың орны, ескі көмбелер мен қорғандар, сын тастар, кесенелер) тәуелсіз еліміздің рәміздерінің бастау көзі болып табылады. Ендігі жерде, дала төсінде ербиген әр тас (сынтас), көне қорымдар, кесенелер, ескі жұрттар, тас бетіндегі бедерлер - жіті қадағаланып ғылми тұрғыда хатқа түскені абзал. Қазақ даласында тұнып жатқан ескерткіш белгілерге, қасиетті орындарға сырттан кеп сұғынған (шет жұрттың) жат пиғылдағы ізденушілерін (археологтар, тарихшылар) төске өрлетіп жіберуден сақтанған жөн. Археология-ұжымдық ізденіске сүйенеді. Сөйткенмен де өзімізден шыққан ғалымдарға сенім артқан жөн болар еді. Шет жұрттардың археологтары бұра тартып өздеріне бейімдеп жіберуі кәдік.





Өмір Кәріптің 70 жылдығына келген қонақтар

Мен тарихшы да, археолог та емеспін. Осы еңбекті (кітапты) жазу барысында өзімнің табан ізім қалған жерлерді (тау-тас, көне қоныс, кесенелер) қайта бір шолғанымда, көне даланың бізге белгісіз боп келген өзгеше сыр - сипатына, құпиясына (қойнында жасырынған көмбесі) көзім анық жетті. Даланың аң-құсына, өскініне, қасиетті қоныстарына білгенімізді істегенімізді мойындауға тура келеді. Бұдан былайғы жерде, ата мекенге аялы алақан керек, жанашырлық керек.Табиғат кітабы болып табылатын- Ұлы Дала беттеріне қадала шұқшиып зер салуды ұмытсақ, онда біздің қазақтығымыздан не пайда?! Ал, сол қазақ даласы, ұланбайтақ кеңістік бізге қалайша, басы бүтін бұйырды екен? Алысқа бармай-ақ қалмақ (1600- 1770) шапқыншылығын көз алдымызға әкелейікші. Біз тілге тиек еткен осы (Жаңаарқа, Ақадыр, Шет) өңірде «Қалмақ қырған» (қалмақ қырылған емес) делінген жер атауы үш жерде кезігеді. Ата жаумен айқаста жүрек қуатын, білек күшін аямай жұмсап, қырғын -жорық айқаста жандарын пида еткен батырларга жөндеп ескерткіш қоюды қиынсынбау керек-ақ. Батырлар рухы- жас ұрпақты отаншыл болуға, жершіл болуға үндейді.

Ақадыр-құрсағы алтын ана сынды,
Өрбіткен бауырынан талай ұлды.
Қалмақпен қидаласқан шайқастарда,
Байғозы атой салып шепті бұзды.

Жарылғап- қандауырын қарсы жұмсап,
Ата жау қалмақтарды найзаға ілді.
Күшікбай -айқайымен тау жаңғыртып,
Атажүрттан қалмақты қойша қуды.
Рухы Ақадырда тұрақтаған,
Ерлігі батырлардың ұрпаққа үлгі.
Көшеге батырлардың атын бердік,
Қол соқты ауылдастар қолдап бізді.
Ақжолтай Ағыбайдан кім асады?
Дұшпанға тайсалмастан қарсы тұрды.
Атанып Кене ханның бас батыры,
Патшаның солдаттарын бүркітше ілді.
Ақадыр өңірінде дамылдаған,
Ескеріп, еледік пе сол батырды?
Мырамырға мәңгілік атын қашап,
Төбеге көтерген кім «Колбасинді?!»
Дүмділер жең ұшынан жалғасып ап,
Елегісі келмемей ме —«елдігімді?»
Мейлі білген «үстемнің» амалы бұл,
Пайдаланып қалмақ па кеңдігімді?



Свет Оразаевты еске алу

қалдым. Бүгіндегі батыр үрпақтары (қара ормандай керней ата) сол қарсаңда «қалың үйқыда» болатын. Еріксіз еске алуға тура келеді. Қоңыр күздің (1990) тыншу күндерінің бірінде,кенттің түстігіндегі шеткергі « Стройтельный» («Пемка» деп те аталады) көшесін аралап әр үйдің иелерінен мақұлдау алып, қол қойдырып алу төрт-бес сагатқа созылып, қараңғы түскенше жүруіме тура келді. Елудің ішіндегі тың кезім. Алған беттен қайта қоймайтын «қайсарлығым» бар, сол әдетпен (пемканың қалың үйлерін) үй-үйдің бірін де қалдырмай сүзіп шықтым. Беттен алып байбалам салгандар, шарай көзге «Жарылғабың кім?!» дегендер де болды. Оны елей қоятын мен бе екем, қараңғы түсіп кетсе де, «насихатымды» жалғастырып бір үйдің ауласына ентелей бергенде, алдымнан дәу ала төбет шығып қарсы атылды. Қолымдағы пәпкені жандәрменде алқымына тоса бердім, абырой болғанда, ит тыраң етіп шалақсынан түспесі бар ма! Сөйткенше, үй иесі де сыртқа шықты. «Жарып тастай жаздапты-ау» деп ол мені өзінше мүсіркеген болды. Құдай -тәубем болғанымен, аса ырымшыл емес едім. Қапелімде итке талана жаздап аман қалғанымды Жарылғап батырдың аруағы алқағаны шығар деп тәуба қалдым. Депутаттар талқысы да оңайға түскен жоқ, қызыл кеңірдек боп айтысуға тура келген. Сөйтіп, көше аттарына ие болған батырлар (Байғозы батыр, Күшікбай батыр, Ағыбай батыр, Жарылғап батыр) тәуелсіздіктің арқасында ұлықталып бүгінгі жас буынның ұранына айналғанына шүкіршілік етесің. Шүкіршілік ете тұрып, ойыңа күдік аласың. Сол батыр бабаларымыздың көше атауымен деңгейлескен бұрынғы (Ақадыр аудандық партия комитетінің хатшысы болған)



коммунистік партияның ұрда жық әпербақанына (И. А. Колбасинге) көше атын беріп, сол көшені өзгеше мәнермен абаттандырудың астарында не жатыр? Ақадырға еңбегі сіңген басқа да ұлт өкілдері (соғыс, еңбек арагерлері) бола тұра, заманы өтіп кеткен партия көсемін (Колбасинді) Ақадырдың көшесіне жапсырғаннан не ұтамыз? Былайша бүлініп жатқан ештеңе жоқ деп көңілді жұбатқанымызбен, ұлттық санамызда тосаң барын, ұлттық рухтың әлі де болса жер бауырлап



жатқанын мойындауға тура келеді. Қапелімде сені сағыныш буады, өткен күндердің қысталаң кезеңдері көз алдыңа келеді. Қырық жыш суын ішіп, топырағын басқан, төріне шығып жышы-жұмсағын жырғаған, кішілерінің қылығын қызықтап, үлкендердің өнегесінен тәлім алған қайран Ақадырды кайдағы бір «тыңгерсымақ айқайшыш коммунистің» есіміне теліп, рухын төрімізге шығарып қойғанымызға қарадай қуыстанып бітесің де, көңілге күдік аласың. Осы бізде ұлттық сана бар ма, бар болса, неге соншалық бүгежектей Тереміз? Біреулерге жазықтымыз ба?!

АҒА БУЫН

Осы жолдарды қағазға түсіріп отырған менің де жасым жеткен адаммын. Сексенге шығып отырмын. Көрген-баққанымды көйіте беруге дәтім бармайды. Аға буынның да аласы мен құласы барын көзім көрді. Алайда олардың өмірі күреске толы болған еді-ау. Отыз екінің аштығын, отыз кетінің ойранын көзбен көріп, одан неміс фашистерімен болған майданда от кешкен ардагерлер Ақадыр көлемінде, аудан орталығында да тұрып қатты. Олардың көбісімен әңгімелес болдым, ерліктерін қағазға түсіріп, газет бетіне шығардым. Өздері шеттерінен турашыл ақ сөйлейтін әділ еді. Майдангерлерден көп нәрсе алдым. Соғыс тақырыбында жазылған роман- повестерімнің кейіпкерлеріне айналған оларға ықыласым ерекше болды. Марқұмдардың есімі тасқа қашалып Ақадыр кентінің төрінде тұр. Аға буын ардагерлер ескінің көзі еді ғой. Шетінен сөзге жүйрік, қазақтың ұнарлы әдеби тілін жетік білетін төгілме болатын.

Мен әкемнің бірегей кенжесі едім,
Даланың адамы еді әкем менің.
Содан да үлкендерге үйір болып,
Жадыма тоқып өстім шалдың сөзін.
Үйір боп Ақадырдың шалдарына,
Кенелдім шежіреге, арда жырға.
Сөз білген шеттерінен әңгімеші,
Бүркітше қомданатын-«Мені тыңда!»
Исмақов Серік- шешен, білгір еді,
Қарттардың сүйкімдісі- құндызы еді.
Ескілікті әңгіме айтқан кезде,
Тыңдарман бір мұңайып, бір күледі.
Тахауиев Байкен де жүйрік болды,
Шежіреші білетін ескі сөзді.
Сәкен болған жерлерге барлау жасап,
Жазуыма шығарма созды қолды.
Манабаев Шәңгерей асыш затым,
Шығарған қол өнермен қазақ атын.
Ісмерлігі аймаққа мәлім болды,
Қазақтың қолдан жасап домбырасын.
Майдангер-Ахмедия Смағұлов,
Көрсеткен алғы шепте қырағылық.
Қан кешкен қан майданда нағыз солдат,
Ерлігі ел есінде- тұрады нық.



Қалимов Махмұтты көрді көзім,
Жадыма тұтып едім тыңдап сөзін.
Шортанбайдың толғауын жатқа айтып,
Кеншідей қопаратын сөздің кенін.
Кавалерлік полктың сапында боп,
Жырдай толғап айтатын еріліктерін.
Қияшбаев Тоқабай-нағыз солдат,
Жібермеген майданда жауда кегін.
Мейірманов Жәмшит те ерім болған,
Дейтін-ді «Артелерист офицермін!»
Иманбаев Әмет те айтар еді,-
«Ленинград қоршауын көрді көзім».
Бөкенов Қоржынбай да майдангертін,
Телефонды жалғаған оқта төгін.
Тұтқышев Төлеу екі майданда да,
Алғы шепте жүріпті шешпей белін.
Бейсенбаев Төлеубай керзі етікпен,
Нығарлапты езгілеп жаудың төрін.
Жақанов Шырынжанның ерлігі ерен,
Ерлікпен талай бұзған жаудың шебін.
Кәкенов Ақатай да қыршын шақта,
Ағызған дәлдеп атып жаудың көзін.
Сарғасқаев Кеңесбай мерген болған,
Тілгілеген зенитпен жаудың көгін.
Қазақтың қайтпас қайсар өрені еді,
Бітімін ер кейіпті көрді көзім.
Зенитпен жау ұшағын дәлдеп атып,
Мақтау алған соғыста даңқы асып.
Отыз жыл Мойынтыға экім болды,
Аңқылдаған жан еді көңілі ашық.
Ерлігіне жарасқан серілігі,
Көзі түскен сұлуға- сезімі ірі.
Елінің еркесі боп өтті өмірден,
Жан баласын жасқамас көңілі ізгі.
Сергекбаев Өміртай кәрі солдат,
Жау көгінде қырандай ұшқан парлап.
Әрукенов Ахметжан қан майданда,
Әпесерін немістің атқан таңдап.
Мыңбаев Өміржан да от кешкен-ді
Қас батырдай сұсты еді қонған аруақ.





Смағұлов Ахмедия **Сарғасқаев Кеңесбай** **Қияшбай Тоқабаев**

Иманбеков Сапуан жауды өкшелеп,
Еуропаны өткен ғой түгел шарлап.
Ақымбеков Қасқатай болды жолды,
Шарлады қан майданда талай жолды.
Жауды қуып Карпаттың тауларынан,
Жеңіспен туған елге аман келді.
Бейбіт еңбек сапында алда жүрді,
Жаны жомарт жан еді арманы ізгі.
Ер бейнелі өзгеше мінезді еді,
Жан тартып мені өзгеше танып білді.
Сәкенов Әміржанды көрді көзім,
Соғыста атаныпты нағыз ерім.
Кескілескен шайқаста Берлинді алып,
Емін -еркін таптапты жаудың төрін.
«Қымызшы шал» атанды Ақадырда,
Бал қымызын қолынан іштім өзім.
«Шампан шал» Ыбыраев Қалкен абыз,
Қан майданда жау жүрек болды нағыз.
Фашистерді талқандап болғаннан соң,
Жапонды да жайғаган батыр нағыз.
Майдангер Әмірханов Қарабала,
Соғыста дараланып шықты дара.
Бір аяғын қалдырған қан майданда,
Ерлігі жастарға үлгі болды сара.

Согыс ардагерлерін түгел қамти алмаймын. Басқа үлт өкілдері, ақадырлық майдангерлер қаншама. Атап айтқанда, А. И. Белов, Е. И.Заленсский, Л.И. Маер,И.В. Петраков,Н. П. Сахаренко, Раиса Федровна Чекмарева, Н.П.




Балапаш Жүнісбеков **Сергекбаев Өміртай** **Тұтқышев Төлеу**

Чередин, Екатарина Даниловна Черкашина, П. А.Шарыгин және бесқа да майдангерлер соғыстан кейінгі бейбіт жылдарда Ақадырда абыройлы еңбек етті. Ұлттар достығын нығайтты. Қазақ халқына құрметпен қарады. Араларында қазақтың дәстүр-салтын, тілін үйренгендер де болды. Соғыс ардагері Петр Самуилович Шевбунов қазақша таза сөйлейтін еді. Қызы медбике Настя да әкесінен үлгі алып қазақ тіліне жетік болды. Келшекте Ақадыр кентінің бір көшесіне халықтар достығынына дәнекер болып қазақтың дәстүр-салты мен тіліне күрметпен қараған П. С. Шевуновтың есімін береуді ойластырған жөн. Қиын -қыстау жылдарды бастарынан өткеріп, Отан үшін кеудесін оққа тосқан арадагерер есімі кейінгі буынға үлгі. Олар шетінен ойлы болатын. Міндетсіп яки кеуде көтеріп астамсыған әдеттен қашық жүретін еді. Содан да ол марқұмдарға өз басым жақын жүретін едім. Ақадырлық майдангерер Шәкібаев Жақып,Тыхметов Аруын, Тоқпанбетов Бейсенбай, Омаров Мағаз, Омаров Жолдас, Қыздарбеков Қамза, Ершіманов Жұмәділ, Бәкіров Зекен, Әлжанов Кенжалы, Ақселеуов Тәжібай, ағайынды Иген және Балапаш Жүнісбековтер, Шолпанбаев Аманбай, Әшірбеков Мүштаба, Темірбеков Куат, Шағыртаев Сейіткемал, Қордабаев Әбдірәсіл- бәрі-бәрі менің көз алдымда. Бұл кісілермен жүздесіп әңгімесін тыңдағанда, құр атқа мінгендей бір көтеріліп қалатын едік. Жылы сөздерінен, мейрімге толы аялы назарынан күн шуағының нұры шалқығандай болатын еді. Содан да алғы буынға өлең арнадым. Марқұмдардың бәрін бірдей қамту мүмкін емес. Замана екпініне жеделдік пайда болған ұшқыр кезеңде (жаһандану заманында) бүгінгі жас ұрпақ алдыңгы буын әкелер мен ағалардың өмір жолынан үлгі алғаны жөн. Олар жүріп өткен жолдардың қиындығы мен қызығы ертеңгі күні бүгінгі жастардың да алдынан шығады. Сондай қиналған сәтте марқұмдардың рухы жас ұрпақты демейтін болады.

АУДАН ЕДІ АҚАДЫР

Ақадыр 1973 жылы аудан боп құрылды. Жаңаарқа мен Шет ауданының біраз елді мекен бөліктері жаңа ауданның құрамына кірді. Ауданның жер көлемі 52 мың шаршы шақырым, халық саны- 44 мың адам болды. Ақадыр ауданы өнеркәсіпті, әрі ауылшаруашылығы дамыған келешегі мол өңір болатын. Құрамына он совхоз, Ақшатау, Жоғарғы Қайрақты кенттері мен ірі елді мекендер (поселкелік, селолық) кірген аудан ондаған ұлттар тоқайласқан, сол кездің ұранына сидырғанда, халықтар достығының «кіші отаны» болғанын айтуға тура келеді. Аудан экономикасының ілгерілеуіне, аудан тұрғындарының әлеуметтік жағдайының жақсаруына теміржол қатынасының ықпалы күшті болды. Жұмыссыздық мүлде жоқ, керісінше жұмыс күштерінің жетімсіздігі (кеніштерде, теміржолда, ауыл шаруашылығы саласында) қатты байқалатын. Шаруашылығы сан салалы аудан тұрғындарының (1973-1991) ұлттық құрамы әр келкі болған еді. Қазақ ұлты басымдау бола тұра, аудан орталығында орыс,неміс ұлтының ықпалы күшті болды. Жиналыстар, түрлі бас қосулар, керек десеңіз, қонақтағы отырыс та орыс тілінде жүргізілді. Соған куә болдым десем асыра айтқандық болмас. Мен бұл ауданның заңды тұрғыны болып табыламын. Балалық шағым, өмірге араласқан есейген кезім осы ауданмен тығыз байланысты. 1978 жылдан бері Ақадыр кентінің тұрғынымын. Ғұмырымның дені (1978-2018) осы қоныста, Ақадыр кентінде өтті. Аудан Совет өкіметінің тұсында қанатын кең жайды деп бір жақты айта салуға оңай.



Шындығында Ақадырдың кең тынысты аудан болғанын жоққа шығаруға болмайды. Сөйте тұра, бұл аудан жергілікті турғындарды тұқыртып ұстау саясатын жүргізді. Коммунистік партияның шексіз билігі мен тоталитарлық қоғамның тежеусіз үстемдігінің кемеліне келгені соншалық, жоғарғы билік сатылары ұлы орыстық шевонистік биліктің қолында болды. Қолынан келген қонышынан басардың керімен «бөліп ал да билей бер» саясатына әбден құныққан партия шонжарлары жоғарғы билік былай тұрыпты облыс, аудан басшылығын да өздеріне қаратты. Жаңадан құрылған (1973) Жезқазған облысының сол жылдардағы басшылары (облысық партия комитетінің бірінші хатшылары- Лосев, Давыдев, Юрченко) жергілікті жердің тұрғындарымен санаспай өктем саясат жүргізді. Соның бір дәлелі мынау-1975 жылы облыстық партия комитетінің шешімімен, Жезқазған облысы көлемінде меншік малдарды шақтап ұстау, оның ішінде жылқы түлігін мүлдем шектеу жөнінде шешімі шығып, облыс көлемінде жаппай науқанға айналды. Мен ол жылдары «Ақтау» совхозында мектепте мұғалім едім. Жаңаарқа ауданының басшылығы (хатшысы- М.Медеубаев) биелерге тиістірмей «кілең айғырды» тәркілеуге кірісті. (Мұнысы облыс басшылығының көзін алдау еді). Басқа аудандардан хабарым жоқ, Ақадыр аудандық партия комитетінің басшылығы (бірінші хатшы Колбасин) меншік жылқыларды тәркілеуді жүз пайыз асыра орындаған екен. Ақадырға көшіп келген қарсаңда (1978) меншік жылқы ұстағандардың қабағы салыңқы көрінді. «Бізді тәркілеп меншік жылқыны (Ақадыр ауданы көлемінде) шағындап тастаған» деп күңкілдесті. Дауыс көтергенді партия тәртібіне жатпайды деп ерсі көретін еді ғой ол кездегі адамдар. Мұғалімдікпен қош айтысып (аудан орталығында жалғыз қазақ мектебі бар екен) газетте тілші боп жүргенде, совхоз орталықтарынан («Ақдыр», «Ақшағыл», «Ақшатау», «Ортау» совхоздарынан) бір жұтым қымыз тауып іше алмайтынбыз. Қойшылар да (бірді-екілісі болмаса) бие саумайтын. Оның есесіне, Ақадырда арақ басқа шығып алған екен. Мен бұған дейін туған ауылым Қызылатуда, одан кейін (бөлімше орталығында) 1967-1977 жылдарда Жаңаарқа ауданының «Ақтау» совхозында тұрдым. Ауылдық жерде арақ саябыр, жігіттер қымыз шыққан кезде «екі-үш ай араққа оразаұстап», қымызға ентелейтін еді. Ақадырда арақтың дәурені жүріп тұрған кезге тап болған едім. Ішімдік өлікте де, тірікте де кәделі асқа айналып онсыз өмірдің мәні де, сәні де жоқтай көрінген-ді. Ақадырдың тәуірлері біріншіге (И.А. Колбасинге) еліктеп қырлы стақанмен сыңғытқанды әдетке айландырып алған сыңайлы. Обалы нешік, бірінші хатшы ақадырлықтарға ұнап-ақ тұр екен. Қызмет бабында, шаруа барысында жүз шайысып қырбайласқандарды бірінші хатшы «ащы сумен» дуалап татуластыра салатынын үлкен де, кіші де аңыз етіседі. Өзге басшылардай пара алмайды Кесек қимылдың адамы, ешкімді ұлтына қарап алаламайды. Ұлттар достығының дәнекершісі нағыз! Моралдық бейнесі

де таза. Осылай деп айтатындар өзіміздің қазақпай азаматтар болатын. Керісінше хатшының жақтастары жергілікті ұлт өкілдеріне өзіміздің азаматтарға қара күйе жағуға бейім тұрағанын көзбен көрдік. Пәпке ұстаған қазақтардың үстінен жоғары жаққа арыз жазу «партиялық қырағылыққа» жатқызылды. Ақадыр кенті шаруашылығы сан-салалы қала типті еді. Теміржолдың салмағы басым. Теміржолшылар жартылай әскери тәртіппен жұмыс істейтін, бұл салада тәртіп күшті. Теміржол мекемелері жиырмаға тарта. Кейінде теміржолшылармен («Қазақ тілі» қоғамының жұмысымен) істес болуыма тура келді,шеттерінен бір мойын қасарыспа өздері. Ұлттық дәстүр-салттың оянуына, ана тіліміздің жетімсіреп шетқақпай қалғанына бірінің де (өз қазағымыз) басы ауырмайды. Оны айтасың өре түрегеліп аузыңды жауып тастайды. Ұлы орыс халқының «қамқорлығы» санасына мықтап орнағаны соншалық-психологиясы нағыз орыстық болмаса да «қара орыс» делінердей дәрежеге жеткен. Мұндай писхологиялық ауытқу, керек десеңіз, ауылдық жерде де басым болғанын мойындауға тура келеді. Шарап желігі ұлттық ерекшелік, тіл мен дін былай тұрыпты адамның адами қасиетіне де нұқсан келтіріп, қылмысқа итермелегенін несіне жасырамыз? Біздің қазақтар «тентек суды» алғашқы (елуінші жылдардан бастап) кездері әуестікпен ішті. Құнығып алған соң, тіке сыңғыттық-ау! Маскүнемдік ауылдық жерді де жайлап алды. Қойшылар түнімен арақ (бәрі емес) ішеді де, қойды шарбаққа қамап тасап, сәскеге дейін ұйқы соғады. Ауылды сол қарсаңда (1970-90) арақтан азып тозған «биштер» басып кеткен еді. Аға шопандар (колхоз уақытында бас шопан делінетін) қойды соларға бақтырды. (Бүгінгі фермерлердің де қойшысы азып тозғандар). Аудан орталығы боп табылатын Ақадар кентінде (1978-1990) тәртіп болмады деп айта алмаймын. «Коммунистік сығым» бұл ауданда да басым болды. Бар билік аудандық партия комитетінің (оның бюросының) қолында болатын. Ауданның бірінші басшысы (аупартком хатшысы) И. А. Колбасин не бұйырса сол болады. Жергілікті ұлт өкілдеріне жайлы болғаны рас, әйтсе де бұл адам барып тұрған кеудемсоқ өзімшіл болатын. Әбден еті өліп ұлттық мінезден айрылған, бағынышты құлдық санадағы қазақ ұлтын іштей жек көріп,қоқиған сыртымен, суық сұғымен өп-өтірік жылы ұшыраған ол қарамағындағы бағынышты ұлт өкілдерін (аңқау қазақты) айтқанына көндіріп, айдауына жүргізетін зымияндығымен жоғарғы жақтың (облыстық партия комитетінің) қолдауына ие болды. Оның қазақ ұлтына дәсүр -салты, тіліне, елдігіне,табиғатына деген қамқорлығы өзінің қарамағындағы «коммунистерге» қазақ жігіттеріне пэпке үлестіруден эріге бармады. Қазақстанда елу жыл тұрғанда (тұнығын ішіп, тұғырына көтеріліп, қырмызысын қызықтап) бір ауыз қазақ сөзіне де тілі (қазақ ұлтын менсінбей) келмей өтті. Қазақ халқының ұлттық ерекшелгіне мэн бермей ішінің зымияндығын бұқтырып ұстады. Ақадырлықтар (аудан жұрты) оның пара

алмайтындығын мақтан көрді. Жөйіттік (еврейлік) психологияны шебер меңгерген ол алды бар, арты жоқ аңқау қазақтарды балаша алдады. Біздің жігіттер (ауданық деңгейдегі бастықтар, совхоз директорлары) қыстың кірісінде жоғарыдағы жебеушілеріне соғым жөнелтіп жатқанда, Иван Андреевич өзі де сереге (бұзау етін жақсы көрген) жоламай, басқаларға да рахым жасамай, коммунистік әділдікпен бой -басын таза ұстаған. Расында солай болды ма? Нақты дәлелге жүтінуге тура келеді. ... «Аудан партия ұйымының хатшысы Иван Андреевичтің ондай-мұндаймен ісі болмайтын, бұл кісі пара алмайтын, басқалар құсап сұғынып, ертеңінде елге тәуелді болмайтын, пара алғандар (бастықтар, директорлар) халық алдында дірілдеп тұратын, қайсысы бермей қояды деп. Бұл кісі зерек кісі еді, адамнын арғы жағынан ойлайтын. Тереңнен толғап түп өзегін таба білетін. Сол алғырлығының арқасында қырыққа жетпей-ақ ауданның бірінші хатшысы болды. Елдің қолы жете алмай жүрген қызметке сырттан келіп-ақ сырғып келіп отыра салды. Бұл кісі ел аралайды дегенде біз алдында жүретінбіз. Иван күзде болмаса жазда көп ел аралай қоймайды, жазда жан ұшырып қыстың қамын ойлайды, телефонның басында отырып, қар бір жауғанда ғана мал есіне түсіп, жылқы аралауга шығады. Жылқы аралап соғым алады демеңіз, соғым да жемейді, беретіндер аралатпай-ақ әкеліп тастайды.Бұл кісі қасқыр ғана аулайды. Қар бір жауғанда мәшинемен аулайды, қар қатқанда самолетпен аулайды. Иван келді дегенде, жылқы жазыққа шығып қасқыр әуегімен ұлып, топтасып тосып алдынан шығады. Ивансыз соққан қасқыр Иванның құлағына тез жетеді. Бәленше бәлен қасқыр соғыпты, ұзындығы бәлен метір екен деп, үйінде ілулі тұр, құйрығы жерге шұбатылып жатыр екен деп. Осыны естіген Иван бәлен жерге баратын болыпты. Жаңағы малшының үйіне соға кетеді екен деп, алдын ала хабар келеді. Бэріміз сол малшының үйіне шабамыз, хатшы келеді деген соң жан қала ма. Жас жабағы сойылып, қойшының тілі тиіп көрмеген көк мойындар үстел басына келеді. Иван үлкен қырлы стақанмен ғана ішеді. Сондықтан сол дастарқан басындағылардың бәрі, әлі жетсін, жетпесін сондай стақанмен ішуі керек. Біраз бойы қызған Иван үйдің төріне қарайды,шұбатылып тұрған қасқырды көріп, қойшыдан: - Қалай алдың, қашан алдың?-деп сұрайды.-Молодец! -деп басынан сипайды. Жүрегі жылыған қойшы:-Біздің салтымыз бойынша сізге жапқан шапанымыз,-деп шұбатылған қасқырды (қасқырдың терісі ғой) Иванның иығына жабады. Арқаның аязы қатты, қары қалың болады, бұл кезде машина түгіл, қар жыртқышы бар «К-700» тракторы әзер жүреді. Сондықтан хатшы жылқыны қар қатқанда самолетпен аралайды. Жанына ауданнан мал шаруашылығының басшысын мінгізеді. Совхоздың директоры және бөлімше басқарушысын және бір екі стірелокті мінгізеді. Сонымен аспанда қалықтап жылқы жатқан тебінге бет алады. Иван ешкімді алаламайды. Біреуді төмен, біреуді жоғары санамайды, өзімен тең ұстайды.

Қай жерде болсын қырлы стақанмен қағысып көңілді отырады және барлығына ішкізеді. Осы қалыппен самолетке мінген соң, қалқып келе жатқан самолеттің үстінде екі -екіден тартады. Тебіндеп жатқан жылқының жанында жалмаңдап жүрген қасқырды көріп төмендеп сырғанап келе жатқанда, есікті ашып атқан атқышар бір атқаннан бесуден түсіреді. Осылай олжа қанжығаға оратыла береді. Бұл хатшының бір күндік сапары еді. Ел елеусіздеу еске алып, Иван қасқыр қуып түлкі ұстайды дейді, тышқан терісіне неге әуес, бір жүз сомды пайда көре ме, орыс оңды ғой, қазақ болса қанша қылғытып жатса да тоймас еді дейді. Ол уақытта қасқыр терісі елу сом, сыйлығы жүз сом тұратын. Иванның ойына ешкімнің өресі жетпеді. Иван демалысына алған жиырма - отыз теріні Мәскеуге апартып альпинистерге тон тігетін мекемеге бір қасқырдың терісін мың сомнан, түлкі терісін екі жүз сомнан өткізіп, елеусіз жүре берді. Хатшының басының қатты істейтінін, сол аудан басында отырып, жер тіреп отырғандардың санасына он бес жыл толғанда әзер жетті. Өткенге өкінген талай тарландар, бір Иванның басындай басы жұмыс істемегенге ызаланып өз шаштарын өзі жұлды. Жыл бойы тірнектеп жиғаны, дірілдеп тапқаны Иванның бір күнгі тапқанына жетпегеніне жетесіздердің жігері құм болды. Ол уақытта жылқы құны бір мың сомнан аспайтын, сиыр бағасы төрт жүз сом ғана тұратын. Мұны есептеген басшылар есінен танды. Жылдап жинаған отыз жылқының құны отыз мың сом болса, соны хатшы бір-ақ күнде қалтаға салып, сайрандап келіп, сабырлы қалыпта отыратыны енді- енді түсінікті болды»

(«Өліара», естелік жазбалар, 2014 ж., Мейрам Әбдірәсілұлы Қордабай). Кітаптан үзінді 96-97 беттен алынды. Кітап авторы Ақадыр өңірінін тумасы. Кезінде техникаға жан бітіретін өнертапқышығымен «Қызылату» кеңшарына танылған. Сөз өнеріне икемді болған ол қаламын қолынан тастамай жүріп, емшілікпен айналысты. Ежелгі халық емшілігінің дәстүрін жалғастырып,сырқатқа шалдыққан адам ағызасын алмаспен емдеуді меңгерді. Мейрамның «Өліара» атты кітабы өмір шындығына құрылған. Халық емшілігін насихаттайтын ішті кітап. Кешегі өтіп кеткен (коммунизм делінген) коммунистік қоғамның сорақылықтары кітапта тайға таңба басқандай ашық айтылады. Сыртымен жақсы атты көрінген аудан коммунистерінің серкесі И. А.Колбасиннің аққаптал әккілігін кітап авторы еш қоспасыз өмір шындығынан алып, анық көрсеткен.Жең ұшынан жалғасып пара алу совет өкіметі кезінде де осындай тәсілмен жалғасып жатты. Амалын тауып қалтасын қалыңдатқан бірінші хатшының көңіл күйі жоғары болмағанда қайтеді. Сол қарсаңда ел іші бейбіт болатын. Әсірелеп айтқанда коммунизмді бастан кешіріп жатқан кез. Бірінші хатшы үлестірген папканы қолтықтаған үлкенді -кішілі кеңсегерлер мен әр сала басшылары да бірінші нөмірлі коммунисті (И. А Колбасинді) пір тұтты. Оның әр басқан қадамын, сейілшілдігін аңыз етісті.

Ресейдің бір түкпірінен (әдейі жіберілген болса керек) тың көтеруге келген ол мансап жолында тым тез кедергісіз көтерілді. Аңқау қазақтарды (ақжүрек коммунистерді) өз мақсатына шебер пайдаланды. Соның арқасында қазақ даласының қасқыры мен түлкісін олжалап, қырмызысын қызықтады. Ақадыр ауданының басшылғында жүргендегі «серілігін» айтуға ауыз бармайды. Жарайды, бұған да кешірім етейік. Тұнықтан кім ішпеген, сұлуды кім құшпаған. Оның қайраткерілгі (коммунистік қырағылығы) басым болғанын көзіміз көрді. Ақадыр ауданын ол «жабық» ұстап, сырт көзді ішке сұғындырмай коммунистік (шевонистік) қырағылықпен сырттағы ел жақсыларын (ғалымдар, жазушылар мен өнер адамарын) Ақадырға жолатпады. Ол Ақадырды он жылдан аса басқарғанда, ұлттық дәсүр -салтқа негізделген бірде бір мәдени шара өтпеді десе болады. Бүгінде ол маркұмды халық қамын ойлаған қайраткер еді деп көтермелейді. Оның қайраткерлігі қазақтың ұлттық дәстүрі мен тілін тұншықтыруға қызмет жасады. Қазақтан шыққан зиялы азаматтардан сырт айналатын ол марқұм «партия тапсырмасын» Ақадырда жүз пайыз асыра орындағанын мынадан көруге болады. Жиналыс -жиындар боса -болмаса орыс тілінде өтеді. Ол үйреншікті жағдай. Өтірік ақпарға сүйеніп, жалған сөйлесем мені құдай табар. Қайта құру кезеңінің жылымығында(1985-1991) ұлт жанды азаматтар өмірге араласа бастағанда, маған да желік біткен. Аудан орталығындағы балабақшалардың, саны сегіз, есігін беймезгіл қағуыма тура келді. Мені көргенде балабақша қызметшілері- меңгерушісі мен тәрбиешілері өре түрегелмесі бар ма! « Сен кімсің? Кірмейсің!» деп жолымды бөгесін. «Тіл жанашыры «Қазақ тілі» қоғамының төрағасымын, жазушымын дегеніме илігер емес. Содан аупарткомдағы жігіттерге (бұл кезде аупарткомның бірінші хатшысы В. Л. Карепов болатын) шығып, одан кенттің поселкелік кеңесінің төрағасына жүгініп, жолымды ашып алғанымды қайтейін,балабақшалардағы бір үлгідегі «безендіруді» көріп қайран қалмасым бар ма! Бір өңкей Чайковский мен Пушкиннің портреттері қай балабақшаға барсам да алдымнан шығады.Бұнда тұрған не бар,орыс халқының дарынды тұлғалары ұлы композитор, ұлы ақын бейнелері балабақша төрінде тұрғаны жарасымды-ақ емес пе, жас бүлдіршіндердің келешегіне бағыт беріп тұрғаны коммунистік тәрбиенің жетістігі деп көңілімді жұбатайын десем де, ішкі бір наразылығым жүректі түйнеп шыдатар емес. Қазақтың Абайына, Ыбырай Алтынсариніне балабақшаларда ырымға орын жоқ. Оны көретін көз қалмаған. Бүлініп жатқан ештеңе болмаған соң, көретін көз қайдан болсын. Ақадыр кентіндегі сегіз балабақшада (1989) 1300 бала мемлекет қамқорлығында алаңсыз өсіп (тәрбиленіп) жатса, оған дау айтып қарсылық білдірудің қажеті қанша. «Осындай көңіл күймен, бағыныштылықпен қашанға дейін жүре береміз?» деген сұрақ мені жиі мазалайтын еді. Сұмдығы сол! Алаңсыз тәрбиленіп жатқан бүлдіршіндер (алпыс пайызы қазақ баласы) түгелімен орыс



Медиев Қасымбек Әбдікеров Рысқали Әбдіханов Аманбек Тұңғышбеков Санат

тіліне бейімделіп жатыр екен. Аңқылдаған аңқау әдетпен қазақ балаларынан өзінің туған тілімен жөн сұрасам жақ ашпайды. Тәрбиешілер мен күтушілер (қазақ бола тұра) де қазақша сөйлеуден бас тартып бас шайқайды. Сөйтсем, балабақшаларда қазақша сөйлеуге тыйым салынған екен. Содан бір қарындасымыз (тәрбиеші) батылданып: «Ағай, біздің тәртіп солай. Біз бір ауыз қазақша айтсақ, жұмыстан шығарып жібереді» деді жылырман болып. Тек бір ғана балабақшада («Қарлығаш» делінетін) бүлдіршіндер өздерінің ана тілінде тәрбиеленіп (бала саны қырық) жатыр екен. Қазақ тілін тұншықтырып, үнін өшірудің амалына білек сыбана кіріскендердің басы қасында, Ақадыр ауданы бойынша кімдер болғаны белгілі. Ендігі жерде өз еркіндігіміз қолымызға тигенде қазақ ұлтына қастандық жасап, халқымыздың дәстүр - салтын, туған тілін, діни рәсімін көрінеу көзге ілмей шетке ығыстырған кешегі шонжарларға, (о, дүниелік болсын мейлі, коммунистердің рухына) тағызм ету жараспайды. Бұл саяси сауатсыздыққа жатады. Қайдағы бір ұлтқа (қазаққа) жаны ашымайтын қалталының айтқанына елігіп, көзжұмбайлыққа салыну жас ұрпақтың тарихқа деген танымын көмескілейді. Тоталитарлық режимнен қалған сарқыншақтан аулақ болғанымыз жөн. Өсер ұрпақты жалған жалпыштықпен бағытынан жаңылдырып немкеттілікке салыну рухани көрсоқырлық. Мұндай ауа жайылушылық тәуелсіз еліміздің әр салсында байқалып жатады. Ел қамынан да қалтасының қамын ойлайтындар көз жұмбайлықпен ұлттық рухты, қазақтық намысты саудаға сала берсе, жаһанданудың көмейі жыбырламағанда қайтеді?


***

Ақадыр бір кездері аудан еді,
Назары «Партияның» ауған еді.
Жас өсіп, жарлы байып бұл өңірде,
Өнік шашып, өркені қаулап еді.
Нелер әділ азамат еңбек етті,
Беделі үшін ауданың терді төкті.


Балтабай Игенов


Оразханов Рысбек


Сара Кенжебаева


Қайрамбеков Мұрат

Медиев Қасымбектің қолы таза,
Арам асты аузына салмай өтті.
Ожданды, шын қайраткер атанды ол,
Қылыштай тіліп түсер нағыз бетті.
Болмады қазағына қиянаты,
Қолтығына тығылды көрген шеккі.

Кеңестік билік қай салада болсын коммунистердің беделін көтеріп, басшылықтағы ықпалын арттырды. Коммунист - әділ, шыншыл, өтірікке жоқ турашыл,қарақан басының қамынан да халық қамын ойлайтын көпшл болуға тиісті. Коммунистік идеологияның (үгіт-насихаттың) басты бағдары осы болды. Бұдан ауытқығандар жазаға тартылады. Партия мүшелігінен шығып қалу- қорлық. Ондайлар қайтып қатарға қосылмайды. Шахтаға түседі, әйтпесе қой бағады. Әкелеріміз (үлкендер) «партия әділ ғой» деп отыратын. «Ленин жолы дұрыс жол» деп және айтатын. Кейінде есейе келе бағамдай бастадым, шындығында біздің Кеңес өкіметі әділ өкімет-ау осы деп ойлайтын едік. Совет адамдары жер бетіндегі ең ізгілікті адамдар. Өз басым соған сенетінмін, расында солай ғой, өтірік айтуды білмейміз, ұрлық қылмаймыз. Бір-бірімізге қиянатымыз жоқ. Ұлтқа бөліну деген ойымызға да кірмейді. Әсіресе бұл дәстүр Қазақстанда қанат жайған. Қазақсан- жүз ұлттың құтты ордасы. Айбынды коммунистік партия, оның саяси бюросы совет халқын адамзаттың жарқын болашағы коммунизмге бастап бара жатыр. Сөйтсек, мұның бәрі жүзеге аспайтын құрғақ қиял екен. Жаратылыс заңдылығына қайшы бұл қоғамның түбінің шикілігіне мысал көп. Қазақтың дені ол жылдары ауылдық жерде тұрды. Ауыл адамдары жасқаншақ келді. Бейнетке әбден көндігіп алған. Біз де (мына мен де) ауылда өстік. Үкіметтің қырағылы алыстағы ауылға еркін жете қоймайтын. Соны арқаланған ауыл адамдары арқасын кеңге салды. Күнделікті күйбеңде ата-бабаларымыздың жүріп өткен «жолын» (көшпелі өмір салтын) ұстанды. Соның арқасында біздер ауыл балалары феодалдық қоғамның жұқанасын көрдік. Әке-шешелеріміз сол қоғамды бастан кешірген далалықтар болатын. Мен де, менің қатарларым да



ауылдық жерде өскендіктен даланың (заманның емес) еркіндігін санамызға сіңіріп өстік. Содан да ата-бабаларымыздың дәстүр-салтына басқалардан (қала балаларынан) жетік боп өстік. «Осыншама ұлан байтақ даламыз бола тұра,неге біз соншалықты қорынып қорғаншақтаймыз? Кімге жазықтымыз?!» деп іштей түйілетін едік. Көзге көрінбейтін бір сұсты суық елес үнемі көз алдыңда тұрады. Сыртыңнан суық сұғын кадап, басқан - тұрғаныңды аңдып және берекеңді кетіреді. Әке-шешелеріміз екі сөзінің бірінде: «Тек жүр, балам! Сотталып кетесің. Тек жүрсең тоқ жүресің» дейтін. Өз басым бала кезімнен арманшыл боп өстім. Сағыныш пен мұң мені жиі мазалайтын еді. Маған (есейіп кетсем де) бірдеңе жетпейтіндей көрінетін де тұратын. Сондай толқыныста, әрі-сәрі жағдайдағы мені кэдімгі кең дала, балалық шағым өткен ата қоныс өзіне мәгнитше тартатыны бар. Оны мен жан жүрегіммен сезінетін едім. Сондай ширықты сәтте қолыма қалам алып, ақ қағазға төнетінмін. Осындайлық азапқа, жазу мехнатына қалайша душар болғанымды тап басып айта алмаймын. Сірә, дала сыры, дала мұңы шыдатпаса керек. Әйтпесе, сондайлық дарынды боп тумағаным өзіме аян. «Атаңда жоқ арғымақ, әкеңде жоқ арғымақ, биік-биік жар келсе, оңай емес қарғымақ» деген тәмсіл бар ғой халықта. Ұзын сөздің қысқасы, мен Ақадырға сөз өнеріне ептеп жетігіп (жетіліп) қаруланып келген болатынмын. Тұңғыш қалам алды « Сарыбел сазы» атты (1977) екі повестен тұратын кітабымды ұстай келгенмін. Кітабым түкке аспады. Жаман әліме қарамай роман жаза бастағанмын, жазуым да тоқтап қалды. Еркін шығармашылыққа мүмкіндік жоқ, аудандық газеттің «қара жұмысы» адымымды тұқыртып еңселетіп тастады. Сағыныш пен мұң мені бұрынғыдан бетер қинай бастады. Бір жат ортаға тап болғандай қоңылтақси

беремін. Ішімде жинақталған қиялымды, арман -аңсарымды қалайда сыртқа шығаруым керек. Ақадырда әдеби орта жоқ екен. Бастары бірігіп кетсе тұра арақ ішеді. Сен де олардан қалыспай ішуіңе тура келеді.Теміржол саласында істейтіндердің сенімен сөйлескісі жоқ, жалақылары өсіңкі-соған мәз. Ой өрістерінің деңгейі сөз саптастарынан байқалады. «Қызыл үйдегі» кіші шенді партия қызметкерлері шетінен сыпайы, бір қалыптан шыққандай сіресіп тұрады. Арақты байқап ішеді, кеңсеге бір ізбен келіп, бір ізбен қайтады. Бұлардың жетістігі сол-шеттерінен марксшіл болатын. Қазақша сөз саптастары жұтаң, орыс тілінде де ағып тұрғандары шамалы. Ұлттық салт -дәстүрден мақұрым, кісілігін кісімшілдігі жеңіп кетеді. Бұлардың да шекесі шылқылдағанын көрген емеспін, мықтаса, айына бір келі үнді шайға колдары жетеді. Басқаша артықшылықтарын байқай алмадым. Үнді шай демекші, Ақадырда «индиский» мен сияқты кіремелердің (сырттан келгендердің) түсіне де кірмейді екен. Ауылда тұрғанда саудагерлерден алтынбыз. Басымды жұмыс істету үшін «грузинскийді» баса ішуіме тура келді. Аққұманға уыстап салып жіберіп ішкеніңде шекеңнен тер бұрк етеді. Аздаған жағымсыз дәмі болмаса, «грузинский» мен үшін шайдың төресі есепті. Аудандық тұтынушылар (сауда орталығы) қоғамындағы былық-шылық бастан асады. Қолға түспейтін асыл бұйымдар, қызыл аяқ ақ күміс (үнді шайы, кілем, үй жиһаздары, т. б) бармақ басты, көз қыстымен халыққа жетпей сыртқа кетіп жатады. Біз тұрған үйдің (ескі үй еді) қасында ветаптека болды. Шикі кірпіштен тұрғызылған ескі үй еді. Соған қарамастан іші «дүбірлеп» жатады. Оны дүбірге толтыратын кэдімгі мал ауруына бөлінетін спирт еді. Спирт болғанда қандай дейсің! Шықтың суындай тап-тазасы. Жұтып жібергеніңде өзегің ашылып, көзің шырадай жанады. Аптекаға іргелес отырған біздерге (оның ішінде маған) үлес тимейді, төменгі деңгейдегі қара тобырмыз. Ветаптекке «товар» түскен күні жеңіл мәшинелер (бастықтар мінетін) қаптап кетеді. Кілең ауданның ығайлары мен сығайлары мінетін жұтынған темір көліктер. Шопырлардың қолында бір- бір кәністір. Он летірлік, жиырма летірлігі де бар. Соны спиртке толтырып алып әкетіп жатады. Ен байлықты балық үлестіргендей талапайға салу- әділ һәм қырағы делінетін советтік кезеңде де тоқтаусыз жүріп жатқанын көзіміз көрді.

Жетпісінші жылдардан бастап ел ішінде (Советтер Одағы көлемінде) тоқырау басталғанын халық іштей сезінсе де, сыртқа шығара қойған жоқ. Социализмнің кең құрсағында тыраңдаған үлкен-кішінің айы оңынан туғандай бейбіт те берекелі тыншу жағдайда арағын ішіп, сүйгенін құшып, әлеулайын айтып масайрағаны көз алдымызда. Кесімді жалақыға малданғандарда еңбекке деген ынта бәсең болды. Бай да жоқ, кедей де жоқ бірдейшілік заман адамдарды жалықтыра бастаған-ды. Еңбектің ләззаты (қайтарымы) болмаған соң, еңбекке ынталану жайына қалып, қоғамда ішкіштер мен жалқаулар, немкетті тоғышарлар, қыдырмалар пайда болды. Жалған атақ, жылтырақ темір (орден, медаль, грамота) халықтың көңілін көншітпеді. Оның есесіне,

жоғарғы шенділер қалтасын қалыңдатып жатты. Міне, осы тоқырау кезеңінде атқа мінген есті азаматтарға қоғамдағы жалған «елібайшылық» қиындық келтірді. Социалистік жүйенің, коммунистік қоғамның әлсіреп тынысының тарыла бастағанын ішіміз емес, сырттағылар капиталистік қоғамның білігірлері байқады. «Қоғамдағы қайта құру» жаңғырығы сондай келеңсіздікті болдырмаудың амалы еді. Қайта құрудың басты ұраны- жарылылық болды. Жарылылық- коммунистік қоғамның «көмбесін» ашып тастады. Қоғамның (Советтер Одағының) сырты жып -жылмағай болғанымен, іші былық екен. Жариялылық Қазақстанда 1986 жылы «Желтоқсан оқиғасына» ұласты. Советтер Одағында халықтар достығы, ұлттар теңдігі деген құр айтарға екенін- коммунистік билік (Горбачев бастаған оның саяси бюросы) өздерінің солақай әркеттерімен дәлелдеп берді. Аз ұлттардың, оның ішінде қазақ халқының тілі мен діні, дәстүр -салты көрінеу төменге құлдырап құрдымға батып бара жатқанын Ақадыр ауданының саси әлеуметтік жағдайынан да көруге болатын еді. Оны осы еңбекте келтірілген дәлелдер айғақтайды. Тоқырау кезеңінде бір ауданның, Ақадырдың тізгінін ұстаған екі басшының (Колбасин мен Медиев) қайраткерлігін көзіміз көрді. Қасымбек Медиев аудан жұртшылғына мазасыздығымен танылды. Мазсыздығы сол- кемшілікке төзбейтін еді.Қоғамды жайлап алған бейжайлықтың, немкеттіліктің қырын сындыра алмай әлектенді сол кездегі іскер басшылар. Коммунистік еңбектің шаруашылықтың барлық салаларында тоқырағанына төзе алмаған Қасымбек сынды басшылар амалсыздан айқайға басатын еді. Медиев іскер мамандарды таңдай білді. Оның сол өтімділігін қызметтегі әріптестері «рушыл» деп кінәлады. Шаруашылық салаларында басшылық жұмыстарда болған-Санат Тұңғышбеков, Мақсұт Садуақасов, Мағауия Сатыбалдин, Аманкелді Шәріпов, Аманбек Әбдіханов, Әділ Бәкіров, Дәулет Нұркеев, Төлеубай Исин, Жақсылық Жаңабаев, Манарбек Сағымбеков сынды азаматтар ауыл өміріне жаңалық қосқан іскер азаматтар еді. Ауданның сан салалы әлеуметтік жағдайына, шаруашылығына, мәдениетіне серпіліс тудырған іскер азматтар (коммунистер) қаншама. Олардың дені арамызда жоқ. Біздер де (мен де) ертеңгі күні солар кеткен жаққа бет түзейміз. «Өлмек үшін туғансың, ойлан шырақ» деп Абай тегін айтпаған. «Заманың түлкі болса тазы боп шал» демей ме дана халық. Кешегі кеңестік кезең адамдарды «бай мен кедей» деп тапқа бөліп, жаратылыс заңдылығына қарсы шықты. Бұл- түбірімен қате ұғым болатын. Содан да біз өмір сүрген социалисік жүйе өзінің өміршеңдігін бірте-бірте жоғалта бастады. Жұмыр басты пенде өмірге келгенде ішсем, жесем, дүниенің қызығын көріп, жүйрік мініп, сұлу құшсам деп армандайды. Коммунистік қоғам бұған шектеу қойды. Теңгермешілік осыдан шықты. Совет адамдарын бірдейлестіру (киген киімі, ішкен тағамы, сөйлеген сөзі, мінез -құлқы, тілі мен діні) идеясы салтанат құрып, қоғамдағы адамдар ұлтына, дініне, тіліне, салт-дәсүрінге қарамастан бір қалыптан шыққандай «кірпіш адамға» айнала бастады.

Коммунистік партияның өміршең идеясы осы насихатты ұстанды. Бұның астарында орыстық шевонистік пиғыл жатқан еді. Ұлы орыстық үстемдік қоғамның барлық салаларында шектеусіз билік жүргізді. Соның салдары Ақадыр ауданында да көрініс тапты. Қазақ тілі құлдырады, дін жоғалуға айналды. Адамардың аты-жөні де өзгертіліп, орысшаға икемделді (БәтенВаляға, Тұмаркүл -Таняға, Жетпіс-Жораға, Қайырбек-Коляға ауысты). Жергілікті ұлт өкілдері коммунистер мінез көрсете бастаса, ығыстырылып отырды. Коммунистік партия халықты заңмен қорқытып ұстады. Бұра тартқандарды аупартком бюросы «тоқпақап» алатын. Қара халық милицияның қатардағы сержантынан да ықтайтын еді. Ықтамағанда қайтеді, болмашы кателігіне бола сотталып кете барса?! Осыдан кейін ауданды басқарған мықты (Иван) шіренбегенде қайтеді. Қазақта «кісілікті» деген ішті сөз бар. Сырты мен іші тең боп келіскен азаматты-көп аузы «кісім-ақ» деп ауыз толтырады. Сондай кісілікті азаматтар коммунистер арасында да бар болатын. Өз ұстанымына (коммунистік ұстаным) беріктік бұл да болса, кісіліктің бір қыры. Олар ақырын (сөйлеп) жүріп, анық басты, басқаша бүлдірген ештеңесі жоқ. Соларды сағынышпен еске аласың. Атап айтқанда, Мұхамедия Тұяқов, Ахмедия Смағұлов, Жаңабай Насырханов, Ысқақ Сұлтанов, Социал Жақсыбеков, Төлеген Хишауов, Батай Түсіпов, Тілеу Жәкенов, Өкен Жуасбаев, Дүйсенбеков Кэшжан, Манабаев Шәңгерей, Сэбет Сепбосынов, Иген Жүнісбеков, Сапар Текенов, Ораз Қатбағұлов, Командир Абақов, Жұмағұл Ыбыраев, Ерғалы Есімғалиев, Байғазинов Рахметолла, Бейісбеков Көбеген, Ысқақ Төлеуов, Иманжан Жекебаев, Қуантай Қалиев, Тілеубек Бәкіров, Серік Алпысбаев, Мағұзым Түрпібаев, Раушан Кәшкеева, Сара Кенжебаева, Сара Закирова, Күләш Махұмтова, Зәуреш Тұтқабекова, Сапар Әбдуғалиев, Ғинаят Төртұлов, Жәмпейісов Кенжебай, Аманқұл Әбдірахманов, Әділ Бэкіров, Айтқұл Мұсатаев, Марат Сәрсенбаев, Ертай Жәнібеков және басқа да сол кезеңге сай азаматтық бейнелерін (комунистік ұстанымын) таза сақтаған азаматтар болатын.



Коммунистік жүйе халыққа сүйенді. Оны жоққа шығаруға болмайды. Сөйте тұрып, билік партия кадрларын қатаң сүзгіден өткізіп отырды. Бас терісі келіспегенерді (мінезділерін,

ұлтжандыларын) сырғытып жіберетін еді. Сондайлардың талайы құрдымға кетті. Партия, совет қызметінде басшылық орынарда болған Тұрар Алтынбеков, Елемес Қасқырбаев, Сағымбай Медеубаев, Аманкелді Кесікбаев, Сембай Жаппаров, Жақсылық Әлхамин, Санат Тұңғышбеков, Бақытжан Құмарбеков, Сайлау Қарабеков, Төлен Жұмақасов, Берік Рысбеков, Аманбай Қапияшов сынды азматтар қазаққа тән қасиеттерінен (бейнелерінен) танған жоқ. Өздерін қазақтық қалыпта ұстады. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгенде аудандық деңгейде басшылық жұмыстарда болған азаматтармен қоян- қолтық жұмыс атқардық. Олардың азын-аулақ пендешілгін қалам ұшына ілгім келмейді. Сол тұста (тәуелсіздік таңы атқанда) ауданды басқарған Баттал Мұқышев кең қолтық қазақы азамат болатын. Әкім орынбасары Сейіл Әуесбаев дәстүр-салттың жандануына оң қабақ танытты. Өзімізден шыққан Рысқали Әбдікеров (аудан әкімінің орынбасары), Рысбек Оразханов, Жұмағали Мағзиев, Балтабай Игенов, Мұхтар Тілегенов, Амандық Серіков, Мұрат Қайранбеков, Төлеутаев Сансызбай, Дулат Кәшкеев, Ісіләм Шәкірбеков, Бақыт және Сейіт Смағұловтар мен Рамазан Махаев, Қадыр Мұқышев, Сейсенбай Жанасылов, Ахметов Тәбен, Жанбота Қалкин, Тілеукқұл Мұсахметов, Қалижан Бекхожин сынды азаматтардың «ұлттық оянуға» іспен жауап бергенін жақсы білеміз. Оларда жастық екпін болса, бізде (менде) өмірлік тәжірибе бар-тын. Соларға іретті жерде кеңесші (ақылгер) болғанымды мақтан көремін. Жас буынға да «жол» көрсеттік. Ақадырда да жаңа заманға бейімделу оңайға түскен жоқ. Ұлттық оянуға белсене кіріскен балабақша меңгерушісі, жоғары білімді ұстаз Күләш Махмұтова қатарымыздан қалмай бізбен бірге болды. Дағдарысты кезең еді ол бір тұс. Коммунистік билік шетке ығысқанда олардың орнын жас күштер басты. Солармен күш біріктіріп тізе қоса еңбектенуге тура келді. Тәуелсіздікке бет бұрыс кезеңінде кешегі өтіп кеткен коммунистік қоғамның (коммунизм делінген) зардаптарын жоюға кіріскенде, жоғарыда аттары аталған азаматтармен істес болғанымды айтуға тура келеді. Сол қарсаңда (1991) Ақадыр ауданы әкімінің орынбасары болып тағайындалған Рысқали Әбдікеровпен бірігіп жұмыс істедім. Ол жылдары жер-жерлерде құрылған «Қазақ тілі» қоғамының (әсіресе Жезқазған облысы бойынша) ықпалы күшті болды. Оның ішінде Ақадыр ауданда«Қазақтілі» қоғамы мүшелерінің белсенділгі жоғары еді. Біздер қоғам белсенділері бірінші кезекте ұлттық дәстүр салттың, ана тілінің жандануына күш 531 салдық. Екінші кезекте, дінге бет бұрысты қолға алдық. Сол



Сұлтан Сүтбаев


карсаңда (1991) аудан орталығы Ақадыр кентінде қайтыс болған адамның намазын шығаратын молда қалмаған еді. Мақаш ақсақал хал үстінде жатқан. Куат молда да сырқат еді. Ешібір қосбасы жоқ. Мойынты кентінде тұратын Мұхтар молданы шақыртуыма тура келді. Ол кісі бір келгенде, ойланайын деді. Келесі жолы келгенде, Ақадырға көшіп келе алмаймын деп жөнін айтты. Үлкен-кіші менің («Қазақ тілі» қоғамының) есігімді босатпайды. «Не бітіріп отырсың?» деп үстелімді тоқпақтайды. Қоғамның коржыны бос, болмашы тиын -тебен кімнің жұмырына жұғын болады. Ағымдағы басты мақсаттың бірі- («Қазақ тілі» қоғамының) аудан орталығында мешіт аштыру болатын. Мешітке теміржол мәдениет үйі ыңғайланды. Сол кездегі аудан әкімі В. Л. Карепов теміржолшылардың мәдениет үйін өзі араласып босаттырып берді. Қиыны сол, мешітке иелік ететін имам жок. Рысқали және мен (аудан әкімінің орынбасары) тікелей кірістік бұл жұмысқа. Содан бір жігітті таптық. Ол тапқанымыз бүгіндегі облыстың бас имамы Өмірзақ қажы Бекқожатегі еді. Алғыр боп шықты ол. Облыстық мешіттің имамы Жақия қажының (ұлты тәжік) алдынан сабақ алған Өмірзақ Ақадыр жұртшылығының сеніміне ие болып тез ширады. Сөйтіп, біздің Ақадыр ауданы, теріскей аудандардың (Арқадағы) ішінде бірінші боп мешіт аштыру мәртебесіне ие болған еді. Өмірзақты кезінде Жақия қажы оқытып сауатын ашса, Өмірзақ та Ақадырда өз шәкірттерін дайындады. Оның алдынан бүгінде облысқа танымал ислам өркениетінің насихатшылары боп жүрген Дархан, Бекболат, Мейраш, Ілияс, Азамат сабақ алды. Ақадырлықтар бүгінде Өмірзақ қажымен мақтанады. Оны қажылық сапарға аттандарып салушының бірі осы жолдар авторы еді. Өмірзақ



қажылық міндетін өтеп келгенде маған жайнамаз ала келген-ді. Сол жайнамазды (қызыл түсті) ырымдап әлі ұстап жүрмін. Тәулесіздік таңы атқан елең-алаңда үзілуге айналған мұсылмандық ғұрып ислам дінінің алғашқы қарлығаштары Ақадырда қанат қаққанын айту маған парыз. Әйтпесе, олар маған иман әпере алмайды. Әркімнің иманы өзіне жолдас. Өзгенің шүкірлігі өзімен бірге кетеді. Мешіт ашылғанда сол салтанаттың беташарын ашқанның бірі мен едім. Ақадырда алғаш мешіттің ашылуы (1992) мүтін Арқа өңіріне ықпал етіп қозғау салған еді. Ақадыр «қажылар ауылы» десе де болады. Өмірзақ қажы, Нұрғали қажы, Мәнеш қажы, Шәкәрім қажы, Серік қажы, Қадыр қажы, Елен қажы, Қойшыбай қажы, Болат қажы, Қабыкеш қажы, Қанағат қажы, Көмек қажы, Дәрібай қажы, Алтай қажы - бәрі-бәрі Ақадыр өңірінің байырғы тұрғындары. Мұсылмандық ғұрыпты ескіше сауаты бар үлкенер де насихаттады. Олардың қатарында Бейсетай Тоқпанбетов, Серік Ісімақов, Мағыжан бірэдар, Кәріғұл Қазанғапов, Аяз Дошанұлы, Ырзықбай Әлімусин, Сағындық Қанатбаев, Көдек ақсақал, Нұрқайдар ақсақал, Елубай ақсақал, Жағыпар ақсақал, Жақсыбай ақсақал бар. Жастардың қатары күн - күн санап молығып барады. Дінге бетбұрыс жастардан басталғаны жөн. Жастар біздің болашағымыз.

Біз қалай болғанда да тіршілік заңдылығына бағынамыз. Тіршілктің қозғаушы күші уақыт. Уақыттың пәрмені сенің дегеніңе көне қоймайды. Ықты-жарды тыңдамайтын кеудемсоқтықпен сен отырған қайықты ашық теңізге алып шығады да, дүлей толқынның қақпақылына түсіреді. Жарайды, сенің мінгенің қайық болсын, барша қауымға тиемел кемені қайда қоямыз? Уақыт толқындары алып кемені де шайқамай ма. Шайқаған былай қалып, кемені аударып түсіруі кәдік. Соны көзіміз көрді ғой. Ашық теңізде еркін жүзген Кеңесер Одағының алып кемесі шарай көзге аударылып түскен жоқ па. Мәңгілік делінетін «қызыл империядан» бүгінде жұрнақ та қалған жоқ. Алланың әмірі деп осыны айтады. Уақыт тым үстірттікке бара бермейді. Оның да кеңшілігі бар. Сондай бой жаздыда пенде шіркін, мына біздер уақыттан да асып түсіп жатамыз. Ендігі жерде, жұмыр басты адамдар уақыттың өзінен жеделдікті талап ететінді шығарды. Бұл былайша пендешілік десек те, заманның талабы жер бетіндегі барша қауымды «асығыстық» әдетке душар етіп, соның салдарынан «уақытты бағындыруға» кірістік. Бұл жағдай біздің ырқымыздан тыс болып жатқан шаруа. Тәуелсіздікке қол жеткізген (1991-2019) аз ғана жылда біз біраз шаруаның бетін қайырдық. Содан да уақыт жеделігі бүгінгі бітірген ісіңді келесі күні жоққа шығарып жатады. Соның салдарынан «күріш арқасында күрмек су ішедінің» керімен, бүгінгі тындырған ісіңді, келесі күні бір пысықай иеленіп шыға кететінді шығарды. Сенің оң пікіріңді, ашқан жаңалығыңды, тындырған шаруаңды - бәрі-бәрін жоққа шығара салады. Бұның салдарын уақыт жеделдігінен көрудің де қисыны жоқ. Ақшасы бардың амалы бұл. Бізді уақыт ырқынан да, ақша билеп



Тұрар Алтынбеков Сағымбай Медеубаев Елемес Түсіпбеков Аманкелді Кесікбаев

барады. Соның салдары бүгінде сапалы адам делінетін пассионерлік тұлғаны да жоққа шығарып жатады. Үлкендіктің (ақсақалдықтың) мәнсізденуі соның салдары. Құдай деген момындар аяқтың астында қалып жатыр.


Қош дейік, сонымен Ақадырда мешіт (1992) ашылып, көңілді бір демедегеніміз бар. Осының бэріне мен ғана ұйтқы болып едім десем асылық болар еді. Жаратушы Иені ауызға алып айтайын, еңбегімнің (ұлттық оянуда) Ақадырға сіңгенін жоққа шығара алмаймын. Оған жерлестерім (Ақадыр жұртшылғы) куәлік айта алады. Көп нәрсе айтылмай, қағазға түспей қалды. Әйтпесе менің қатарластарым кешегі тоталитарлық режимнің салқынын түкпірде жатып-ақ қатты сезінген, керек десеңіз, содан шеккі көргендер. Бәріне салауат, түбі қайыр, тәуелсіз еркін елміз!

Ақадыр өңірі (бұрынғы аудан) іскер азаматтар ұстаханасы болғанын көзіміз көрді. Тәуелсіздік орнаған жылдарда (1995) біздің ауданнан шыққан Абайділданов Талғат Шығыс Қазақстан облысына әкім болды. Кейінде халық қалаулысы атанды.

Абайділданов Талғат та біздің тума,
Балалық шағы өтті Ақадырда.
Кезінде облысқа әкім болды,
Еңбегімен танылып болды тұлға,-

деп оны ақындар жырға қосады.

Тәуелсіздік таңы атқан ала-көбеде Ақадырда алғаш тізгін ұстаған (басшылықта болған) азаматтардың бірі - Рысқали Әбдікеров болатын. Бұл азаматтың бір қасиеті үлкеннің бетіне келмейтін кішіктігімен қоса мінезінің жұмсақтығы еді. Ойға алған мақсатын орындау барысында алған бетінен қайтпайтын табандылығы оны қайраткер дәрежесіне көтерді. Үлкен-кішіге деген ілтипаты, жұғымды жұмсақ мінезі, жұмыс бабындағы іскерлігі оны ауыл-аймаққа танымал етті. Басшылықтың үлкенді-кішілі сатыларынан өткен ол мемлекеттік қызмет әдебін сақтайтын мәдениеті жоғары азамат екеніне ешкім де дау айтпайды. Сырты мен ішін тең ұстайтын ыдысы таза жан. Ақадырда



Абақов Кәмендір



Жазыкен Томпиев





Әділ Бәкіров



Сайлау Қарабеков

ұлттық оянуға бір кісідей қызмет жасады. Содан да оны мен іш тарттым. Қызмет бабындағы артық-ауыс мінезіне кешіріммен қарадым. Ол бүгінде көтерме сөзге зәру емес, Парламент депутаты, сенатор. Бір жағдай мені көп ойға батырады. Біз жиырма бес жылға таяу мерзімде (Жаңаарқа, Ақадыр, Шет, Ақтоғай аудандары) Жезқазған облысына қарадық. Сондағы бір байқағаным, Жезқазған өңірінің азаматтары мейлінше қарапайым, сонымен қоса қазақтық (ұлттық) мінезінен жаңылмаған кең қолтық келетін еді. Өзім солардың ішінде Сәбит Байдалинді, Кенжеболат Жолдыбаевты, Әлихан Байменовты, Мөрлібекті, Қайырбек Саудақасовты, ақын-жазушылар Апбаз Қаражігітовты, сыртта жүрсе де Кәкімбек Салықовты, Сайлаухан Нәкеновты, Ғазиз Ештенаевты, Батырбекті, ағайынды сазгерлер Болат пен Ахмедия Есмұқановтарды, Жақсыкелді Сейіловты, ақындар Шынболат Ділдебаевті, күйші Жанғали Жүзбаевты, Дәридай ақынды, Рамазан Сәттібаевті, Әнуар Омаровты, кейінде өнер аспанына жарқырап шыққан Қыдырәлі Болмановты, өзімнің жерлес бауырларым айтулы әншілер Береке Көшеновты, Ғалым Мұхамединді, Ахат Байбосыновты қатты іш тартқан көңілмен ес көріп сағынатын едім. Сол жақтан, Жезқазғаннан, Ұлытаудан біздің жаққа (Жаңаарқаға, Ақадырға, Шетке) сағынышты сарын жеткендей боп елеңдеген күндерге не жетеді! Жай ғана сарын емес, кісіні мұңға батыратын есті сарын жан дүниеңді билеп кеткенде, көкірек көзің ашылып сергіп қалатының бар. Ұлытау мен Жезқазған сағыныш пен арманның ұясы есепті болған еді-ау! Бүгінде өнердің қай салсында болсын (өмірде де солай боп кетті) сағыныш пен мұңнан түк қалған жоқ. Алқын-жұлқын әуен есіңді кетіріп есірік қып барады.


Жақсылық Әлхамин



Жекебаев Иманжан


Мұсахметов Тілеукұл


Ахметов Тәберік


Мұқашев Қадыр


Мұрат Жадай


Сейсенбай Жанасылов

Жезкиік біздің жаққа қалай келдің,
Жолымды көлденеңдеп жанай бердің.
Күтпеген қуаныштың хабарындай,
Жалт еткен жанарыма қарай бердің.

Сұлуды адам жаны қимайды екен,
Мезгілсіз еске түссе қинайды екен.
Жезкиік сені ойлаған кездерімде,
Мен мынау кең далаға симай кетем.

Бұл сазгер Жақсыкелді Сейіловтың Кәкімбек Салықовтың сөзіне жазған «Жезкиік» әні ғой. Осындай ойлы да мұңлы сарынға зар боп қалдық.

Рысқали Әбдікеров қызмет тәсіліне Жезқазғанда жүріп қалыптасты. Сол ортадан тәлім алды. Ол жақтың (Жезқазғанның) азаматтарына тән қазақы мінезді бойына жинақтады деп білемін. Бұл азаматтың өсу жолына септігі тиген Қасымбек Медиевтің те ықпалы болғанын айта кеткен жөн. Бұл жазбада менімен бір өңірде ғұмыр кешкен (Ақадырда) азаматтардың бәрін бірдей қамту мүмкін емес. Олардың бүгесі мен шігесін түгелдеп жатуға мұрша жоқ, онда сөз ұзап кетеді. Қалижан Бекқожинді мен жөргектегі кезінен білемін. Содан да оны іш тартып жүремін. Кеңестік кезеңнің тәрбиесінен өткен оның бойында

Төрехан МАЙБАС



бұйығылық (ұстамдылық шығар) басым боп көрінеді. Ішін алдыра қоймайтын саясаты бар. Күнделікті күңкүл-шүңкілде (дәстүр-салт, рухани жетілуге байланысты) оған сын көзімен қараймын. Сондай пікір таласта артық кетіп қалатыным бар. Көтерімділік танытады ол менің қызба мінезіме. Аумалы-төкпелі ғұмырда кімнің асығы түгел дейсің? Қалижанның да дарынды ұлын тағдырдың үсігі ұрды. Талантты ұлынан айрылып қалды қас пен көздің арасында. Он алты жасқа аяқ басқанда жарық дүниеден мезгілсіз озған Есенкелдінің қазасы Ақадыр жұртшылығына да ауыр соқты. Ойлы азамат Төрехан Майбас «Бояуы қанық келте ғұмыр» делінген кітап жазды. Есенкелді сурет өнерінің жарық жұлдызы болатын тума талант еді. Ұлының қазасы Қалижанды есеңгіретіп тастады. Оны бәріміз де аядық, аяғанмен қолдан келер не бар. Қалижан баласына деген азасын ақ қағазға төкті.

Алып кетті сені өмірден, аямады сұм ажал,
Жүрмін Құран бағыштаумен болмаған соң басқа амал.
Дарын десе-дарын едің, мінез-құлқың жібектей,
Бір мезетте ғайып болдың, қиылып түскен теректей.
Сурет салу кішкенеңнен болды өмірлік өнерің,
Талай байқау жарыстардың жеңімпазы сен едің.
Жүзден астам суреттерің қалды сенің артыңда,
Біле ме екен иесінің тастағанын қапыда.

Есенкелдіні күні бүгін жоқтаймыз. Қарт ұстаз Сейітжаппар Бимақаш былайша еске алып еді.

Жарық етіп жасындай,
Маңдайға симадың.
Топыраққа айналып,
Барша жұртты қинадың.
Алтын ұя мектебің,
Сені іздеп жоқтайды.
Жазымышта мәңгі көктегін,
Атыңды ұрпақ жатайды.


Есенкелді бәріміздің де ет жүрегімізді езіп кетті. Ұлтқа қызмет ететін бір ұланнан қапияда көз жазғанымызға сенгіміз келмейді.



Абай (Ибраһим) Құнанбаев.
Майлы бояу.
Маусым, 1997 жыл.



Мұхтар Әуезов.
Майлы бояу.
Тамыз, 1997 ж.



Сайдалы Сары Тока (Тотаң).
Майлы бояу.
Қыркүйек, 1997 жыл.

Қаршыға едің қыжырлы жанарың от,
Халқыңа танылатын бағалы боп.
Рухыңмен жебей бер тірілерді,
Өссін жастар өзіңдей саналы боп.



Қалижан Қазыкенұлы орта деңгейде қызмет атқарды. Сабырлы да салмақты мінезімен танылды ортасына. Кеңсе (іс қағазына) қағазына «жан бітіретіндей» екі тілге де сауатты оның жыр дәптеріне көзім түсіп жүреді. Ақындық шалымы да бар. Жыр жинағын жұрт назарына әзірше ұсына қойған жоқ. Ақадыр кентінің мәдениеті мен рухани келбетіне өзіндік сіңірген еңбегі бар. Ақадырда әр жылдарда кент басышылғында болған «өзіміздің жігіттер» маған өзгеше ыстық көрінеді. Сонымен қатар, аудан көлеміндегі кенттер мен ауылдарды баскарған ұлтжанды азаматтарды да жақсы білемін. Өспеннің Өмірзағы да (әкім болған) менің көңілімнен шыққан еді. Мойынтының Қасқырбайы мен Нұрқанаты (Шоқпаров) ұлтжанды азаматтар еді -ау, шіркін!



Тілегенов Мұхтар

Олар да жоқ бүгінде жарық дүниеде.
Мойынтының Нұрқанат, Қасқырбайы,
Жігіттің өткір шоттай сайма-сайы.
Ұлтжанды кесек қимыл мінезімен,
Мойынтының атағын елге жайды.

Кезінде қатарынан суырылып дара шыққан Мұхтар Тілегенов (Төменгі Қайрақтының экімі) пен Балтабай Игеновтың (Тағылы ауылынын экімі) қимылы ересен болғанын көзім көрді. Наурыз тойын дүбірлеткен, арақсыз той өткізуге бастамашы болған, ат бәйгесін алға шағарған. бие байлар кәдесін ұлықтағандардың алдыңғы қатарында жүрді бұлар. Кейінде аудан (Ақадыр



1992 жылы Айыртауда Ақжолтай Ағыбай батырдың 190 жылдық тойына қатысқан құрметті қонақтардың бір тобы. Ортада ғарышкер батырымыз Тоқтар Әубәкіров

ауданы) жабылып, жігіттердің екпіні басылып қалды. Арты қайыр, бәрі орнына келіп жатыр. Ақадырдағы ұлттық оянуға бір кісідей атсалысқан айтулы шипагер Тілеуқұл Мұсахметов болатын.

***


Тілеуқұл Мұсахметов нағыз қазақ,
Ақадардың тұлғасы болды дарақ.
Жып-жылы сөзіменен, мінезімен,
Сырқатты дәрісіз- ақ емдеп жазат.
Атағы Ақадырға аңыз болды,
Үлкенге іні, кішіге абыз болды.
Шипагерлік таланты өзгеше еді,
Жүректегі жібітті талай тоңды.
Жан едің асыл туған бағаң ізгі,
Түйілдірмей өттің -ау қабағыңды.
Жүрегіме орнаттым оған белгі,
Ақадыры ұмытпас қарағымды.
Өспеннің озғын болды Өмірзағы,
Әкім боп биіктеді оның бағы.
Тәуелсіздік таңының қаршығасы,
Дәстүр-салтты көтерді ағымдағы.
Тілегенов Мұхтардың жөні басқа,



Оразаев Свет




Беккожин Қалижан



Бекқожатегі Өмірзақ қажы

Кезінде әкім болып мінді атқа.
Бетті еді, алымды еді, ұлтжанды еді,
Әттең-ай, мамандығы болды басқа.
Тәуелсіздік таңы атқан күндер еді,
Қызғалдақ шешек жарып гүлдеп еді.
Сол қарсаңда жарқырап шықты Мұхтар,
Кейінде заң саласын жүлгеледі.
Игенов Балтабайдың сесі бартын,
Қазақтың ұлықтаған дәстүр - салтын.
Өз тауының қыраны болды нағыз,
Шымыр қазақ ақ алмас жүзі жарқын.
Бұлақ көрсе ентелеп көзін ашты,
Қасиетті жерлерді іздеп тапты.
Ата-баба аруағын қастер тұтып,
Басына бабалардың белгі орнатты.
Даланы еркін шарлап аршындайды,
«Ауылым» деп қыранша саңқылайды.
Кешегі абыздардың жалғасы ол,
Болғанда іске нығым сөзге сайлы.
Сөз білген, жөн де білген нағыз қазақ,
Балтабайым, бауырым, абыз қазақ.
Кедейдің жомарты ол жаны жайсаң,
Бар қазақ бой түзесін оған қарап.

Ақадыр кентін басқарған төрағалардың ішінде В. М. Волков кең колты-орнықты кісі болатын. Қазақ азаматтарын өзімен тең ұстады. Мен орыы ұлтынанмын деген астам кеуде онда жоқ болатын. Одан соңғы кент басшылығында болған Лесковскийдің кеуде көтерген мінезін көрген емеспіз Осылдардың ығында жүрсе де (орынбасарлықта) Жаңабай Насырханов кент тұрғындарына жайлы болды.



Әбдірахманов Аманқұл



Сауық Жақанова



Айгүл Исмақова

Әкіреңі жоқ жұмсақ кісі еді. «Жақсысын асырып, жаманды жасырған» қоңыр мінезімен халыққа жақты. Кент басқарған Серік Иқашев қоңыр мінезімен жақты тұрғындарға. Кент әкімі болған Рамазан Мақаев ширақ келді. Бәкен Төлеуқұлов та Ақадыр ауданы әкімінің орынбасары болды. Табиғаты (жаратылысы) жұмсақ бұл азамат үлкенді сыйлай білетін, көпшілікті тыңдай білетін кең қолтық азамат боп қалыптасты. Аудандық деңгейде басшылық жұмыстарды абыройлы атқарып келеді. Өз мамандығы саласында басшы болған Қадыр Мұқышев өзін бір қалыпта ұстайтын сыпайы мінезімен жақты. Ақадырдың спортын өрге сүйреген Сейсенбайды қалай айтпай кетерсің. Бүгінде (2019) кент басшылығындағы Карсембаев Дәурен қазақы қалыптағы ұлтжанды азамат боп қалыптасып келеді. Аудандық деңгейде басшылықта болған азаматтарға достық әзіл арнауға болар еді. Шиін шығарып алып жүремін бе қайдан білейін!? Қайыржан Тілеубергеновте мінез болатын. Сонысы үшін оны іш тарттым. Қызмет бабындағы шапшаңдығына кешіріммен қарадым. Ширақ шымыр әкім болды ол. Ауданның мәдениет саласына басшылық жасаған Ахметова Гүлшара еркек бағалы кісілігімен, сыпайы сынық мінезімен, қызмет бабындағы іскерлігімен танылды. Кәрібеков Аян обалы нешік, бетіме келген емес. Қызметті бір сыдырғы жақсы атқарды. Ауданның білім саласын басқаратын, қара сөзге шебер, ақындық шалымы да бар Смағұлтегі Елдос Жарылғапұлы көңілімнің төріндегі іні досым болып табылады. Міндетін таза атқарады. Келешегі бар азамат, өсетін жігіт деп білемін. Әбілдин Азамат қызметте ысылып келеді, сөз біледі, жөн біледі. Жүнісов Шоқанның да аңғары бар. Бүгінде ауданның басшылық орынында жүрген Мұхтаров Мұхит, Жұмкин Мақсатқа да тілектеспін. Жастар біздің келешегіміз ғой. Шет ауданының бүгінгі таңдағы (2019) әкімі Марат Жандәулетовтің жолы



Ақжолтай Ағыбай батыр тойының құрметті қонақтары

құтты боп тұр. Марат келгелі Шет пен Ақадырда күнде той десе болады. Бұл-жақсылықтың нышанасы. Ақадыр мен Шетке еңбегі сіңген бірегей азамат - Ертай Жәнібеков деп білемін. Мықты экономист болумен қатар, бұл жерлесім нағыз қазақ дейтіндей сегіз қырлы өнерлі жан. Қаламы жорға жорналшы да сол, домбыра шанағынан күй төгілдірген домбырашы да сол. Жаңарқаның тумасы боп табылады. Іні доспен қалжыңым жарасқан. Ақадырдан шыққан генерал Мергенбай Жаппаровты мақтан көреміз. Сыртта жүрсе де Ақадырды, әкесінің қатарларын ұмытпай алыстан сәлем жолдап жататын Бейісбеков Өмірзақты Ақадыр жұртшылығы көңілінің төрінде ұстайды. Біраз жыл сыртта (елшілікте) жүріп елге оралды. Қызметі өскеніне тілектеспіз. Министрдің (өз саласындағы) бірінші орынбасары боп тағайындалғанын естіп қуанып жатырмыз.

Ақадырдан қос Өмірзақ қатар шықты,
Қияға қанат сермеп самғап ұшты.
Үлкені облыстың бас имамы,
Кіші Өмірзақ министр болып шықты.
Бағы өскен тілектеспін інілерге,
Мені кім жатқызады жыры кемге?
Лағыл жырды несіне іркіп қалам,
Ұланым көтерілсе-Ұлы белге.
Арнайын жігіттерге достық әзіл,
Өзі білсін тіксінбей етсе қабыл.
«Өлеңшілік» әншейін ермек іс қой,
Қас таланттан табылар нағыз лағыл.
Жәнібеков Ертай дос Кенжеқара,
Алтайдың кенжесінен шықты дара.



Ақын-жазушылар: Айтақын Жексенбай, Аппаз Қаражігітов, Рымқұл Сүлейменов, Ақселеу Сейдімбек, Өмір Кәріп және Свет Оразаев.

Қайраткер ұлтжанды ол елін сүйген,
Жайсаң ер талантына жетпес баға.
Қырандай самғап ұшып Шетке барды,
Сарымның бір аққуын іліп алды.
Жаңаарқа, Ақадыры естен шығып,
Атанып «ерке күйеу» сонда қалды.
Жан тартқан бір інім бар Елдос деген,
Болғанда іске мығым, сөзге ерен.
Рухани інім деп ес тұтамын,
«Ұсталғанын» біліңдер оның неден.
Жігіттің тегі қайдан, атасы кім?
Бүгінде мәнін ашты бұл бір ұғым.
Дегені құлағыма жақпай қалды,
«Қаракесек ішінде Тоқасымын».
Шыққан сөз жақсы білем ырзалықтан,
Түк өнбейді жікшілдік бұлданыстан.
«Бөлінгенді бөрі алар» дейді халық,
Мен жеңілдім, сен болдың нағыз ұтқан.
Жік-жікке ру болып бөлінбейік,
Сертте тұрған ұланды ерім дейік.

Бір атадан туғандай бауырлассақ,
Пейіл кеңіп, жатады жерің кеңіп.
Төлеуқұлов Бәкен дос «жұмсақ бауыр»,
Мыңқ демейді оқыстан соқса дауыл.
Тегінде бар кісілік соны білем,
Мәмілегер содан да болды «тәуір».
Мақаев Рамазан жылпың келді,
Алас -күлес кезеңде алды төрді.
Сәл шапшаң «бұлт етпелеу» мінезі бар,
Кие соғып кететін үлкендерді.
Кэшкеев Дулат жұмсақ, майда жігіт,
Бармады жолсыздыққа білеп сырық.
Ақадырды әкім боп дөңгелетті,
Сыпырды «қыр жуасын» ойда жүріп.
Оразханов Рысбек жөн біледі,
Қазақтық мінезі бар, сөз біледі.
Биікке еңбегімен өрлеп еді,
Дұшпаны шалды аяқтан сезгір ерді.
Қалжыңқойлық мінезің қымбат маған,
Ұстамдысың және өзің сыр сақтаған.
Төреден қазақ озып кете алмайды,
Бағың өсіп артады әлі-ақ бағаң.
Мағзиев Жұмағали әкім болды,
Жұғымды жамағатқа жақын болды.
Қызықпай қызыл аяқ ақ күміске,
Таңдады басшылықта тура жолды.
Аздаған жалтарайлық мінезі бар,
Қош көрер бұдыры жоқ «айдау жолды».
Бидайбеков Айболдың жөні бөлек,
Халықтық салт -дәстүрге болды ерек.
Аз-ақ жыл әкім болды Ақадырда,
Тұрақтап тұра алмады неге керек?!
Өткізді наурыз тойын, қымыз тойын,
Жанданды Ақадырда ұлттық ойын.
Қымызмұрындық мерекесі дүркіреді,
Көкке жетті асқақтап менің бойым.
Айбол нағыз ұлт жанды азаматым,
Қазақтың аспандатқан дәстүр-салтын.
«Өзіңді өзің сыйласаң жат түңілер»,
Әр ауыл өз жақсысын бағаласын!

Одан соң Ағызам да болды әкім,
Ұйытты Ақадырдың кәрі -жасын.
Қыбын тапты өзінен жоғарының,
Арттырды бұл іниміз содан бәсін.
Кейінгі маған ыстық Дәурен әкім,
Жөн -жобаны білетін тәубелі әкім.
Кішіге аға болып, үлкенге іні,
Қазақтың алға оздырды дәстүр -салтын.
Сәл жұмсақтау биязы мінезі бар,
Үлкенге кішік болып мойын бұрар.
Сонысын біліп алып кей көкесі,
Маған атақ керек деп үстелді ұрар.
Арнадым інілерге достық әзіл,
Өзің біл кеңшілікпен етсең қабыл.
Ішімде талай «қыжыл» қалды бұғып,
Замана өтті бастан абыр-сабыр.
Қиялыма қанат қып арманымды,
Жаныма азық еттім арда жырды.
Даланың жусанынан қуат алдым,
Жөн деп білем ауылда қалғанымды.
Дүмділерге жағынып көргемін жоқ,
Олар маған айта ма «өрде жүз деп».
Қаламым: «қасиетім, ар -ожданым,
Келеді киелі сөз ермегім боп.
Сыр тартып суыртпақтап өткен шақтан,
Ел тарихын таратып жаздым дастан.
Асан қайғы абызбен мұң бөлістім,
Қарашаға ой салып айтқан тоқтам.
Атымтай- Жомартпен де сыр бөлістім,
Дәулетін жоқ -жітікке суша шашқан.
Алдар Көсе тағы бір кейіпкерім,
Аңқылдақ мінезімен жұртқа жаққан.
Ханды да «дат» дегзіп алдап кетіп,
Қиуадан тапқырлықпен жолын ашқан.
Қожанәсір асыл тек түрік еді,
Ата жұртын аңсаған әуел бастан.
Сапарлап есегімен жолға шығып,
Өз қыстағын соңында зорға тапқан.
Аңызды ақиқатпен ұштастырып,
Мен едім Насыр бейдің жолын ашқан.

«Вилесипед» көлігім, машинам жоқ,
Ата қоныс ауылым көңілге тоқ.
Өзгелердің «болғаны» маған демеу,
Кімдерге опа берген «дүние -боқ.»
Шерменде шерлі жүрек ақын едім,
Айтыс-тартыс айқайдан қашық едім.
Байғұздай тас қуысын далдалаған,
Ел ішінде елеусіз жатыр едім.
Ардай аппақ қылаусыз ақ қағазға,
Шындықтың «таңбасын» басып едім.
Соны көріп бағалар бір жан таппай,
Жалғызсырап домбықты басы -көзім.
Ауылға келгендер жоқ,кеткендер көп,
Жәудіреп жасқа толды екі көзім.
Ұлың кетсе нан табар өйтіп -бүйтіп,
Қызың кете таусылар сенде төзім.
Жұлынған гүлдей солып қалмаса екен,
Біреудің мазағы боп суық сезім.
Бала әкесін қалдырды жат қорымда,
Көзі қиды қалайша ауыл төрін?!
Дүниенің соңына түсіп алды,
Пәруайсыз ойсыз ұл, мекер келін.
Панасыздар үйіне сүйрелейді,
Етке өткізген малдай-ақ әкелерін.
«Мейірімнен көз жазып қалдық-ау»деп,
Ішімді үңгіп барады менің шерім.

Қаламды отқа жұмсасаң жасып қалады, боққа сұғындырсаң былғайсың. Қаламда кие болады. Оны көрінген нәрсеге сұғындыра берсең, көсеу құрлы құны қалмайды. Содан да осы жолдарды (жазбаны) қағазға түсіру барысында, ғұмыр-тіршіліктің көлеңкелі жақтарына қалам батыруға бара қоймадым. Сіз бен біз жалған тіршіліктің аз күнгі қонағымыз. Қамшының сабындай бес күндік ғұмыр кімдерден өтпес дейсің. Өз басым екі заманның (Советтік кезең, Тәуелсіз Қазақстан) куәсі болғаныма шүкіршілік қыламын. Медаль тақпадым, атақ алмадым деп арман қылмаймын. Қазақ халқының алтын тәжі -Ұлы Даласы! Ел мен жер тарихын аздап қағазға түсіргендегі мақсатым-жас ұрпаққа Ұлттық рухтың өміршеңдігін паш ету. Ұлттық рухтың тұғыры-қазақтың Ұлы Даласы! Осыншалықты кең байтақ даласы бар халыққа арқаны кеңге салып салғыртсуға жол жоқ. Біздерге (қазақтарға) сергектік тән болуға тиісті. Қазаққа ат үстінде жүрген жарасады. Атқа мінейік, бауырлар! Атқа мінудің мәнісі- ұлттық рухыңды биіктетіп, Ұлы Даланды ұлықтай біл, ауылыңды жүдетіп алма дегендік.

АҚАДЫРДЫҢ КЕШЕГІСІ

Акадыр ауданы ширек ғасырға жуық дәуірлеп тұрды. Дәуірлегені сол-аудан орталығындағы кәсіпорындар мен мекемелерде жік жоқ болатын. Мектебі мен ауруханасы, мәдениет үйі мен кітапханасы сауда орталықтары да-үш-үштен. Балабақшалары да жетерлік еді. Теміржол саласы басты орында болғанда, Орталық Қазақсан геологиялық басқармасының Ақадыр геологиялық барлау 21-экспедициясы тіке қазандағы құрттай қайнап жатты десе болады. Бұл экспедицияның құрамында геофизикалық (6-экспедиция) экспедиция да бірлесе еңбек (жер қойнын барлау) етті. Экспедицияны қамтамасыз ететін сауда орнының асханасы жып -жинакы, дайындаған тағамдары дәмді болатын. Аңсарым ауғанда барып асханадан (бүгінде орны ғана жатыр) тамақ ішетін едім. Экспедицияның сауда мекемесіне қарайтын кітап дүкеніне өз басым қарыздармын. Ауылдық жерде көп жыл тұрып рухани байлыққа шөліркеп келген мені бұл кітап дүкені небір қызықты қолға түсе бермейтін (орысша да қазақша) рухани азықпен молынан қамтамасыз етті. Бір аңғарғаным- экспедиция мамандары мен жұмыскерлері (гиологтар, гиофзизиктер, басқа да мамандық иелері) шетінен кітап құмар келеді екен. Алтай жаз үй қарасын көрмей дала кезіп томаға тұйық ғұмыр (еңбек еткен) кешкен олардың рухани азығы кітап болған. Және бір байқағаным гиологтар (маманықтары сан салалы) шетінен тұйық келеді. Көп сөзге жоқ, қашан барсаң карта сызғылап



Ақадыр кенті. 1992 жыл. Әлімхан Ермеков атындағы мектептің ұстаздарымен кездесу

отырғанын көресің. Біреулерді даттап, біреулерді мақтайтын сөзуарлық оларда жоқ. Менің ұғымымда шетінен ойлы. Табиғатпен қойындасып жер тынысына құлақ түріп, асыл тастардан сыр ұққан гиологтардың мінезіне қызығатын едім.Олардың әдебиеттегі бейнесін жасауға деген талпынысым, алдарына барғанда су сепкендей басылады да қалады. Соны өзім араласып жүретін жігіттерге, гиологтарға ескерткенімде: «Көркем шығармада тартыс болуға тиісті, біздің жұмыста сондайлық теке тірес бола қоймайды. Тасқа үңілуден әріге бара қоймаймыз,-дегені бар-тын. Гиологтармен көп араласа қоймадым. Сұлтан Сүтбаевтың бас бітіміне, сөз саптасына, ұстамдылығына қарап ішін танитынмын. Кісіні өзіне жақындата бермейтін салқындығы да бар-тын. Таза жүріп, таза тұратын еді. Кейінде естелік кітап жазды. Батыр деген бір жігіт болды. Сөзі шымыр келетін, өзі де шымыр еді. Өмірден ертерек озды. Балалары Ақадырда тұрып жатыр.

Ақадырға «автобаза» атауымен белгілі Ақадыр автотранспорт кәсіпорны да дүбірлеп жататын еді. Бұл автокөлік кәсіпорны аудан көлемінде жүк тасымалдауды қамтамасыз етті. Айтулы шопырлардың даңқы жер жаратын еді. Олар жөнінде газетке талай жаздым. Үнемі ұзын жолда жүретін Әмрин Елубай, Кеңес Айтбеков, Мұсанов Назыр, Тасов Көбеген, Р.Ландайс, Б.Лесковский, Ахметов Аманжан, Кәрсенбаев Әсілтай сынды теміркөліктің бапкерлері ел есінде. Бұл мекеменің табысты еңбек етуіне (қиын қыстау кезеңнен сүрінбей өтуіне) қабілетті басқарушы Николай Михайлович Николаевтің іскерлігі ықпал етті. Бұл азаматта кеуде керген менмендік болған емес. Қарамағындағы еңбек адамдарын орыс, қазақ деп бөлмей тең ұстағанын көзіміз көрді. Бұл мекеменің «темірқазығы» Айғаринов Рысқұл болды. Осы мекемеде табан аудармай елу жылға тақау қызмет (автобаза бастығының орынбасары) атқарған Рысқұл бұл мекемені айқаймен емес, сабырмен басқарды.

Ақадыр ауданының (бүгіндегі Ақадыр кентінің) қарыштап дамуына Ақшатау кен-байыту комбинаты да мол үлес қосты. Басшысы Барлық Садықов болған еді. Ақадырда (аудан орталығында) осы комбинаттың жүк түсіру және жөнелту базасы саланған. Осы базаны (жүк қоймасын) кезінде Кәкен Оспанов басқарды. Отын түгесіліп үй салқындай бастағанда, Кәкеннін алдына баратын едік. Жағдайыңды қабағыңнан байқап қалатын ол келген шаруаңды айтқызбай-ақ тындыра салатын. Денсаулығының төмендеп кеткеніне қарамастан, алдына барғаныңда, қабағын ашық ұстауға тырысатын еді. Жалған дүниенің опасыздығын ертеден сезінген есті азамат болатын. Өзі тұрған көшеге Кәкен Оспанов есімі берілді.

Ақадыр ауданы денсаулық, білім, мәдениет саласында да алдыңғы орындарда болды. Аудан орталығында екі үлкен аурухана (ауданға және теміржолға қараған) жұмыс істеді. Денсаулық саласының үздіктері қағазға (ол үшін кешірім өтінемін) симайды. Ақ халатты абзал жандар делінетін



Бақыт Смағұлов | **Сейітжаппар Бимақаш** | **Жамбылов Темір** | **Өмірзақ Бейісбеков**

дәрігерлер мен медбикелер халыққа сүйеніш болды. Кеңестік кезеңде халыққа медициналық қызмет тегін көрсетілгенін бүгінгілер біле де бермейді. Өз мамандығына шексіз берілген дәрігерлер Ақадыр тұрғындарының есінде берік сақталады. Олардың арасында адам жанының арашасы қызметін мінсіз атқарған Қыздарбеков Жәкен, Мұсақметов Тілеукұл, Бекішев Шәмілбек, Жеңіс Көшкімбаев, Жәзілбекова Бейбіт, Жұмабаева Рахат, Ахметова Маран, Омарова Раушан, М.Воловиев, Тәшенов Баянғали, Жаңатай Мұқатаев, Сүлейменов Майдан, Құсайынов Сүлеймен, Кәлембаева Жамиға, Серіков Есенжол, Гүлнар Тамабекова, Гүлсім Әдіханова - бәрі-бәрі тұрғындар жадында.

Аудандық мәдениет бөлімі (1973-1997) өз мәнінде жұмыс істеген еді. Ауданда он совхоз болса, сол шаруашылықтардың бәрінде мәдениет үйлері мен кітапхана болатын. Ірі елді мекен Ақшатау, Мойынты, Жарық, Қайрақты кенттеріндегі мәдениет ошақтары халыққа мінсіз қызмет көрсетті. Аудан орталығында үш мәдеиет үйі, бес кітапхана тұрғындарға есігін айқара ашты. Теміржол торабының (мәдениет үйінің) көркемөнерпаздар үйіремісі (үрлемелі аспаппен) тұрақты түрде ақдарылықтарға қызмет көретті. Олардың есімдері ел есінде. Атап айқтқанда, Марат Қаракесеков, Бекетай Байкубеков, Төлеубай Қарабалаев, Аман Шоланов, В.И. Емельянов, Н.Т. Ковальковский, А.Кохан, А.А. Юсупов, А.В. Пантюхин, В.И.Петраков, В.И. Быков, Н.А. Слепцов, А.П. Чеботарев сынды теміржол майталмандары өздерінің өнерімен Ақадыр тұрғындарына мінсіз қызмет көрсетті. Тірілеріне музыка тілімен дем берді, өлгендерді қаралы әуенмен ақтық сапарға шығарып салды.

Аудандық мәдениет үйінің жанынан құрылған «Ақадыр әуендері» ансамбілі тұрақты жұмыс істеп тұрды. Осы саланы басқарған белгілі (аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі) күйші Қуанышбек Бектұрсыновтың ауданның мәдени өміріне сіңірген еңбегі орасан. Әншілік дарынын халыққа арнаған өнерпаздар Тұрсын Бесімов, Рысжан Аманжолова, Күлән Мұсанова, Қарқабат Сарғасқаева, Мақажанова Жұмакүл, Имашева Жанар, Омарова Қарлығаш, Жақаев Алшағыр, Тхметова Роза, Әдіханова Гүлнәр, Ардақ Мұқышев,

Сиезгүл Мұқышева, Мұқашев Талғат сынды өнер шеберлері ақадарлықтарға дем берді.

Кітапхана басшылғында болған-Серікбаева Бақыт, Г.Я.Медиева, Роза Қынашева, Әлімжанова Лена, Мұқашева Бақыткүл оқырмандар жадында. Кенттегі кітапханаға Сәкен Сейфуллиннің аты берілген. Бұл құтты рухани байлық ұясында әр жыларда Жамбылова Гүлбақша, Бейсенбаева Шайза, Бесенбекова Бағдат, Жамбаева Гүлмира, Әмірова Сафура, Жаубасова Сара, Искакова Гүлия, Жақыпова Гүлдана, Құтжанова Балдырған, Бәкірова Боранкүл, Қуаныш Жаңылған қызмет етті.

Кентте бүлдіршіндерге арналған « Балбөбек» жэне «Нұршуақ» балабақшасы бар. Балаларға ұлттық тәрбие беру осы бөбектер ұясынан бастау алған. Екі спорт мектебі және бар.

Ақадыр кентіндегі білімнің үлкен шаңырағы Әлімхан Ермеков атындағы қазақ орта мектебі болып табылады. Бұл мектеп бізге, барша ақадырлықтарға ыстық көрінеді. Күні бүгін солай. Мектепте туған тілін санасына жөргектен сіңірген қазақ балалары оқыды. Сонымен қатар, бұл мектеп Ақадыр кентінде ұлттық руханияттың орталығы есепті еді. Кеңестік кезеңнің тігісі сөгілген алаң-елең шақта ұлттық дәстүр-салттың оянуы осы мектептен басталған болатын. Мектеп басшылғында болған Кәкен Әскенов, қарт ұстаз өзі ақын, өзі және суырылған шешен Сейітжаппар Бимақаш, ескірген мектепті құлпыртқан іскер директор Сара Кенжебаева, ұлтжанды ұстаз Темір Жамбылов, ұлттық спортқа жан бітірген (асық ойынын бірінші болып қолға алған) Елеусіз Сүлейменов, әнші ұстаз Жамал Есімғалиева Ақадырда «ұлттық оянуға» бір кісідей атсалысқан еді. Бұл ұстаздар «Қазақ тілі» қоғамының бастамасымен қолға алынған тіл мен ұлттық дәстүрдің жандануына аянбай қызмет жасады. Өздері кілең қазақы мінезді ұлтжанды- ана тілінің уызына жарығандар еді. Олармен дидарласып эңгіме -дүкен құрудың өзі бір ғанибет еді-ау, шіркін! Қарт ұстаз, майдангер Жәмшит Мейірманов, Әбсәлам мұғалім, Сағынтай Тэтиев, Дэметкен Рахымжанова, Тиыштық Айтжанова, Ғалия Омарова, Дина Сансызбаева, Бәну Қожахметова, Бейбіт Әбдіқалықова, Еркеш Баймамырова, Күлэш Сэдуақасова, Тайтөлеу Ілиясова, Секер Аймағанбетова, Кішкентаев Мұхамедия, ЫсқақовЖәният, Байеділов Мұрат - бәрі-бәрі шынайы табиғи қазақтық қалыптарын сақтаған ұстаздардың ұстазы дейтіндей рухы биік жандар болатын. Бүгінде (2019) мектепке тәжірибелі ұстаз Гүлнәзия Тағаева басшылық жасап келеді. Мектептің өңін ашып, оқушыларға ұлттық тәрбие берудегі Гүлнәзияның және ол басқарған мектеп ұжымының еңбегі орасан.

Кенттегі М. Мәметова атындағы мектеп 1965 жылы ашылған. Оқушылар екі ауысымда білім алады. Екі тілде білім бертін аралас мектеп. Мектепте үш жүзге тарта бала білім алады. Мектептің алғашқы директоры Әбдуғалиев Сапар, одан соңғы басшы В.Н.Басуева болған. Бұл кезеңдердегі мектептің

оқу -тәрбие саласындағы жетістігі мен кемшіліктеріне баға бере алмаймын. Мектепте 1996 жылға дейін не бары төрт мұғалім жергілікті ұлт өкілдерінен болған екен. Мектептің оқу-тәрбие жұмысы бір жақты болғаны байқалады. Осы кемшілік Абақов Кәмәндір директор (1996-2004) болған жылдарда түзелді. Соны өз көзіммен көрдім. Туған тілінің мәйегіне жарып өскен ұлт жанды, ақын жанды Кәмекең бұл мектепті ұлттық мектеп дәрежесіне жеткізіп кетті. Кейінгі директор Удешов Ержан да оқушыларға ұлттық тәрбие беруге жол ашты. Мектепте эдеби кештер жиі өткізіліп тұрды. Ұлттық салт-дәстүр насихатталды. Аталған мектепте директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары боп келе жатқан Кентай (Кенжебай) Отыншин оқушыларға ұлттық тәрбие беруде тың бастамаларға жол ашты. Тәрбиенің басты құралы болып табылатын әдебиетті насихаттауға жанын салды. Елгезек ұлт жанды іні досыма ризалығым шексіз. Бұл оқу орны ұлттық мектеп боп қалыптасып келеді. Мектептің бүгіндегі (2019) директоры Салтанат Махмудова оқу-тәрбие жұмысын заман талабына сай дұрыс жолға қоя білді.

Кезінде бұл мектепте ардагер ұстаздар - Әлипова Сайран, Шәйкенова Майра, Махмудова Күләш Аралбай қызы, Рақымжанов Қайыржан табысты еңбек етті. Мектепте бүгінде тәжрибелі ұстаздар Садықова Қырмызы, Тілеубекова Гүлбарам, Құрманғалиева Бақыткүл қызмет етіп, оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру мақсатында жемісті еңбек етіп жүр. Осы ұстаздар баулыған шәкірттер Серікбай Нұрдана Марат қызы республикалық «Алаш қайраткерлерінің Қазақстан тәуелсіздігі жолындағы ғылыми мұрасы» атты ғылыми- тәжірибелік конференцияның II- дәрежелі жеңімпазы атанып, Франция еліне жолдама алған. Сондай —ақ мектеп оқушылары Ханел Мөлдір, Әмірова Ақерке, Сәбитова Айша, Дүйсенбаев Тоқтар түрлі олимпиадалық жарыстардың жүлдегерлері болып табылады.

Ю. Гагарин атындағы мектептің ұстаздарымен тәуелсіздік таңы атқан соң араластым. Алғы лек мұғалімдерді біле қоймаймын. Бұл мектеппен (ұжымымен, басшылғымен) істес болуым- 1990 жылдың оқу жылымен тұспа-тұс келді. Кенттегі ең үлкен мектепте «қазақ сыныбын» ашуға ниет етіп көшеге шыққан едік. Бастамашы топтың құрамында аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Өмір Кэріп, аупарткомның нұсқаушысы Гүлнәзия Тағаева, бастауыш мектеп мұғалімі Бақытжамал Хамзина, тіл жанашыры, қоғам белсендісі тәжірибелі ұстаз Темір Жамбылов бар болатын. Содан үй -үйді аралап (сиыр сәскеден кешке дейін) жүріп, ата-аналарға жалынып жалпайып дегендей, он үш баланың тізімін алдық-ау зордың күшімен. Сол жылғы оқу жылында (1990-1991) бұл мектепте алғаш қазақ сыныбы ашылып көңілді бір демдегеніміз бар. Содан бергі кезеңде кенттегі үлкен оқу орны аралас (орысша һәм қазақша оқытатын) мектепке айналып, тәуелсіз еліміздің болашақ жас буынына ұлттық рухта білім беріп жатыр. Бүгінгі таңда (2019)



Ақадырдағы Наурыз мейрамы

бұл мектепке 1090 оқушы қамтылған. Қазақ сыныбы-42, орыс сыныбы-11. Қазақ сыныптарында 873 оқушы білім алып жатыр. Орыс тілінде оқытатын сыныптарға 216 оқушы қамтылған. Мұғалімдер ұжымын ұзақ жыл басқарған Л.А. Әбжанова мектептің заман талабына сай жұмыс істеуіне қызмет жасаған іскер директор болы. Бұдан соң мектеп басшылығын осы мектептің бір кездегі түлегі Хасенова Тоғызан атқарып келеді. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Гүлмира Шыныбекова тәжірибелі ұстаз. Мектепте әр жылдарда ұстаздық қызмет атқарған Роза Бимақашева, Жетпісбаева Тамара, Н. И. Синельникова, М.Е. Теткина сынды байырғы ұстаздарды жас мұғалімдер үлгі тұтады. Оқушыларды ұлттық рухта тәрбиелеуде жаңаша бағыт ұстанған ұстаздар катары бұл мектепте жеткілікті. Олардың аты-жөндерін түгел қамту бұл еңбектің міндетіне жатпайды. Әйтсе де тәжірибелі ұстаздар Тамабаева Бақытжамал, Илиясова Рахия, Қаракесекова Сәуле, Марткенова Рымкеш, Әшірбекова Тілеукүл сынды мұғалімдер мектеп ұжымының мақтанышы. Тәуелсіздік таңы атпай тұрған кезеңде, аудан орталығындағы үлкен мектепте (1990) бір де бір қазақ сыныбы болмаса, ел еңсесі көтерілген еркіндік кезеңде (2019) мектепке қамтылған оқушылардың 80 пайызы өздерінің төл тілінде білім алып жатақанына қуанасың. Ана тіліміздің бүршік жарып көктеп көгеретін ұясы- отбасы мен мекеп. Ұлттық ерекшелік тілден басталады. Ана тілі ұлтымыздың төл құжаты есепті. Туған тілінен көз жазып, өзге тілдерді қызықтап кеткендер төлқұжатсыз адам сықылды болады. Түрі қазаққа ұқсағанымен, тілі мүкістер «өз қазағымыз» боп жарытпайды. Туған тіліне

жүрдім -бардым қарайтындарға, ендігі жерде, біздің қоғамда орын жоқ. Қазақ болып қаламын десең алдымен өз тіліңді меңгер, содан соң өзге тілге ауыс. Туған тілді өгейсіту- ұлтқа жаны ашымастық. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру-ана тіліміздің басталады. Туған тілін, қазақ тілін меңгеріп санасына сіңірмеген жас ұлан қытымыр өгей шешенін тәрбиесінде болған шеркөкірек баладай қазақтық салт-дәстүрге, ұлттық ерекшеліктерге салқын тартып тұрады.

Осы жолдар авторының төл мамандығы ұстаздық. Орта дәрежедегі мұғалім болдым. Қолда қалам болған сон да, өзім окытатын пән- қазақ тілі мен әдебиетті жетік меңгердім деп айта аламын. Сонын нэтижесінде окушыларға қазақ тілі мен әдебиеттің «дәмін алдыруға» қол жеткізім. Әдебиет- сөз сабағы, танымдылығы бір басқа болғанда, бұл пәнді оқыту көбінесе әсерге құралады. Шебер оқытушы әсіресе поэзия көркемдігіне күш салып, өлеңді оқуды, жыр жолдарын әдебиет сыншысындай жіліктеп талдауды шебер меңгеруге тиісті. Әрине, мұндай қабілет екінің бірінде бола бермейді. Содан барып, «әдебиет әншейін бір сөз сабағы» делініп шетке ығыстырыла салады. Жасыратын не бар, бүгінгі таңда әдеби кештер мектептерде тоқтатылуға бет алды. Келешекте мүлде өткізілмеуі мүмкін. Әдебиеттің мәнсізденуі- ұлттық рухтың, ана тілінің, дәстүр-салттың солғындауына экеп соқтыратын келеңсіздік. Оның ішінде қазақ тілінің көмескіленуіне, өңінің солғынауына жол ашатын жағдай. Әдебиет-ұлттың жан айқайы. «Жан айқайы» жойылған ұлт басқа халықтың тіліне, дәстүріне, түрлі әдет-ғұрыптарына бейімделгіш келеді. Мектеп мұғалімдерінің беделі жоғары болғаны жөн. Мұғалім беделі- бірінші кезекте өзінің жеке қабілетімен ерекшеленеді. Өз пәнін жетік білетіндей дәрежеге жеткені жөн. Содан соңғы бір қасиеті мінезінде. Баланы мінезбен тәрбиелей білген мұғалімнің бас қадірі артады. Ақадыр аймағында не бір ардагер ұстаздар болған. Олар қазақ баласына, ұлттық тәрбие берудің жолдарын таба білді. Содан да оларды сағынасың. Көбісімен әңгімелес болдық. Ұлтқа тілекші еді, ана тіліне қамқоршы еді. Олардың дені ауылдық мектептерде ұстазық жолын жалғастырды. Көбісі бұл өмірде жоқ. Келмес жаққа сапарлап кеткен. Ортауда мұғалім болған Марат Шахманов, Жетпісов Мұқыш, Кенжеқұлқызы Майра, Қызылтауда ұстаздық жолын жалғастырған-Құрақбай Ысқақов пен Нұрлан Мәдиев, Жамал Майлыбаева шетінен тілмар, шежіреге жетік ұстаздар болатын. Өспеннің тұлғалары, айтулы ұстаздар - Амалбеков Бименде, Салқаев Үйсінбай, Сәкен ақын деп жар құлағы жастыққа тимейтін Нұржанов Файзулла, спорт бапкері Әбілов Хайролла мен Майра Әбілова, Рахат Омарова, Тыхметов Ерғали, қаламы желісті ұстаз Қыздарбекова Нақан, Омарова Орал есімдері ұмтылмақшы емес. Олардың алдынан сабақ алғандардың осалы жоқ. Алғашқы мұғалімдер - Сәрінжіпұлы Хасен, Жұмаділдин Әлібай, Бэкіров Мұхамедия, Әбдірахманов Сүбхибек алды кең парасатты ұстаздар болғанын

бүгінгі буын аңыз етеді. Одан берідегі Қойшыбаев Омар, Қыздарбеков Хамза, Әбдіғалиұлы Зүлқожа, Әбжанұлы Рамазан, Нұрмыханов Тәсілбек ұрпақтар жадында қала бермекші.

Еңбек адамдары делінген коммунистік еңбектің екпінділерін кезінде жырлағанның бірімін. Олардың қатары кезінде мол болды. Туған ауылдарын еңбекпен көркейтуге үлес қосты. Өспеннің («Өспен» совхозының) озаттары (қос орденді) Егінбай Мақажанов, Сағымбек Боқаев, Тұрсын Алтынбеков, Мұхамеджанов Адамхан, Бақыт Өзбеков, шаруашылық жетекшісі болған Тұрсын Жәкешов сынды еңбек майталмандарын ұрпақ жадынан өшіруге болмайды. «Босаға» совхозының үздіктері мал шаруашылығы майталмандары Ықыметов Жанан, Иқашев Тиышбек, Малшыбаев Қойшыбай нағыз дала адамдары болатын. Кезінде «Октябрьдің 40 жылдығы» атанған кеңшардың шаруашылығын өрге сүйреген Жасұйым Бидайбекұлы, Тілеутай Смағұлов, Жұмашев Қазгелді, Наров Құлтай, Бекішев Рахметжан, Бидайбеков Қаскен еңбектің арда күреңдері болатын. Социалистік Еңбек Ері Имаш Қуанышбаевты, колхоздың айтулы жылқышысы болған Боқайтегі Игенді ұмытуға болмайды. Әлішев Әбіл де менің есімде. Қос орденді механизатор Адай Әріновтің еңбектегі екпіні қандай еді, шіркін! Қамзабаев Түлек те ел есінде. Айта берсе таусылмайды. «Ақадыр» совхозының Дуанбаев Айтбегі «дала академигі» атанып, соңғы аға шопан боп өтті өмірден. Рухтарына тағызым!

ҰЙҚЫАШАР СӘТ

ССРО -мызғымайтын алып еді,
Әлемге нұрын төккен жарық еді.
Бай да жоқ, кедей де жоқ тапсыз қоғам,
Ұйқысы еңбекші елдің қанық еді.
Тіл мен дінге бастарын қатырмайды,
Теңсіздік жоқ бір-бірін басынбайды.
Советтер Одағының халқымыз деп,
Арақты өле ішіп басымдайды.
Нан табар сегіз сағат жұмысы бар,
Шен-шекпенді, пәпкісі, тынысы бар.
Құдайы да, құраны -Компартия,
Коммунизм шыңына бастап шығар.
Арбалып көз алдаған жалғандыққа,
Тіл мен дін, дәстүр-салтта қалмай нұсқа.
Ұйқы басып бар қазақ мәңгүрттеніп,
Ұлттық нышан жәдігер қалды жұртта.
Бұл қазақ көрген жоқ па сан дүбірді,

«Кеңесің» жетістіріп мәнді қылды!?
Ұйқыға мәңгірт сана басқан кезде,
Оятты «сексен алты» жаңғырығы.
Шетқақпай ғып біртуар сенеріңді,
Түсіріп шарай көзге беделіңді.
Дағдарған қиын сәтте қазақ ұлтын,
Сергітті «Желтоқсанның» желемігі.
Мен де сол «сергігеннің» бірі едім,
Дей алман мөлдір едім, тұнық едім.
Қолда қалам, аздаған талантым бар,
Ел ішінде елеусіз жүріп едім.

Сексен алтының жаңғырығы бар қазақты «оятты» десек шындыққа жуықтайды. Өзімнің (салғаннан емес) бірте-бірте «ояна бастағанымды» жақсы білемін. Ақадыр ауданы «орыстануға» бет бұрған ауданның бірі болатын. Соны көзім көрді. Бұрынғы бірінші хатшы (И.А.Колбасин) ауданды мықтап «қатырғаны» белгілі. Ол қатырған тоңды жібіту оңайға түспеді. Ақадырлықтардың бағына қарай, сол қарсаңда (1987) аупарткомның бірінші хатшылығына Владимир Леонидович Карепов келді. Бұл азамат кеудемсоқ мінезге жоқ, бір тоға орнықты еді. Кезінде бұрынғы бірінші хатшының (И.А. Колбасиннің) қарамағында қызмет атқарған Карепов кеткен хатшының шевонистік көзқарасынан аулақ болды. Ақадыр ауданында басталған «ұлттық оянуға» кедергі жасамай, оң пейіл танытты. Ақадыр аудандық



Абай көшесінің мерекесі



Алғашқы Наурыз мейрамы

партия комитетінің идеолгия жөніндегі хатшысы Жаскен Қалиұлы Томпиев сол қарсаңда (1987-1992) Ақадыр көлеміндегі бастамаларға оң иығын беріп. қолдау көрсете білді.

Ақадыр ауданы ұлттық салт-дәстүрді Арқа төсінде (солтүстік облыстар бойынша) бірінші болып қолға алған болатын. Нәтижесінде, Сәкен туған Қарашілікте «Бүркітші қансонарда»деген республикалық саятшылар байқауы өтіп тұрды. Іле аудан орталығында 1990 жылдың көктемінде «Қымызмұрындық» мереке-жәрмекесін өткіздік. Еріксіз еске түседі. Молшылық мерекесін қазақы салтпен өткізу барысында ақсақалдардан бата сұрағанымызда, бір де біреуі қол жаюға жарамады.«Біз коммуниспіз ғой. қарағым. Бала-шағамызға кесіріміз тиіп жүрер» деп сырт айналды. Сосын осы жолдар авторы ортаға шықты.

Шөлдесең мейір қандырған, жүректе отты жандырған,
Биесі бар үйлерге, шақыртпай-ақ барғызған.
Қолға алдырып домбыра, еріксіз әнге салдырған.
Қымызы бапты жеңгеге, қайындары наз қылған.
Ду-думанды жыр қымыз!
Шаршағанды сергіткен, бойға қуат әл қымыз,
Ішкенде қанды қыздырған, көңіл құсы, ән қымыз.
Тіршілікке әр берген, салтантты сән қымыз,
Ұйқысызды қалғытқан, жанға шипа мән қымыз.

Салтанатты сәні бар, шырқайтұғын әні бар,
Қыз күлкілі назы бар, әзіл-қалжың жарастық, бір өзінен табылар.
Нұр жайнаған- гүл қымыз!
Жайлауымдай өрісті, жүйріктейін желісті,оңға бұрар терісті,
Су сепкендей басады, ашу-нала керісті.
Күндей бейне шуақты, бағасы кымбат-Нұр қымыз!
Көңіліне жастардың желік берген- бұл қымыз,
Махабатқа жеңгетай ерік берген- бұл қымыз.
Шалдарды да есіртіп сынап көрген- бұл қымыз.
Көз салдырып керімге, куат берген- бұл қымыз.
Қайындарын жеңгеге жұғыстырған-бұл қымыз.
Жүрегінен сұлудың сыр ұқтырған- бұл қымыз.
Бір- бірімен аразды табыстырған- бұл қымыз.
Жүйріктерін дәмелі жарыстырған- бұл қымыз!
Шақыратын кол бұлғап алыс қырдан-бұл қымыз,-

деп жыр толғаған менің де қымызбен «жолдас, болғаныма жетпіс жыл өткен екен.

Қымыздың бабы жөнінде «Тұғыр» -2011 кітабында бір тарау арнағанмын. Сонау тоқсаныншы (1990) жылдардан басталған бие байлар рәсімі Оңтүстік Қазақстан облысының Қазықұрт ауданында (1990) алғаш өткізілсе, Арқада Жезқазған облысының Ақадыр ауданында Қазақстан бойынша «Қымызмұрындық» молшылық мерекесі тұңғыш рет өткізілген болатын. «Қымызмұрындық» молшылық жәремеңкесі бүгінде Қазақстанда қанат жайып, елміздің елеулі бір мерекесіне айналды. Базарлық экономика қымызға деген сұранысты күшейтіп, қымыз молшылығына жол ашты. Кешегі кеңестік кезеңде ұлттық мәзір ата сусын қымыз ішуді де ұмыта бастаған болатынбыз. Басқа өңірлерді айтпағанның өзінде Жезқазғанның сапырылған сары қымызы, Жаңаарқаның бал қымызы, Ақадырдың ән қымызы Сарыарқа төскейін думанға бөлеп, төре қымыз дәрежесіне жетіп, «ащы суды» дастарқаннан ығысырып шығарды. Шарапсыз да той өткізуге болады екен. Аңқылдақ ақындар былайша жыр толғады.

Ішпеймін жалынсаң да бұл арақты,
Ежелден бабамызға ұнамапты.
Сапырып сары қымызды ішкенінде,
Зар-мұңын көкірегінен қуалапты.
Ішпеймін жалынсаң да у арақты,
Өйткені еркін елге ұнамапты.
Кең пейіл бабалардың мінезіндей
Қазаққа қымыз деген мұра қапты.

Ақадырда сонау тоқсаныншы жылдардан басталған «Қымызмұрынық» бие

байлар молшылық мерекесі тұрақты тұрде өтіп келеді. Бұл рәсімді бүгінде жергілікті әкімшілік өз қолдарына алған. Ақадыр өңірінде қымыз баптау (2019) жоғарғы деңгейге жетіп, сапырылған сары қымыз дастарқаннан тұрақты орын алды. Ақадырда бие байлап қымызды алғаш сатылымға шығарған Табыспай бауырымыз еді. Табыспайдың бапты қымызын Қазақстанда ішпеген адам кемде-кем. Ол өзі «қымыз мінезді» аңқылдаған ашық кісі болатын. Баптаған қымызын пойызға алып шығатын еді. Содан былайғы жерде, Ақадыр өңірінде қымызшылар қатары молықты. Қымызшы Бауыржанның «Дариға дәурен» қымызханасы сусаған жолаушыны өзіне шақырып тұрады. Жүйрік баптап, тазы ұстайтын атбегілігі мен аңшылғының бастау көзі - Бауыржан Мақышевтің қымызшылығы екенін жақсы білеміз. Ақадыр көлемінде фермер Төлеген Әреновтың баптаған қымызы (бүгінде қымыз өндірумен балалары Өзібек пен Жанна айналысады) Астанаға да жеткен еді. Сондай-ақ шаруа қожалығының жетекшісі Жомарт Жақаев (бәйбішесі Бақыттың еңбегі) баптаған қымызды үлкен-кіші іздеп жүріп ішеді. Ақадырдың (кенттің) өз басында бие сауатындардың қатары молығып келеді. Батырдың (марқұм боп кетті) Сәулесі дайындаған қымыздан жалбыз исі аңқиды. Оларды да көпшілік «өзіміздің ауылдың қымызшылары» деп іш тартады. Атап айтқанда, Дархан (біздің бала), Шырынжанның Ерболы, Алтай ақынның немересі Омар, т.б. қымызшылар Ақадырда көбейіп келеді

Ақадырда «Қымызмұрындық» мерекесі аясында түрлі ұлттық дәстүр-салт рәсімері өткізіліп тұрады. Соның бастысы «Қымызбасар» думаны. Әдетте ескілікті тәртіп бойынша, қымыз ішілген соң қымызды бойға сіңіру үшін түрлі кәде- жоралғылар басталады. Балалар тай үйрету бәсекесіне кіріссе, білекті жігіттер асауды бастықтыруға белсенеді. Қымыздың ақысы (ақтығы) деген болады. Үлкендер, бәйбіше мен кәрия бір-бірімен қайымдасып сөз жарыстырады. Аузы епті ақсақал отырып:

Дегенде кемпір деймін, кемпір деймін,
Шараны мол қымызға толтыр деймін.
Дем алмай сол қымызды таусып ішсем,
Еске алу «кешегіні» сертім деймін,-

деп кәриялар толғаса, бәйбішелер де қарап қалмайды.

Дегенде шалдар деймін, шалдар деймін,
Сөзімнің тоқ етерін аңғар деймін.
Бәрінен де қымыз ішкен бізге олжа,
«Кешегің» ескі жұртта қалған деймін,-

деп замандасының аузын жауып тасайды.

Енді бір тыныста жеңгесі мен қайнысы кезегін алады.

Дегенде қызыл қашар, қызыл қашар,
Қызыл тауды айналып түлкі қашар.

Жеңеше жауабыңды ыңғайлай бер,
Әніне мен салайын «қымыз басар»,-
деп қайнысы үзілдіргенде, жеңгесі де карап қалмайды.
Қайным-ау, сиқың қалай бұлғақтаған?!
Масаңсып бал қымызға ыржақтаған.
«Еркежен» сенен көзін тайдырып жүр,
Мәрттікке жоқ дейді ме сыр сақтаған.
Қайнысы қайтпай қаржысады-ау.
Ауылдың желкесінде сайым болсын,
Қорғалап туатұғын айым болсын.
Барамын қымызға улап ақ жеңеше,
Қымыздың «басытқысы» дайын болсын,-
деген жігіттің «қорғалап туатұғын айым болсын» деген емеурініне түсіне қалған әккі жеңге оңайлықпен алдырсын ба!
Аузыңа түспеді ме елең-алаң,
Қорғалап ай туғанша неше заман!?
Сарымсақ сайда өсетін әлі жасаң,
Күтіп ал бозалаңда келсе шамаң,-
деп ашық кетеді.

Қымызды кәделеудің сандаған түрі бар. Қымызды іше салып тұрып кетуге болмайды. Әзіл-қалжыңға жол беріліп, өлеңшілер әнге кезек берді. Одан эрі қымызды бәстесіп ішудің кәдесі-«Қарқын аяқ» бәсекесіне кезек тиеді. Бұл кэде қыз бен жігіттің, қайнысы мен жеңгесінің арасында бір-біріне қымыз ұсыну бәсекесіне ұласады. Әдетте, қымызды ұрттап ішуге болмайды. Қымызды жұтады, сіміреді. «Қарқынаяқ» бәсінің шарты бойынша аяқтағы немесе шарадағы, әйтпесе торсықтағы қымызды бәске тіленген адам басына бір-ақ көтреді, дем алмай сіміреді. Айтулы мешкейлер шығады белсеніп. Бір торсық қымызды таусып кетеді. Тауса алмаса астындағы атын береді ұтысқа. Бұл бәсеке көбінесе жастардың арасында өтеді. Қыз бен жігіттің жақындасуына септеседі.

Дегенде «қарқын аяқ», «қарқын аяқ»,
Қымызды не қыламын сенен аяп.
Ашқарақ ашпа -жалап әдетің бар,
Шашалып қала ма деп тұрмын аяп,-
деп бойжеткен бозбаланы ілмелегенде, жігіт те қарап қалмай қара өлеңге дес береді.

Қалқаның бойды ерітті-ау жағымды әні,
Кез қылған мені саған бағымдағы.
Ішілмей жақсы қымыз қалғанынша,
Дұрыс -ау жаман қарын жарылғаны,-
деп құрбысы тәуекелге бекінеді.

Қымыздың бабы жөнінде өткен тарауларда айтылды. Қымызды, жалпы мал сүті- ақты қастерлеу-өсер жасқа үлкен міндет жүктейді. Малда да қасиет болады. Маңдай термен дайыналған ақты (айран, қатық,қымыз, ашымақ, ірімшік, құрт) рәсуәлап төгіп шашу кесірдің ең үлкеніне жатқызылған. Ата сусын қымыздың адам ағызасына тигізетін пайдасы мол. Жан сарайың қуаттанып, қаның толады. Ақыл сарабың кеңейіп, таза сезімге жол ашылады. Ғашықтық аңсарың күшейіп, сүйіктіңе қапсыз үрынасың. Қымыз ішкенде қан құрамындағы зәрлі заттар жойылады. Кекшілдік, қызғаншақтық, көре алмастық тәрізді жағымсыз әдеттер қымызды жүйелі түрде ішу арқылы көңілден өше бастайды. Қымызды жанға дәру дейтініміз содан. Адам ағызасына беретін күші тіптен ересен. Жар төсегі суынбайды. Қолға алған жұмысың өнікті келеді. Халқымыздың малының асылы-жылқы, аяулысы-қыз. Дүниеге деген ашкөздіктің,тұтынушылыққа деген тойымсыздықтың етек алған тұсында, қасиетті түлік жылқыны өсіру, қызды ардақтап суық көзден қорғашау оңайға түспейді. Жылқыны жөндеп баға алмаған, қымызын дұрыстап іше алмаған, аруын суық көзден қорғай алмаған нендей қазақ?! Қаның тазарып, жаның жадырап, қазақтық қалпыңа түскің келсе, қымыз іш, жылқының етін же. Арам асты аузыңа алма. Сонда сен өмірдегі недей бір қиындыққа қарсы тұрып жеңе аласың.

Қысқасы, «Қымызмұрындықты» ұлттық мерекеге ұластыру күн тәрібінде тұр. Халқымыздың баға жетпес рухани байлығы, асыл қазынасы оның туған тілі екені баршаға мәлім.Сөз жасалымына сидырғанда «Қымызмұрындық» қымыз және мұрындық сөзінің бірігуінен туындаған атау. Ерте кезеңдерде қымызды сабаға ашытқан. Биенің терісінен жасалынған сабаның бүйірінде шүмегі (еміздігі) болады. Ең үлкен саба бес биенің терісінен жасалынған делінеді. Қазақтың қара өлеңінде «келіншекке жарасқан- бесіктегі баласы; бәйбішеге жарасқан- еміздікті сабасы» деген жолдар бар. Сабаның бүйіріндегі еміздігіне (шүмегіне) тобылғыдан жонып үшкірлеген мұрындық (арнайы тесіктерге) сұғылады. Мұрындықты қайыспен шандып тастайды. Екі мезгіл (ымыртта, қымызды қотарардың алдында) пісіліп, бабымен ашыған қымыз мұрындығы алынған сабаның шүмегінен үлкен шара ыдыстарға қотарылады. Әдетте, қымыздың алдын кәделеу ұлттық салтқа жатады.Алғашқы қымызға ауылдың үлкендерінен бастап, көрші -қолаңды шақыру бұлжымайтын тәріп.Қара сабаға ие бәйбіше сабаның «мұрындығын» ырымдап отағасыға, немесе кішкене немересіне ұстатады. Мұрындығы алынған сабадағы қымыз көпшілікке ұсынылады. Міне, осы алғашқы қымыздың кәдесінен «Қымызмұрындық» салты пайда болған. Қымызмұрындық рәсімі, бие байлар салтанты жайлауда айларға созылған. Кезектесіп «Қымызмұрындыққа» шақыру той-думанға ұласып, көкпар тартылған. Ет желініп, қымызға қанған көпшілік әзіл-қалжыңға дес берген. Түрлі ұлттық ойындар- «бура

котан» «бұйда тартыс», ат үстінегі сайысты қызықтаған. Балалар тай үйрету бәсекесіне кіріскен, асық ойнаған. Қолы қыжырлы жігіттер биені жебелеп сауатын жарысқа білек сыбанған. Жүлдеге ие болып, ат жетектеген. «Қымыз басарға» деп жігіттер де асық ойынына кіріскен. Аламан бәйге жарысы өткен.

***

Тәуелсіз елміз бүгін еңсесі озық,
Жүйіргі аламанда жүрген озып.
Келеді ауыл қайта көтеріліп,
Күбіге жұпар иіс қымыз толып.
Қазақтың жылқы десе қаны қызған,
Қымызды дертке шипа дәрі қылған.
Жігіттер көкпар тартып кең жайлауда,
Тай үйреткен балалар нағыз ұлан.
Жалғасын сол дәстүрдің үзіп алмай,
Ұлтжанды азаматтар тыным алмай.
Дамыл-дамыл аламан бәйге өткізіп,
Қымызды молықтырған шекер балдай.

«АҚАДЫР ТАҢЫ» ГАЗЕТІ

Ақадыр ауданының тарихын хатқа түсіргенде, сол ауданның үнпарағы- «Ақадыр таңын» айтпай кету орынсыз болар еді. Бұл газет аудандық партия комитетінің басылымы болып табылғанымен, халыққа жақын болды. Газет еңбек адамдарын жырлады. Аудан көлеміндегі шаруашылықтардың жетістігі мен кемшілгін таразылады. Газеттің алғашқы редакторы Марал Хасенов болатын. Екі тілге бірдей жүйрік оның қаламы қарымды еді. Жұмсақ әзілге құрылған сықақ әңгімелері мен мақалаларынан май тамып тұратын. Кезінде бұл газетке тер төккендердің бірі- талантты ақын, әрі қаламы желісті жорналшы Айтақын Жексенбаев газеттің ауыл


Ісі қазақтың Жарылғабы

АҚАДЫР ТАҢЫ

ГАЗЕТ 1975 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАН ШЫҒАДЫ.

ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ АҚАДЫР АУДАНДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ГАЗЕТІ

№30 (2741) □ ЖҰМА, 13 ТАМЫЗ 1993 ЖЫЛ. □

Женіс ҚАШҚЫНОВ

Баһадүр


Газетіміздің бұл арнайы саны Көкбөрі Керней Жарылған батырдың 260 жылдығына арналып отыр



шаруашылық бөлімін басқарды. Ол ауыл өмірін жақсы білетін еді. Еңбек адамдарын суреттеп жазған очерк, суртеттемелері көркем тілмен өрілетін-ді. Газетте әр кезеңде таланатты жорналшылар Амандық Рахов (редактордың орынбасары), Николай Михайлович Николаенко (газет редакторының орынбасары), Ғалымжан Жұмақасов (газеттің жауапты хатшысы), Күлсайран Батырғалиева, Аманбол Жалғас, Қашқынбай Сейсекеев, Свет Оразаев, Жаңабай Жұматаев, Мейірбек Екібаев, Ізбасар Қабдырахманов, Бақыт Құлжанбеков, Ақмарал Баймурзина, Елена Теткина, Жұманият Ысқақ, Әуесқан Аманжолов, Көшербай Назарбеков сынды бір топ таланттар шоғыры қалам қайратымен танылды аудан жұртшылығына. Мұның сыртында газеттің штаттан тыс тілшілері Мұрат Көккөзов, Темір Жамбылов, Кәкен Әскенов, Сейітжаппар Бимақаш, Нақан Қыздарбекова, Серік Қамбаров бастаған каламгерлер газетте жас ұрпақ тәрбиесі жөнінде, жаны ізгі жайсаң адамдар туралы тұшымды мақалалар жазып тұратын еді. Аудандық баспахананы (газет басып шығаратын) әр жылдарда Мағауиден, Ғалымжан, Айткен Мұсатаев, Тәбен Ахметов басқарды.

***

Он совхоз егін салып, мал өсірді,
Ақшатау комбинаты істеп тұрды.
«Ақадыр таңы» деген газет шығып,
Өзіне тартып еді көпшілікті.
Сол газеттің кезінде «нанын жедім»,
Мадақтап жырға қосып-«Еңбек Ерін».
Марал Хасен -талантты жорналшы еді,



Хасен Марал



Сүлейменов Рымқұл



Рахов Амандық

Келістіріп келтірген сөздің ебін.
Маралдың Рымқұл кеп орнын басты,
Газетке дей алмаймын алқа тақты.
Қаламы ұшқыр жазушы, жорналшы еді,
Ауданды олқысынып безе қашты.
Айтақын- сол газеттің қара нары,
Әр бетіне төгіп ет маңдай терін.
Ақындық шалымы да бар болатын,
Талантына табындым жетіп көзім.
Жексенбаев Айтақын- сөз ұстасы,
Желге ұшырмай сақтайық ақын сөзін.
Төрехан Майбас және редактор,
Аршыған ыждаһатпен сөздің кенін.
Әр сөзі қорғасындай салмақты боп,
Сөйлемі шымыр келер- сұлу өрім.
Төрехан мен Ақадыр егіз ұғым,
Дейді оны құтты өңірі-«Ескі көзім».
Содан соңғы бір жүйрік- Свет ақын,
Ақадырда ақындық қалдырды атын.
Қаламы желісті еді міністі аттай,
Жырлады Ақадардың кәрі- жасын.
Ақадырды жалықпай жырға қосты,
Ұлықтаңдар ұмытпай ақын атын.
Оразаев Светке шәкірт болған,
Жұматаев Жаңабай -талантты ақын.
Ақадырдың көгінен ағып түсті,
Тәңірім өлшеп берген ғұмыр жасын.
Бекжанның Ақадырда Ардағы бар,

Ақындық әжептәуір салмағы бар.
Түбінде топты жарып озғындайды,
Үміттенем болар деп маған сыңар.
Сейітжаппар Бимақаш та нағыз тарлан,
Кезінде алдында боп білім алғам.
Елу жыл ұстаз болып бала оқытты,
Ақындық шалымы бар-өлең жазған.
Амандық Рахов та жайсаң дарын,
Жорналшы боп қаламмен ашты бағын.
Ізбасар Қабдырахманов талантты еді,
Газеттің кіргізетін сөзбен сәнін.
Смағұлов Шыныбек кәрі тарлан,
Қаламды бірінші боп қолына алған.
Әні де бар салатын, қалам қолда,
Кезінде серілікпен топты жарған.
Ғалымжан Жұмақасов болды бетті,
Орысша, қазақшаға қаламы епті.
Құлжанбеков Бақыт та жақсы жазды,
Газетке шамасынша терін төкті.
Баспагер Ахметов Тәбен қандай,
Газетті бастыртатын іркіп қалмай.
Баспагерлік таланты бағын ашты,
Сөзі жұмсақ болғанда ісі қандай!
Фототілші Аманбол тындырымды,
Арқасында газеттің өңі кірді.
Жұманият, Мейірбек, Әуесқандар,
Газетті өңейтуге білек түрді.

Қайран сағынышқа айналған өткен күндер-ай десеңші! Осы жолдарды қағазға түсіру барысында көзімді талай-талай суладым. Ақадырға кеп орын тепкенде қырықты алқымдап қалған едім. Осы құтты мекенде мағыналы да мәнді ғұмырымды өткізген менің де айым бірден оңымнан туып мұңсыз, қамсыз ғұмыр кешіп едім деп айта алмаймын. Сүріністер көп болды. Аяқтан шалғандар да баршылық еді. Дос көңілмен демесіндегендер де болды. Соларды бүгінде (2018) өлісі бар, тірісі бар сағынасың. Сағынышқа айналған жылдар мені жаз, мені жаз деп адамша тіл қатқандай болады. Аудандық газет мен үшін мектеп болды. Бұл газетте істеген аз ғана жылда қоғамға деген түсінігім молығып, адамдарға деген сыншылдық көзқарасым қалыптасты. Жазу стилім газеттің оңтайына келе қоймады. Соны жақсы сезінген мен газеттен іргемді дер кезінде бөлдім. Көркем шығармаға ойысып машықты прозаның қалыбын таптым. Соның нәтижесінде соқталы прозалық шығармалар жазылды.

Бұркақ» және «Тайталас» романдары жазылды. Ондаған хиқаят, жүздеген әнгіме де Ақадырда туындады. Жазудың сиқыры мені өзіне мәгнитше тартып, кол аяғымды шырмап үстелден тұрғызбай тастайтын-ды. Сол қарсаңда ғой менің бірінші нөмірлі «арамтамақ» атанып жүргенім. Бұл атақты маған көрінеу «таңған» кешегі Кеңестік кезеңнің шенділері (Колбасин, Филипович, Серіков) болатын. Құдай сақтасын, арам асты аузыма алып көрген емеспін. Ұрлық қылу қолымнан келмейді, сұғанаксып коғам дәулетіне суык қолымды сұғу өңім тұрмақ түсіме де кіріп көрген емес. Біреудін адал енбегінің үстінен күн көру деген масқарашылық емес пе?! Алыпсатар боп саудагерлікпен айналысу деген табиғатыма үйлеспейтін кәсіп. Қыдырымпаздыққа салынып ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүрмегенім баршаға аян. Карта ойнауға икемім басынан жоқ. Сонда менің «жатыпішер» болмағым не?! Кітап жазып қалам ұстағаным үшін бе?! Әрине, сол үшін олар (қырағы коммунистер) мені қырына алды. Бірақ түк бітіре алмады. Жастайынан қозы баққан бейнеткор ауыл баласы өсе келе жатып ішер жалқау болып шығады дегенге кім нансын?! Әкем қой бақса, мен ой бақтым. Ой еңбегі, қол еңбегінен ауырлығы басым ең қиын еңбекке жатады. Оның ішінде жазушылық қалам ұстаған адамға үш есе ауырлық келтіреді. Төпеп жаза берсең шимайкеш грамофан-халтуршик боп шығасың. Содан да мен бұрқыратып жазудан өзімді қалыс ұстадым. Жай-жай сырғытып баяу жазамын. Сол машықпен осы жазбаны да қағазға түсіріп жатырмын.

«Ақадыр таңы» газетінде кілең бір талантты азаматтар жұмыс атқарды. Айтақын Жексенбаев редакцияның қара нары атанып еді. Жазуы жатық, сөйлемдері қою келеді. Өлеңге де құсы түскіш суырылған ақын. Қазақы қара сөзге, қалжыңға да ұста. Мейлінше сыншыл, ол аудан көлеміндегі пэпке ұстағандардың мінез-құлқын жіліктеп беретін еді. «Аупартком мен ауаткомда қазақы мінезді бір-ақ адам бар» деп отыратын. Онысы- кәдімгі Кәмендір Абақов еді. Бүріп сөйлеуге жоқ, іліп сөйлейтін бүкпе қалжыңға епті Кәмекеңмен ол күніге (телефонмен) бір сөйлеспесе жайы болмайтын еді. Сөйтсек, Кәмендір Абақов өзінің ақындық қабілетін бүгіп жүрген кісі екен. Үйі толған кітап, сөйте тұра өлеңнен бой тартып келген Кәмендір зейнетке шығып алған соң ғана өлеңге ойысқан. Бүгінде (2018) қалада тұрады.

***

Тұтқынына түстім қаланың,
Еркесі едім даланың.
Ұлдардың еріп тіліне,
Батпайды ішкен тамағым.
Орыс кемпірлер көршіміз,
Тілдесер бір қазақ жоқ

Кәртайғанда осы көнсеңіз.
Қайран да қайран қаланы,
Қандай адамдар мақтайды.
Сайран салған даламды,
Қандай иттер даттайды.
Бұл тұтқыннан өлгенде,
Құтылатын шығармын.
Шыдамай қысым көргенге,
Өлең ғып мұңды шығардым.

(Кәмендір Абақ, «Бір белгі»-2011)

Айтақынның нұсқауымен Кәмендірмен мен де хабарласып тұрдым. Бірақ ол маған ашылмады. Жаңа ортаға үйренісе алмай, газеттің бас аяғы бітпейтін ауыр жұмысына көндіге алмай жүрген мені Айтақын бауырым (біреулер оны найман дейді, ол қате сөз, асылы Тарақты, оның ішінде Тоқтауыл атаға жатады) жылы сөзімен жұбатады. Бірде жұмыста отырғанымызда: «Мына біздің замредактор аңқау адам. Ғалымжанның әкесін пойыз қағып кетіпті. Соны сіз «ответ секретарымызға» естіртіңіз дейік» демесі бар ма! Айтекен жайшылықта Ғалымжанмен құрдасындай қалжыңдаса беретін. Ғалымжан сөзге жүйрік ұшқыр жігіт, Айтақынға алдыра қоймайды. Босаға стансасы ұрт жер. Екі -үш адамды пойыз қаққан. «Ғалымжан нанып қалады, зәресін бір ұшырайық» деп Айтекең мені Николай Михайловичке жұмсасын. Менің де жетіскен орысшам жоқ, осылай да осылай деп болған жайдың жай- жапсарын айтып шығып: «Сіз редактордың орынбасарысыз, әрі жасыңыз үлкен. Қазақ ғұрпында мұндай қаралы жағдайды жақындарына үлкен адам хабарлайды» дегенде, ол сөзге келместен Ғалымжан отырған бөлмеге беттеді. Кейінде Ғалымжан айтады, нанып қалдым деп. Айтекең редакциядағы үлкен -кішімен қалжыңдаса береді. Көшербай есімді тілші жігіт бар, руы Сарымға жатады. Екінші бір кеуделі азамат Шыныбек те сол атадан. Шынекең оқыстан тайып жығылып аяғын сындырып алған көрінеді. Соны ілік қылған Айтақын бүйдемей ме:

Сарымнан қос журналист шығып еді,
Сұқсырды қаршығаша іліп еді.
Ілем деп қасқалдақты жүргенінде,
Тырапай асқан жоқ па, Шыныбегі!
Көшербай ағасына уайымдап,
Шатасып арақ ішіп бүлінеді, -

деп мысқылдайды ғой.

Газеттің бас-аяғы бітпейтін ұзын сонар жұмысы титықтатып, мезі қылғанл; тілші қауым аздап бой жазады. Сондай бір серпілісте «сәбіраз жасап» ауы жылыту сөкет емес. Оның соңы әзіл-қалжыңға ұласады. Редакция - өнер ме -

әдебиеттің бас штабы есепті. Келіп кететіндерден редакция бір босамайды. Әңгімені тұздықтау-Айтақынның үлесінде. Редакция қожайыны Мәкең, Марал Хасеновтың шымшыма эзіліне құлақ түреміз. Аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Қуанышбек Бектұрсыновтың да әртістігі бар. Аудан өнерпаздарын облысқа бастап барып табыспен оралған ол Шыныбектің (бұл кісі әнші болған) пойызда «ұйқысырағанын» жыр қыл май ма. Шынекең төменгі орынға жайғасып алып, қатарындағы жолаушыға, әнші қызға ұйқысыраған боп аяғын жүгіртетін көрінеді. Мазасы кеткен қыз орын ауыстыруға мәжбүр болыпты.

-Осыныңыз не?-дейді Марал қасақана өңін суытқан боп, - Үлкен адамға жараспайтын ерсі жағдай.Өзіңіз коммуниссіз, әрі газет қызметкерісіз.

-Өтірік сөз,-деп Шынекең қарғана бастайды, - Куанышбектің ойдан шығарып алып жүргені.

-Е-е,солай ма?-дейді редактор жұмсақсыған райда - Тәрізі болған іс сияқты. Сонда қай аяғыңызды жұмсап едіңіз, сау аяқты ма, әлде сынған аяғыңызды ма?

Мұнда күлмегенде қайда күлесің. Күлкіден «қырылып» қалған біздер Шынекеңнің «ұйқысыраганын» үстепкемен атап өткеніміз бар. Шыныбектің артында балалары бар. Ол өлмеген адам.

Бір жолы Айтақын жұмысқа көңілісіз оралды. Бір мықтымен ілінісіп қалып... соны жыр қылмасы бар ма!

-Әлгі ешкі бас ше?-дейді кәдімгідей-ақ шамырқанып,- «Сендерді құртамын, шеттеріңнен ішкішсіңдер» деп ит жынына тиіп.

- Ол кісінің бүлінетін қисыны бар,-дейді редактордың орынбасары Амандық Рахов жайымен ғана,- Әне жолғы жетінші ноябірдің шеруінде біздің бастық оны қатырған.

-Қайтіп?!-дейміз бір қызықтың болғанын ұзын оймен топшылап.

Сөйтсек, оқиға былайша болыпты. Айтақынға соқтыққан мықты жаңадан алған құндыз құлақшынын қолына алып аялай сипап тұрғанын байқаған Марал оны сөзге тартып: « Мына бөркіңіз аяулы-ақ екен»-демесі бар ма. Соған дэс алған әлгі мықты құндыз бас киімді ақшаға жығып алғанын айта бастағанда, Марал тұрып: « Апыр-ай, ә! Өзі сонда басыңыздан да бас киіміңіз қымбат болғаны ғой» демесі бар ма. Естігендер ду күлсе керек. Сол-ақ екен, қымбат бас киімнің иесі ертоқымын бауырына алып тулай жөнеліпті...

Рымкұл Сүлейменов аудандық газетті бір жыл ғана басқарды. Келуінен кетуі тез болды. Оның орнына Төрехан Майбас тұрақтады. Сөзге де, жазуға да сараң ол газетті қолына алған соң бауырын жазып еркін көсілді. Тынысы тараң «партиялық» газет «Алаштың айнасы» боп шыға келген. «Елімайлаған» небір ішті мақалалар-шежіре, ел тарихы, жер тарихы, алаштың арыстары, батырлар мен билер турасындағы тың деректер газеттің бетін жаулап алды.

Газет ішкі мазмұнына орайласып сырт ажары өңейіп құлпырып шығатын еді. Аудандық баспахананы басқарған Тәбен Ахметов іздемпаз жаңашыл азамат. Жаңашылдар Төрехан мен Тәбеннің арқасында « Ақадыр таңының» әр саны кітапша боп шығып, еркісіз көз тартып тұратын-ды. Басылымның мазмұнды боп шығуына Свет Оразаевтің еңбегі ересен болды. «Тентек ақын» атанып елінен (Алматыдан) жырақ кеткен Светтің Ақадырға тап болуы Тәңірдің алқағаны десем, артық айтқандық емес. Светтің қаламы төгілмелі, өнікті қаламнан деста-деста өлең, құлаш-құлаш мақала шығып жатты. Оның ақындық өр үні Ор-Абаны жаңғыртып, Айыртаудың биігін қыран қанатының суылына бөктірді. Светке еліктеген талапкерлер (Жаңабай Жұматаев, Әуесқан Аманжолов, Мейірбек Екібаев, Боранбай Маясаров, Боқан мен Сағынтай, т. б.) шыға бастады. Светтің арқасында Ақадыр ауданы ақындардың «астанасына» айналып шыға келгеніне куа болдық. Оның қаламынан туындаған очерк, суреттемелер газеттің өңін кіргізіп, қарапайым еңбек адамдарының мерейін өсірді. Оның сұңқар тегеурінді ақындық екпіні марғау сананы сергітті.

Ерітіп үйдегі мен түздегінің,
Жылдар бойы сіреskен мұз көңілін,
Қазақтың желпіндіріп делебесін,
Дербестік есік ашты бізге бүгін,-

деп тәуелсіздікті шаттана жырлаған еді.

Аудан тараған карсаңда (1997) оның жұмыссыз қалғанын көзіміз көрді. Рухы разы болсын деп Ақадырдың бір көшесіне есімін бергіздік. Бейіті құлап жатыр. Өлген Свет тұрмақ тірі жүрген өзіміздің де жағдайымыз онша емес. Советтер Одағы ыдырағанда иесіз байлықты басып қалған байшыкешер иығымен қағып жүргізбейді. «Сорлы көнген, бетпақ жеңген» заманыңыз осы.

«Ақадыр таңына» қалам қайратын жұмсаған Мейірбек Екібаевтың да өзіндік жазу мәнері, ақындық алымы бар болатын. Оның жазу стилі(машығы) басқалардан бөлекше келетін еді. Сөйлемдерін диалогқа құрып, суреттеп жазуға шебер еді. Өлеңді де таза жазып, ықшам шығаратын-ды. Оның бір өлеңі «Жетім мысықтар» деп аталады.

Күнде көрем жетім жүрген мысықтарды,
Ойын салған бітпес әзір қылықтары.
Ұраларда түнеп жүрген олар бір,
Сезер ме екен шуақты жылы таңды.
Таң азанда «жетімдер» мияулайды,
Көңілін енді анасыз кім аулайды?
Анасы жоқ қорғансыз жетімектей,
Білмейді ғой балаша қиялдауды.
Ертеменен дірдектеп бүрісер ол,
Жылынуы үшін де жүрісі мол.

Жетімдіктің жейдесін кидім мен де,
Биялайсыз тоңатын дірдектеп қол.
Мысық-сәби, мен де бала болғанмын,
Ащы дәмін татқан едім арманның.
Ата-анасыз балаларды көргендей,
Ақ қағазға төгіп шерді толғандым.

(«Ақадыр таңы»,1992 жыл, Мейірбек Екібаев,
«Өмірді өрнектеп өлеңмен» топтамасы.)

Мейірбек аудан тарап газет жабылғанда жұмыссыз қалды.Созылмалы дертке шалдыққан оның қара жұмысқа икемі жоқ еді. Жар қызығын да көре алмай, жалғыз қызын көңіліне медеу тұтумен жүріп, бір жақынының (Буырлыбайталдағы) қолында мезгілсіз көз жұмды. Жазған, сызғандары шашылып күресінде қалса керек. Ақадырға бір келгенде: «Қызым үйіне кіргізбеді» деп мұңайды. Өлен жазған екен, соны оқыды.

Байлады ма тәңірім бағымды мынау,
Қажет пе маған тағы да жылау.
Көріп-ақ жүріп тіршілік тауқыметін,
Сағындым-ау, қызымды, сағындым -ау!
Ерсі маған қылығың көрініп тұр,
Анаң құсап адуын өріліп тұр.
Көрсетеме деп қорқам мінездерін,
Туыспаған жақындай бөлініп кіл.
«Дәнекерге неліктен жарамадың?
Сорлы әкеңнің жүрегін жараладың».
«Бұрын қайда қалдың?» деп сұрап едің,
«Әке болсаң ойлаған бала қамын».
Не дермін, қателікті мойындаймын,
Тірі жетім атаңдың-бұл маған мін.
Сағындым-ау, қалқашым сағындым-ау!
Біле білсең емі сен-«мың жараның»...

Мейірбек анда-санда түсіме енеді. Қызын көріп жүремін. Заманның сұры жаман. Әкесінен безген қыздың қатыгездігі ойын жолы. Ішінен шыққан шикі өкпесін шырылдатып тастап кеткен тас жүрек аналарға не дерсің?! Желік қуған «сідік масы» қайырымсыз әкелерге не айтасың? Ел аман, жұрт тыныштa «жетім мен жесірдің» көз жасына тап болғаныңа сенгің де келмейді.

«Ақадыр таңы» жас таланттардың бағын ашты. Солардың бірі- Жаңабай Жұматаев болатын. Небәрі жиырма алты-ақ жыл ғұмыр кешкен Жаңабай Ақадырдың аспанынан жұлдызша ағып түсті.

Кетіпті-ау күз де өтіп қызықпенен,
Осымен таусылмақ па қызық деген?
Жыл сайын төрт маусымды артқа тастап,
Өзіңде өмір теңіз жүзіп келем.
Күз келіп, тереземді қырау шалып,
Артында қыс келеді сұрау салып.
Өзінше ойға шомған бар табиғат,
Алдағы қыс қаһарын тұр -ау танып.
Күз келсе тыным таппас әрбір адам,
Мазасыз еңбекпенен әр кім алаң.
Сарғайып сары алтындай сағым тартқан,
Мұнартып ойға бастар әр күн далам,-

деп табиғатты жанына балаған Жаңабай өзінің қоңыр күзіне жете алмай кетті.

Жаңабайдың қазасына қатты қайғырған- Свет Оразаев ақын інісімен былайша қоштасты.

Өзіңе артқан біздей жұрты сенім,
Тынымсыз шырылдаған бір құс едің.
Төндірді-ау тауқыметін тал бойыңа,
Тағдырдың зіл көтерем бұлты сенің.
Есінен жаңылып жыл, жаңылып ай,
Жақсылыққа ақын жан жарыды қай?!
Жарымадың өзің де бар болғаны,
Ширек ғасыр жасаған жарығым -ай!
Көптен бері дәл өстіп толғанбап ем,
Жатыр енді сарғайып солған денең.
Ақадырға адасып келгенімде,
Аз күндер асыраушым сен болған ең.
Өскендей өзіңнің де құт-талабың,
Күйзелген көңілімнің құптап әнін.
-Ағатай, қарның ашып қалмасын,-деп,
Қалтама тиын -тебен тықпаладың.
Төрінде бүршік жарған асыл өлең,
Жаның сенің еді-ау бір жасыл әлем.
Мағырипа анаңның шайын ұрлап,
Оны да маған қарай тасыған ең.
Дейтін ең: «Ала мінез адамдар көп,
Сыртыңнан күндес жандай жамандар кеп».
Төбең көкке жеткендей болатын ең,
Кэріпов Өмір сынды ағам бар деп.



Жалғасов Аманбол

Енді қарай алмайсың алға бүгін,
Естімейсің кей жанның жалған үнін.
Аңырап қале берер асыл анаң,
«Ah» ұрып асыл жарың Алмагүлің.
Айырып арамза мен дос қылығын,
Естіріп бар маңайға көшкін үнін.
Қалды артыңда шырқырап «әкем-айлап»,
Шынар мен Шәкәрімдей қос құлының.
Әрқашан құя білген көңілге нәр,
Естен тана еңіреп елің қалар.
Қалар бәрі... қалармын өксіп мен де,
Ертелі-кеш бергенше өлім хабар.
Елді сүйген жүрегім еміреніп,
Мен қанша жүрер дейсің тебіреніп.
Жетермін бір күндері өз қасыңа,
Пейілі тар пенделердің жері кеңіп.

Свет Оразаев та «ширек ғасыр жасаған жарығының» Жаңабайдың қасында жатыр.

«Ақадыр таңы» жас таланттардың қаламының ұшталуына ықпал етті Өлеңді тағдырына талшық екен Ақмарал Баймурзина да осы газетте жүріп жетілді. Нәзік иірімді жырларында мұң болатын. Сол мұң оны поэзияның айдынына шығарды.

Мен бір аққу айдында қалған жалғыз,
Бұл сөзіме оқушым таңданбаңыз,
Кей мезгілде маужырап құр бекерге,
Қуанамыз болмашы жанғанға біз,-

деп айтайын дегеніне кіріспе жасайды.

Бұл өмір қас қағымдай ағып өткен,
Адамның нәзік сонша бағы неткен?
Кеудемде бұлбұл құсым тұншыққандай,
Тағдырға не қылайын жалғыз еткен.
Жалғыз адам тағдыры сәл мұңлылау,
Құшағында бұлқынтқан өмір мынау.
О, жалғыздық, неге сен әурелейсің?

Көңіліме қаяу сап болмадың-ау, - деп жалғыздыққа мұң шағады.

Олқылы-толқылы өтпелі кезеңнің ызғары Ақмаралдың жауқазын жырларын үсікке ұрындырды.Өзін жалғыздыққа душар етіп, бағын байлады. Жұлмыр заманның ындынына тап болған нәзік жандылардың келешегін ойлап бас қатырасың. Бүгінде, XXI- ғасыр кірісінде жұмыр жердің тұрғындарын «жалғыздық» дерті меңдеп алған. Адам пақыр көптің ішінде жүріп те жалғызсырайды. Мұңын шағып сыр бөлісетін жан таппай құлазиды. «Ақылды темірдің» арбауына түсіп, қасаң насихаттан мезі болған пақырың оңашалықты қалайды. Сондай торығысты сәтте шүйркелесіп сөйлесетін дос таппаған пенде шіркінге «жалғыздықтың» тап болатыны осы тұс. Жалғызық- ажалдың шолғыншысы есепті екені және белгілі.

Осы газетке («Ақадыр таңына») Ізбасар Қабдырахманов та қалам қайратын жұмсады. Жап-жақсы ақын болатын. «Сен айтпа қасқыр тартқан тоқты жайын, одан да айт адамдардың амандығын» деген өлең жолдарына сүйсінген едім.Жорналшылдық алымы да бар еді. Ақадырға көп тұрақтамай Балқашқа ауысып кеткен-ді. Бір бұзақының қолынан қапылыс қаза тауып өмірден ерте озды. Тағдырға не шара?! Бақыт Құлжанбеков те газетке тер төкті. Жұманият пен Аманбол да үнпарақтың шырайын (газеттің макетін сызу, фотосуреттер түсіру) енгізуге қызмет жасады. Кезінде сүйкімді басылым болған «Ақадыр таңы» аудан тараған соң, жабылып қалды. Өз кезінде, шығып тұрғанда айтарын айта білген, «тәуелсіздік таңын» қуана қарсы алған газетті, қаламы қарымды азаматтарды қимайсың. Қимағанмен бола ма, әр ненің соңы бар.


ӨТПЕЛІ ЖЫЛДАР



Нақ осы жылы (1997) Жезқазған облысы жабылып, Қарғанды облысына қосылды. Ақадыр жұртшылығы кәдімгідей-ақ дағдарды. Аудан тараған соң, Ақадыр кенті жекешеленудің ойнағына айналды. Кент тұрғындары қалаға сырғыды. Мекеме, кәсіпорындар жабылған, жұмыс жоқ. Сол дағдарысты көзбен көргеннің бірімін. Кеудесі көтеріңкі жігіттер олай шапты, бұлай шапты ауданды қайтарып аламыз деп, бірақ одан мән шықпады, болары болған шаруа еді.

Дағдарғанның біреуі өзім едім,
Тілеуім жаман ба осы тегі менің.
Ақадырды жұлмырлар талап жатты,
Маңдай тері шаруаның егіні еді.
Мәдениет үйін де жекеге алды,
Балабақша, оған да қолды салды.
Жең ұшынан жалғасып пайдакүнем,
Сынық кірпіш қалдырмай талап алды.
Қара халық дағдарды, босып кетті,
Жұмыссыз қап қалаға көшіп кетті.
Көше алмаған сенделіп көшеде қап,
Темір-терсек теруді кәсіп етті.
Есімнен еш кетпейді сол бір кезең,
Құлазып аңырады қыр мен белең.
Қорғансыз ауылдарды ұры тонап,
Кетті ғой айдауында жылқы деген.
Саудагер ашпа-жалап жалаңдады,
Бір қап ұнға он қойды басып алды.
Баспалап эккі ұры қыр астында,
Жылқыны аңша қуып атып алды.

Халық көмпіс, сол бір алағай-бұлағай жылдар бүгінде (2018) ұмыт. Ұмыт болатыны - сандаған ғасыр бойында ата-бабаларымыздың армандап жүзеге асыра алмай кеткен бостандық-теңдігіне қолымыз жеткен еді. Ежелгі көне мекен Ұлы Далаға керегеміз кең жайылып, шаңырағымыз биіктеп, көк байрағымыз көкпен астасып қазақ елін қоңыр кештің керімсалындай желпіп




Мағзиев Жұмағали | Айбол БИДАЙБЕКОВ | Ақзам Сембаев | Дәурен Кәрсембаев

тынысын ашты. Ақ орда Астананың келісті бітіміне көзің бір тоймайды, қарай бергің келеді. Елбасының алысты болжайтын көрегендігінің жемісі бұл. Ол кісіге қиналғанда демесін, дағдарғанда ақылшы, шаршағанда сүйеніш туған халқы кәдімгі өз қазағы болатын. Өз қазағы тұрыпты ғой, қиын-қысау жылдарда жер бетінде тарыдай шашылған бар қазақты бауырына тартқан елбасының жүрегінің кеңдігіне пар келетін не бар. Әгарки бар ғой, қытымырланып шекараны жауып алдық па, онда Қазақстанның бәсі бір мысқал төмен боп шығар еді. Шүкір дейміз, бүгінде сырттан келген қазақ диаспорасының саны миллионнан асты.

Ақадыр аудан боп тұрғанда, моңғол жерінен жүз отыз отбасы көшіп кеп ірге қосқан болатын. Көшті бастаушының бірі Мінтә қажы еді. Балаларын ата қонысқа байырқалатып, өзі Бай-Өлгей қорымына барып жатты. Өкіметхан, Манақ есімді ақсақалдардың табиғаты таза кісілер болғанын көзіміз көрді. Талантты ақын Әнуархан Бай-Өлгейден өлең ала келіп, Ақадырға олжа салды, ақындық таланты Ақадырда ашылды.

Қазақ елінің еркіндікке (тәуелсіздікке) қол жеткізуінің бір сәттілігі - сырт елдерде жүрген қазақ бауырларымыздың ата жұрт Қазақстанға, тарихи отанына оралуы еді. 1991 жылдан басталған елге оралу көшін монгол жерінде тамыр жайған, Бай-Өлкеде қоныстанған қандастарымыз бастап шыққан болатын. Сол ұлы көшті композитор Ысқақ Тәукейұлы (1938-2013) «Аңсау» атты естелік (2012) кітабында былайша баяндайды. «... 1992-1993-жылдардағы Монғолия қазақтарының көші тау өзенінің тасқынындай жолында қандай бөгет тұрса да бұзып өтетіндей қарқынмен басталды. Қазақ деген қандай қызу қанды ержүрек халық десеңші. Қаншама жылдар қордаланған атажұрқа деген аңсары ауып, сағыныштың көлі кемерінен асып төгілген сәттерді біздер басымыздан өткерген едік. Атажұртқа көшіп келушілердің көбінің болашақ үшін бағдарламасы болса да, атажұртқа жетсек болды, далада қалмаймыз деген үлкен сеніммен келді. Қаншама жылдар бойында бейнеттеніп өсірген қоралы қой, үйір -үйір жылқыларын, басындағы үйлерін артында қалған

ағайынға текке тастап, ата мекенге жол тартты. Алалы жылқым, ақтылы қойым көп болмаса да, екі отауым мен өзімнің баспанамды сатып пайдасын да көрмей, жұртқа тастап кете бардық. Сол бір ұмытылмас сәттерді жас ақын Бақытбек Бәмішұлы былайша жырлап еді.



Ыскак Тәукейұлы

...Шығыстан өрттей лаулап ек,
Ұмтылғанда ұрандап.
Бір пойызға сиыспай,
Жүз пойызды жаулап ек.
Ошақ қалды бұрқырап,
Үйір қалды шұрқырап.
Айттырып қойған арда төс,
Ару қалды шырқырап.
Ата жұртқа садаға,
Ағайын туыс бар ма деп.
Кіре елдің шетіне,
Топырағыңа аунап ек.
Біз осылай саулап ек.
Ата жұртқа ауған ек,
Иә, құдай тәуба деп!

Иә, бұл көш «Ақтабан шұбырынды, Алқа көл сұлама заманының, елім-айлап жылаған көші емес, бұл көштің әні де бөлек, сәні де бөлек ерекше көш еді» дей келіп Ысқақ Тәукейұлы естелігін былайша түйіндейді: «Біз бауыр басқан Қарағанды облысының Шет ауданына қарайтын Ақадыр өлкесі нағыз құт -береке қонған киелі өлке. Табиғат пен адам бірінсіз бірінің күні жоқ егіз ұғым, һәм кіндіктес жаратылған ғой. Киелі өлкеде дүниеге келген ұлы бабалар мен аналардың тектілігі атаның белі, аналардың құрсағынан дарыса, басқасының бәрі киелі өңірдің табиғаты мен топырағынан нәр алып көктейді. Тәбиғаты әсем өлкеде туып өсіп мекен еткен жан баласын былай қойғанда, төрт түлік малдың өзі сол өлкенің бітім-болмысына сай, барлық жағынан ерекшелігі көзге ұрып тұрады емес пе. Ақадыр өңірі тектілер туып мекен еткен өлке, ырысы мол құтты өңір. Батысында үш жүздің басын қосып бір тудың астында топтастырған Ұлытау болса, шығысы әйгілі Қарқаралы, оңтүсігі Балқашпен шектеседі. Мұндай киелі өңірлерде өмірге келіп кеткен текті аналар мен аталарды бөліп- жарып, әркім өз бауырына тартудың керегі болмас. Олар күллі қазақ деген қауымның маңдайына берген құт -берекесі, ұлттық рухы мен мақтаныншы десек дұрыс болмақ. Тәттімбет, Мәди, Сайдалы Сарытоқа, Қыздарбек, Әбди, Сембек, Әбікен, Сәкен, Қасым, Қали, Күләш, Мағауия, Ағыбай батыр, Байғозы батыр, Қарқабат секіліді ұлы тұлғалар туып дамылдап жатқан киелі өңір».

Арайлап «тәуелсіздік» таңы атқанда,
Ғажаптанып таң қалдық қарап таңға.
Келіп жатыр, біреулер кетіп жатыр,
Бұ не ғажап!? Сиындық жаратқанға.
Көшкендерге топырақ шашқамыз жоқ,
Шүкір еттік, «келгенге» көңілге тоқ.
Ақадырға көштерін тіреді олар,
Құлазыған көңілге демесін боп.
Тәукейұлы Ысқақты көрдім сонда,
Домбыраны ынталы алды қолға.
Саусақтары пернеде аттай желген,
Өнердің майталманы екен жорға.
Ысекең болып шықты өнерге ерек,
Ақадырды марқайтты әнге бөлеп.
Сұлу саз, сүйкімді әуен қалдырды артқа,
Әруағы жатқан шығар желеп-жебеп

Ысқақ Тәукейұлы артына мол музыкалық мұра қалдырды. Ата жұртқа (оның ішінде Ақадырға орнаған) оралып туған жерге бауыр басқан жылдарда, ол зор шабытпен өнімді еңбек етіп, соқталы музыкалық шығармалар туындатты. Атап айтқанда, сазгер қырыққа жуық көлемді шығармалар жазса, соның жиырма сегізін ата жұртқа келгеннен кейін жазған еді. Алпысқа тарта жазған әнінің отыздан астамын Ақадырда дүниеге әкелді. Бұл кісі қазақтың күй өнері, оның ішінде Арқаның шертпе күй дәстүрін дамытушы сазгер еді. Өз жанынан оннан аса күй шығарды. Сырлы да сылқым күйлеріне тәнті болған күй зертеуші әйгілі этнограф ғалым Ақселеу Сейдімбек сазгердің талантын жоғары бағалады. Қос таланттың достығына куә болдым. Ақселеу мезгілсіз дүниеден озған (2009) қарсаңда, Ысекең қатты қайғырды. Менің де оңған жағдайым жоқ, қанаттас бауырымның жалған дүниеден мезгісіз озғаны қабырғамды қақыратып кетіп еді. Сондай бір жабыңқы күндерде, ертеңгі шай үстінде үйге Ысекең келді. Жайшылықта нұр шашып өткірленіп тұратын шегір көздері қанталап кетіпті.

- Не болды, сізге!?-дедім бір түрлі тіксініп.
- Түнімен ұйықтамай ән жаздым,-деді ол кісі жыламсырап.
- Нендей ән ол!?
- Ақселеуге,-деді шықтанған көзін жыпылықтатып,- Сөзін де жазған болдым. Қарап шығасың ғой.

Түрегеп тұрған қалпында қарлығыңқы жарықшақ үнмен түйеше азынап қоя берді.

Ұлтының қасиетті қайнарындай,
Батырдың қол бастаған байрағындай.

Алаштың маңдайына симай кеткен,
Шындықтың көк семсері айбарым -ай!
Алаштың абызындай,
Қорқыттың қобызындай.
Сәкеннің жалғасындай,
Бар қазақ жан досыңдай,
Кеттің-ау жыл құсындай.
Дәриға-ай, жыл құсындай.
Жыл құсындай...

«Алаштың абызы еді» делінген жоқтау ән осылайша туындаған болатын. Сазгердің тағы бір ел құлағын елең еткізген «Сағынады елі Сәкенін» әні де сәтті шықты. Мәтінін маған жаздырды.

Өзгеше туған,
Келісті тұлғаң,
Өр дауысты қыраным.
Ұрпаққа олжа,
Келінге қалжа,
Сыршыл да сылқым жыр-әнің,
Аққудың үнін,
Сұлудың мұңын,
Өзіңдей жырлап өтті кім?
Арқаның белі,
Ұмытпас елі,
Сәкендей сұңқар текті ұлын.
Тау іші ән сап,
Әлемге жар сап,
Тұрғандай аңсап,
Қарашілік мекенің.
Сарыарқа сайын,
Тал, терек қайың,
Білсем деп жайын,
Аңсайды бәрі Сәкенін!
Ошақта шоқ боп,
Жүректе от боп,
Алаулап мәңгі жанасың.
Еркіндік алып,
Қазағың қарық,
Тәуелсіз бүгін Алашың!

Осы жазбаға зер салғанда, бәз біреулер «бізді неге жазбайды бұл шіркін» деп іштарлық көрсетуі бек мүмкін. Жаздық, жазып та жатырмыз-ау. Расын

айтқанның айып-шамы болмас, алыс елден «ата жұртым Қазақсаным» деп келген бауырлардың, оралман туғандардың біле білсек орны бөлек.Олар ата-бабаларының қара қонысын аңсап сағынып келгендер. Біздерде, Қазақстан қазақтарында ондай сағыныш болды деп күпір болар жайым жоқ. Рас, ұлт болғансын ұлтжанды азаматтар өз жұртымызда да жеткілікті болганын жақсы білеміз. Алайда, қара халық казармалық социализмнің тар аясында қалып, құлдық санада болғанын енді -енді біліп көкірек көзіміз ашыла бастады.Сіздерге соның бір мысалын айтайын. Мен Ысқақ Тәукейұлымен шығармашылық ынтымақта (1997-2013) болғанымды өзіме үлкен мәртебе санаймын. Ол кісінің жиырмадан аса әніне мэтін жаздым. Сонда бір қиналған едім. Арқа даласы Сарыарқаға арнап жазған әніне өлеңді дұрыстап жаза алмай, бір емес бірнеше мәрте қайталап жазып зордың күшімен ыңғайға келтіргенім бар. Сонда ол кісі шегір көзін өңменімнен өткізе: «Сендер туған жердің, ата жұрттың қадірін сезіне қоймаған тоқмейіл қазақсыңдар. Біздер, оралмандар, артық айтсам ғапу өтінемін,, тәуелсіз заманды ежелден бері аңсап, ата жұрт Қазақстанды зарыға сағынып келген шеркөкірек шермендеміз шетіміздеп» дегені бар-тын. Содан, «жайшылықта бәрі ат, жан қысылғанда арда қызыл аттың» керіне басып ән мәтінін өліп -талып шығардым-ау, әйтеуір!

***

Сарыарқа сайын самалды дала кең мекен,
Жүрегім бұлбұл сайраудан танбас сен десем.
Іңкәрім де өзің, мұң-зарым да өзің жәннатым,
Сүймесем әсте зарығып аңсап келмес ем.
Бұлбұлың болып,
Талыңа қонып,
Жалықпай таңнан сайрадым.
Кермарал керім,
Қазағым елім,
Асқардай биік ардағым.
Самалы жұпар, сағымы торғын желпіген,
Қылықты қызы, жігіті жомарт ер кілең.
Қойны кенді, қойнауы нулы жазира,
Алыстап сенен жат елді қалай жерсінем.
Айнакөз бұлақ,
Сыбызғы құрақ,
Мұңдасымдай етене.
Сарыарқа сәнім,
Шырқайтын әнім,
Өзіңе мекен жете ме?

Затында, ол кісі мейлінше ұстамды болатын. Әннің мәтініне ризаланғаны шығар, көзіне жас алды. Менің де көңілім босап еді. Ыскак Тәукейұлы (1938-2013) өзі аңсап келген ата қоныста Ақадыр жерінде дамылдап жатыр. Артында ғұмырын жалғайтын ұл-қыздары қалды, көкірегінен күмбірлеп шыққан музыкалық шығармалары қалды,туғанындай болған Ақадырдың үлкен-кішісі қалды. Көзі тірісінде «Ансау» (2012) атты ғұмырбаяндық естелік кітап шығарып кетті. «Арқада туған әндер» атты ән- күйлер (2008) жинағын шығарды. Туған бауыры Тайф Тәукейұлының демеушілігімен Ысекеңнің «Сары өзек» (өлеңдері мен поэмалары) жинағы Уланбаторда басылып шықты.

Талантын бағалады Қазақ елі,
Халқына қадірі бар, бағалы еді.
Толғанып ауыл жайын ойлағанда,
Қолына домбырасын алар еді.
Ән-күйің елге мұра өзің жазған,
Талапкер шәкірттерің шырқап салған.
Есімің ел есінде қала берер,
Кімдерден өтпес дейсің дүние-жалған.
Елім деп көшті бастап келіп едің,
Қайыспай қиындыққа төзіп едің.
Жатырсың ата жұртта мәңгі тыншып,
Ақадыр- ұмытпайды қалың елің.

Осы күндері (2018) екінің бірі ұлтжанды, оған тәуба дейсің. Олардың «жетілгені» соншалық, өзіңе «сабақ беруге» бар. Біз қанша дегенмен зар заманның, коммунистік құрылыстың қатқыл сарынын құлақтан өткізген ұрпақпыз. Деніміз ауылда туып, оң-солымызды далада жүріп таныдық.Ұлттық тәрбие бойымызға жөргектен жұқты. Содан да біздің буын (бүгінгі сексендегі селкілдек шалдар) коммунисік тәрбиеден де, ұлттық тәрбие сабақтарына ден қойды. Сол жылдардағы (1950) мектеп программасындағы оқылатын пәнердің дені ұлттық тәрбиеге негізделген болатын (Тарих оқулығынан басқа). Мектептен тыс біздер ауыл балалары үлкендерден (әке-шешеміздеи) қосымша сабақ алып, батырлар жырын, махббат дастандарын жатқа айтатын жыршыларды тыңдап өскен едік. Табиғат аясы (таулар, бұлақтар мен киелі орындар) бізді және өзіне тартып, шуағымен жылытты. Тай үйретіп, тайлаққа міну ауыл баласы біздерден қалған. Көкпарды көріп өсік. Тақымкештердің кереметін көзбен көрдік. Керек десең, асық ойынының не бір түрлері де ауыл балалары біздің еншімізде болды. Ұлттық дәстүр-салтқа, кеңестік кезеңде ада-күде тиым салынып еді деп өз басым айта алмаймын. Ондай тиым салынуларға» өзімізден шыққан «ақ жүрек коммунистер» қырағылық танытты. Кәдімгі советтік мектептің мұғалімдері де жандайшаптыққа бейім тұратын еді.

АСЫҚ ОЙЫНЫ

Асық ойнаған балаларды қасқырдың бөлтірігінше қуалап жүріп желкелегенін көзіміз көрді. Менің бір әдетім, мұғалім болсам да, асық ойнаған балаларға іш тартып тұратынмын. Біздер қойлы ауылдың балалары сәл еркіндеу өстік. Қолымыз босай қалса асық ойнайтынбыз. Жігіттер де асық ойынына құмар болатын. Солардан біз ауыл балалары ұлттық асық ойынының не бір түрлерін үйреніп өстік. Асықты әкелеріміз де жек көрмейтін еді. Шешелеріміз бір- біріне: «Қыз-ау, келші бері, «иірмек» ойнайық» дегенін сан көрдік. Сөйтсек, асық ойыны тек қана балаларға ғана тән емес, үлкендердің де сүйіп ойнайтын ұлттық ойыны екен. Қыздар асық ойынының «иірмек» (асықты иіргенде алшы, не тәуке түсіп жатса ұпайы артады) деген түріне құмар болатын. Содан өздері бәсін арттырып жатқанын сан көрдік. Ауыл қыздары (біздің бала кезімізде) асықтың «қақпақыл» деген түріне құмар болатын -ды. Қақпақылды «қой қоралату» деп те атайды.Бір уыс асықты шашып жіберіп,бір қолдың сұқ саусағы мен бас бармағының арасынан екінші қолмен асықты қақпақылдап отырып өткізу(қойды қоралатуды) асықтың ежелгі көне ойыны «қақпақыл» делінеді. Асық иірудің өзі шеберлікке жатқызылады. Иірген асық алшы немесе тәуке түссе: «Асығым күліп түсті» деп қуанады . Осыдан сөздік қорымызда «асықты күлдіру» деген сөз тіркесі пайда болған. Сөздің айтылуы бойынша бұл сөз «гүлдіру» боп естіледі құлаққа. Сөз жасалымының тәртібіне сидырғанда «асықты гүлдіру» тілдің заңдылығына сәйкеспейді. Халқымыз асықты ырымдаған. Асық мүжуге тиым салып. «Аш отырсаң да асық мүжіме» деп үлкендер асықты бәкімен етінен арылтып шығып, үйдегі балаларға апарып беретін. Киізден сырып жасалған «асық қалта» әр үйде болады. Төрде кереге басында ілулі тұрады. Ойын баласы бейдауа науқаспен мезгілсіз көз жұмғанда марқұмның жинаған асығын (аяқ жағына) өзімен бірге көметін рэсім бар. Жаппай емес, бәз бірде асықты өлген баламен бірге (аяқ жағына) көму тәрібі әредік болса да ел ішінде сақталған. Жазда жайлауға құлаған ауыл -ауылдың балалары бірінші кезекте «санамақ» ойынын бастаған. Кімнің асығы көп боп шықса, ондай баланы «хан» сайлаған. Хан сайланған бала өзінің мол асығынан асығы шақтылы балаларға «хан талапай» үлестірген. Әдетте, асықтың «хан талапай» ойынының да өз тәртібі болады. «Хан талапай» ойынына кіріскен балалар орталарынан асық шығарып ойынға қосылғанда, сақа иіру арқылы ойынға қосылу тәртібін (кім бірінші, кім екінші дегендей) белгілейді. Бұл ойынның бірінші кезеңі «асықты өрістетуден» басталады. Мол асықты (асығы бірінші болып алшы түскен бала) тақыраңға (ойын алаңына) шашып жібереді де,бүкпен бүкті, шік түскен асықпен шік түскен асықты, алшысымен алшы түскенді, тәйкесімен тәйке түскенді соғыстырып ұпай жинайды. Оралымсыздық жасап алса, ойыннан

шығып қалады. Осы ойын барысында «хан сақасы» болып белгіленген асық алшы түссе, кенейлер талапайға түседі. Кім асықты мол қарпып қалса, соның бәсі артып ұпайы молығады. Ал осы асықтың «хан талапай» деп аталған ойынын кешегі кеңестік кезеңнің жандайшап жағымпаздарының «Хан қара халыққа жақпай қалғанда, оның мал -мүлкі барша дәулеті талапайға түсетін болған. Асық ойынының «хан талапай» түрі содан шыққан» дегендеріне иланып келдік. Ол түбірімен қате. Бұл рәсім жорықтан табысты оралған ханның олжасын жоқ-жітікке тегін үлестіруінен қалған жоралғы. Біздер ауыл балалары(1950) бұл ойынның түп-төркінін жаксы біліп, хан талапайды өз тәртібімен ойнайтынбыз. Хан жорықтан олжалы оралғанда, сол олжасының бір бөлігін кедей-кепшікке тегін үлестіретінін үлкенерден біліп алғанбыз. Соны қара халық ырымдап «хан талапай» деп атаған. Бұл рәсім келе-келе асық ойынына ұласқан. Қақпақыл ойынына кіріскен ойыншылар «хан сақасын» белгілеп алады. Хан сақасы алшы түскен жағдайда «хан талапай» басталады. Сергек отырған ойыншы асықты(ханның олжасын) молынан қарпып бәсін арттырады. Хан талапайдың мәнісі осы. Асық- қой малының киелі мүшесі. Халықта: «Қой асығы деме, қолайыңа жақса сақа қой» деген мақал бар. Әдемі қисын. Төрт түліктің қоңыры да, момыны да қой. Қойдың күйін (бағымын) халқымыз асыққа қарата шамалаған. Жердің оты қаша бастағанда сойған қойдың асығы қоңырайып бозарыңқы тартып тұратын болған. Күйі келіскен суы тұнық өрісі шүйгінді отардың пышаққа ілккен қойының асығы сап-сары боп ағараң тартып тұрады екен.

Асық ойынын біздің аймақ Жезқазған облысының Ақадыр ауданы алғаш (Қазақстан бойынша) қолға алған болатын. 1990 жылдың көктемінде аудандық «Қазақ тілі» қоғамының бастамасымен өткен Қымызмұрындық мереке-жәрмеңкесінде асықты жұрт назарына тосқан болатынбыз. Бұл ойынды өткізуге жұмылғанда, он бес мың тұрғыны бар Ақадыр кентінен асықты қолына дұрыстап ұстай алатын бала таппай қиналдық . Содан жазған құлда шаршау бар ма, мекептерден бала жиюға тура келді. Әлімхан Ермеков атындағы мектептің дене шынықтыру пәнінің оқытушысы Елеусіз Сүлейменов өз мектебінің командасын жасақтауға кірісті. Осы жолдар авторы Ю. А. Гагарин атындағы мектеп оқшыларынан команда жасақтап, балаларға жедел түрде асық ойнаудың шарттарын үйретуге тура келді.Сұмдығы сол, ат айналғысыз Ақадырдан асық таппай жүгіргіштеп, қызыл танау болғанымызды қайтейік! Осындай жүгіріспен басталған «Асық ату» Ақадырда өз жалғасын тауып әлі күнге үзілмей келеді. Асық ойынының түрлері көп. Біз соның біразын он бес жиырма жылдың көлемінде жұрт назарына ұсындық. Алайда, асық спортын дамытуға деген ынта елімізде бәсең. Асықты «балалардың ермегі» деп білеміз. Бұл-түбірімен қате пікір. Ұлттық ойынның бұл түріне салғарттық басым.Асыққа байланысты ұлттық кәде-жоралғыларды бір ізге түсіріп,

оның этонографиялық дәйектемесін ғылыми тұрғыда зерделеп байыптау күн тәртібінде тұр. Асық спортының бірегейленген (бірнеше түрлерінің) ережесі әлі күнге жоқ. Асық ойнап өскен біздің қатарымыз селдіреп барады. Асықтың қыры -сырына жетік адамардың көзі тұрганда олардан (мына менен) біраз нәрсе алып қалған жөн болар еді. Сонымен, асық ойынының түрлеріне келейік.

ШЫҚЕТЕР

Бұл ойын мергендікке құрылған. Ойынга тігілген кенейді (топтасып ойнаса қызығы артады) ойыншылар өз сақасымен көздеп атады. Сақа көндегі кенейге «шық» етіп тиуі шарт. Осы тәртіппен басталған ойын көндегі кеней таусылғанша жалғаса береді. Командалық тәртіппен де, жеке-жеке ойнауға да келе береді. Асық ату межесін ойыншылар өздері белгілейді. Негізінде асық ойынының қай түрі болсын-ұтысқа құрылады. Ұтыс- кәдімгі асық. «Ақ сирақ боп ұтылды» деген сөз тіркесі асық ойынына қарата айтылады. Асықты ойнай -ойнай діңкелеп сирағын шаңға қаптырғаны былай тұрыпты, «ақ сирақ боп» ұтылғаны балаға қиын-ақ. Асық ойынының қай түрі болсын- өсер жасты шыдамдылыққа, шымырлыққа баулиды.

ҮШТАБАН

Бұл ойын түрінің шарты да жеңіл. Екі-үшеуден, немесе топтасып (командаға бөлініп) ойнауға болады. Кенейелер тиісті (көңге) орынға тігіліп болған соң, ойынға қатысушылар сақаларының бағын сынап, асық атудың ретін белгілейді. Бірінші боп кім атады, екінші боп кім ойынға кіріседі, сол белгіленеді. Үш табан реттік тәртіпке бағынады. Әр ойыншы жекелей кеней (ұтыс) атып алуға құлшынады. Сақа тиген кеней үш табаннан асып жығылуға тиісті. Кезекті атысты ұтыс алған ойыншы сақасы жатқан жерден бастайды. Мұлт кетсе ойыннан шығып қалады. Ойын көңге тігілген асық түгесілгенше жалғаса береді. Табан мөлшері ойынға кіріскен асықкердің (ойыншының) аяқ көлемімен мөлшерленеді. Ұпай саны ұтқан асығымен есептеледі.

АЛТЫАТАР

Алтыатар ойыны төрт бұрышты сызық межесімен белгіленеді. Ойынға қатысушыларға шек қойылмайды. Ойыншылардың (асықкерлердің) саны көп болса, ойын тартысты өтеді. Бұл ойын түріне ересек балалар мен жігіттер құмар келеді. Нағыз қанқызу дода десе болады.Сақалар сынға түсіп, әр ойыншы өз кезегімен асық атуға белсенеді.Түп қазықта қалған сақа (ең соңында қалған сақа) көңге кенейлермен бірге тігіледі. Сақаны көңнен атып шығарған (сызық

межесінен) ойыншы бар асықты қалтаға басып, ұпайын арттырады. Кенейді сызықтан шығарған ойыншы екінші айналымға жолдама алады. Сақаны бірден сызық межесінен қуып шығарған ойыншы жүлдегер атын алады. Әгарки бар ма, сақа алты атқанда сызық межесінен шықпай көңде қалып қойса, онда сақаның иесі көңдегі бар асықты иеленіп ұпай санын арттырады. Өз командасын жүлделі орынға шығарады. Алтыатарды ойынға қатысқан қомандалардың санына қарай екі немесе үш мәрте жалғастыру тартысты болмақ. «Алты атар» ойыны ересек балалар мен жігіттердің қызықты ойыны.

ШЕҢБЕР ШЕРТПЕК

Бұл ойын әр қилы аталады. Қотанға иірілген қойдың семізіне қызыққан сырт көз мал иесінен, қойшыдан дәме қылады. Әдетте малшылық тәртіп бойынша, қотандағы немесе қорадағы қойды аралап семізін таңдау қазақ әдетінде жоқ. Әкей, Әбілдаұлы Кәріп отыз жыл колхоз, совхоздың қойын бақты. Мал мамандары немесе запперме, бөлімше басқарушысының бір жапырақ қағазымен сойысқа қой алуға келгендерді біздің әкей отарға сұғындырмайтын. Отарды келген адамға аралатпайды. Менің бергенімді аласың деп үзілді-кесілді шарт қояды. Әкейдің қалтасында асық жүретін-ді. Сол асықты қой алуға келген адамның қолына ұстатып: «Иір, кәне!-деп бұйыратын. «Асығы несі?! Бала боп кеттіңіз бе?-деп әлгі адам кейістік танытқанда, әкей тұрып: «Ескі рәсім ғой, есіңде жүрсін деп айтқаным ғой» деп өңін жылытар еді. «Шеңбер шертпек» ойыны сол рәсімге жатады. Әкейдің маған айтуы бойынша, қой алуға келгендерге қойшының қоятын шарты болады. Ат үстінен қойдым (семізін) өңгеріп әкеткеннің бәсі артады. Ең семіз құйрықты қойды олжалайды. Кейбір аймақтарда «қой көтеруді» (зілтемір сияқтандырып) ұлттық ойын деп өздерінше жаңалық ашатындар бар. Қазақ қойды ат үстінен өңгерген. Жай ғана қой емес, ақ ауыз (бес жасар еркек қой) қойларды. Ондай қойдың үлкендігі таншадай болады.Өздерінше білгішсіп ұлттық ойын ойлап (қой көтеруді) тапқыштарды тоқтатпаса басқа шығып барады. «Шеңбер шертпек» ойыны сондай рәсімге жатады. Қотанға, (шеңбер сызғына) иірілген қойдан таңдағанын (семізін) алудың тәртібіне құрылған «Шеңбер шертпек» ойыны бәске жақын. Кімнің мергендігі,ептілігі мен оралымдығы басым түсіп жатса қотандағы қойдың семізі соған бұйырады. Бұл ойынның шарты «Алты атарға» үйлеседі. Көңге кілең кеней тігіледі. Сол кенейлерді шеңбер сызғының межелі тұсынан сызықтан шығарып мергендігін танытса, ұпай соның еншісінде. «Шеңбер шертпек» ойынына екі немесе одан да көп ойыншылар (жеке-жеке, немесе команда боп) қатыса алады. Ұпай саны ұтып алған асығының санымен мөлшерленеді. Мен алыс ауылда (қойлы ауылда) өстім. Әкем бала мінезді адам еді. Ішім пысқанда

әкеммен еріп қойға бартынмын. Әкелі-бабалы екеуміз асық ойнайтынбыз. Содан көз қанып, құлақта қалғандары осылар.Қаншама ұлттық ойындар, салт-дәстүр рәсімдері уақыт шаңдағына жұтылып кеткен жоқ па. Расы керек, оншадан- мұншада тәуелсіз заман орнап осындайлық кеңшілікке жетеміз деп ойлаппыз ба? Елбасмыз «Ұлы Даланың жеті қыры» деген тұжырымдаманы дер кезінде көтерді. Кәдімгі асық ойынының жетеу емес кемінде отыз -қырық түрі болғанын бүгінде кім дәлелдеп бере алады? Біреулер «Асыққа қарап қалған жайымыз жоқ» деп қол сермеп жатады. Ақадырда алғаш асық ойынын (1990) қолға алғанда, бізге де тас атқандар болған. «Мына жазушысымақ бала боп кеткен бе? Балалармен қосылып асық ойнағаны несі?!» деп кекетіп мұқатқандар өз ағаларымыз болатын. Асық ойынының жандануына (Ақадырда) атсалысқан спорт мекетебінің директоры Сейсенбай Жанасыловтың, асық ойынына жанын салған ұлтжанды азамат Елеусіз Сүлеменовтың еңбегі ерекше.

БУРАҚОТАН ОЙЫНЫ

Халқымыздың жадынан шығып ұмытылып кетуге айналған ұлттық рәсімнің (ойын түрінің) бірі-«Бура қотан» болып табылады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бұл сөздің шығу тегіне былайша анықтама беріледі: «Бура қотан» ескілікті ойын түрі». Шындығында көнерген сөз. Бұл сөздің (ескілікті ойынның) мәнісіне тіл ғылымы саласының мамандары да кезінде мән бермеді. Елуінші жылдарда (1946-1955) алыстағы қой фермалар түйе ұстады. Біз баламыз ғой онда. Түйені не мақсатта ұстағанын білмедік. Сөйтсек, түйе күш көлікке пайдалану үшін өсірілген екен. Үлкендердің (әке-шешеміздің) аузынан түйеге байланысты сөздерді жаттап өстік. «Бас білетін түйеге «әтшу» деген өліммен тең», «Алты күн атан болғанша, бір күн бура бол», «Алыстан шабынған бураның күші қайтады», «Атан түйе жүк астында қартаяр», «Бойына сеніп түйе жылдан құр қалыпты», «Қолда өскен түйенің тайлақ аты қалмайды», «Ойнақтаған бота от басар», «Түйе пысқырса, боран болады», «Жалғыз түйе бақырауық, жалғыз бала жылауық»... Кейінде байқасақ, түйеге байланысты осы атаулар мақал -мәтелге жатады екен-ау. Ол кезде радио, телефон жоқ, оқитын кітап та тапшы. Зеріккенде әке -шешеміздің аузын бағамыз. Түйе пысқырса боран болатынын біліп алған мен қолдағы қара інгеннің (колхоздың меншігіндегі) қабағын аңдитын едім.

-Ата, түйелер неге көңілсіз жүреді?-деп қоямын.

- Ерте -ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде, түйелер бұдан да алып бопты.Аң мен жәндіктер табанының астында жаншылып қала берген. Өздері шетінен ұрыншақ, басқа жануарларға күш көрсетіп әлім-жеттік жасаған. Жан - жануарлардың шағымы Алла тағаланың құлағына жетеді де, Жаратушы Ие

түйелердің күшін шақтап тастайды. Содан олар ежелгі бұла шағын аңсап қабағы ашылмайтын мұңлы боп қалыпты.

- Пысқыра беретіні несі?

-Түйе пысқырса, күн суытады.

- Неге жылауық?-деймін және мен,-Көздерінен жас кетпейді.

-Бәрі емес,-дейді әкем көзі күлмеңдеп,- «Жалғыз түйе бақырауық, жалғыз бала жылауық келеді». Қапелімде қуыстана қаламын. Жылауықтау әдетім есіме түсіп, берекем қашады. Ол жылдары (1950) жайлауға көшкенде, жұрт жаңалағанда қойлы ауылдар жүкті түйеге артатын. Түйеге арткан жүк ауғыш келеді. Жүкті шырмаған арқан босағанда, оқтау тәрізденген ағашпен бұрап тартып тастайтын еді. Оны «Бұрау ағаш» дейтін еді. «Ауған жүктей» деген теңеу сөз түйеге артылған жүктен шыққан.Біздің бала күнімізде сол кездің (елуінші,алпысыншы жылдардың) адамдары шетінен шешен, бейнелеп сөйлеуге шебер болатын. Сонда солардың аузынан «Бура қотандата» бермесеңші» деген сөз шығатын еді. Ауылдың ересек жігіттері мен бой жеткендері «түйе жасырынбақ» ойнағанын көзіміз көрді. Шөгіп жатқан түйелердің ар -арасында сыбыр -күбір естіледі. Біздер балалар «түйе жасырынбақ» ойнаған ересек бозбалалар мен қыздардың қыбыр-жыбырына әуестеніп томпалаң-томпалаң етіп есіміз қалмай жүгіргіштейтін едік. Жасыратын не бар, жігіттерден әпкелерімізді қызғанатынбыз. «Көш жолында жүк қалыпты» деген қыз бен жігіттің ойыны еміс -еміс есімде бар. Анығын тарқатып айта алмаймын. Алтыбақан қызығына берілген жастарға біреу келіп: «Көш жолында жүк қалыпты» деп хабарлайды. Үлкен жүн қаптайтын қанарда жүк емес адам жатыр. Ол өзі кім, қыз ба, жігіт пе? Осыдан туындаған жұмбақ ойын әзіл-күлкіге ұласып, соңы ән салумен, жігіттерге айып төлеттірумен, қыздардың бозбалараға орамал сыйлауына ұласып жатады. Бұл ойынды мен Сарыарқаға кеп жайлайтын Жамбыл облысы малшыларының Ақбұйыраттағы орталығындағы (штапта) қой қырқымының аяқталуына орай ұйымдастырылған «Алтыбақан» думанына кез болғанда көрген едім. Сол түнгі думан күні -бүгін есімнен бір кетпейді. Ұлттық салт- дәстүріміздің бір ұшқыны-«қыз ойнақтың» бір көрінісі шығар-ау, сірә!

«Бура қотан» недей кәдеге жатады? Бұл ескілікті ойын төрт түліктің ұлығы саналатын түйеге байланысты болғанын үлкендердің аузынан сан естідік. Бірақ олар балаларымыздың келешегі тұсалады деп бізге ашып айта қоймады. Сөйткенмен де оңашалықта ескілікті әңгімеге кіріскенде, «Бура қотан» кәдесін де таратып шығатын еді. Бұл ойын (кәде-салт) күш сынасуға құрылған. Ерте кезеңдерде біздің ішімізде де (кіші жүзде) түйе жарысы болған екен.Түйе жарыстыру арбтарда (Иран, Ауғанстан, Ирақ, Египетте) әлі де жалғасын тауып келеді. «Мына өзіміздің ішміздегі (Ақмола уезіне қарайтын) жеті болыс тамалардың жастары қыз ойнақта «Бұйда тартыс» жасайтын еді-ау»

деп отыратын ауылдың үлкендері. Бұның (бұйда тартыстың) түп төркіні түйе көкпардан шыққанын және әңгіме қалатын еді. Келе-келе кәдімгі (түйенің бас жібі) бұйданы екеу ара (бала мен бала, үлкендерің бір бірімен күш сынасуы, сом білекті жігіттер мен күші асқан мықтының бұйда тартысқа белсенуі) тартысып күш сынасу кәдеге айналған. Бүгінде соны «Арқан тартыс» деп жүрміз. Былайша сөлекет саналмағанымен, ұлттық салтқа қабыспайды. Біз осы ойын түрін (бұйда тартысты) Ақадырда (бие байлар кәдесі мен наурыз мейрамында) жалғастырып келеміз. Арқан тартыс деп бадырайтпай-ақ, «бұйда тартыс» десек, сөз жарасымына да, ұлттық рәсімге де үйлесіп тұрған жоқ емес пе. «Бура қотаннан» қалған бір рәсім «Түйе қоржын» екенін үлкендер айта түсетін. Бүгіндегі зілтемір, гир көтеру халқымызда ертеден бар болатын, соның басты айғағы- «Түйе қоржын» бәсекесі. Бұл ұлттық бәсеке ойындары Ақадырда бастау алғанымен, басқа өңірлерде жалғасын таппай тұр. Бұл үшін өзді -өзімізді жазғырудан аулақпыз. Біздің мақсат- кешегі кері кеткен (кеңестік кезеңде) насихатта көмескі тартып ұлттық бояуын, тәрбиелік мәнін жоғалта бастаған салт-дәстүрімізді, ұлттық ойындарымызды жас ұрпақтың кәдесіне жарату боп табылады. Біздер (мен де) алдыңғы толқын өз білетінімізді кейінгі толқынға (жас ұрпаққа) жатпай -тұрмай қалдырып кетуіміз керек-ақ. Білгішсуден, құрғақ кеудем соқтықтан, бос тілмәрсуден нәтиже шыға қоймайды. Ондай ой бізде жоқ. Жазбада артық- ауыс тұстар кездесіп қалуы бек мүмкін. Алайда біз (мен пақыр) естіген құлақ пен көрген көзге сүйендік. «Бура қотан» ойынының бір түрі - «Иықтасу» делінеді. Әдетте буралар күш сынасқанда, бір-бірін омыраулап түйгіштейді. Айғырлар шайнасады, бұқалар сүзіседі, буралар иықтасады. Иықтасудың мәнісі осы. Осыдан «Бура қотан» ұлттық ойынының бір түрі - «Иықтасу» пайда болған. Бұл тартысқа білек түрінгендер, бір-біріне қол жүгіртпей, қотаннан (шеңбер сызығынан) иықтарымен, немесе арқаларымен бір-бірін итергіштеп межелеген тұстан шығаруы керек. Дөрекі қимылдаған ойыншаға ұпай берілмейді. Иықтасу арқылы күш сынасу жапондарда сақталған. Біздің бала кезімізде ауыл жігіттері «Бура қотан» ойнағанын көзіміз көрді. «Түйе жасырынбақ» та осы ойынға жатады. Кейінде аяқсыз қалып ұмытылды. Ұлттық көне рәсімге жататын «Бура қотан»ойынын бүгінгі салтымызға ыңғайлап шығаруды ойластыруымыз керек. Осы ойынды жаңаша бағытта түрлендіріп шығару мақсатында конкрус жарияласа деген ойдамын. Сол конкурсқа (әзірше тірі жүре тұрсам) өзімнің де қатысу ойымда бар. Бұл ойынның бірнеше жобасы қиялымда жүр. Ескі көздерден ұққан,құлағымда қалған «Бура қотан» ойынының жобасы былай: Ойын шеңбер сызығының бойында (қотанда) өтеді. Шеңберлі (дөңгеленіп келген) сызық ортасынан екіге бөлінеді. Бір жағында төменгі ауылдың ойыншылары, екінші жағында жоғарғы ауылдың ойыншылары сап түзейді. Бұл ойын түйеге байланысты болғандықтан түйеге мінген қария балаларға

(ойыншыларға) батасын беріп «жол болсын» айтады. Ойынды неден бастау керектігі есте жоқ. Бұл ойынның (бура қотанның) бір ерекшелігі ойынға үлкен-кіші демей, әйел-еркек демей, бала демей қатыса береді. Біздің шамалауымызша ойын «бұйда тартыспен» басталуы керек. Бұл кәдімгі «түйе көкпарыңыз» болып табылады. Үлкендер нарға мініп, балалар тайлаққа мініп тартысады. Серкемен тартыспайды, терімен де тартысуға келмейді. Білектің жуандығындай етіп түйенің шудасынан есілген қос құлаш «бұйда жіппен» тартысады түйеге мінгенер. Түйеден ауып қалған адам ұтылады. Бұйда тартыстқа жаяу адамдар да қатыса береді. Екі- екіден шығып бақтарын сынайды. Бүгіндегі арқан тартысқа келеді. Бұл ойын бұйда тартыстың бір түрі «жаяу тартысқа» жатады. Екінші кезекте, «Иықтасу» бәсекесі басталады. Кіші шеңбер (шағын қотанда) сызығының ішінде екі ойыншы бір -бірімен иықтасып тіреседі. Қолдары байлап тасталынады. Дөрекі қимылға барғаны ойыннан шығып қалады. Үшінші кезекте, «секірмек» ойыны жалғасады. Түрегеп тұрған түйенің мойын тұсынан -әрлі-берлі секіруді көбінесе балалар жалғасырады. Бұл ойын бүгіндегі жеңіл атлетикаға жуықтайды. Одан соңғы бәсеке түрегеп тұрған түйеге қарғып мінуге ұласады екен. Әкей (Әбілда баласы Кәріп) жеңіл кісі еді. Ауылдағы (қой фермасындағы) күш көлікке деп (1950) ұстап отырған Сарыбураға секіріп шыға беретіні бар. «Жас кездегі әдет қой» дейтін маған.«Бура қотан» ойынының бір түрі бұл дейтін еді. Түйеге қарғып міну де бәсекеге жатқызылған. Сарыбура мінезді еді. Кісі қуатын әдеті болғандықтан, ауыл адамдары одан қашатын. Сарыбура әкейге тоқтайтын еді. Қысқа қарай құтырады. Сондай бүлінген кезінде оған атам (әкем) ғана жақындайды. Аузынан ақ көбігі шығып бұрқан -тарқан болған бура қарайғанға шабады. Сонда бураға атам (әкей) қарсы шығады. Қолында қол тоқпақтай ғана бұрау ағаш болады. Соны буараға сілтеп қалғанда, бура шөге кетеді. Таң болатын едім. Сөйтсем, атам көз ілеспен жылдамдықпен бураны жіліншігінен соғып өткенде, ауырсынған хайуан шөге кетеді екен. Кейінде ес тоқтатқанда, әкейдің (атамның) түйеге жақындығын сұрғанымда былай деген еді. «Біздің елде Әбеу деген (Байғозы батырдың тікелей ұрпағы) бай болды. Перзентсіз еді бірақ, дәулетті болатын. Қолы ашық мырза кісі. Әкеме келіп мені бір қыс қолымда болсын деп сұрап әкетті. Түйе бақтырды маған. «Бура қотан» ойынын сонда көрдім. Бай (Әбеу) бізді еркін ұстайтын. Содан да ауыл жастары бірігіп «Бура қотан» ойнағына кірісетін едік» дейтін-ді. Әкемнен ұғуым бойынша түргеп тұрған түйенің үстіне қарғып шығудағы мақсат-түйенің өркешіне ілінген қоржынды, «қоржын басын» іліп алуға тиістісің. Қоржын дәмді тағамдарға сықалған. «Жүк аудыны» да ойнаймыз дегені бартын. Қос қабатталған қыл арқанды түйенің (түрегеп тұрған) беліне тастап екі дәмелі ойыншы бірі оң жағынан, бірі сол жағынан қыл арқанды саумалап түйге өрмелеп шығуға тиісті. Шыға алмаса «жүк аудыға» ұшырап,

айып төлейді екен. Атамның (әкейдің) айтуы бойынша «түйе қоржын» бәсекесі болады екен. Бұл кәдімгі зіл темір көтерудің ескіше түрі десе болады. Дәмелі ойыншы шөгіп жатқан түйеден қоржынды жерге түсіріп алуға тиісті. Әкемнің айтуы солай. Бұл ойынды түрлендіріп жаңаша қалыпқа түсіру қиын емес. Біреулер бұған (біздің білгішсігенімізге) күмән келтіруі де мүмкін. Бір қисын сұранады. Біздің әкейдің Әбілда баласы Кэріптің арқасы бар еді. Аққылдаған ақкөңіл және еді. Жалғыз баласы менің көңілімді аулап ескілікті әңгімелерді көп айтатын. Ол кісі бүгінше айтқанда кәнігі спортшы болатын. Асық атуда өз қатарымда менің алдыма ешкім шыққан жоқ дейтін еді. Көп әңгімелері өзімен бірге кетті. Асық ойынының елуден аса түрін білетін еді. Еркелікпен ұқпай қалдым. «Бура қотанды» жыр қылғанда, аздаған есте қалғандары осылар ғана.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

Тәуелсіздікке қол жеткізген (1991) кезеңде кешегі Советтер Одағының адамдары, оның ішінде біздің қазақтар (әсіресе Арқа қазақтары) бүгінін ғана ойлап ертеңіне (келешегіне) бас қатырмайтын сәбилік санадағы ақ жүрек әдеттерін бірден ұмыта қоймады. Мұндай типтер көбінесе төменгі буында тырбанған, байлық былай тұрыпты барлықтың да ләззатын тата алмаған кедей қолды тірлікке әбден еті өліп бірдейшілікке (бай да жоқ, кедей де жоқ) көндігіп алғандар еді. Социализмнің теңгермешілік саясаты біздер үшін бұлжымайтын заң. Одан аттап кетуге ұятымыз жібермейді. Ел дәулетіне қисынсыз сұғыну деген, пайда ойлап қосымша табыс табу, саудамен айналысу дегенді қаперге алсақ не дейсің!? Солардың тобында, қатарында мен де жүрдім. Жаман әліме қарамай, саудагерлікті суқаным сүймейді. Совет өкіметінен қалған байлық талапайға түсіп жатқанда біздер ақ жүрек әпенділер теңдік заманға қол жеткізіп тәуелсіздік алғанымызға мәз болдық. Жекешелену науқанының ындына жұтылып жатқан қызыл аяқ, ақ күміс ақ жүректердің өңі тұрмақ түсіне де кірмейтін еді. Біздің иелгімізге тигені (басы бүтін емес) ұлтымыздың діні мен тілі, дәстүр -салты, рухани игіліктері еді. Біздің де қатарымыз бірқыдыру-дені сөзге бар да, іске жоқ, құр қара көрсетуші топ болатын. Соларың бүгінде ұрандап жүр. «Бәріне бастамашы мына дөдең болған!» деп үкіметтен атақ сұрайды. Ал біздер (ақ жүректер) туған халқымыздың дәстүр -салты мен тіліне, ұлтық рухымыздың оянуына салғаннан адал қызмет етуге білек түріне кірістік. Түкпірде жатып та тыным таппай ұлттық оянуымызға қызмет жасадық. Үлкен жерде, жоғары жақта биліктің айналасында жүрген кейбір ұраншылдар «тәуелсіздікті баянды еткен біздер» деп ауыл қазағын көзге ілгісі келмейді. Соларың кезінде ауылдан шыққандар. Заманның тігісі сөгіліп, бір кезеңнен екінші кезеңге бет бұрғанда, салмақ қара халықтың иығына түседі. «Жүк ауырын нар көтерердің» керіне баққан көмпіс халық, оның ішінде ауыл



қазақтары кешегі өтпелі кезеңде біраз қиыншылықты бастарынан өткізді. Жұмыссыз қалып қалаға шұбырды, ауылда түп қазықта қалғандардың жетіскені шамалы еді. Қойын қотыр буды, ешкісін бұралқы иттер қуды. Сиырын қыр асса, қасқыр жарды. Үйір-үйір жылқысы қарақшының айдауында кетті. Соған да төзді-ау, ауыл қазағы. Негізінде біздің халықта ата-бабаның рухынан ауысқан шыдам-төзімнің қорытпасы сықылды сүйегіне қарысқан намысқойлық басым келеді. Содан да қара халық көмпіс. «Малым-арымның садақасы, жаным- арымның садақасы» деген ұлттық ұстаным әр қазақтың қанына сіңген. Соны кешегі өтпелі (1991-2000) кезеңде бірен -саран емес, бар қазақ қайтпас қайсарлығымен, еңбекқорлығымен дәлелдеп шықты. Ұлттық ояну да қара халықтан басталды. Күн жарылқап жас шығып, тәуелсіздікке қол жеткізгенде,



Қожанәсіп Аңсаған Азаматқызы Түркия Анталия Халықаралық жеңімпазы



Қасқырбаев Балтабай

аз жылғы қиыншылықты «ұлттық оянумен» бүркемеледі. Күресінде қалып кеткен халықтың рухани игіліктерін (дәстүр-салт, ұлттық ойындар, ата-бабаның тамырластығы) жарыққа шығарып, соны жас ұрпақтың кәдесіне жаратты.

Бір шындықты ашып айтуға тура келеді. Ұлттық ояну- Қазақстанда Алматыдан бастау алғаны белгілі. «Желтоқсан көтерілісі» азаттық жолына бастады қазақ халқын. Бұл дүмпу- Советтер Одағындағы езілген ұлттарды оятты. Тәуелсіздіктің ақ таңы атқанда, алғашқы «оянуға» салғаннан үн қосқан Жезқазған облысы жұртшылығы екені ешкімнің есінде қалмаған да шығар-ау. Сол қарсаңдарда (1991-1995) іргелі облыс Қарағандының «тоңы» сіресіп жатқанын жақсы білеміз. Солтүстік облыстарда «қозғалыс» жоққа тән болатын. Сондайлық әрі-сәрі кезеңде Жезқазған аймағының Ақадыр ауданында, Айыртауда айта қаларлықтай бір той өтті. Ақжолтай Ағыбай батырдың 190 жылдық мерекесіне келмеген адам жоқ. Бұл тойға мүтін облыс жұртшылығы жұмылды. Тау баурайына тігілген үйдің саны жүзге жуықтады. Той салтанатын тілмен айтып жеткізе алмастай еді. Өзгені қайдам, сондағы өзімнің ішкі тебіренісім басым болды. Кейінде шығармашылғыма қозғалыс тудырған еді. Күй өнерінің дүлдүлі айтулы домбырашы Шәміл Әбілтаевпен тойда бірге жүрдім. Аудандар мен қалалар- Ұлытау, Жаңаарқа, Ақадыр, Ақтоғай, Шет, Жезқазған, Балқаштың тойға әкеп тіккен үйлерінің сән-салтанатына баға беріп, жүлделі орын белгілеудің алқа мүшелгіне кірген едік. Жаратылысы қылаусыз дегдар жанмен, Шәмілмен екі күн бірге жүргенде, одан ұмырыма жетрлік сабақ алған едім. «Біз бақытты халықпыз, неге десең, байтақ даламыз бар. Сол даланы қорғап өткен Ағыбай сынды батырларымыз ондап емес, жүздеп саналады» деп бір қойып, күйді үстін-үстін төгілдіргенде, тойшы қауым біз отырған үйді басып кетеді. Содан түнгі тыныста Кәрім Мыңбаев атындағы кеңшардың ақ үзікті киіз үйінде көз шырымын алып, таңнан оянған Шәміл екеуміз тысқа шыққанда ғажап бір көріністі көріп қайран қалғанымызды қайтерсің! Менің де арқам бар, Шәміл менен де өткен әсершіл екен. Бітімі ойдақ -сойдақ піл сауыр еңселі Айыртау етегіне орнаған киіз үйлі қалың ауыл жазғы таңның манаураған бұйығыңқы елең-алаң шақтағы нұрына малынып тілмен айтып жеткізе алмасай ғажайып көрінісімен қайран қалдырғаны бар емес пе! Айыртау баурайында тігілген қалың үйлердің таңғы көрінісі менің санамда мықтап орнап қалған еді. Одан кейін де ондаған тойлар (жүздеген десе болады) өтті. Киіз үйлер тігіліп-ақ бағады. Айыртау баурайында тігілген (жүзге барып қалар) киіз үйлердің таңғы көрінісі санамда қалып қойды.



ҚР17 жасқа дейінгі чемпионат

Бұл көрініс көркем шығарма жазғанда пайдаландым. Сонымен, таңнан тұрған екеудің тау баурайында жусаған түйедей бұйыққан киіз үйлерге деген таңданысы былайша жалғасқан еді.

-Ғажап қой мынау!-дейді күйші Шәміл қалың қасын серпе,-Бар екен ғой, бар екен!

-Бар болғанда қандай!-деймін күйшінің ойын тап басып,-«Әруақ асықпайды» деуші еді бұрынғылар. Ағыбай батыр тегін емес екен-ау!

- Рухы оралып тұр ортамызға!-деп ширықты Шәміл,- Алланың алқағаны ғой бізді. Орыстану түбімізге жеткен жоқ па? Соның қармышы бұл қайтқан. Құдай деген құр қалмайды.

-Аруақ бар ғой сонда?

-Бар болмаса, бүйтіп жүгіреміз бе? Қараңызшы, не деген салтанат!? Тәуелсіздіктің сыйы бұл! Алланың көзі түзу екен қазақ жұртына.

Сол жолғы толғаныс мені (өзгелерді қайдам) мұсылмандықтың бес парызына бейімеді.Той тарқаған соң іле намазға ұйыдым. Намазға бойымды үйрете алмай біразға дейін қиналып жүрдім. Түбі қайыр, бес уақытылы намазымды тастамай келемін. Батыр тойы бізге, ақадырлықтарға күш бітірді. Іле аудан орталығында мешіт аштық. Басқа жақтарда да «ұлттық ояну» қарқынды жүріп жатқанын жақсы білдік. Сөйте тұрғанмен, өзімізге салғанда, біздің ауыл(Ақадыр ауданы) тәуелсіздікке үн қосуда алдына қара салмады десе болады. Сейфолланың Қарашілігінде «Бүркітші қансонарда» деген республикалық байқау дүрікреп өтсе, Наурыз мейрамын құлпыртсақ, жыл сайын ерте көктемде «Қымызмұрындық» мереке-жәрмеңкесі өтіп тұрса, мешітіміз бой көтеріп намазхандардың қатары молығып жатса, асық ойыны қолға алынып, күй кеші өтіп (Әбікен Хасеновтың құрметіне) тұрса, оған қоса шешендік өнер жарысы жалғасын тапса, ақындар мен жазушылардың кештері мектеперде, ауылдарда өтіп тұрса, айтулы сазгер Сыдық Мұхамеджановтың туғанына 70 жыл толуының мерекесі тойланса, Әуезхан Көшімов, Софы Сматаев, Ақселеу Сейдімбектің туған күндері Ақадырда атап өтілсе, толып жатқан әдеби-мәдени кештер өз жалғасын тапса, біз қанаттанбағанда кім қанаттанады. Қызды-қыздымен Ақадыр кентінің Ленин атындағы бас көшені (аудандық «Қазақ тілі» қоғамының бастамасымен) Абай атына аударып алсақ, бізге кім қарсы тұрады? Шетімізен ұлтжанды болдық десек асыра айтқандық емес. Соған қоса ақадырлықтар ат бәйгесіне оң иығын беріп және озғындады. Атбегі Жолдыбай мен Қапанның, Бауыржанның жүйріктері топ жарды. Осымен қабаттаса, халқымыздың ежелгі ұлттық ойыны тоғызқұмалақтың туы Ақадырда көтеріліп дәуірлегенін қалайша жоққа шығармыз. Тоғызқұмалақтың бас бапкері- Балтабай Қасқырбаев болатын. Мамандығы мұғалім, спорт жанашыры ол тоғызқұмалақты алға шығарды. Қасында басы қазандай болып Төрехан Майбас жүреді, кәдімгі этнограф жазушымыз. Балтабайдың Ақадырда жасақтаған(баптаған) тоғызқұмалқшы командасы облыс бойынша талай-талай топ жарды. Ақадырлық ойыншылар республикалық деңгейге де көтерілген еді. Көзсіз фанат алған бетінен қайтпайтын қайсар Балташ (Қасқырбаев) айналасы 10-15 жылда ұлттық ойын тоғызқұмалақты аспанға бір-ақ шығарды. Төреханы жүреді қасында өзімен жарасып, құтты бір арқардың егізі сияқтанып. Сол күндерді сағынасың. Менің сүйікті де сүйкімді іні досым ұлтжанды Балтабайға пар келетін кім бар?! Оның шашқан өнігі Ақадарда тамыр жайып бүршік жарғанын көріп жүрміз. Үйлерге бара қалсаң төрінде тоғызқұмалақ тақтасы(қобдишасы) тұрады. Соған шүкір дейсің. Ойлаған ойды қыстаған тұрмыс жеңген заман. Тоғызқұмалақшы Балтабай

зейнет демалысына шығып, Астанаға (балаларының қолына) көшкенде, қабырғам сөгілгендей боп балаша езіліп жылағаным бар емес пе! (Ақадырдан, ауылдан қалаға көшкендер менің жарым жасымды кемітіп кеткендей болады). Сондағы қимас көңілден шыққан тебіреніс мынау:

Тоғызқұмалақ бапкері Балтабайым,
Ағаштың асылындай қызыл қайың.
Барасың бізді тастап Астанаға,
Кімдерге табыстадың ауыл жайын?
Тоғызқұмалақ - еді ғой баққан қойың,
Бұл ойын болып еді «сенің тойың».
Ай сайын жарыс болып жатушы еді,
Сен кеткенсін не болар ұлттық ойын?
Сен едің менің топшым, бір қанатым,
Қанатсыз қайтіп қалай жыр жазарсың.
Ауылдың ортайғаны жанға батып,
Сығамын сені қимай көздің жасын.

Кәрі адам көңілшек келеді, оның жылағаны сөкет емес. Әйтсе де, үлкенді налыта берудің де киесі болады. Дүние қуған, сөз қуғандардың да өз есебі бар. Біздің есеп-туған ауылдың түтінінің түзу шыққанына құрылған. Ауылдың ажары азаматымен енеді. Сондай азаматтың бірі менің қанаттасым-тоғызқұмалақтың тарлан бозы Балтабайға екі-үш шумақ өлең олқы, оған дастан арнаса көптік қылмайды. Сол кезеңді (менің Балташым) Балтабайым былайша есіне алады: «Ол жылары(1989-1990)Ақадыр ауданы бойынша ешкім тоғызқұмалақ ойнауды білмейтін еді. Жезказған облысының жазғы ауылдық спартакиадасының бағдарламасына енген тоғызқұмалақ жарысына команда жасақтау үшін кітап тауып алып тоғызқұлмалақты кітаптан үйренуге тура келді. Ойын барысында командалар бойынша екінші орынға көтерілдік. Жаңаарқа команасы бізден басым шықты. Тоғызқұмалақты аудан бойынша кеңінен дамыту керек болды. Інімнен (Балғабайдан) карыз алып Кентау қаласынан 162 тоғызқұмалақ тақтасын әкелдім. Оны ірі елді мекендерге (Ақшатау, Ақжал, Қайрақты) кеңшарларға, мектептерге тараттық. Жарыстар ұйымдастырып, ойыншыларды шақыра бастадық. Осындай жарыстардың бірі (аудандық деңгейде) аудандық «Қазақ тілі қоғамының (төрағасы- Өмір Кәріп) жүлдесі үшін өткен ашық біріншілік еді. Ақадырда тоғызқұмалақтың даму кезеңі 1994 жылдан басталады. Бұл жылы менің ойыншыларым ауылдық мектеп оқушыларының арасында үшінші орынға көтерілді. Қостанай қаласында өткен (1995) жекелей біріншілікте ойыншым (оқушым) Ерділдина Гүлнәз қыздар арасында бірінші орын алды. Жезқазған облысы (1997)тарап, Қарағанды облысына қосылғанда біздің команда Қарағанды облысының чемпионатына қатыса бастады.Оқушылар арасында командалық жарыстарда

төрт жыл бойы бірінші орынды ешкімге бермедік. Өзіңіз жақсы білесіз, сіз ұйымдастырып дәстүрмізге енгізген«Қымызмүрындық» мерекесінен де тоғызқұмалақ тыс қалмады. Ақадырдың тоғызқұмалақшылары республиканың талай шыңдарын бағындырды. Шет ауданының біріншілігінде де менің шәкірттерім алғы шептен көрінді. Екі мың он алтыншы жылы «ауданның тұңғыш спорт шебері» атағын менің баулыған шәкіртім Ақадыр спорт мектебінің оқушысы Қожанәсіп Асылхан жеңіп алды. 2016 жылы Қазақстан республикасының кубогінде бірінші орын алаған (ол да мен баптаған ойыншы) Қожанәсіп Аңсаған Азаматқызы Шет ауданының тоғызқұмалақтан спорт шебері атанды. Бұл екеуі де бір үйдің балалары. Ақадырдың тумасы (менің мектебімнің оқушысы) Қожанәсіп Аңсаған 2018 жылы Монғолияда өткен Азия чемпионатында жастар арасында бірінші орын алып «Халықаралық дәрежедегі тоғызқұмалақтан спорт шебері» атанды. Осы екі спорт шеберінен басқа 16 спорт шеберлігіне үміткер,алты бірінші разрядты спортшылар даярладым».

Осы жолдар авторы мына мен тоғызқұмалақ жарысының жүлдегерлеріне тілекші болдым. Тоғызқұмалақтың байырғы жаттықтырушысы болған Балтабай да шебер ойыншы болды. (Төрехан да біраз жерге барып қайтты, қолдағы қалам қолбайлау боп еркін көсіле алмады). Еріксіз еске түседі,1995 жылы Тараз қаласында өтетін «Мал шаруашылғы қызметкерлерінің бірінші республикалық спартакиадасына Көктіңкөлі ауылының тұрғыны Аңдамасов Бабақ ақсақал мен Балтабай Қасқырбаевті оң сапар тілеп аттандырып салған едік. Бұл жарыстан екі ойыншы да олжалы оралды. Республика бойынша екінші орын алып келді. Балтабайдың өз тұлымшағы (қызы) Қасқырбаева Гүлзада жарыстарда топ жарды. Атап айтқанда, Гүлзада. 2000 жылы Астанада өткен «Ақбидай» жазғы спартакиадасында бірінші орын алды.

Тоғызқұмалақ ұлттық ойынға жатады. Демек, оның да бастау көзі- ақыл -ойды ұштайтын, сананы артық-ауыс бос қиялға ұрындырмай, көңілге байыз таптыратын, ойыншыны саңлақ қалыпқа түсіріп,жан дүниесін, бой-басын сергітетін, кісіні сабыр-тоқтамға бейімдеп, шыдам-төзімнің тұңғиығына батыратын, мінезіне ықпал етіп пайымдылыққа баулитын,ойдың байсалдануына жол ашатын, зейін-зердеңді сергітіп, еске сақтау қабілетіңді арттыратын «ақыл -ой алаңы» десе болады. Бұл ойын еріккеннің ермегіне жатпайды. Киелі де қастерліұлттық ойын. Тоғызқұмалақ ойынын халықаралық дәржеге көтеруде (төрағасы- Әлихан Бәйменов) еліміз бойынша біраз игі бастамалар қолға алынып жатқаны сүйсінерлік жағдай. Оны таратып шығу менің міндетіме жатпайды. Бір ақаиқаты сол- тоғызқұмалақтың бір бастау көзі Ақадырдан басталғанын, ол бастаудың көзін ашуға дәнекерші Балтабай Қасқырбаев болғанын, соған (тоғызқұмалаққа) біздің де аздаған ауыз көмегіміз болғанынын ашық айта аламын. Ауылды төменсіту- қазақты төменсітуге

жатады. Өз басым, ауылдан шыққан озғындармен мақтанамын. Жастар біздің келешегіміз. Балтабай балалы-шағалы, әйтсе де оған өндір шәкірттерінің орны бөлек, маған да солай. Балатабайдың шәкріттерінің бірегейі- бір үйдің қос қоңыры, ауылдасымыз әрі бауырымыз Азаматтың (Өспеннің тумасы, Сәкен аулының азаматы) балалары Асылхан мен Аңсаған тоғызқұмалақ ойынының «жарқыраған жұлдыздары» екеніне аталық көңілмен тілекші болып жүремін. Бұл да болса ұлтқа қызмет етудің бір жарқын үлгісі десе болады.

Қожанәсіп Асылхан Азаматұлы 1998 жылы дүниеге келген, мектептің 2016 жылғы түлегі, «Алтын белгі» иегері. Тоғызқұмалақтан Қазақстан Республикасының спорт шебері. Қазақстан Республикасы құрама командасының мүшесі. Асылхан талай -талай халықаралық жарыстардың жеңімпазы. Дүниежүзі көшпенділер ойындарының күміс жүлдегері. Азия кубогының қола жүлдегері. Евразия кубогының қола жүлдегері. Түркияда, Чехия мен Бішкекте (Қырғызстанда), Ресейде өткен халықаралық жарыстардың және бірнеше өз ішімізде өткен (Қазакстанда) жарыстардың жеңімпазы және жүлдегері атанған еді. Әкесінің соңында томпаңдап еріп жүретін кішкене Асылханды кекілінен талай -талай сипаған едім. Сонда оған аталық мейірімім түскен екен -ау деп шүкірлік етемін.Бір үйдің екі баласының тоғызқұмалақты меңгеріп жарыста биіктерді бағындыруы ел айта жүретіндей елеулі оқиға.

Қожанәсіп Аңсаған Азаматқызы да бауыры Асылханнан қалыспай келеді. Аңсаған да біздің (Ақадыр жұртшылығының) назарымызда. Ол да топ жарып жүр. Монғолияда Баян-Өлгей қаласында өткен жарысқа қатысқанда, бэріміз оған тілекші болдық. Аңсаған бір біз емес, барша қазақ елінің сенімінен шығып, Азия чемпионатының жеңімпазы атанды. Ол жастар арасында республика чемпионы. Елімізде қыздар арсында жеңімпаз. Анталияда, Прагада, Шолпанатада, Таулы Алтайда өткен халықаралық жарыстарда мерейі үстем шықты. Өзімізде (Қазақстанда) өткен республикалық жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы.

Міне, ағайын, қос өркеніміздің эзірше шыққан биігі осы. Осы екі баланы тәрбилеген ата -анасына алғыс! Асылхан мен Аңсағанды қазақтың киелі ұлттық ойын тоғызқұмалаққа баулыған бапкері (ұстазы) Балтекеңе мың алғыс!

ШЫМЫРКЕШТЕР

Ақадырда спорттың басқа да түрлері кеңінен қанат жайды. Әсіресе, күрес түрлері қатты дамыды. Бұл атырап әйгілі күш атасы түйе балуандар- Керней Дуанбектің, Баймұрат Құлжанбектіңдоқа Дәулетбектің, Кеңістік кезеңде одаққа танылған Әлімшайқының шыққан жері, кіндік қандары тамған құтты топырағы. Бұл өңірде нелер нар жігіттер боз келемде күштерін сынады. Атақ-даңқы сыртқа жайылды. Олардың боз кілемдегі сайыстарын сан көрдік.

Шынықеев Ержанның даңқы асты,
Сан мықтыны күресте бүктеп басты.
«Қазақстан барысы» атанды ол,
Жеңіп алды басым боп бұл атақты.
Манабаев Болат та болды жолды,
Шықпаған сирек талант бұрын-соңды.
Самбоның күрестегі арыстаны,
Әлемнің екі дүркін чемпионы.
Айнатаев Самалбек бас балуан,
Күреске машықтанған жас шағынан.
Абсолюттік чемпионы еліміздің,
Самалбекке ұқсаңдар бар жас ұлан!
Жалғабеков Мейрамның күші басым,
Чемпион боп күресте шығарды атын.



Талай-талай қол соқтық жеңісіне,
Ақадырдың тәнті етті кәрі -жасын.
Спатаев Қайраттан көз жазбаңыз,
Қимылы шалт барыстай шапшаң нағыз.
Еліміздің топ жарған чемпионы,
Шәкірттері қол соғып етер аңыз.
Тұяқов Мұраттың да қимылы ерен,
Жүйрікей топты жарып талай келген.
Чемпиондық атақты жеңіп алған,
Күрестің ақ мылтығы ол да берен.
Шоланов Бауыржан да тұлғалы еді,
Теректі сайдың берік шырғайы еді.
Боз кілемнің барысы атанды ол,
Ұмытпас Ақадыры, туған елі.
Балғынбеков Санжарым-артық бағаң,
Жатырқап жалтармайды сенен қалам.
Құттыбай бабасына тартып туған,
Азия чемпионы дзюдодан.
Құптаймын Санжар сенің талабыңды,



Дәрібай Оспанов және чемпион балалары

Ақадыр ардақтайды бағалы ұлды.
Өрлей бер биікерге боз кілемде,
Қуанта бер еркін ел қазағыңды.
Жаңа ниет Рахат дүр балуан,
Қимылы шалт күресте бір жағынан.
Самбодан Азияның чемпионы,
Оны әсте еліктірмес құрғақ ұрын.
Нұрланбекова Мөлдір де белін буған.
Қарақабат ұлы анаға тартып туған.
Самбодан қарсыласын шақ келтірмей,
Әлемдік жарыста озып таң қалдырған.

Қалам ұстаған адамға өкпеші көп. Өзімсінетін де шығар. Маған спортшы жерлестерім де (бізді жазбайсың деп) базына білдіріп жатады. Спортта шынығып шымырланбасаң, өзіңді атша жаратып бабыңда жүрмесең табысқа жете алмайсың. Бұрқыратып шылым шегіп, қылқылдатып ащы суды сімірсең спортпен қоштаса бер. Қалам ұстағандар да былайша қарағанда, спортшы есепті. Өзін бір қалыпты ұстап тоқ жарау аттай сұлу сыпайы қалыпта «ақақу -сақақудан» қашық жүруге тиісті. Қағазбен (жазушылықпен) айналысқан адам «ырду-дыруға» көп салынбайды. Сол себептен де мен спорттың қай түрі болса да қызығушылықпен қараймын. Өзімді спортшы деп білемін. Спортты жанына серік еткендерде тән сұлулығы мен жан сұлулығы қатар жүреді. Бой- басын таза ұстап, өзін былғанышқа ұрындырмай жүретін спортшы қауымға, қазақтың талапкер ұл- қыздарына тілекші боп жүремін. Олардың бәрін қамту бұл еңбекте мүмкін емес. Мақтануға тура келеді.Зілтемірді (штангіні) жатып сығымдап көтеруде жүз он сегіз ел қатысатын халықаралық додада топ жарып, қазақтан шыққан ересектер арасында бірінші шыққан әлемнің төрт дүркін чемпионы атанған, әлемнің бес рекортін жаңартқан, Қазақстан республикасына еңбегі сіңген халықаралық дәрежедегі спорт шебері Қараман Абдулкәрім Дәрібайұлын қалайша мақтан көрмейсің! Дәрібайдың үлкен ұлы Алмас қазақтан шыққан бұл спорт түрінен тұңғыш халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Азияның чемпионы. Жақсы әкенің, спортшы әкенің, халықаралық дәрежежегі спорт шебері Қазақстанға еңбегі сіңген жаттықтырушысы, әлемнің екі дүркін күміс жүлдегері, Азияның бірнеше дүркін чемпионы, қазақ елінің ардагер спорт майталманы Дәрібай Қараманұлы Оспановтың өнегесін көрген балалары да әке жолын қуып әлемдік сайыста топ жарды.

Ата-бабаларымыз осынау ұлан-батақ Ұлы даланы басқыншы дұшпаннан қорғап қалу үшін жас өркенін шымырлыққа баулып, әр түрлі ұлттық сайыстар (ойындар) ойлап тапқан. Соның негізгісі салмақ көтеру

болып табылады. «Түйе қоржын» көтеру, ат үстінен қойды өңгеріп алу, түйе көтеру сайыстарын жүйелі түрде өткізіп тұрған. Бәстесіп ауырлық көтеру қазақ халқында ежелден бар бәсеке. Күш атасы Қажымұқан, Балуан Шолақ нағыз сол уақыттың алыптары. Балуан Шолақ елу бір пұт кірдің тасын көтерсе, Қажымұқан үстінен машина өткізген. Қазақтың ауырлық көтерудегі ұлттық сайысына негіздей отырып, американдықтар Ұлы дала спортын жаңаша құралдармен жабдықтап, оны пауэрлифтинг (бұл сөздің ағылшынша мағынасы- «күш көтеру» делінеді) деген ат қойып, дүние жүзіне жайды. Қазір бұл әлемдік федерацияда 118 ел тіркелген. Біздің ел, Қазақстан бұл спорт түрін 1996 жылдардан бастап қолға ала бастады. Кейін басталса да ата-баба қаны бойында сақталған қазақ жастары қазірде әлемдік рейтингте штанганы жатып сығымдап көтеруден алғашқы орынды иеленіп отыр.

Жалпы қазақ спортында бұндай жетістік бірен -саран ғана. Осы спорт түрінен бүкіл әлемдік рейтингте тұрған акадырлық спортшы ол кәдімгі Абдулкарим Қараман Дәрібайұлы қазак халқының мақтанышы десек асыра айтқандық болмас.

Әкесі әрі жеке бапкері Оспанов Дәрібай Қараманұлы да бұл жарыста биікке шықты эрі баласын жаттықтырады.

Бүкіл қазақ елінің мақтанышы Абдулкарим Қараман құтты өңір Ақадырдың төл тумасы.Осы мекенде шыңдалып, әлемдік спорт додасында топ жарды. Оның жетістігін бүгінгі таңда ешкім қайталаған жоқ. Жеті рет әлем біріншілігіне қатысып, түгелімен олжалы боп оралды туған еліне. Төрт алтын, үш күміс жүлдені қанжығасына байлады. Азия құрылығындағы жарысқа алты рет қатысып, бәрінде де алтыннан алқа тақты.

Дәрібай да бұл сайыс чемпионы,
Ұлдарына дем беріп әке жолы.
Абдулкәрім, Алмасы дараланып,
Спортта топты жарды, болды жолы.
Қос ұлан Ақадырдың мақтанышы,
Бүлкілдеп білекте жігер -күші.
Ер жігітке қайсарлық жарасады,
Жомарт ермен басылар дұшпан мысы.
Көп болсын қазағымның барыстары,
Екпіні тау теңселтсін жарыстағы.
Беремін ұландарға ақ батамды,
Сендерсіз көтерілмес елдің бағы.

ТҮРЛЕНГЕН АҚАДЫР

Болмыстың (тіршіліктің) өз заңылығы бар. Нешеме дәуір алмасып замана керуені алға озғанда, сол керуенге ілескен адамдарда тыным -тыныштық қайдан болсын. Шаршап шалдыққан пақырыңыз аздам тынымдайын десе, жұртта қалатын болған соң, көшке ілеседі. Көш-бейнелеп айтқандатіршілік үдерісі. Сол үдерісті әркім әр қилы қабылдайды. Сарыуайымшылдар заман бүлінді деп аттан -ойбайға басса, тәуекелшіл табандылар «сәт аусынға» басып алға озады. Қазақ ұғымында көштен қалған қорлық саналады. Демек, біздің халқымыз тіршіліктің қозғаушы күші-уақытпен санасуды жақсы білген. Уақыт- сенің жайбасарлығыңды көтермейді. Ауған жүгіңді орта жолда қалдырады да алға озады. Алайда, алға озғандарды жарылқай қоятын мүмкіндігі жоқ уақыттың. Мүмікіндігі болған күнде қолынан келері шамалы. Бар бітіретіні біреудікін біреуге аударып береді. Кеңес өкіметі ыдыраған қарсаңда «жекешелендіру» науқанының табысты болғаны соның дәлелі. Кешегі алпауыт мемлекеттің аяқ астынан бөлшектеніп ыдырағаны біреулерге сор болса, екінші біреуге құт боп жабысты. Иесіз қалған байлық бөліске түсті. Өйтпеске болмайтын еді, онда бұл иесіздік тонаушылыққа ұласып, соңы дүрлігіске айналып



кетуі бек мүмкін еді. Жекешелендіру бір жакты жүргізілді, әділетсіздік етек алды дегенге өз басым келіспеймін. Рас, қолында тұрғандардың жіліктің майлы басын өздеріне икемдеп, соның салдарынан жөнсіздіктің болғанын жақсы білеміз. Бір аудан (Ақадыр ауданы бойынша) көлеміндегі жекешелендіру науқаны өзгені қайдам менің көз алдымда болды. Бәрі-бәрін көріп отырдық. Халықта «Қойыннан төгілсе, конышка» деген жақсы сөз бар. Бәрі өзімізде қалды, бар болғаны біреуден біреуге ауысты. Сыртқа кеткеніне не шара, оған енді салауат. Сонымен, арты қайыр, бәрі орнына келіп жатыр. Қазақстанның бір пұшпағы болып саналатын Ақадыр кенті өңін аша бастады. Түрленуге бет алды. Халықта жақсы сөз бар: «Диірмен орнында болса, бидай шүмеген табады». Диірмен өз қолымызда, тәуелсіз еркін елміз.

Диірмен тұрғанда нансыз қалмаймыз. Жасыратын не бар, Ақадырды да жекешелендірудің талапайына салғанбыз. Бөлісіп алғандар байлықты сыртқа әкеткен жоқ. Шүкір, есесі қайтты. Кешегі кеңестік кезеңде (1978-1991) Ақадыр сондайлық «гүлденіп» кете қойған жоқ еді. Жері сор топырақты болғандықтан, көктемгі лайсаңда, жаңбырлы күндері батпақтан аяғыңды ала алмай қаласың. Ақадыр ауданы құрылған жылдарда оқу бітірген жастар жаңа ауданға жолдамамен келіп еңбек жолын бастады. Жолдамамен жолға шыққан бір топ жас Ақадырдың байырғы тұрғынынан: «Ағай, аудан орталығы қалай? Жақсы ма халқы?-деп сұраса, әлгі кісі еш құйтырқысыз. - Жақсы болғанда қандай! Адамдары бауырмал шетінен. Жер де сондай тіке айырылмай қалады» -дейді. Содан күндердің бір күнінде көшеде аяқтары батпаққа батқан қыздар өздеріне жол болсын айтқан кісіге кездесіп қап: «Керемет деген Ақадырыңыз мынау ма?!-десе әлгі адам,- Айтқаным келген жоқ па? Тұрсыңдар ғой соның әуселесімен,- деп салады. Аудан орталығында заманғы ескі үйлер көп болатын. Көшелері қиқы -жиқы.

Меншік үй салуға үкімет рұқсат бермеді. Үй салғандар болса, тексерістен көз ашпай зықысы шығады. Үш сауда орталығы болды. Соған қарамастан азық-түлік тіке төгіліп жатпайтын. Наубайханасы қарадүрсін,нанның бір ғана түрі-бөлке ғана болды. Сонын өзі дәмсіз кебіртік келеді. Сауда орындарына түскен қымбат заттар мен азық -түлік «тәуірлерден» артылмайды. Дегенмен арзаншылық еді-ау. Әйтеуір бір жақсысы, арақ-шарап дүкендерде үйіліп тұратын еді. Ақадырдың базары тіптен сұрықсыз-тын. Төрт-бес алыпсатар тұрады бірдеңе-бірдеңелерін жайып сап. Ақадырдан ырымға бір адам көрмейсің. Базаршылардың дені сырттан келгендер. Бір азербайжан шал, екі- үш ұңғыш кемпір. Шудың саудагер әйелдері де болды. Базар біз тұрған көшенің бойында. Оларды күнде көремін. Жиренішпен қараймын өздеріне. «Совет адамдарына лайықты

емес» деп жек көремін. Адал еңбектен жалтарған «бекер тамақтар» деп іштей шенеймін. Сөйтіп жүргенде, мәңгілік делінген Советтер Одағы шашылды да қалды. Қазір ғой шетімізден қайраткер боп жүргеніміз. Сол бір алағай -бұлағай кезеңде түкті де түсінбей дағдарғанның бірі мен едім. Ендігі күн көріс саудада қалды дегенге сенгім келмеген. Саудагерлік «жабайы кәсіп» деп іштей қасарысатынмын. Содан жанның бәрі базарға жүгірсін.

Ашық базарда оны -мұны саудалағандарды аяитын едім. Қақаған суықта тұрып сауда жасағандарына жаным ашып іштей мүжіліп зықым шығар еді. Менің ұғымымдағы «жабайы сауда» ақыр соңында халықтың аузын аққа тигізді. Бізге, кешегі Совет адамдарына құбыжық көрінген бұл кәсіп тіршіліктің қозғаушы күші болып шықты. Саудасыз жеке адам былай тұрыпты, қоғам да оңалмайды, сауданың арқасында, алық- берікке жол ашылып, базарлық экономиканың тетігін тапқан елдердің бәсі артады екен. Енді осыған мына анықтаманы қосарлауға тура келеді: «Жеке адам байымай- қоғам байымайды». Содан да біздің үкімет кәсіпкерлікті қолдап, оған жағдай жасауды назарда ұстап отыр. Шет ауданына қарасты Ақадыр кенті (2019) бүгінгі таңда сауда-саттығы алға шыққан дүбірлі елді мекен.

Тоғыз жолдың торабындағы кент өзіндік келбетімен көз тартады. Жаңа үлгіде тұрғызылған ғимыраттар,сауда үйлері, мектептер мен балабақшалар, тойханалар кенттің келбетіне өзгеше өң беріп тұр. Сауда өз арнасын тапқан, бүгінде ешкім де дірдектеп ашық базарда тұрмайды. Сауда мәдениетін,тұрғындарға тұрмысық қызмет көрсету мәдениетін жетік меңгерген кәсіпкерлер кент тұрғынарын жұмыспен қамтуға да өз үлестерін қосып келеді. Заман талабы тудырған кәсіпкерлікті Ақадырда бастаған Сатыбалды Жолдыбаев пен Мұрат Жадаевтің облысқа танылған мықты кәсіпкерлер болғанын мақтан көреміз. Ахметов Тәбеннің иелгіндегі «Баспагер» серіктесігі (көмекшісі Болат Серіков) тұрғындарға қызмет көрсетуде алдыңғы орындарда. Түрлі-түрлі мақтау қағаздарын шығарумен айналысады.

Ауданнан тыс мекемелердің де тапсырсын орындайды.Кітап шығарумен де айналысады.Жұмыстары сан-салалы. Кентте кәсіпкерлікті алға бастырғандар қатары молығып келеді. Атап айтқанда, Оралов Мейрам («Құрылыс» дүкені) Кенжебаев Бауыржан («Сымбат» дүкені), Перимитина Елена («Аыптир» сауда орталығы), Қайрамбеков Мұрат («Серік» сауда орталығы), Серіков Амандық («Электржабдықтау» ЖШС), Серіков Ораз («Ақадыр жылыу»ЖШС-і), Смағұлов Бақыт (Теміржол-Сервис» ЖШС-і), Ибраев Шынболат (ИП-Ибраев»), Мұқышев Ғарифолла («ГД -САПА»), Есжанова Нәсіпкүл («Сәбина» дүкені). Кәсіпкерлер бірлестігінің жетекшісі-Ығытай Қайыржан, Мұсахметов Дәуір («Қамқор» жанармай), Махабаев

Азамат («СТО» жөндеу шеберханасы), Дайырова Күләш («Аэлита» мейрамханасы), Сыздықов Данияр («Ғимрат М-ДЭУ»), Қойшыбаев Мерей (Қайырымдылық қоры), Сұлтанов Мағзұм («Ақадар» дүкені), Тағаева Гүлнар («Айдос» сауда орталығы), Игенов Данияр («Алаш» сауда орталығы), Тастимов Асхат («Адмир» мейрамханасы), Шәкенов Мейрам («Достық» наубайханасы), Әрінов Алмас («Аринов» наубайханасы), Нұршина Нәсіп («Алуа» дүкені), Именов Дархан («Ақадыр» молшылық сауда орталығы), Абилтсупова Алма («Хамзе» дүкені), Нұршиина Рымтай («Батишок» сауда дүкені) Ақадыр кенті тұрғындарына қызмет көрсетіп келеді. Сауданың ебін таба білген кәсіпкерлерге өлең арнаса да болар еді.

Тілекеспін шын көңілден бәріңе,
Бақ-дәулетсіз тіршіліктің сәні не?
Нысаналап алғы шепті өрлеңдер,
Алынбаған асулар бар әлі де.
Кәсіпкерлік- елге жасар қызмет,
Жарқын көңіл, жайсаң мінез- жылы леп.
Ел ертеңі өздеріңмен өркенді,
Аруақ алқап қолдай көрсін Құдірет!

Ақадырға арнаған аз сөз осымен тәмам.Айтылмай, қамтылмай қалған «өмір көріністері» қаншама. Ақадыр- тоғыз жолдың торабында. Бұл тұстан Алашаңқай мұнай құбыры өтеді. Оңтүстікке бағыт алған электр желісінің «нүктесі» Ақадыр кентіне орнаған. Күннен қуат алатын энергия орталығы Ақадырда қолға алынды. Ақадырдың келешегі мол. Бұл өңірдің жарқын беттері, өлке тарихы мұражайдан (Ақадырда мұражай жоқ әлі) көрініс тапса нұр үстіне нұр болар еді. Ол енді келешектің ісі.

***

Құт мекен ырысты өлке Ақадырым,
Өзіңмен өркендімін, бағалымын.
Тауыңнан жуа теріп, суыңды іштім,
Тасыңда мөрі жатыр табанымның.
Мәрт келер Ақадырдың жігіттері,
Халқының қалаулысы, білікті ері.
Арулар ай дидарлы керім -кербез,
Бұлақтың сыңғырындай күлістері.
Сэкеннің сыршыл жырлы сәнді өлкесі,
Сыдықтың сыбызғы үнді әнді өлкесі.
Ұясы ынтымақ пен берекенің,
Қазақтың жәрмеңкелі мәнді өлкесі.
Бабамның мәңгі тыншып жатқан жері,

Анамның ошақ отын жаққан жері.
Ұлтжанды ұландары елім деген,
Бәйгеде топты жарған ақтаңгері.
Сенде туып сенде өстім,
Қанаттанып ержеттім.
Жер жанаты-Ақадыр,
Кермиығым, келбеттім.
Тауларыңда арқар көп,
Адамыңда дарқан көп.
Делебемді қоздырар,
Әуелете ән сал деп.
Ақадырым, ардағым,
Ақ тілеулі арманым.
Махаббатпен перзенттік,
Өзіңе жыр арнадым.

IV БӨЛІМ

ШЕЖІРЕЛІ ШЕТ



Ел мен жер діні аман аумағымыз,
Тілекші боп тұрғандай тауларымыз.
Қазақтың қасиетті бір өңірі,
Толып тұр 90 жасқа ауданымыз.
Қасіретті жылдарды көрген аудан,
Қасарып қиындықты жеңген аудан.
Мың өліп, мың тірілген біздің қазақ,
Сыр алдырмай тоқсанға келген аудан.
Беріспей қасарысып өктем үнге,
Шалдықпай аман жетті көктеміне.
Ауданның орталығы сынды,
Көз тартады Аюлы бөктерінде.

ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҚАРА ҚАЗАНЫ

Шет ауданы қазақ елінің бір пұшпағы.

Ежелгі көне дәуір айшықтары сақталған өңірдің қойны-қонышы тарихи жәдігерлерге толы. Дала пирамидасы делінген «Қаражартас қорымы» һәм Талдысайдан аттар жегілген тас пәуескенің (2015) табылуы жұртшылықты елең еткізген оқиға болған еді. Әрідегі дәуірлерді (сақтар, гұндар) былай қойғанда бұл қоныстар түрік текті рулардың атамекені боп келеді. Ата қоныс туған жер үшін ғұмыры ат жалында өткен бабалар дамылдаған қара қоныс, Шет өңірі небір сойқанды заманаларға арқасын жегізген көне мекен. Бұл атырап сонау «ақ пен қызыл» шарпысқан жылдарда қансырап қалған еді. Бүгінде белгілі болғандай, шолақ белсенділердің «белдеуде бұзау қалмасын» саясатын асыра орындаудың салдарынан аудан халқының саны (1931-33) қырық мыңнан бес мыңға құлдырағаны анықталған. Одан соңғы отыз жетінің отамасы да бұл атырапты өртше шарпығаны небір қасқа мен жайсаңдардың аталып кеткені белгілі жағдай. Өткен кезеңдердің көлеңкелі жақтары бүгінгі жас буынға сабақ болуға тиісті. Сол үшін де аға буын көрген-білгендерін хатқа түсіргенді мақсат етеді. Шет ауданы 1928 жылы құрылған. Аудан атауында бәлендей оғаштық жоқ. Сол кездердегі дуалы ауыз үлкендердің бәтуасымен: «Орталықтан шалғайда шеткері жатырмыз» деп аудан атауын ослайша атаған. Келешекте бұл атау өзгеріске түсіп жатса,ол үшін қазақтың байырғы сөздері: шеттік, шеткергі, шет пұшпақ, шет жағалатып, шетқақпай, шетін жағдай, шет көрмеу тәрізді сөздерді мансұқтауға әсте болмайды. Бұл сөздердің жазығы жоқ. Әйтсе де Шет делінетін бірегей аудан атауы тәуелсіз еліміздің бүгінгі бейнесіне (кейпіне) үйлесіңкіремей тұрғанын айтуға тура келеді. Біз бүгінгі



Шет ауданының 80 жылдық мерейтойына келген



Дәлмағанбетов
Тұңғышбек



Нақыпов
Алтыбай



Омаров
Исатай



Шәйкенов
Әлихан

«ҒАЛИЯ» МЕДРЕСЕСІН БІТІРГЕН АЛАШШЫЛАР




Мұхамедия
Ахметов



Айса
Тоқтарбеков



Ахмет
Әбдірахимов



Қожабек
Жексенбайұлы

ЕЛ ТІЗГІНІН ҰСТАҒАНДАР



Қасымбек
Медиев



Ерлан Қошанов -
ҚР Президенті
Әкімшілігінің
басшысы




Дәулет
Сембаев



Асхат Аймағамбетов
- ҚР Білім және
ғылым министрі




Камали
Дүйсембеков



Әбдікеров
Рысқали



Сарханов
Кәкімжан



Тілеубергенов
Қайыржан

АКАДЕМИК ҒАЛЫМДАРЫМЫЗ



Батталова
Шәрбан



Әубәкіров
Яһия



Рақышев
Баян



Сембаев Дәурен



Ақылбаев Жамбыл




Әдекенов Серғазы



Әбдіқасова Пәну



Хамзин Мәуен



Садықов Тілеген



Өтенов Есен



Әбдуов Мұханбетқали

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ



Әбдіров Нұрлан



Дулатбеков Нұрлан

таңда, Қазақстан республикасы делінетін тәуелсіз елміз. Дамыған отыз елдің қатарына іліктік. Шеткергі көз тасада жатқан елге жатпаймыз. Экономикамыз қарыштап алға басқан жер қойыны кенді, жайлауы малға толған ортан қолдай бahуатты, дәулетті елміз. «Шет жайлап, қиыр қонған» өткен кезеңдер келмеске кеткен. Біздің қоғам (өкімет) ашық есік саясатын ұстанады. «Бәрі өзіміздікі» деп бауырға тартқан сараңдық базарлық экономиканың қолы емес. Шет ауданы кенді өңір. Тау-кен өндірісі дамып келеді. Соны көріп отырмыз. Темір шығаратын «Бапы Майнинг-ЖШС-і» қуатын арттырып келеді. Алмалы кен орнында катодтық мыс зауыты іске қосылып жатыр. Аудан экономикасына Ақжал өндірісі де қомақты үлес қосып жатқанын жақсы білеміз.

Бүгінгі таңда аудан халқының саны 50 мыңнан асады. Ауданың құрамында 25 кент пен ауыл бар. Аудан тұрғындарының қалаға үдерісі баяулаған. Көші-қон сапырылысы бір шама тоқтаған. Шет ауданы өткен жылы (2018) өзінің 90 жылдығын тойлады. Осы мерекеге орайластырыла зар заман ақыны, қазақ халқының арманы мен мұңының жоқшысы болған Шортанбай жыраудың туғанына 200 жыл толу мерекесі де қатар тойланды. Кешегі кеңестік кезеңде Шортанбай жырау поэзиясы ескілікті қоздырған кертартпа әдебиетке жатқызылып келді.Шындығына келгенде, жырау замана қозғалысын тап басқан көрегендігімен халық санасынан өшпей келеді. Еуразия кеңістігінде Ұлы дала төсінде қанатын кең жайған табиғатпен қойындасып емін-еркін дәурен кешкен далалықтардың (қазақ елінің) тынысының тарылып тоқырайтынын, керек десең салтанатты көшінің де қожырайтынын болжаған еді. Өткен кезеңдерді былай қойғанда, Шортанбай рухы бүгінгі нәсілге де (қазақтарға да) ой салады. «Мініп көрер күші жоқ, сауып ішер сүті жоқ, ақша деген мал шықты. Жарлы кедей, жоқ-жітік, жеткізе алмай жан шықты» дегені нақ осы күнімізге дөп келіп тұр. Бәрі-бәрін ақша билеген қатығез қоғамға тап болдық. Жырау өзі өмір сүрген кезеңнің шындығын былайша береді. «Арқадан дәурен кеткен соң,құғындап орыс жеткен соң, амал таппай қазағым, түстің барып торына». Сол «тор» бүгінде босаңдағанымен, жаһанданудың «алып торына» шырмалғанымызды кімнен жасырамыз?! Рухани құлдықтан азат болғанымызбен экономикалық кіріптарлықтың қасаң жолында тұрмыз. Қаптаған банктер ақшасын будыратып қалтасы жұқа қара халықты «менен несие ал» деп үгіттейді. Бүгінде (2019) екінің бірі борышкер, солардың дені өз қазағымыз. Ақпарат беттерінен ұққанымыз бар, дәл бүгінгі таңда қара халықтың (дені қазақтар) мойынында алты триллион теңге борыш ақшасы бар екен. Сыртымыз жылмағай жып-жылтыр көрінгенімен, ішіміздің жұтаң екенін айқайлап айтатын кім бар қоғамда?! Бүгінгінің Шортанбайлары қайда жүр?! Жарықтық жырау көрегендікпен: «Мұның өзі қар заман, қарлығының белгісі, ұл сыйламас атасын...сыйламаған ағасын, алысып




Жанғұтты би ескерткіші

жыртар жағасын. Қыз сыйламас анасын... қазы болыс қойыпты, некесіз туған немесін» деп болжағаны расқа шықанын көріп отырмыз. Жыраудың заманында қазақ даласы орыс отаршылдарының иелігіне біржолата көшіп болған еді. Содан да Щортанбай туған халқының қара қонысы Ұлы далаға деген перзенттік адалдығынан еш танбайды. «Арқаның жазы бейішті, жылқының еті жемісті» деп өз қазағына тура жолды нұсқайды. «Ұзын аққан Сарысуды,өзің жайлап жағала, жүйрік пенен жорғаңды өзің мініп бағала» демей ме. Жерді бауырға басып қалатын күн енді туды. Бұл бір оңтайлы сәтті нағыз ұлтжанды, жер жады бауырларымыз алға оздырса-онда біздің (қазақ халқының) мерейіміздің арта беретіні шығар күндей анық. Әлі де болса ауыл өмірінде босаңдық бар. Жайдақсыған жайбарақаттықпен жүріп ұлттық рухты естен шығарып аламыз. Шет өңірінде ғұмыр кешкен не бір тұлғалар болған. Оларды бөле жарып өзімізге (Жаңаарқадан деп, Ақадырдан деп, Шет өңірінен деп) икемдеу ұсақтыққа жатады. Әйтсе де «жер жерінде, жекен суында» деген қағиданы да естен шығармаған жөн. Шет өңірінің қойны -қонышы толған аңыз. Сол аңыздың кейіпкерлерін атап өтсек оған іштарлық етудің қисыны жоқ. Шет өңірінің (Ақадыр бойынша) арда боз тұлғаларының біразы осы еңбекте аталды. Оны мен ұсақ-түйек жайдақ ниетте емес, өзімнің жүрегіме жақын болғандықтан Ақадырға икемдедім. Ақадыр не, Шет не, Жаңаарқа не - Ұлы Даланың құрамдас бөліктері құтты өңірлер бар қазаққа ортақ. Рулық жіктелуге салынып, ауылдық тар аяда әңгіме өрбіту өсер жастың ой өрісіне нұқсан келтіруі кәдік. Біз ендігі жерде, ұлттық бірегейлікке

ұмтылып, ортақ мақсатқа жұмылмасақ, жаһанданудың аш өзегіне түсіп жұтылып кетуіміз ғажап емес. Сонымен, Шет өңірін данагөй кәрияға баласақ, сол абыздың қойын-қонышынан өрбіген перзенттерінің өлісі мен тірісін атап өту бізге парыз саналады. Шет ауданының 90 жылдық мерекесінде жергілікті ақындар да жыр төгілдірді.

Ел мен жер діні аман аумағымыз,
Тілекші боп тұрғандай тауларымыз.
Қазақтың қасиетті бір өңірі,
Толып тұр 90 жасқа ауданымыз.
Қасіретті жылдарды көрген аудан,
Қасарып қиындықты жеңген аудан.
Мың өліп, мың тірілген біздің қазақ,
Сыр алдырмай тоқсанға келген аудан.
Беріспей қасарысып өктем үнге,
Шалдықпай аман жетті көктеміне.
Ауданның орталығы шаһар сынды,
Көз тартады Аюлы бөктерінде.



Шеттің Толағайы

Бұл жерде Жаңғұттыдай дана өткен,
Сақшыдай туған жерге қарап өткен.
hақтың жолын таңдаған дүр мұсылман,
Қажылық сапарында ажал жеткен.
Кемемен қажылыққа сапар шегіп,
Бар жайды алдын ала іштей сізіп.
Көңілі албұртып жайы болмай,
Шақшадан насыбайды ата беріп.
Теңіздің көз жіберіп толқынына,
Кеменің тербетіліп қарқынына.
Артта қалған туған жер еске түсіп,
Кептеліп бір қысастық алқымына.
Көңлді торлап бұлттай бір ой басып:-
«Қатын, бала туған жер қалды қашық,
Соңымнан неге менің қалмайсың?»- деп,
Шақшаны жіберіпті теңізге атып.
Атанған Жақсы Жәкең заманында,
Патшаның қарсы шыққан амалына.
Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешіп,
Өткен ғой шаң жұқтырмай балағына.
Шет жұрты Шортанбаймен мақтанады.
Аюлы- бейне жырау қас-қабағы.
Дамылдап ойшыл ақын жатыр мұнда,
Қазақтың сияқтанып бақ-таланы.
Мұсылмандық ғұрпыңды сақта дейді,
Тым үйір боп кетпеңдер баққа дейді.
Рухымен демейді бар қазақты,
«Жерді тастап кетпеңдер, тоқта!» дейді.
«Тәуелсізсің бүгінде болды жолың,
Сығымдасың тым сараң оң мен солың,
Үйреніскен көрші ғой орыс жұрты,
Қара қытай қаптаса болар сорың».
Деп бізді рухымен демеп жырау,
Оңайлыққа түспейді заман мынау.
Көбей, жұртым, биіктет шаңырақты!
Жатқа қор қып таптатпа жерді мынау.
Бұл сарынға жүрегің езіледі,
Кеміруге кірсті «жегі» жерді.
Жерді алғаны емес пе елді алғаны,
«Жегілердің» ойнағы төрің енді.



Шортанбай

Рухымен мәлімдеп жырау зарын,
Бізге бір сезінесің «бұғау барын»н
Бағымыз ба сорымыз кең даламыз,
Шақша басым шарадай біле алмадым!?

Бұл сарынға түсіністікпен қарайық. Сөз орайындағы бұл «гөй-гөйдің» шындығы ашылғанда ғана Шортанбай жыраудың рухына деген адалдығымыз қай деңгейде екені белгілі болады. Шет өңірінің жақсысы мен жайсаңына баға беріп, олардың рухтарын еске алғанда, Жақсы Жаңғұттыны, Шортанбай жырауды ауызға аламай кету «аруақ аттағандық» болып табылады. Бұл екі тұлғаның «пәрмені» (рухы) Шет өңірінен асып қазақ даласына жалғасып жатады. Оның ішінде, Шортанбай жыраудың рухы мүтін түрік дүниесін қамтитынын естен шығармайық. Данагөй абыздың жыраулық қуатынан туындаған толғауары ұлттық рухтың сергектігіне қызмет ете беретінін бағалаған жөн. Жараудың даналық ойға шыңдалған жырлары тәуелсіз қазақ елінің ұлттық идеологиясының құралына айналғанын жоққа шығаруға болмайды. Шортанбай жыраудың рухынан қуат алған Шет өңірінде не бір жезтаңдай ақындар өткен еді. Солардың алдыңғы легінен көрінген Қақпан ақын ел есінде. Арқа даласын жайлаған отыз екінші жылғы аштықтың

салдарынан оңтүстікке шұбырған аш-арыққа ілескен ақын Шу бойында қалған. Қақпан Маясар Жапақовқа дем берген ақын. Екеуі бір атадан. Маясар айтыс ақыны. Кезінде халық ақындарымен иық түйістіріп айтысқа түскен. Ақын кіндікті, ұрпақтары Ақадыр, Шет өңірінде жапырақ жайған. Қақпан ақынның өлеңдерін елге жеткізуіші Майекең болатын.

Қаракесек-Қарқабат, атым Қақпан,
Жүйрікпін шығанақтан шыға шапқан.
Әулие жеті жаста көзімді алып,
Атандым сол себептен соқыр Қақпан.
Ақ шабақ су ішінде тоңбайды екен,
Айрылған екі көзден оңбайды екен.
Күніне жүзді беріп мыңды алсаң да,
Жалғанның жарығындай болмайды екен, -

делінген өлеңі сақталған. Менің қолымда Шет өңірің антологиясы «Бір ауыз сөз» делінген кітап отыр. Кітапты құрастырған белгілі этнограф жазушы, өлке танушы, дала жоқшысы Төрехан Майбас. Кітапқа ұзын саны жүзден асып жығылатын ақындардың ғұмыр-дерегі, өлеңдері қамтылған. Біздің мақсат атамекенге деген «ұлы сағынышты» көрсету болғандықтан, кітапқа енген ақын жырларының мәндісін жазбаға қиыстырғанды жөн санадық.

Сәбит Адамияұлы (1940-1983) аз жасаған екен. Ұстаз ақынның аздаған Өлеңдерінен туған далаға деген сағыныш лебі еседі.

Асқар тауы, айдын көлі жоқ мейлі,
Туған жерге ешбір өлке жетпейді.
Теңдесі жоқ жәннатындай жаһанның,
Қадірі оның көкейіңнен кетпейді.
Бақ қалаған бабалардың ақ пейіл,
Көзі емес пе туған жердің беткейі.
Табаныңнан өтіп бойға тараған,
Қызуынан бүршік жарған мәрт мейір.

Бұдан артық не деуге болады? Ақынның кітапқа енген «Ақшатауым», «Сарыарқа», «Туған жер» өлеңдерінде туып өскен ата қонысқа деген ыстық ықылас, шынайы перзенттік махаббат бар.

Дияқажы (1869-1931) өзі өмір сүрген кезеңнің ірі тұлғасы. Ел өміріне араласқан «саяси қайраткер» десе болады Аласапыран жылдарда қиянатқа төзбей зар-наласын ақ қағазға төгеді. Ақынға тісін басқан «қызылдар» көзін жойып тынған.

Диекеңнің бір өлеңі «Зәбір» деп аталады.

Киер киім, тамақ жоқ,
Ел аштықтан қырылды.
Үстіге ілер бұйым жоқ,

ЕЛ МАҚТАНЫШЫ



Омашев Қуаныш




Игіліков Зейнолла




Жүсіп Алтайбаев




Жапақ Майасарұлы



Қасым Сырымбетов



Жүністегі Кәмел




Сәдуақасов Дәулетбек




Сүйіндіков Зәрубай



Есенбекұлы Тілеуқабыл



Құлтөлеу Мұқаш



Қамиев Дидар



Айтжанова Қызғалдақ



Мейрам Сәдуақасов



Әбдіразақова Мақпал

Барлығы түгел сылынды.
Істеп киген тон, шекпен,
Налог үшін жиылды.
Жоқтығын шаққан нашарға,
Тиісті жаза қылынды.
Атылған оқ, аққан қан,
Әр жерден білінді.
Ешкі менен қой болса,
Налог үшін ілінді.
Жалғыз сиыр сойылып,
Өлшеу кірге салынды.
Үстіміздеп оқ жауып,
Өтіміз қорқып жарылды.
Аманы қалған ат мініп,
Жау қайдалап қағынды,-

деп ауыр да азалы жылдардың шындығын айтудан тайсалмайды. «Угарға хат» деген өлеңі тіптен ащы.

Ақынның міндеті көргенін термек,
Әділдік шындықтың хабар бермек.
Сол үшін бүгінде боп тұрмыз ермек.
Ақыл сөз-көрікті, заман ғой ерікті.
Николай қаусаған, алдырған бөрікті.
Құтылдық княздан, деп едік біраздан.
Айбатпен ақырған, судья, ояздан.
Көрдік пе бүгін кеп, зорлықты асқан шек,
Есерсоқ қораздан.
Мен айтқыш батырмын,
Түрмеде жатырмын.

1923 ж.

Шет өңірі ақындар елі десе де болады. Жәкен Байтуовтың (1891-1962) дастандары кең тынысты. «Көкжайдағы» сұлу өрілген толғау. Сәрінжіп ақын табиғат жыршысы боп өткен еді. Солардың жалғасы боп боп өткен Саябек Айнатайұлы (1941-2000) да өлең өлкесіне ат шалдырған алымды ақын еді. Кешегі Дияқажының, Тоқсантайдың Қапасының (1895-1931), Бабас ақынның(1868-1929) жалғасындай болған Қозы Уадиев (1943-1986) сатира жанырында көрінген еді. Шет ауданының тумасы Ермек Мұстафаұлы (1917-1990) кезінде ақындығымен, әншілігімен, актерлігі.мен де танылған талант болатын. Жаңаарқадан Қалиакпар Әбілдин шықса, Шет ауданынан Қалиасқар Әбілдин (1937-1985) суырылып шыққан еді. Бұл екі ақынға қызығатын едік. Қалиасқардың ғұмыры қысқа болды. «Кеңшоқыдан» түлеп ұшқан ақын есімін

ұмытпағанымыз жөн. Кезінде (1980) айтысқа белсеніп шыққан Тезекбай Амандықов та жыр торысын баптаған шалымды жүйріктердің бірі. Айтыскер ақын Дидар Қамиев та Шет өңірінің тумасы. Шет ауданында сөз өнерін ұстанған жас таланттар легіне тілекшімін. Әкімдік пен ақындықты қатар алып жүрген іні досым Марат Шәйкенің сықпа құрттай дәмді жырларын сүйсініп оқимын. Шеттің тумасы Жаубасов Жанат ақынғанға да пейілдімін. Туған ауылынан сыртта жүрсе де Арқа даласына, Шет өңіріне сағынышпен жыр арнайды.

Атажұрт Сарыарқаның арасында,
Тудым мен Аюлы тау жотасында.
Құмжонның етегінде ойнап өстім,
Аң аулап, қызықты шақ-дос қасымда.
Толағай таулары бар жырға қосқан,
Шығыпты талай тарлан елден асқан.
Жидебай, Қаздауысты Қазыбектер,
Дұшпанның өткір сөзбен мысын басқан.
Тәттімбет «Саржайлауын» сылқылдатқан,
Ол-дана, күй атасы тұғыр тапқан.
Ағыбай, Жарылғаптар жау тойтарды,
Батырлар қорған болып түспей аттан.
Ақсұңқар Сәкен кеше жырлап өткен,
Әндері тау ішінен қырға жеткен.
Туыппын құтты жерде, құтты ауылда,
Ән-күйге орап мені әрбір көктем.

(Жанат Жаубасов,
«Мен тәуелсіз қазақпын-2013ж.)

Шет ауданы сан талантты түлеткен құтты өңір. Жүсіп Алтайбаев, Софы Сматаевтың, Орынбек Бековтың орны бөлек. Шеттің төл тумалары Рымқұл Сүлейменов (1939-2008) пен Кәмел Жүністегінің, Төрехан Майбастың, Құлтөлеу Мұқаштың, Мэуен Хамзиннің қалам қайратына ешкім дау айтпайды. Қазаққа танылған қаламгерлер есімі тасқа таңбаланса артық емес. Әдебиет-ұлттың үні әрі ұраны есепті. Әдебиеттің, сөз өнерінің мәнсізденуі- ұлттың ажарын солғындатып, дидарына көлеңке түсіреді. Қай ұлт болсын өнерімен, оның ішінде сөз өнерімен ірі. Оның ішінде әдебиет (прозасы, поэзиясы, дараматургиясы) ұлт рухына дем беретін рухани қуат күші болып табылады. Әдебиеттің пәрмені ұлт ажарынан көрініс тауып, дидарынан нұр боп төгілгенде, халық рухына қанат бітеді. Әдебиеті мен өнері жербауырлаған ұлт қанатсыз құс есепті. Шүкір,тәуелсіз елміз, қанат -құйрғымыз жетіліп келеді,

соған тәубе дейік. Шет өңірі ойшыл ғалымдардан да кенде емес. Атақтары алты алашқа мәлім болған Баян Рақышев, Яхия Әубәкіров, Шәрбан Батталова, Жамбыл Ақылбаев, Пәну Әбдіқасова есімдері ел есінде қалатын тұлғалар. Заң ғылымдары бойынша докторлық атақ алған, қоғам қайраткерлері-Әбдіров Нұрлан мен Дулатбеков Нұрлан Шеттің төл перзенттері. Оқу министрі болған (1941-1955) ғылым докторы Сембаев Әбдіхамит (1905-1989) Шеттің тумасы. Сембаев Дәулет (осы кісінің баласы) тәуелсіз еліміздің алғашқы бас банкирі болған ірі экономист ғалым. Ғалым Садықов Тілегенді Шет өңірінің үлкен-кішісі мақтан тұтады. Химия ғылымының докторы 950-ден аса еңбектің, жиырмаға тарта монографияның авторы Әдікенов Серғазы Шеттің түлегі. Мақтауға тұрарлық ірі тұлға. Халықта бар сөз: «Тон жағасыз, ауыл ағасыз болмайды». Ежелгі құтты өңір Шет ауданының экономикасын ілгерілетіп, шаруашылығын алға бастырған ел ағаларын атамай өтуге болмас. Біздің жас (1950) кезімізде «Іс тетігін кадр шешеді» деген қанатты сөз көп айтылатын еді. Сталин айтқан екен делінетін. «Кадрдың» анықтамасы- іскер басшы, білікті маман, өз кәсібінің шебері дегенге саяды, соған жуықтайды. Шеттің төл тумасы кезінде партия басшылығында болған қайраткер Балғабаев Жалауды қалай ұмытарсың? Шет ауданын басқарған Мәлік

Имашев, Кәмали Дүйсенбеков, Қасымбек Медиев, Сағымбай Медеубаев нағыз іскер басшыға лайықты қызмет атқарғанын халық жақсы біледі. Өтпелі кезеңде (1997-2005) ауданға басшылық жасаған Сарханов Кәкімжанның халыққа зияны тиген жоқ. Одан соңғы жылдарда Шет өңірінің өз жігіттері-Р. Оразханов, Р Әбдікеров, Қ. Тілеубергенов аудан тізгінін ұстады, шама-шарқынша адал қызмет атқарды. Сөз неден шықты? Іскерліктен (кадр сөзінен) шықты. Ауданды өрге сүйреген іскер басшылар мен ауыл шаруашылғының мамандарын, өндіріс командирлерін кейінгі буынның есіне салған да жөн. Олардың маңдай теріне өнген дәнді талшық еткенімізді ұмытудың іреті жоқ. Аудан ардагерлері-Сейілбеков Қуанышбай, Әлқожаұлы Шәйкен, Жолқұттыұлы Исақ, кезінде аудан экономикасын алға бастырған- Жұмкин Боранбай, Әбдіқанов Аман, Отыншин Төлеуқұл, Балтин Өміртай, Хамзин Бекежан, Әлкеев Зәбира, Әрінов Иген, Мұқашев Алпыс ауданға белгілі ардақты есімдер. Қарағандыда шахта басқарған ер көңілді ұлтжанды азамат Бэкіров Қажен, өндіріс командирлері Омашұлы Қуаныш,Рахымжанов Сайран, Баданов Мейрам, Қойшанов Сәкен Шет ауданына айрықша еңбегі сіңген азаматтар екенін халық жақсы біледі.

Шеттің төл тумасы, мемлекет қайраткері Қасымбек Медиевтің өмір жолы жас ұрпаққа үлгі. Бүгіндегі (2019) аймақ басшысы, облыс әкімі Ерлан Қошанов та Шет өңірінің тумасы. Облысты сарабдал сабырмен, орнықты мінезімен кең қолтық қазақы кісілігімен басқарып, бір тоға қоңыр қалпынан жаңылмай келеді.

Шет ауданының «айнасы» боп табылатын аудандық газеттің жарық көруінің (2018) сексен жылдығы атап өтілді. Газет бүгінде жаңаша атауға ие. «Шет шұғыласын» қаламы өнікті байыпты азамат Мейрам Дәулетбекұлы Сәудақасов басқарады. Бұл газетке белгілі жазушы Кәмел Жүністегі редактор болды. Одан соң Шет өңірінің төл тумалары Қызғалдақ Айтжанова, Серғазы Қабылдаұлы, Болат Тойшыбек басқарды газетті. Осы жолдар авторы да газеттің «нанын» жеді. Бір ауданның айнасы боп табылатын «Шет шұғыласы» айқай-ұйқайға жоқ орнықты газет. Шет ауданынан әдебиеттің білгірлері де шықты. Әдебиет танушы ғалым Мұхамедия Әбдуов осы өңірдің тумасы. Кешеге ғана (2019) дүниеден өткен Шәтекұлы Қоңыр ақын да шежірелі Шеттің төл перзенті еді.

Ауылдан ұмыр бойы тапжылмаған,
Атағын шығаруды сән қылмаған.
«Сөз патшасы» өленді кие тұтып,
Жазбаған кенеусіз жыр құлдібадам.
Сондайлық болмаса да асқақ ақын,
Жүретін мінезі бар досқа жақын.
Бозторғайша даласын жырлап өтті,
Өзінің топырағын тапқан ақын.
Дегендер маған атақ бұйырмады,
Қисынсызды қоздырар қиырдағы.
Бұдан өткен шын атақ болмас, сірә,
Туған жерден топырақ бұйырғаны.

Бұл атырапта не бір қасқа мен жайсаң өткен. Он жеті мың жылқы біткен Шолақтың көгаласы көл тауысқан. Солардың жалғасы Адамбай-Тұрсын мырзалардың шаңқан боздары шетінен ауыздық сүзген мисыз жүйрік болған екен. «Апақтың құласы» аталған жүйрік сол тұқымнан шыққан. Бөде-Серіктің даңқы Арқадан асқан. Жарылғап батырдың немересі Бәйсейіт би, айтулы шешен Дүйсенбай би, Қара би, Байдәулет, Қасқар, Ақтайбек билердің өнегелі сөздері тәуелсіз еркін еліміздің рухани қажетін өтеп жатыр. Бұл өлкеде қазақтың айтулы Жидебай, Сеңкібай, Дербісалы батырлары дамылдап жатыр. Қарқаралы үйезін әнмен қырған атақты Ақтентек сері де осы өңірдің тумасы.Шет өңірі өнер ұясы есепті. Оның ішінде күй өнері бұл атырапта қатты дамыған. Тәттімбет дәстүріндегі Арқаның шертпе күйлерінің «отаны» боп табылатын бұл атырапта небір дәулескер күйшілер өткен. Олардың ізін басып күйшілік дәстүрді алға оздырған шәкірттері қаншама.

Қыздарбек- күй өнері дарабозы,
Күйдегі сайрап жатыр сара жолы.
Күйшінің «Сылқым қызы» күй төресі,
Ізбасарлар шерткенде болар жолы.
Сембек пен Әбди қатар шығып еді,
Шері боп қазағының күңіренді.
Шанаққа сарыуайым төгесің деп,
Белсенді қарауылға іліп еді.
Әбдидің әсер етпей шерлі күйі,
Сембектің жынға тиіп сезбес күйі.
Белсенді қос күйшінің көзін жойып,
Көр менің деп даурықты ерлігімді.
Өнердің бағы тайып, қараң қалып,
Екі көзден жас ағып тарамданып.
Сойқан болып жатқанда осы өңірде,
Әбікен бір себеппен аман қалып.
Күй дүбірі Арқаға қайта оралған,
Дәстүрдің жалағастығы қайталанған.
Ел іші алтын құрсақ ана емес пе,
Өнердің сөнген оты қайта жанған.
Дәулетбек «сол құрсақтан» дара шыққан,
Әбікенге шәкірт боп күйін ұққан.
Арқаның шертпе күйін насихаттап,
«Күй керуен» көшінде алға шыққан.
Шәкірттері Дәукеңнің ізін басқан,
Ақындар күйшіге арнап жазған дастан.
Қайролласы әкенің жолын қуып,
Күй дәстүрін дамытып «отау ашқан».
Атасына еліктеп Жүсіп ол да,
Шанақтан төгілдіріп күй боздатқан.

Дәулетбек Сәдуақасовтың қара шаңырағына күй қонған. Соның дәлелі мынау- Қайролла Дәулетбекұлы әкеден алған тәлімін жаңғыртып облыста «күйшілер орталығын» басқарып отыр. Тәттімбеттен, Сайдалы Сары Тоқадан бастау алған Арқаның күйшілік мектебі өз сабағын жаңаша қарқынмен жалғастырып жатқаны рухани жаңғыруымызға басты айғақ. Шет өңірінде қара домбыраға тіл бітірген не бір саңлақ күйшілер болған. Арқа дәстүріндегі шертпе күйдің тынысын кеңейтіп өзгеше нәзік ырғақпен соны күйлер туындатқан Шет ауданының тумасы сазгер Зәрубай Сүйіндіковтың (1947-2017) өз жанынан шығарған күйлері тыңдарманды

сонылығымен баурайтын еді. Зәкең шығарамшылығын насихаттауға белсеніп бара бермейтін еді. Ауылдағының атағы ұзамайдының керіне баққан осы бір қоңыр мінезді, қоңыр үнді таланттың ақындығы да бір кісіден кем емес-тін. Сазгерлігі де бір шама жоғары болатын. Туған ауылынан ұзамай өзінің Ақсу-Аюлысын жырлап өткен талантты азаматтың соңына қалдырған ән -күйлерін, әдеби мұраларын насихаттап жас ұрпақтың кәдесіне жарату кейінгілердің міндеті. Ауыл мәдениетіне, рухани келбетіне бойдағы таланымен беріле қызмет атқарған сазгер әрі ақын дәулескер домбырашы Зәрубай Сүйіндіков өзінің Ақсу-Аюлысында есімі тасқа жазылып қаларына сенімдіміз.

* * *

Ауылды қия алмадың, ұзамадың,
Бойыңды кернесе де бұла дарын.
Аюлы-Ақсуыңды жырлап өттің,
Кең дала болды сенің құмар әнің.
Күйлерің сыршыл нәзік- бойды алады,
Бозторғайша жырладың боз даланы.
Әндерің қайнар бұлақ сыңғырындай,
Ұлтыңның сен бір дара өр қазағы.
Көз жазбай ғұмыр бойы мен де ауылдан,
Арқаның жуа теріп тауларынан.
Қайнардың тұнығынан шөл қандырып,
Далаға алқа тақтым арда жырдан.
Кәрі бозбен даланы шарлап жүрмін,
Бүркітше қияға өрлеп самғап жүрмін.
Аюлыға азырақ қанат бүгіп,
Тізгінін тартып тұрмын арда жырдың.
Аюлы- піл сауырлы бүркіт қабақ,
Ойымды өрбітейін тауға қарап.
Қырандардың мекені Арқа төсі,
Аң-құстың ұясы еді бұл бір алап.
Саятшы Тілеуқабыл Есенбеков,
Жүреміз сыйластықпен есендесіп.
Бабалардың аруағын тірілтті ол,
Құс салуды жаңғыртты кәсіп етіп.
Саяхаттап бүркітпен шетке кетті,
Еуропа төріне келіп жетті.
Менменсіген «батысты» таңқалдырды,
Өз орнына жұмсады аз деулетті.



Шеттің жоқшысы Кәмел Жүністегі, дидақшысы Төрехан Майбас

Неге тұрар құзғынша басып жеген,
Сұнкардай жарастықты шашып жеген.
Өзінде қыран құстың мінезі бар,
Содан да «бұл қазақты»жақсы көрем.
Кезінде үлкендерден алған сабақ,
Ұлтжанды, ауылжанды нағыз қазақ.
Қыран құс сергектіктен жаңылмайды,
Аюлы биігінен тұрар қарап.
Әбдірзақова Мақпалдың жөні бөлек,
Нәзік жанды болғанмен қимылы ерек.
Саятшы Қазақстан чемпионы,
Қыран баптап жастарға үлгі берет.
Тауының мұзбалағы, қыраны бар,
Тазы ертіп, құс баптаған ұланы бар.
Саятшылық дәстүрдің ауылы бұл,
«Шетке» кеп бүркіт салып сыналыңдар.

Әлқисса, бұл жазбаны шегермесе жайылып кете беретін түрі бар. Алғаш қолға қалам алғанда жер-су елді мекеннің қысқаша тарихымен шектелермін деп ойлаған едім. Тақырыпты өрістете келгенде, қаламым ауыздыққа көндікпейтін ұшпа жылқыша мінез шығарып... содан жазбаны естелікке жақындатуға мәжбүр болым. Естеліктің тақырбы - ел іші. Жаңаарқа -туып өскен ауылым болғанда, Ақадыр- ғұмырымның дені өткен құтты мекен. Осы екі өңірді «кәрі тарлан» қалам қуатымен ұзақ

шарлап жүріп алдым да, Шет өңіріне «мінгішімді» болдыртып жеттім. Аса болдырмаса да барлыққаны байқалды кэрі боздың. Шет өңіріне дендеп енуге, расы керек, тәуекелім бармады. Біріншіден, бұл өлке маған жете таныс емес. Екіншіден, бұл атыраптың (ауданның) жоқшысы, дидақшысы бірегей тумалары бар. Мойындауға тура келеді-«Жоқшысы»- кәдімгі әмбебап жазушы Кәмел Жүністегі. Кәмелдің назарынан (қаламынан) тыс қалған не қалды дейсің бұл атырапта? Өзінің туған топырағы Шеттің кешегісі мен бүгінін бәрі-бәрін хатқа түсіріп (шоттап-қаттап) шыққан қаламгерден асырып бірдеңе айтам деу асылық болар еді. Қаламдас достың жазған шығармаларын (роман -диология, хиқаяттар, әңгімелер, естеліктер) былай қойғанда, «Таска тұнған құпия»(2018) атты еңбегіне баға жетпейді. Қаламгердің осы кітабы менің жұмысымды жеңілдетті. Еріксіз атбасын іркуіме тура келді. Шеттің жоқшысы Кәмел Жүністегі болғанда, дидақшысы- Төрехан Майбас. Бұл екеуі тұрғанда Шет өңіріне сұғынып бірдеңе -бірдеңе деп жазу маған сын. Сол себептен де ат басын іріктім.

Тауса алмаспын ауданды жырлап енді,
«Жоқшысы» талмай жазған құба белді.
Алармын кәрі бозды барлықтырып,
Ат басын іркуіме тура келді.
Жаңаарқа - шыккан менің топырағым,
Жалықпай еркін кездім атырабын.
Шет менін талантыма демеу болды,
Ақадыр -тыныстайтын нулы бағым.
Тынымдап Ақадырдың тепсеңінде,
Сапының мәңгі тыншып бөктерінде.
Бозторғай шырылынан қуат алып,
Жатайын Ұлы Дала көк белінде.
Бақытты-ау казак елі даласы бар,
Атадан ұл боп туған данасы бар.
Шаһарға орнағаның айып емес,
Бір мезгіл даламен де санасыңдар.
Біздерге Ұлы дала - «Мәңгі орда!»,
Бак пен ырыс ен байлық бәрі сонда.
Ұлттык рух тұғыры- Атамекен,
Сақшы боп бабалар да жатыр сонда.

03.05.2019 жыл.
Ақадыр кенті.

М А З М Ұ Н Ы

БӘСІРЕ СӨЗ.....3

ІБӨЛІМ
ЖАҢААРҚА АТЫРАБЫ

ТУҒАН ЖҰРТ.....8
«ҚАРААҒАШ ТОҒАЙЫ»..... 26
ЕСКІ КӨЗДЕР.....31
ПИАЛА ШАМ.....39
«ЖЫНДЫ ӘБЕН».....46
ҰСТАЗДАР.....54
ТУҒАН АУЫЛ.....62
АҚТАУ ТАУЫ.....79
САРЫТАУ.....84
ҚАРАТҰМСЫҚ.....85
ЫРҒАЙЛЫ..... 87
АҚТАУ ДУАНЫ.....89
ЗӘЙІМКЕ.....90
КӨКТАЛ.....91
САРТБАСТЫҢ БИДАЙЫҒЫ..... 92
ОТЫНШЫНЫҢ ҚАРА МОЛАСЫ.....94
САҒАЛ БЕЙІТІ..... 96
ТАЙЖАН БАСЫ..... 98
НАРБАҚЫ..... 100
ТҰЯҚ ШЕШЕН.....102
САЗГЕР ҚОНЫСЫ..... 103
ЕРКІНДІК АУЫЛЫ..... 105
НІЛДІ-ӨСПЕН..... 106
АЙҒЫРЖАЛ..... 109
АЙСА..... 110
ЖАМАНҚҰЛ БАСЫ.....115
БІРНАЗАР.....117
ЕРЖАН БИ..... 118
БАТЫР БАСЫ.....119
КӨКТІҢКӨЛІ АУЫЛЫ..... 124
КӨКТІҢ КӨЛІ.....126
БАЛАПАН БЕЙІТІ..... 128
МҰСТАФАНЫҢ АҚМЕШІТІ..... 131
ОРТАУ АУЫЛЫ..... 135
ОРТАУЫМ - ҚҰТ МЕКЕНІМ..... 142
ОР-АБА ТАУЛАРЫ.....143
ҚАРАШІЛІК.....144
АҚСАЙ.....156
ҚАҢТАРБАЙ ҚЫСТАУЫ.....160
БОСАҒА ТОҒАНЫ..... 162
БОСАҒА.....164
ТОЙЫМБЕК БАСЫ..... 164
ҚЫЗЫЛТАУ.....169
АҚМҰСТАФА..... 174
ҚҰТЖАННЫҢ ҚАРАТӨБЕСІ.....176
«ҚЫЗ ҰЗАТҚАН»..... 177
ЖАЛҒЫЗТӨБЕ..... 179
АТАСУ ӨЗЕНІ.....181
МЫРЖЫҚ ҚОНЫСЫ.....183
ДАРАТ ТОҒАНЫ..... 185
ӨГІЗТАУ.....187
КӨРҚЫСТАУ.....188
АЙДАҺАРЛЫ..... 190
ҮШҚЫЗЫЛ..... 197
ҚАБАНТАУ.....198
САУҒАБАЙ ҚЫСТАҒЫ..... 199
ЕРКЕБҰЛАН.....200
АЙШЫРАҚ.....201
АҚСАЙ - ҚЫЗЫЛТАС..... 203
ҚОРҒАН.....204
ҚОСАҒАЛЫ.....205
ЖАНАЙДЫҢ АҚ ТӨБЕСІ..... 206
АҚТАУ АУЫЛЫ..... 207
МҰҢЛЫ-ҚУЛЫ..... 211
ТАЙАТҚАН-ШҰНАҚ.....216
ТҮЙЕ МІНГЕН БАЛА..... 225
ҚАЛМАҚ ҚЫРЫЛҒАН..... 227
ЖЕЛТАУ.....230
ҚУШОҚЫ.....232
БЕРЕКЕТТІ.....233
ӘБІЛХАЙЫР ӨЗЕНІ..... 236
ҮШБҰЛАҚ..... 237
САУЫҚ ТҮСКЕН БҰЛАҚ..... 240
ШАЖАҒАЙ.....243
ЖЫР БАСЫ.....244
ӨЗЕН БОЙЫНДАҒЫ БЕЙІТТЕР..... 249
АЙҒАРА-МАЙМАҚ..... 251
ЖИЕМБЕТ БАТЫР КЕСЕНЕСІ.....254
АЛТЫБАЙ МАЗАРЫ.....257
ҮЙСІНБАЙ БЕЙІТІ.....260

ЖАНТОҚА БЕЙІТІ.....261
ТАРАН ҰСТА 263
БӘЙЖИЕН БАСЫ.....264
ДОСАБАЙ МАЗАРЫ.....266
ШАЛҚАРДЫҢ АҚТҰМСЫҒЫ.....272
КӨКЖАРТАС.....274
САРЫҚҰЛЖА.....277
БӘЙБІШЕ.....281
СЕЙДІМБЕК КӨҢІ.....283
БҮРКІТТІ ҺӘМ ДӘН МАЗАРЫ.....285
САСЫҚ ЖАРТАС.....288
ШЕГІРДІҢ АҚШОҚЫСЫ.....290
БЫЛҚЫЛДАҚ ҚОНЫСЫ.....293
ЖАЗЫБЕКТІҢ БЫЛҚЫЛДАҒЫ.....295
ӘБДІШТІҢ ҚАРА ТОҒАНЫ.....299
САДЫҚ ТӨБЕ.....301
ТӨРЕХАН БЕКЕТІ.....305
ҚЫЗЫЛТАУ АУЫЛЫ.....307
ШОЛАҚЕСПЕ.....322
АЙҒЫРҰШҚАН.....329
АЛАБАС.....336
ҚАРАМАТАҚ- САРЫМАТАҚ.....338
ШОЛАҚ БЕКЕТІ.....340
ҚОҢЫР ТӨБЕ.....343
ШАҚҚАН МЕШІТІ.....345

II БӨЛІМ
МОЙЫНТЫ-ҚАРАБҰЛАҚ АТЫРАБЫ

МОЙЫНТЫ.....350
БАПЫ.....354
ҚОС КЕЛІНШЕК.....356
КИІКТІ.....357
ОРАҚБАСЫ.....362
ШАЛТАС.....368
КӨПБАЙ МАЗАРЫ.....369
МАЗАРЛАР.....373
ЕСБЕРГЕН БАСЫ.....379
ҚАРАБҰЛАҚ.....381
БАТЫР БАЛН БЕЛГІСІ.....385
ИТҚАРА БАСЫ.....390
АҢДАС БҰЛАҒЫ.....391
ҮЛКЕН БҰЛАҚ.....395
БОСАҒА.....399
САДЫҚ МАЗАРЫ.....400
ДАУЫЛБАЙ БАСЫ.....402
ДОҢҒАЛ.....412
ҚАСІРЕТ БЕЛГІСІ.....415
ДОҢҒ АЛ БЕКЕТІ.....418
ШЫНАННЫҢ БИДАЙЫҒЫ.....420
АЙЫРТАУ.....424
ҚАРАЕСПЕ.....427
МЕҢЛІБАЙ БАСЫ.....435
ҚОЙТАС-СОРАҢ.....438
ЕШКІӨЛМЕС.....445
ОЙРАНТАУ.....452
ҮЙРЕКТАУ.....455
САПЫТАУЫ.....459
БАЙЫР БҰЛАҚ.....460
САРЫАЛАНЫҢ БҰЛАҒЫ.....469
ТАЛДЫБҰЛАҚ.....469
ҚАРАШОҚЫ.....470
ШӨЛАДЫР.....472
ТАҒЫЛЫ ТАУЫ.....473
ҚАДЫР БАТЫР.....475
СЫРЛЫТАМ.....476
ТАРПАҢ БАСЫ.....480
ТӘТІҚАЖЫ.....483

III БӨЛІМ
АҚАДЫР АТЫРАБЫ

АРҚАНЫҢ АРҚА ТҰРАҒЫ.....488
АҚАДЫР КЕНТІ.....497
ЕРЛІКТІҢ МЕКЕНІ.....506
АҒАБУЫН.....513
АУДАН ЕДІ АҚАДЫР.....518
АҚАДЫРДЫҢ КЕШЕГІСІ.....547
ҰЙҚЫАШАР СӘТ.....554
«АҚАДЫР ТАҢЫ» ГАЗЕТІ.....561
ӨТПЕЛІ ЖЫЛДАР.....573
АСЫҚ ОЙЫНЫ.....580
ШЫҚЕТЕР.....582
ҮШТАБАН.....582
АЛТЫАТАР.....582
ШЕҢБЕР ШЕРТПЕК.....583
БУРАҚОТАН ОЙЫНЫ.....584
ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ.....588
ШЫМЫРКЕШТЕР.....596
ТҮРЛЕНГЕН АҚАДЫР.....600

IV БӨЛІМ
ШЕЖІРЕЛІ ШЕТ

ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҚАРА ҚАЗАНЫ.....606

Өмір КӘРІПҰЛЫ

ДАЛА СЫРЫ

Ел мен жер атауларының
аңыз-әпсанасы

Редакторы: *Төрехан МАЙБАС*
Корректоры: *Мейрам ҺӘКІМЖАН*
Көркемдеуші редакторы: *Нұргелді СЕРҒОЖАҰЛЫ*

Басуға 15.01.2020 ж. қол қойылды. Қалыбы 70x100 $^{7}/_{16}$
Борлы қағаз. Шартты баспа табағы 39,25
Таралымы 400 дана.

Тапсырыс берушінің файлдарынан
«Palitra-Press» баспаханасында басылды.
050002, Алматы қаласы, Л.Хамиди көшесі, 4а үй.

Өмір
КӘРІПҰЛЫ

Дала сыры

